

12015

1513 к

ҚӨНЕ ТҮРКІ

ӘДЕБИЕТІНІҢ ТИПОЛОГИЯСЫ

11 2015/1313 ж

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Ғылым комитеті

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

**КӨНЕ ТҮРКІ ӘДЕБИЕТІНІҢ
ТИПОЛОГИЯСЫ**

Алматы, 2014

УДК 821.0
ББК 83.3 (5)

Т 89

ҚР БФМ Ғылым комитеті М.О. Әуезов атындағы Әдебиет
және өнер институтының Ғылыми кеңесі шешімімен баспаға
ұсынылған

Редакциялық алқа:

Қалижанов У.Қ. (төраға), Әлібекұлы А. (төрағаның орынбасары), Қалиев
А.Қ. (жаупты хатшы), АナンЬЕВА С.В., Әзібаева Б.У., Әлбеков Т., Елеуке-
нов Ш.Р., Ергалиева Р.Ә., Қүзембай С.Ә., Қасқабасов С.А., Қирабаев С.С.,
Қонаев Д.А., Қорабай С.С., Қосанов С.Қ., Мұқан А.О., Ісімақова А.С.

Жаупты редактор:

филология ғылымдарының кандидаты С. Қосанов

Жаупты шығарушы: Б. Тоекина

Пікір жазғандар:

Қорабай С.С. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Сагындықов Н.Б. – филология ғылымдарының кандидаты

Т 89 Көне түркі әдебиетінің типологиясы. – Алматы, «Evo Press», 2014 –
416 бет.

ISBN 978-601-230-047-5

Монография түркітапшыларға, жоғары оқу орындарының үстаздары
мен студенттеріне, магистранттарға, түркі әдебиетіне қызығушылық та-
нытатын қалың оқырман қауымға арналған. Ұжымдық еңбекте түркі
халықтарының көне, орта ғасыр және ұлттық қалыптасу дәүірлерінде
туған әдеби мураларының жанрлық, тақырыптық, образдық жүйесіндегі
типологиялық ерекшеліктері анықталады. Қазақ әдебиетіндегі «түркі ре-
несансы», «қайта өрлеу дәүірінің әдебиеті» сынды кезеңдік ұғымдардың
мәні тарихи-салыстырмалы, әдеби-ғылыми түрғыдан дәйектеледі.

ISBN 978-601-230-047-5

УДК 821.0
ББК 83.3 (5)

Ақындар мен әдебиетшілер музейі
Ақындар мен әдебиетшілер музейі

00326295

© М. О. Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институты, 2014

КІРІСПЕ

Типология – салыстырмалы әдебиеттанудың негізгі әдістерінің бірі. Бұл әдіс бұрынғы уақытта көбінесе фольклор саласында қолданылып келді. Дегенмен, соңғы кездері әдеби мәтіндерді зерттеу барысында типология әдісін қолдану кең өріс тапқаны белгілі. Түркі халықтары әдебиетінің тарихын зерттеуде де тарихи-салыстырмалы және типология әдістерінің берер жемісі мол. Себебі, есте жоқ ескі замандардан бері діні мен ділі, әдебиеті мен мәдениеті бір арнадан бастау алып, көп жағдайда қатар дамыған туыс халықтардың рухани әлемінде ортақ құбылыстар жетерлік. Бұған ежелгі сақ, ғұн, үйсін, қаңлы, алшын, қыпшак, оғыз, қарлук, үйғыр, қыргыз т.б. ұлсыстайлардың фольклоры мен этнографиясындағы ұқсастықтар айқын айғақ.

Көркем туындылардың типологиялық әдістер арқылы зерттелуі барысында бірінші орында сюжеттік желілер назарға ілігеді. Мысалы, түркі халықтары фольклоры мен әдебиетін зерттеуші белгілі ғалым Вилгельм Гrimmнің «Қорқыт Ата» жырындағы Төбекөз туралы оқиғага халықаралық сюжеттер қатарынан орын берген еді¹. Мұның өзі «Қорқыт Ата кітабының» ерте заманнан жазба түрде жеткен дүниежүзілік атақты эпостардың алтын қорынан маңызды орын алатынын дәлелдейді. Ал, «Оғызнама» эпосын ғылыми айналымға енгізген шетелдік және отандық зерттеушілердің қай-қайсысы да алдымен типологиялық сараптауларға ден қойды. Зерттеушілер «Оғыз-нама» және Қорқыт жырларын халқымыздың батырлық жырларынан бастап, ежелгі кезеңдер мен орта ғасырларда дүниеге келген әлемдік эпостардың басты қаһармандарымен салыстыра талдауға ұмтылды.

Әрине, ұлттық әдебиеттердің типологиялық байланыстарымен бірге, қайталанбайтын ерекшеліктерін жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен, әдеби байланыстар мен әлемдік ауқымдағы «дәстүршілдік» Батыс және Шығыс мәдениеті арасындағы бағырғы түсініктерге өз ерекшеліктерін әкелуі анық. Типология-

1 Grimm W. Die Sade von Polyphem // In: W.Grimm. Kleinere Schriften. Bd. IV Berlin, 1887. – 340 p.

лық талдау, салыстырулар әлемдік әдебиеттегі көркем даму заңдылықтарының сырын ашуға септігін тигізбек.

«Көне түркі әдебиетінің типологиясы» – түркітанудағы маңызды және күрделі мәселелердің бірі. Түркі тілдес елдердің көне әдеби мұраларында бірінен-біріне ауысып жүрген көшпелі сюжеттер мен ортақ мотивтердің шығу негіздерін айқындау да тарихи-типологиялық зерттеу әдісінің еншісінде. Ғалымдардың пікірінше, бұл әдіс әлеуметтік дамудың әр сатысында түрган халықтардың мәдени тарихын анықтау үшін де тиімді тәсілдердің бірі. Бұл орайда зерттеуші Б. Путилов: «Тарихи-типология зерттеулерінің басты мәні біркелкілік, үқастық және айырмашылық нышандарын іздел тауып, түсіндіру емес, ол тарихи үдерістің даму арнасын белгілеген ортақ зандылықтардың төркінін іздейестіру болып табылады»² – деп, дәл тұжырымдаған.

Типологиялық түрғыдағы зерттеу әдістерінің басты ерекшелігі оның синкреттік сипатында жатыр. Себебі, ол филология (әдебиеттану мен тілтану) ғылымының ғана емес, фольклористер мен археологтардың, этнографтар мен генетиктердің де ең тиімді зерттеу әдістерінің біріне айналды. Алайда, бұдан салыстырмалы типология әдісі ылғи да жемісті болады деген ой туmasa керек. Осы түрғыдан келгенде әр саладағы зерттеушілер, яғни типологиялық зерттеулерге басымдық беретін ғалымдардың елеулі қындықтарға тап болуы да мүмкін.

Фольклортанушы Е. Тұрсынов: «...Типология әдісінің де осал жері бар. Ол туралы кейінгі жылдары фольклористер ғана емес, археологтар да айта бастады. Тарихи мектеп әдісінің кемшилігі – оның арнасының тарлығы болса, тарихи-типология әдісінің кемшилігі – зерттеуге алынатын мағлұматтардың географиялық ауқымының тым кең екендігінде болып жағыр. Зерттеушінің Азия, Африка, Австралия, Америка халықтары фольклорынан келтіретін мағлұматтарының көлемі жеткіліксіз болса, салыстырылатын мағлұматтардан шын мәніндегі ортақ зандылықты табуы қынға согады. Ондай зандылықтың нышандары аз материалдың негізінде анық бой көрсеткен күннің өзінде автор-

2 Путилов Б. Н. Методология сравнительно-исторического изучения фольклора. – Ленинград, 1976. – с. 243.

дың жасаған қорытындысына негіз болған фактілердің бір-біріне сәйкес келуі кездейсоқ болмағанына күмән келтіруге болады»,³ – дей келе, әр топқа кіретін мағлұматтарды концентр (тұрақты шенбер) құрамында қарастыру керектігін, бірінші шенберге қазақ, қыргыз, ногай, түрікмен, қарақалпақ, алтай, тува сияқты генетикалық жағынан туыс халықтар фольклорының материалдарын іріктең алу керектін атап көрсетеді.

Зерттеушілердің бірқатары, әсіресе, фольклордағы типология мәселесін қарастырып келген ғалымдардың көпшілігі эпикалық шығармалардың ішкі құрылышын, типологиялық белгілерін ажыратуда мотивтің атқарар рөлін ерекше атайды. Б. Н. Путиловтың пайымдауынша мотивтер, біріншіден, сюжетті жасауға қатысады болса, екіншіден, поэтикалық формалар мен көркемдік бейнелеу құралдарын топтастыруда да негізгі міндеттерді атқарады⁴. Жалпы, қалыптасқан зерттеу әдістері бойынша мотивтер (сарындар) көркем шығармалардың сюжеттік желісінің қарапайым бірлігі ретінде қарастырылып келеді.

Мысалы, «Қорқыт ата кітабының» негізгі бөлімдері, «Оғызмана» жырындағы мотивтер мен сюжеттер, олардың композициялық құрылымы мен оқиғалардың дамуы, сондай-ақ қаһармандарының сипаттамасы да «Алпамыс батыр» жырымен мейлінше үқсас. Тіпті, эпостағы кісі аттарына дейін үқастық байқалады. Мысалы Бөрібек – Байбөрі, Бамсы – Алпамыс, Банушешек – Гүлбаршын, т.б. Бұл мәселе В. М. Жирмунский, М. Әуезов, Ә. Қоңыратбаев т.б. зерттеушілердің еңбектерінде де жазылды.

В. М. Жирмунский «Тюркский героический эпос» деген еңбегінде «Алпамыс батыр» жырына негіз болған оқиғалық желілердің төркінін, олардың Алтайдан Орта Азияға дейінгі таралу географиясын шолып өтіп, езара үқастықтарына тоқталып өтеді.

Көне тарихқа көз салсақ, көшпелі түріктердің өзіне тән жазу мәдениеті қалыптасқан және бұл жазу өте ерте замандарда пай-

3 Тұрсынов Е. Типологияның комплексі жүйесі туралы // Қазақ фольклорының типологиясы. Түркістан: Тұран, 2009. – 367 б.

4 Путилов Б. Н. Мотив как сюжетообразующий элемент. – В книге: Типологические исследования по фольклору. Москва: Наука, 1975. – с. 143-144.

да болуы да мүмкін. Еуропа ғалымдары «руна жазуы» деп атаған түрік әліпбі IX-X ғасырларға шейін түркі тайпалары арасында кеңінен қолданылды. Көк түріктер қағанаты ыдырай бастаған тұста бұл жазу Үйғыр қағанатында да жалғасын тапты. Үйғыр қағаны манихейзмді ресми дін ретінде қабылдаған кезде байырғы түркі жазуымен қатар соғдылық жазуга негізделген «үйғыр әліпбі» дейтін жазу улгісі де дүниеге келді және ол руна жазуымен қатар қолданыла бастады. Бұл жазу улгісінде де көптеген мұралар қазіргі күнге жетіп отыр, бұл да түркі халықтары мәдениетінің жаңа бір кезеңін көрсетеді.

В ғасырлардан бастап түркі тайпалары арасында көптеген діни ағымдар пайда бола бастады. Бұл діни ағымдар өзімен бірге әлемнің жаратылысы туралы өздерінің түсініктерін де ала келді. Сол тұста таралған ағымдар уақыт өте келе түркілік дүниетанымда өз іздерін қалдырып отырған. Ол діндердің барлығын түркі жұрты бірдей қабылдай бермеген, мысалы будда ілімінің адамды нәзіктікке тәрбиелейтін қағидалары, мани дініндегі ет жеуғе тиым салу секілді көшпелілер табигатына жат дүниелерді қабылдауға ел ішіндегі дана басшылар қарсы болған, оның елге тигізер зиянын алдын ала болжаған. Дегенмен түркілер арасына жайылған бұл діни сенімдер мен діни аңыздар уақыт өте келе ұмытылғанымен, кейбір сенімдердің іздері өзгеріске түссе де реликті түрде мифтік әңгімелер мен қиял-ғажайып ертегілерде орын алды. Буддалық және зороастризм, манихейзм діндеріндегі құдай аттары, әсіресе, шамандық нанымда қебірек болған алтайлықтарда, монғол текстес тайпалар мен сібір халықтарының ауыз әдебиеті мен фольклорында жақсы сақталып қалған.

Әлемнің жаратылысы туркі текстес тайпалардың бағырғы шамандық нанымдарымен қатар қалыптасқан нанымдары ендігі кезекте буддалық, христиандық, манихейлік ағымдар таратқан діни аңыздармен де толыға бастаған еді. Дегенмен көк түріктердің сол тұстағы түсінігі бойынша әлемнің жаратылысы мен алғашқы адам баласының пайда болуы, Тәңірінің ғаламдық рөлі секілді маңызды мифтік пайымдар тым тереңге бармаған сияқты. Белгілі түркітанушы Л. Н. Гумилев «Көне түріктер» атты еңбегінде былайша толғанады: «Түріктер өздерінің өмір сүре

бастағаның әлемнің жаратылуынан бері қарай есептеп келді, бірақ олар дүние оншалықты көне емес деп ойлады. Құлтегін жазуы тарихи шолымадан басталады: «Жоғарыда қек аспан және тәменде құба жер жаратылғанда [немесе пайда болғанда] сол екеуінің арасынан адам баласы жаратылған [немесе шыққан] болатын. Адам баласы үстінен менің ата-бабаларым Бумын қаған мен Истеми-қаған салтанатты отырды». Сонымен, дүниенің басталуы дәл біздің жыл санауымыздың VI ғ. деп белгіленген. Демек, оның тұсында дүниенің жаратылғанына небары 200 жылға болған⁵.

Жалпы, ел басын біріктіріп, қуатты мемлекетке айналдырыған көсем кейін өзге жүрттарды өзіне қаратқан соң хан атына қосып қаған атағын да иеленген. Сол кездегі түсінік бойынша оның шексіз билікке ие болуы тәнірінің қалауымен болып жатқан іс деп иланған. Өзге тайпалардың үстінен билігін жүргізген хан тұқымдары өз үstemдігін баянды ету үшін ата-бабаларының тегін еместігін, тәнірдің назарында болған киелі де бекзат тұқым екендігін айтЫП ол туралы аңыз тарататын болған. Оған тарихтың өзі күә, мысалы Оғыз қаған, Шыңғыс хан секілді дарынды қолбасшы, жеңімпаз қаған туралы жазылып қалған кітаптарда оның ерекше жағдайда дүниеге келгендейгі айтылған. Демек сол кездегі қалыптасқан ғайыптан туу мотиві кейін фольклордағы тұрақты мотивке айналған. Бұл түсініктер қиял-ғажайып ертегідегі басты кейіпкердің дүниеге келуі секілді оқиға қаһармандық эпосқа да тән, батыр ерекше жағдайда дүниеге келеді. Демек ол тегін адам емес. Ол адам қайтыс болған соң да оның киелі рухы үрпақтарын желеп-жебеп отырады деп түсінген.

Түрік қағанатын құрган Естеми, Бумын қағандар кейін аңызға айналғанға үқсайды, осылайша бұрын құрбандық беріп келген киелі мекендер сияқты уақыт өте келе түрік қағандарының ата-бабаларының басына орнатқан тас кешендер де киелі орынға айналады. Оған дейінгі киелі мекендер замандар өткенде ұмытылып, ескі киенің орнын жаңа кие ауыстыра бастаған.

5 Гумилев Л. Н. Көне түріктер: көпшілік оқырман қауымға арналған. Алматы; Білім, 1994 г. – 480 с.

Расында мәдениетке қарағанда әдебиет қоғамдық-этникалық, тарихи-әлеуметтік жағдайларға байланысты біршама ұлттық сипаттарға ие. Осындай жағдайда діннің де атқаратын рөлі маңызды. Мәселен, кейбір тайпалар тәнірлік немесе шамандық, енді біреулері будда, манихей, христиан дінін тұтынса, тағы бір халықтар зороастра сенімінде болуы олардың рухани өмірінде терең із қалдыруында шүбә жоқ. Қазірдің өзінде ислам дінінен басқа христиан, будда дінін ұстанатын бірсыныра туркі этностары бар. Ал, сенім көзқарасының алуандығы олардың мәдениеті мен әдебиетіне де түрліше сипат дарытары сөзсіз. Алайда, біз қарастырып отырған Орта ғасырлардағы Алтынорда, Шагатай (Мәуренәһр), Хорезм мемлекеттерінің негізгі тұрғындары ислам дінін ұстанғандықтан, олардың фольклоры мен әдебиеті бирыңғай идеологиялық кеңістіктің қалыптасқанын көреміз. Олардың бір-біріне іргелес, яки өзара бағыныштылық жағдайда өмір сүруі де әдеби-мәдени ықпалдастықтың тарихи алғышартын жасады. Әлбетте, Османлы, Мәмлүктер тұсындағы әдебиет туралы да осыны айтуға болар еді. Сондай-ақ, аталған мемлекеттердің ежелгі қытай, грек, ұнді, парсы, араб елдерімен тарихи-саяси, сауда-саттық, діни қарым-қатынастары да түркілердің мәдениетіне, әдебиетіне, тіпті, тіліне де едәуір әсер етті дей аламыз.

Түркі жазбагерлігі, әсіресе, парсы әдебиетімен тығыз байланыста дамыды. Мұның саяси-әлеуметтік және мәдени-тарихи алғы шарттары да болғандығын ескерген жөн. Көне тарихқа көз салсақ, X-XIV ғасырларда ежелгі Иран жері түркі қағандары мен сұлтандарының иелігіне қарады. Осы дәүірлерде атақты парсы эпосы «Шаһнама» тұғаны да мәлім. Арабтың «Мың бір тұні», ұндінің «Тотынамасы» да парсы тілі арқылы түркі далала-рына тарап жатты. Ирандық «Шаһнамаға» жауап ретінде Жүсіп Баласағұнның түркі тіліндегі тұңғыш дастаны – «Құтадғу білік» жазылды. М. Қашқари, А. Йасауи, А. Йүгінеки сынды ойшылдар мен шайырлар да соңдарына көптеген құнды мұра қалдырды. Сопылық поэзия рухани өмірге өз өрнектерін ала келді. Қалай дегенмен, араб-парсы классикалық әдебиеті мен оның көрнекті екілдерінің поэзиясы түркі әлемінде терең із қалдырғаны аян.

Орта ғасырда Ә. Фирдауси, Х. Деңлеуи, Ә. Жәми, Хафиз, Сағди, Низами секілді парсы тілді шайырлар батырлық және ғашықтық жырларын төгіlte жырлады. Ұзамай, олардың таңдаулы шығармалары түркі тілінде сөйлеп, нәзирашылдық әдісі кең өріс алғаны белгілі. Мәселен, «Гүлістан би-т-түрки», «Хұсрау мен Шырын», «Қисса-и Йусуф», «Нехджу-л-фарадис», «Жұмжұма сұлтан», т.б. парсы шайырларының дастандары мен Шығыс сюжеттері – түркі тілін еркін сөйлеткен нәзирашыл әдебиеттің жемісі. Бір ғажабы, аталған шығармалардың басым көпшілігі қыпшақ тілді ортада туындаған екен. Оны әрбір жазба мұраның тілдік ерекшеліктері де, түркі ғалымдарының зерттеулері де толық дәлелдейді.

Әрине, Орта ғасырдың әдеби сюжеттері тек өз дәүірімен, түркі-мұсылман әлемінің оқиғаларын қамтумен шектелмеген. Нәзира дәстүрінде дамыған түркі-қыпшақ әдебиетінде ежелгі үнді, грек аңыз-әпсаналарынан бөлек Інжіл, Құран сияқты қасиетті діни кітаптар арқылы енген көне сарындар да ұшырасып қалады. Әдебиет пен фольклорда әлемдік мифтер деп аталағын ежелгі дәүір сюжеттері мен көне түркі топырағында туған аңыздық мотивтер, қала берді тарихи оқиғалардың сілемдері – ескі қыпшақ әдебиетінен кең көрініс тапқан. Сондай-ақ, түркілердің жазба әдебиеті мен олардың ауыз әдебиеті арасындағы сарындастық, сабактастық жайында да арнағы зерттеуге тұрарлық қадау-қадау мәселелер баршылық. Әлбетте, «Түркі халықтары әдебиетінің типологиясы» дегенде біз, ең алдымен, қазақ әдебиетіне тарихи-мәдени және тілдік түрғыдан етене жақын ескі қыпшақ әдеби мирасына көбірек назар аударуға ұмтыламыз. Бұл түсінікті де. Өз ұлтының этномәдени және әдеби құндылықтарын үйреніп, игеріп қана қоймай, оларды ғылыми түрғыдан жан-жақты зерттеуге, айғақты түрде дәйектеуге бел буған әрбір түркітанушы осындай қадамға еріксіз барады. Алайда, салыстырмалы әдебиеттану немесе тарихи-типологиялық сараптау әдістемесі түркі халықтары әдебиетін оқшаулағаннан гөрі, керісінше, олардың мәдени-рухани жақындықтарын айқындаі түсетіндігін де ескеру абзал.

Әлем әдебиетіндегі сияқты ортағасырлық түркі әдебиетінің сюжеттерін жалпы, адамзатқа ортақ мәңгілік тақырыптар мен мотивтер құрайды. Әдетте, айталық, дүние жүзінің көптеген халықтары басынан өткерген ежелгі классикалық әдебиет, қайта өрлеу немесе ояну дәүірі әдебиеті делінетін шығармаларда діни сюжеттерден басқа негізінен, ғашықтық, батырлық, кемел қоғам, қайырымды билеуші, әділ немесе жеңімпаз патша сарындары басты арқау болған. Ал, ол тақырыптық сюжеттердің өзін көптеген композициялық және іс-әрекет мотивтері құрайтыны тағы бар.

Ертедегі Тұран және Иран даласында туып-өскен ерекше дарын иелерінің әлем әдебиеті мен ғылымға қосқан үлестері негізгі үш арнада көрініс берді. Бірінші арна – М. Хорезми, Әл-Бозжани, Әл-Бухари, Әл-Фараби, Әбу-Райхан Әл-Бируни, Әбу Әли Ибн-Сина т.б. зиялыштар шығармаларын араб тілінде, екінші арнадағы – Низами, Жәми, Рудаки, Фердоуси, М.Х. Дулатилар туындыларын парсы тілінде, ал үшінші арнадағы – Ж. Баласагұн, А. Иүтінеки, М. Қашқари, С. Сараи, Құтыб, М. Атаи, Ә. Науай, О. Иманнilar өз туындыларын түркі тілінде жазып қалдырды. Зерттеушілер атағандай, «Түркі мәдениетінің өркендей түсүіне араб, парсы жазба әдебиеті ерекше әсер бере отырып, ортағасыр туында Араб халифатының қол астына түркілер түгелге жуық қарап, оның дінін ғана қабылдал қоймай, жазуын да қабылдал жана жетістіктерге қол жеткізді. Орта Азия түркілері ішінен талантты ғалымдар, философтар, кеменгер әдебиетшілер дүниеге келді. Олар араб, парсы, түркі тілдерін еркін меңгеріп кейін сол тілдерде жазды»⁶.

VIII-IX ғасырлардағы Тұран халықтарына ортақ әдеби мұралар адамзат қоғамының рухани, мәдени дамуына әсер етіп, түркі жазба әдебиетінің өркендеуіне, ілгері дамуына көп септігін тигізді. Бұл ретте академик Р. Бердібаев: «Шығыстың көне даңқты әдебиеттерінің ішінде тәжік-парсы классикалық әдебиетінің орны ерекше. Парсы тілінде сөз маржанын терген, атағы әлемге мәшіүр болған даңғайыр ақын-шайырлардың түркі халықтарының рухани қазынасы болып табылады. Арғы жағы Рудаки-

6 Сүйінішәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 2006 . – 10 б.

ден басталатын, Фердоуси, Омар, Сағди, Хафиз, Жәмилермен жалғасқан ғажайып көркемдік әлем мұрагері бола білген халықтың қалай мақтанды етуге толық хақы бар. Шығыс поэзиясындағы Гүлстанның бұлбұлдары өз шығармаларымен адамзаттың тіршілік мұратын, өмір сұлулығын жырлауға арнады»,⁷ – деп пайымдаса, шығыстанушы ғалым Ө. Күмісбаев: «Шығыс халықтарының ішінде ең бай, ең көне әдебиет парсы-тәжік әдебиеті болып саналады. XV–XX ғасырлары арасы Иран мәдениеті мен жалпы, шығыс әдебиеті үшін «алтын ғасырлар» санатына жатады. Ежелгі заманда Орта Азия және Иран халықтарының тұптөркіні, тарихы бір болған, бірге дамыған» – деп жазады⁸. Осы тұрғыдан келгендегі, парсы мен туркі халықтары әдебиетінің тарихи даму үдерісінде үқсас мәселелер де жетерлік.

Түркі жазба әдебиетінің бастауында М. Қашқарі, М.Х. Дулати, А. Иүгінеки, Қ. Йасауи, М. Атаи, Э. Науай, О. Имани айтулы тұлғалар тұрғаны белгілі. Э. Фирдоуси, Э. Жәми, Сағди, Физули, Рудаки, т.б. классиктердің акындық дәстүрін жалғастыра отырып, жаңашылдық таныту – Саккаки, Лутфи, Э. Науай, М. Атаи, О. Имани секілді шайырларға тән құбылыс. Аталған шайырлар шығармаларының тақырыптық-идеялық ізденістері, стильдік табиғаты, шығыстық сарындағы бағыттары бір арнаға тоғысып жатады.

Белгілі түркітанушы В.М. Жирмунский: «Батыс пен Шығыс әдеби байланыстарында ортағасырлық әдебиет улгілері маңызды роль атқарады, біз сол қоғамдық, тарихи процесстің дамуындағы фольклор мен поэзияны аналогиялық бағытпен, салыстырмалы тұрғыдан зерттеуіміз қажет» – деген болатын.⁹ Дегенмен, осы салыстырулар арқылы жоғарыда айтылған ортағасырлық түркі қаламгерлерінің әдеби мұраларын жаңаша зерттеу талабы әлі де күн тәртібінде тұр.

Бұл күнде белгілі бір этностар мен жеке халықтар әдебиетін әлемдік руханият кеңістігінен бөлек қарастыру мүмкін емес.

7 Бердібаев Р. Гүлстанның бұлбұлдары. – Алматы: Жазушы, 1970. – 60 б.

8 Күмісбаев Ө. Иран әдебиетінің тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 15 б.

9 Жирмунский В. М. Сравнительное литературоведение. – Ленинград: Наука, 1979. – с. 46.

Осы орайда белгілі шығыстанушы В. И. Брагинскийдің: «Шығыста ортағасырлық әдебиет негізгі үш бағытта жетілді. Біріншіден, араб-мұсылмандық (араб, парсы, түрік, урду) соған қоса, үнді, малай және индонезия мұсылмандық әдебиеті жатады, екіншіден, үнді, онтүстік шығыстағы үндістік бағыттағы әдебиет, үшіншіден, қытайлық, қырыштық бағытта – қытай, жапон, кәріс және вьетнам әдебиеті кіреді»¹⁰ – деп жазуы да орынды. Фалым Шығыс әдебиетін үш бағытқа бөліп қарастыру арқылы, оның әлемдік әдебиетке тигізген ықпалы мен әсерін айқындауды ұсынады.

Зерттеушілердің пікіріне сүйенсек, әдебиет пен фольклордағы типологиялық құбылыстар ортақ тақырып, идея, образ, сюжет, мотивтер арқылы қарастырылады. Ауыз әдебиеті, жазба әдебиет пен ежелгі мифтердің мазмұндық құрылымдарында елеулі үқастықтар орын алғып жатады. Тіпті, бергі дәүірдегі жыраулар шығармашылығында типтік образдардың, тұрақты сарындардың көп кездесетінін айтып жатудың өзі артық. Белгілі фольклортанушы, академик С. Қасқабасовтың: «Жырау-шайырлар өз шығармаларында идеалды әміршінің бейнесін жасады. Өздерінің монолог түріндегі айтылатын толғауларында олар маңызды мемлекеттік мәселелермен қатар заман мен қоғам, адам мен заман, тұлға мен тобыр, сондай-ақ имандылық пен қайырымдылық, өмірдің өткіншілігі мен адамның опасызыдығы, өлім мен өмір сияқты моральдық, этикалық, фәлсафалық проблемаларды көтеріп, қоғаммен байланыстыра жырлап отырады»¹¹, – дейтін пікірлері де осыған дәлел. Фалым жазғандай, қай дәүір, қай заман болмасын оның өз жаршысы болады. Өздері өмір сүрген ғасыр мен дәүір тынысын: ақ пен қараны, жақсылық пен жамандықты, мейірім пен қатыгездікті, адам мен қоғам, табиғат пен жаратылыш болмыстарын терең танып, биік образдар туғызып, өмірді гуманистік көзқараспен жырлауда көне түркі әдебиетінің өкілдері де елеулі еңбек сіңірді.

10 Брагинский В.И. Проблемы типологии средневековых литератур Востока. – Москва: Наука, 1991. – с. 25-26.

11 Қасқабасов С. XY-XVIII ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: ӘТИ, 2005. – 64 б.

Түркітанудағы типология мәселелерін зерттеуде поэзиядағы өлең уәзіндегі, ыргак, үйқас, дыбыс ерекшеліктері мен басқа да заңдылықтарды салыстыра талдаудың мәні зор. Академик В.М. Жирмунский «тіл мен өлеңнің өзара байланысының» маңыздылығы мен өзектілігі жөнінде мәселені қарастырады, ол орыс және неміс тілдеріндегі ямбикалық өлең формаларының ұлттық ерекшеліктерін салыстыру арқылы тіл мен өлеңнің өзара құрылымдық жағынан біртұтас және үқсас екендігін нақтылы фактілермен дәлелдеген. Фалым: «орыс және неміс ямбтерінің мысалдары негізінде әр түрлі тілдерде ямбикалық өлеңнің өлшемдері бірдей болған жағдайда, ондағы метрикалық екпін нақтылы буынға түссе, түрлі тілдердегі бинарлық альтернация принципі тілдік материалдың фонетикалық сипаттарына байланысты түрліше жүзеге асырылады», – деп орынды атап өтеді¹². Яғни, көне түркі поэзиясының өзара және араб, парсы классикалық әдебиеті өкілдерінің шығармаларымен уәзіндік және құрылымдық үқсастықтарын зерделеу – күн тәртібіндегі маңызды бағыттардың бірінен саналады.

Орта ғасырлардың түркі әдебиетінің сюжеттік арнасы сан алуан тақырыптарды қамтығанымен, ондағы басты сарындар әлемге кең тараған ежелгі миф, аңыз, ертегі, өзге де эпикалық мотивтермен үндестігі анық аңғарылады. Кейде көне дәуір мұраларының мазмұнынан арғы-бергі кезеңдердің тарихи оқиғалары да елес беріп қалады. Біз ерте замандарда туған ғұн, сақ, түркі аңыздары мен тасқа қашалған жыр ұлгілерінен де осы заңдылықты көре аламыз. Тіпті, мұның жарқын дәлелін Қарахандар тұсындағы әдеби шығармалардан, оғыз тайпалары өмірінен сыр шертетін «Қорқыт ата кітабынан», Алтын Орда дәуірінің атақты шайырлары М. Хорезми, С. Сараи туындыларынан да байқау қыын емес. Ілгеріде сөз болғандай, Орта ғасырлардағы түркі поэзиясының сюжеттік сарындары байырғы киелі кітаптардан да арна тауып отырған. Бұл діни мазмұнды мотивтер түркі халықтары арасында Ислам орнықкан мезгілде тұрақты құбыльис-қа айналғаны мәлім. Аллаға мадақ айту, Пайғамбарлар өмірін үлгі ету, имандылық шарттарын уағыздау – қазақ әдебиеті та-

12 Теория стиха (под.ред. В.И. Жирмунского и др.). –Ленинград, 1968. – с. 22.

рихында XX ғасыр басына дейін ортаймаган рухани бастау. Сол имани бұлақтан қанып ішкен Абай, Ыбырай, Ақмолла, Ахмет, Мәшһүр Жүсіп, Шәді, Шәкәрім, Ақан сері, Майлы, Тұрмагамбет, Омар, Ерімбет сынды ақындар қазақтың ұлттық ояну дәуіріндегі әдебиетінде өнегелі із қалдырыды. Еске салар жайт, бұл еңбекте қазақ поэзиясындағы Орта ғасырлардан тамыр тартқан діни-дидактикалық сарындарға, әдеби стиль үқсастықтарын, дәстүр жалғастығы мен өзге де типологиялық құбылыстарын талдауға үмтүліс жасалды.

Жалпы, алғанда, түркі әдебиетіндегі сюжет қураушы мотивтердің бірнеше негізгі арналары айқындалды. Ежелгі дәуір мифтері, шығыстық сюжеттер, түркі фольклоры және Інжіл, Құран хикаялары – бұл Орта ғасырлардағы түркі-қыпшақ әдебиетінің мазмұнын қурайтын басты сарындар. Әрине, осы аталған төрт арнадан тарайтын ондаған сюжеттік мотивтер ұшырасатындығы, олардың көп жағдайда бір шығарма аясында топтасып, кезектесе келіп, түрлі композициялық ракурстағы оқығалар мен эпизодтардың маңызды мазмұн-бөлшегіне айналындығы тағы аян.

Әдеби мотивтердің түп-төркіні символдық бейнелеулерге жүгінетіні де көптен белгілі. Орта ғасырлардағы астарлаудың бір белгісі – аллегория. Исламдық Шығыс әдебиетінде курделі образдар тудырған шарап пен сұлу, ғұл мен бұлбұл, көбелек пен шам секілді биік те жұмбақ сипаттағы метафоралар Құдай мен Адам арасындағы тылсым байланысты бейнелеуге үмтүлған тұрақты мотивтер саналады. Мұның өзі араб, парсы классикалық әдебиетінде, кейін түркі шайырларының поэзиясында түпкілікті орнықсан астарлаудың айқын үлгісі. Ақиқатқа үмтүлу, Алла-мен бірігүре құлышыну, осы мақсатта өлмес образдар жасау – со-пышылдық әдебиеттегі дәстүрлі көрініс. Поэзиядағы аллегориялық тәсілдің алуан мысалдары Хафізден Шәкәрімге шейінгі ондаған парсы, түркі ақындарының мұрасынан мол табылады.

Ең әуелі Сөз пайда болған. Сөз... тағы да Сөз... «Оқы, оқы және оқы!» – дейтін қасиетті Құран сөздері соны мензейді. Ілгергі-кейінгі оқымыстылардың зерттеулері де Сөз құдіретінің Жаратушыдан жіберілген маңызды ақпарат екендігін жазған. Яғни бәрі де алдын ала жазылып қойылған. «Маңдайға жазылған тағдыр»

сияқты әрбір сюжет-мотивтердің де тегі – біреу. Бұл орайда көрнекті әдебиет зерттеушісі және мәдениеттанушы Ю. М. Лотманың мына пікірлері маңызды көрінеді: «Отношения и содержания не произвольны и не конвенциональны: они предвечны и установлены Богом. Поэтому писатель, создавая текст, художник, рисуя картину, не являются их творцами. Они лишь посредники – через них выявляется, делается видимым то выражение, которое заложено в самом содержании. Из этого следует, что в суждения о достоинстве произведений искусства не может входить критерий оригинальности».¹³ Мәдениет пен мәтін семиотикасын тереңдей зерттеген ғалымның тұжырымдары абсолюттік ақиқатқа үндестіріле айтылғанмен, мәңгілік уақыт пен кеңістіктің шындығы ғасырларды қоктей өтіп, кешегі және бүгінгі әдеби һәм мәдени мұралармен де сұбхат құра алатындығын мойындауға тиіспіз. «Сондықтан, – дейді ғалым, – жаңадан немесе бір мезгілде шынайы мәтіндер түзу мүмкіндігі жоқтың қасы. Жаңа мәтін – әрқашан көненің көзіндей. Суреткер тыңнан ештене туғызбайды, тек қана өзіне дейінгі мен мәңгілікке жүгінеді. Мәтінді түзу барысындағы оның қызметі фотографиялық кескінді қағазға шығарушының рөлін еске түсіреді».¹⁴ Алайда, бұл арадағы оның рөлі тым маңызсыз да емес, яғни, суреткер дегеніміз – өзінің рухани белсенелілігіне сүйене отырып, дедалдық құқын дәлелдейді және сол арқылы мәңгілік немесе тағдырда жазылған мағыналарды дүниеге әкеледі. Осы пікірлерге қарап, Орта ғасыр түркілерінің әдеби туындыларында «әліптің артын бағу», былайша айтқанда Алланың пәрменімен аян түскендей сезілетін тылсым сарындардың мол болуы ешкімді таң қалдырmasаса керек.

Зерделей қарасақ, көне сарындардың көшпелілігі, мәдениетарихи жағынан бір-бірінен алшақ әдебиеттердегі есімдер мен мотивтердің, сюжеттер мен образдардың ұқсастығы, т.б. мәселелер бірқатар ғалымдардың ғылыми еңбектерінде қарастырылып келеді. А. Н. Веселовский, Н. И. Конрад, В. И. Жирмунский

13 Проблема знака и знаковой системы и типология русской культуры XI – XIX веков. В книге: Лотман Ю.М. Чему учатся люди. Статьи и заметки. – Москва: Центр Книги Рудомино, 2010. – с. 202.

14 Сонда, 202 б.

сынды белгілі әдебиеттанушылардың бірқатар зерттеулері осы тақырыппен тығыз байланысты болатын. Сондай-ақ, П. Пельо, Л. Лигетти, Ю. Немет, В. В. Бартольд, Н. С. Банарлы, В. В. Радлов, Х. Короглы, Е. Э. Бертельс, И. С. Брагинский, Н. Я. Бичурин, И. Маркварт, Н. Б. Путилов, Э.Х. Марғұлан, Б. Кенжебаев, Ә. Қоңыратбаев, Х. Сүйіншәлиев, Р. Бердібаев, М. Дүйсенов, Қ. Өмірәлиев, Ә. Дербісөлин, М. Жармұхамедов, Н. Келімбетов, А. Қыраубаева, М. Жолдасбеков, Е. Тұрсынов, С. Қасқабасов, Ш. Ыбыраев, Ә. Құмісбаев т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектерінде түркі халықтары әдебиеті мен фольклорындағы тарихи типология әдісіне қатысты әр түрлі аспектілер бойынша құнды ой-пікірлер ұшырайды.

Дегенмен, біз нысанға алып отырған түркі халықтары әдебиеттің типологиясы тақырыбында қозғайтын, жан-жақты зерттеуді қажетсінетін проблемалар жетерлік. Отандық түркітандының кенжелей дамуының өзі осы саладағы көптеген маңызды тақырыптардың әлі де назардан тыс қалып қоюына себепкер болғандығын несіне жасырамыз. Бұл айтылғандардың бәрі де көне түркі жазба әдебиет мұраларын зерттеуде салыстырмалы-тарихи типология әдістерін кеңінен қолданудың қажеттігін тағы бір айқындайды. Ал ойлы оқырманның назарына ұсынылыш отырған ұжымдық монографиялық еңбек осындай олқылықтардың орнын толтыруға бағытталған ғылыми ізденістер қатарында бағаланғаны абзал. Монографияның тарауларында түркі халықтары әдебиетінде көрініс тапқан типологиялық құбылыстардың, ортақ әдеби мотив-сарындардың бірқатары талданып, түрлі дәуірде туған жазба мұралардың сюжеттік ерекшеліктерін тарихи-салыстырмалы түрғыда жан-жақты тексеруге үмтүліс жасалды. Ертедегі түркі жазба ескерткіштеріне тән ортақ әдеби сарындар мен ежелгі фольклор үлгілерінде, сондай-ақ кейінгі кезеңдердегі қазақ әдебиетінде қайта жаңғырған сюжет қураушы тұрақты мотивтердің үндестігіне назар аударылды.

* * *

Ғылыми еңбекті жазу барысында түркі халықтар әдебиеттің типологиялық зерттеу мәселеісінің негізгі проблемалары

атап өтіліп, отандық әдебиеттанушылардың зерттеу еңбектеріндеңі жүйелі ой-түйіндері мен құнды тұжырымдарына назар ауда-рылды. Сонымен қатар қазіргі тандағы түркітану бойынша жа-рияланған көне және орта ғасырлық әдеби мәтіндер, хресто-матиялық, антологиялық және жеке шығармашылық жинақтар нысанға алынып, шетел компаративистерінің салыстырмалы-типологиялық зерттеулері бағыт-бағдар ретінде пайдаланылды.

«Көне түркі әдебиетінің типологиясы» атты ұжымдық моног-рафияны жазуға қатысқандар: «Кіріспе», «Ескі қыпшақ поэзия-сындағы ғашықтық сарындар», «Көне түркі және қазақ поэзия-сындағы дәстүрлі мотивтер» – С. Қосан «Көк түріктер тұсында-ғы мифтік және аңыздық сюжеттер» – Б. Әбжат «Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің этнографиялық сипаты» – А. Әлібекұ-лы «Оғызнама» дастанындағы әдеби-фольклорлық мотивтер» – Б. Тоекина «Қарахандықтар дәүірі әдебиетіндегі діни-дидакти-калықсарын» – С. Дәүітов, А. Хаван «Түркі поэзиясындағы өлең құрылышы жүйесінің типологиясы» – А. Хамраев «Орта ғасыр түркілері поэзиясындағы бейнелеу ерекшеліктері» – М. Шай-хиев, «Түркі жазба әдебиетіндегі «қубас» сарыны» – Ж. Керім-бек, «Ежелгі дәүір әдебиетіндегі қағандар образы» – Е. Фалымов.

Монографиялық жұмыс кіріспеден, зерттеу мақалалардан, пайдаланылған әдебиеттерден және орыс, ағылшын тілдеріндегі түйіндемеден құралған.

ҚӨК ТҮРІКТЕР ТҰСЫНДАҒЫ МИФТІК ЖӘНЕ АҢЫЗДЫҚ СЮЖЕТТЕР

Көшпелі түріктердің де өзіне тән жазу мәдениеті болды және бұл жазу өте ерте кезеңдерде қалыптасқан болатын. Қазіргі кезде «руна жазуы» деп аталған түрік жазуы IX-X ғасырларға шейін түркі тайпалары арасында кеңінен қолданылды, тіпті XV ғасырға дейін де кей жерлерде пайдаланылған. Қек түріктер қағанаты тұсында кеңінен қолданылған бұл жазу кейін Ұйғыр қағанатында да жалғасын тапты. Ұйғыр қағаны манихейзмді ресми дін ретінде қабылдаған тұста байырғы түрік жазуымен қатар соғдылық жазуға негізделген «ұйғыр алфавиті» дейтін жазу ұлгісі де дүниеге келді әрі руна жазуымен қатар қолданыла бастаған еді. Бұл жазу ұлгісінде де көптеген мұралар қазіргі күнге жетіп отыр, бұл да түрік мәдениетінің жаңа бір кезеңін көрсетеді.

В ғасырлардан бастап түрік тайпалары арасында көптеген діни ағымдар пайда бола бастады. Бұл діни ағымдар өзімен бірге әлемнің жаратылысы туралы өздерінің түсініктерін де ала келді. Сол тұста таралған ағымдар уақыт өте келе түркілік дүниетанымда өз іздерін қалдырып отырған. Ол діндердің барлығын түркі жүрті бірдей қабылдай бермеген, мысалы будда ілімінің адамды нәзіктікке тәрбиелейтін қағидалары, мани дініндегі ет жеуге тиым салу секілді қөшпелілер табиғатына жат дүниелерді қабылдауға ел ішіндегі дана басшылар қарсы болған, оның елге тигізер зиянын алдын ала болжаған. Дегенмен түркілер арасына жайылған бұл діни сенімдер мен діни аңыздар уақыт өте келе ұмытылғанымен, кейбір сенімдердің іздері өзгеріске түссе де реликті түрде мифтік әңгімелер мен қиял-ғажайып ертегілерде орын алды. Буддалық және зороастризм, манихейзм діндеріндегі құдай аттары, әсіресе, шамандық нанымда көбірек болған алтайлықтарда, моңғол текстес тайпалар мен сібір халықтарының ауыз әдебиеті мен фольклорында жақсы сақталып қалған.

Түркілерде шамандық наным жақсы дамығандығы белгілі, бұл, әсіресе, солтүстік және шығыс аймақтарды мекендейтін түрік тайпалары ішінде кейінгі дәуірлерге шейін сақталып келді. Алайда, қай кезеңде де жаңа діни ағымдар пайда болғанда өз

дінінің артықшылығын дәрілтеп, оны тарату үшін миссионерлік қызметке құлышина кірісетін болған. Мұндай діни қайраткерлер түркі тайпалары арасына да келіп отырған, олар өз діни ұстымдары туралы халық ішінде өз насихаттарын жүргізген, өз дінінің ерекшелігі туралы кітаптар жазып таратқандығы турасында деректер ұшырасады. Мұндай сырттан кірген діни нанымдар да белгілі дәрежеде жергілікті халықтың сенімінде із қалдырып отырған. Ескі діни түсінікке қарсы жаңа діни ағым аямай курес жүргізетіндігі белгілі.

Әлемнің жаратылышы туралы түркі текстес тайпалардың бағырғы шамандық нанымдарымен қатар қалыптасқан нанымдары ендігі кезекте буддалық, христиандық, манихейлік ағымдар таратқан діни аңыздармен де толыға бастаған еді. Дегенмен көк түріктердің сол тұстағы түсінігі бойынша әлемнің жаратылышы мен алғашқы адам баласының пайда болуы, Тәңірінің ғаламдық рөлі секілді маңызды мифтік пайымдар тым теренге бармаған сияқты. Көне түркілер туралы терең зерттеген ғалым Л. Гумилев «Көне түріктер» атты еңбегінде былайша толғанады: «Түріктер өздерінің өмір сүре бастағанын әлемнің жаратылуынан бері қарай есептеп келді, бірақ олар дүние оншалықты көне емес деп ойлады. Құлтегін жазуы тарихи шолымадан басталады: «Жоғарыда көк аспан және төменде куба жер жаратылғанда [немесе пайда болғанда] сол екеуінің арасынан адам баласы жаратылған [немесе шыққан] болатын. Адам баласы үстінен менің ата-бабаларым Бумын қаған мен Истеми-қаған салтанатты отырды». Сонымен, дүниенің басталуы дәл біздің жыл санауымыздың VI ғ. деп белгіленген. Демек, оның тұсында дүниенің жаратылғанына небары 200 жыл ғана болған¹.

Жалпы, ел басын біріктіріп, қуатты мемлекетке айналдырған көсем кейін өзге жүрттарды өзіне қаратқан соң хан атына қосып қаған атағын да иеленген. Сол кездегі түсінік бойынша оның шексіз билікке ие болуы тәңірінің қалауымен болып жатқан іс деп иланған. Өзге тайпалардың үстінен билігін жүргізген хан тұқымдары өз үстемдігін баянды ету үшін ата-бабаларының тегін еместігін, тәңірдің назарында болған киелі де бекзат тұқым

1 Гумилев Л. Н. Көне түріктер. – Алматы: Білім, 1994 – 340 б.

екендігін айтып, ол туралы аңыз тарататын болған. Оған тарихтың өзі күә, мысалы Оғыз қаған, Шыңғыс хан секілді дарынды қолбасшы, женімпаз қаған туралы жазылып қалған кітаптарда оның ерекше жағдайда дүниеге келгендейгі айтылған. Демек сол кездегі қалыптасқан ғайыптан туу мотиві кейін фольклордағы тұрақты мотивке айналған. Бұл түсінктер қиял-ғажайып ертегідегі басты кейіпкердің дүниеге келуі секілді оқиға қаһармандық эпосқа да тән, батыр ерекше жағдайда дүниеге келеді. Демек ол тегін адам емес, ол жорыққа аттанған кезде де оны тотем киeler немесе киелі бабалар рухы әрқашан да жебеп жүреді. Ол адам қайтыс болған соң да оның киелі рухы үрпактарын желеп-жебеп отырады деп түсінген.

Түрік қағанатын құрған Естеми, Бумын қағандар кейін аңызыға айналғанға үқсайды, осылайша бұрын құрбандық беріп келген киелі мекен уақыт өте келе Түрік қағандарының ата-бабаларының басына орнатқан тас кешендер киелі мекенге айналған. Оған дейінгі киелі орындар уақыт өте келе ұмытыла бастаған, ескі киенің орнын жаңа киeler басқан, бұрынғы нанымдар көнеріп қолданыстан шығып отырған. Ол тұрасында Қ. Сартқожаұлы мынадай жорамал келтіреді: «Екінші Түркі қағанатына дейін Түркінің қағандары 500 жыл бойы Өтүкеннің басындағы 250 км жерге жыл сайын барып құлдық етіп, ғибадат жасап тұратын жол азабын женілдетіп Ұлы Білге қаған, атақты қолбасшы Құлтегін кешендеріне төр (өкімет) киесі = Тақ иесінің кішірейтілген түрін жасап орнатқан. Қалың бұқара қауым осыдан кейін шұбап Құт-тағқа бармайды. Киелі жердегі (КТ. III.13) киелі кешенге орнатқан «Құт-тағ» тасына сиынатын болған. Бұл жәй тас емес Түркі төрінің (өкімет) хан тағының (есір) киесі. Иә, киелі жерге тақ киесін қонақтатқан, жасап орнатқан. Құлтегін, Біліге қаған кешеніне келушілер тақ иесі=Бөд-Тәңірісіне де тәу етіп ғибадат жасап, тасаттық береді»².

Бірнеше тайпа біріксе олардың көзқарасы кеңінді, мәдениеті араласады да жаңа белеске көтеріледі. Осылайша бір хандыққа үйісқан бірнеше тайпаға ортақ генетикалық дүниетаным қа-

2 Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. 1-кітап. Тарихи-тәнімдік этнографиялық әдебиет. – Астана: 2003. – 312 б.

лыптасады. Бұрынғы әлемнің жаратылышы туралы әртүрлі пайымдар тұтастанып, топтана бастайтын болуы керек. Жалғыз жаратушы Тәңірінің өзге құдайлардан оқ бойы озық шығып, жеке дара оқшаулануына сол тұстағы діни ағымдардың бірінен соң бірі түркі тайпалары арасына тарай бастауы да өз әсерін тигізген.

Жалпы, мифтік үгымда болсын, тіпті қай дінде болмасын әлемнің жаратылышы нақты қай кезеңнен бастау алатындығын дәп басып көрсете алмайды және жалпы, адамзат баласының пайда болуы туралы түсінік те өзінің қарабайырлығымен ерекшеленеді. Оның үстінен дін таратқан пайғамбарлар жаңа дәуірдің басталғанын әйгілеп түргандай, күнтізбелік жыл санауды өзі өмір сүрген дәуірден белгілеп отырған. Зороастризм дініндегі әлемнің жаратылуы туралы аңыздар болсын, одан кейінгі христиандық, исламдық аңыздарда да алғашқы адам мен соңғы пайғамбарға шейінгі ұрпақтар арасы да көп емес. Мысалы, Әбілғазы ханның «Түрік шежіресінде» Адам атадан таратқан шежіресінен-ақ байқауға болады. Ислам дінінің аңыздарында алғашқы адам Адам ата мен жаңарған әлем иесі Нұх пайғамбарға шейін де адамзат баласын басқарған пайғамбарлар саны көп емес. Адамнан Шиш, одан Ануш пайғамбар, ол өмірден өтерде баласы Қинанды, Қинан өзінен соң Мәһмайылды, Мәһмайыл орнына Бердіні, ол баласы Ахнұқты қалдырады. Одан Ыдырыс пайғамбар, Үдырыстың орнына ұлы Мұтышлақ, Мұтышлақтан кейін оның ұлы Ләмек, Ләмектен соң Нұх пайғамбар отырады³. Діни аңыздарда әр пайғамбардың өте көп жыл өмір сүргеніне қарап дүниенің көнелігін аңғартуға тырысқан.

Бізге дейін келіп жеткен көптеген шежірелерде өмір сүрген тайпалардың атаулары кездесе бермейді. Жалпы, шежіре жазушылар көне тарихтың бәрін тәптіштеп жатпайды, шежіреге өз ата-бабаларының тарихынан басқаны жазбайды, өзіне дейінгі өмір сүруін токтатқан тайпалардың тарихын жазуды өз мойнына ала бермейді. Бұл жерде әлемнің жаратылышы тұрасында дүниеге келген космогониялық мифтердің маңызы зор. Сондықтан да әлемнің жаратылышы туралы аңыздың барлығы да

3 Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 2006. – 16 б.

өз бастауын мифтен алады яғни, космогониялық мифке барып тіреледі. Көк түрік кезеңінде түрік халықтарының мифологиясы басқа діндердің әсерінен молыға тұсті. Шамандық дүниетаным негізінде дүниеге келген космогониялық мифке несторлық, буддалық, зороастрлық ұғымдардың да әсері болды. Тарихқа көз жиберген кезде елдігін күшету, қауіпті саналған көршісін әлсірету жолында талай амал-шарғыға да барған, түркі жүртyn аман сақтап қалу жолында қағандар мен хандар біресе Қытай императорымен ымыраласса, енді бірде көтеріліске шыққан қуатты оппозициямен де бірігіп, императорға қарсы қауіпті жауға айналғандығы да көрініс береді. Ондай жағдайда будданы ұстанушылар жағын қолдағандығы айтылады.

«Ал сол дәүірде буддизм Тан әuletінің жаңа саясатымен ымыраласқан дәл осы қытай оппозициясы жағында болды. Сондықтан түрік ханы буддашыларды қолдау арқылы өзінің сүйеніші – қытайға қарсы қөніл-куйдегі көшпелілер арасындағы даңқынан айырылар еді. Эне, сол кезде Құтлұғтың Иоллығ-тегін шеберлікпен қысындалған мазмұндаған қытайға қарсы бағдарламасы қайта тіріліп, дами бастады. Ол бойынша еріксіздікпен және қанмен өтелетін қытай сыйлары түрік батырларын Тонықөктің сөзімен айтқанда «адамгершілікті әрі әлсіз» етті, өйткені олар Будда мен Лао-цзы ілімімен әуестене бастады»⁴.

Көк түріктер кезеңінен бастап ауыз әдебиетімен қатар жазба әдебиет те даму жолына тұсті. Жазба тарихы тым әріден басталғанымен көлемді еңбектер дәл осы Көк түріктер қағандығынан бастау алды кейін руналық жазумен қатар үйғыр жазуымен де қарқынды дами бастағандығы байқалады. Белгілі өзбек ғалымы Н. Раҳмонов руника жазуының тарихы мен қолданған аясы турасында мынадай дерек келтіреді: «Орхон-енисей жазулары христиандық жыл санаудан алдыңғы Y ғасырдан бастап біздің дәүіріміздің XY ғасырына дейін Орталық Азияның Өзбекстан, Монғолия, Оңтүстік Сібір, Қазақстан, Шығыс Туркістан секілді

4 Гумилев Л. Н. Көне түріктер. Алматы: Білім, 1994. – 317 б.

және басқа да жерлерден табылған. Солтүстік Кавказда XY ғасырда да орхон жазуы пайдаланылған»⁵.

Орхон ескерткіштерінен басқа қағазға жазылған руникалық жазулар да болған. Соның ішінде бүтінге шейін аман жеткені «Ырқ бітіг» атты тұс жору кітабын жатқызуға болады. «Ырқ бітіг» деген атпен белгілі болған бал ашу кітабының екі нұсқасы сақталған. Оның бірі руна жазуымен жазылған болса, екіншісі көне үйғыр жазуымен хатқа түсken және екеуінің атауы бір болғанымен екі дәүірде жазылған әртүрлі кітап болып табылады. Шығыс Түркістанға экспедицияға шыққан саяхатшы археолог А. Фон Лекок Турфан өніріндегі – Иди-Кут шаһарынан он бес шақырым қашықтықтағы Тойок бекетінен табылған қағазға түсірілген бірнеше бума қолжазбалардың арасынан түсініксіз әріппен жазылған бір парап қағазды кездестіріп, өзі оқи алмаған соң, сол жазбаны оқыту үшін Дания ғалымы Вильгельм Томсенге арнайы жібереді. Копенгаген университетінің профессоры В. Томсен көне түркі руна жазуымен қағазға түсірілген сол жазбаны 1910 жылы аударып, жария етті⁶.

Турфандығы Дун-Хуан өніріндегі қасиетті гибадатханадан бірнеше түркілік жазбалар табылған. Оның біразы үйғыр жазуымен қағазға жазылған шығармалар еді. Сол жазулар ішінен төрт шумақты «Манихей жыры» атты он екі жолдан тұратын лирикалық шығарма да табылған. А. Фон Лелок осы екі туындыны 1919 жылы аударып, түркі мұрасы екенін жариялады. Сол секілді ағылшын археологы Аурел Стейн 1907 жылы 20 мамырда Шығыс Түркістанға экспедицияға барады. Гансу провинциясына қарасты Дун-Хуандығы гибадат орнын қазғанда қолжазба мұраларын сақтайтын гибадатханадан көне түркі руна әрпіндегі 24 қолжазба мен 5 реңми құжатты тауып, олардың барлығын Британия музейіне сақтауға жіберген.

5 Рахмонов Н., Балтабоев Х. Узбек мұмтоз адабиети намуналари. 1- жилд. – Тошкент, Фанлар академиясы: Фан, 2003. – 45 б.

6 Еңсегенұлы Т. «Ырқ бітіг»–«Алдынды болжап бал ашатын кітап» түркі руна жазуымен қағазға түсірілген философиялық өлеңдер жинағы. – Алматы: Толғанай Т, 2012. – 9 б.

Жоғарыдағы келтірілген А. Фонның Турфанға жасаған экспедициясы кезінде табылған қолжазбасы поэзия үлгісінде жазылған рухани мұра екендігі анықталса, А. Стейн тапқан қолжазбалар көбіне әкімшілік істерге арналған ресми құжаттар, бұл табылған материалдар ішіндегі аса маңыздысы «Ырқ бітік» атты даналық кітабының орны түркология ғылымы үшін айрықша еді. «Ырқ» – болжау деген мағынаны білдірсе, «бітік» – жазба, кітап мағынасында қолданылған. Жалпы, түркі халықтарында болжау журғізу аса маңызды іске жатқызылған. Әсіресе, соғысатын жаудың күшін болжау, шабуыл уақытын болжау, болатын соғыстың тағдырын болжауда әйгілі батырлар мен хандар ел ішінен шыққан әйгілі бақсылар, жауырыншылар мен көріпкелдердің болжамдарын ылғи да назарға алып, олармен санасатын болған.

Жорыққа аттанар сәтте қол бастаған батырдың алдын болжау, егер сәтсіздік күтіл түрған жағдайда батырдырайдан қайтару көріністері қаһармандық эпостарда, мысалы «Ер Сайын» жырында айттылады. Кәрі батыр Қобыланды жауырыншының болжамына тоқтап, алда күтіл түрған сәтсіздіктен сескеніп кері қайтады, бірбеткей әрі жас Сайын өзінің алған бетінен қайтпайды, көп қалмақпен жалғыз соғысып мерт болады. Жалпы, ел ішіндегі атақты бақсылар не көріпкелдердің айтқанына қарсы шығу, олардың батасын алмау сәтсіздікке апарады деп сенген. Мұндай түсініктер эпостарымыз бен лиро-эпостарымызда және батырлық жырларда жақсы көрініс береді. Бұл бір жағы шамандық нағым-сенімге де тікелей қатысты болса керек.

«Ырқ-бітік» кітабы ел ішіне манихей діні кеңінен тараған кезде хатқа түскен, белгілі бір дәрежеде жаңа діннің әсері де қатты болған. Дегенмен шамандық сенімдегі түсініктер де жақсы сақталған. Байырғы түркілердің тотемдік культерінің де өзгерістерге үшінші жатқандығы аңғарылады. Айталақ, ертедегі массагеттер, ғұндар дәүірінде көшпелі түркі тайпалары жыланды киелі деп санаған. Киелі айдаһар бейнесі көк түріктер тұсында да қастерлі болған. Құлтегін ескерткішінде де айдаһар бейнеленген. «Сол павильоннан жол Храмға тартады; жолдың екі жағынан бейнебір құрметті қарауылда түрғандай, адамның та-

биги шамасына сәйкес қалыпта төрелер мен қызметшілердің мүсіндері тізілген. Жоспарында храм шаршы тұрғыда өрілген, $10,25 \times 10,25$ м. Оның ақ қабыргалары қызыл безектермен өрнектелген; төбесі меруерт жиекті черепицамен жабылған; қабыргаларында айдаһарлардың күйдірген саздан істелген пішіндері бар. Храмның ішінен ошағымен бірге құрбан шалынатын жер және Күлтегін мен оның әйелінің мәрмәр мүсіндері орын төркілген»⁷.

Осы түркілердегі жыланды кие тұту ырымы үйғыр қағанаты тұсында өз қуатынан айырыла бастағанға ұқсайды. Бұған сырттан кірген христиандық, будда, манихейзм секілді діндердің әсері болған болуы ықтимал. Оның үстінен үйғырлардың тілі ғана түркілік болғанымен Түрік қағанатын құрган көк түріктермен салт-дәстүрі бірдей еді деу қыын. Себебі Үйғыр қағанаты тұсында үйғырлар көбіне егін егумен айналысқан, көшпелі түркілерден біршама айырмашылығы болған. Сондықтан да Үйғыр қағанаты құрылғанда өзіне дейін билік құрган түріктерді жермен жексен етіп қана қоймай, олардан қалған рухани мұраларды да тыл-типыл етті дейтін жорамал айтылған. Білге ханның жесірі, Тонықөктің қызы По-бек жеңілістен кейін тірі қалған түріктерді бастап Қытайға қашып келеді. Ол жерде көптеген түріктер шекаралық әскер сапына алынады, бұрынғы бөрі басты көк түріктер байрағы біржола көтерілуден қалды. Олар қолданған жазу үлгілері де уақыт өте келе ұмытыла бастады.

«Ызалаңып алас ұрған үйғырлар, жаулары өздерінің кек қайтаруынан құтылып кеткенін көріп, ашууларын түріктер ескерткіштерін құртуға жұмсады. Олар түрік батырлары тас бейнелерінің бастарын жұлды, Күлтегінге арналған ескерткіштің быт-шытын шығарып талқандады және оның мүсінін қатты қыратқаны соншалық, тіпті сол сынықтарынан мүсінін қайта қалпына келтіру мүмкін болмады. Мақсат тек қыратумен ғана тұйықталмады, ал оған қоса – түрік елін және онымен байланысты нәрсенің бәрін қайта қалпына келтіруге жол бермеуге тырысушылықта жатты.

7 Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. 1-кітап. Тарихи-танымдық этнографиялық әдебиет. – Астана, 2003. – 329 б.

Және де үйғырлар өздерінің ежелгі мақсаттарына жетті – көне түріктерден тек олардың есімдері ғана қалды»⁸.

Шындығында да түріктердің бұрынғы ата-баба дәстүрі танымастың өзгере бастады, көптеген жанды-жансыз ұсақ құдайлар қолданыстан шығып қалды, халықтың тұрмысы мен дәстүрінде де айтарлықтай өзгерістер орын алғып жатты. Манихейзмді ресми дін ретінде үстанған үйғырлар аңыны, малдың етін жеуте, сүтін ішуге тыым салды. Осының салдарынан мал шаруашылығымен айналысқан түркі жұрты Ұйғыр қағанаты кезеңінде егін шаруашылығымен айналысуға мәжбүр болды. Оның үстіне ат үстіндегі жаугершілікпен өмір кешкен түркілерге адам өлтіруге, аң аулауға тыым салынған еді. Ол турасында «Ырқ-бітіктө» де айтылған:

(17.XII) Аңшы тауға қарай аңға кетті,
Аңның ізіне түсем деп төмен домалап кетті.
«Көк Тәңіріңі бәрінен құдіретті» –
Халық солай депті.
Өздеріңіз білесіздер,
Бұл еш жақсылық емес, түсінесіздер.

Осылайша тұрмыстық жағдайда болсын, рухани әлемде болсын үйғыр қағанаты кезінде елеулі өзгерістерге ұшырады. Бұрынғы тотем киeler – бәрі, айдаһар, арқар, өтіз, аққу секілді киелі аңдар ортадан аластатыла бастады. Оны сол кездегі жазба мұралардан да аңғаруға болады. Мысалы, ғұндар кезінен киелі тотем міндеттін атқарған жылан, айдаһар секілді мақұлықтардың қиратылғандығын үйғыр қағанаты тұсындағы жазба мұралардан байқауға болады. Ал, «Ырқ-бітік» жазбасында осы киелі мақұлықтың мани діні негізінде өзгеріске ұшырай бастағандығы қылаң берген:

(13.VIII) Алтын башлығ жылан мән.
Алтун корығсакымын
Кылышын кәсіпән,
Өзум жол (жул) інтін башымын жол әбінтін, -тір.

8 Сонда, 367-368 66.

Анча біліндер: жаблак ол!

Аудармасы:

«Мен – жыланмын алтын басты,
Мына алтын терілі құрсақ маған жаразты.
Сол керемет кейпімді аямай о бастағы,
Қылышпен қақ жарып таstadtы.
Енді маған жорғалауды жазбаған,
Енді маған үй болуды жазбаған.
Бұны, білесіздер – жақсылық емес»⁹.

Жылан ордасы, хан ордасы деген ұғымдар бір мағына берген. Түркілер айдаһарды «лу, ұлу» деп атаған. «Ұлы орда» сөзі де айдаһар ордасы дегенді білдіреді яғни, ұлы қаған отыратын тақты айтқан. Жалпы, түркілер жылан мен айдаһарды өздерінің киесі санаған. Ол туралы айтылған деректер де көп. Соның бірі Л. Гумилевтің тұжырымы: «Осы пікірді айтуда Гумилевтің мына бір сөздері мүмкіндік береді. «И если у иранцев священным животным была собака, то туранцы почитали змей»¹⁰.

Демек, жыланға табыну күltі Tүrіk қағанаты кезінде де сақталған. Ұйғыр қағанаты кезінен бастап жылан өз киелілігінен айырыла бастағандығы байқалады. Бұл жолдардан түріктер кезінде қасиетті орындарға мүсіні салынған алтын жыландардың кейінгі уақытта қылышпен туралғандығын аңғаруға болады. Демек, жыланға табыну дәстүрі ортадан аластатылған, бұрынғы кие деп саналған тотем-бабалардың орнын манихейзм дініндегі құдайлар алмастыра бастаса керек. Ұйғыр қағанаты тұсында айдаһарға, арыстанға табыну етек алды. Алайда түркі жұрты табынған жылан мен айдаһар арасында айырмашылықтар көп еді.

9 Еңсегенұлы Т. «Ыңғылтің бітігі» – «Алдыңды болжап бал ашатын кітап» түркі руна жазуымен қағазға түсірілген философиялық өлеңдер жинағы. – Алматы: Толғанай Т, 2012, – 128 б.

10 Кондыбаев С. Қазақ даласы және Герман тәнірлері. – Алматы: Зерде, 2000. – 68 б.

Ертедегі халықтар монотеистік санаға дейін көтерілгенше магиялық, анимистік, тотемдік, бабалар күлті сияқты көптеңген мифологиялық сенімдерде болған. Бұл жәйттарды түркі халықтары да басынан өткерген. Тотемдік және бабалар күлті рулық деңгейдегі тайпаларға тән дүниелер. Түрік қағанаты кезінде одан бір сатыға көтерілген еді, көптеген тайпалардың басын біріктірген түріктер тайпалық бірлестікten мемлекеттік деңгейге көтеріле бастады. Елде түрлі діни ағымдар өз ілімін ел ішіне таратты, тайпаларды бір орталықтан басқару жүйесі де орнықты. Әрине, түркілер Түркі қағанаты тұсында бір Тәнірі үғымы айналасына үйіса бастаған. Оның өзі де ұзақ тарихи кезеңдердің жемісі еді.

Байырғы түркі халқы 1200-1500 жыл бұрын аспан тектес көк Тәніріге табына бастағандығы дәлелденіп отыр. Түркі қағанаты тұсында тасқа қашап жазылған «Құлтегін» ескерткішінде былай басталады: «Үсті көк Тәнірі, аста (төменде) баран жер жарапғанда екеуінің арасында адам баласы жарапған». Тәнірінің түркі халықтарына ортақ құдайдың атауы ретінде қолдана бастауы да осы Түрік қағанаты тұсына сәйкес келеді, сол тұста Тәнірі құдайы басқа құдайларға қарағанда биіктеп, жеке дара ұлық құдай дәрежесіне дейін көтерілген болатын. Ол турасында академик С. Қасқабасов та атап өтеді: «Тәнірі аспанның әміршісі саналған. Яғни, Тәнір – ең жоғарғы құдай, ол аспан мен жердегі тылсым мен тіршіліктің иесі. Адамды да, жер бетіндегі нәрселердің бәрін де, аспанды да, ондағы жұлдыздарды да жаратушы – Тәнір деп саналған. Міне, мұның бәрі – көне мифтік ілкі ата – демиургтың, жасампаз қаһарманның атқарған істері. Бұл қызмет түркілер заманында Тәнірге, ал ислам келгенде Аллаға таңылған»¹¹.

Түркі халықтары көк Тәнірі деп бір тәніріге сыйынғанымен шамандық нанымдағы ұсақ құдайларды да жоққа шығармады. Түрік қағанаты тұсында түркі тайпалары арасында әртүрлі діни ағымдар мен сенімдер өмір сүрді. Орхон жазбаларын зерттеуші К. Сартқожаұлы түркілердің арасына тарай бастаған ағымдар жайлы былай дейді: «Бізге жеткен Орхон, Сэленгі, Тогула бойында қалдырыған мұраларын ғана атасақ, олар: Орду-балық,

11 Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 90 б.

Бай-балық, Қатын-балық, Тогула-балық, Езгенті-қадаз сияқты бес қала, 100-ден астам тәу етіп, тасаттық беретін киелі орындар, 1000-нан астам мұсінтастар, балбалдар, қорымдар: брахми, соғды, үйғыр, монгол, кидан, манчжур, араб, қытай, байырғы түркі алфавиті, манихей алфавитімен жазып қалдырыған жүздеген жәдігерліктер. Бұл тарихи-мәдени жәдігерлікте көшпелілер әuletінің ел басқару жүйесі, адам және қоғам қажеттілігінен туындастын шаруашылықты басқару жүйесі, шаруашылықтың мәдени типтері, оның салт-дәстүрлеріне байланысты мол деректер сақталған¹².

Тарихтың атасы Геродот парсылардың шабуышына қарсы тұратын түркілік массагет тайпаларының күн құдайына табынтындығын жазады. Бірақ түркі тайпалары арасында күн құдайына қарағанда ай құдайына табыну басымырақ болғанға үксайды. Түркі қағанаты барлық ұсақ құдайлардан жоғары тұратын жаратушының бар екендігін, оның мекені көк аспан, әрі аспан мен жерді жаратушы жалғыз – Тәнірі деген ұғым қалыптасты. Кезінде күн құдайына сенушілердің көбі қыпшақ рулары болса, олармен бірге одақ құрған тоғуз-оғуз бірlestігін құрған тайпалар конфедерациясы керісінше аналық құдайға табынды. «Тоғыз-оғуз бірlestігі (конфедерация) Хунну империясы билік құрудан қалғаннан кейін Орталық Азияның Монгол үстіртіндегі қыпшақ пен Тоғуз-оғуз тайпалық бірlestігі (конфедерация) үстемдік етті. Қыпшақтар атalyқ әulet атанып (ашина) билеуші тайпаға айналады да, тоғуз-оғуздар аналық (ашидэ) әuletі атанаады. Бұл екі үлкен конфедерацияның арасында бір қарағанда билік үшін мәңгілік бәсекелестік жүріп жатса, екінші жағынан бірін-бірі толықтыру, даму, өсу процесі жүріп жатты»¹³.

Айға табыну сенімі түркілерде шаманизм кезінен келе жатқан дәстүр. Алғашқы шамандардың әйел затынан шыға бастауының және билік пен басқару ісінде әйелдердің салмағы басым болуының өзі матриархат кезеңіндегі ай құдайын әйел бейнесінде сипаттаудын басталады. Түркілердің арғы бабалары ғұндар-

12 Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. 1-кітап. Тарихи-танымдық этнографиялық әдебиет. – Астана, 2003. – 52-53 бб.

13 Сонда, 74 б.

да айға құлшылық жасау сенімдері күшті болғандығы турасында С. Жолдасбаев өз кітабында жазады: «Гұндар жыл сайын көктемде өздерінің ата-бабаларына, аспан мен жерге, аруақтарға құрбандық шалған. Тәніркүт, күн сайын, таңертең шығып келе жатқан күнге, кешкүрым айға тағзым еткен. Әсіресе, жаңа туған айдың бірінші күні ерекше құрметтеген. Қазақтарда да сондай ырым бар. Олар жаңа туған айды көргенде ай көрдім, аман көрдім, жаңа айда жарылқа, ескі айда есірке деп бас иіп тағзым етеді. Гұндар істі бастаудан бұрын айға қарап, ай толық болса бастаған. Соғыста да айдың толық кезінде шабуылға шығатын болған. Егер ай орталанып бара жатса, соғысты дереу тоқтатын. Ай мен күнге табыну бүгінгі қазақтарда да орын алғып келеді. Міне, бұл нанымдар ғұндар мен қазақтардың мерзімі жағынан орасан алшақ жатса да, олардың этникалық жағынан туыс екенін байқатады. Жаңа айдың алғашқы тууында мемлекет басшылары, кіші хандар мен уәзірлер Тәніркүт ордасы жағындағы ғибадатханаға барып, кіші жиын өткізетін болған. Ал айдың бесінші жаңасында барлығы Луң-чыңға (Айдаһар қалаға) барып үлкен жиын өткізген. Күзде, жылқы семірген кезде, Дәйлиң тауына барып, бүкіл халықтық жиын өткізіп, көкке, жерге, ата-баба аруағына арнап құрбандық шалған, мал-жанның есебін алған»¹⁴.

Тек қазақта емес, оғыз тайпасының дүниеге келуі туралы аңызда да ай құдайының тікелей себебімен пайда болғандығы айтылады. Оғыз хан Ай құдайынан туылады. Осы «Оғыз-наме» жәдігірі бізге дейін үйғыр жазуымен жеткен. Оғыз қағанның дүниеге келуіне Ай құдайы тікелей ықпал еткендігі былайша суреттеледі: «Болсыншы деді олар, оның сиқы осылай. Енді мұнан соң сүйініш тапты. Тағы күндерде бір күн Ай қағанның көзі жарқ етіп [ашылып], ер бала туды. Осы үлдің өңі шырайы көк еді, аузы оттай қызыл еді, көздері қызылт, шаштары, көріктірек еді. Осы үл анасының көкірегінен татып көріп, одан кейін ембеді; шикі ет, ас, шарап сұрады. Тілге келе бастады. Қырық күннен соң өсті, жүрді, ойнады. Аяғы өгіздің аяғындей, белі бөрінің

14 Жолдасбайұлы С. Ежелгі және орта ғасырдағы Қазақ елінің тарихы. – Алматы: Кітап, 2010. – 66 б.

беліндей, жауырыны бұлғынның жауырыныңдай, кеудесі аюдың
кеудесіндей еді. Тұла бойын түгел қалың тұк басқан еді»¹⁵.

«Оғыз-намеде» Оғыз қағанды Ай қаған дүниеге әкелгендігі айтылады және оның ер жетуі мен жорыққа шыққан кезде алдында бөрі тотемінің жүріп отыруы мұның барлығы шамандық наным аясындағы адамды жебеп жүретін киелі рухтар болғандығы анық. Батырдың тез ер жетуі мен оның киелі аңдарға ұқсап туылуы шамандық сенімдегі аналық культтінің басым кездегі дүниеге келген аңыз екендігін көрсетеді. Аналық тап билік құрған тұстағы Ай құдайынан туған Оғыздың үйленуі турасында X. Короглы былай деп жазады: «Своеобразную генеалогическую легенду представляет собой экспозиция уйгурской рукописи «Огузнаме». Здесь Огуз проходит почти все этапы формирования эпического героя: он родился от небесной женщины Айхан (Луна-царица), избавляет людей от носорога, в результате чего фактически получает инициацию. Дважды вступает в брачные отношения (сначала с мифическим существом, затем с земной женщиной), ведет завоевательные походы»¹⁶.

Оғыз хан өз балаларының атын да Күн, Ай, Жұлдыз қоюы да осы шамандық нанымдағы табынатын құдай атаулары болғандығын байқатады. Матриархат кезеңіндегі қалыпты ұғымда Ай құдайының алатын орны айрықша болғандығын айттық. Матриархат дәүіріндегі Ана-құдайлар кейінгі дәүірлерде қатты өзгеріске ұшыраған. Кейін уақыт өте келе аналық культтың орнын аталық кие басады да, түркі халықтары арасында әйел елтілер (бақсылар) өз орнын ер бақсыларға босатып берген. Оның басында Қорқыт бақсы тұргандығы анық. Себебі, Тәңірі ер бейнесінде көрініс тапқандықтан оған табынушылар мен онымен экстаздық тылсым дүниеге кіре алатын бақсылар да ер адам болуы қадағаланған.

Алғашқы діндер пайда болған тұста да ер құдайлар дәріптелген. Кейінгі монотеистік дінді таратушы пайғамбарлар да ер

15 Оғыз-наме, Мұхаббат-наме. – Алматы: Жазушы, 1986. – 36 б.

16 Короглы Х. Огузский героический эпос. – Москва: Наука, 1976. – с. 102.

адамдардан таңдалған. Бұл патриархат дәуірінің толық үстемдік орнатқандығын дәлелдейді.

Түркі қағанатына дейін де біршама діни ағымдар жайылған болатын. Олардың қатарына зороастризм, будда, несториандық, христиан ағымы мен манихейзмді де айтуға болады. Бұлардың көпшілігі сауда-саттық кезінде сырттан келген керуеншілер, миссионерлік бағыттағы саяхатшылар таратып отырды. Діни ағымдарға ешқандай қысымшылық жасалмады. Бұл діни ағымдар Түркі қағанаты тұсында қатты белең алмағанымен, кейін Ұйғыр қағанаты тұсында біршама күшейді. Әсіреле, Манихейзм діні күшейіп қағанаттың ресми дініне айналғаны белгілі. Манихейзм дінінің өкілдері түркі тайпалары арасына өзінің ілімімен қатар жазу емлесін де ала келді.

Манидің таратқан ілімін басқа діннің өкілдері мойындаі бермеген. Ол өзін пайғамбармын деп жариялағанымен басқа пайғамбарлар сияқты мұғжиза көрсететіндей қабілеті болмаған. Пайғамбар ретінде керемет көрсететіндей қасиет болмаған болуы керек. Манидің еңбектері жайында алғаш жазған адам Бируни болатын. Бируни «Шапуракан» кітабын тарихи деректерді анықтау үшін ғана пайдаланған. Оны пайғамбар деп мойындаған, кезінде кеңінен тараған сиқырлықты жақсы игерген, әрі сол дәүірде тараған діндерден ұрлап өзін пайғамбармын деп жариялаған, сондықтан да Маниді жалған пайғамбар деген. Бируни Манидің өзіне жаратушы тарапынан уахи келді дегеніне күмәнмен қарайды, ел ішінде жүріп қандай да бір мұғжиза көрсеткендігіне сенбейді.

Мани өз ілімін Шапур патша тұсында жая бастағандықтан өз еңбегін «Шапуракан» деп атаған. Бұл кітап кейінгі кезеңдерге толықтай жетпеді. Өзі Иран жерінде зардышт дінінің өкілдері тарапынан қысымға ұшырай бастады. Баҳрам патша тұсында зардышт діні өкілдерінің қарсылығы негізінде патша оны өлімге кеседі. Мани өлген соң оның ісін шәкірттері Сисин, кейін Иннай жалғастырады. Батыс шіркеуінің насиҳатшылары мани ілімін копт тілінде жазса, шығыстағы ресми шіркеу тілі – соғды тілі болған. Вавилон сол кезеңде манихейзм дінінің орталығына айналған. Түркі тайпалары ішінен ұйғырлар осы мани дінін Түркі қа-

ғанаты тұсында қабылдай бастайды. Туркі қағанаты ыдыраған соң 747 жылғы үйғырлар ішінде болған қырқыс кезінде манихей мен несториан ағымдағылар да бір-бірімен жауласып кетеді. 763 жылы Мойыншор хан жеңіске жеткен соң манихейзмді қолдан, оны мемлекеттік деңгейге шейін көтереді. Осы кезден бастап Үйғыр қағанаты діни мемлекетке айналады, билік мани дінінің өкілдеріне беріледі. Хан тек әскери істермен ғана айналысатын билігі шектеулі жаңға айналады. Қағанатты емін-еркін билеген манихейшілер басқа діни ағымдарға қарсы құресті бастайды.

Түркі қағанаты тұсында ата-баба сенімімен еркін жүрген түркі тайпаларына Үйғыр қағанаты тұсында жаңа діни ағымның ұстанымына сай ет жеуге, кісі өлтіруге, шабуыл үйымдастыруға тиым салады. Бұл тиымдар ат үстінде өмір сурген, жауынгерлік рухта тәрбиеленген түркілердің санасына сыймайтын әрекеттер еді. Бар олжасын ат үстінде жүріп аңшылықпен, жаугершілікпен табуға дағыланған түркілер үшін манихейзм діні әсерімен қабылданған бұл жарлық өте ауыр тиді. Халық еттен бас тартып, жер өнімін тұтынуға мәжбүр болды. 840-847 жылы қырғыздар манихейзм дінінің өкілдерінің шектен шығуына наразы болып, Үйғыр қағанатына шабуыл жасайды. Қырғыздардың соққысынан есін жимаған мани дінінің өкілдері оныншы ғасырға дейін Самарқанд жерінде ғана өз ағымын сақтап қалады. Кезінде Қытай жерінен бастап Еуропаға шейін, Солтүстік Африка аралығына дейінгі жерлерге жайылған дін ислам діні күшейген тұста жер бетінен біржола жойылып кетеді.

Мани дінінің өзі жойылғанымен кейін ортағасырлық шығыс әдебиеті мен батыстың әдебиетінде өз әсерін қалдыра білді. Соның бірі шығыстың фольклорына, ортағасырлық прозалық шығармаларына кеңінен жайылған суретке ғашық болу мотиві болғандығын айтуымыз керек. Мани өз дәуірінің аса дарынды суретшісі әрі көркем жазудың тенденсіз шебері болған адам. Мұсылмандық ұғымда Маниді парсы көркемсурет өнерінің атасы деп есептеген. Өзінің діни ілімін тарату жолында арамей жазуын негізге ала отырып өзінің жазу үлгісін де ойлап табады. Кейін түркі халықтары арасына кең тараған, кейін тарихта «үйғыр жазуы» деген атпен қалған осы жазу үлгісінде көптеген түркілік

шығармалар жазылды. Тас қашау өнеріне үйғырлар мейлінше ден қойды, кескіндеу өнерімен қоса суретшілік те дами бастады. Бұрынғы түркі тайпаларында балбал тас қашау жақсы дамыған болса, Үйғыр қағанаты тұсында сурет салу өнері мен тасқа бейнелеу өнері айрықша дамиды. Батыс елдері «Шын-машын» елінің өнері деп ерекше тамсанған бейнелеу өнері халық әдебиетінен орын алғандығын көреміз.

Түркі халықтары ішінде бейнелеу өнерімен қатар жазба жәдігерлердің біразы осы үйғыр жазумен бізге жетті. Сол дәуірлерде дүниеге келген жазба жәдігерлер тұрасында өзбек ғалымы Н. Рахмонов былай деп жазады: «Көне түркі әдебиеті туралы сөз қозғалса, әдетте көбіне орхон-енисей жазу жәдігерлері тілге алынады. Бірақ көне түркі әдебиеті тек қана осы жәдігерлермен шектелген емес, бәлкім оның қолдану аясының одан да кең болғандығын көрсетеді. Көне түркі әдебиеттің басталуынан бүтінгі күнге дейін жеткен мәтіндерді қарастырғанда орхон-енисей жазулары көне түркілік әдебиеттің бір саласы екендігін көрсетеді. Орта Азияда қарқынды дамуда болған зәрдүштік, шамандық, манилік, будда секілді діни ағымдары да кезең-кезеңімен ағымдағы түркі әдебиетін қалыптастыруды»¹⁷.

Зәрдүшт діні ирандықтардың ең ежелгі діні болғандығы және оның көрші отырған елдерге тигізген әсерін жоққа шығара алмаймыз. Осы діндегі мейірімділік құдайы Ахура Мазданың бейнесі түркі, монгол, алтай халықтарының фольклорында да өзіне лайық орын алғандығын көреміз.

Бір жағы Орта Азия, екінші жағынан будда діні арқылы түркілер арасына тараған ізгілік құдайы Ахура Мазда үғымы кейін монгол және алтай халықтарының санасына біртіндең сіңіп, олардың фольклорынан да өзіне лайық орын алады. Монгол, Сібір халықтарында кездесетін осы зәрдүшт дінінің элементтері тұрасында айта келе, оның таралу кезеңдері жайында А. М. Сагалаев былай дейді: «У ряда центрально-азиатских народов произошла контаминация верховного небесного божества Хормусты с «ураническим божеством государственных шаманских культов...Вечным синим небом». В среде тюрко-монгольских

17 Рахмонов Н. Руханиятдаги нур муроди. – Тошкент, 2002. – 12 б.

народов судьба иранизма «Хормузда-Хормуста» было во многом связана с распространением буддизма. В монгольской летописи XVII в. «Алтан Тобчи» говорится о том, что Чингизхан был перерождением Хормуста-тэнгри, а также рассказывается, как «могущественный Хормуста-тэнгри пожаловал августейшему владыке за прежние добродетельные дияния драгоценную нефритовую чашу...». Под воздействием буддизма, которому чужда идея монотеизма, и шаманства, адаптирующего все нововведения, образ Хормусты претерпевает серьезные изменения»¹⁸.

Түрік қағанаты мен Үйғыр қағанаты тұсында түркілердің жазба әдебиеті дами бастады, кейін отырықшы түркілерде жазба әдебиеті өркендейді, ал көшпелі түркі тайпаларында жазба әдебиетке қараганда ауыз әдебиеті, фольклор ерекше дамыды. Фольклорда өзге діннің әсері негізінде енген персонаждар уақыт өте келе көптеген өзгерістерге де ұшырап отырған. Мысалы, алтай халықтарындағы Хормуста тәңірінің бейнесі уақыт өте келе солғынданып, идеалдық бейнесіне көлеңке тусе бастайды. Ендігі жерде Хормуста-тәңірінің бейнесі жаман жағынан көрініс табады. Мысалы, алтайлықтардың «Курбустан» эпосында Хормуста-тәңірі отыз үш дінсіздердің (кәпір) жаратушысы ретінде суреттелуі зәрдүшті діні мен будданың ұғымдарынан алшақ жатқандығын көрсетеді.

Батыс монголдар мен оңтүстік алтайлықтар және бірқатар Сібір халықтарының фольклорында Хормуста-тәңірі жамандық рухқа айналып, енді алтайлықтарда «көрмес», монголдарда «Хормукчин» болып адамдарға қастық ойлаушы қаскөй бейнеге ауысып кеткендігін көруге болады. Бұдан кезінде ирандықтардан кірген діни элементтердің шамандықты ұстанған халықтардың санасынан өзіне тиесілі орынды өз деңгейінде дұрыс таппандығын, көшпелі халықтың болмысына орай көптеген өзгерістерге ұшырап отырғандығын байқаймыз.

Мұндай өзгерістердің алтай халықтарының фольклорында да орын алғандығы турасында Сагалаев та айтып өтеді. Оның айтуынша Юч-Курбустан алтайлықтардың мифологиясы мен эпос-

18 Сагалаев А. М. Мифология и верования Алтайцев. Центрально-азиатские влияния. – Новосибирск: Наука, 1984. – с. 120.

тарында негізінен моңголдардан алтайлықтарға ауысқан Хормуста бейнесінің ұлттық түрлену нәтижесінде пайда болғандығымен түсіндіреді. Хормустаның буддалық бейнесі және шаманданған Хормуста-тәңірінің алтайлықтардың дәстүрлі сеніміне өз әсерін тигізгенімен, бұл құдай бейнесінің мейлінше өзгергендейгін көрсетеді. Кейінгі уақыттардағы алтайлықтардың нанымдық жүйесіне Хормустаның кіргендігі олардың эпостары мен мифтерінде аты аталатындығынан да көрүге болады, алайда шамандық нанымдарда оның бейнесі мүлде кездеспейді дейді¹⁹.

Шыңғыс ханның туылуы туралы айтылатын ақыздардың көпшілігінде оның Хормуста-тәңірінің қолдауымен туылғандығы, оның шексіз билікке де сол тәңірінің арқасында қол жеткізгендейгі айтылады. Бұл бір жағы сол кезеңде буддалық ілімнің түркілер арасында кеңірек тараала бастағанынан болса керек. Қанша дегенмен шамандық сенімде табиғатпен байланысты сенімдер көп еді, бұл буддаға ұқсас болғандықтан шаман нанымында қалған тайпалар кейін будданың ықпалында кетті. Бұл жерде жазба әдебиеттің де ықпалы болғандығын айтуымыз керек. Будда ілімін ұстанған және зороастризм дінін берік ұстанған Қытай мен Иран халықтарында жазба әдебиеті дами бастағы. Түркі жұртына кіре бастаған бұл діни сюжеттердің алдымен кітап арқылы таралғандығын айтуымыз керек. Уақыт өте келе бұл кітапта айтылған діни уағыздар сол халықтың мифологиялық түсінігіне әсер ете баставы. Мысалы, будда мен зороастризмдегі кейбір персонаждардың түркілердің мифологиясынан көрініс табуы соның бір дәлелі. Алайда бұл персонаждар да бастауын мифтен алған. Алайда мифтің табиғат құбылысына қатысы көбірек болса, дін тікелей Құдайға бағынышты болмақ, ол жайлы орыс мәдениеттанушысы А. Ф. Лосев мәннадай тұжырым жасайды: «Всякий монотеизм резко отличается тем, что время здесь протекает не в зависимости от природных процессов, но в зависимости от воли Божией. Если псалмы восхваляют времена и сроки, установленные свыше, то пророки дают то, что можно прямо назвать религией будущего. Времена сокращаются, и

19 Сагалаев А.М. Мифология и верования Алтайцев. Центрально-азиатские влияния. – Новосибирск: Наука, 1984. – с. 120. с. 57.

остается только будущее. Бог-творец отходит на задний план. Выступает Бог истории и Бог совершенства. В персидской религии также господствует идея будущего, но она тут более земная и менее богатая. Тут все связано с поражением Аримана и с началом нового периода. Тут – оптимистическая воля к культуре, получающая религиозную санкцию»²⁰.

Ә. Қоңыратбаев өз еңбегінде шамандықтың будда іліміне жақындығын дұрыс пайымдаған. Ол өз еңбегінде көшпелі ғұн тайпалары Моде хандығының тұсында әлі шамандық сенімде болмағандығы турасында жазады. Шамандық сенімнің Тибет арқылы көшпелілерге келгендейтін айтады: «Хүн патшасы Мо-Дэ күндіз күнге, түнде «ескі айда есірке, жаңа айда жарылқа» деп айға табынған. Шаман культі ол кезде туа қойған жоқ еді. Егер туа қалған болса, күнге табынып, соның құрметіне жылқы шалатын сақ тайпалары да, бәнуге (күнге) табынатын тибет елі де, Шамаш деп күнге сыйынатын үнді-бабыл елдері де өздерін шаман дінінде түсінуі мүмкін ғой. Ал шаманизм көбіне тек тибет, монгол, түркі тайпаларында ғана бар. Рас, шаманизм буддизмнің бір мазхабы болған. Ол VI-VII ғасырларда Үнді елінен Тибет пен Қытайға, содан соң түрік-монголдарға өткен. Үнді жұрты бақыны «бихихшу» деген. Айырмашылығы – Қытай, Тибет, Монголдар лама арқылы бұтқа табынса, түріктер аруаққа (онгонға) табынған»²¹.

Қазақтар арасына тараған Шыңғысхан туралы айттылатын аңыздар сол шаманизм нанымы тұсында дүниеге келгендейтін анық. Дегенмен Шыңғысханның дүниеге келуі туралы осы аңыз зороастризм дініндегі аңызға өте жақын келеді. «Динкард» кітабында пайғамбар Зәрдүшттің дүниеге келуі туралы баяндайтын тұсын мынадай жолдармен береді: «Әлемді жаратушы Жаббар құдірет жердегі Фраһим әүлетіне аташғаһ (отқа сиынатын ғибадат орны) тұрғызып, оны ешқандай құралсызы-ақ өз құдіретімен тұтандырып, от жағып қояды. Отты көрген соң Фраһимнің әйелі жүкті болады да, айы-күні жеткен соң бір қыз бала дүниеге ке-

20 Лосев А. Ф. Философия. Мифология. Культура. – Москва: Политиздат, 1991. – с. 83.

21 Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы: Ғылым, 1987. – 116 б.

леді. Оның атын Дуғду (Доғдуа) деп қояды. Доғду он бес жасқа толғанда Жаратушы оған сәуле жібереді де, ол от қыз жатқан жердің айналасын ерекше бір жарыққа бөлейді. Осылайша қыз Зәрдүштке жүкті болады»²².

Зороастризм дінінен тараған ғайыптан туу мотиві кейінірек түркі мен монгол мифтеріне де ауысқан. Исламға дейінгі дүниеге келген бірқатар қоңе жазба деректерде қағаның күннің нұрынан жаратылғандығы айтылады. «Монғолдың құпия шежіресінде» аспаннан түскен нұрга жүкті болу мотиві кездесіп отырады. «Алұн сұлу күйеуі Добұн мерген көз жұмғаннан кейін күйеусіз үш ұл туады. Осы оқиғаға орай күмәндапан Белгінүтей мен Бүгінүтей атты ұлдарына Алұн сұлу оқиғаның мән-жайын түсіндіріп: «Бірақ сендер бұл жайдың мәнін түсінген жоқсындар. Тұн сайын бір ақсары адам біздің үйдің шаңырағын жап-жарық қып кіріп келіп, менің құрсағымды сипағанда, оның нұры жатырыма сіңіп кететін. Ол адам (шығар) күн мен (батар) айдың арасында сары итше еркелеп шығып кететін. Бұл жайды білмей жатып, неменеге күмәндاناстындар? Тәнірдің берген ұлдары ғой бұлар. Оларды тобырларға тенеуте бола ма? Қарапайым адам қаған болса ғана оның мәнін түсінер»²³.

Шыңғысхан туралы айтылатын аңыз да осыған ұқсас болып келеді. «Есугейдің жесір қалған әйелі туралы айтылады. Сол әйел жесір отырып төрт бала туыпты, байқаса біреу түндіктен от болып түсіп, таң ата есіктен ит болып шығып кетеді екен делінеді. Осыдан келіп Шыңғысхан күн баласы екен дейтін аңыз пайда болған»²⁴.

Жалпы, қағандардың күннің нұрынан жаралуы, күн нұрының қуаты арқылы оның әлемді жауалауы сияқты ұғымдар бұрынғы кезде қағандарға байланысты көп қолданылатын болған. Шыңғысханның аңызынан бөлек Оғыз қаған туралы баяндалатын әңгімеде де күннің сәулесінен жаралған қызға үйлеуі, неме-

22 Зәртошт. Ежелгі Иран пайғамбары / Құрастырган және түсінігін жазған Хашим-е Рази. – Тегран: Беҳджат, 2001. – 21 б.

23 Шекен Ж. Монғолдың құпия шежіресі: Фольклорлық, әдеби негіздері. – Қарағанды: Гласир, 2006. – 57 б.

24 Қоңыратбаев Ә. Қазақ әпости және түркология. – Алматы: Ғылым, 1987. – 202 б.

се күн нұрынан жаралған қасиетті бөрінің жол бастауы сияқты оқиғалар айтылады: «Таңтеренгі шақта Оғыз қағанның шатырына күн сияқты бір жарық түсті. Ол жарықтан көк бурыл, көкжал әйдік бір арлан бөрі шықты. Осы бөрі Оғыз қағанға тіл қатып былай деді: Ай, ай, Оғыз, сен енді Ұрымға аттанып баrasың. Ай, ай, Оғыз, мен алдыңда жүріп отырамын»²⁵.

Зороастризм дінінің аңызы мен түркі-моңғол халықтарының аңыздарында да кейіпкердің ерекше жағдайда дүниеге келуіне бір ғана от құдайы Ахура Мазданың әсер етіп тұрғандығын аңғарамыз. Кейінгі дәуірлерде дүниеге келген қаһармандық эпос пен батырлық жырларда мұндай сюжеттер ұшыраспайды. Мұсылман дінінің әсерімен батырларға көбіне мұсылман әруактар, кәміл пірлер аян беріп отырады. Демек, Шыңғысханға байланысты айтылатын аңызда будда дінінің әсері болғандығын көреміз. Тағы бір аңызда Темучинді өз тайпасының ханы етіп сайламақ болғанда, халық одан шынымен күннің ұлы екендігін дәлледеуін сұрайды. Сонда шешесінің өтінішімен Темучин өз садағын күннің сәулесіне, яғни, сағымға іліп қояды.

Зороастризм діні басқа діндерге қарағанда ертерек дүниеге келген, ол Иран жеріне ғана тарамаған сонымен қатар Үндістанда да кең жайылған. Ондағы құдай аттары веда ілімінде де ұшырасады. Бұл дін көрші отырган үнділердің сеніміне де әсерін тигізген, осылайша діни аңыздар кейін будда дініне өткен болса, шамандық нанымға да будда арқылы осы зороастризм элементтерінің кіргендігін көреміз. Шыңғысхан туралы деректерге көз жібере отырып, ол жайындағы аңыздарда ата-баба аруағы (онгон) түркілік наным-сенімнен гөрі, будданың ықпалына көбірек түскендігін байқаймыз. Шыңғысхан өз дәуірінде монғолдар арасына кеңінен жайылған Хормуста-тәніріге көбірек сенгенге ұқсайды. Шыңғысхан туралы зерттеулер жазған Эренжекен Хара-Даван өз кітabyнда Шыңғысхан аузынан айтылған мынадай деректі келтіреді: «Чингиз-хан заканчивал свой ближайшие завоевания на запад и юг; в 1195 г. Покорено племя сартагол (сарты), 1196 год приносит покорение Тибета; затем покоряются три провинции Кара-Тибета. Тогда Чингис-хан устроил великие торжества, вер-

25 Оғыз-наме, Мухаббат-наме. – Алматы: Жазушы, 1986. – 41-42 66.

нувшись с одного похода, учредил производство и раздачу наград своим военоначальникам, раздавая народу сокровища, Чингиз-хан, как повествует Саван-Сецен, заявил тогда народу: «Согласно повелению высшего царя, Тенгри, Хормузда, отца моего, я подчинил 12 земных царств, я привел в покорность безграничное свое величие мелких князей, огромное количество людей, которые скитались в нужде и угнетении, я их собрал и соединил в одно, и так я выполнил большую часть того, что я должен был сделать. Теперь я хочу дать покой моему телу и душе»²⁶.

Шыңғысханға байланысты айтылатын осы секілді аңыздарда зороастризм элементтері көрініс бергенімен, от құдайы Ахура Мазда бейнесі қазақ фольклорына онша көп кіре алмаған. Оған бір жағы Түрік қағанаты кезінде қалыптасқан көк тәңірі туралы діни сенім ел жадында берік орын тепкен, екіншіден, ислам дінін қабылдаған соң бұрынғы наным-сенімдердің орнына жаңасы орныққан. Ислам дінінің шарттары мен салттары қабылданған соң, бұрынғы түсінікке қарсы соққы берілді. Соның өзінде қазақ арасында шамандық нанымның қалдықтары сақталып қалды, бұның өзі кезінде ұстанған қазақ халқы үшін әлемді жаратушы Көк Тәңірі мен адамды жебеп жүретін тотем-бабалар мен аруақтар туралы сенімнің күштілігінен болса керек. Қазақтар өз ішінен шыққан бақсы-балгерлердің тылсым күшпен байланыс жасайтын кереметіне, адам бойынан қаскөй жындарды қуатын емшілік қасиетіне соңғы кездерге шейін қатты сеніп келді.

Алтын орда ханы Өзбек хан тұсында бақсы-балгерлер құғынға ұшырады, елде шаригат заңы күштейтілді. Ескі нанымға деген осындай әрекеттердің әсерінен Алтын Орда тұсынан бастап мұсылманшылыққа көше бастаған көшпелі түркі тайпалары кейін буддизм арқылы тараған аңыздарды уақыт өте келе ұмыта бастаған. Ал, шамандық нанымда қалып, кейін будданы ұстанған монгол, алтай, сібір халықтарының фольклорында Ахура Мазданың өзгерген түрі Хормуста-тәңірі бейнесі көптеген уақыттар бойы сақталып қалған. Алайда, шамандық наным алтай халықтарында басымдыққа ие болғандықтан будданың көптеген

26 Эренджен Хара-Даван. Чингис-хан – как полководец и его наследие. – Алматы: Крамдс-Ахмед Яссуи, 1992. – с. 65.

элементтері де олардың наным-сенімдеріне тереңдеп ене алмағандығын көреміз. «Авеста» кітабынан тараған, будда ілімі арқылы түркі-монгол халықтарына сіңген діни нанымдардың барлығы дәл қалпында халыққа тарап, ондағы айтылатын қайрымдылық құдайлары тек жақсы жағынан көрініс тапқан деуге келмейді. Зәрдүшті дінінің құдайлары туралы айтылатын сюжеттер түркі халықтары арасында өзінің бастапқы функциясынан, толық бейнесінен айрылып, басқа формаға еніп, фольклордағы жағымсыз кейіпкердің орнын толтырып жататын жәйттер аз орын алмаған. Шамандық нанымның кезінде сырттан келген діни нанымдарға мейлінше қарсыласып, өз қауқарынша қарсы тұрғандығын осыдан-ақ көруімізге болады.

Түрік халықтары көне дәүірлерден бері қарай бірнеше діни ағымдардың ықпалында болды, өз үстемдігін жүргізген діннің салт-дәстүрге әсері болатындығы белгілі, кейін жаңа сенімді қабылдаған соң бұрынғы діндердің халық дәстүріндегі ғұрыптық әрекеттері жойыла бастағанымен оның кейбір элементтері өзгеріске үшінраған күйінде санада орнығып қала береді. Көне сенімнің өзгеріске түскен түрлери, әсіресе, қиял-ғажайып ертегілерде жи үшінрасады. Түркі тайпалары қошпелі өмір сүргендіктен олар Батыс пен Шығыстағы көптеген халықтармен тығыз байланыста болған. Олардың діни сенімдері мен мәдениетінен үйренген, тығыз қарым-қатынаста болған. Оттырықшы елдерде жазу мәдениеті дамыған, монотеистік діндер шыға бастаған. Сол діни кітаптар түркілер арасына тарап отырған. Ол жағында ескіден келіп жеткен бірлі-екілі діни қолжағбалар да бар болса, сол діннің ұстанымына сай ел ішіне тараған уағыз, ғибадаттардың өзгерген түрлері фольклорымызға да ауысып отырған. Кезінде түркі халқының өз төлтума жазба мәдениеті болған, іргелі мәдениеті өзгелерге ықпал еткен, мемлекеттік құрылым жүйесі қалыптасқан әрі Еуразия аймағында ірі-ірі империялық жүйе қалыптастырып өзгелермен терезесі тең күшті мемлекетте құра алған. Түркілердің жазба ескерткіштерінің даму кезеңдеріне ой жібере отырып, руникалық жазбаның пайда болуы мен жазба мәдениетінің қалыптасу дәуірі ұзақ жылдарға созылғандығын көруге болады.

Б.д.дейінгі ғасырлардан бастап, Түрік қағанаты тұсына дейін түркілер руникалық түркі жазуын қолданған болса, Ұйғыр қағанаты тұсынан бастап, араб емлесі кіргенге дейін тарихта «ұйғыр жазуы» деген атпен қалған жазу ұлгісін қолданған болатын. Манихейзмді тарату мақсатында түркі тілінде жазылған «Хустуанифт» секілді ұйғыр жазу ұлгісімен көптеген шығармалар жарық көрді. Жазудың бұл ұлгісі XV ғасырга дейін қолданылғандығы туралы деректер ұшырасады. Бұл жазу ұлгілерінің тілі көне түркі тіліне жатады. Ол турасында профессор Н. Рахмонов былай деп жазады: «Алтын жарық» түркі тілдерінің топтастыру кезеңінен бұрынғы, көне түрік дәүіріне (Y-IIII ғасырларға) тиесілі. Соңдай-ақ, жазба жәдігерлер тілі, әсіресе, түрік-ұйғыр жазуындағы жазба жәдігерлердің тілі қай жағынан алып қарасақ та «Алтын жарық» көне түркі жазба әдеби тілге айналған кезеңге жатады. «Алтын жарықтан» басқа, түрік-ұйғыр жазуындағы манилік ағымында жазылған жазба жәдігерліктер, құқық жайлы құжаттар, буддалықта тиесілі «Майтры смит» және басқа жанрлардағы жазба жәдігерлердің тілдік ерекшелігі де көне түркі дәүіріндегі жазба әдеби тіл негізінде қалыптасқандығын көрсетеді»²⁷.

Бұл жазбалар белгілі бір дінді насиҳаттау үшін жазылғаны анық, алайда сол дәүірдің жәдігері саналатын бұл жазбалар түркі жүрттының асыл қазынасына жатады. Дегенмен қазақ әдебиетінде әлі күнге дейін ұйғыр жазуымен жазылған әдебиеттер тереңінен қарастырылған емес. Тілдік күрьышмы, әдеби тілдік жағы да қазақ филологиясында әлі күнге өз зерттеушілерін күттіп отырған жайы бар. Манихейзм дінінің қазақ фольклорына тигізген әсері де әлі күнге толығымен қарастырылмай, зерттелмей қалып келеді.

Манидің таратқан ілімі түркілер арасына өзімен бірге жазуын және суретшілік өнерін ала келді. Манихейзм діні бір жағынан кең аймақта тарады, алайда оның ұзақ уақыт бойына өмір сүре алмай, басқа діндермен шығыса алмай, күйреуінің басты себебі мұнда жаратушы бір құдайдың айтылмауы еді. Өзге діндері құдайлардың барлығын өз дініне енгізгенімен мұның ешқайсысы Жалғыз жаратушының функциясын анықтай алмады. Алғашында Орталық Азияда қолдау тапқанымен кейін өзге дін өкілдері та-

27 Рахмонов Н. Олтун ёруғ. 1-китоб. – Тошкент: Фан, 2009. – с. 17.

рапынан қысымға ұшырай бастады. Өзінің іліміне қолдау көрсеткен Иран патшасы Шапур I патша тұсында ілімін таратады. Сондықтан да Мани өз еңбегін «Шапуракан» деп атаған. Бұл кітап біздің дәуірге толық жетпеген. Бұған зәрдүштің дінінің өкілдері өзін өлтірген соң кітабын да құртып жіберуі себеп болады. Мани ілімі отырықшы халықтар арасында тез тараған. Түркілер арасына тарауына сол кездегі отырықшы соғылардың әсері болған еді. Батыс шіркеуінің насиҳатшылары копт тілінде жазған болса, Шығыстағы ресми шіркеу тілі – соғды тілі болу себебі де содан. Түркі халқы ол тұста жартылай көшпелі, жартылай отырықшылыққа бейімделген еді. Түркі қағанаты тұсында бірнеше қала-лар болғаны тарихтан белгілі. Оның үстінен қоғам да алғашқы қоғамнан феодалдық формацияға ауысқан кез еді. «А. Н. Бернштам ежелгі түріктер феодализмге бейімделе бастады десе, Л. Н. Гумилев оларды варварлықтың ең соңғы сатысында тұрған әскери демократия деген. Бұл сатыда темір табылып, өркениет элементі – жазу туды, ерлік рухы дамып, эпостық жырлар пайда болады, жерді меншіктеу туады, әскери көсемдердің билігі күшейді деген пікірдің негізі бар. Қоғамдық ғылымдар тарихына қарап отырсақ, ҮІ ғасырда жұбайлұ неке, одан соң моногамия туған»²⁸.

Феодалдық қоғамға қадам басқан Ұйғыр мемлекеті бір дінді уағыздаған діни бағыттағы мемлекетке айналады. Билік шын мәнінде толығымен мани дінінің көсемдері қолына өтеді, хан тек қана әскери істермен айналысадын билігі шектеулі жанға айналады. Қағанатты емін-еркін билеп-төстеген манихейшілер сол жердегі басқа діндердің өкілдерімен қызылкенірдек болып елдің берекесін кетіреді. Будда, несториан, зороастр дініндегілердің барлығы манишілердің ісіне қарсы болады. 840-847 жылдары Ұйғыр мемлекетін қырғыздар барып талқандағанда манихейзм дініндегілер де құтынға ұшырай бастайды. Онының ғасырда манихейзм дінін ұстанушылар Самарқанд жерінде ғана өз ағымын сақтап қалады.

Ислам діні алғаш тараған кезде мұсылмандар пайғамбары бар, ері кітабы бар дін деп манихейзмге құрметпен қараган. Ислам

28 Қоңыратбаев Э.Қ. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: МерСал, 2004. Т.2. (Түркітану және шығыстану мәселелері). – 17 б.

діні өркендереген тұста бұл діни ағым тарихи сахнадан жойылды. Дін ретінде жойылып кеткенімен, бұл діннің тұсында қолға алынған кейбір суретшілік өнер мен ол туралы аңыздар сақталып қалды. Ислам дінінде сурет салуға тыым салынған, сондықтан да бұл өнердің дамуына үзілді-кезілді қарсылық болатындығы белгілі. Алайда Мани суретшінің пірі ретінде аңыз сақталып қалған.

Мани жас кезінен бастап көптеген елдерге саяхаттап барып жүреді. Орта Азия мен Иран, Үндістан елдеріне саяхаттап жүріп, сол кезде жер бетіне кең тараған христиандық пен будда және зороастризм діндерінің қағидаларын жақсы зерттеп өседі. Осы үш діннің негізінде өзінің жаңа дінін дүниеге әкеледі. Өзінің дінінде Мани өзінен басқа Будда, Иса, Зороастрды пайғамбар деп таниды және өзін соңғы пайғамбармын деп жариялады. Зороастризм дінінде әлем егіз ұғымнан жарапған деп қарастырылатын дуалистік миф пен әлемнің жаратылышы туралы айтылатын эсхатологиялық мифтік түсініктерді өз дініне кіргізе отырып, адам жаны туралы будда іліміндегі оның көшпелі екендігі және карма қағидаларын қабылдайды, Иса бейнесін ала отырып, христиандықтағы сабырлылық туралы түсінікті манихейзмге енгізеді.

Мани өз дәүірінің аса дарынды суретшісі әрі көркем жазудың тендересіз шебері болған адам. Мұсылмандық ұғымда Маниді парсы көркемсурет өнерінің атасы деп есептеген. Өз ілімін тарату жолында арамей жазуы негізінде өз жазу үлгісін ойлап табады. Түркі халықтары арасына кең тараған тарихта «Ұйғыр жазуы» деген атпен қалған осы жазу үлгісінде түркілік көптеген шығармалардың дүниеге келгендігі белгілі. Ол турасында өзбек ғалымы, профессор Н. Рахмонов былай деп жазады: «Көне түркі әдебиеті туралы сөз қозғалса, әдетте көбіне орхон-енисей жазу жәдігерлері тілге алынады. Бірақ көне түркі әдебиеті тек қана осы жәдігерлермен шектелген емес, бәлкім оның қолдану аясының одан да кең болғандығын көрсетеді. Көне түркі әдебиеттің басталуынан бүгінгі күнге дейін жеткен мәтіндерді қарастырғанда орхон-енисей жазулары көне түркілік әдебиеттің бір саласы екендігін көрсетеді. Орта Азияда қарқынды дамуда болған зәрдүшттік, шамандық, манилік, будда секілді діни ағымдары да кезең-кезеңімен ағымдағы түркі әдебиетін қалыптастыруды. Сон-

дықтан қазіргі кезде көне түркі әдебиетке басқаша көзқараста, оған кеңірек қаруа керектігі басты назарға алышады»²⁹.

Сол кезеңдегі түркі тайпаларының ұстанған наным-сенімдері мен діни ұғымдары туралы жазба деректердің көпшілігі осы ұйтырып жазуымен дүниеге келген болатын. Соның бірі – «Оғыз-наме» шығармасы. Бұл шығармада да манихейзм элементтері көрініс беретіні бар. Шығарма былай басталады: «Болсыншы деді олар, оның сиқы осылай. Енді мұнан соң сүйініш тапты. Тағы құндерде бір күн Ай қағанның көзі жарқ етіп [ашылып], ер бала туды. Осы ұлдың өні шырайы көк еді, аузы оттай қызыл еді, көздері қызылт, шаштары көріктірек еді. Осы ұл анасының көкірегінен татып көріп, одан кейін ембеді; шикі ет, ас, шарап сұрады. Тілге келе бастады. Қырық құннен соң өсті, жүрді, ойнады. Аяғы өгіздің аяғындей, белі бөрінің беліндей, жаурыны бұлғынның жауырынындей, кеудесі аюдың қеудесіндей еді. Тұла бойын түгел қалың түк басқан еді»³⁰.

Оғыз қағанның дүниеге келуіне Ай қағанның тікелей арасында сөз болады. Ай құдайы манихейзмде ерекше маңызға ие болғаны белгілі. Алайда, Ай құдайы шамандық нанымнан келе жатқан матриархат кезеңінің басты құдайы саналған. Алғашқы бақсылар да әйел затынан шыққан, елдің рухани көсемдері де әйелдер болған. Будда, зороастризм, христиандық діндер кезінде пайғамбарлар әйел емес, еркек адамнан шыға бастады. Осылайша әйел затының қоғамдағы рөлі мемлекеттік деңгейден, тұрмыстық деңгейге дейін төмендетілген болатын. Алайда, манихейзм өзіне дейінгі өмір сурген шаманизм, зороастризм, будда, христиандық сияқты діндерден өзіне қажетті жақтарын алғып, өзінің ілімін жариялағандығы белгілі. Шамандық нанымдағы ай құдайы да манихейзм дініне кірігеді. Мани өзін ай құдайының деп есептейді. Мани туралы Қытай елінде салынған суреттерде де оның тәжінің қасына ай суретін кескіндел салатын болған. Ол тұрасында шығыстанушы-ғалым Ю.А. Зуев мынадай дерек келтіреді: «В манихейской доктрине Луны занимала важ-

29 Рахмонов Н. Руханиятдаги нур муроди. – Тошкент, 2002. – 12 б.

30 Оғыз-наме, Мұхаббат-наме. – Алматы: Жазушы, 1986. – 36 б.

ное место. Дева таласского медальона – антропоморфный образ Луны. Ее богом считался сам Мани. Двуязычный тюрко-тохарский гимн начинается словами: «О Могущественный бог Луны, подобный венцу бога Хормузды, подобный короне бога Зурвана, мой отец Мани – Будда!». Божественный венец Хормузды – это нимб в виде лунного диска вокруг головы Мани. Корона бога вечного времени Зурвана (Азруа) – это Митра Мани»³¹.

Қазақ халқында шамандықтың қалдығы жақсы сақталып қалған. Сондықтан да олар арасында айға деген ырымдар мен сенімдер күнге қарағанда көбірек кездеседі әрі айдан қорқу, жаңа ай туған сайын оған дұға жасап, жаңа айдан тілек тілеу әлі күнге дейін халық арасында ұшырасып отырады. Көшпелі түркі халықтары арасында бұрынғы шамандық нағымды ұстанған кезінде Ай құдайының маңызы айрықша болғандығы турасында Шоқан да өз мақаласында жазып өтеді: «Луна, вероятно, было божеством. Киргизы при виде новой луны делают земные поклоны и летом берут с того места, где делали поклоны, траву, которую, придя домой, бросают в огонь. Киргизы говорят, что на луне есть старуха (вероятно, вследствие округленности и пятен, которые кажутся частями лица). Киргизы не смотрят долго на луну, боясь, чтобы старуха не сосчитала ресниц, если это случится, то человек умереть»³².

Тек қазақта емес, оғыз тайпасының дүниеге келуі туралы аңызда да ай құдайының тікелей себебімен пайды болғандығы айтылады. Оғыз хан ай құдайынан туылады. Ол жайында X. Короглы былай деп жазады: «Своеобразную генеалогическую легенду представляет собой экспозиция уйгурской рукописи «огуз-наме». Здесь огуз проходит все этапы формирования эпического героя: он родился от небесной женщины Ай-хан (Лунница), избавляет людей от носорога, в результате чего фактически получает инициацию. Дважды вступает в брачные отношения (сначала с мифическим существом, затем с земной жен-

31 Зуев Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. – Алматы: Дайк-пресс, 2002. – с. 194.

32 Валиханов Ч.Ч. Собраний в пяти томах. Том 4 – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. – с. 57-58.

щиной), ведет завоевательные походы». Оғыз хан өз балаларының атын да күн, ай, жүлдүз қоюы да осы шамандық нанымнан шыққандығын көрсетеді»³³.

Шамандықтағы ай құдайының манихейzmге кірккені белгілі. Алайда, манихейzmнен сіңген мотивтер де фольклорда ұшырасып отырады. Соның бірі суретке ғашық болу мотиві деуге болады. Манидің өзі сурет салудың аса шебері болғандықтан манихейzm ағымы тараған жердің көбінде сурет өнері мен кескіндеме, бейнелеу өнері айрықша дамығандығы байқалады. Түркі және парсы халықтарының фольклорында жи ұшырасатын суретке ғашық болу мотиві, әсіресе, ортағасырлық парсы және түрік прозаларында айрықша көрініс табады. Арабтардың атақты «Мың бір тұн» ертегісінде де бұл мотивке көп орын берілген. Бұл тек мұсылман халықтарының фольклорына ғана емес, өз кезегінде христиан және будда дінін ұстанатын халықтардың фольклорына да өз әсерін тигізгендігін айтываемыз керек. Көптеген халықтардың фольклорында сөз болатын манихейzmнен ауысқан сюжеттер мен мотивтер туралы айтқанда алдымен суретке ғашық болу мотивінің шығу төркініне үңіліп көрелік.

Көптеген шығыстық дастандар мен хикаяларда сұлу қыздың бейнесі салынған суретті көріп ғашық болады, ішіне ғашықтық дерпті кіріп ауырған хан баласы, не үәзірдің жалғыз ұлы құсалық-пен жатып қалады. Ақыры қасына жолдас ертіп, сол қызды іздей деп сапар шегеді. Бұл сарын тек қана ғашықтық дастандарда ғана емес, сонымен қатар ортағасырлық парсы мен түрік прозаларында, арабтың «Мың бір тұн» сияқты кітабында, «Төрт дәрүіш» секілді тәмсілде жи ұшырасады. Шығыстық сюжетке құрылған қазақ ертегілерінде де бұл мотивке айтарлықтай орын беріледі. Ертегілерде бұл суретшінің пірі жайлы ұшыраспайды, ал, ұлы Шығыс шайырлары бес хамса улгісімен нәзиralық жанрда жырлаған «Хұсрау-Шырын», «Фархад-Шырын» секілді дастандарда суретшілік өнер пірінің аты аталып өтеді. Мысалы, Низами Ганджауи жырлаған «Құсрау уа Шырын» дастанында су-

33 Әбжет Б. Шаманизмдегі Ай құдайының бейнелену ерекшелігі. – /Ақиқат, №6, 2010. – 88 б.

ретшінің пірі Мани екендігі дастанның бірнеше жерінде айтылған. Дастанда Маниды былайша атайды:

И некий жил Шапур, Хосрова лучший друг,
Лахор он знал, Магриб прошел он весь вокруг.

Знай: от критин его Мани была б обида,

Как рисовальщик он мог победить Эвклида³⁴ – деп Шапур салған суретін мақтау үшін суретшінің пірі атанған Манидан да жоғары қоя суреттейді. Суретті көрген Құсрау Шырын қызға естүсінен айрылып ғашық болады. Жырши жырда салынған суреттегі қызға ғашық болу мотивімен қатар суретшінің пірі Манидың атына мадақ айтып өтуді де естен шығармаған:

Воздал хвалу Шапур – обратных слов хранитель –
И вот дает ответ: «О мир повелитель!

Когда любой узор мой делает калам,
По словою с Мани делюсь я попалам»³⁵.

Жырда Фархад бейнесі негізгі кейіпкерге айналу үшін оның Қытайда жүріп үйренген суретшілік, тас қашау өнері жырдың негізгі динамикалық күшіне айналады. Әйтпесе, бұл дастанды Фирдоуси өзінің «Шахнаме» эпопеялық дастанында баяндап өткендігі белгілі. Алайда, Фирдоусидің әйгілі дастанында патша мен Шырынның арасындағы ғашықтық, Шырын мен Ҳұсрау патшаның үйленуі ғашықтық хикаяны баяндау үшін алынбаған, Фирдоуси бұл детальді Ҳұсраудың өмірінің соңғы жағын бейнелеу мақсатында ғана пайдаланған болатын. Фирдоуси шығарма сындағы Ҳұсрау жас кезінде Шырынға ғашық болып үйленгенімен, кейін таққа отырып патша атанғаннан кейін Шырынды ұмытып, Византия императорының қызы Мариямға үйленеді. Мариямнан туған Шируе атты ұлы болады.

34 Гянджеви Н. Собрание сочинений в пяти томах. – Москва: Художественная литература, 1985. – с. 51.

35 Там же, с. 58.

Күйеуінің өзге елдің патшасының қызын алып, өзін ұмытқа-нына қапалықпен жүрген Шырын күйеуін өзіне қаратудың ама-лына кіріседі. Бір күні аңға шыққан Хұсрауға жолығу үшін жо-лын торыған Шырын ол жүретін жол үстіндегі тамның төбесіне шығып тұрады. Кенеттен өзінің бұрынғы әйелін көрген Хұсрау патша Шырынды қайтадан әйелдікке алады. Өзіне деген адалды-ғына тәнті болған патша оны бүкіл Иран жүртінің ханшайы-мы деп жарияламақшы болады. Сарайдағы бекзадалар мен Иран ақсүйектерінің қарсы болғандығына қарамастан патша ойында-ғысын жүзеге асырады. Осылайша, сарай ішінде болған қырқыс кезінде Шырын өзінің күндесі Мариамға у беріп өлтіреді. Ше-шесін өлтірген Шырынды жазалау орнына сарайға қамап ұстап отырған әкесінің ісіне наразы болған Шируге сарайда бүлік үйим-дастырып, өз әкесінен такты тартып алады. Қала сыртындағы баққа жасырынған Хұсрауды жендет жіберіп өлтіреді. Артында қалған жесірі Шырынды Шируге өзіне әйелдікке алмақшы болады. Шырын Ширугеге өзіне тиесілі дүние-мұлікке тиіспейтін бол-сағанақта барындығы туралы шарт қояды. Шируге оған келісім береді. Шырын өзіне тиесілі күңдері мен құлдарының ба-сына азаттық береді де дүние-мұлкінің барлығын кедей-кепшік-терге таратып береді. Өзі күйеуі Хұсраудың қабіріне кіріп, у ішіп өледі. Көп ұзамай Шируге де ауырып, қайтыс болады.

Жалпы, «Шахнаме» дастанындағы Хұсрау мен Шырынға бай-ланысты айтылатын оқиғаның қысқаша мазмұны осыған сайды. Шырынның бұл әрекеті мани дінінің ұстанымдарына өте жа-қын келеді. Себебі, манихейзм дінінде бір жылдық киім мен бір күндік тамақтан басқаны үйге жинау күнә болып есептелген. Ал Фархад бейнесін әдебиетке алып келген Низами болатын. Ол ту-расында шығыстанушы ғалым Е. Э. Бертельс былай деп жазады: «Образ Фархада повидимому, впервые введен в литературу Низами. Для развития темы он, в сущности говоря, не необходим. Поэтому можно думать, что сведения о Фархаде все же имелись в тех источниках, которыми Низами пользовался (возможно в фольклоре). О происхождении Фархада поэт не сообщает ничего. Когда для Ширин понадобился искусный мастер, способный выполнить такое трудное дело, как прокладка канала в твердой

каменистой почве, Шапур рекомендует ей Фархада. Он знает его давно. Они учились вместе в Китай у одного и того же мастера, который Шапура научил владеть кистью, а Фархада киркой. Потому Низами можно заключить, что Фархад – простой ремесленник, не связанный с аристократическими кругами»³⁶.

Әлишер Науай жырлаған «Фархад-Шырын» дастанында көрісінше, оның Қытай патшасының баласы екендігін айтып, дастанды Фархадтың туылуынан өлгеніне дейінгі аралықты жырлауды өзіне мақсат етіп қояды. Осылайша, Науай дастанында Фархад жырдың басты кейіпкеріне айналады. Алайда, Фархад басқа эпостардағыдан өзінің алға қойған мақсатына батырлықпен, не байлықпен жетуді мақсат етпейді. Жырдағы Фархад кез-келген қыншылықтарды тек қана шыдаммен, қажырлы ең-бекпен женуге тырысады. Өз сүйгеніне де бойындағы бар өнерімен, бейнетпен жетуді армандастын ізгі жан. Ол өзінің жасында үйренген өнері арқылы қол жеткізуіді мақсат етеді. Соңдықтан да бұл дастанның оқиғасы новеллалық дастанға жақын келеді. Ол тұрасында С. Қасқабасов новеллалық ертегі туралы берген анықтамасына жүгінсек, онда былай дейді: «Новеллалық ертегілердің қаһармандары батыр да, мерген де емес. Ол хан мен қолөнерші, үәзір мен кедей, би мен ұста. Өздерінің әлеуметтік тегіне қарамастан қаһармандар қайырымдылық пен әділеттілік идеясын қорғайды. Кей жағдайларда ол өзінің аяғын шалыс басқанын түсініп, ақырында адалдық пен әділеттілік жолына туғеді»³⁷.

Ертегіге қарағанда эпос пен дастандарда кейбір тарихи оқиғалар мен тарихи адамдардың есімдері аталып отыратын жәйттер жиі кездеседі. Соның бірі жоғарыда келтірген Низами мен Науайдің дастандарында аты аталатын суретші әрі қолөнерші Манидің көрінісі. Екі жырда да Мани дастандағы басты кейіпкердің әрі ұстазы, әрі суретшінің пірі ретінде аталады. Ол Э. Науай дастанында мынадай жолдарда кездеседі:

36 Бертельс Е.Э. Навои. – Москва: АНССР, 1948. – с. 184.

37 Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 22 б.

Хита мулкида ирді екі ұстад,
Екеулан туаманлық бирлә хамзад.
Лақыбда бірі Бани, бірі Мани,
Мұны корған тасавур айлап аны.
Қылыш мамарлық Бани ішін фаш,
Келип Мани хата мулки да нақаш.
Болуы Баниға ауал янгалиғ маһарат,
Ке шархи дин келип а'джаз ибарат³⁸.

Ә. Науайдың «Фархад ва Шырын» дастанын қазақша эпостық үлгіде жырлаған Әбдезім Ахметовтың «Фархад-Шырын» дастанында осы жолдарды билайша сөйлемеді:

Қытайда аты шыққан екі өнерпаз,
Бұларды Шынмашында білмейтін аз.
Тұганда бір анадан тұс-тұлғасы,
Шеберлер мұндай дерлік дүниеде аз.
Лақабы біреуінің ұста Бани,
Атақты біреуі еді шебер Мани.
Ісіне әрі шапшаш, әрі алғыр,
Мақтауга тұрарлықтай еді және³⁹.

Демек, шығыстың атақты шайырлары суретшінің пірі Мани болғандығын және оның Қытай жақтан тарағандығын жақсы білген. Суретшілік өнердің кезінде қарқынды дамығандығы, кейін суретті көріп соған ғашық болу мотивінің о баста Қытай жақтан тарағандығын ұлы шайырлар өз заманында-ақ анық көз жеткізгендігі байқалады. Бұл мотив халық арасында ең алдымен дін арқылы тарап, кейін ғашықтық дастандарда сипатталған, сосын ортағасырлық халық прозасына арқау болғанға үқсайды. Сол арқылы бұл мотив кейін қазақ ертегілеріне шығыстық проза арқылы енгендігін көреміз. Жалпы, суретке ғашық болу, сол арқылы белгілі бір патша қызын ізделеп сапар шегу сю-

38 Навои А. Хамса. Фархад ва Ширин. – Тошкент: Фан, 1963. – 408 б.

39 Фархад-Шырын (Жинаған, алғысөзін жазған: Қ. Саттаров). – Тошкент: Фан, 2004. – 23-24 бб.

жеті бүкіл шығыс эпостарына, кейінрек Батыс фольклорына да кеңінен тараған.

Енді суретшінің пірі атанған тарихтағы Мани кім болған? Қай жерде дүниеге келген, ол таратқан ілім неге кең көлемді шарпыған енді сол туралы аз-кем баяндан өтсек. Мани біздің дәуіріміздің 216 жылы Вавилонда ауқатты әulette дүниеге келген. Жас кезінен бастап көп елдер мен шаһарларды кезген. Өз дәуірінде кең тараған будда, зороастризм және христиан діндерімен жақсы таныс болған. Осы діндер негізінде өзі негізін қалаған манихейзм дінін дүниеге келтірген. Сонымен қатар өзін-өзі жер бетіндегі соңғы пайғамбармын деп жариялаған. Манидің таратқан ілімі тұрасында М. Бұлұттай мынадай дерек келтіреді: «Мани өзінің жолын, насиҳаттау жұмыстарын парфиялық король I Антабенес (262 ж.) кезінде бастаған секілді. Кейін сасани патшасы I Шапур өзінің дін уағызыдауына рұқсат етеді. Манидің сенімі бойынша Иса Масих адам суретінде дүниеге келген жарық тәнір бол табылады. Алман ғалымы Хаұссиг манихейшілдердің қолында діни кітап болғандықтан, Орта Шығыс және Орта Азияда мұсылман билігі орнағанда олардың құдды христиандар мен йаһудилер құсанап «Кітап елі» саналғанын және кеңшілік берілгенін ғибраттап жазады. Зороастистер авеста от-ханасының тілін ғана қолданып дорматтарын өзгеріссіз сақтап жүргенде манихейшілдер замананың ағымына ауып, басқа мәдениеттердің элементтерін қабылдап тұрған; олардың қытай, ойғыр және соғды тілдерінде жазған есептерін мысалға келтіруге болады. Христиандар манихейшілдерге қарсы қатал шараптар қолданған, бірақ олар сүйтсе-дағы манихейшілдердің әсеріне ләжсіз ұшыраған; мысалы, христиандар манихейшілдердің шіркеуді суретке толтыру әдетін қабылдаған»⁴⁰.

Мани таратқан ілімде зороастризм іліміне қайшы келетін тұстар көп еді, сондықтан да Ирандағы дін өкілдері тарапынан құғынға ұшырайды. 274 жылы Иран патшасы I Бахрам тұсында зәрдүшт дінінің көсемдері Маниді өлтіруге үкім кеседі. Өзін ұстап алып азаптап өлтіреді, терісіне сабан тығып, базардың кіре-

40 Бұлұттай М.Ж. Ата-баба діні? Түркілер неге мұсылман болды? – Алматы: Білім, 2000. – 126 б.

беріс қақпасына іліп қояды. Бұл азапты оқиға Мансур Халадж атты сопының тағдырына ұқсас болғандықтан қазақтар арасына тараған «Мансүр Халаж» қыссасының сюжетіне арқау болғандығын көреміз. Бұл дастанда Мансүр сопының азапты өлімін суреттегенде оған дейінгі ақыздардың желісі де кіріккенге ұқсайды.

Манидың ізіне ерген шәкіртерінің бірі Мар Аму соғды уалаятына қашып, манихей шіркеуін ұйымдастырады. Шіркеудің орталығы Самарқанд қаласында еді. Манихейшілер Ирактан өздерімен бірге әліппелерін әкеп түріктер арасына таратады⁴¹.

Осылайша, манихейзм Орта Азияда кең құлаш жаяды. Сол кезден қалған мани дінін уағыздаушы көне түркі жазба ескерткішінің бірі – Хуастуанифт.

Манихейші сенімде Мани суретшілердің, мұсіншілердің пірі болып саналады. Осыған байланысты сурет салу, ағаш бедерлеу, мұсін жасау аса мақтанышты ғамалдар, хатта (тіпті) құлшылықтың асқан түрі деп бағаланған. Ойғырлар осы дінге кірген соң сурет пен мұсін жасау жағынан тым шебер болған⁴².

Демек, христиан діні алғаш тарағанда құдайдың суреті бейнеленген иконалар болмаған. Христиандарда Исаның суретін шіркеуде ілу кейінгі дәүірлерде өзінен кейін дүниеге келген манихейзмнің әсерінен келіп шыққандығын аңғаруға болады. Батыстық дінтанушы ғалымдардың өзі бейнелеу өнерінің ежелгі Иран мен Византия жерінен тарағандығын айтады. Ол тұрасында орыс зерттеушісі Лев Любимов өзінің «Ежелгі орыс өнері» атты кітабында былай деп жазады: «Византия империясының шығыс облыстарындағы бүкіл көркем творчестввода ассириялық-вавилондық мәдениеттің, әсіресе, сол кезде жаңа әшекейлік, динамикалық өнер пайда болған Иранның ықпалы сезіледі. Византия жеріне сол жақтан, осы өнердің әуенімен бірге, ерекше көзге түсетін аса әсерлі өрнегімен толық көркемдік табыс табатын, ең шалғайдағы дала кеңістігінің жан тебірентер қиял мұңы екен. Өнердегі мәңгі келе жатқан әшекейлік нәзіктік пен бейнелеу қуаттылығы арасындағы сымбатты, бірақ кейде мәнсіз өрілудің

41 Бұлұттай М.Ж. Ата-баба діні? Түркілер неге мұсылман болды? – Алматы: Білім, 2000. – 126 б.

42 Сонда, 126 б.

шексіздігі мен дәлме-дәл шектелген кеңістікте нақты көрініс тапқан образды әсерлілік арасындағы жарыс тағы да білінді»⁴³.

Осылайша, Византия, Иран, Сирия секілді кезінде көркемдеу өнері ерекше дамыған елдер VІ ғасырдан кейін тоқырауға ұшырай бастады. Оған себеп болған ислам мәдениетінің ықпалы еді. Ислам діні тараған соң шаригат заңына орай адам суретін бейнелеуге тиым салынды. Ислам діні күштеген тұста манихей діні тарих сахнасынан жоғалды. Христиан дінінде де иконаға қарсы бірнеше толқулар болып өтті. Иконадан безушілер құдайды адам келбеттес етіп бейнелеуге болмайды, өйткені мұндай бейнелеулер діннің қадірін кетіру болып табылады деп санады. Иконаны қастерлеу санаға орнығып қалды, ол бір жағы адам жадынан қалмай келе жатқан фетишизм, пүтқа табынушылықтың жаңа бір формасын туғызғандай болды. Бірақ монастырьларға орнығып алған икона қадірлеуші топтар мен сән-салтанаты мол тұрмыс құрған бай ақсүйектер, өздері тақуалық пен діни бастаудың басшылығын үағыздаса да, табиғи бейнесі жоқ құдайға халықтың сене қоюы қыын деп қарсы шыққан.

Империяның шығыс облыстарында кең өріс алған өнерді таза өрнектілік немесе абстрактылық елеске айналдыруға ұмтылушылық енді адамды бейнелеуге тыйым салған исламдық өнер үлгісін негізденген араб ықпалына түсті. Осы ағымды басқарған әскери жер иеленуші ақсүйектердің ырқымен кеткен императорлық өкімет иконаға табынуға тыйым салады. Соның нәтижесінде Христос пен христиандық әулиелерді бейнелеген өнер шығармалары жаппай құртыла бастады. Олардың орнына шіркеулер, замандастарының бейнелеп айтуы бойынша, «бау-бақшалар мен құс базарына айналған» өсімдіктер мен құстар бейнеленген сәндік әуендері суреттермен безендіріледі. Тұптің түбінде иконаны қастерлеушілер жеңіп шығып, олар өз тарапынан мұндай суреттер мен мозаикаларды, олардың көркемдік құндылығына қарамай құртып жіберді⁴⁴.

43 Любимов Л. Ежелгі орыс өнері. (Ауд. Қ. Қасымбеков, С. Тәжіғұлов). – Алматы: Өнер, 1989. – 21 б.

44 Там же, с. 33.

Христиан әлемінде болып жатқан біресе иконаны құрту, енді бірі мозаикаларды құрту үшін болған толқулар бір жағы мұсылман әлеміне еш әсер етпегендей көрінеді. Алайда, «Мың бір түн» ертегісінде суретке ғашық болу, бау-бақшаның, құстардың бейнесі салынған мозаикалар туралы неше түрлі хикаялар бірінен соң бірі туындал жатты. Бұл жағынан алып қарағанда «Мың бір түн» сол дәуірдегі тараған барлық діни ағымдардан қалған көне сюжеттер мен мотивтерді мейлінше мол қамтыған әнциклопедияға үқсал кетеді. Мұның барлығы XII-XIII ғасырларда Шығыс пен Батыс елдерінің ұстанған діни нанымдарына орай қоғамда орын алып жатқан тарихи оқиғалар болатын. Қытайдан Римге дейінгі аралықта кең өріс жайған мани діні басқа діни ұйымдарға қайшы келгендейдікten будда, ислам, христиан секілді нанымдағы дін басшыларының ашу-ызасын туғызып отырған. Мани ағымындағы дін басшылары мен будда, несториан секілді діни ағымдарды ұстанатын қауымның арасында бірнеше рет жаужал оты туғаны тарихтан белгілі. Бұл жеккөрүшілктен туған қайшылықтар ақыры манихейzm дінін тұншықтырып, құрдымға жібереді. Тарих бетінде орын алған осы бір жәйттер тұрасында Л. Н. Гумилев мынадай тұжырым айтады: «Таким образом, у манихеев мир – не творение, заслуживающие любви, а результат катастрофы и подлежит уничтожению. Это учение – весьма последовательно, и именно поэтому оно вызывало отвращение всюду, где преповедовалось: в Риме, Иране, Китае. Римлян шокировало нетерпимость манихеев и их задумная натурфилософия, претендовавшая на то, чтобы вносить поправки в естествознание, в то время достаточно совершенное (т.е. воинствующее невежество); персов и арабов – безбожие и ложь, не только разрешенная, но и прямо предписанная манихейским «верным» как средство борьбы с материей: китайцев – запрещение семьи и изнутрение плоти путем исказы и коллективного разврата, чтобы вызвать в себе обращение к жизни; буддистов – жестокость по отношению к людям и животным, которых манихей считали «злыми», т.е. не согласными с их учением. Только уйгуры приняли манихейство как государственную религию.

И когда в Великой степи впервые начались гонения за религиозные взгляды»⁴⁵.

VIII ғасырдың екінші жартысында дүниеге келген Үйғыр қағанатының реєсі діні болған манихейзм Үйғыр қағанаты құлағанға дейінгі жұз жыл аралықта ерекше дамыды. Алайда, Қытайдан Еуропаға дейінгі аумаққа жайылып, бес жұз жылдан астам өмір сүрген мани діні Үйғыр қағанатының құлауына алып келді. Оның күйреу себебі турасында Л. Гумилев тағы да былай дейді: «Манихейская непримиримость привела Уйгурию к гибели. Уйгурские ханство было конфедерацией шести племен с собственными вождями, и давление правящей кучки на народ не могло быть значительным. Племенные беги зависели от родовицей, которые издавна исповедовал атеистический культу тенгри-Неба. Они нуждались в вере в Бога, потому что только он мог помогать кочевникам против злых духов ночной степи: яка иыч-кака, чулмусов и алbastов. А манихейство – система атеистическая, хотя и мистическая»⁴⁶.

Үйғыр қағанаты құлаған соң, манихейзм діні тұсында түркі даласында тұрғызылған небір мұсіндер мен суреттер кейінгі дәүірлерде қиратылған. Оның бір себебі мани дініне сол дәүірдің өзінде қарсы шығатын басқа дін өкілдері аз болмаған. Мани дінінің өкілдері қолдаушыларынан айырылған соң-ақ құғынға ұшырай бастады. Үйғыр қағанаты құлаған соң манихейшілер тек Самарқандта ғана сақталғанын айттық. Ислам діні күшеген соң манихейзм діні тарих қойнауына біржола көшті. Соған қарамастан мани дінінің элементтері, сол тұста уағыздалған суретшілік өнері туралы аңыздар мен сенімдердің біржола жоғалып кетпегендігі байқалады. Бұның әсері басқа сенімге де ықпалды болғандығы байқалып тұрады.

VIII-IX ғасырларға қараған тарих сахнасынан өшे бастаған мани діні із-түссіз жоғалмаған, әсіресе, оның суретшілік өнерін дамытуы көптеген елдерге аңыз болып тарап үлгөрген. Бұл сюжет дами отырып кейін суретке ғашық болу мотивіне ұласқан.

45 Гумилев Л. Н. Тысячилетие вокруг Каспия. – Москва: Мишель и К, 1993. – с. 19.

46 Там же, с. 19-20.

Сурет салу өнері туралы хикая ақыздар шығыстық новеллалық ертегілер мен романдық дастандарда, ортағасырлық парсы, араб, түрік прозаларына ене бастаған. Қытайдан Еуропаға дейін тараған манихейзм дінінің салдары европалық рыцарлар жайлы туған дастандарға да сіңіп үлгерген. Бұл сюжет тікелей мани дініне байланысты дүниеге келгендігіне қарамастан, оның өзгерген түрі (реликті формасы), басқа кейіпкерлерге телінген суретке ғашық болу мотиві түрінде сақталып қалған.

Низами мен Ә. Науай жырлаған дастандарда тарихи кісі есімдері сақталған. Маниға өз дінін таратуға рұқсат берген Иран патшасы I Шапурдың аты, Хұсрау патша, Ануширван мен оның баласы Ширие секілді тарихи кісі есімдері ұшырасады. Ғашықтық дастанда тарихи оқиғалар дәл қайталанбағанымен Манидің кезінде өмір сүрген адам аттары ұшырасып отырады. Демек, кезінде ел жадында сақталған Мани мен оның өрбіткен суретшілік өнері тұрасындағы ақыздар мен Фархад тауы мен Шырынға байланысты ел жадында сақталған мифтік ақызға сүйенген шығыстың ұлы шайырлары сол ақызды қайта жаңдандырып, ғашықтық дастанды дүниеге алып келгендігінің қуәсі боламыз.

ОРХОН-ЕНИСЕЙ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНІң ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТЫ

Көне түрік әдебиетінің тарихы қай уақыттан басталады деген көкейкесті сұрақ соңғы жылдары әдебиеттанушы ғалымдарды ойлантып жүргені рас. Түрік әдебиетінің тарихы туралы сөз болғанда көптеген ғалымдарымыз әдеби жәдігерлерімізді Орхон, Енисей және Талас өзендері бойында тасқа қашалып жазылған ескерткіштерден бастап, XV ғасырда елінің тыныштығы үшін жер шолып, жердің үйін іздең Асан Қайғы мен «мұсылман мен кәуірдің арасын өтіп, бұзып дінді ашқан» Сүйінішұлы Қазтуған жырауға әкеліп тірдейді. Одан бергі әдебиетті түрік халықтары бөліп, жекешелендіріп алған.

Шындығында түрік әдебиеті одан бұрын және кейін болмаған ба? Бұл сұраққа түріктанушы әдебиетшілер әлі нақты жауап берген жоқ.

Кез-келген халық өзінің әдебиет тарихын танып, білу үшін оның түп-төркінін, бастау негіздерін, даму сатыларын, дәстүр жалғастығын, қазіргі әдебиетпен үндестігін, үқсастығы мен ерекшеліктерін анықтауға тырысатыны белгілі. Уақыт өткен сағын ежелгі мұраларды зерттеу күрделене түсетіні де ақырат. Осы тұрғыдан келгенде көне түрік әдебиетінің қалыптасуы мен даму жолдарын, ондағы тарихи шындық пен көркемдік болмысын жан-жақты қарастыру қазіргі әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселе.

Көне түрік әдебиеті дегенде ойымызға бірден Түрік қағанаты түсінда тасқа қашап жазылған жазулар түсетіні белгілі. Рас, ол жазулар түрік әдебиетін қалыптастыруды үлкен қызмет атқарды. Сол кездегі бітікшілер қоғамдық жағдайларды тарихи деректермен бірлікте жаза отырып, өз заманындағы көркемдеу, бейнелеу, сипаттау тәсілдерінен де сыр шерткенін ешкім жоққа шығармасы анық. Десек те, Түрік қағанатынан ілгері кезеңге үңіліп, түрлі тарихи жазба деректер мен шығармаларға аса зер сала қарайтын болсақ әдебиетіміздің бастауынан сыр шертетін мағлұматтарды ала аламыз. Мұндай мәліметтерді антик заманындағы грек тарихшылары мен ойшылдарының, қытай жылнамашы-

ларының жазба деректерінен, «Авеста», «Хуастуанифт», «Шахнама» секілді ежелгі діни нанымдар негізінде жазылған шығармаларды жатқызуға болады. Оған шығысы Ордостан батысы Дунайға дейінгі кең байтақ жерден табылған археологиялық жәдігерлерді, атадан балаға ауызша жеткен фольклорлық мұраларды қоссаныз ілкі замандағы әдебиет үлгілерінен там-тұмдаған хабардар боламыз.

Көне түрік әдебиетінің бастауларын халық тудырған фольклорлық шығармалардан бөліп қарастыру мүмкін емес. XX ғасырдың басында-ақ әдебиет тарихын зерттең, зерделеген жазушы-ғалым Мұхтар Әуезов ауызша тараған халық әдебиеті тура-лы айта келіп: «Әдебиетті әдебиет тарихы бойынша тексергенде екіге бөлінеді. Біріншісі халық әдебиеті, екіншісі жазба әдебиет. ... Жазба әдебиет болса, халықтың әлгі мәдениетке аяқ басып, араларына өнер-білімнің таралған, сөздің қадірі артқан, іштерінен белгілі ақындар, шешендер шыққан шағында, солардың қолымен жазып, яки тасқа бастырып шығарған өлеңдері, үлгілі сөздері»¹, – деп жазба әдебиеттің басталу жолы туралы анықтама береді.

Халық әдебиеті – жазба әдебиеттің негіzi. Оны дәлелдеп жа-тудың өзі артық. Ауыз әдебиеті өз ішінде түрлі жанрларға бөлінеді. Көптеген ғалымдар фольклорлық шығармаларды сала-са-лаға бөліп, жіктеп көрсеткен. Басын ашып алатын мәселе біз өз зерттеуімізде фольклорлық шығармалардың жанрлық ерек-шеліктеріне тоқталмаймыз. Тек түрлі жазба деректер мен шығармаларда сақталған сақ-ғұндарға қатысты тарихи аңыздарды, әпсаналарды көне түрік әдебиетінің бастауы ретінде қарас-тырамыз. Себебі, «әуел басында тарихи шындыққа, нақтылы де-ректерге негізделіп тұған әңгімелер кейіннен халықтың ауыз-ша айтатын аңыздарына айналған. Бұл әңгімелер бертін келе әр түрлі қоғамдық жағдайларға, халық тілегіне сәйкес өзгеріп, жаңара берген, оған бергі заманың өмір шындығынан тұған жаңа оқиғалар, көзқарастар қосылған. Солардың бәрінде жаңа-ғы адамдардың аттарын айнитпай сақтай отырып, соңғы кездің

1 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т. 15. – Алматы: Жазушы, 1984. – 42 б.

тілектерін көрсететін аңыздар да тұған»². Демек жазба әдебиет фольклорлық шығармалардан бастау алады деп есептесек онда ауыз әдебиетіне, атап айтқанда, аңыз-әңгімелерге негіз болған тарихи шындық пен оның көркемдік болмысын нақтылау әдебиеттануғының қажеттілігінен туындаиды.

Көне түріктер өздерінің ой-армандарын, бір тұтас ел болу тілегін, даналық сөздерін, ерлік жырларын, улгі-насихаттарын Мойн Чор ескерткішінде тасқа қашап: «*bıj yıllıq: tümen künlik: bitigimin: bılgümìn: anta: yaşı taşqa: yarattıdım:*» «Мың жылдық: түмен күндік: бітігімді: білігімді: сонда: жазық тасқа: жараттырыдым (жаздым):», – деп келешек үрпаққа мәңгілікке жазып қалдырған еді. Десе де, ол арман-тілектері, жазба мұралары, әдеби шығармалары біздің заманымызға тұтастай келіп жетпеді. Оның түрлі себептері де бар.

Біріншіден, түріктердің көшпеніді дәстүрді ұстануы. Түріктер өздерімен қатар жатқан Қытай, Иран, Византия елдері секілді тұтас күйінде отырықшыланған қағанат құрмағандықтан орталықтандырылған мұрағаты болмады. Сол себептен де күнделікті іс қағаздары мен жазба мұралары уақыт ағымымен жоғалып кетті. Біздің заманымызға дейін сақталған тасқа қашалған аздаған ескерткіштерден бөлек түрік дүниесіне қатысты құнды де-ректер жоғарыда аталған елдердің ғасырлар бойы жалғасын тапқан мұрағаттарынан алынған да жасырын емес. Соның өзінде де аталмыш елдердің тарихшылары мен жылнамашылары көп жағдайда түріктердің тарихи деректері мен әдеби мұраларын өз халқының мүддесі үшін бұрмалап, теріс аударғанын да қаперде ұстаған жөн.

Екіншіден, жаугершілікті өмір салтына айналдырған түріктер жазба ісіне аса дең қоймаған. Келісім-шарттар ауызша жасалып, оны берік тұтты. Ел тарихына қатысты маңызды оқиғалар, тектік шежірелер, аңыз-әңгімелер атадан балаға ауызша жеткізілді. Бұл жөнінде Орта Азияның мәшһүр тарихшысы Рашид-ад-дин (1247-1318): «Монгол-түріктердің көнеден жеткен салт-дәстүрі бойынша, олар өздерінің ата-тегін, ру шежіресін есте сақтауға айрықша мән беріп отырады. Олар балаларына өзге жүрт сияқ-

2 Фабулин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы, 1974. – 141 б.

ты тәрбие беру үшін тілі шығысымен-ақ құлағына ру туралы, ру шежіресі туралы аңыз-әңгімелерді қуып қояды. Бұл дәстүрден олар бұрын да, қазір де еш ауытқыған емес»³, – деп жазып қалдырған. Халық әдебиеті көне замандарда өмірде болған нақты деректер мен тарихи шындыққа негізделіп тұған. Тарихшы жазып кеткендей көне түріктердің өлең-жырлары, ерлік дастандары ауызша тарады. Ауыздан ауызга тараған мұндай тарихи оқиғалар халық жадында сақталып, уақыт өте сүйіп айтатын аңыздарына айналған. Тек бірлі-жарымды жыр жолдары қытай жылнамаларына қытайша аударылып берілді.

Үшіншіден, дін және мәдениет қақтығысында үстем болған тараптар түріктердің діни және мәдени құндылықтарын түбегейлі жойып жіберуге тырысты. Себебі, діні мен мәдени құндылығынан айырылған халық өмір бойы өзге елге бодан болатыны анық. Түріктерді наным-сенімі мен мәдени мұрасынан айыру үшін сырттан келгендер өздерінің дінін, жазуын, мәдениетін алға тартты. Оларға түрлі саяси айла-шарғылармен келген қытайларды, тибеттік дін мен соғды жазуын әкелген үйғырларды, манихей дінін уағыздаған ирандықтарды және ислам дінін таратушы мұсылмандарды жатқызуға болады. Бұл туралы Мұхтар Әуезов: «... ескі дінді еске түсіретін ұғымның бәрін жоғалтып жіберді... Сондықтан жылдан-жыл өткен сайын ескілікті еске түсіретін нәрселер жоғалып барады»⁴, – деп жазған болатын.

Аталған себеп-салдарлар әдебиетіміздің қайнар көзін біліптануға зор қыыншылық тудырды. Ауызша және жазба мұраларымызды терендең зерттеуге мүмкіндік туғызбады. Эр жаңа мәдениет өзіне дейінгі мәдени құндылықтарды жоюға тырысты. Сол себептен де көне түрік мәдениеті, тарихы, тілі, әдебиеті, жазуы көптеген өзгерістерге үшірап, асылынан айырылды.

Сан ғасырлық даму жолы бар ежелгі түрік жазуы да бізге өткенімізді танып-білуге көп септігін тигізіп келеді. Бұл түрік бітіктің табылуы мен зерттелуінің өзі үлкен бір тарих.

3 Рашид-ад-дин. Сборник летописей. I том. 2 книга. – Москва: Ленинград, 1952. – 29 б.

4 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т. 16. – Алматы: Жазушы, 1985. – 20 б.

XIV ғасырда Алтын Орданың Әмір Темір тарапынан күйреуі, XV-XVI ғасырлардағы Қырым хандықтарының өзара қыркысы, 1552 жылы Қазан, 1556 жылы Хажы Тархан хандықтарының орыстардан жеңілуі Ресейдің шығысқа, әсіреле, кең байтақ жері бар қазақ хандығы мен байлығы мол Сібірге деген құмарлығын арттырды. Шығыс халықтарының тілін, мәдениетін тереңірек зерттеу мақсатында орыстың ұлы патшасы I Петр нақты іс-шараларды қолға алды. 1696 жылы Еділ бойы мен Каспий жағалауынан бастап Қыыр Шығысқа дейінгі ұлан-ғайыр жердің сыйбасын жасау үшін белгілі географ әрі этнограф С. Е. Ремезовке тапсырма беріледі. С. Е. Ремезов дайындаған «Сібірдің сыйба кітабында» тұнғыш рет Каспий мен Аral теңіздері екіге бөлініп көрсетілген. Кітапта Қазақ хандығы туралы, Сібірдің қазыналы қойнауы жайында, Сібір мен Алтайдағы жергілікті халықтың тіршілігі мен салт-дәстүрі хақында баяндады. Соңдай-ақ, ғалым әр жерде кездескен тас бетіне түсірілген суреттер мен түсініксіз жазулар жайында да жазып кетеді.

Ресей патшалығы Шығысқа нақты қадам басу үшін көптеген ғылыми экспедициялар үйімдастырды. Кейбір ғалымдарды Еуропадан арнайы шақырумен алдырды. Олардың арасындағы ең беделділерінің бірі I Петрдің шақыруымен келген неміс ғалымы Данил Готлиб Мессершмидт еді. Ол патшаның тікелей тапсырmasымен Батыс Сібір, Даурия, Монголия жеріне барған экспедицияны басқарады. Ғылыми-зерттеу тобы аталған аймақтарда жеті жыл тынбай еңбек етіп, тарих, тіл, этнография, география, ботаника және т.б. салалар бойынша мол деректер жинайды. Жиналған материалдардың арасында немісше-татарша, татарша-немісше сөздік те болған. Академик А. Н. Кононовтың жазуы бойынша Д. Г. Мессершмидт экспедициясы тарапынан жиналған қолжазбалар мен заттық мұралар 1747 жылы Кунсткамера өртенгенде бірге отқа оранған. Десе де, ғалымның жолжазбалары сакталып, оны 1782 жылы П. С. Паллас құрастырады. Кейіннен Берлин қаласынан кітап болып бірнеше рет жарыққа шығады⁵.

5 Кононов А.Н. История изучения тюркских языков в России. – Ленинград: Наука, 1972. – с. 48.

Мессершмидт экспедициясына сол жылдары Тобыл қаласында өмір сүрген Филипп Иоганн (Табберт) Страленберг (1676-1747) көп көмектеседі. Ол орыс-швед соғысында қолға түскен Швед армиясының капитаны еді. 1711 жылдан бастап, он екі жыл Сібірде айдауда болған Ф.И. Страленберг Сібір халықтарының аңыз әңгімелерін, тілі, тарихы, әдет-ғұрыптары жөнінде мол мәлімет жинаиды. Оның «Новое географическое описание Великой Татарии» және «Северная и восточная часть Европы» атты екі еңбекі ғалымның есімін әлемге паш етті. Атальыш кітаптарда түрік халықтары туралы және олардың жұмбақ жазуы жайындағы мәліметтер көлтіріледі. Осы еңбектерінде автор Сібір жерінен табылған құпия жазудың сыртқы келбеті Скандинавиядан табылған руникалық әріптеге үқсас болғандықтан алғаш рет «түрік руна жазуы» деп атайды және бұл атау содан бергі түріктану ғылымында қалыптасқан терминге айналады.

Ф.И. Страленберг есімін тарих пен түріктану ғылымында қалдыրған мұралардың бірі Әблілғазы баһадүр ханның «Шежіре-и түрік» атты шығармасы еді. Ф.И. Страленберг Тобыл қаласында жүргендे «Шежіре-и түріктің» қолжазбасын кездестіріп, оны Бұхар ахунына орысша аудартады. Филип Страленберг қолжазбаны 1720 жылы Петербургтағы медецина факультетінің басшысы И.Д. Блюментросқа жіберіп, орысша мәтінді швед Шенстремге неміше тәржімалатады. 1726 жылы «Шежіре-и түрік» француз тіліне аударылып, Лейден қаласында жарық қөреді.

Ресей империясы XIX ғасырдан бастап түрік халықтарына қа-тысты деректерді шығыстану пәні негізінде жинақтап, зерттеу-ге кірісті. Ғылым Академиясында шығыстану мен түріктану са-ласына көпtek қаржы бөле бастады. 1803 жылғы 25 шілдедегі жаңа қаулы бойынша шетелдерден шығыс халықтарының тілін, мәдениетін білетін ғалымдарды академияға шақырды. Олардың қатарында Юлиус Клапрот (1783-1835) пен Я.И. Шмидт (1779-1847) те бар еді. Олар орыс елшілігімен бірге Қытай, Монғол, Тибет жерлеріне барып, ондағы халықтардың тұрмыс-тіршілігі туралы құнды деректер жинап, Шығыс Сібірдің онтүстік аймағындағы халықтардың тарихына, тіліне, этнографиясына қатыс-

ты мағлұматтар мен тас бетіндегі белгісіз жазулар жайында жазып қалдырды.

Түрік бітігін жариялауда орыс ғалымы Григорий Иванович Спасскийдің (1783-1864) еңбегі ерекше. Ол шығыстану саласы бойынша алғашқы корреспондент мүшес болып сайланған ғалым. 1803 жылдан бастап 12 жыл бойы өзінің бар күш-жігерін Сібір тарихы мен түріктану саласына жұмсаған. Г.И. Спасский 1818-1824 жылдары «Сибирский вестник» журналын шығарып, онда Сібір халықтары туралы құнды деректер мен Сібір, Саян және Минусинск аймағынан табылған белгісіз жазуларды бастырады. Кейін аталмыш журналдағы материалдар «Древности Сибири» деген атаумен жеке жинақ болып жарияланады.

1859 жылы М.А. Кастренниң «Письма из путешествия в Сибирь» атты еңбегінде «құпия жазулар фин-угорлардың арғы атабабаларынан қалуы мүмкін» деген гипотезасынан кейін фин археологтары 1875 жылы Минусинск қаласына екі рет экспедиция үйімдастырады. 1887 жылы И.Р. Аспелиннің басқаруымен фин ғалымдары Енесей бойындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын одан әрі жалғастырады. Нәтижесінде 1889 жылы Отто Донердің құрастыруымен ең алғаш рет «Енесей жазулары» атты 32 кестелі 8 фотосуретті атлас жарыққа шығады.

1889 жылы Ресей Ғылым Академиясының Шығыс Сібір Қоғамы тапсырмасы бойынша ғалым Николай Михайлович Ядринцев (1842-1894) Шыңғыс хан әuletінің астанасы Қарақорымның орнын анықтау және сонда археологиялық барлау жұмыстарын жүргізу мақсатында Монголия жеріне жіберіледі. Экспедиция барысында Н.М. Ядринцев хан Ордасы Қарабалғасунда, Орхонның сол жақ шығыс бетіндегі Көшө-Цайдамда ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Ғылыми сапар барысында ғалымды Көшө-Цайдамдағы екі ірі тас ескерткіш ерекше таң қалдырады. Бұл тас ескерткіштер туралы ол: «Биіктігі – 3,5 метр, төменгі ені – 1,32 метр, жоғарғы жағының ені – 1,22 метр. Биіктеген сайын жінішкереңді. Жоғарғы бөлігі өрнектелген. Тастың төрт жағы бірдей жазу. Батысқа қараган бетінде қытай жазузы, қалған беті толық руна жазуымен жазылған» – деп сипаттама береді. Н.М. Ядринцев құпия жазу мен иероглифті көшіріп алып,

1890 жылдың басында Мәскеу қаласында өткен VIII халықаралық конгресте ғалымдардың назарын Орхон бойынан табылған құпия жазуға аударады. Көп кешікпей Ядринцев өзінің ғылыми есебін көпшілікке ұсынады.

1890 жылдың 15 мамырында фин ғалымы А. Гейкель Монголия жеріне барып, үш ай бойы Орхон бойындағы құпия жазулардың эстампажын, сызба суреттерін жасайды. Құлтегін, Білгемек қаған ескерткіштері мен маңайындағы мүсінтардардың фото суреттерін алады. 1892 жылы А. Гейкель «*Inscription de L'Orhon recueillies par l'expedition Finnoise 1890 et publiees par Societe Finno-ougrienne (Helsingfors.1892)*» атты алғашқы Орхон атласын баспадан шығарады⁶.

1891 жылы Ресей Ғылым Академиясы құрамында Н.М. Ядринцев, Д.А. Клеменц, С.М. Дудин, И.И. Щеголов және А. Вильборг бар ғылыми экспедицияны В.В. Радлов басқаруымен Орхон бойына жібереді. Бұл топ та тас бетіндегі құпия жазулардың көшіріп, фотоға түсіреді. Сол жылдың өзінде-ақ экспедиция материалдары жарық көре бастайды. Ал 1892 жылы зерттеу нәтижесінде қол жеткен жазу көшірмелері мен мүсінтардың фотолары базасында «Атлас древности Монголии» атты еңбек жарияланады.

Тас бетіне жазылған құпия жазу туралы ғалымдар түрлі пікірде еді. Мәселен, Г. Спасский жазуды монғол немесе қалмақтарға жақыннатса, М.А. Кастреннен бастап фин ғалымдары оны фин-угорлардың ата-бабаларынан қалған деп есептейді. Ю. Клапрот – гректердің, Ф.И. Страненберг – скандинавиялық болуы мүмкін деп пікір айтады. Бірақ бұл жорамалдардың ешбірі толық нәтиже бермейді.

Құпия жазудың кілті 1893 жылы 25 қараша күні ашылады. Дания ғалымы, Копенгаген университетінің салыстырмалы тіл білімі кафедрасының профессоры Вильгельм Томсен Дания Корольдік Ғылым Академиясының мәжілісінде Енесей және Орхон бойынан табылған құпия жазудың оқылғаны жөнінде қызықты баяндама жасайды. Ол ең алдымен «Тәңірі», «Кұлтегін» және «турік» сөздерін ежіктеп шығады. Ғалым осы сөздер таң-

6 Сартқожаулы Қ. Орхон мұралары. 1-кітап. Тарихи-тәнімдық этнографиялық әдебиет. – Астана: Құлтегін, 2003. – 13 б.

баланған тоғыз дыбысты анықтаган соң, бұл түріктердің байыры жазуы екенін түсінеді. Белгілі болған таңбаларды түрік тіліндегі басқа сөздерге салып көне түрік жазуының өзге әріптесінде анықтайды. Бұл ғылыми баяндама 1894 жылы «Dechiffrement des inscription de L'Orkhon et de L'Jenissei» атты тақырыппен Дания Корольдік Ғылым Академиясының 1893 жылға арналған бюллетенінде жарияланады. В. Розеннің аударуымен мақала сол жылы орыс тіліне тәржімаланады.

В.В. Радлов В. Томсеннің анықтаган түрік әріптесін қолдана отырып, 1894 жылы өз аудармасын ұсынады. Бірақ В. Радлов мәтіннің транскрипциясы мен аудармасында көптеген қателік жібереді. Мұны байқаған В. Томсен 1896 жылғы «Inscriptions de L'Orkhon» атты еңбегінде В. Радловтың қателіктегін көрсетіп, түрік ескерткішінің толық аудармасын, транскрипциясын және түсіндірмесін жасайды. Томсеннің еңбегінен кейін В. Радлов Орхон мұраларына байланысты аудармасын қайта қарап, толықтырып, түзетіп 4 томдық атласты жарыққа шығарады.

В.В. Радлов Ресей Ғылым Академиясында түріктанудың негізін қалаумен қатар оның одан әрі жалғасуы үшін де көп еңбек сіңірген қайраткер. Түрік бітігін оқып, ғылыми зерттеулер жүргізу үшін шәкірттер даярлайды. Соңдай шәкірттерінің бірі Платон Михайлович Мелиоранский (1868-1906) еді. Ол ұстазы В. Радловпен бірге 4 томдық атласты құрастыруда аянбай еңбек етеді. Өзі де Орхон ескерткіштері туралы ғылыми мақалалар жариялады. 1899 жылы П.М. Мелиоранский «Памятник в честь Кюль-тегина» деген тақырыпта түрік жазуына қатысты ең алғашқы магистрлық диссертацияны қорғап, оны ғылыми жиһаңта жариялады.

Бұдан кейінгі кезеңдерде В. В. Бартольд, Г. Рамstedt, В. Л. Котвич, А. Н. Самойлович Орхон-Енисей бойынан табылған тастағы жазбалар туралы ғылыми мақалалар жазды.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан бастап, екінші дүниежүзілік соғыстың аяғына дейін түрік бітігін зерттеу ісі саябырсығанымен, бірлі-жарым еңбектер жарияланып тұрды. 1950 жылдардан кейін Кенес Одағының ғалымдары С. Е. Малов, И. А. Батманов,

В.М. Насилов, С.Г. Кляшторный түрік жазуын зерттеп, ғылыми еңбектер жазды⁷.

1956 жылы монғол археологы Ц. Доржсүрэн «Бұғыты» ескерткіш кешенін, Тариат бітіктасын табады. 1957 жылы Н. Сэр-Оджав басқарған монғол экспедициясы Тоныкөк (кейір ғалымдар «Тұңықұқ», «Түй-ұқық», «Тонюкүк» деп оқып жүр) ескерткіш кешенінде археологиялық қазба жүргізеді.

1958 жылы монғол ғалымы Н. Сэр-Оджав пен чех ғалымы Л. Йисл бастаған Монғол-Чехословакия бірлескен археологиялық экспедициясы Құлтегін ескерткіш-кешенінде археологиялық қазба жұмыстарын жүргізеді. Л. Йисл өз зерттеуін Прага қаласында жарияладап, оны Қани Қабдиұлы 1998 жылы қазақшалап «Жұлдыз» журналында бастырады⁸. Монғолия-Чехия ғалымдарының археологиялық қазба жұмыстары көптеген ғылыми таңыстарға жетті. Әсіресе, Құлтегін мен оның әйеліне арналған ескерткіштердің бет-бейнесі табылуы үлкен жаңалыққа санауды. Сонымен қатар, байырғы түріктер өздерінің лауазымды адамдарын жерлеуде қолданатын дәстүрлерінің біразы белгілі болды.

Орхон-Енисей жазуларына Кенес Одағы ғалымдарының қызығушылығы арта түсті. Зерттеушілер бұл ескерткіштерді ғылымның әр саласы тарапынан қарастырып, өздерінің тұжырым-пайымдарын ғылыми басылымдарда жариялад түрді. Мәселен, Л. Р. Кызласов тастағы жазбаларды тарихи дерек ретінде «Новая датировка памятников енисейской письменности» («Советская археология», 1958, № 3, стр. 152-161.), «Тува в период тюркского каганата (VI-VIII вв.)» (Вестник МГУ, серия IX, 1960. №1, стр. 51-76) және т.б. мақалалар жазып, кейіннен докторлық диссертация қорғаса, И. В. Стеблева 1965 жылы кандидаттық диссертация

7 Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности. – Москва: Ленинград, 1951., Малов С. Е. Енисейская письменность тюрков. М. – Л., 1952., Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. М. – Л., 1959., Батманов И. А. Язык енисейских памятников древнетюркской письменности. Фрунзе, 1959., Насилов В. М. Язык орхено-енисейских памятников. Москва, 1960., Кляшторный С. Г. Древнетюркский runichеские памятники как источник истории Средней Азии. Москва, 1964.

8 Йисл Л. Құлтегін ескерткішінің әуелгі қалпы // Жұлдыз, 1998. № 10. – 184-194 бб.

циясында VI-VIII ғасырдағы түрік поэзиясын зерттеп, осы зерттеуін сол жылы монография қылыш шығарады⁹.

Қазақ ғалымдары да түрік бітігін зерттеуден шет қала алмады. Ғұбайдолла Айдаров пен Алтай Аманжолов өздерінің кандидаттық жұмыстарында Орхон-Енисей маңынан табылған жазуларды тілдік тұргыда талдады. Ғылыми ізденісін одан әрі жалғастырған F. Айдаров түрік жазуларына қатысты бірнеше монография шығарса¹⁰, А. Аманжолов та түрік руникасын талмай зерттеп, неше жылғы еңбегін 2003 жылы жинақтап, жеке кітап қылыш бастырады¹¹.

Тасқа қашалған мәдени мұралар қазақ әдебиеттану саласында да зерттеу өзегіне айналды. Қазақтың ұлы жазушысы М. Әуезов батырлық жырлар мен «Манас» эпосын алғаш рет Күлтегін ескерткішіндегі мәтіндермен салыстыра зерттесе¹², X. Сүйіншәлиев көне түрік жазуларын әдебиетіміздің қайнар бұлағы ретінде қарастырды. 1967 жылғы «Ертедегі қазақ әдебиеті нұсқалары» атты оқулық-хрестоматиядан кейін көп ұзамай Б. Кенжебаев «Көне әдебиет туралы» атты еңбекті жарыққа шығарды. Түрік қағанаты тұсындағы жазба мұралар жөнінде қазақ әдебиеттану ғылымында алғаш рет Мырзатай Жолдасбеков 1969 жылы «Көне түркі әдеби ескерткіштері және олардың қазақ әдебиетіне қатысы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

Қазақ әдебиеттанды ғылымында әдебиетіміздің шежіресін сақ, ғұн замандарынан бастау керектігін нақты дәлелдермен тұжырымдаған Ә. Марғұлан мен Ә. Қоңыратбаев еңбектері ерекше. 1985 жылы Құлмат Өмірәлиев тас бетіндегі көне жазу аудармасының бір нұсқасын жасап, түрік әдеби ескерткіштерін сол кездең қоғамдық-әлеуметтік жағдайларымен тығыз байланыста қа-

9 Стеблева И. В. Поэзия тюрков VI-VIII вв. н.э. – Москва, 1965.

10 Айдаров F. Көне түркі жазуларынан материалдар. Алматы, 1966. 74 б; Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы, 1986. 182 б; Орхон ескерткіштерінің тексі. Алматы, 1990. 220 б; Айдаров F. Күлтегін ескерткіші. Алматы, 1995. 232 б; Тоныккук ескерткішінің тілі. – Алматы, 2000. 120 б.

11 Аманжолов А. История и теория древнетюркского письма. – Алматы, 2003.

12 Әуезов М. Ұақыт және әдебиет. (Құраст. ред. алғы сөзін жазған Ү. Т. Дүйсенбиеv), – Алматы: Қазмемкөркемәдебас, 1962. – 428 б.

растырып, ескерткіштің жанрлық ерекшеліктеріне, стиліне, тарихына қысқаша тоқталды. 1986 жылы Н. Келімбетов «Қазақ әдебиетінің ежелгі дәүірі» атты еңбегін жариялады¹³.

Ғалымдар түрлі зерттеу мақалаларын жариялад тұрғанмен де, көне түрік әдебиетін түбегейлі зерттейтін мамандар қалыптаспады. Әдебиеттанушы ғалымдар әдебиетіміздің ежелгі мұраларын негізгі зерттеу нысанына алмау себебін ғалым Бауыржан Омаров: «Мұның әртүрлі себептері бар. Біріншіден, идеологияланған қоғамда тарихтың тереңіне, ұлттық бастауларымызға үңілуді көзделген зерттеушілерге кеңінен өріс ашылмады. Екіншіден, ізденушілер қарастырылатын тақырыптың қыындығына байланысты бұл саланы меңгеруге тәуекел ете қоймады. Үшіншіден, әртүрлі себеп-салдарға байланысты ғалымдардың кейінгі шәкірттерге көңіл бөліп, ғылыми жұмысына жетекшілік етуге мүмкіндігі бола бермеді»¹⁴, – деп түсіндіреді.

Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап көне жәдігерлерімізді жинап, оларды түбегейлі зерттеуге деген құлышыныс арта түсті. Астана мен Алматыда Түркология ғылыми зерттеу орталықтарының жұмыс істеуі, Туркістан қаласында Түркология ғылыми-зерттеу институтының құрылуы, 1970 жылдан Кеңестер Одағы ыдырағанға дейін Баку қаласында шығып тұрған «Советская тюркология» журналының заңды жалғасы болып есептелетін «Түркология» журналының Туркістан шаһарында басылуы сөзімізге дәлел бола алады. Қазақ түркологиясы 2005 жылы М. Жолдасбеков пен Қ. Сартқожаұлы құрастыран «Орхон ескерткіштерінің толық атласымен» толықты.

13 Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. Алматы, 1967; Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясы. / Құрастырган: Б. Кенжебаев, Х. Сүйіншәлиев, М. Жолдасбеков/. Алматы, Мектеп, 1967. 200 б; Кенжебаев Б. Көне әдебиет туралы. Алматы, 1969; Жолдасбеков М. Древнетюркские литературные памятники и их отношение к казахской литературе. Автореф. канд. дисс. Алма-Ата, 1969; Өмірәлиев Қ. VIII-XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері. Алматы, 1985; Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аныздар: ғылыми-зерттеу мақалалар. Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б; Қоныратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. Алматы: Ғылым, 1987. – 368 б; Келімбетов Н. Ежелгі дәүір әдебиеті. Алматы: Ана тілі, 1991. – 264 б.

14 Омарұлы Б. Көне түркі жазуларының зерттелу жайы // Көне түркі жазуларының зерттелуі: бүгіні мен болашағы. Астана, 2004. – 8 б.

Әдебиетші ғалымдар Б. Жетпісбаев, А. Тиливалди-Хамраев, Т. Еңсегенулы сынында зерттеушілер ежелгі жазба ескерткіштеріне әдебиет түрғысынан келіп, көне түрік әдебиетіндегі өлең үй-қаңтарының жасалу жолын, тасбітікегі жоқтау, мадақ жанрларының ерекшеліктерін анықтауға тырысады.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты әзірлеген он томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» 2-томында қазақ әдебиеті тарихының хронологиясы кеңейіп, әдебиет шежіресі сақтар мен ғұндар кезеңінен бері қарастырылып, зерттелді¹⁵. Сондай-ақ, Институт көне әдеби мұраларымыздың маңыздылығын арттыру және халыққа кеңінен таныстыру мақсатында жиырма томдық «Әдеби жәдігерлер» сериясын дайындауды қолға алды. Онда көне түрік тілінде жазылған мәтіндер алғаш рет қазақ тілінде академиялық басылым ретінде жарияланды. «Әдеби жәдігерлер» сериясының 1-томы сақ-ғұн кезеңіндегі азыз-әңгімелерден бастап, түрік бітікпен тасқа қашалған жәдігерліктерді қамтиды¹⁶.

Көне түркі жазба ескерткіштерінде жазылған қызықты мәліметтер түркітанушы ғалымдарды күннен күнге таңқалдыруда. Түркі бітігінің оқылу кілтін алғаш ашқан В. Томсен мен В. Радловтан бері көптеген ғалымдар саналы ғұмырын құпиялы жазудың сырын ашуға жұмсады. Тасқа қашалып жазылған бітік құпиясын ғалымдарға бірден аша қоймады. Сондықтан да түркітанушылардың кейінгі толқыны алғашқы буынның жетістіктерін пайдалана отырып, кемшіліктерін толықтырды. Түрлі жорамалдар жасап, елеулі жаңалықтар ашты. Ашылған жаңалықтар негізінде түркі тарихы қайта түзілді. Сол себептен де тасқа сыйналап түсірген тарихи-әдеби ескерткіштерде жазылған оқынбалар желісі мен онда баяндалатын тұлғалардың кесек бітім-бейнесін, ой-танымдарын, ғұрып-дәстүрін, сөз қолданыстарын кеңірек түсіну үшін сол кезеңдің тарихынан да мол мағлұмат алу аб-

15 Қазақ әдебиеті тарихы. Он томдық. 2-том. Алматы: ҚазАқпарат, 2006. – 448 б.

16 Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық, 1-том. Көне дәуірдегі әдеби ескерткіштер. Құраст.: Ш. Ахметұлы, А. Әлібекұлы, Н. Базылхан, С. Қорабай, Қ. Орынғали, Қ. Сартқожаұлы. – Алматы: Таймас баспауі, 2007. – 504 б.

зал. Қазақтың ұлы жазушысы, академик Мұхтар Әуезов «Манас» жырына қатысты көлемді зерттеуінде: «Тарихшылар мен әдебиетшілер үшін өте қызғылықты, шын мәнісінде маңызды проблемалар – ежелгі тарихи ескерткіштер мен эпостың арасындағы ақиқат көрінеу байланысты ашу және табу мәселелері» деп көрсеткен болатын¹⁷. Ондай болмаған жағдайда тарихи-әдеби жәдігерлердің шындығы мен көркемдігін ажырату қыныңға соғары анық. Сол себептен де әдеби шығармаларды, әсіресе, көне түркі әдебиетін қарастырганда тарихи-типологиялық және синтездік байланыста қарастырудың мағызы жоғары. Шығарманы типологиялық және синтездік тәсілмен зерттеу қарастырылып отырыған нысанды жан-жақты танып, білуге септігін тигізеді.

Кез-келген ғылымда типологиялық әдіспен зерттеу бұрыннан қалыптасқан. Типология дегеніміз – белгілі бір заттардың ұқсастықтары мен ерекшеліктеріне қарай бөлу, жіктеу. Бұл пікірімізді «Типология – классификация предметов или является по общности каких-либо признаков»¹⁸, – деген тұжырыммен нақтылай түсеміз. Демек, типологиялық талдау арқылы жаратылыстың: адам, жануар, жәндік, өсімдіктердің түр-тұлғасын, сыр-сипатын танып-білуге, анықтауға болады. Сыртқы және ішкі ортақ белгілері мен ұқсастықтары және ерекшеліктері бойынша топтастырылады.

Мәселен, тілдер генеологиялық (туыстық) және типологиялық (ортак ұқсастықтар) түрғыда жіктеледі. Генеологиялық классификация дегеніміз дүние жүзі тілдерін өзара бір-бірімен туыстығына қарай салыстырмалы-тарихи түрғыдан топтастыру. Соған байланысты алынған тілдердің топтары тұltану ғылымында тіл жанұялары деп аталады, олар өзінің ішінен жақын туыстығына қарай бірнеше топтарға бөлінеді. Ал, типологиялық классификацияда тілдер грамматикалық құрылыштар мен тұлғаларының ұқсастықтарына негізделеді.

Көркем әдебиетті де жанрына, тақырыбына, шығармадағы кейіпкерлердің сырт келбеті мен психологиясының ұқсастығына

17 Әуезов М., Уақыт және әдебиет. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1962. – 208 б.

18 Словарь иностранных слов. – Москва: Русский язык, 1986. – с. 496.

қарай топтау қарастырылып отырған туындыны жан-жақты аша түседі. Әдебиеттанудағы типологиялық әдіс бір дәуірдің немесе әр кезеңнің шығармаларын салыстырмалы түрде терең зерттеп, тиянақты тұжырым жасауға мол мүмкіндік береді.

Көне түркі жазба ескерткіштерінің тарихи шындығы мен көркемдік шешімін көрсету үшін тарихи-әдеби жәдігерліктердегі типтілік пен ұнамды образдарды жасау мәселелерін талқылау, сол арқылы ортақ сарындар мен өзге мұраларға үқсамас ерекшеліктерін анықтау аса қажет. Себебі, типтендіру, типтік образ жасау мәселелері әдеби шығарманың құрылымында ерекше орын алып, шығармадағы оқиғалар желісінде ұнамды образ жасау арқылы шынайы өмірден алынған нақты деректермен қатар халықтың көкейкесті арман-тілегі де көрініс табады.

«Түрік» деген термин алғаш рет 542 жылы аталауды. «Түрік» этонимі алғашқы кездे білгілі бір адамның ата-тегі шонжар топтан немесе әскери ақсүйектерден шыққанын білдірген. Кейіннек рүк бұл сөздің семантикасы бірте-бірте ұлғайып, билік жүргізуши, үстемдік етуші, яғни, «патша» шыққан тайпаның символы болған. Бертін келе сол билік етуші тайпаға бағынышты болып қалған тайпаларды да көршілері түріктер деп атап кеткен.

Түрік қағанатының әлеуметтік, саяси және қоғамдық өмірінде әскери істер аса маңызды орын алып, үлкен рөл ойнағаны тарихтан жақсы мәлім.

Сол себептен де көне түркі әдебиетіндегі типтілік проблемасына қатысты ұнамды образ туралы сөз еткенде тек Түркі қағанаты дәуірімен немесе Білге, Күлтегін, Тонықекке арнал қоғылған ұстын тасқа түскен тарихи-әдеби шығармалармен ғана шектелу жеткіліксіз. Осы орайда Қытай жылнамаларында түркі ру-тайпалары жөнінде жазылған тарихи деректерді, халық арасында тараған шежірелік аныз-әнгімелерді, ерлікке толы батырлық жырларды, кейінгі жазба мұраларды кең ауқымда салыстыра қарастыру казак әдебиетінің даму кезеңдерін жүйелеуде көп жетістікке жеткізеді.

Жазба әдебиетте тарихи шындық туралы құмәндар мен түрлі пікір таластар болып тұратыны белгілі. Себебі, көп жағдайда ақын немесе жазушы өз шығармасында белгілі бір оқи-

ғаны суреттеуде сезім мен шабытқа беріліп, ұнамды кейіпкерлерін дәріптеп суреттесе, ұнамсыз кейіпкерді көрісінше сипатта көрсетеді. Әсіреке, Орхон бойындағы жазба ескерткіштерін осы түрғыдан қарастырып, ондағы тарихи оқиғалар мен көркемдік шешімнің ара-жігін ажырату әдебиеттану ғылымында аса маңызды.

ҮІ-ІХ ғасырлар түрік халықтарының тарихында алтын әріп-пен жазылып қалды. Осы кезеңде тасқа ойып жазылған түріктің көне бітігі түрік тайпаларының өркениетін көрсетсе керек. Көне бітік ескерткіштері түріктердің шығу тарихы мен даму жолдарынан, сол кездегі жер-су атауларынан, кісі есімдерінен аз да болса мағлұмат береді.

Тастағы жазулардағы көне түріктердің тәуелсіз қағандық құру жолындағы елдік мұрат-мақсаттарын айшақтау, ондағы тарихи шындық пен көркемдік шешімнің ара жігін ажырату, сол кездегі жер-су атауларының нақты орнын анықтау қазіргі түрколог ғалымдарының үлкен міндеттерінің бірі. Себебі, көне түріктер өздерінің ой-армандарын, бір тұтас ел болу тілегін, сыртқы жаудан қорғану үшін жасаған жорықтарын, жүріп өткен жолын, кешіп өткен көлін тасқа қашап, жазып қалдырыған еді. Десе де, ол арман-тілектері, жазба мұралары, әдеби шығармалары біздің заманымызға тұстастай келіп жетпеді. Оның түрлі себептері де бар.

Түріктердің шығу тегін, елдік мұрат-мақсаттарын, кісі есімдері мен жер-суының аталуын анықтау үшін олардың жазба ескерткіштері мен тарихи жырларына, аныз-әңгімелеріне дең қойсақ, біршама жайтты анықтауға болады.

Біздің жыл санауымызға дейінгі деректерге сүйенсек Алтай мен Қара теңіз, Сібір мен Сырдария арасында мекендереген тайпалар бір-біріне түсінікті жақын тілде сөйлескен. Сондай-ақ, кейбір тайпалар соғыс арқылы немесе әлеуметтік мұқтаждық себепті бірігіп, рулар мен ұлыстарға айналды. Ұсақ тайпалардан құралған рулар мен ұлыстар күнделікті тұрмыс-тіршілік барысында бір-бірімен тығыз араласты. Жаңа қоныстарға көшу арқылы өзге рулармен қарым-қатынас орнатты. Мұндай байланыстың дамуы тілді едәуір жақындағып, нәтижесінде ортақ тіл пайда болды. Біз бұл тілді шартты түрде «скиф-сақ тілі» деп атайды.

мыз. Себебі, жазба деректерде сақтар қай тілде сейлескені туралы нақты деректер жок. Десе де, грек тарихшылары мен қытай жылнамашылары жазып қалдырған аңыздарға, әңгімелерге, жер-су атауларына қарал, скиф-сақтардың, үйсіндердің, қанлылардың, ғұндардың тілі түрік тілі дамуының алғашқы баспалдақтары екенін нақтылауға болады.

Мәселен, антикалық тарихшылар сақтардың шығу тегіне қа-
тысты қызықты әрі шынайы дерек келтіреді. Біздің жыл санауы-
мызға дейінгі 500 жылдары өмір сүрген грек тарихшысы Геро-
дот сақтардың түп атасы «Тарғытай» туралы аңызды жазып қал-
дырған. Тарихшы сақтар туралы енбегінде: «Скифтер өз халқы-
ның шығу тегі туралы былай деп әңгімелейді, өздерінің есептеуі
бойынша, олардың тұңғыш патшасы Тарғытайдың билік құрған
заманы мен олар Дарийдің жеріне шабуыл жасаған жорығына
дейінгі аралықта тұп-тура мың жыл уақыт өтіпті»¹⁹, – деп көр-
сетеді. Геродот «өздерінің есептеуі бойынша» деп түрік жүртү-
ның арғы тегінен бастап жалғасып келе жатқан шежіре айту дәс-
түрін меңзесе керек. Шежіре айту дәстүрі атадан балаға ауызша
мирас болып қалып, ел тарихындағы елеулі оқиғалар кейінгі ұр-
паққа аңыз-әңгіме күйінде жетіп отырғандығын жоғарыда айт-
тық. Ал, тарихи мәлімет бойынша парсы патшасы Дарий б.з.д.
516-512 жылдары шамасында сақ жеріне бірнеше мәрте жорық-
қа аттанғаны белгілі. Осы тарихи жорық болған уақытқа мың
жылды қоссак, Тарғытай шамамен біздің заманымызға дейінгі
1500 жылдары өмір сүрген болып шығады. Үлкен Плинийдің
куәлік беруіне қарағанда Геродот бұл аңызды Яксарт (қазіргі
Сырдария) өзенінің солтүстігіндегі көшпелі халықтардың айтуы
бойынша қағаз бетіне түсірген²⁰.

Аңыз бойынша Тарғытай ол өнірге солтүстік шығыстағы «жал-
ғыз көзді» аримаспалар мен «алтын қорыған грифтер» мекени-
нен қоныс аударған. Антикалық қалам иелерінің жазуына қара-
ғанда скифтерден жогары исседондар, одан әрірек – *аримаспа-
лар* қоныстанған. Аримаспалардың арғы жағында ызгарлы *Бо-*

19 Геродот. История: Скифия и поход Дария на скифов. Кн. 4. – СПб., 1894. – с. 89.

20 Плиний (Старший). Естественная история // В кн.: Древние авторы о Средней Азии. – Ташкент, 1940. – с. 143.

рей желі мен ешқашан қары кетпеген *Ripей тауы* орналасқан. Ал Рипей тауынан ары қарай теңізге дейінгі аралықта гиперборилер мен «алтын қорыған грифтер» мекендейді екен. Бұл қоныстану реттілігін Геродот та, Дамаст та, Аристотель де, Плинний де еш өзгертусіз жазып қалдырған. Біздің шамалауымызша *исседондар – қазіргі Жетісу мен Тарбағатай өңірін мекендеген үйсіндер*. Грек тарихшылары «Борейді» терістік желінің құдайы деп түсіндіреді. Қоңе түркілердің нанымдары бойынша әр нәрсенің өз иесі бар. Жердің иесі – Ұмай, судың иесі – Сулай-Каан (Сүгдай хан), жел иесі – Чилдей хан, ызғарлы қар аралас сұық жел иесі – Борей (Борей хан). Қазіргі тілмен айтқанда – Боран. *Ал, Рипей – алтын қорына бай Алтай өңіріне дәл келеді*. Б.з.д. 2000 жылдар шамасындағы қытай жазбаларында және тасқа жазылған түркі бітіктерінде Алтай тауы «*Алтын тағ*» немесе «*Мұз тағ*» деп берілген. Археологиялық қазбалардың дәлелдеуі бойынша Жетісу мен Алтай аймағы сақтардың көп шоғырланған мекені болған.

Аңызыдағы кісі есімдері, географиялық антропонимдер, этненимдер түркі тілінің тарихы тереңде жатқанынан хабар берсе керек. Бұл ойымызды Есік қорғанынан табылған күміс тостағанға түсірілген жазу да нақтылай түседі. Аталмыш тостаған туралы белгілі түріктанушы ғалым Алтай Аманжолов: «Как позволяет судить предложенная расшифровка, надпись на серебряной чашечке относится к довольно ранней разновидности тюркской руники, тесно связанной с алфавитными письменностями Среднеземноморья середины I тысячелетия до н.э. Данная надпись сделана на древнетюркском языке, на котором, по видемому говорили ранние кочевники Семиречья»²¹, – деп Жетісуды мекен еткен қоңе түркітердің өзіндік тіл ерекшелігі болғандығын және өздерінің әлілбииң біздің дәуірімізге дейінгі мың жылдай бұрын түзгендігін дәлелдейді.

Бұмын, Истеми, Елтеріс, Біліге қағандар тұсында түркі халқы шығыста Қадырхан жынысынан (Улкен Хянган тауы) бастап батыстағы Темір қақпаға дейін (Дербент), оңтүстігі Тубіттен

21 Аманжолов А. История и теория древнетюркского письма. – Алматы, 2003. – с. 293.

(Тибет) солтүстігі *Байырқұға* (Сібір) дейінгі аралықта билік жүргізді. Біліге қаған мен Құлтегін ескерткіштерінде осынау ұлан-тайыр мекендейдегі бірнеше атау көрсетілген. Мәселен, көк түріктер *Өтүкен* жерін қасиет тұтып мекен етсе, *Тұргі-яргұн* көлде жауын күйрете женғен. *Алтын жынысын* (Алтай тауы) айнала, *Ертіс* өзенін кеше түргештерді куып, *Болчудағы* қиян-кеескі шайқаста оларды да ойсыратқан. Тізе бұккен халыққа рахым етіп, *Табардан* қоныс берген. *Іңжу* өзенін кешіп өтіп, *Темір-қақпа* тұсында *Соғдақ* жүртыймен шайқасқан. *Қарлұқтарға* қарсы *Ыңдуқ-баш* пен *Қаракөлде* курескен. *Тоғызы-оғызыбен* бір жылда бес рет соғысып, ең әуелі *Тоғла* өзенін жузіп өтіп, *Тоғу-балақыта*, екіншісінде *Андарғұ* мен *Құшлұғұғұда*, ушіншісінде *Болчуда*, төртіншісінде *Шу* бойындағы *Езгент-қадазда* айқасқан. *Ағуда* екі рет үлкен соғыс жүргізген. *Шұғай* жынысының оң жағындағы *Төгүлден* бергі жазықты өз иелігіне қаратты.

Осынша жерге билік жүргізген түркі «*begleri: budun: tüzsüz: üçün: Tabyač budun: teblegin: körlüg: üçün:armaqçısın: üçün:*» («бектері: халқы: тура жолда болмағандықтан: Табғаш халқының: тепкісін: көргендіктен: алданғандықтан:») бек ұлдары құл болды, сұлу қыздары құң болды. Табғаштың тіліне, дініне, салт-дәстүріне, азын-аулақ сыйына, қылымсыған қызына бойсұнған түрік бектері біржола табғаштанды (*Күлтегін жазуын қаралызы*). Тұқымы азды, елі жойылды. Жер-су атаулары әскери, діни, мәдени жаулаушылардың ықпалымен өзгеріске түсті.

Орхон жазуларының сыры әлі де жұмбак қуйінде. Мәселен, Құлтегін, Білге қаған ескерткіштерінің жанры, түрі, сипаты жөнінде түрлі пікірлер айтылып келеді. Негізгі тұжырым екінше жарылған: Бірі – қағандық тұсында болған оқиғаны суреттеген тарихи дерек көзі, екіншісі – әдеби шығарма. Қазақ әдебиеті тарихын зерттеу жайында бұл ескерткішке ең алғаш назар аударған Мұхтар Әуезов болатын. Ол «Манас» эпосының халықтық нұсқасын жасау керек» атты мақаласында: «Орхон жазулары деген не? Бұл құнгे дейін оларды тіл тарихының ескерткіштері ретінде зерттеп жүр. Соған қоса олар фольклордың мейлінше көне үлгілерінің де ескерткіштері емес пе? Сол жазуларда эпостық аңыздардың шағын да ықшам фабулалық желілері бар той.

Егер мұндай ескерткіштер қара тастан ойылып, қашалып тұрып жасалса, сол жырлардың ауызша айтылып тараптап әрі бұдан да толық нұсқалары болмауы мүмкін бе?»²² – деп орынды мәселе көтереді. Енді бір тұста «Олардың мазмұнында эпостық баяндау сазы басым, аңыздың көркемдік түрі де соған орайлас. Құлтегін, Тонықек немесе Суджа жазуларында қанша адам, қанша ерлік, қанша оқиға бейнеленген десенізші?! Оларда әралуан рулар мен тайпалардың кескілескен шайқастарының, соғыс суреттерінің, батырлар ерлігінің, жорықтардың шежіресі бар... Ол жазуларда хронологиялық тәртіп те бар... Сол жазуларда Тонықек тек батырғана емес, соғыс тактикасын жасауға қатысуышы, дипломат болып та көрінеді. Онда тағлым ретіндегі өсиет те бар»²³, – деп ескерткіш жанрының көп қырлылығына назар аударады. Демек, ғасырларды артқа тастап, осы күнге жеткен жәдігерлерді біржактығы ғана қарастырып, бір жанрға телу ғылымға қиянат болары анық. Бұл ескерткіштерде хронологиялық тәртіппен жазылған тарихи мәліметтер де, аңыз-әнімелерге сүйенген фольклорлық элементтер де, адамның жаңын шабыттандыратын поэзиялық ұлғілер де, тұрақты сөз тіркестерінен құрылған шешенендік сездер де, көркем ойды жеткізетін қарасөз тізбектері де кездеседі. Мұнда пәлсапалық ой-тұжырымдар мен тұтас ел болу идеясына қатысты саяси ұстанымдар да сөз болады.

Түркі жазба ескерткіштерінде есімі жазылған Бумын қағаның тарихтағы орны ерекше. Ол туралы Құлтегін жазуында «Жоғарыда көк Тәңірі, төменде қара жер жараптандыратын поэзиялық ұлғілер де, тұрақты сөз тіркестерінен құрылған шешенендік сездер де, көркем ойды жеткізетін қарасөз тізбектері де кездеседі. Мұнда пәлсапалық ой-тұжырымдар мен тұтас ел болу идеясына қатысты саяси ұстанымдар да сөз болады.

22 Әуезов М. Ұақыт және әдебиет. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1962. – 243-244 бб.

23 Бұл да сонда, 208 б.

24 Көне түркі жазуымен жазылған жазба ескерткіштердің мәтіні мен аудармасын түркітанушы ғалым Н.Базылхан дайындаған нұсқасы бойынша алдық.

Бұмын қаған туралы тарихи мағлұматтарды біз қытай жылнамаларынан көре аламыз. Қытай жазба мәліметтеріне қарағанда тарихта Түмен деген екі қаған өткен. Біріншісі, ғұндардың билеушісі – Түмен қаған. «Тарихи жазбалар» 110-бумада ол жайында: «Ғұнның Түмен деген тәніркүты бар еді. Ол Чин әuletінің әскери тегеуірініне төтей алмай солтустікке ығысты»²⁵ деп жазылған. Түмен – алғаш жазбага түскен ғұн билеушісі, Түменнің түсында ғұндар шығысында шығыс ғұндармен, батысында нұкіспен, онтустігінде Чин иелігімен шектесті. Б.з.б. 215 жылы Чин Шыхуаң патша өзінің қолбасшысы Мың Тяңды 100 мың адамдық әскермен солтустікке жіберіп, Сарыөзеннің онтустігіндегі ғұндардың атақонысы Хытау өңірін тартып алған еді. Мың Тяң басып алынған жерге қорғаныс қамалдарын тұрғызып, Ұлы қорғанды ұзартты. Чин патшалығының ғұндармен шекаралас аймағын басқарып тұрған Мың Тяң өлген соң кейбір рулар өз билігін құрғысы келіп, Чиннен сырт айналды. Шекара қорғаушылар қамалды тастап, елдеріне қайтты. Осы сәтті пайдаланған Түмен Сарыөзеннің онтустігін бірте-бірте алып, ежелгі қонысты қайтарып алды. Бұл Түмен – тарихта Мөде деген атпен белгілі ғұн тәніркүтының әкесі.

Екінші Түмен шамамен біздің заманымыздағы VI ғасырда өмір сүрген. Бұл Түмен Түрік қағандығының негізін қалаушы ретінде тарихта қалған. «Солтустік әuletтер тарихы» 99-бумадағы дерекке сүйенсек Түмен қаған түсында ұлысы қүшейіп, жер ауқымы кеңейіп, Қытай билеушілерімен қарым-қатынас орната бастаған. Түріктердің (Л. Гумилевтің жазуы бойынша – түркіттер²⁶) әлеуетімен санақтан Батыс Вәй патшасы Жоу Уын 545 жылы цзюционьдық соғды Ань Нопаньтоны²⁷ елші ретінде Түменнің ордасына мол сый-сияппатпен жібереді. Бұл кезде түріктер жужандарға бағынып, темір өндірумен айналысадын еді. Түмен ордасына келген елші зор құрметпен қарсы алына-

25 Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері. 1-кітап. (Фылыми жетекші – Ж.Мырзаханұлы) Алматы: Өнер, 2006. – 26 б.

26 Гумилев Л. Көне түріктер. – Алматы: Білім, 1994. – 25 б.

27 Иакинф Бичурин өзінің еңбегінде бұл адамды «Цзю Цюанннан шыққан көшпелі жатжерлік Ань Нопаньто» деп көрсетеді.

ды. «Бүгін ұлы қағанаттан елші келді. Енді еліміз көркейетін болды» деп жұрт бірін-бірі құттықтасып, қатты қуанады²⁸. Түмен де өз кезегінде Батыс Вәй астанасына мол тарту-таралғы жіберіп, өзі бағынышты болып отырған жужандардың ата жауымен одақ құрады. Дегенмен, мұны жужандарға білдірмей екі тараппен де қарым-қатынасты ұзбейді.

Жужандарға бағынышты рулардың бірі телелер Жужан халқының аяусыз озбырлығына шыдамай көтерліске шығып, Жужан ханы Анахуа сарайына бет алады. Жолда олар түрік әскеріне тап болып, Түменге бодан болып, елу мыңдай ауыл мойынсұнады. Осылайша түріктер саны едәуір артады.

Халқының саны артып, әскери құші де кемеліне келген Түмен Жужанның ханы Анахуаға елші жіберіп, қызын айттырады. Өзі бағынышты болып отырған билеушінің қызын айттыруы – «менің дәрежем енді сеніңкімен бірдей, менімен санасуға тиіссің» деп сес көрсетуі еді. Бұған бұлқан-талқан болған Анахуа: «Менің темірші құлым бола тұра, мұндай сөйлеуге қалай бастылың барады»²⁹, – деп елші жібереді. Түменнің да күткені осы еді. Ол Анахуаның елшісін өлтіріп, жужандармен арадағы қатынасты бірден ұзеді де Батыс Уй патшасынан қыз айттырады. Жоу Уын патша Түмен тілегін қабыл алғып, 551 жылы қытай ханының қызы Чанлені Түрік қағанына ұзатады. Бұл Түменнің атақ-абыройын көшпелілер арасында асқақтата түседі³⁰. 552 жылы Түмен жужандарға шабуыл жасап, ойсырата жеңеді. Қайғыға шыдамаған Анахуа өзін-өзі өлтіріп, баласы Яньложен Чи патшалығына қашып кетеді. Осы жылы Түмен «Елхан» лауазымын алады, көп ұзамай қайтыс болады. Түмен өлген соң баласы Қара «Ыссық қаған» лауазымымен таққа отырады.

Қытай деректеріндегі Түрік қағандығының негізін салушы Түмен мен Құлтегін жазуында аталағын Бумын бір кісі екені тарихшы және турколог ғалымдар тарапынан әлдекашан дәлелденген.

28 Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері. 2-кітап. (Ғылыми жетекші – Ж.Мырзаханұлы) Алматы: Өнер, 2006. – 110 б.

29 Соңда, 110 б.

30 Гумилев Л. Қоңе түріктер. Алматы: Білім, 1994. – 27 б.

Қытай жылнамашылары түрік есімдері мен жер-су атауларын өздерінің тіліне сай бұрмалап жазатынын ескерсек және көне қытай жазуы мен қазіргі иероглифтерінің біршама өзгеріп, дыбысталуында да айтарлықтай айырмашилық бар екенін қарпартде ұстасақ тарихи тұлғалар мен географиялық атауларды танып-білу біршама қындықтар туғызатынын аңғаруға болады. Дегенмен, қытай деректемелерін аударып, түсіндірмелері мен ескертүлерін жазған отандық синолог-ғалымдар Б. Еженханұлы мен Ж. Ошанның еңбектерін ерекше айтып өткеніміз жөн. Біз өз зерттеуімізде қытай деректерінің түпнұсқасы ретінде Н. Я. Бичуриннің «Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена» атты еңбегімен қатар Б. Еженханұлы мен Ж. Ошан аударып, құрастырыған «Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері»³¹ атты еңбекті де пайдаланамыз. Н. Я. Бичурин еңбегі жарияланған уақыттан бергі қытайтануға қатысты мәліметтерді молынан пайдаланғандықтан және аударма мәселесінде ұлттық ерекшелікті сақтағандықтан «Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері» көп жағдайда негізгі қайнар көз ретінде алға шығады.

Бумын есіміне қатысты тың ғылыми жорамалды түрколог-ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Орынбай Бекжан ұсынады. О. Бекжан 2011 жылы «Ана тілі» газетінің 31-35-сандарында «Бумын қаған – Алпамыстың өзі» атты көлемді мақала жариялады. Автордың тұжырымы бойынша I Шығыс Түрік қағанатын құрушысының есімі түркологтардың қате оқуы себепті Бумын болып өзгертілген. Оның пікірінше Күлтегін ескерткішіндеңі үлкен жазудың бірінші жолындағы таңбасы ОДЖ⁴, УУДЖ⁴, ДЖ⁴О, ДЖ⁴УУ дыбысын білдіреді де, қаған есімі Б¹ОДЖ⁴Ман¹- болып оқылу керек екен. О. Бекжан: «Бұл **Боджман**, қазіргі айтылуында **БОЖБАН**, Қоңырат тайпасының негізгі рулаresының бірінің аты. Біздің бұл Божбаның сол Көктүрік қағанатын құрушы Боджман қаған екеніне көптеген бұлтарта пас дәлелдеріміз

³¹ Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. IV том. Әuletтік тарихи жылнамалар. 2-бөлім. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 480 б.

бар»³², - деп «Қазақ Совет энциклопедиясында» келтірілген Божбап ата шешіресін ұсынады³³.

Божбап мен Алпамыс батыр есімін Бумын қаған тұлғасымен байланыстыру оңай шаруа емес. Ол үшін Орынбай Бекжан көрсеткендей есімдердің сыртқы ұқсастықтарын көрсету және ішкі дыбыстар мен буындардың орнын ауыстыру арқылы дәлелдеу аздық етеді. Тіл тарихын зерттеу кезінде жекелеген сөздердің шығу төркінін анықтауда мұндай әдіс қолданатыны рас. Дегенмен, әріптер мен буындардың орнын алмастыру логикалық тұрғыда қисынға келгенімен, нақты дерек болмағандықтан ғалыми дәлел бола алмайды.

Рашид-әд-дин мен Әбілғазы ханың жазуы бойынша Қоңыраттың шығу тегі Оғыз қағанға барып тіреледі. Шежіре бойынша Қоңыраттың шыққан тегі Монғолдың Қият деген тайпасынан екендігі айтылады. Қияттың Жорлықмерген деген батырының Қоңырат деген баласы өскенде еліне билік құрады. Кейін ел соның есімімен аталаған кетеді. Қолда бар деректерге қарағанда Қоңыраттан Байбөрі, Құлтай, Шыныбай, Байсары, Дарапқожа тарайды. Алғашқы төртеуінен тараған ұрпақ өзбек халқының құрамына кірген³⁴. Ал, қазақтардың құрамына енген Дарапқожадан – Ұзынсопы – Нағанай өрбиді. Қоңырат шежіресіне қатысты бір аңызда «Қоңырат Нағанайдың лақап аты болған: Нағанай да, балалары да өңкей қоңыр атқа мініп жүргендіктен, ел оларды қоңыр аттылар деп айтады екен. Олардың қоңырат атану себебі осы болса керек»³⁵, – деп жазылған. Шежірелік аңыз бойынша Нағанайдың отыз ұлы болыпты. Өзі өте бай кісі екен. Үргеніш ханына тарту апарғанда, оған Емен, Семен деген екі құл сыйлапты. Нағанай ол екеуін құлдықтан азат етіп,

32 Бекжан О., Бумын қаған – Алпамыс батырдың өзі // «Ана тілі» газеті, 4-17 тамыз, 2011. № 31-32. – 5 б.

33 Қазақ Совет энциклопедиясы. 2-т. – Алматы, 1973. – 371 б.

34 Қоңырат шежіресі (Есіркеп Көрібайұлының жазбалары бойынша құрастырып, толықтырған – Байбота Серікбайұлы Қошым-Ногай). – Алматы: Жалын, 1992. – 6 б.

35 Қоңырат шежіресі және оған қатысты әңгімелер (құраст. М.М.Ерімбетов). – Алматы: Жалын, 1993. – 11 б.

өзіне бала қылыш алыпты. Емен мен Семенді де өз баласы санағандықтан Нагайдың отыз екі баласы бар болған дәп есептеді³⁶. Белгісіз себептермен 29 баласы басқа жаққа ауып кетіп, **Мелдеби**, Орынбі және Жығалымырза атты үш ұлы атақоныста қалып, қазақ халқын құраған іргелі рулардың біріне айналады. Осыдан кейінгі гендерлік жалғастық: **Мелдебиден – Сүйеніш – Жолдыбай – Игілік (Божбан)** болып өрбиді. Осылай тарқату шежірешілердің барлығына ортақ десек те болады. Аңыздардың бірінде Игілік жуас, момын кісі екен, сөйлемей бозарып отыра бергендейктен «Божбан» аталағын десе³⁷, енді бірінде Игілікті әкесі «Бозжігітім», «Бозжаным» дәп жүріп, ол «Божбан» атанағы кетеді деген уәж айттылады³⁸.

Түрлі шежірелерді салыстыру арқылы **Игіліктен (Божбан) – Нұрым, Нұрымнан – Құтым, Сырым, Бекарыстан, Мұрат (Тоқпак), Жұмық, Ұржық** тарайтынын көруге болады. Дегенмен, Есіркеп Кәрібайұлының жазбалары бойынша шежірені түзген Байбота Серікбайұлы Қошым-Ногай Божбан мен Нұрымның арасын былайша жалғастырады: **Игілік (Божбан) – Байбөрі – Алпамыс – Жәдігер – Жанайәлі – Тенізбай – Жантақ – Нұрым**. Шамасы түрколог-ғалым О. Бекжан осы шежіреге сүйенсе керек³⁹. Осы орайда бұл ататекте Байбөріні әуелі Божбаннның (Игілік) алтыншы атасы **Дарақожамен** (кери санағанда: Игілік (Божбан) – Жолдыбай – Сүйеніш – Мелдеби – Наганай – Дарақожа – Қоңырат) бір туған дәп атап, кейінгі тұста оны Божбаннның ұрпағы ретінде көрсетуіне де назар аударған жөн. Біз шежіренің дұрыс немесе бұрыстығына кесімді пікір айтудан аулақпызы.

36 Қоңырат шежіресі (Есіркеп Кәрібайұлының жазбалары бойынша құрастырып, толықтырған – Байбота Серікбайұлы Қошым-Ногай). Алматы, «Жалын», 1992. 80 б. 6-б.; Қоңырат шежіресі және оған қатысты әңгімелер (құраст. М.М. Ерімбетов). – Алматы: «Жалын», 1993. – 11 б.

37 Сонда. – 9 б.

38 Қоңырат шежіресі және оған қатысты әңгімелер (құраст. М.М. Ерімбетов). – Алматы: Жалын, 1993. – 14 б.

39 Қоңырат шежіресі (Есіркеп Кәрібайұлының жазбалары бойынша құрастырып, толықтырған – Байбота Серікбайұлы Қошым-Ногай). – Алматы: Жалын, 1992. – 9 б.

«Алпамыс батыр» жырының Жусіпбек Шайхысламұлы 1899 жылы Қазан қаласында шығарған нұсқасында Байбөрінің әкесімен бір туган Құлтай, Шыныбай есімді немере ағалары болған десе, Әбдірайым Байтұрсынұлы жырлаған нұсқада:

Қоңыраттың ішінде
Ордабай деген данасы.
Тұыпты онан үш бала
Берген ата-анасы.
Байбөрі, Құлтай, Шыныбай,
Бұған жоқ ешкім таласы.
Қатыны мен Шыныбай
Өтіл кетіп дуниеден,
Артында қапты жетім боп,
Тортай деген баласы.
Үлкені – Құлтай, кішісі –
Байбөрі болған шамасы⁴⁰, – деп берілген.

Қытай жылнамаларындағы деректерге сүйенсек Бумынның ататегі Ашинаға барып тіреледі. «Суйшу», 84-цзюань, «Туцзюе баяны» жазбасында «Туцзюлердің (түріктердің – А.Ә.) арғы тегі – Пинлян жеріндегі аралас хулар болатын. Олардың әулеттік атауы – Ашина. Соңғы Вейдің Тайву патшасы Цзюцой әулетін жойған кезде Ашина 500 отбасын бастап жүжуларға қашып ба-рып панағаған»⁴¹ – деп көрсетілген. Бұдан әрі жылнамада түріктер ұрпақтан-ұрпаққа Алтай тауында тұрып, теміршілікпен ай-налысқаны, Алтай тауы сырттай қарағанда дұлығаға ұқсайтыны, дұлығаны кейде түрік деп атайдығы жазылған.

«Алпамыс батыр» жырының барлық нұсқасында Қоңыраттардың жері Сырдарияның бойындағы Жиделі Байсын деп көрсетілсе, Бумынның арғы аталары сан ғасырлардан бері Алтай өңірін, Өтүкен жерін қоныстанғанын аңғаруға болады. Осы арада академик Рахманқұл Бердібаевтың мына пікірін назардан тыс қал-

40 Бабалар сөзі: Жұз томдық. – Астана: Фолиант, 2006. Т. 34: Батырлар жыры. – 9 б.

41 Сонда, 186 б.

дырмаганымыз абзал: «В. М. Жирмунский өзінің «Тюркский гео-
рический эпос» (1974) деген еңбегінде «Алпамыс батырға»
негіз болған оқиғалық желілердің төркінін, олардың Алтайдан
Орта Азияға дейінгі тараулу географиясын шолып өткен. Кейінгі
зерттеушілер бұл болжамға соқпай өтпейтіні белгілі. Оқиғалық
аңыздың сүйегі ерте заманнан келе жатқан батырлық ертегінің
көркемдігі биік, классикалық эпосқа айналуын тексеру керек-
ак. Кейбір фольклоршылардың «Алпамыс батырдың» қонырат
редакциясы оңтүстік Өзбекстанда толысып жетілген деген дол-
бары дәлелді болып естілмейді. Эпостың жасалу ортасын оғызы-
дардың өмір кешкен, қоныс еткен өлкесінен (Сыр бойы, Оң-
түстік Қазақстан) жырақтан іздеу ғылыми негізі жоқ, жасанды-
лыққа апармай қоймайды...»⁴². Р. Бердібаев өзіне дейін осы та-
қырыпты зерттеген В. М. Жирмунскийдің, М. Әуезовтің, Ә. Қо-
ныратбаевтың еңбектерінде айтылып жүргендей бұл жырдың
«Қорқыт ата кітабының» үшінші бөлімімен өте жақын екендігіне
назар аударып, «Алпамыс батыр» жырының түп төркінін, эволю-
циясын қарастыру үшін «Қорқыт ата кітабын» негізгі әрі сенімді
тірек ретінде алуды ұсынады.

Күлтегін ескерткішінде ағасы Білге қаған екеуінің ата тегі
«Жоғарыда көк Тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің
арасында адам баласы жаралған. Адам баласы үстіне ата-ба-
бам Бумын қаған, Иstemі қаған [таққа] отырған. [Таққа] отырып
турік халқына, еліне, төріне [білік] тұтқа болған, қалыптастырған» деп жазылған. «Синь Тан шу», 215-цзюань, «Батыс Туц-
зюе баяны» дерегінде Күлтегін мен Білгенің ата-тегі былайша
көрсетіледі. «Батыс Туцзюенің арғы атасы – Надулудың немересі
Ту-у еді. Ол Да еху (Ұлы Ябғу – А. Ә.) деп аталды. Оның тұңғыш
ұлы Тумэн Или кә хань болатын, екінші ұлының аты Шидяньми
делінді. Оның аты Сәдими деп те аталды. Сәдими қағанның ба-
ласы Датоу қаған еді, оның аты Бузя қаған деп те аталды. Бас-
тапқыда олар Шығыс түріктермен бірге байырғы Усунь жеріне
бөліне қоныстанған болатын. Ол кезде жерінің шығысы түрік-
терге, батысы Ләйчжу теңізіне, оңтүстікі Шуләгे, солтустік жағы

42 Бердібаев Р. Қәусар бұлақ: Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 47 б.

Ханхайға дейін созылып, астананың солтүстік жағында 7000 ли шалғайда жатты»⁴³. Қытай жылнамашысы атаған Буцзя қаған Орхон жазуындағы Білге қағанның қытайша аталуы.

Біз өз зерттеуімізде Алпамыс батыр мен Бұмын шежіресін берудегі мақсатымыз – көне жазба ескерткіштеріміз бен жыр-дастардағы тарихи шындықты анықтау. Жоғарыда келтірілген екі шежірені салыстыра келіп, екі есім бір тұлғага тиесілі емес екеніне көз жеткізуге болады.

Орхон жазба ескерткіштерін фольклорлық мұраларсыз қарастыру мүмкін емес. Тасқа қашалып жазылған ерлік жорықтарын жалпы, түркі халықтарына ортақ батырлық эпостармен салыстыра талдау және оларды тарихи деректермен нақтыладап көрсету ескерткіштің құндылығын арттыра түсептір сөзсіз. Сол себебе де, біз тарихи жазба ескерткіштен батырлық эпостардың то-лық нұсқасын, қалыптасқан тұлғасын іздемей, түркі халықтары эпостарында кездесетін ұқсас жекелеген сюжеттерді, типтік об-раздарды анықтасақ алдеқайда тиімді болары анық. Өйткені, фольклор мен ежелгі әдебиет арасындағы сюжеттер мен об-раздар, жанр мен құрылымы бірде ұқсас, бірде ерекше болуы мүмкін.

Қазіргі әдебиеттану ғылымында түркі халықтарының жазба әдебиетін Орхон ескерткіштерінен бастау қалыптасқан. Дегенмен бұл жазба әдебиеттің алдында түркілердің атадан балаға сан ғасырлардан мирас болып қалған аңыздары, ерлік дастандары, ауызша тараған өлең-жырлары бар еді. Құлтегін мен Білге қағанның жорықтары мен ерліктерін тасқа сыналап жазған авторлар сол ауыз әдебиетінен, қуатты поэзиядан, бабалар сезінен нәр алып, сусындаса керек. Олар өз заманының қағаны мен батырының ерлік жорықтарын тек хронологиялық-тарихи шежіресін ғана беріп қоймай, сонымен қатар, дәстүрлі поэзия өрнектерімен де әділтеген. Сол себептен де тас жазуларын эпостармен салыстыра зерттеуді алға тартқан М. Әуезов, Ә. Марғұлан сынды ғалымдардың ой-тұжырымдары әлі де мәнін жойған жоқ. Эпостық дәстүрі ерекше дамыған қазақ халқының бай мұрасын

43 Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. IV том. Әuletтік тарихи жылнамалар. 2-бөлім. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 65 б.

Орхон мұраларымен байланыстыра қарастыру тарихи жәдігерлердің үлттық әдебиетіміздегі құнын арттыратыны анық.

М. Эуезов өз сөзінде эпостың шығу төркіні туралы: «Халық арасында әлде бір батырдың қоштасуы және соны жоқтауға байланысты таралған өлең-жырды алғашқыда бір акын жинап, басын құрауы, сейтіл тұңғыш эпостың дастанның тууына негіз қалауды ықтимал»⁴⁴, – деп дұрыс айтқан. Белгілі бір батыр қайтыс болғанда артында қалған жұрт руының, елінің қорғанышы болған әлгі адамның туылғаннан бастап өлгенге дейінгі өмірі тізбектеліп, қадір-қасиетін, ерлік жолдарын, тіршілігін айтып жоқтап, қаза болған кісіні сағынып, егіле жылайды. Бұл жоқтау елден-елге ауызша тарап, кейінгі таратушылар батырды дәріптеп өз жанынан жыр қосып, алғашқы жоқтау жан-жақты толығып, үлкен бір эпосқа айналады. Осы тұрғыдан алғанда Құлтегін жазуы қазақ эпостарына бір табан жақын.

Құлтегін, Білге қаған, Тонықек ескерткіштерінің негізгі мазмұны – қағандықты құру, елдікті сақтау, сыртқы жаудан қорғану, ерлікті дәріптеу. Онда Түрік қағандығының қысқаша тарихы, елдік мұрат-мақсат, тәуелсіздік үшін құрес, ерлік жорықтар жазылған.

Биікте көк тәнірі,
Теменде қара жер жаралғанда,
Екеуінің арасында адам баласы жаралған.
Адам баласы үстіне ата-тегім
Бумын қаған, Иstemі қаған отырган.
Отырып, түрк халқының ел-жұрттың
Қалыптастырган, иелік еткен.

Төрт бұрыштың бәрі дүшпан екен,
Сарбаздарымен аттанып,
Төрт бұрыштағы халықты
Көп алған, бәрін бейбіт еткен,
Бастыны еңкейткен,
Тіzelіні бүктірген,

44 Эуезов М. Ұақыт және әдебиет. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1962. – 35 6.

Ілгері (шығыста) – Қадырқан қойнауына дейін
Кері (батыста) – Темір қақпата дейін жайлаган⁴⁵.

Бұл – Күлтегін жазуында көрсетілген Бумын қаған мен Істемі қағанның билік жүргізген территориясы. Жазудың алғашқы жолдарында-ақ Түрік қағандығын құруши Бумын мен Істемидің иелігіндегі ұлан-ғайыр жерді көрсету арқылы олардың мемлекет қалыптастырудығы орасан еңбегін көрсетсе керек. Жоғарыда көрсеткеніміздей қытай жылнамаларында Түмен-Бумынның ел би-леудегі дипломатиялық саясаты, әскери қабілеті ашып жазылған.

Көптеген эпостарда негізгі кейіпкердің руын, елін, жерін алдын-ала суреттеу маңызды рөл атқарады. Батырдың өмірге келгенге дейінгі елінің ахуалын көрсету композициялық тәсіл ғана емес, мұнда идеялық мазмұн да бар. Болашақ кейіпкердің қарапайым отбасынан емес, керісінше текті, ауқатты әuletten шыққанын көрсетіп, сол әuletтің мұддесі үшін күресетін қаһарман тұлғасын сомдау арқылы жырдың негізгі мақсатын көрсетеді. Мәселен, «Алпамыс батыр» жырында батырдың елі былайша суреттеледі:

Жиделі байсын жерінде,
Қоңырат деген елінде
Байбөрі деген бай шықты,
Тоқсан мың екен қорасы.
Мұрындық, ноқта тимеген,
Түйешілер мінбекен
Сексен мың екен маясы.
Шұрқырап жатқан бір жылқы,
Тоғай сайын мың жылқы,
Есебі жоқ көп жылқы
Жиделі байсын даласы.
Өз алдына бір бөлек
Торысы мен қарасы.

45 Жолдасбеков М. Асыл арналар. I том. Зерттеулер. Мақалалар. – Астана: Күлтегін, 2012. – 48-49 66.

Аңдай болып көрінген
Бозы менен аласы⁴⁶.

Көл-көсір байлық пен мыңғырған малға ие болып, мамыра-жай тірлік кешкен бейбіт ел түрлі себептермен сыртқы жаула-рына кіріптар болып, басындағы бағынан, алдындағы малынан ажырайды. «Алпамыс батыр» жырында Байбөрінің малын бірде Тайшық хан айдалап кетсе, енді бірде Ұлтан Алпамыстың елде жоқтығын пайдаланып ата-бабасына, баласы Жәдігерге мал бақ-тырып, қарындасын күңше жұмсаپ, әйелі Гүлбарышының әйелдік-ке алмаққа күш салады.

Ел басына түскен ауыртпалық «Қобыланды батыр» жырында да кездеседі. Қобыландыға түсінде бабасы қалмақтың ханы Ал-шағырдың ел-жүрттына жасаған озбырлығы жайында:

Тізесіне тон жетпей,
Бұтында жоқ ыстаны,
Қаратабан қойшы бол,
Әкең ойда жүр екен.
Алпыста шешең Аналық
Арқан есіп, жүн түтіп,
Қайғыменен қан жұтып,
Қасіретті көп тартып,
Тезек теріп анаңыз,
Қозы бағып бүкшенденеп,
Құрт қайнатып жүр екен.
Қарындасың Қарлығаш
Әбдестесі жанында,
Бес кесесі қолында,
Белдемшесі белінде,
Қызылбастың елінде
Шай қайнатып жүр екен.
Өзіңнен қалған Құртқаны

46 Бабалар сөзі: Жұз томдық. – Астана: Фолиант, 2006. Т. 34: Батырлар жыры. – 65 б.

Қалмақтың ханы Алшағыр
Аламын деп жүр екен⁴⁷, – деп аян береді.

Эпостарда батырдың елін жау шабуы қаһарманның тұған жерінде болмауымен байланыстырады. Алыс сапарда жүрген батыр ел басына күн туганын тек аян арқылы біледі. Орхон жазуларында елдің азы, қағанаттың бүлінуі басқаша түсіндіріледі. Мұнда Бумын мен Іstemі қаған өлген соң билік басына келген адамдардың біліксіз, ел басқару қабілеті жоқтығынан сыртқы жау түрлі айла-шарғымен Түрік қағандығын бұрынғы әлеуетінен айырғандығы айтылады.

Біліксіз қағандар отырган екен,
Жалтақ қағандар отырган екен.
Әміршілері де біліксіз екен,
Жалтақ болған екен.

Бектері, халқы ымырасыздықтан,
Табғаш халқының тепкісіне көнгендіктен,
Арбауна сенгендіктен,
Ағалы-інілі дауласқандықтан,
Бекті-халқы жауласқандықтан
Түрік халқы елдігін жойды.

Қағандығынан айырылды.
Табғаш халқына бек ұлдары құл болды,
Пәк қыздары күн болды.

Әрине, құлдықтағы ерді, күндіктегі әйелді, жәутеңдеген баланы азаптан құтқаратын – эпостар мен жазба деректердегі басты кейіпкер. Тозған елді топтастырап да, кеткен малды қайтарар да батырлар. Батырлардың негізгі мақсаты – елін, жерін қорғау, на мысты қолдан бермеу. Сол себептен де қаһарман қыын-қыстау

47 Бабалар сөзі: Жұз томдық. – Астана: Фолиант, 2006. Т. 38: Батырлар жыры. – 110 б.

заманнан елді құтқарып, бұрынғы шат-шадыман дәуірін қалпына келтіреді.

Байбөрінің малын қайтарып, туған-туысын Ұлтан құлдың озыбырлығынан құтқаратын – Алпамыс, Алшағырды шенгелінен әке-шешесі мен қарындасын, сүйген жары Құртқаны босататын – Қобыланды болса, Табғаш халқының езгісінен Түрік халқын арашалайтын – Бумын мен Құлтегін және Тоныкек. Дегенмен, Алпамыс пен Қобыланды бір атаның, бір рудың намысын жоқтаса, керісінше, Орхон ескерткіштеріндегі мәтінде елдік, мемлекеттік мудде алға шыққан.

Құлтегін ескерткішінде батырдың жастық шағынан қайтыс болған қырық жеті жасқа дейінгі өмірі айтылады.

Адам баласы жаратылғаннан бастап құдайға жалбарынып, құлшылық етіп келеді. Жер жүзіндегі адамзат атаулының құдайға жасаған гибадаттары әртүрлі болғанымен де, негізгі мақсаттары жаратушыға жалбарынып, дұға оку арқылы жақсылықты тілеу, жамандықтан құтылу. Құдайдың ракымшылығымен күнәсінен арылу. Бұл бүкіл дінге ортақ ұғым.

Есте жоқ есікі замандағы адамдар өздерін табиғаттан бөліп қарастырған. Олар төңірегіндегі нәрсениң барлығы адамша өмір сүреді деп ойлаған. Анимистік сенім бойынша адамдар кез келген аңға, құсқа, тасқа, аспан денесіне айналып кетуге болады деп түсінген.

Рұлық қауым қалыптасқан кезеңдерде адамдар табиғаттың тылсым күшінен қорқып, оны құдірет иесі ретінде қабылдады. Аспан, күн, ай, жел, су, от, найзагай сынды табиғат құбылыстарының иесі бар деп сенді. Өздерінің ата-бабалары белгілі бір аң-құстан, табиғат құбылыстарынан, тылсым күштерден тараған деп түсінді. Сол себептен өзінің «шығу тегін» күрметтеп, оған сыйынды. «Шығу тек» түрлі жорықтар (аң аулау, соғыс, көшіл-қону) мен қыныншылықтарда жәрдем береді деп иланды. Осы түсінік негізінде ырымдар мен ғұрыптар, тыйымдар, мифтер пайда болды. Сөзімізге жерді мүйізімен көтерген көк өгіз, түркі халықтарындағы көк бөрі, қимақтардың шығу тегіне қатысты жылан және тағы басқа мифтік әңгімелер дәлел бола алады.

Рұлық қоғам дамыған уақытта шамандық наным кең етек алды. Шамандық наным алғашқы қауымнан келе жатқан кейір сенімдердің басын біріктіріп, өз кәдесіне жарата білді. Шамандық наным бойынша басты қызметті бақсы (шаман) атқарған. шаман адамдар арасында тылсым күштердің сырын білетін, ауру-сырқауды емдең, бәле-жаланы қуа білетін, болашақты болжап, ауа райын өзгертуге құдіреті жететін жаратылысы бөлек жан санаған. Бақсылар өлген адамның әруағымен сөйлесіп, жын мен перілерді шақыра алады деп түсінген.

Көне түріктердің аргы аталары саналатын сақтар, үйсіндер, қанлылар, ғұндар тарихына қатысты грек, парсы, қытай жазба деректеріне көз жүгіртсек шамандық наным біздің дәуірге дейінгі сан ғасырлардан бері жалғасып келе жатқанын аңғаруға болады. Мәселен, жазба деректерге сүйенсек сақтар да, үйсіндер де, ғұндар да күнге табынған. Гередоттың айтуы бойынша сақтар Күнге арнап ең жүйрік жануар ретінде жылқыны құрбандағы қа шалған. Мұндай іс-шараларда бақсылар негізгі күшке ие болған. Оған ру, тайпа билеушілерінен бастап қара халыққа дейін бағынған. Ру, тайпаның күнделікті өміріне қатысты көші-қон, жорықтар, құрбандағы мезгілі және т.б. мәселелер бақсының айтуы бойынша шешілген.

Десе де, көне түріктер де, олардың аргы аталары саналатын сақтар мен үйсіндер де бір жаратушыға құлшылық етіп, содан медет тілеген. Өкінішке орай олардың ұстанған діндерінің қағидалары мен құлшылық қылу шарттары бізге белгісіз күйде қалуда. Тек олардың о баста бір тәніріге жалбарынғаны ақырат. Уақыт өте келе әртүрлі наным-сенімдердің араласуына байланысты негізгі діни ұстаным өз құндылығын жоғалтып, өзгертилгенін аңғарамыз. Көне түріктер жөнінде жазылған фольклорлық және этнографиялық ғылыми еңбектерде олардың тәніршілдікпен қатар шамандық наным-сенімге де бой ұғраны жазылған. Біз ғалымдардың бүл тұжырымын жоққа шығара алмаймыз. Расында аргы ата-бабаларымыз бір тәнірге сыйынып, түрлі тылсым күштерге сенді. Табигат құбылыстарының кереметінен, әруақтардан, жын-перілер мен албастылардан қорқып, түрлі діни іс-әрекеттер (ритуал) жасады. Мұндай іс-әрекеттерді жасауда бақсы-

лар негізгі күшке ие болды. Олар бақсылық ойын көрсетіп, жын-перілердің көмегімен адам сенгісіз кереметтерді жасаған. Көптеген ғалымдар бақсылар ойынындағы тылсым күшті әруақтар деп түсіндіреді (шамасы орыс тіліндегі «дух», «душа» сөздерінің баламасы ретінде алса керек). Шындығында әруақ дегеніміз не?

«Әруаҳ» араб тіліндегі «рух» сөзінің көпше түрі. Қазіргі тілмен айтқанда адамның жаны. «Жан» – парсының сөзі. «Әруақ» та, «жан» да түрк тіліне ислам дінімен қатар енген. Көптеген фольклортануши және түркітануши ғалымдар көне түркі-моңғол бірлестігі тұсында адамның денесінен шыққан жанды «онгон» дейтіндігін алға тартады. «Онгон» – моңғол сөзі. Моңғол тілінде «онгон» сөзі әлі де қолданады. Әмек, әруақ та, жан да, онгон да түркі сөзі емес. Ал, көне түркілер қазіргі қолданыста жүрген «әруақ» пен «жан» үгімін қалай атаған? Шамандық нағым-сенім бойынша бақсыларды, қарапайым адамдарды желеп-жебеп жүретін немесе қаскөйлік әрекет жасайтын тылсым күш қызметін денеден бөлініп шыққан жан яғни әруақ атқара ала ма? Тылсым күштер ілкі заманда не деп аталған? Бұл сұрақтарға жауап табу үшін фольклорлық мұралар мен көне жазба жәдігерлердің екшелеп қарасақ біраз жайтқа қанығарымыз анық.

Көне түркі тілдерінде әруақ пен жанды «өз» деп атаған. Түркі тілдерінің ең алғашқы салыстырмалы сөздігін құрастырған Махмұт Қашқаридің «Диани лұғати-т-түрк» шығармасында: «Өз – рух, жан; көкіректің ішінде қарекет жасайтын нәрсе», – деп анықтама берілген [1. 73-б.]. Сондай-ақ, анықтаманы нақтылай түсу үшін:

Барды кузум йаруқы,
Алды өзум қонуқы.
Қанда эринж қаниқы,
Емді үдзун үдзғұрұп.
Аудармасы:
Бар-ды көзімнің жарығы,
Алды өзімді (кеудемде)⁴⁸ қонған.

48 Ұфынықты болу үшін жақшаның ішіндегі сөзді өзіміз қойдық – А.Ә.

Қайда екен қанеки,
Енді уақытын оздырар

(Ауд. – А.Ә.)

деп сол кездегі жыр үлгісінен мысал келтіреді.

Қазіргі уақытта қазақтар «өз» сөзін тұп мағнасында болмаса да соған жақын. мәнде қолданады. Мәселен, өзім, өзің, өзі. Абайша айтқанда:

Ақыл мен жан – мен **өзім**, тән – менікі,
«Мені» мен «менікінің» мағнасы – екі.
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі.

Бақсылар өздерінің ойынында ата-баба әруағы көмектеседі деп елді сендіреді. Әруаққа сыйыну үрдісі есте жоқ ескі заманда түріктердің арғы ата-бабалары сақ тайпаларына өзге жүрттан енген секілді. Рас, сақтар өлген кісінің бейітін қастерлеп, олардың әруағын еске алып, рухына дұға оқыған. Қайтыс болған кісінің қырық құндігі мен жылдығында тәніріге мал шалып, әруағына бағыштау сақтар дәуірінен жеткен дәстүр. Бірақ сақтар да, одан кейінгі түріктер де әруаққа сыйынбаған. Біз мұны грек оқымыстысы Лукиан жазған мына әңгімeden көреміз:

«**Мнесипп.** Сен мынаны айтшы, Токсарид. Осы, сендер, скифтер, Орест пен Пиладқа (сақтардың қайтыс болған қадірлі адамдары болса керек – А.Ә.) арнап құрбандық шаласындар, сонда оларды құдай деп санайсындар ма?

Токсарид. Иә, Мнесипп, біз оларға құрбандық шаламыз, бірақ біз оларды құдай деп санамаймыз. Тек тамаша адам болғандықтан қадір тұтамыз.

Мнесипп. Сонда сендерде құдайға құрбандық шалғандай қайтыс болған адамдарға да құрбандық атайтын дәстүр бар ма?

Токсарид. Біз тек құрбандық қана шалып қоймаймыз, сонымен қатар, олардың құрметіне мейрам өткізіп, ас береміз.

Мнесипп. Сонда олардан не тілейсіндер? Олар өлген адамдар, сендер соған бола құрбандық шалмайсындар ғой, рас па?

Токсарид. Өлі разы болмай, тірі байымайды. Әрине, мәселе онда ғана емес, біз өлген жандарды еске ала отырып, тірілерге жақсылық жасаймыз. Олардың жақсы қасиеттерін айтып, жастарды тәрбиелейміз. Бізде қайтыс болған тамаша адамдар сияқты жақсы сөздер мен істерді орындаپ, соларға ұқсап артымызға өшпес із қалдырғымыз келеді»⁴⁹.

Токсарид шамамен біздің дәуірге дейінгі VII ғасырдың екінші жартысы мен VI ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген. Гректің атақты философтарының бірі, жазушы Лукиан оның балгер-данышпан екендігін аса тебіреніспен жазып қалдырған. Тіпті әлладалықтар Токсаридтің скиф пен грек салт-дәстүрлері мен фольклорлық азыз-әңгімелерін жетік білетіндігіне бас иген. Ата-баба дәстүрін берік ұстанған сақ данышпаны әлладалық досымен сұхбаттасқанда өздерінің қайтыс болған адамның әруағына сыйынатындығын жоққа шығарады.

Демек, түркі халықтары құрбандықты өлген адамның әруағына емес, тек сол адамның рухына сауап болуы үшін құдайға шалғанын аңғарамыз. Құрбандық етінен дәм татуға келген көпшілік фәни дүниеден бақи дүниеге кеткен ізгі адамдардың жақсы қасиеттерін айтып, улгі-өнеге тұтқан. Арнайы өткізілетін мереке-аста (жетісінде, қырқында, жылында) олардың ерліктерін жырға қосып, жастарды рухтандырып отырған. Ата-баба қорымдары қастерленіп, Тәніріге ғана сыйынған.

Сақтар өзге дінге бас ұрып, өз жұртының діні мен мәдениетін мансұқтаған адамды кешірмеген. Салт-дәстүрін қызығыш құстай қорғап, әдет-ғұрпын көзің қарашағындаі сақтаған. Бұл ойымызға Токсаридтің көзі тірі кезінде-ақ грек жеріне аяқ басқан екінші сақ данышпаны Анахарисис пен б.д.д. V ғасырда өмір сүрген Скилдің тағдыры дәлел бола алады.

Афини жеріне білім іздел барған Анахарисис өмірінің соңына қарай еліне қайтады. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, сақтар өздерінің нағым-сенімдерін таптаған, салт-дәстүрлерін қорлаған, дінін сатқан адамды кешірмейтін еді. Жат жердің мәдениеті мен ғылымымен сусындаған Анахарисис ежелгі гректердің көп құдайға табынатын дінін де қабылдаған болатын. Мұны біл-

49 Лукиан. Избранная проза. – Москва: Правда, 1991. – с. 126.

ген сақтардың патшасы Савлий ғұламаны гректердің құдайына мінәжат рәсімін орындал жатқанда өз қолымен садақпен атып өлтіреді. Деректерге қарағанда Савлий Анахариске туыс болып келеді. Геродоттың айтуы бойынша: «скифтерден Анахарсистің жөнін сұрай қалсаң, олар білмейміз деп жауап береді. Мұнысы оның Эллада елінде болып, жат жүрттың діни мінәжатын ұсташағандығын кешірмегеннің белгісі», – деп сақтар тіпті ғұламаны ұмытуға тырысқанын көрсетеді.

Сақтарда отанын сату, дінін тәркі ету, қаруын тастау аса ұлкен қылымысқа саналатын еді. Бұлар тәуелсіздікке нұқсан келтіретін бірден-бір себептерге саналған. Қанша етжақын бауыры болса да, нешеме білімнен нәр алып, сусындаса да, сақ патшасы еліне жасаған қиянаты мен дініне жасаған опасыздығы үшін Анахарсисті қол астындағы елдің алдын алу мақсатында барша жүрттың көзінше өлімге қиды. Грек ойшылдары мен тарихшылары Савлийдің ісін жауыздыққа, тақ мұрагерлігіне таласқан бақталастыққа санаса да, тәуелсіздік тұрғысынан қарағанда сақ патшасы дінінің кәмілдігі мен елінің тұгастығы үшін әділ шешім шығарды. Себебі, қоғамды алға сүйреп, ел болашағын жарқын қылатын да, өзге елдің мәдениетін насхаттап, өзінің мәдени құндылықтарын мансұқтайдын да зиялды қауым. Қара халық соларға қарап бағыт ұстайды. Савлий мұны ерте түсінген деп жорамалдаймыз. Тарих қатпарларына талдау жасаған ғалым Тұрсын Жүртбаев бұл туралы Геродоттың «Басқа халықтар сияқты скифтер де өзге елдің салт-дәстүріне, оның ішінде, әсіресе, элладалықтардың ғұрпына сескене қараған. Оны Анахарис пен Скилдің тағдыры дәлелдеп береді» деген дерегін алға тартады⁵⁰.

Мұндай оқиға кейінгі ғасырларда да орын алған. Мәселен, Абылайдың батыры Баян інісі Ноянды қалмақ қызымен жау жеріне қашқаны үшін өз қолымен атып өлтіргені тарихтан белгілі. Ақыық ақын Мағжан Жұмабаев елдік намыс пен ұлттық рухты көтеру мақсатында батыр Баянның ісін өнеге ретінде жырлап шығады.

50 Жүртбаев Т. Дұлыға: Қоңе түркі батырлары туралы тарихи әфсаналар. – Алматы: Жалын, К.1. 1994. – 156 б.

Грек тарихшылары сақтар туралы тек естігендерін ғана жазған. Олардың өмірі, тіршілігі туралы нақты білмеген деуге негіз бар. Александр Македонскийдің жорығына дейін бірде-бір грек тарихшысы сақ жеріне бойлай кірмеген. Геродот да, Страбон да, Порфирий де, Диоген де Каспий теңізінің солтүстік шығысы мен Яксарттың (Сырдың) теріскейін мекендерген көшпенди тайпалардың діні сенімі туралы біріне-бірі керегар түрлі деректер келтіреді. Мэселен, «Тарих атасы» саналған Геродоттың өзі массагеттер мен дербиктерді жабайы, құбызық ретінде көрсетуге тырысқан. Эллиндік тарихшылардың жазуынша сақ жерінің түкпір аймақтарында жалғыз көзді адамдар тұрады және массагеттер мен дербиктер кәрі әке-шешесін тірідей жеген немесе иттерге тала-тып, сүйегін құстарға шаштырған-міс. Страбонның дерегіне сүйенсек сақтардың мұндай жабайы діни әдетін Александр Македонский қойдырған көрінеді-міс. Грек тарихшыларының мағлұматтарын салыстыра отырып, эллиндік қалам иелері сақтардың салт-дәстүрін, діни ғұрпын, географиялық орнын нақты білмеген, не болмаса, саналы түрде теріс жазған.

Гректердің бұл мәліметтерін археологиялық қазба жұмыстары жоққа шығарып отыр. Сақтар дәүіріне жататын Есік, Атырау, Қарағанды жерлерінен табылған алтын адамдар, Алтай өңіріндеңі сақтардың қорымы сөзімізге дәлел бола алады.

Сақтар әруаққа сыйынбаса да ата-баба қорымын қастерлі деп білді. Қайтыс болған атақты адамдардың денесін қупия түрде жерледі. Ата-баба мазарын қорлаған жаумен қасық қаны қалғанша соғысты. Бейіттердің аяқ асты қалуы сақтардың және сол сақтардың үрпағы болып саналатын түркі халықтарының ұғымында сүйекке түскен таңбадай еді. Бұл туралы Геродоттың Иданфирс патша туралы келтірген дерегіне көз жүгіртсек біраз жайға қанығуға болады. Сақ заманынан жеткен мына бір аңыз бойынша парсы патшасы Дарий сақ жеріне шабуыл жасайды. Бірақ сақтар қарсылық көрсетпей, шыдамдылық танытып отыра береді. Бұған таң қалған Дарий массагеттердің патшасы Иданфирске елші жіберіп мәнісін сұратады. Иданфирс: «Біздің неге соғысқа асықпағанымызды мен саған тусіндірейін. Бізде әсем қалалар мен жайқалған егіс алқаптары жок. Сондықтан еш нәр-

сенің құрып кетуінен қауілтенбейміз. Сол себептен соғысқа асықпаймыз. Ал, егер сендер бізben соғысуға өте құштар болсаңдар, онда тыңдандар. Ата-бабамыздан қалған ескі қорымдар сақтардың ең қасиетті орындары. Сендер сол мазарларды қорлап немесе үстін таптап өтіндер, сонда біз бейіттер үшін шайқасмыз ба, жоқ па көресіндер», – деп жауап қатады⁵¹. Бұдан шығатын қорытынды сақтар о дүниеге аттанған мәйітті арулап көмген, сүйегін шашпаған.

Көне түркілердің мәдениетін, тарихын, жазба мұраларын зерттеуші ғалымдар мемлекеттік қоғамда тәңіршілдік негізгі дін болғанын көлденең тартады. Десе де бұл діннің негізгі ұстындары мен шарттарын ешкім таратып айтып бере алмайды. Сақтар, үйсіндер, ғұндар, қанылар ұлы жаратушы тәнір ретінде Кекке табынған, Құнге сыйынған. Тасқа жазылған түрік бітігінде Тәнірінің мекені көкте деп көрсетілген. Көк аспан – тәнірінің бір сипаты. Аспан әлемі – шексіздіктің белгісі. Оның түбі жоқ, тұнғызық терең. Байырғы түріктер мұны өте жақсы білген. Олар тәніріні ешиәрсемен теңестіруге болмайтындығын түсінген. Ол кездегі түсінік бойынша Құн мен Көк аспан тәнірінің ұлықтығын білдіретін. Сол себептен де бұл екеуі «тәнір» сөзінің баламасы ретінде қолданған. «Құн» – сақтар мен үйсіндер заманынан жеткен көне сез және қазіргі таңда ол түркі текстес халықтардың барлығында да түпкі мағынасында қолданады. Қытай де-ректеріне сүйенсек үйсіндер құнге мінажат етіп, билік иесін құнге теңеп «құнму» деп атаған. «Құнму» – «мың құн» деген мағына білдіреді. Ілki заманда мың көптіктің, шексіздіктің, мәңгіліктің синонимі ретінде қолданған. Оны біз «құда мың жылдық», «мың қол (кейбір ғалымдар монгол этимологиясын осы сөзден шығарды)», «мыңғырған мал», «сан мың» сөздерінен айқын көреміз. Тіпті, үйсін құрамындағы кейбір ру-тайпалар өздерінің ен-таңбаларының негізін құн формасынан алды.

Ғұндардың заманында да адамдар бір тәнірге жалбарынған. Жақсылық та, жамандық та тәнірден деп түсінді. Өздерінің билеушілерін тәнірінің құты, назары түскен адам ретінде бағалап, «тәнірқұт» деп атады. Жолы болмаған пендеге «тәнір атқан»,

51 Геродот. История: Скифия и поход Дария на скифов. Кн. 4. – СПб. 1894. – с. 127.

«көк соққан» деп мұсіркей қарады. Ескі қытайдай жылнамаларында ғұндар тәнірге құлышлық қылатыны, тәніркүт аспанға қарап сыйынып, әрбір атқан таңда күнге және әрбір жаңа туған айға сәлем беретіндігі жазылған. Сондай-ақ, «Тарихи жазбалар. Хұндар шежіресінде»: «Қантарда адамдардың бәрі тәніркүт ордасына жинальш, мінәжат етті. Мамырда зор жинальш өткізіп, ата-бабаларға, аспан-жерге, жын-шайтанға тасаттық берді. Күзде жылқы семірді, орманға жинальш құмалақшылар мал санына есеп жасады»⁵² – деп жазылған. Жазба деректерде үйсіндер мен ғұндар өлген адамдардың атына мал шалғандығы айтылғанымен, әруаққа сыйынғаны нақты көрсетілмейді. Ал өлген адамға ас беру сақ заманынан бері келе жатқанын біз жоғарыда айтқан болатынбыз.

Түрік қағандығы кезінде тасқа қашалған түрік бітігін оқығанда да түріктер көк тәніріге сыйынғанын байқаймыз. Күлтегін ес-керткішінде Тәнірі – түріктердің желеп-жебеушісі. Түрік халқы жойылмасын деп, ел болсын деп қағандарды жоғары көтерген тәнірінің өзі. Тас жазуларда өзге сыйынарлықтай құдірет иесі аталмайды.

Шыңғысханның тұсында да түрік пен манғолдар көкке қарап Тәніріні еске алады. Тарихи деректерге қарасаңыз ұлы қаған өз қол астына қарайтын ру-тайпаларды Тәнірі дініне жұмылдыруға тырысқанын аңғарар едіңіз. Ол көзбояушы шамандарды маңайынан аластатьш, бақсылық ойынға тыйым салған.

Монғолдың тапал аттарының түқ дубірінен сескенген Рим папасы Иннокентий IV мен француз королі Людовик IX ұлы қаған ордасы орналасқан Қарақорымға елші жіберіп, олар туралы жан-жақты мәлімет жинап қайтуды және Мысыр мен Сирия жерін қорғап тұрған мәмлуктерге қарсы одақ құруға үгіттеуді тапсырады. Қарақорымға қыпшақ жері арқылы келген итальяндық монах Джованни дель Плано Карпини де, француздық монах Гильом де Рубрук та Шыңғысхан үрпактарының ордаларында болып, қөрген-білгендерін жазып отырған. Өздері діндар адам болғандықтан түріктер мен монғолдардың діни сенімдері жөнінде де қағазға тұртіп алууды ұмытпайды. Аталған екі елші де

52 Су Бихай. Қазақ мәдениетінің тарихы (Қазақ тіліндегі аудармасы). – Үрімші: Шыңқаң Халық Баспасы, 2005. – 236 б.

моңғолдар мен түріктер «Тәңір» деп аталатын бір құдіретке сенетіндігін ескертеді. «Тәңір – көзге көрінетін және көрінбейтін барлық нәрсенің жаратушысы, әрі жақсылық пен жамандық тек соның әмірімен ғана болады. Бірақ олар (адамдар – А.Ә.) оған (Тәңірге – А.Ә.) ешбір мадақ пен дұға оқып, құлышылық жасамайды», – деп жазған Плано Карпини моңғолдар киіз немесе мал жүнінен адамға үқсатып мұсіндер жасап, оларды екі босағаға, қора-қопсыға кірер ауызға қоятындығын, бұл мұсіндер бәле-жаланы аластауға, малдардың төлдеуіне және оларды ит-құстан сақтайтындығына шуббесіз сенетіндігін тілге тиек етеді⁵³.

Киізден немесе мал жүнінен жасалған бұл қандай мұсіндер деген сұраққа келер болсақ, бұған жауапты монах Гильом де Рубруктың жазбасынан табамыз. Онда: «Они сожигают своих умерших по старинному обряду и сохраняют прах на вершине пирамиды. Итак, когда, войдя в их храм и осмотрев много их идолов, как больших, так и малых, я сел рядом с вышеупомянутыми жрецами, то спросил их, как они веруют в Бога. Они ответили: «Мы веруем только в единого Бога». И я спросил: «Веруете ли вы, что Он дух или нечто телесное?» Они сказали: «Мы веруем, что Он дух». Тогда я спросил: «Веруете ли вы, что Он никогда не принимал человеческой природы?» Они ответили: «Никогда». Тогда я спросил: «Раз вы веруете, что Он только един и дух, почему вы делаете для Него телесные изображения и в таком количестве? Сверх того, раз вы не веруете, что Он стал человеком, почему вы делаете для Него предпочтительнее изображения людей, а не другого животного?» Тогда они ответили: «Мы не представляем в этих изображениях Бога, а когда какой-нибудь богач из наших умирает, то или сын его, или жена, или кто-нибудь дорогой для него приказывает сделать изображение умершего и ставит его здесь, а мы чтим его в память его». Я сказал им: «Тогда, стало быть, вы делаете это только ради лести людям». «Нет, – отвечали они, – а на память о нем»⁵⁴, – деп жазылған. Осы жерде Рубруктың дерегінен қысқаша тусіндірме ай-

53 Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Гильома де Рубрука. Серия: Путешествия. Открытия. Приключения. – Алматы: Гылым, 1993. – с. 25.

54 Бұл да сонда, 113 б.

тып кеткеніміз жөн: Біріншіден, түріктер өлген адамның мәйітін өртемейтін болған. Мұрдені өртеу Енесей бойындағы қырғыздарға, монғол тектес ру-тайпаларға тән дәстүр. Тибет жақтан ауып келген сары үйғырлар да бұл ғұрыпты Будда діні негізінде қолданған. Құлтегін мен Білге қағанның ескерткіштеріне қарағанда Ашина үрпактары қырғыздарды да, монғол тектес ру-тайпаларды да, үйғырларды да түріктер деп есептемеген, керісінше, олармен әрдайым жаулық қатынаста болған. Қырғыздар мен монғолдар өртенген мурденің күлін жинап алғып, теріден немесе жүннен жасалған мұсін-қуыршақтың ішіне салып сақтайдын еді.

Екіншіден, Рубруктың пирамида дегені дың болса керек. Себебі түрік-монғол бірлестігі тұсында дың түрғызу кең етек алған. Дың бір жағынан өлген адамдарды жерлейтін қасиетті орын ретінде саналса, екінші жағынан гибадатхана қызметін де атқарған. Мұндай дыңдарды түріктер билік еткен барлық өнірден кездестіруге болады.

Ушіншіден, монғолдар қайтыс болған құрметті адамды әрдайым еске алғып отыру үшін киіз немесе жүннен мұсін жасаған және оны «онгон» яғни «әруақ» деп есептеген. Бұл мұсіндерді олар құдай деп емес, керісінше ата-бабаға қойылған ескерткіш ретінде құрметтеп, үйлері мен ғибадатханаларының төріне қойған. Оларға қымбат киімдер кигізіп, түрлі әшекейлер таққан. Тіпті, көшіп-қону кезінде оларға арнап арнайы арба дайындаған. Мереке күндерінде немесе әр жаңа туған айдың бірі күні әруақтарға дұға етіп, мұсіндерінің алдына тағам қоятын болған. Осы арқылы о дүниедегі несібесін жеткізіп отырган.

Қайтыс болған атақты адамның мұсінін жасату дәстүрі Құлтегін, Білге қаған өмір сурген кездерден де белгілі. Білге қағанның жарлығымен Құлтегін мұсінтасын жасатқан Йолығ-тегін: «erig jerte: beñgü taš: toqitdim: bitidim: anı körüp: anča biliq: ol taš /toqit/dim: bu bitig: bitime: atisii:yoluy te/gin/» («Киелі жерде: мәңгі тас: түрғыздым: жаздым: оны көріп: сонша біліндер: ол тасқа: /түрғыз/дым: бұл бітікті: бітікдеуші: аталығы: Йолығ-те/ гін/:»), – деп оның ерлік жорықтарын тасқа қашап жаздырады. Құлтегіннің мәңгітасын (ескерткішін) орнатып, оны көріп, ерлік істерін біліп журуді, ұмытпауды өсиет етеді. Десе де, көне түрік

бітігімен жазылған ескерткіштердің ешбірінде де әруаққа сыйыну мәселесі айтылмайды.

Дін – халықтың тұтастығын сақтаушы негізгі факторлардың бірі. Дінсіздік жайлаған ел азып-тозып, өзге халықтың боданына айналатыны тарихтан белгілі. Кез-келген елдің мемлекеттік құрылымын өзгерту үшін билік иелері мен ғалымдарын, халыққа сөзі өтер даяналарын өз діндерінен бет бұрғызып, басқа діни сенімге иліктірсе ол сол елдің сойылын соғары сөзсіз. Осыны erte білген табғаштар (қытайлықтар) мен сары үйғырлар (жазба деректерде тибеттіктерді осылай атаған) түріктерге мұсін жасауды үйретті әрі мұсінді өлген адамның әруағы ретінде тусіндірді. Шығыс Түркістан мен Орта Азияны мекендереген түркі тайпаларына буддизм мен манихей дінін уағыздады. Қоңе үйғыр (соғды) жазуымен түркі тілінде өздерінің діни мәтіндерін жазып, таратты («Ырық бітіг», «Хуастуанифт» дұғалары). Түріктердің атақты адамы қайтыс болса арнайы шеберлерін жібертіп, оның мұсінін жасатты (Күлтегін, Білге қаған ескерткіштерін еске алыныз). Осы арқылы түріктерді алдаң, тәнірішілдіктен бас тарттырып, әруаққа сыйындыруға тырысты. Оларға Тәнірден баз кешіп, әруақ пен мұсінге табынған халықты өз діндеріне тарту, айтқанын істептіп, алым-салықты қобірек алу әлде қайда жеңіл еді. Соңдықтан да түрік халқының «*begleri: budun: tützsüz: üçün: Tabyač budun: teblegin: körlüg: üçün: armaqçısıñ: üçün:*» («бектері: халқы: тура жолда болмағандықтан: Табғаш халқының: тепкісін: көргендіктен: алданғандықтан:») бек үлдары құл болды, сұлу қыздары күн болды. Табғаштың тіліне, дініне, салт-дәстүріне, азын-аулақ сыйына, қылымсыған қызына бойсұнған түрік бектері біржола табғаштанды (Күлтегін жазуын қараңыз). Тұқымы азды, елі жойылды.

Ауыз әдебиеті үлгілері бойынша пікір айтқан зерттеушілер әруақ мәселесінде қанағаттанарлықтай дерек келтірмейді. Д. Банзаровтың «Черная вера или шаманство у монголов» атты енбегінен кейін қазақтар арасындағы шамандық және олардың әруақтар туралы түсінігі жайында ең алғаш Шоқан Уәлиханов жазды. Шоқан ол мақаласында қазақтар мен монголдардың есқинаным-сенімдері туралы құнды деректер келтіріп, аталмыш кітапқа сыни көзқарастар білдіргенімен Банзаровтың пікірінен алыстал кете алмаған.

Ілкі заманда (матриархалды кезенде) руларды басқаратын әйелдер болған. Олар ру ішіндегі дауды шешіп, ауруларды емдеген, діни ғұрыптарды атқарған. Халық арасында олар туралы тылсым қүшке ие, ауруды қашыратын, жын-шайтаннан аластайтын белгісіз көмекшілері бар деген түсінік қалыптасқан. Белгілі фольклортанушы-ғалым С. Қасқабасов осындай әйел-шаман образы қиял-ғажайып өртегілерде жалмауыз кемпір бейнесіне өзгергенін айта келіп: «Жалмауыз кемпірдің алғашқы көне түрдегі образы, істеген істері, қызметі (функциясы) жаңағы ру басындағы шаман-әйелдің образымен сәйкес: кейбір өртегілерде жалмауыз кемпір бәрін істей біледі, оның қолынан келмейтіні жоқ; ауру, жарымжан адамдарды емдейді, өліні тірлітеді. Мысалы, бірталай өртегілерде жалмауыз кемпір ақсақ, соқыр, қолы жоқ кейіпкерлерді жұтады да, оларды сап-сая қылып қайтадан құсады («Жеті басты жалмауыз кемпір», «Үш ағайын», «Кедейдің уш баласы», «Құланайжарқын» т.б.) кейіпкерлерге ақыл, кенес беріп отырады («Екі жетім», «Жұсіп мерген» т.б.)⁵⁵, - деп шаман әйелдің ауыз әдебиетінде сакталған сипаттын анықтайды.

Шамандық наным үйсіндер мен ғұндар өмір сурген уақытта кең өріс алды деп топшылауға болады. Археологиялық және жазба деректерге көз жүгіртсек оған негіз де бар. Бұл ойымызды Қарқара шатқалынан біздің заманымызға дейінгі I ғасыр мен жыл санауымыздың II ғасырына тән алтын салпыншақ пен 410 тал (дана) киім әшекейімен жерленген бақсы әйелдің мәйті табылуы дәлелдейді.

Әйелдер атқарған ру басы мен шамандық қызметті кейінгі дәуірлерде еркектер орындағы. Бұл кезде шамандық ру басылықтан ажырап, кәсіби шамандар пайда болады. Кәсіби шамандар тек шамандық ойындар арқылы күн көрді. «Олардың әлсіреген қалдықтары қазақ өмірінде осы ғасырға дейін сақталып келді. Бұлар – бақсылар, дуаналар, жауырыншылар, тәуіптер, құмалақшылар»⁵⁶.

Ғалымдардың көпшілігі (түгелге жуығы) бақсылар өздерінің ойындарында әруақтарын, әулиелерін, жындарын шақырып,

55 Қасқабасов С. Елзерде: Әр жылғы зерттеулер. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 10 б.

56 Бұл да сонда, 11 б.

өнер көрсететіндігін жазады. Бақсылар да өздеріне әруақтар көмектесетінін дәлелдеуге тырысады. Десе де, бақсылардың негізгі шақыратындары Қақаман (Көкаман), Шарабас, Нәдір, Досыбай, Бөрлібай, Сарықызының жын-перілер. Ислам діні бақсы ойынына тыйым салғандықтан олар, Шоқан Үәлиханов айтқандай, жын-перілерін «перштегелер, әруақтар» деп ыңғайластырып атаған.

*Бақсылар жын шақырап алып қобыз,
Болады айқайласа үшан-теңіз.
Байлардың үйлерінде сырқат бағып,
Малдарын сойғызады еті семіз⁵⁷, –*

деген жолдардан, немесе Мағжанның «Қойлыбайдың қобызы» деген поэмасындағы:

*Ертеде ел бар екен қалың Найман,
Қытайға қалың Найман қанат жайған.
Қалың Найман ішінде Бағаналы,
Қазақта бақсы асқан жоқ Қойлыбайдан.
Қойлыбай жын жүгендеп, пері мінген,
Алдында жорғалаған шашты шайтан.
Қойлыбай қобыз алса-ақ қалбаландалап,
Қақаман жетіп келед әлдеқайдан.
Қақаман жалғыз көзді жынның ері,
Ерегіссе тау-тасқа салған ойран.
Дарқанның Нәдір пері – аға жыны,
Ардақтап оған Шолақ деп ат қойған.
Қойлекенің үшінші жан жолдасы –
Шайтанның шу асасуы батыр Шайлан.
Қойлыбай бақсы болған қазақ асқан,
Жынменен жолдас болған бала жастан⁵⁸, –*

57 Қазақ бақсы-балгерлері: / Құраст. Ж.Дәуренбеков, Е.Тұрсынов. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 61 б.

58 Жұмабаев М. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 230 б.

деген жыр тармақтарынан бақсылар әруаққа емес жындарға арқа сүйегенін анық көргөтегендегі болады. Адамдар жын-перілерден «ұрып кетеді, соғып кетеді» деп қорыққан. Сол себептен де бақсылар өздеріне көмекке келер тылсым күшті исламға дейін де, кейін де әруақпен бүркемелеген. Олар бақсы ойынында қобышын сарнатып, даңғырасын ұрып, биін билеп, түрлі іс-әрекеттер жасаған. Жындарының атын атап, түсін түстеп, күш-куатын асқақтатып, өлеңге үйқастырып шақырған.

Жаңа келді *Шарабас*,
Алпыс қойдың терісі
Берік шықпаған *Шарабас*.
Жетпіс қойдың терісі
Жең шықпаған *Шарабас*.
Тоқсан қойдың терісі
Тон шықпаған *Шарабас...*
... Жаңа келді *Қолаң шаш*,
Екі иінімнен мықтап бас!
Жаңа келді *Тенгетай*,
Жаңа келді *Жирентай*.
Перілердің бәрі де
Үстіне бір мінген тай.
Осыншама шақыртып,
Келмеймін деп шаршатты-ай!⁵⁹.

Ислам дінін таратушы қожа-молдалар ықпалынан (олар билеушілерге арқа сүйегені тарихи шындық) ыққан бақсылар ендігі кезекте мұсылмандардың әулие-әнбиесін қоса шақыратын болды. Мұхаммед, Сұлеймен пайғамбарлар, Ысқақ баб, Арыстан баб, Құл Қожа Ахмет, Баба Тұкті шашты Әзиздер бақсылардың негізгі пірлеріне айналды. Соңдықтан түпкі шығу тарихы мен сырын білмеген жанға бақсылық пен ислам тұтастай бір көрінуі хақ. Осыдан кейін «ислам әруаққа сыйынуға қарсы емес» деген теріс пікір туындастыны да анық.

59 Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Алаш, 2003. – 313 б.

Түркі халықтарын дінінен шатастырып, христиандыққа тарту, сөйтіп көп күш жұмсамай-ак басыбайлы құл ету идеясы ақ патша өкіметі тұсында айтарлықтай жемісін берді. Оку ізденген түркі текстес жас жеткіншектерге шіркеу әндерін жаттатып, үштік ілімін санасына сінірді. Оку тәмамдаған соң туған елдеріне, түркі халықтарына патша өкіметінің саясатын насиҳаттауға, тыңшылыққа (статистикалық, биологиялық, географиялық, этнографиялық, тарихи, фольклорлық т.б. түрлі мәліметтерді жинау үшін) жіберілді. Олардың көбі өле-өлгенше патша өкіметіне адад қызмет етті, кейбірі қателіктерін мойындалап тәубесіне келді.

«ОҒЫЗ-НАМА» ДАСТАНЫНДАҒЫ ӘДЕБИ-ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МОТИВТЕР ЖҮЙЕСІ

Әр ұлттың өз табиғатына тән қалыптасқан сөз өнері болғанымен, жеке бір әдебиеттің әлемдік даму көшіне ілесе алмайтыны белгілі. Сондықтан көркем әдебиеттің жаһандық сұранысқа ие болуы үшін, халықтар ықпалдастырының әсері мол. Осындағы интеграциялар арқылы синтезделген әдебиеттегі түрлі аналогияларды қарастыруда типологиялық зерттеу әдісінің алатын орны зор.

Әдеби шығармаларды зерттеу жүйесіндегі типология және генезис мәселелері тонның ішкі бауындан қабыса байланысып жатқан арналар болып табылады. Әсіресе, орта ғасырлардың жазба әдебиетінен көрініс беретін фольклорлық мотивтердің түпнегізін анықтау оңайға соқтайдыны белгілі. Дегенмен, қандай да бір әдеби құбылыстың генезисі этногенез төркінін тануға бастайтыны анық. Сондықтан салыстырылып отырған әдеби нысанның типологиялық негіздерін тану үшін, халықтар тарихына терең бойлап, тарихи-мәдени танымдық бірліктे зерделемейінше, нақты нәтижеге жету мүмкін емес. Әдебиет пен фольклордағы типологиялық зерттеу әдісінің құрделі жағын осыдан аңғаруға болады. Бұл мақсатта «Оғыз-нама», «Қорқыт ата кітабы» сынды оғыздардың ғажайып эпостық мұрасының дүниеге келу себептеріне шолу жасайтын болсақ, тамыры тереңге бойлаған түркі жазба әдебиетінің әлем мәдениетіндегі алатын орны айқындала түседі.

Ежелгі оғыз ру-тайпаларының Сыр бойынын оң жақ жағалауынан бастап, бүгінгі қазақ жері Дешті-Қыпшаққа дейін және Сырдың сол жағалауынан ары қарай, бүтінгі Түркіменстан жері мен Әзербайжан аймағына дейінгі жерлерде көшіп-конып жүргені тарихтан белгілі. Орта ғасырларға дейінгі уақытта оғыздар Орталық Азия аймағындағы қыпшак, қарлұқтармен аралас отырып, діни наным-сенімі, салт-дәстүрі ортақ арнада дамып жетілді. Бүгінгі қазақ халқының негізін құраған қият, қыпшак, қанұлы рулары жайындағы аңыздық деректердің «Оғыз-намада» көрініс беруі осыны аңғартады.

ХІ ғасыр басында Сырдың орта және төменгі ағысындағы ай-мақты қоныстанған оғыздар ірі мемлекеттің біріне айналды. Осы кездері Қыпшақ бірлестіктерінің де күшейіп, оғыздарды ығыстыруы салдарынан олардың бір бөлігі Кіші Азия мен Шығыс Еуропага қоныс аудара бастады. Кіші Азияда Селжүктегер империясын құрған оғыздар кейіннен аса қуатты Осман империясының негізін қалауды. Міне, осындай құрделі жаугершілік тарихи кезеңдерді басынан өткерген жауынгер оғызы елі, түрлі мәдениеттер алмасқан үдерістер негізінде қалыптасты.

Ауыз әдебиетінен тамыр тартқан «Оғыз-нама» дастаны мен «Корқыт ата кітабы» көне оғыздардың тарихи-әдеби жылнамасы іспеттес. Оғыз-қыпшақ жазба мәдениетінің көрнекті үлгілері болып табылатын осы мұралардағы фольклорлық мотивтердің бөгде елдер әдебиеті мен фольклорында қайталанып келуі себептері де аз емес. Осы ретте ортағасырлық жазба әдебиетінде жиі кездесетін сан алуан ортақ белгілердің, соның ішінде көшпелі сюжеттердің де қайталанып отыруы, тақырып пен идеялар үндестігі ی болмаса көркемдік әдістер қолданысындағы бірізділіктер мен шығарма құрылымындағы біртекті құбылыстар типологиядық зерттеу әдісінің түрлі аспекттерінде жан-жақты қарастырылуды талап етеді. Бұл тұрғыда бірінші кезекте, «типология» термині этимологиясының өзі айтып тұрғандай (грек *тіл. түрос-қолтаңба* үлгісі – logos-ılım) қолтаңба үлгісінің әуелі қай ұлттың көркем сез өнерінен бастау алғанын немесе нақты қай автордың қаламына тиесілі екенін анықтау қажеттілігі туындаиды. Осы тұрғыда ортақ белгілердің генезисіне үңіле зерттеу – типологиялық зерттеудегі ең маңызды маселелердің бірі.

Жалпы, қоғамдық ғылымдарда типология әдісін қолдану біздің заманымызға дейін-ақ жүзеге аса бастаған. Аталған тәсілдің тиімділігін алғаш байқаған антикалық тарихшылар еді. Олар ең алғаш әлем елдерін аралап, көрген-білгенін салыстыра жазып отырған. Олардың ең басында тұрғаны әлемге «тарихтың атасы» атымен танымал грек жылнамашысы – Геродот. Отандық ғалымдардың пікірінше типология әдісінің іргетасын қалаушы ретінде «Пелопоннес соғысының тарихын» жазған Олор Фу-

кидиidтің (б.з.б. V ғ.) есімі бірінші аталады¹, алайда оның үстазы саналған Геродотты Фукидидттен бұрын атау орынды сияқты.

Адамзаттың эволюциялық беталысында табиғи дамудың жалпыға ортақ зандалықтары әдебиетке де тән. Түрлі ұлттар әдебиетіндегі ортақ зандалықтардың болуын адамзатқа әрбір тарихи дәуірлер тудырган ортақ мақсаттардан іздеуіміз қажет»², – деп пайымдаған зерттеуші Г.Н. Поспелов пікіріне зер салсақ, әр елдің табиғи даму үдерісінде пайда болған өзгерістер арқылы туындаған әдеби ұқсастықтардың өзі жалпыға ортақ ерекшеліктердің бірі. Осы түрғыда «Оғыз-нама» дастаны мен «Қорқыт ата кітабының» идеялық тұғырынан жалпы адамзатқа ортақ санадан туындастырылған мотивтер жүйесін көреміз. Біріншісі, жалпыадамзаттық таным ортақтығынан туындастырылған мотивтер болса, екіншісі құллі халықтарға тән мұdde ортақтығынан туындастырылған сарындар. Аталмыш мұраларда көрініс беретін фольклорлық мотивтердің танымдық тірегі мифтік сана аясында көрінеді. Оны, әсіресе, «Оғыз-нама» дастанынан көбірек аңгарамыз. Осы түрғыда оғыздардың ауыз әдебиеті мен жазба мұраларында жиі кездесетін тұрақты мотивтердің бірі «күн нұрына» байланысты туындаиды. Күн нұры мотиві оғыз-қыпшақ әдебиетінде көбінесе адамның немесе тотемнің пайда болуына байланысты көрініс беріп отырады. Мысалы, «Оғыз-нама» дастанында Оғыздың дүниеге келуі мен жар таңдауы да ежелгі мифтерде кездесетін ғажайып оқиғамен байланысты көрініс беретінін мына жолдардан аңгарамыз: «... Тағы күндерде бір күн Оғыз қаған бір жерде тәнірге жалбарынды. Қараңғылық түсті. Көктен бір көк жарық түсті. Күннен жарық, айдан көгілдірек еді. Осы жарықтың ішінде бір қызы бар еді, жалғыз отырап еді»³. Оғыз осы күн жарығынан пайда болған қызыға үйленіп, одан туған бірінші баласының есімін күнмен байланыстыра Күн деп, екіншісін Ай, ал үшіншісін Жұлдыз деп атайды.

1 Тұрсынов Е. Типологияның комплексі жүйесі туралы // Қазақ фольклорының типологиясы. – Түркістан: Тұран, 2009. – 367 б.

2 Поспелов Г. Н. Теория литературы. – Москва: Высш. Школа, 1978. – с 351.

3 Оғыз-нама // Әдеби жәдігерлер. Т.1. Көне дәуірдегі әдеби ескерткіштер. – Алматы: Таймас, 2007. – 307 б.

Адам есімін аспандағы Күн мен Айға байланысты атая дуние жүзі елдерінде кездеседі. Бұл құбылыстың типологиялық негіздеріне үнілсек, ең әуелі адамзаттың рухани даму эволюциясындағы сана ортақтығына көз жеткіземіз. Оның негізгі белгілері – қоршаған орта мен табиғат құбылыстарының мән-жайына қаңық болуға ұмтылуы. Адамзаттың даму жолындағы ең ежелгі науралистік дәуірде-ақ, адамды басқа тіршілік иелерінен бөлек-тейтін қос қажеттілігі болды. Бұл қажеттіліктің екеуі де тылсым табиғат, қоршаған ортадан нәр алуға бағытталған зәруліктер-тін. Тұмысынан табиғаттың тылсым құштерімен біте қайнасып тірлік кешкен ежелгі адамның бірінші қорегі күнделікті күн көріс қамынан туатын тұрмыстық қажеттілік болса, екіншісі рухани мұқтаждықтан тұратын жан азығы. Осы тұрғыда жер бетінің аса байырғы тұрғындары табиғаттың болмыс, бітімімен қай жағынан болмасын, тығыз байланыста күн кешуге мүдделі болды. Әсіресе, көніліне медет қылар рухани сүйенішке мұқтаждығын сезінді. Сана-сезімі, ойлау жүйесі енді жетіліп, түйсіргі ояна бастаған адамзат енді табиғат жаратылыстарының өзінен шын мәнінде рухани пана тауып отырды. Осы негізде қандай да бір ұғым-түсініктер қалыптастырыды. Осыдан келіп, өздерінің бұл дүниеге келуіне себепкер болған жаратқан иесін іздеуге деген талпынысы арта тұсті. Бұл талпының адамзат руханиятының табиғи даму жолындағы бастаушы құбылыстың бірі болатын. Тіпті, Жаратқан Иені жерден емес, көктен іздеуінің өзі адам санасының даму көрсеткішіндегі болды. Осы тұрғыда түркілердің арғы тегі саналатын сақтар дәүірінен сыр шертетін «Күнге мадақ» өлеңіне назар аударсак:

Біз тұлпарлары қанатты,
Мәңгілік жарыққа,
Күнге сиынамыз.
...Жерде әрі көкте
Тәнірінің көнілін табады,
Кімде-кім Күнге,
Мәңгілік жарыққа сиынса.

... Жаратқан Жалғыз Иеміздей,
Күнге табынамыз әрі мадақтаймыз⁴ –

деп, сақ дәуіріндегі ата-бабаларымыздың адамды жаратқан ие, жалғыз ғана құдайдың аспанда екенін меңзейтін ой түсінігінің күесі боламыз. Аталмыш мадақ жыры мөлшермен б.з.д. 630/18 жылдары сақтар елінен шықты делініп жүрген адамзат тарихындағы тұнғыш пайғамбарлардың бірі, алғашқы діни және философиялық танымның негізін қалаған Заратуштраның рухани мұрасы болып табылады. Оның Күнге сиынатын болсаң ғана жер мен көктің иесі Тәңірдің көңілін табасың деген жолдарынан Күн мен Тәңірді ортақ ұғымдық бірлікте уағыздайтындығына көз жеткіземіз.

Орталық Азияда пайда болған заратуштрашылдықтың (зороастризм) Үндістан, Иран, Ирак және Таяу Шығыс елдерінде кең таралғандығы туралы болжамды ағылшын ғалымы Мэри Боис, В. Бартольд, А. Маковельский, А. Бернштам және Э. Марғұлан еңбектерінен кездестіреміз. Бұл мәселені В. М. Жирмунский ұсынған тиімді типологиялық әдістің бірі тарихи-генетикалық салыстырмалы зерттеулер тұрғысында зерделейтін болсақ, зороастризмнің бір тармағы болып табылатын Тәңірлік діннің кіндігі Орта Азия аймағы болып табылады. Кез келген дін атаулының кең таралуына жазба мәдениеті зор ықпал ететін болса, жазба мәдениеттің өзінің шарықтап дамуына діннің ықпалы аса зор. Оған осы зороастра дінінің «Авеста», христиандардың «Библия /Інжіл/» мұсылмандардың «Құран кәрім» сынды киелі кітаптары қуә. Осы орайда Н. И. Конрадтың «Әдеби құбылыстардың әу бастан – ақ табиғаты ортақ»⁵ деген тұжырымы үлкен қолдауға ие болуда.

Мысалы, жердің ең байырғы тұрғындарының ішінде мысырлықтар, шумерлер, эламдар мен үнділердің күнді аса қастерлеп, «культ» ретінде сиынып-табынғандығын олардың антикалық жазбаларынан кездестіреміз. Байырғы арабтар да ислам

4 Күнге мадақ // Әдеби жәдігерлер. Т.1. Көне дәуірдегі әдеби ескерткіштер. – Алматы: Таймас, 2007. – 11 б.

5 Конрад Н. И. Запад и Восток. – Москва: Наука, – 1972. С. 427.

діні пайда болмай тұрғанда аспан денелері Ай мен Күнге табынған. Орта Азияның оңтүстік бөлігі тұрғындары, әсіресе, үнділер кезінде Күн есімінің бірін «Рави» деп атап, оған дербес құдайдың бірі ретінде сиынса, мысырлықтар күн құдайын «Амон-Ра» (Күн құдайы) деп атаған.

Амон-Ра ұғымы ежелгі дәуірлерде мысырлықтар үшін ең басты құдай ретінде айрықша дәріптеліп, халықты осы тұрғыда біркүдайлық дінге бағынуға баулыды десе де болады. XIX ғасырдың басында француз ғалымы Жан Франсуа Шампольон Ніл өзені бойынан табылған бірнеше мың жылдық тарихы бар «розетта» тасынан, Рамзес есімі ойылып жазылған иероглифтік таңбаларды алғаш оқып, әлемдік сенсация жасағаны белгілі. Өздерін құдаймен қатар қойған фараондар династиясы есімдерін (Рамзес - Рамессу /Күннен туған/) Күн баласы деп атауды жөн көрген. Ал олардың кейінгі патшалары есімінің соңғы буыны күнмен байланыстырылып, Джедефра, Хафра, Менкаура т.б. осыған мән-дес атаулармен аталаған. Олардың ертедегі аңыздарында тіпті Сахура, Неферикара сынды фараондарды шын мәнінде Күннен, яғни Ра-дан туған деген иландырулар кездеседі.

Түркітанушы ғалым В. Я. Пропп осы мәселеде ежелгі халық фольклорында көрініс беретін наным-сенімдер бойынша, қарапайым адамдар қалыпты жағдайда дуниеге келсе, патшалардың аспаннан жаралуы олардың артықшылығын көрсету мақсатында айтылғандығына мән берген. Ғалым, әсіресе, египеттіктердің өздерін «күннің құдайы Ра (күннің) ұрпағымыз» деп санайтынына назар аудара отырып, мұндай жағдайлар қытай императорларында аса жіңі кездескенін атап көрсеткен.⁶

Ежелгі гректер де өз құдайларының есімін Күн, Ай сынды аспан кереметтерімен атаған. Олардың ежелгі мифтерінде аспан құдайлары жайында таңғажайып оқигалар мол кездеседі. Көркем тілмен баяндалған антикалық мифтік жазбалардағы мына жолдарға назар аударалық: «Жер оянғанда Күн құдайы - Гелиости қуанышпен қарсы алады. ...Нүр шапакты тәж бен жарқыраған ұзын киім киген ол аспанмен жүріп келе жатып, жерге өзінің тіршілік нұрын төгеді, оған жарық, жылу мен өмір береді.

6 Пропп В. Я. Фольклор и действительность. – Москва: Наука, 1976. – с. 207.

Өзінің бір күндік жолын жүріп өткен соң, күн құдайы шығыс жаққа, күн еліне бет алады. Гелиос келесі күні бұрынғы жаркыраған қалпына тұсу үшін сарайында тұні бойы дем алады» ал, Ай құдайының кереметін бейнелеген мына жолдар: «Міне, шығыстан жеп-женіл сәуле көрінді. Ол сәүле барған сайын қүшіе тусуде. Бұл аспанға көтеріліп келе жатқан әйел құдай Ай – Селена. ...Ол үйікташ жатқан жерге бейкүнә сәулесін жіберіп, дүниенің бәрін күміс шұғылаға бәледі»⁷.

Әлемдік тарихта өшпес із қалдырған түркі халықтарының арғы тегі ғұндар да өз басшыларын тәніркүты яғни Шенлигуту аспан, Күн баласы деп атаған. Мәде /Мете/ тәніркүты мен оның мирасқоры Леузан тәніркүттари жайлы деректер қытайдың атақты «Ғұн тарихының жылнамасында» жазылған. Бұл кітапта: «Тәніркүт дегеніміз – күн ұлылықтың бейнесі, аспандай тәнір деген сөз»⁸ деп жазылған.

Осы түрғыдан түркілік Тәнір ұғымы генезисінің түпнегізі қаншалықты теренден бастау алатындығын байқаймыз. Ш. Үәлиханов кезінде: «Аспан-Көк не істеймін десе де ерікті, жарылқайтын да, жазғыратын да сол. Адамның, халықтардың жақсы-жаман болуы соның еркіне байланысты. Тәнірі жарылқасын, көк соққан, көк соққыр деген сөздер шаман дінінен шыққандығы аңғарылады»⁹ деп пайымдаған болатын. «Күн» культінің түркілер мен монгол халықтарының әдебиеті мен фольклорында пайда болу себептерін қарастырған зерттеуші М. Жұмаділова оны діни наным-сенімдермен тығыз байланыстырады. Жас зерттеуші әдеби кейіпкерлердің дүниеге келуіне байланысты тұған күн нұрынан жаралу мотивінің ерте замандағы шаман дініндегі Көк аспан, Күн мен Айға табынуынан пайда болып, соңынан Тәнірге сиынумен ұласатындығын айттып өтеді.¹⁰

7 Күн Н.А. Ежелгі Греция мифтері мен аңыздары. – Алматы: Мектеп, 1979. – 504 б.

8 Ғұн тарихының жылнамасы. Қытай тілінен аударған А. Мұтәліп, Т. Жиылұлы. – Түркістан: 2004. – 221 б.

9 Үәлиханов Ш. Мақалалары мен хаттары. – Алматы: Фылым. – 1949. – 29 б.

10 Жұмаділова М. Қазақ фольклорының эпикалық жанрларындағы ғажайып туу мотиві: филол.ғыл.канд...дисс. – Алматы. – 2001. – 20 б.

Тәңірге байланысты ұғымдарды Орхон жазбалары, Құлтегін, Білге қаған, Тонықөк сынды жәдігерлерден жиі кездестіреміз. Құлтегін ескерткішінде: «Жоғарыда көк Тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған. Адам баласы үстіне ата-бабам Бұмын-қаған, Иstemі қаған /таққа/ отырған. ...Түрік халқының атақ-даңқы өшпесін деп, Әкем қағанды, Анам қатынды көтерген Тәңірі өзімді қаған /тағына/ отыргызы» деп, анаға қараганда әкені көкке жақындалса, Білге қаған ескерткішінде Білге қаған өзін Тәңір текті, Тәңірден жара-тылған түрік Білге қаған бөдке /таққа/ отырдым», – деп жазды.¹¹

Сюжеттер желісіндегі маңызды оқиғаларды Тәңір құдыретімен астасыра бейнелеу оғыз-қыпшақ жазбаларына да тән. «Қорқыт ата кітабында»: «Тәңірge сыйынбаған адамның тілегі қабыл болмайды. Тәңірісі қаламаса, ешкімнің бірі екеу болмайды, Тәңір пеңдесінің мандайына не жазса, сол болады»¹² деген сияқты Қорқыт атасың атынан айтылған уағыздар мол кездеседі. Бұл кітаптағы он екі жырдың сюжет желісі де Тәңірлік ұғыммен байланыстырылған. Ондағы жыр кейіпкерлерінің басына түскен қыын-қыстау сәттерде тек тәңірge ғана жалбaryнып, Тәңірдің оларды жарылқай демеп отыратындығы жиі көрініс береді. Мысалы, Бисат батырды алдап күмбезге кіргізген Төбекөз күмбезді құлатып, Бисатты өлтірмекші болған сәтте амалы құрыған Бисат қорқып кетіп: «Ей, Тәңірім, өзіңнен басқа сенерім жоқ» деп мінажат қылады. Ол дәүмен құрған диалогында тек «Мені Тәңірі құтқарсын», «Тәңірі жарылқаған адамға ажал жоқ» деп Тәңірді аузынан тастанмайды. Сондай-ақ, «Қорқыт ата кітабында» «Тәңір үшін шайқасып, жауды ойсырата жеңермін» деген жолдар да кездесіп қалады.

Бүгінде еліміздегі бірқатар философтар адамның табиғатқа табынуын табиғатты субъект ретінде қабылдауынан туған де-рекіз ойлаудың жемісі деген пікірлер айтуда. Дегенмен, сонау ықылым замандарда яғни қоршаган табиғатты тану заманында-

11 Білге қаған // Әдеби жәдігерлер. Т.1. Көне дәүірдегі әдеби ескерткіштер. – Алматы: Таймас, 2007. – 11 б.

12 Қорқыт ата кітабы // Әдеби жәдігерлер. Т.1. Көне дәүірдегі әдеби ескерткіштер. – Алматы: Таймас, 2007. – 318 б.

ақ, бір құдайлық дін дәрежесіне көтерілген «тengrizmді» түркілердің дерексіз ойлау жемісі емес, ортақ сенім арқылы түркі әлемінің басын біріктіру мақсатында пайда болған саналы ойлаудың жемісі деп қарастыру орынды. Себебі, ортақ дін – Тәнірге табынуы арқылы ежелгі түркілердің өзіндік салт-дәстүрі, ортақ наным-сенімі қалыптасып, олардың қуатты бірлікке айнала бастауына ирі әсері мол болды. Осы түрғыда «Қорқыт ата кітабының» мына жолдары да назар аудараптық: «...бір кезде гәүірдің күші басып, бала әлсіреді. Бала Тәнірге жалбарынды: «О, көк тәнірі, шапағат ет маған, ақ дидарыңды ешкім көрғен-білген емес. Сен Адам атанаң басына тәж кигізіп, сайтанға қарғыс таңбасын салып, оны жұмақтан қудың. Әзірейіл Ибрахимді Намруд отына салғанда, сен оны гулге айналдырың. Жасаған жаппар тәнірі, бір өзіңнен басқа сенерім жоқ. Қолдай көр мені!» деді бала. Сонда гәүір балаға: «Тәніріңе сиына бер, бала. Сенде ол біреу болса, менде жетпіс, солардың суретіне табынамын» деді. Баланың мінәжаты қабыл болып, оған қырық кісінің күші бітті»¹³. Міне, «Қорқыт ата кітабындағы» осы жолдардың өзі ежелгі мифтік сюжеттен бастау алады.

Еуропа зерттеушілерінің ішінен неміс ғалымы Г. Дёрфер «тәніршілдік» түркілердің бір құдайға табынуының көрінісі екенін назарға алса, Геродот сынды антика дәүірінің тарихшысы сақтар мен сарматтардың Тәнірге табынатынын және оны таза рухани түрғыдан қабылдайтынын өз еңбектерінде жазып кетеді.¹⁴

Көне түркі ауыз әдебиеті мен фольклорының сюжеттер желісінде кең тараған мотивтердің бірі «ғажайып туу» мотиві. Ғажайып туу мотивінің алуан түрлі көрінісін «Оғыз-нама» және «Қорқыт ата кітабынан» кездестіреміз. Көрнекті зерттеуші ғалым В. Я. Пропп дүниежүзі фольклорының ең көне жанрларында пайда болған ғажайып туу мотивінің пайда болу принциптерін тым ертеректегі наным-сенімдермен, кульптік, рәсімдік мәселе-

13 Қорқыт ата кітабы // Әдеби жәдігерлер. Т.1. Көне дәүірдегі әдеби ескерткіштер. – Алматы: Таймас, 2007. – 326 б.

14 Геродот. Памятники исторической мысли / История. /Пер. Г.А. Стратановского/Л.: Наука, – 1972. – С.356

лермен тығыз байланысты екенін айта отырып, адамның ғайыптан тууына матриархат дәүіріндегі өмір сүрген алғашқы қауымдық адамдар шынайы сенгендігін атап көрсеткен.¹⁵ Ал академик С. А. Қасқабасов ғажайып түү мотивін ертегі мен эпос сюжеттеріндегі тұрақты элементтердің бірі ретінде қарастырган. Фалым М. О. Косвен, В. Я. Пропп, А. Н. Веселовский, П. Лафарг, В. Жирмунский еңбектерін негізге ала: «матриархат дәүірінде тотемизмді ұстанған қауым адамның ғайыптан туу мүмкіндігіне сенген»¹⁶ деген тұжырымға келеді. Ол бұл мотивтің бүкіл әлем халықтарының ауыз әдебиетінде, діни аңыздары мен шежірелерінде орын алғандығына назар аударған. Зерттеуші кейіннен патриархалдық федализм дәүірінде бұрынғы ғайыптан туу мотиві сол заманғы аталық (отцовство) тек жайындағы түсінікке қайшы келе бастағанын, мәселен патшаны немесе ел қадірлайтін батырды әкесіз (некесіз) туды деу оның тегіне, сүйегіне өшпес дақ түсіру болып табылуына байланысты ғайыптан туу мотиві ерекше жағдайда туу мотивіне ауысқанын атап көрсетеді¹⁷. Сонымен қатар С. А. Қасқабасов ғажайып түү жайлы аңыздарды түрлерге бөле қарастырган В. Я. Пропп еңбектеріне жүргіне отырып, Африка, Америка, және Австралия ру-тайпаларының адамның дүғадан, ішкен судан, пештен /ошақтан/, жемістерден жаралды деген түсініктері болғанын және осыған байланысты А. Н. Веселовский атап көрсеткен ғажайып түү түрлерін, мысалы, фин халқының жемістен тууы, кельттер мен парсылардың аңыздарында адамның дымнан жаралуы, Австралия мен Океанияның көне түрғындарының ауызекі шығармаларында әйелдер баланы кокос жаңғағы, өсімдік, кісі етін, тотемдік аңының етін жеп те көтере беретіндігін мысал ретінде келтірген.¹⁸

Ғажайып түү мотиві сайып келгенде, қарабайыр санадағы ең ежелгі адамдардың шын мәнінде адамның пайда болуы, әйел

15 Пропп В. Я. Фольклор и действительность. – Москва: Наука, – 1976. – с. 206.

16 Қасқабасов С. Ертек пен эпостың сюжеттік типологиясы // Қазақ фольклорының типологиясы. – Алматы: Ғылым, – 1981. – 237 б.

17 Қасқабасов С. Ертек пен эпостың сюжеттік типологиясы // Қазақ фольклорының типологиясы. – Алматы: Ғылым, – 1981. – 245 б.

18 Сонда, 245 б.

мен ер адам арасындағы некелік бас қосудың жемісі екендігін білмей тұрган кезден бастап, пайда бола бастады. Ана еркі дәүіріндегі алғашқы қауымдық адамдар адамның ана құрсағынан өсіп-жетіліп, жарық дүниеге келгендігіне мән бере отырып, әйел ананың орнын жоғары дәрежеге көтерген.

Қасиетті тотемдер арқылы тек анамен ғана байланысты туындаған ғажайып сарындар осыны аңғартады. Уақыт өте келе, адам санасы жетілген сайын көркем ойлау кемелдігі пайда бола бастады. Тіпті, бұғінгі заман тұрғысынан қарайтын болсақ, ғажайып туу мотивтерінің пайда болуының өзі алғашқы адамдардың көркем ойлау дәрежесіне көтерілгендейді. Бір қызығы, бұл алғашқы қауымдық кезеңде пайда болған архаикалық антропогоникалық мифтердің орта ғасырлық шежірелік сипаттағы тарихнамалық әдеби жазба мұраларда молынан көрініс бергендігі. Мұның өзі тым ерте заманда пайда болған көркем ойлау жүйесінің уақыт тезінен сүрінбей өткен өміршендейдін дәлелдейді.

А. Н. Веселовский де ғажайып туу мотиві тек аналық ру заманында пайда болуы мүмкін деген ойға келе отырып, бұл негіз-демесін нақты дәлелдеуге тырысқан. Ол бұл құбылысты көне ру кезеңінде пайда болған тотемдік наным-сенімдермен тікелей байланыста қарастыра келе, кез келген тотемдік ұғымдардың таза әйел анамен ғана байланысты болғандығын аңғарған. Мәселең, ғалым ғажайып туу мотивінің, әсіресе, адамның күн нұрынан жаралуын қазақтар мен татар халқының ауыз әдебиетінде өте жиі кездесетініне мән береді. Сөйтіп, өз еңбегінде осы халықтардың нұрдан жаралуына байланысты туған мифтер мен аңыз әңгімелерден мысал келтіріп, кейбір татар тайпаларының тегін Аланкуадан тарататындығына тоқталады.¹⁹

Адамның күн нұрынан жаралуы, әсіресе, Аланкуага байланысты туған мотивті Рашид ад-диннің «Жамиғ-ат тауарихы» және Шарафаддин Эли Иәздидің «Зафарнамасынан» бастап, тіпті орта ғасырлардың ең соңғы дәуірлерінде жазылған осы текстес мұраларда, солардың ішінде Қазақ Хандығы құрылған кезеңдерде дүниеге келген Мұхаммед Хайдардың «Тарих-и Рашиді», Өтеміс қажының «Шыңғыснама», Камал ад-дин Бинаидың

19 Веселовский А. Н. Историческая поэтика. – Ленинград, 1940. – с. 490.

«Шайбанинама», Әбілгазы ибн Араб Мұхаммедханның «Түрік шежіресі» мен «Түрікмен шежіресі» және Қадырғали Қосымұлының «Шежірелер жинағы» сияқты әдеби жәдігерлерден кездестіреміз.

Зерттеуіміз фольклорлық мотивтерді жазба әдебиетімен типологиялық байланыста қарастыру болғандықтан, адамның ғажайып туу мотивін аталмыш туындылардағы көрінісіне тоқтатып өтөлік. Адамның нұрдан жаралуына байланысты тұған сюжеттердің ішінде ортағасырларда ең көп таралған мотив – Аланқуаның таңғажайып хикаясы. Аталған мұралардың ішінен «Тарих-и Рашидиden» басқа жазбалардың барлығында Алаңқуа оқиғасы Шыңғыс ханның дүниеге келуімен байланыстырылған. Ондағы аңыз бойынша, күн нұрынан жаралған балалардың бірі – Бұзынжардан таралғандығы. Ал, Мұхаммед Хайдардың «Тарих-и Рашидиінде» осы хикая бойынша күн нұрынан жүкті болған Аланқуа емес, оның анасы Көрік екендігі айтылады. Туындыда нұрдан жаралған Аланқуаның Көрік сұлудан тұғаны, оның Тоғлық Темірдің арғы атасы екендігі баяндалады.²⁰ Бұл жерде келтіріліп отырған аңыз оқиғаның әр жазбада аздап өзгеріске үшірап отырғандығын байқаймыз. Мұхаммед Хайдардың «Тарих-и Рашиди» атты көркем жазба туындысын қазақ тіліне аударып, зерттеген ғалым И. Жеменей еңбегіне жүгінер болсақ, оның пікірінше, Алаңқуаға байланысты тұған аңыздың «Тарих-и Рашиди» шежіресінде көрініс табуы автордың әдебиеттегі «тәлмиң» тәсілін қолдана білгендігі болып табылған²¹. Ғалым еңбегіне құрметпен қарағанымызben, «тәлмиң» пән сөзінің этимологиясына үңілсек, бұл пікірдің түсініксіздігін айту керек сияқты.

Сонымен қатар бұл көшпелі сюжеттермен ілесе жүрген тұрақты ғажайып туу мотиві түркі-монгол жазба әдебиетіне де ортақ. Себебі, Аланқуа балаларының нұрдан жаралғаны туралы аңыз тек жоғарыда аталған түркілердің туындыларында ғана емес, монгол халқының авторы белгісіз «Монғолдың құпия шежіресі» мен Лувсанданзанның «Алтын шежіресінде» де кезде-

20 Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. – Алматы: М.Х. Дулати қоғамдық қоры, 2003. – 44 б.

21 Жеменей И. Мұхаммед Хайдар Дулат. – Алматы, Зерде, 2007. – 352 6.

седі. Монголдың бұл жазба мұраларындағы аталмыш мотивтерде Рашид ад-диннің «Жамиғ-ат тауарихында» көлтірілген мотивтермен ұқсас келеді. «Монголдың құпия шежіресінде» Добұн мерген қайтыс болса да, оның жесір әйелі Алұн сұлудың Бұқақатық, Бұқа-салжы, Бодыншар-мәжүн деген үш ұл туады. Сонда Алұн сұлу тұн сайын бір ақ сары адамның үйін жап-жарық қылып кіріп келіп, оның құрсағын сипағанда оның нұрынан жүкті болғандығын айта отырып: «Алланың асасына берген ұлдар ғой бұлар»²² деп сөзін аяқтаса, «Алтын шежіреде» де бұл оқиғаның сюжет желісі осыған ұқсас көрініс береді. Мұнда Аланқуа былай деген: «...Әр тұн сайын шаңырақтан түскен сәуле секілді, әлдебір ақсары адам кіріп келіп, құрсағымды сипаушы еді, таң ата сары иттің кейіпінде кіріп, жаланып шығып кетүші еді. Соған қарағанда бұл балалар Көк Тәнірінің ұрпағы болар деймін...». ²³ «Құпия шежіреде» де сары адам бейнесіндегі нұрдың сары итке айналып, еркелеп шығып кететіндігі айтылған. «Оғыз-намадағы» күн нұры мотивінің де негізінде көк бәрімен байланыста көрініс беретіндігіне назар аударар болсак, адам жаратылысындағы «күн» күльті мен «бәрі» тотемі сияқты қасиетті ұғымдардың түркі-монгол ауыз әдебиетіндегі тығыз байланысын аңғарамыз.

Бұл оқиғаның «Түрік шежіресі» мен «Шежірелер жинағынан» көрініс беруіне мәтіндік салыстыру жасап көретін болсақ, «Түрік шежіресіндегі» Аланқуа оқиғасы монгол шежірелеріндегі оқиғаларға ұқсас көрініс берген. Онда да тұндіктен түскен жарық нұрдан адам бейнесінің елес беруі, сонында Алан сұлудың жүкті болып дүниеге бала әкелуімен аяқталады.²⁴ Ал Қадыргали Қосымұлы туындысы да Алан-Куа оқиғасына байланысты. Онда «Алан-Куа хатунның ері Добун-Баян туралы дастан» деген арнайы тарапу беріліп, бұл жазба жәдігерде аталмыш оқиға сюжеті алдыңғы монгол жазбаларындағыдай дәлме-дәл ұқсасады.²⁵ Қосымұлы

22 Монголдық құпия шежіресі. (XII-XIII ғасырларларғы көшпелілер шежіресі. ауд. М. Султанияұлы) – Алматы: Өнер, 1998. – 28 б.

23 Лувсанданзан. Алтын шежіре. (ауд. А. Мауқараұлы). – Алматы: Өнер, 1998. – 16 б.

24 Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 208 б.

25 Жалайыр Қ. Шежірелер жинағы. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 35 б.

да «Құпия шежіредегідей» аталмыш оқиғаның тек бір Алланың ғана қалауымен болғандығына сендіре отырып, Алланы дәрілтеп болай деп жалғастырады: «...Ғаламда болып жатқан қарапайым болмыстан небір ғажайып оқиғалардың, Жаратушы жаратқан Иемнің хикметті құдіретінің ісі екенін көреміз. Құдіреті күшті жаратушының мейір-шапағаты түсіп, кейбір пендесін адамзаттан асырып жаратқанына, шексіз кереметтігіне жақсы да, жаман да таң-тамаша болады. Алла тағаланың адам баласы мен бүкіл дүниедегі тіршіліктे болып жатқаның тізгіні бір өзінің қолында екені белгілі. Бәрі де Алланың қолдауымен, оның әмірімен іске асады! Осы ойымыздың дәлелі ретінде Алан-Куамен болған таң-ғажайып оқиғаны айтар едік.. бұл жайдың растығы бізге дейінгі шежірлердің үлесіне тиеді».²⁶ Бұл жолдарды жазып отырған автордың, яғни Қ. Қосымұлының XVII ғасырдың басында әмір сүргендігіне қарамастан, ғажайып туу оқиғасының шын мәнінде әмірде болғанына өзі де иланып, оқырманын да нануға шақырады. Осы мәселеде бірнеше жайтты аңғаруға болады. Біріншіден, бұл ежелгі мифтік мотивтің ортағасырларда канондық дәрежеге дейін жеткендігі соншалық, жаңа дәуір босағасына аса таяу тұрған қаламгердің объективті пайымдау мүмкіндігінен айырылып, субъективті тұрғыда абстрактты ойлауға байланып қалғандығына көз жеткізсек, екіншіден, аталмыш мотивтің діни сипат алуы себепті маңызды сипатқа ие болғандығын аңғарамыз.

Кейіпкердің ғажайып тууы жайындағы мотивтердің әр ке-зендеңгі айтушылардың дүниетанымына сәйкес өзгеріске ұшырап отырғандығына қарамастан, жазба әдебиет тарихының бастапқы кезеңдерін бастап, жаңа дәуірлік кезеңдерге дейін, яғни, XV-XVII ғасырларға дейін жалғасуы олардың шын мәнінде әміршендігін дәлелдейді.

Тұрлі сюжеттерге құрылған мифтік-аңыздық мотивтер, сайып келгенде, әр елдің ұлы тарихи тұлғаларын қарапайым жұмыр басты пенdedен жоғары қойып, ерекше жаралған жан ретінде көрсету мақсатында қолданылған.

Зерттеушілердің бірқатары, әсіресе, фольклордағы типология мәселесін қарастырып келген ғалымдардың көшпілігі эпика-

26 Жалайыр Қ. Шежірелер жинағы. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 33 б.

лық шығармалардың ішкі құрылышын, типологиялық белгілерін ажыратуда мотивтің атқарар ролін ерекше атайды.

Жалпы, «мотив» (сарын) ұғымына аз-маз тоқталып өтсек, мотив [motif] – француз тілінде « себепке түрткі болу» деген мағынаны береді. Ал, оның әдебиетке қатыстылығы А. Н. Веселовский анықтамасы бойынша сюжеттен бір елі де ажырамайтын шағын ғана «жасуша», қарапайым ғана баяндаушы бірлік, дегенмен олар стилистикалық формулалар сияқты айқын образдар жүйесі арқылы жанасып кеткенде адам санасын оятатын жүйеке жүйесі іспеттес қызмет атқаратын болса,²⁷ зерттеуші Б. Н. Путиловтың пайымдауынша мотивтер, біріншіден, сюжетті жасауға қатысады, екіншіден, поэтикалық формалар мен көркемдік бейнелеу қуралдарын топтастыруды да негізгі міндеттерді атқарады.²⁸ Тағы бірқатар ғалымдар анықтамасы бойынша мотивтер (сарындар) көркем шығармалардың сюжеттік желісінің қарапайым бірлігі ретінде көрінеді.

Түрлі халықтардың фольклоры мен әдебиеті жалпы адамзаттың ортақ рухани құндылықтар қазынасын құрайды. Екеуі де, әсіресе, фольклорлық мұралар, рухани мәдениет дамуының көркемдік ойлау жетістіктерін жинақтай жалғастыруышы сипаттымен құнды болса, жазба әдебиет жеке ұлттардың әлем өркениеті кеңістігіндегі өзінің даралығымен қоса, ортақ үндестіктерін де қамтыған күрделі болмысымен ерекше. Бұл ретте, фольклортанушы Ш. Жандос «Әр түрлі ұлттардың рухани әлеміндегі типологиялық ортақтастықтардың сырын ашу, халықтың бір-бірін жақын түсінуіне, тануына жол ашары сөзсіз. Түркі-монгол халықтарының сандаған ғасырлық рухани-мәдени дамуы, типология ауқымындағы тарихи-фольклорлық, тарихи-әдеби процеске негіз боларлық талай құнды дүниелерді мұра етіп қалдырыды. Құндылықты сөз еткенде, сандаған эпостардың араласуы нә-

27 Веселовский А. Н. Задачи исторической поэтики // Историческая поэтика. Москва: Наука, 1989. – С. 299.

28 Путилов Б. Н. Мотив как сюжетообразующий элемент. – В кн.: Типологические исследования по фольклору. – Москва: Наука, 1975. – с. 143-144.

тижесінде көне мұралардың маңыздылығы айқындала түсетіні рас»²⁹, – деп тұжырымдайды.

«Оғыз-нама», «Құпия шежіре», «Түрік шежіресі» сынды құнды жазба жәдігерліктер әдебиет пен фольклорлық үлгідегі көшпелі мотивтер мен сюжеттерді көркем бейнелеуімен құнды.

Әсіресе, «Оғыз-нама», «Қорқыт ата кітабы» сынды тарихи-әдеби жазба ескерткіштердің фольклорлық жанrlарға тән ерек-шеліктері басым. Оның бірнеше себептерін атап айтуда болады. Біріншіден, ортағасырлардағы ортаазиялық жазба әдебиет жаппай даму сатысына көтеріле қоймағандықтан, кез келген қаламгер халық арасына кең тараған ауызекі әдебиетке, соның ішінде мифтік аңыз-әңгімелерге, түрлі көшпелі сюжеттер мен мотивтерге жүгінуге мәжбүр болды. Екіншіден, өзіне дейінгі жазба нұсқаларды негізге алғанның өзінде, көне дәуір авторының өз шығармасына бірыңғай ұқсас сюжеттер мен мотивтерді арнағы келтіріп отыруы дәстүрге айналды. Жоғарыда келтірілген мысалдар осыны айгақтайты. Кез келген автор ірі тарихи тұлғалар өмірін шығармасына арқау етіп отырғандықтан, сол ұлы тұлғалар өміріне байланысты туған көшпелі сюжеттер негізін құрайтын мотивтерге соқпай етуі тіптен мүмкін емес еді.

Мысалы, «Оғыз-нама», «Қорқыт ата кітабы», «Түрік шежіресі» мен «Шежірелер жинағы» сияқты мұралар шағын көлемді эпикалық миф, аңыз, әңгімелерден құралып жазылған туындылар болғандықтан, ондағы аңыз-әңгімелердің тарихи жайттармен қабысып жатуы да авторлық шеберлікті айқындастын факторлардың бірі болып табылады. Соңдай-ақ, кез келгеннің санасын бей-жай қалдырмайтын адамзаттың жаратылуы мәселесін туындысының өзегі ретінде алып отыруының өзі ортағасыр қаламгерінің басты идеясы болғанын аңғарамыз.

«Оғыз-нама» эпосында жер дүниені жаратушы бас құдай ретінде тек Тәнір ұғымы ғана қолданылса, «Қорқыт ата кітабының» мағыналық құрылымында, жалғыз құдай ретінде аса жіңі қолданылған Тәнір есімімен бірге, Алла есімі де аз қолданыс таппаған. Әсіресе, кітап құрылымының бас жағы мен он екі

29 Жандос Ш. «Монголдың құпия шежіресінің» фольклорлық, әдеби негіздері: филол.ғыл.канд...дисс. – Алматы, 2003. – 129 6.

бөлімнен тұратын жырлардың, яғни кітапта жыр деп берілген әр топтаманың соны, жаратқан ие – Алламен тығыз байланыстырылады. Мысалы: «Бүкіл ғаламды жаратқан, теңдесі жоқ Аллаға құрмет!» немесе Қорқыт Атаның атынан айтылатын: «Аузымды ашсам, тіліме кәлима келеді. Аллаға – шексіз құрмет! Алланаң досы, дініміздің іесі Мұхамедке – құрмет! ...Құранның бетін ашып, «Ясин» сүресін оқығандарға – құрмет! ...Сөзі көктен түсken, ретімен тізіліп, тілімізді кәлимаға келтірген Құранға – құrmet!»³⁰. Осы тұрғыда «Қорқыт ата кітабындағы» Тәңірлік дін мен исламдық діннің бір шығармада синтездік тұрғыда көрініс табуы бірқатар зерттеушілердің қайшылықты пікірлерін туғызды. Мәселен, оғыз-қыпшақ әдебиетін зерттеген ғалым М. Жармұхамедұлы: «Бұл – бертінгі ислам діннің ықпалы артып әбден орнықкан кезде де, «тәңірі» сөздерінің «Алла» ұғымымен жарыса, қатар қолданылып келгенін аңғартса керек» дей отырып, «Оғызнама» дастаны ислам дініне дейінгі көкке табыну тұсында туған тым әрідегі көне ақыздар негізінде жазылуы мүмкін. Ал, біздің эпикалық жырларымыздағы осыған ұқсас сарындар мен ортақ жәйттер кейінгі ислам діннің әсерінен көп өзгерістерге ұшырап, өзгеше мәнге ие болып отырған»³¹ деген қорытындыға келеді.

Құран сюжеттерінің бірінен тараған мифтік ақыз бойынша Алла тағаланың адам ғалаиссаламды жаратқаны сияқты түсініктер Орта Азияға ислам діні кең таралғаннан кейін пайда бола бастағаны белгілі. «Қорқыт ата кітабында» тіпті мінезі жаман әйел затын «Нұх пайғамбардың көз жасынан жарапғандар» деген жолдар да кездеседі. Мифтік сюжеттерді шығармасына арқау еткен әдеби жазба мұраларда адам жаратылысын пайғамбарлармен байланыстыру орын алған. Мысалы, «Түрік шежіресінде» «Құдайтағаланың Адам ғалаиссаламды жаратқанының баяны» атты тарауда Нұх пайғамбардың сұрауын құдайдың қабылдан, оның кемесіндегі үш ұлы мен үш келіні ғана тірі қалып, үрпақ таратқаны сөз етіледі. Дәл осы сюжетті Шәкәрім Құдай-

30 Қорқыт ата // Әдеби жәдігерлер. Т.1. – Алматы: Таймас, 2007. – 319 б.

31 Жармұхамедұлы М. Оғыз-нама // Қазақ әдебиетінің тарихы. Онтомдық Т. 2. – Алматы: 2006. – 152 б.

бердіұлының «Түрік қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» атты шежірелік туындысынан да кездестіреміз: «Атамыз Адам пайғамбарды Алла тағала топырақтан жаратып, жан беріп, оның он қабырғасынан анамыз – Хаяу ананы жаратып, Хаяу анамыз жыл сайын бір үл, бір қызды егіз тауып, алдыңғы жылғы үлға келер жылғы қызды беріп, есіп-өніп, қырық мың кісі болғанда, Адам пайғамбар мың жасында өтіп, онан бір жыл өткен соң Хаяу анамыз өтіпті» дей келе, олардың үрпағы Нұқ пайғамбар жайлы: «Нұх пайғамбардың уақытында Адам балалары бұзықтық қылып діннен шыққан сон, Алла тағала қаһар қылып, то-пан су жіберіп, жер жүзіндегі адам қырылып, Нұқ пайғамбар үш баласы мен оның әйелдері Алла тағаланың әмірімен кемеге кіріп, аман қалыпты» деп жазады.³² Ал Н. Наушабай шежіресінде «Қырық тоғыз ата Рәсулімнің екі арасы» деп Адам ата мен Мұхаммед пайғамбар арасындағы уақыт аралығын айтады. Эрине, бұл мифологияның пайда болуына қасиетті Құран кітабы негіз болғандықтан, ерте заманнан келе жатқан фольклорлық шежірелік дерекнамалардың өзі әр түрлі ықпалды байқатады. Оның бірі – ислам хикаялары, яғни ондай үлгілер түркі даласына ислам арқылы келген тарихи мұсылмандық іліммен байланысты болса, екіншісі, дәстүрлі ауызша тарихнамалық далалық мифологиялық түсініктерден бастау алады. Соның ішінде ортағасырлық түркілік жазба нұсқаларда бұл екі бастау өзара үйлестіріліп, адам мен адамзат жаратылсы туралы баяндайтын біртұтас құрылым іспетті көрініс табады. Жоғарыда мысалдар келтіргеніміздей, исламдық мифологияның ішіндегі адам жаратылсы туралы ең көп тараған сюжет топырақтан жараплан Адам мен Хауана жұбынан таралғандығы жайында өрбитіндігін байқауға болады. Сол себепті кеңес дәүірінде бұл ілім жайлы көзқарас қырын қаралып келді. Еліміздің белгілі жазушысы С. Мұқанов: «Алғашқы жазба мұра негіздері сонау діни соқыр сенімдердің өріс алып, үstemдік етіп тұрған кезінде жасалғандықтан, олар адамзат баласының шығу тегін Адамата, Хауанадан бастай-

32 Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 18 6.

ды»³³ деп пайымдауы, заман талабына қарай, яғни атеизмнің нағыз үстемдік құрып тұрган дәүірінде қалыптасқан көзқарастан туған пікір.

Имандылық ислами дәстүр алғашқы пайғамбар Адам ата заманынан жалғасқан үрдіс болса, мұсылмандық жол, оның әдет-ғұрыптары мен жалғыз жаратушы Аллаға ислам тәртібімен ғибадат ету тәртібі Мұхаммед пайғамбар заманынан бері, яғни VII ғасырдан бері келе жатқаны белгілі.

Жалпы, ғалам мен адамның алғашқыда қалай пайда болған-дығы жайлы түсінік қай елдің болмасын, көне дәүір авторлары үшін аса маңызды әрі қызықты тақырып болғандықтан, мұсылмандардың құран кітабына, христиан халықтарының киелі кітапқа жүгінуі де қалыпты құбылыс. Мысалы, орыстардың «Борис пен Глебтің өмірі мен қазасы туралы оқу», «Қайғы мен бақытсыздық жайлы повестер» атты ортағасырлық жазбаларында ең алдымен, жер мен көкті, Адам мен Еваны құдайдың қалай жаратқаны сөз етілуден басталған.

«Тарихта, ел жадында аты қалған, белгілі бір қылыш-әрекетімен елге даңқы асқан кісі болса, соның өміріне байланысты мінез-қалып туғызып, қиялдық тың іс, уақығалар тізіледі»³⁴, – деп М. Әуезов атап көрсеткендей, «Оғыз-нама», «Қорқыт ата кітабы» жалпы, адам баласының әу баста қалай пайда болғандығымен қатар, халық арасында кең тараған эпостың көне түрлері – мифтер мен аңыз-әңгімелер және қиял ғажайып ертегіге үксас сарындары мол кездескен әдеби-фольклорлық шығармалар болып табылады.

Тұс көру мотиві «Оғыз-нама», «Қорқыт ата кітабында» көп қолданылған мотивтердің бірі. Шығарма сюжетінде тұс көру мотиві, әсіресе, эпикалық шығармаларда жиі кездеседі. Ғалым Р. Бердібаев «Ер Кекше» жырының ерекшеліктеріне тоқталу барысында: «Белгілі бір оқиғаларды тұс көріп «болжau», қын-қыстау кезендерде атқа «тіл бітіп» сөйлейтін болуы, өлген батырдың қайта «тірілүі», жай тасының құдіретімен жауын «жаудыру»

33 Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы: Қазақстан, 1974. – 9 б.

34 Әуезов М. Қіріспе // Қазақ ертегілері. – Алматы: – 1957. – Т.1 – 4 б.

секілділер – ескі дәуірдегі анимистік, магиялық, тотемистік дүниетанымдар қалдығы» дей келе, «Жалпы, тұске сену – түркі-монгол фольклорындағы өте көне ұғым көрінісі. Оның арғы түбірі бір есептен ескі анимистік түсініктерге де алып баратынын көреміз»³⁵ деп, тұс көру мен тұс жоруга ежелгі заман адамдарының зор мән бергеніне тоқталады. Жалпы, тұс көру арқылы шығарма сюжеттерінің желі тартуы түркі халықтар әдебиетінде жиі кездеседі. Және көрген түсті жору үрдісінің де сонау ықылым заманынан бері өріс алып келе жатқандығы белгілі.

«Қорқыт ата кітабындағы» «Қазан Салордың ауылын жауашапқаны туралы» жырда Қазанбек өзі көрген түсін: «Ордамның үстіне қар аралас жаңбыр жауып, тұман түсіпті. Менің ауылымды құтырған қасқырлар ойрандал жүр екен»³⁶ деп, жамандыққа жоритын оқиғасы, қазақтың «Қобыланды батыр» жырында да Тайшық ханның: «Күнбатыстан келді көк бөрі, Ойда жатқан отыз қой, Отызын бірдей ол жеді»³⁷ деп түсінде өзіне таянған тығырықтан алдын-ала хабар алатын сарыны үқсас.

Бұл жерде құтырған қасқырлар жаудың келгенін, қайғылы оқиғаның белгісі ретінде көрінген. «Қорқыт ата кітабында» Салор Қазанның да: «Түсімде не көргенімді білermісің, туысым Қара Көне? Қайғылы бір оқиға көрдім. Жұдырығымда талпынған қаршыға құсымның өлгелі жатқанын, ақ отауымның үстіне кектен жарылып жай түскенін көрдім»³⁸ дейтін сөздері бар.

Қазақтың «Абылай ханың түсі» дейтін тарихи аңызында Абылай өзінің көрген түсін: «Шатыр алдында басын көтермен қалпында жатқан жолбарысты көрдім. Қарап тұрса, жолбарыс аюға айналып кетті. Оның аюға айналып кеткенін ойладап та үлгергенім жоқ, аудың орнына қасқыр тұрды. Қасқырдан соң түлкі, онан кейін қоян, сөйтіп-сөйтіп майда-шүйде аң-

35 Бердібаев Р. Қазақ эпосы. – Алматы: Фылым, 1982. – 238 б.

36 Қорқыт ата кітабы. Оғыздардың батырлық жырлары: Эпос. /Орыс тілінен аударған Э.Қоңыратбаев, М.Байділдиев/ – Алматы: Жалын, 1986. – 128 б.

37 Қазақтың батырлық эпосы. – Алматы: Рауан, 1992. – 104 б

38 Қорқыт ата кітабы. Оғыздардың батырлық жырлары: Эпос. /Орыс тілінен аударған Э.Қоңыратбаев, М.Байділдиев/ – Алматы: Жалын, 1986. – 128 б.

дарға айналып кетті», – деп баяндағаны, оны Бұқар жыраудың қалай жорығаны көпкө мәлім. Осы тәрізді болашақ үрпақ тағдырын болжау «Оғызнамада» көрініс береді: «Онда Оғыз қағаның жанында ақ сақалды, ақ шашты, ақылгөй бір қарт кісі боллар еді, ақылы түзу бір ер еді, түскер еді, Оның аты Ұлық Түрік еді. Күндерде бір күн ол үйқыда бір алтын жақ көрді, үш күміс оқ көрді. Осы алтын жақ күншығыстан күнбатысқа дейін жайылып тұр екен, тағы үш күміс оқ тұн жаққа қарарап тұр екен. Үйқыдан тұрып түсте көргенін Оғыз қағанға білдірді»³⁹. «Оғыз-намадағы» Ұлық Түріктің түс көріп, оны сәуегейлікпен жоруы оқиғасы бір-қатар зерттеушілердің Ұлық түрікті Македонскийдің рухани ұстазы Аристотельге үқсатуына негіз болды.

«Қорқыт ата кітабындағы» Ұлық Түріктің де түс көріп, оны болжай жоруы мотиві мен Абылай ханың да түс көріп оны Бұхар жыраудың сәуегейлікпен болжауындағы ортақ сарын өзара детальды түрде үқсамаса да жалпы, еліне бас болған тарихи тұлғалардың келешегін түстері арқылы көріпкелдік танытуы жағынан үндеседі.

Жалпы, түс көру мотиві түркі халықтар фольклорында аса мол зерттелді. Сондықтан бұл зерттеуімізде аталмыш мотивке қысқаша ғана тоқталып өтуді жөн көрдік.

Алғашқы адамдардың табигаттың флора, фаунасымен арас-күралас күн кешіп жүрген кездерінде жаратылыстық заттармен бірге хайуанаттарды да адам жаратылысының иесі, туысы ретінде қабылдаған кездері болды. Бұл түсінік оларды культ ретінде дәріптеп, құдай дәрежесіне дейін көтерді. Сол кездерде бүгінде архетипке айналған тотемдік наным-сенімдер адам қиялымен астасып түрлі мифтерді дүниеге әкелді.

«Оғыз-нама» және «Қорқыт ата кітабындағы» мифтердің ең бір әсерлі белгілері ретінде көрінетін тотемдік мотивтерді жиі кездестіреміз. Тотемдік мифтердің тіпті бұл жазба муралар сюжетінің негізгі арқауы болып табылғандығын байқаймыз. «Оғыз-нама» дастаны сюжетіндегі оқиғалар тотемдік бөрі мотивімен байланыста көрініс беріп отыrsa, «Қорқыт ата кітабында» Аруз қожаның көштен түсіп қалған жас баласын арыстандар асырай-

39 Оғыз-нама // Әдеби жәдігерлер. Т.1. – Алматы: Таймас, 2007. – 315 6

ды. Кітапта бұл оқиға былай берілген: «Бір күні оғыздар бас қосып отырғанда, оларға жау тиіпті. Қамсыз отырған ел түн ішінде бет-бетіне қаша жөнеліпті. Ел қашқанда Аруз батырдың кішкене баласы қоржыннан түсіп қалып, оны арыстан емізіп асырайды. Бір күні Оғыз ханның жылқышы өрістен бір хабар әкеleді. «Хан ием, қамыс ішінен бір арыстан пайдада болып, жылқыны құртатын болды. Өзі адам сияқтанып, тік жүреді, жылқы көрсе бас салып қанын сорады» дегенде Аруз тұрып: «Ол жау келгенде қоржыннан түсіп қалған менің балам болып журмесін» депті. Содан соң оғыздар аттарына мініп, арыстанның жатағына келіп, оны куып, ұстап алыпты»⁴⁰

Қазақтың «Шеризат-Гүлшат» дастанында да арыстанның адамды асырап алу сарыны кездеседі. Онда Шеризаттың әкесі кенеттен сырқаттанып дүние салады да, дүшпандары қайтыс болған патшаның заңды мұрагерін жою үшін екі қабат патша-йымды өлтіреді. Өлі анадан тұған баланы арыстан асырайды. Сондықтан ол арыстандай батыр болып өскен-мыс.

«Мұнлық, Зарлық» хикаясында Мұнлық пен Зарлықты да киіктің емізіп асырағаны жайлы оқиға желісі кездеседі. Дастанда Шаншар ханның сүйікті жары Қаншайым жүкті болып, оны патшаның бала көтеге алмаған алпыс әйелі күндестікпен Мысттан кемпірге суға тастатпақшы болғанында егіз баланың аман қалғаны былай бейнеленеді:

Файып ерен қырық шілтен
Тұсірмей судан алады.
Шөгірлінің тауына,
Адам бармас жеріне
Тастан кеулеп үй қылып,
Пана қылып береді.
Екеуіне бір киік
Ана қылып береді.
Ол киікке баланы
Бала қылып береді.

40 Ыбыраев Ш. Қорқыт ата кітабы // Қазақ әдебиетінің тарихы. Онтомдық Т. 2. – Алматы: 2006. – 384 б.

Құдіреті күшті Құдайым,
Киікті ана дегізіл,
Киік жүрді үш мезгіл
Баласындаі емізіп.⁴¹

Зерттеуші Н. Келімбетов түркілердің көне эпосы «Ергенекон» дастанының әлем тарихшылары деректері негізінде конструкиясын құрастыра отырып өз зерттеуінде ол туралы аңызды келтірген. Дастандағы оқиғалар желісінде жаудан аман қалған жалғыз ғұн перзентін Ыстыққөл маңынан бір бөрінің асырап алғанын, ол бөрінің соңынан аңшылар түсे берген соң, Алтай тауына қарай кетіп қалып, ал бөрінің баланы асырап алған жері Ергенекон деп аталғанын жазады.

Қытай жазбаларынан кездесіл, ауыздан-ауызға тараған тағы бір аңыздың бірінде қытай мен ғұндардың кезекті бір шайқасында ғұндардың бір бөлігі қатты жеңіліс табады. Қарсыластары сол жердегі бүкіл ғұндардың қырып тастайды. Ең соңында жалғыз ер балағана тірі қалады. Жаулары баланың жаны әбден қиналып барып өлсін деген мақсатта аяқ-қолып шауып кетеді. Елсізде қиналып жатқан баланы бір қасқыр тауып алады да өз сүтімен асырай бастайды. Адам аяғы баспайтын биік бір таудың ішіндегі үңгірде бала өсіп, ер жетеді. Осы баладан қасқыр жүкті болып, он үл тауышты. Түркілер осы он үлдан тараған.

Мұндай жыртқыш андардың адам баласын асырап алу мотиві әлем халықтарының фольклорында жиі орын алған. Осы сынды мотивтерді антикалық грек мифтерінен де кездестіреміз. Гомердің «Иlliадасы» мен «Одиссеядагы» Трояны қорғаушы Энейдің немере жиені әулие Рей Сильвия мен Марс құдайынан туған егіз баланы Рей Сильвияның әкесін өлтірген інісі Амулийдің. Тибра сүйна лақтыруға бұйырып, алайда Марс құдай оған жол бермей, балаларды кәрзенкеге салдырып, өзен жағасына қойдыртқан кезде бір аналық қасқырдың оларды емізіп асырағаны жайлай айттылған. Мысалы, атакты ағылшын жазушысы Джозев Редъядр Киплиннің 1894 жылы жарық көрген «Джунг-

41 Хикаят рисала Мұңдық, Зарлық // Бабалар сөзі. Жүз томдық. Т. 52. – Алматы: Фолиант. – 21 б.

ли кітабындағы» жабайы аңдар арасында өскен адамның баласы Мауглидің прототипі өмірде болған деген деректер кездескенімен, батыс зерттеушілері Киплиннің шабытына антикалық миғтік сюжеттер әсері болғанын жоққа шығармайды. Сонымен қатар 1912 жылы «Маймыл асырап алған Тарзан» атты топтама (цикл) кітабы арқылы есімі әлемге жайылған американдық жазушы Эдгар Раис Берроуздың ойдан шығарылған кейіпкері Тарзанның тағдырына байланысты өрбитін сюжеттер желісінде маймыл баласы Тарзан кейіннен адамдармен қайта табысады.

Ежелгі Рим өртегілерінде де Ромул мен Реманы қасқыр асырап алған. Сонымен қатар суға тасталған баланы Берте шене (қасқыр) асырап, Ашина елі содан тарағандығы жайлы азыз-әңгімелер түркілерге кең тараған.

«Көне түріктер» атты еңбегінде Л. Н. Гумилев ежелгі түркі тайпаларының тарихын зерттей келе, өзінің ата тегін көк бөріден тарататын түркі тайпаларына арнайы тоқталып өтеді.⁴²

Сүйінбай Аронұлының мына жолдарына назар аударсак;

Бөрі басы – ұраным,
Бөрілі менің байрағым.
Бөрілі байрақ көтерсе,
Қозып кетер қайдағым! –

деген жолдардан қазақ елі үшін бөрі ұғымының қаншалық қасиетті екенін аңгарамыз.

Қырғыз елінің ғажайып туындысы «Манас» эпосында болашақ батыр Манасты көкжал бөрі қорғап-қоршап жүретіні көрініс берген.

«Арқасында баланың
Қара көкжал көрінді:
...Нұр төгіліп жолына

42 Гумилев Л. Н. Көне түріктер. – Алматы: Білім, 1994. – 480 б.

Бөрі ойлаған баланың
Манас деп аты табылды».⁴³

Барлық түркі халықтарының дүниетанымында қасқыр – рудың тотемі немесе нагуал, қасқыр – тәнірі мен пенделердің арасын байланыстыруышы болып табылады.

Осы түрғыда «Оғыз-нама» дастанындағы көк бөрі де оғыздардың ең қасиетті тотемдік кейіпкері ретінде көрінген. Эпостың сюжет желісінде көк бөрі Оғыз қағанға ақыл-кеңесін айтып отыратын қамқоршы, ақылды дос ретінде де бейнеленеді. Демек, мұндай көне жазба нұсқаларынан бой көрсететін тотемдік белгілер, сол кезеңдегі таным мен түсініктің қоғамдағы орниотологиялық символ мәніне ие болғанын аңғарамыз.

Әлемдегі әрбір елдің тотемдік символына айналған фаунасы мен флорасы олардың табиғи болмысын айқындастын қасиеті іспеттес. Олай болса, ежелгі заманнан ауыздан-ауызға таралған түркі тотемінің көбінесе қасқыр ретінде көрінуі түркілік болмыстың негізгі тұғырын көрсетеді.

Тегінде тотемдік мотивтер алғашқы адамдардың тылсым табиғатпен байланысын, адам мен аңың бір-біріне сүйеу болуын аңсауынан туған құбылыстың бірі.

«Оғыз-нама» эпосының бас қаһарманы ретінде көрінетін Оғыз қаған бейнесі орта ғасырларда хатқа түскен тарихи-фольклорлық көсем бейнесінің жарқын көрінісі. Оның қағандық образы негізінен тарихи шындыққа негізделген реалистік әрі мифтік сарыннан құралған жиынтық образ. Оғыздардың арман-мұратынан туған типтік «қаған» бейнесі. Оның жиынтық бейне ретінде көрінетіндігі эпос композициясындағы жанrlардың әркелкілігімен де байланысты. Ескерткіштің басындағы сюжеттік желі мифтік санамен өрілетін болса, ортасында әдеби шежірелерге тән деректік, тарихнамалық белгілер бой көрсетіп, соны ертегілерше аяқталған. «Оғыз-намадағы» оқиғалар желісі деректі тарихи оқиғаға, тіпті нақты тарихи тұлғаның бейнесіне негіздел-

43 Манас. Қыргыз халқының батырлық дастаны 1-кітап. – Алматы, 1961.
– 64 б.

гөнімен, түркі халықтарының көне дәүірлердегі ауыз әдебиеті, фольклорын өз бойына сінірген жазба әдебиеті үлгісі.

Оғыз қағанның аңыздық шежірелерінің бірнеше нұсқаларының болуы, олардағы Оғыз қаған бейнесіне қатысты өрбитін ортақ сюжеттік желілер мен мотивтердің аздал өзгеріске ұшырап отыруы осының айғақтайды.

«Оғыз-нама» ескерткішінің негізін құрайтын сюжеттік желілер мен «Алпамыс», «Қобыланды» сынды батырлық жырлардың сюжет желісі ұқсас келеді. Ол ұқсастықтар Оғыздың да дүниеге келмей тұрып, ата-аналарының зарыға қутуі, ерекше жаратылған бітіммен дүниеге келуі, тез арада өсіп жетілуі, ерлік жасауы, сұлу қызбен жолығуы, үйленуі, жорықтарға шығып, одан женіспен оралуымен аяқталатыны сияқты тұтас композициялық құрылымынан байқалады. Бұл аналогиялар барлық эпостық жырларға, сайып келгенде фольклорлық мұраларға тән белгілер.

Оғыз қаған өмір жолының сатылы желісі қазақтың қиял ғайып ертегілеріне де ұқсайды. Осы тұрғыда қазақ ертегісі мен эпостың сюжеттік типологиясын арнайы зерттеген С. Қасқабасов олардың өзара ұқсастығын анықтай келіп: «Ұқсас нәрселер, негізінде, көне заманда туған мотив пен сюжеттер. Ал конкретті тарихи оқиғалар, сөз жоқ әр елдің өзінікі ғана. Соңдықтан олар өзгеше» дей келіп, «Ескеретін жай, эпоста кейіпкердің то-лық өмір жолы баяндалмайды, оның харәкеттері әйел алумен ғана тынбайды. Үйлену – эпос батырының тек кәмелетке жеткендігінің белгісі. Бұл оның азamat ретінде қалыптасуының айғағы. Оның ерлік өмірі енді осыдан кейін басталады. Бұдан bylай ол өз тағдырының қожасы ғана емес. Ол енді халық адамы. Соңдықтан батыр үшін өз басының, немесе әuletінің қамынан гөрі ел бақыты, ел өмірі маңызды. Міне осы тұсты бейнелейтін кезде эпостың сюжеттік қана емес, жанрлық ерекшелігі де айқындалады»⁴⁴ деп, – эпос сюжеттіңін жалпы, схемасын көрсетіп береді. Академик сатылап, санамалай көрсетіп берген эпостық жанрларға тән ерекшеліктерді «Оғыз-нама» эпосы мен қазақ ертегілерін салыстыру барысында аңғаруға мүмкіндік туды.

44 Қасқабасов С. Ертек пен эпостың сюжеттік типологиясы // Қазақ фольклорының типологиясы. – Алматы: Ғылым, 1981. – 239 б.

Ал «Оғыз-нама» эпосын орта ғасырларда хатқа түскен көркем шежірелермен салыстыратын болсақ, Шыңғыс ханға арналып жазылған авторы белгісіз «Монголдың құпия шежіресінің» сюжет желісімен өте үқсас келетіндігіне көз жеткіздік.

Эпостық сарындағы туындылардың басты идеясы да осы, яғни тек бас қаһарманның ерлігін дәріптеуге бағышталған. Бұндағы ерекшеліктер әлем халықтарының эпостарына тән. Мысалы А. Македонскийге арналып жазылған жүзден артық әлем халықтарының эпостық поэмалары мифтік сюжеттерден құралған. Сол поэма-дастандардағы мифтік мотивтердің өзі панегери-калық сипатта көрініс берген. Шыңғыс ханға арналып жазылған барлық көркем шежірелерде де мифтік сарындағы көшпелі сюжеттер мол кездеседі. Тіпті орта ғасырлардың соңғы дәуірлерінде тапсырыспен жазылған тарихнамалық жазбалардың көбінде мұндай ерекшеліктер кездеседі.

Мысалы, Ғұлам Шәдінің «Фатх-намесінде» Шайбани ханның әрекеттерін рет-ретімен баяндайтын оқиғалар желісі оны жас кезінен бастап ешқашан ешкімнен жеңілу дегенді білмейтін батыл да батыр қолбасшы ретінде көрсеткен. Соңдай-ақ, оның әрбір іс-әрекетін жаратқанның өзі әрдайым қолдан отырады деп жазады автор. Шәдінің өз кейіпкерін Алланың аса сүйікті құлы етіп көрсететін ой-орамдарынан «Зафар-намедегі» Ақсақ Темірдің бейнесін де осылайша ерекше күш қолдан отырады деп, асыра бейнелеген Жездінің (Йазди) қолтаңбасы аңғарылады. Бұл ретте, Гиясаддин Элидің де Темірge жағынып, оның тұлғасын ерекше етіп көрсету мақсатында оның барлық әрекеттерін бір тылсым күш демейтінін баса көрсеткені, тіпті оны Алланың сүйікті құлы етіп көрсетіп, асыра сілтеушілікке барғаны байқалады. «Фатх-наме» авторының асыра сілтеушілікке барғаны соңшалық, ол Мұхаммед пайғамбар мен Мұхаммед Шайбани ханды бір-бірімен қатар қояды. Автордың пайымдауы бойынша Мұхаммед – пайғамбарлардың ішіндегі соңғысы болса, Шайбани хан Иран мен Түранды басып өтіп, Римге дейін жеткен әлемнің әміршісі ретінде көрінеді. Оғыз бейнесінен де осы ғажайып белгілерді байқаймыз. Оғыз қаған образы ешқандай жеңілу дегенді білмейтін прогрес-сивті бейне. Оның аңыздық бейнесін қағазға тусіруші авторлар-

дың ортағасырлық хуснихатшыларға тән панегерикалық сарында қалам тербегені анық байқалады. Оғыз қағанның тарихи тұлға ретіндегі прототипі әлі күнге дейін зерттеушілер тарарапынан бір арнаға ойыса қойған жоқ. Мысалы, В. В. Радлов Оғыз қағанды XIII ғасырда өмір сүрген парсы жылнамашысы Ала ад-дин Ата Мәлік Жубейnidің «Жаһаңды қаратушының тарихы» («Тарих-и Джакхангушай») атты тарихи жылнамасындағы Бұқа Текімен, Юань-Шидегі Бұқа ханмен бір кісі ретінде қарастыратын болса,⁴⁵ Г. Н. Потанин Оғыз бейнесін Ван Кирейскиймен және монгол аңыздарындағы Ұқыр-Бам-ханмен және қырғыз эпосындағы Жәнібек бейнесімен салыстырган⁴⁶. Оғыз ханның тарихи тұлғасына байланысты бірқатар ой-пікірлерді түркітанушы Н. Я. Бичуриннің көлемді еңбектерінен көруге болады. Зерттеуші өзінің үш томдық зерттеулерінің бірінде Оғыз бейнесіне арнайы тоқтала отырып, қытай жылнамаларында айттылатын ғұндардың Шаньюя ханының тұнғыш ұлы Мәдемен бір тұлға ретінде қарастырады⁴⁷. Осы ұқсастық, сабактастықты байқаған А. Н. Бернштам да Мәді мен Оғыз хан жөніндегі аңыздардың бір сюжеттен тарағандығын атап көрсеткен⁴⁸. Ал «Оғыз нама» жазба нұсқасын тілдік түрғыда мол зерттеген А. М. Щербак Оғыз қағанның өзі де үйғыр жазбасындағы «Оғыз-нама» дастанында кездесетін Үрым қаған, Масар қаған, Үрысбек, Қыпшақ-бек, Қаһарлық-бек, Калач, Қаңғалуқ, Саклаб сынды кейіпкерлердің де тарихи тұлғалар емес, тек әдеби бейнелер екендігін дәлелдеуге тырысады. Зерттеушілердің енді бір қатары Оғыз қағанның прототипіне Түрік қағандары Құлтегін мен Тонықөкті, енді бірі түріктердің ежелгі қаһарманы Альп-ер Тоңғаны /Афрасиаб/ жатқызады. Солардың бірі

45 Радлов В.В. К вопросу об уйгурах: Из предисловия к изданию Кудатку-Билица В. В. Радлова (приложение к LXXII тому записок Академии наук). СПб., 1893, № 2. с 59 б

46 Потанин Г.Н. Восточные мотивы в средневековом европейском эпосе. – Москва, 1899. с 596.

47 Бичурин Н.Я. Средняя Азия и Восточный Туркестан. – Алматы: Санат, 997. с 352.

48 Бернштам А. Н. Историческая правда в легенде об огузе кагане // Советская этнография 1935 №6

көрнекті фольклортанушы Э. Қоңыратбаев Оғыз хан іс-әрекеттері ҮІ-ҮІІ ғасырлардағы Түрік қағанаты кезеңінің, атап айтқанда, Қапаған, Могилан, Құлтегін оқиғаларының көріністері болу керек деген пікірге келген⁴⁹. Осы орайда Бұл ретте «Оғыз-нама» эпосының композициялық желісіндегі Оғыз қағанның қай елге жорыққа аттанбасын, әрдайым жеңіспен ғана оралып отыратыны жайлы сарындары «Құлтегін», «Білге қаған», «Тоныкөк» жырлары мен ортағасырлық жылнама, шежірелерге тән екендігіне көз жеткіземіз.

Сонымен қатар, түркі халықтарының ежелгі дәүірін мол зерттеген Еуропа зерттеушілері И. Маркварт пен Д. Синор Оғыз қағанды Шыңғыс ханның нақты бейнесі деген үзілді-кесілді қорытындыға келеді⁵⁰. Аталмыш ғалымдар бұл пікірдің негізділігін Оғыз қағанның батысты жаулат алмаққа бет алып, жорыққа аттануын XIII ғасырдағы Шыңғыс хан жорықтарына сәйкес келуіне байланысты дәлелдеген. Ал түркітанушы ғалым Х. Короглы А. Македонский мен Оғыз қаған бейнесінің бір-біріне ұқсас келетінін тұстарын қарастыра отырып, ұйғыр альфавитімен жазылған «Оғыз намадағы» Оғыз қағанның шауып алған елдерінің А. Македонский шапқан елдермен сәйкес келуімен байланыстырылған⁵¹. Бұл жерде Х. Короглы Оғыз бен Македонскийді тарихи тұлға ретіндегі деректерге сүйеніп ортақ тұлға деп танитын болса, түркі зерттеушісі Риза Нұр Оғыз қағанды мұсылмандардың киелі кітабы Құран Кәрімде жазылған Қос мүйізді Зұлқарнайын, яғни Македонскийдің Таю Шығыс, Орта Азия елдерінде кең таралған ақызы бойынша ұқсастықта қарастырылған. Ғалым осылайша ежелгі адамдар түсінігі, наным-сенімі бойынша дене мүшесі жай адамнан артық жаратылған ерлік символы Александр Македонский мен Оғыздың қос мүйізді зооморфтық сыртқы бейнесіне сүйене тұжырымдайды⁵². Дегенмен, Ескендеріп Зұлқарнайын

49 Қоңыратбаев Э. Қазақәпсоны және түркология. – Алматы: Фылым, 1987. – 368 б.

50 Marguwart J. Über das Volkstum der Komanen. Berlin, 1914; Sinor D. Oguz Kagan destani üzerinde bazı mullahazarlar (Turk dili ve edebyati dergisi), 1950. CiltIV, 1-2-р.

51 Короглы Х. Г. Огузский геройческий эпос. – Москва: Наука, 1976. С 336.

52 Riza Nour. Oughouz-name. Epopee turque. – Alexandrie, 1928. P. 35

есімінің өзі шығыс әдебиетінде А. Македонскийдің прототипі ретінде ғасырлар бойы қолданылып келгені белгілі. Халық ауыз әдебиеті улгілері арқылы Батыс пен Шығысты шарлаған Қос мүйізді Зұлқарнайын, яғни А. Македонскийді түркілер мүйізді адам етіп елестетуінен туындаған. Негізінде осы түсініктің барлығы, А. Македонскийдің патшалық тәжінің екі мүйізді болуынан пайда болған ба деген ойға келеміз.

Жалпы, зерттеушілердің Оғыз қағанды әлемді билеуге үмтілған Мәде қаған, Шыңғыс хан, Александр Македонский сынды әйгілі тұлғалар бейнесі ретінде тануының басты себебі, Оғыз қағанның аталған тұлғаларға мүдделес ой-арманы – әлемді билеуге деген аса құмарлығына сай бірлік табуына байланысты туындауы мүмкін.

Енді «Оғыз-намадагы» Оғыз қаған бейнесін тарихи тұлға деп тануға негіз болатын жайтарға тоқталып көрелік. Жоғарыда келтірілген бірқатар ғалымдардың Оғыз қағанды нақты тарихи тұлға ретінде қарастыруы, Оғыз қаған басып алған қағандықтар мен патшалық есімдерінің атаулары шын мәнінде деректі болуына байланысты туындауы мүмкін. Мысалы, «Оғыз-нама» ескерткішінде оғызыдың жорықтары жайында айтылған мынандай жолдар кездеседі: «Оғыздардың сол жағында Алтын қаған деген бір қаған бар еді. Осы Алтын қаған Оғыз қағанға елші жұмсал... көптен-көп алтын, күміс тартып, көптен көп асыл жиһаздар жинап жіберіп, Оғыз қағанның аузына қарады. Онымен ынтымақта болды. ...Сол жағында Үрүм деген бір қаған бар еді. Осы қағаның әскері көптен-көп, қалалары көптен-көп еді. Үрүм қаған Оғыз қағаның жарлығына мойынсұнбады. ...Итіл өзенінің жағасында бір қара тау маңында ұрыс басталды....Шайқас, ұрыс соңдай жаман болды. Итіл өзенінің суы қып-қызыл болды. Оғыз қаған жеңді, Үрүм қаған қашты. Оғыз қаған Үрүм қағаның қағандығын алды. ...Мұнда Жүржіт қағаны мен халқы Оғыз қағанға қарсы шықты. Ұрыс-соғыс басталды. Оқпен, қылышпен ұрысты. Оғыз қаған жеңді, ...Жүржіт халқын өз аузына қаратты. ...Одан соң тағы бү көк жал арлан бөрімен бірге Хинди және Таңғұт және Шагам /Шам/ жаққа аттанып кетті. Көп ұрыстан, көп со-

ғыстап соң, оларды алды, өз жүртүна қосты»⁵³. Эпостағы Оғыз жеңістері мұнымен аяқталмайды, Оғыз қаған енді осы жауап алған жерлерімен бірге, Барака деген ыстық жердегі Масар деген қағанды жеңіп алғанын, ол жердегі елдердің өні шырайлы, қап-қара екеніне дейін нақты деректермен тарихи түрғыда бейнелейді. Кітаптағы Оғыздың осы жеңіп алған жер атауларының тарихи дерегі басым. Эпосты хатқа түсіруші авторлардың Үрүм деп отырғаны Шығыс Рим Византия болса, Масар қағандығы деп отырғаны Мысыр патшалығы, Хинди-Үнді, Тибет, Шам т.б. аймақ есімдері шын мәнінде тарихи атаулар. Сондай-ақ «Оғыз-намада» кездескен Жүржіт деген атау қытайдың Маньчжурия аймағы болуы мүмкін. Кезінде ол жерлерде қытайдың мохә тайпалары өмір сүрген. Көне дәүірлерде оларды монголдар мен түркілер «жүржіт», «шүршіт» деп атағаны белгілі.

Сонымен қатар «Оғыз-намада» Оғыз атынан айтылатын мына жолдарға назар аударсак: «...міне, мен сендерге қаған болдым, жақ пен міне қалқан алындар, біздің таңбамыз береке болсын, ұранымыз көк бөрі болсын. ...күн туымыз болсын, көк шатырымыз болсын. Тағы одан соң Оғыз қаған төрт тарапқа жарлық шашты. Жарлық жазылып, елшілерге беріп жіберілді. ...Кімдекім менің аузыма қарап, көніп тұрар болса, тарту тартып, дос тұтармын, ал кім аузыма қарап тұрмаса, ашу шақырып, ...тез талқандап жоқ қылып келермін»⁵⁴ деген жолдардағы Оғыздың «төрт тарап» деп отырғаны дүние жүзі деген мағынаны білдірсе керек. Осындай Оғыз жүргізген жорықтар мен оның басып алған елдімекендер есіміне байланысты туындаған зерттеушілер түйінде-мелерінің негізсіз емес екендігіне көз жеткіземіз.

Зерттеуші М. Жармуғамедұлы: «Эпоста нақты тарихи тұлғалар мен образдардың сол күйінде жасалуы мүмкін емес, сондықтан Оғыз қағанды Мәдемен, Александр Македонскиймен, Шыңғыс хан, Жәнібектермен бір тұлға деп айтудың реті жоқ»⁵⁵ деп тұжырымдаған А. М. Щербак пікірін өте орынды айтылған пікір

53 Оғыз-нама // Әдеби жәдігерлер. Т.1. – Алматы: Таймас, 2007. 310-313 бб.

54 Оғыз-нама // Әдеби жәдігерлер. Т.1. – Алматы: Таймас, 2007. – 309.

55 Щербак А.М. Огуз-наме, Мухаббат-наме. – Москва, Наука, 1959. с. 93.

ретінде қабылдай отырып, Оғыз бейнесін әдеби бейне ретінде қарастырған⁵⁶.

Мәселен, Оғыз есімінің этимологиялық мәніне тоқталар болсақ, бұл ретте де зерттеушілер пікірі алуан түрлі. «Оғыз-нама» эпосындағы Оғыздың сыртқы портретін беретін мына жолдардағы: «Қырық күннен соң есті, журді, ойнады. Аяғы өгіздің аяғындай, белі бөрінің беліндей, жауырыны бұлғынның жауырындей, қеудесі аюдың қеудесіндей еді. Тұла бойы түгел түк басқан еді»⁵⁷ деген Оғыздың дene мүшесінің бір бөлігі өгізге үқсас болып келгендігіне байланысты бірқатар ғалымдар ой-тұжырымдар келтірген. Түркітанушы А. Н. Кононов «оғыз» сөзінің арғы тегі тотемдік «өгізден» шыққан деген пікірде болса⁵⁸, И. Н. Березин⁵⁹ және П. Пельо оғыз үғымы «ұғызыз» – «ұызыз» деген үғымдан шығады деген қорытындыға келген. Ал Л. Лигети «оғыздың» түбірі «оқ», түбірі – кәдімгі садақтың «оғы» деген үғымды білдіретінін айтады. Зерттеуші Ю. Немет пікірі де осы аринаға ойысқан. Ал С. П. Толстов Оғыз дегенді массажет тайпасындағы аугас (мағынасы - өзендік, теңіз) руымен байланыстырған. Ол өзінің «Пережитки тотемизма и дуальной организации туркмен» деген еңбегінде: «Оғыздардың тайпалық одағы Оксқа (Әмударияның көне атауы) дейінгі заманда басқа жақтан келген тайпалар емес, оғыз бірлестігінің де, өзен аты да ертеден бері жалпыға ортақ тотем атынан, жергілікті ел тілінен тұган сөз екендейгіне тоқталады»⁶⁰.

Бұл орайда А. Қыраубаева пікіріне жүгінсек: «Өгіз тотеміне сыйынған оғыздар бірлігін сипаттайтын тұтас көркем туынды – «Оғызнама» эпосы. Жырдың негізгі қаһарманы Оғыз атының шығуына келсек: бір заманда «Өгіз өлең» деп суды айтқан. Геро-

56 М. Жармұғамедұлы. Оғыз-нама // Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. Т.2. – Алматы Қазақпарат, 2006. – 154 б.

57 Соңда, 306 б.

58 Кононов А.Н. Родословная туркмен. Сочинение Абул-гази хана Хивинского. Москва, 1958. с. 56

59 Березин И. Н. Библиотека восточных историков. Т.3. – Казан, – 1854 с. 27.

60 Толстов С.П. Пережитки тотемизма и дуальной организации у Туркмен. // Проблемы истории докапиталистических обществ. 1935. № 9-10. С. 166.

дот Әмударияны Окс дейді. «Жерді қек өгіз көтеріп тұр» дегенде, жер астында су бар екенін тұспалдайды. Түркілердің он екі мушел жыл санауындағы хайуанаттар өз тотемдерінен хабар береді. Қек бөріні киелі санаумен бірге аққуды, өгізді, тіпті ағашты киелі санайтын түркі тайпалары «Оғызнамада» да кездеседі. Соған орай Оғыз қаған бөрі белді, бұлғын жауырынды, бұқа санды адам ретінде суреттеледі»⁶¹ деп жазады.

Зерттеуші Н. Келімбетов те «оғыз» сезінің әр елде аздал өзгеріске ұшырап айтылатына тоқталып: «Еуропа және орыс ғалымдары «огуз» десе, араб және парсы тілдерінде – «ғузз», қазақша – «оғыз», әзербайжан тілінде – «оғуз», деп жазылып жур. Көне түркі тілінде «оғуз» сезі – уыз, уыздас, сүттес, емшектес, яғни бір емшектен сут емген деген мағына берген. Ежелгі ғұндардың кейінгі үрпақтары бертін келе, «оғуз» деген жиынтық атпен де мәлім болған» деген пікір келтірсе⁶², осы мәселені жанжақты қарастырған М. Жармұғамедұлы И. Н. Березин, П. Пельо, Н. Келімбетов келтірген оғыз сезінің «уыз» ұғымынан шыққандағын қостай отырып: «...біріншіден «уыз» да Оғыз хан есімі де «оғыз» деп бір турде жазылады. Демек, ол екеуі кейін екі ұғым жағынан бөлінсе де әуел баста бір сөзден шыққан. Екіншіден, анасының «уыз» сүтінен ембеген баланың алғашқы тұста «Уыз бала», кейін «Уыз қаған» (яки Оғыз қаған) аталып кетуі де ықтимал»⁶³ деп топшылайды. Ал Махмұд Қашқарі өзінің «Түрік сөздігінде» «Оғыз» сияқты ру-тайпаларының аттары сол тайпаның алғашқы қосемдерінің аттарына байланысты туды деген пікір келтірген⁶⁴. Осы тұрғыда М. Жолдасбеков XI ғасырдағы түркілердің алғашқы филолог ғалымы Махмұт Қашқарі жазған ғылыми еңбек «Диуани лұғатта» ұшырасатын осы жолдар назар аударуға тұрарлық екенін меңзейді: «Қара қаған деген ханның

61 Қыраубаева А. Ежелгі әдебиет. – Алматы: Ғылым, 1986. – 56 б.

62 Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің бастаулары. Зерттеулер. – Алматы: Ана тілі. 1998. – 34 б.

63 М. Жармұғамедұлы. Оғыз-нама // Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. Т.2. – Алматы Қазақпарат, 2006. – 154 б.

64 М. Қашқарі. Түрік сөздігі. /Көне түркі тілінен аударып, алғысөзі мен түсніктерін жазған А. Қ. Егеубаев/- Алматы: Таймас. 2007. – 532 б.

әйелі ұл табады. Уызға тойған нәресте ана сүтіне қарамай қояды. Бала бір жасқа жеткенде хан ел-жұртын жинап, той жасап, балаға ат қоюды әмір етеді. Жүрексініп, батылы жетіп, ешкім оның атын қоя алмайды. Жұрт осылай дағдарыста тұрғанда сәбидің өзіне тіл бітіп: «Атымды Уыз қойындар», дейді. Содан Уыз ханың ұрпағы өсіпті⁶⁵

Осы айтылған болжамдардың қай-қайсысы болмасын негізсіз айтылмаған пікірлер екендігін пайымдай отырып, дегенмен Оғыз есімінің өгіз ұғымына ұқсас екендігін айтқымыз керек. Оның нақты дәлелі ретінде аса көп таралған ұйғыр жазбасының, яғни осы зерттеудің нысаны болып отырған «Оғыз-нама» нұсқасындағы мына жолдарға назар аударалық: «Болсыншы деді олар, оның сиқы осылай. Енді мұнан соң сүйініш тапты. Тағы күндерде бір күн Ай қағаның көзі жарқ етіп ашылып, ер бала туды⁶⁶. Осы жолдардан басталатын «Оғыз-наманың» аугендейтік мәтініндегі «болсыншы деді олар, оның сиқы осылай» деген сөзден кейін өгіз суреті берілген екен. Демек, осы кітаптың түпнұсқасын дәйек ретінде алатын болсақ, тілті дүниеге келмей тұрған Оғыздың өгізге ұқсап тууына деген арман-тілектің орындалғанын айта кеткен жөн.

Ғылымда түрлі әдебиеттердің сыртқы ұқсастығы, ұсақ-түйек сәйкестіктерге дейін назарға алынуда. Көркем туындылардың типологиялық әдістер арқылы зерттелуі барысында бірінші орында сюжеттік желілер назарға ілігеді. Мысалы, халықтар фольклоры мен әдебиетіне аса қызығушылық танытқан атақты Вильгельм Гrimmнің «Қорқыт Ата» жырындағы Төбекөз туралы оқиғага халықаралық сюжеттер қатарынан орын бергені белгілі⁶⁷. Мұның өзі «Қорқыт Ата кітабының» ерте заманнан жазба түрде жеткен дүниежүзілік атақты эпостардың алтын қорынан қомақты орын алатынын дәлелдейді. Ал «Оғыз-нама» туындысының тұлымы айналымға енгізген шетелдік және отандық зерттеуші-

65 Жолдасбеков М. Асыл арналар. Алматы: Жазушы, 1986. – 133 б.

66 Оғыз-нама // Әдеби жәдігерлер. Т.1. – Алматы: Таймас, 2007. – 309 б.

67 Grimm W. Die Sade von Polypheus // In: W.Grimm. Kleinere Schriften. Bd. IV – Berlin, 1887.P. 315

лердің кез келгені зерттеуді әуел бастан типологиялық танымдық түрғыда салыстыра қарастырудан бастаған.

Аталаған зерттеушілер «Оғыз-нама» және «Қорқыт жырларын» халқымыздың батырлық жырларынан бастап, ежелгі кеңендер мен ортағасырларда дүниеге келген әлемдік эпостарының басты қаһармандарымен салыстыра отырып сабактастыруға тырысқан. Эрине, ұлттық әдебиеттердің типологиялық байланыстарымен бірге, қайталанбайтын ерекшеліктерін жоққа шығаруға болмайды, дегенмен, әдеби байланыстар мен әлемдік ауқымдағы «дәстүршілдік» Батыс және Шығыс мәдениеті арасындағы байырғы түсініктерге өз ерекшеліктерін әкелуде. Мұндай әдебиеттерді салыстыру әлемдік әдебиеттегі көркем даму зандаулықтарының сырын ашуға септігін тигізбек.

ХХ ғасырдың басында өмір сүрген француз компаративисі Пол ван Тигем: «Әр кезеңдегі түрлі елдер әдебиетінің тарихында үлкен біртұтастықтың бөлшегі ретінде қарамайынша, оны дәл әрі толыққанды танып-білуге болмайды, мұның өзі әрбір ұлт әдебиетінің жеке қайталанбайтын болмысын сақтауға кесірін тигізеді деген сөз емес, керісінше мұндай әдебиеттер өздерінің дамуында жаңа идеялар мен түсініктерге кездесе отырып нығаяды, әрі оны өзіне сіңіреді⁶⁸ дей отырып, әдебиеттердің жеке фактілерін ғана емес, бірнеше ел әдебиеттерінің өзара байланыстары мен үқастықтарына дейін қарастыра зерттеу қажеттілігін ұсынады. Осылайша ғалым өзінің «әдебиеттанудың жалпылығы» атты идеясын ұсынған.

Әдебиеттану ғылымында типологиялық зерттеу әдістерін тиімді әрі молынан қолдана білген ғалым В.М. Жирмунский де адамзаттың әлеуметтік-тарихи даму жолындағы тарихи-әдеби үдерістің тұтастығы туралы өз тұжырымдарын ұсынып, оны өзінің ғылыми-шығармашылық ұстанымына айналдырған. Ғалымның ой-пікірі негізінен қоғамдық дамудың ортақ зандаулықтары мен жалпы адамзатқа ортақ әдебиеттегі таным мен сана ортақтығын зерттеудегі тарихи-салыстырмалы әдісті қолдайтын А. Веселовский тұжырымдамасымен бір арнаға ойысады. Соны-

68 P.Von Tieghen. Le Preromantisme. Etudes d'histrie tipologies literature europeenne.
– Paris, 1924. P. 245

мен қатар ғалым әлем әдебиеттерін салыстыра отырып зерттеу әдеби құбылыстар заңдылығын ашудың бірден-бір тәсілі екенін дәлелдеуге тырысады.⁶⁹

Салыстырмалы зерттеудегі типологиялық әдістер Поль ван Тигем негізdemесі бойынша кез келген ұқсастықтар мен қандай да болсын әдеби ықпалдастықтар жаңа ортаның сұранысы мен қалыптасқан шарттарына сәйкес «әлеуметтік трансформацияға» ұшырауынан да туындауы мүмкін.

Шығыс пен Батыстағы жеке мәдениеттерді жалпының бөлшегі, бірін-бірі толықтыруши тұрғысында қарастырған, яғни менталитеттердің тоқайласу заңдылықтарын философиялық аспектіде зерттеген ғалым Т.П. Григорьева: «Жеке, өзіндік ішкі қуатын жоғалтпаған мәдениеттер ғана әлемдік мәдениетпен, сол арқылы жалпыадамзаттық біртұтастықпен қатынаста өзін-өзі сақтай алады. Жалаңдық – құрдымға кету, өлгеммен бірдей... Тұтастық бөлшектерге тән емес қасиеттерге ие екені мәлім, бірақ жалпы, мәдени өрістің қуат берер күші сол бөлшектердің күшіне тәуелді»⁷⁰ деп жазды. Мысалы деректік сипаты мен жекелеген зерттеулік мәні зор Оғыз бен Қорқытқа тікелей қатысты еңбектер санының мыңдан асyp түсін солардың басым бөлігінде европалық ориенталистердің тұруы да көп жайды аңғартады.

«Қорқыт ата кітабындағы» топталған 12 жырдың сюжеттер желісі тұтастық бірлікте баяндалса, жекелеген сюжеттері бойынша да түркі тілдес халықтардың фольклорында жанрлық құрамы жағынан әр түрлі болып кездеседі. Мәселен, өлімге қарсы куресу, өлімнен қашу, жалғыз көзді Төбекөз дәуге байланысты өрбіген сюжеттер қазақ арасына аңыз, әпсана хикаят түрінде айтылса, III жырдың сюжеті толығымен эпос түрінде «Алпамыс» жырына ұқсасады. Сондай-ақ, зерттеу барысында оғыз-қыпшақ әдебиеттің, соның ішінде «Қорқыт ата кітабы» сюжеттерінің өмірде болған шындыққа жанасады деген болжаута қарағанда аңыздық прозаның белгілері көбірек кездескендігіне көз жеткіздік. Мәселен, «Қорқыт ата кітабындағы» кейбір мотивтердің тым

69 Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. – Ленинград: Наука, 1974. – С 727.

70 Григорьева Т.П. Дао и Логос (встреча культур). Москва: Наука, 1992. – С. 424.

ерте заманнан келе жатқан фольклорлық негіздермен сабактастығын аңғаруға болады. Жазба нұсқадағы типологиялық түрғыдағы ұқсасқан ортақ сюжеттік желілер көне заманнан бері қарай эпос түрінде сақталып келгендігі байқалады. Жазба нұсқаның осы ерекшеліктері фольклортанушылар тарапынан назарға алынған. Осыған байланысты «Қорқыт ата кітабындағы» 12 жырдың да эпосқа айналып, біртұтас жүйеде, циклдық топ құрауына негіз болған.

Зерттеушілердің бірқатары атақты Мұрын Сенгірбаев жырлаған «Қырымның қырық батыры» да циклдануы бойынша «Қорқыт ата кітабындағы» құрылымына ұқсас екендігін мойындауда. Профессор Ш. Ыбыраевтың пікірінше, «Қорқыт ата кітабының» топтануы нағыз қазақ эпостарына да тән құбылыстың бірі⁷¹.

Бұғынгі таңда бір елдің әдебиетіндегі көркемдік жүйелер, екінші елдің әдебиет әлеміне көбінесе әдеби аудармалар арқылы қызындықсыз еніп жататын болса, ежелгі дәүір әдебиетінен бір-біріне ауысып жүретін ортақ сарындар, көшпелі сюжеттер, дәстүрлі тақырыптар мен қалыпты образдарды көптеп кездестіруге болады. Осы түрғыдан алғанда түркі әдебиетіндегі типологиялық байланыс-ықпалдастықтар әртүрлі жағдайларда қарастырылуды талап ететінін өзінен өзі белгілі.

Белгілі бір кезеңдерде бірге өмір сүріп, кейіннен өз алдына жеке тарихи даму жолына түскен тілі ұқсас, салт-дәстүрі мен мәдениеті, әлеуметтік жағдайы ортақ түркі халықтар әдебиетіндегі ұқсастық-үндестіктер көптеп кездеседі. Оған Орталық Азияда өмір сүріп, ортағасырлардың соңғы дәүірінде жеке этнос ретінде бөлініп кеткен түркі халықтар әдебиеті мен фольклорындағы ортақ үрдістер мен ұшан-теңіз ұқсастық-үндестіктер мысал бола алады. Соның ішінде оғыз-қыпшақ әдебиетіне ортақ Қорқыт туралы аңыз-әңгіме, әпсана, өлең-жыр, эпостық шығармалар мен тарихи жазба деректер Еуразияны ежелден мекен еткен түріктердің қазіргі үрпақтарында сақталып отыр. Бұл жерде генетикалық тамырлас елдер әдебиетінің типологиялық негіздерін айқындау үшін жазба әдебиетімен қатар, олардың фольклоры мен

71 Ыбыраев Ш. Қорқыт ата кітабы. // Қазақ әдебиетінің тарихы. Онтомдық Т. 2. – Алматы: 2006. – 214 б.

ауыз әдебиетіне жүгіну қажеттілігі мол. Аталмыш мәселе соңғы кездері фольклортану ғылымында нақты жолға қойыла бастады. Ол жайында: «...ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетін тоғымды етіп тексеру мұраты іздену мен үйренудің жаңа кеңістігіне шығуды, зерттеу тәсілін жетілдіре түсуді қажет етеді. Алдағы сондай биік белестердің бірі – тілі, тегі, тағдыры жақын халықтардың ауызша, жазбаша көркем жаратындыларын кең көлемде салғастыра қарап, салиқалы ойлар тую, ел мен елдің мәдениетіндегі бірлестік пен үндестікті негұрлым жан-жақты көрсету болмақ»⁷² деп, академик Р. Бердібаев атап көрсеткен болатын. Аймақтық түрғыда түркі халықтарымен көршілес отырған түрлі этностардың белгілі бір тарихи оқиғаларды басынан кешуі арқылы туған әдеби ортақ белгілер, үқсас сюжеттер мен мотивтердің, мысалы, түркі-парсы, түркі-монгол, түркі-қытай т.б. елдердің жазба нұсқаларында көрініс тапқан типологиялық байланыстарды байқаймыз. Мысалы, «Қорқыт Ата кітабының» «Дірсекхан ұлы Бұқаш хан әңгімесі деп аталағын бірінші тарауында эпостық дәстүрдің әлеміне жолығамыз. Мұндағы, әсіресе, түркілерге ортақ сарын – баласыздық зары. Байындырдың ел жинап, ұлы барларға құрметті орын ұсынып, ұлсыздарды кемсітуі қөне заманның шындығынан хабар береді. Қыргыз халқының дәстүрлі эпосы «Манас» жырындағы Жакыптың балаға зарығуы немесе «Алпамыс» жырындағы Байбөрінің перзентсіздік кесірінен жүртттың кемсітуіне ұшырап зәбір көруі сияқты тұрақты сарындарды Дірсекханның өзіне жасалған астамшылықтан құтылу үшін бала тілеген тұсынан аңғаруға болады.

«Оғыз-намада» қөне эпостарға тән үйлену салтына байланысты тұрақты сарындар орын алған. Бұл да түркі халықтар әдебиетінде көнеден үқсас көріністердің бірі болып табылады. Мысалы эпостағы Қаңлы Қожа ұлы Төрәлінің хикаясы осыны сипаттайды. Үйленбек болып қызы іздеғен Төрәлі асқан сұлуды қәпір елінен кездестіреді. Бірақ қызыдың қоятын шарты ауыр: ол арыстанды, бұқаны, бураны жеңген батырға ған тимек. Төрәлі осы

72 Бердібаев Р. Түркі-монгол халықтары эпосындағы кейібір ортақ желілер // Қазақ фольклорының типологиясы. Түркістан: «Тұран» баспаханасы, 2009. – 10 б.

шарттың бәрін орындаپ, қызды алатын болады. Қыз Селжан Төрәлімен күш синасып та байқайды. Сынасу кезінде жеңіске жеткеніне күйеуге шығамын деп нақты шарт қоятын ару талағы қыпшақтармен қатар оғызың жырларының да дәстүрге айналған көрінісі. Бұндай қыздың жігітке «шарт» қою мотиві ықылым заманнан бері келе жатқан аса мол таралған мотивтердің бірі. Бұл мотив шығыстық көне ертеғілерден бастап көптеген ғашықтық жырларда кездеседі. Орта ғасырлық ғұлама М.Х. Дұлатидің «Жаһан-наме» дастанында Назбой сұлудың үш шарт қойып, оны Фирузшаһтың шешкендігі айтылады. Тіпті «шарт» қою мотивін XX ғасыр басындағы қазақ поэмаларынан да кездестіруге болады. Мысалы, кеңес дәуірінің ақының ақыны Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасындағы асқан сұлу қалмақ қызының ерлерді сынамаққа қойған үш шарты болғанын және оны Адақ батырдың шешкені есімізге түседі.

Белгілі бір діндердің бірқатар елдерде қанат жаюының нәтижесінде, мысалы, славян халықтарымен бірге, бүкіл Батыс пен Еуропаға жайылған христиан діні сияқты, түркі халықтарына да кең таралған ислам дінінің әсерінен туындаған типологиялық ықпалдастықтарды атауға болады. Бұл мәселенің мысалында, «Оғыз-нама», «Қорқыт ата кітабы» нақты дәлел бола алады. Діни түрғыда трансформацияға үшырау оғыз-қыпшақ дәуірі әдебиетінің ішінде «Оғыз-намаға» қарағанда «Қорқыт ата кітабында» көбірек байқалады. Ол жайында зерттеу басында айтып өткенбіз. Осы түрғыда «Қазақ әдебиетінің тарих бетінде айрықша із қалдырған замандары ислам мәдениетінің өркендеуі мен түрік Оянуышылығының тұсы болды. Әсіресе, түркілермен араб-парсы әдебиеттерінің байланысы ерте дәуірлердегі ортаазияны мекен еткен шығыс-иран мен түркі тайпалары арасындағы тарихи және саяси-экономикалық оқиғалар арқылы жүзеге асқаны белгілі, соның нәтижесінде түркі, араб, парсы «үштігі» байланысының құндылығы арта түскенін білеміз. Бұл кездері ислам дінінің аясындағы ортаазиялық елдердің әдебиеттегі қарым-қатынасы орасан зор болды»⁷³ деп, белгілі әдебиет зерттеушісі

73 Қыраубаева А. Шығыстық қисса-дастандар. – Алматы: Өнер, 2010. – 344 б.

А. Қыраубаева пайымдаса фольклортанушы Б. Әзібаевың «Борьба за упрочение позиций Ислама велась как путем прямой пропаганды (деятельность мусульманского духовенства), так и путем воздействия на умы, сердца и воображение степняков, то есть через слово печатное. Этим и объясняется огромный поток духовной мусульманской литературы, хлынувшей в казахские земли»⁷⁴ деп жазғаныңдай, исламдық тамырлардан, Құран хикаяларынан тараған үқастықтар, ортақ сюжеттер мен мотивтер түркі халықтар әдебиетінде молынан көрініс бергеніне көз жеткіземіз.

Түркі елдерінің ортағасырлық жазба мураларындағы бірінен-біrine ауысып жүрген көшпелі сюжеттер мен сарындардың немесе көбінесе поэзиялық туындыларда кездесіп, дәстүр жалғастырында болып қалыптастып қалған ортақ канондық мотивтердің де негіздерін айқындау тарихи-типологиялық зерттеу әдісінің еншісінде.

Соңғы кездері әдебиет тарихының ежелгі дәүірінен бүтінге жеткен жәдігерліктерді зерттеуде тарихи-генетикалық, тарихи-типологиялық әдіс түрі қолданылады. Бұл әдісті, әсіресе, фольклортанушы ғалымдар молынан қолдануда. Тарихи-типология әдісі дамудың әлеуметтік әр сатысында түрған халықтардың мәдени тарихын анықтау үшін де тиімді. Мәселен, типология мәселе сіне келгенде бірқатар зерттеушілер бірнеше туындылардың азын-аулақ үқастығы мен үндестігіне қарап типологиялық сабактастықта қарастырылғандығын алға тартады, Бұл орайда Б. Путилов: «Тарихи-типология зерттеулерінің басты мәні біркелкілік, үқастық және айырмашылық нышандарын іздеп тауып, түсіндіру емес, ол тарихи үдерістің даму арнасын белгілеген ортақ зандылықтардың төркінін іздестіру болып табылады»⁷⁵ – деп, орынды тұжырымдайды.

Жалпы, типологиялық түрғыдағы зерттеу әдістерінің басты ерекшелігі оның синкреттік сипатында жатыр деуге бола-

74 Азibaева Б.У. Казахский дастанный эпос. – Алматы: Фылым, 1998. С. 250.

75 Путилов Б.Н. Методология сравнительно-исторического изучения фольклора. Л., 1976. – 243 с.

ды. Себебі, ол филология (әдебиеттану мен тілтану) ғылымының әдістік салаларының бірі ғана емес, өткен ғасырдан бастап, фольклористер мен археологтардың, этнографтар мен генетиктердің ең тиімді әдістерінің біріне айналды. Мысалы, Орталық Азия аумағынан табылған мыңдаған жылдық тарихы бар әшекейлік өрнектердің ықылым заманда мұхиттың арғы бетінде өндірілген кейбір бұйымдарда қайталануы нені білдіреді? Болмаса, кейбір ұғымдардың тілі мен ділі, діні, тіпті сырт түрпатына дейін үш қайнаса сорпасы қосылмайтын жер шарының әр бұрышындағы елдерге ортақ түсінікті болуы, немесе әдеби сюжеттердің әлемнің әр шалғайындағы көне жазбалардан табылуы сияқты мәселелер, ізерлеп зерттеуді қажет етеді. Осы түрғыдан келгенде, әлем компаративистерінің бірқатар қындықтарға кез болатыны анық. Зерттеуші Е. Тұрсынов: «...Типология әдісінің де осал жері бар. Ол туралы кейінгі жылдары фольклористер ғана емес, археологтар да айта бастады. Тарихи мектеп әдісінің кемшілігі – оның арнасының тарлығы болса, тарих-типология әдісінің кемшілігі – зерттеуге алынатын мағлұматтардың географиялық ауқымының тым кең екендігінде болып жатыр»⁷⁶ деген қорытындыға келе отырып, Азия, Африка, Австралия, Америка халықтары фольклорынан келтіретін мағлұматтарының көлемі жеткіліксіз болса, салыстырылатын мағлұматтардан шын мәніндегі ортақ заңдылықты табуы қынға соғатынына мән береді. Соңдай-ақ ғалым әр топқа кіретін мағлұматтарды концентр (тұрақты шенбер) құрамында қарастыру керектігін, бірінші шенберге қазақ, қыргыз, ногай, түркмен, қарақалпақ, алтай, тува сияқты әрі генетикалық жағынан туыс халықтар фольклорының материалдары енетіндігін атап көрсетеді.

Осы түрғыда әлемдік әдеби үдерісті адамзат тарихының әр кезеңдерімен, соның ішінде ежелгі дәуір, көне дәуір яғни ортағасырлар және жаңа дәуірлермен салыстыра қарастырудың да нақтылы нәтижелерге жетелейтіні анық. Мәселен, бір-бірімен тарихи-қоғамдық жағдайлар еш байланыстырмайтын, өзара тектік қатысы да жоқ мүлде өзге елдер әдебиетіндегі көркемдік

76 Тұрсынов Е. Типологияның комплесті жүйесі туралы // Қазақ фольклорының типологиясы. Түркістан: Тұран, 2009. – 367 б.

ерекшеліктерді салыстырмалы-типологиялық тұрғыда қарастырудың да нәтижесі мол. Мұндай әдебиеттерді салыстыра отырып зерттеу, жаһандық көркем даму заңдылықтарының сырын ашуға септігін тигізері айқын. Бұл тұста түрлі ұлттар әдебиеті өзінің даму үдерісінде сатылы кезендерді әр түрлі жағдайларда өткергенін де ескеру ләзім. Мысалы, мындаған жылдар бұрын жазу мәдениеті шарықтап дамыған мысырылықтар мен шумерлердің, күншығыс елдерінің, сондай-ақ, біздің жыл санауымызға дейін-ақ, білім шамшырағындағ болған Рим мәдениетінің немесе ортағасырлардың өзінде-ақ, елуге тарта жоғары оқу орындары болған Еуропа мәдениетін Орта Азия түркілері мәдениетімен иық тірестіре алмасақ та, түрлі халықтардың көркем ойлау кемелдігі ортақтығына көз жеткіздік. Оның мысалын оғыз-қыпшақ кезеңінің бағалы мұрасы «Оғыз-нама» және «Қорқыт ата кітабынан» анық байқауға болады. Мәселен, кез келген әдеби құндылықтарды бүкіл болмыс бітімімен қабылдау үшін де оларды түрлі әдебиеттермен салыстыра отырып зерттеудің маңызы зор.

Қорыта айтқанда, кейінгі жылдар ғылымиында өте тиімді пайдаланылып, тәсілдік тұрғыдан қурделенген, әрі биік сатыға көтеріліп үлгерген типологиялық зерттеулер нәтижесі халықтар әдебиеті мен фольклорындағы ерекше ұқсастықтарды аңғарту үстінде. Осы тұрғыда әлемдік жазба мәдениетінің «алтын қорынан» орын алған «Оғыз-нама» және «Қорқыт ата кітабы» сынды құнды мұралар әлі де көптеген типологиялық зерттеулерге нысан бола алғатындығымен бағалы.

ҚАРАХАНДЫҚТАР ДӘУІРІ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ДІНИ-ДИДАКТИКАЛЫҚ САРЫН

Казақ әдебиетінің түп-тамыры өте теренде, тіпті әріде жатыр. Басқаны былай қойғанда, ертедегі рулық кезеңнің өзінде өмірге келген тұрмыс-салт жырлары, ертегілер, жұмбактар, жаңылпащ, мақал-мәтелдеріміздің қыруар қазына екені белгілі. Осы орайда еліміздің ежелден қалыптасқан асыл сөздерінің ұзақ уақыт бойы бірте-бірте реттеліп, ақырын-ақырын кемелденіп, тұрақты тіркестерге айналғанын байқауға болады: «Батыр туса – ел ырысы, жаңбыр жауса – жер ырысы», «Малы жоқ деп ерден түңілме, шебі жоқ деп жерден түңілме», «Сөздің көркі – мақал, жұздің көркі – сақал», «Ұлың – Ұрымға, қызың – Қырымға»¹ сияқты мақал-мәтелдердің әлімсактан дүниеге келгені анық. Біздің түркі текстес тай-палардың өзі ішінде әдеби дәстүрдің қалыптаса бастағаны ерте кезеңнен екені дау тудырмайды, соның бір ғана айғағы ретінде VII-IX ғасырлардағы Орхон ескерткішін атасақ та жеткілікті. Сол мезгілде тас бетінде қашалып таңбаланған жазба әдебиетіміздің де алғашқы үшқындарының белгі бергенін көрсетеді.

Ауыз әдебиетін айтпағанда, жазба мұраларымыздың сонау VII ғасырдан көрініс тапқаны ежелгі әдебиетімізді зерттеушілердің бірі, филология ғылымдарының докторы М. Жолдасбековтың «Асыл арналар» (1990) атты кітабында жан-жақты талданған.

Біздің жазба әдебиетіміз күллі түркі халқының белгілі ақыны Жүсіп Хас Хажыб Баласағұннан бастау алады. Қазақ халқының да түркі тілдес жүрттың ішіне кіретіндіктен осы елдің қурамына жататыны анық, олай болса: «Қадым заманда жасалған ескерткіштер тегіс осы құнгі түркі тілдес халықтардың бәріне ортақ мұралар болып табылады»².

«Орхон-Енисей» жазулары әдебиетіміздің бастау-көзі болса, одан соңғы дәуірлерде «Оғыз-нама» (XI ғ.), «Қисса-ул-әнбие» (XI ғ.), «Мұхаббат нама» (XIII ғ.), «Кодекс куманикус» (XIII ғ.)

1 Мақал-мәтелдер. – Алматы: Ғылым, 1993. – 13 б.

2 Мағауин М. Алдаспан (XV-XVIII ғасырлардағы қазақ ақын-жыраулардың жинағы). – Алматы, 1971. – 5 б.

тәрізді әдеби мұралар жасалды... «Сеиф Сарайи» (XIV ғ.) секілді қаламгерлер еңбек етті³.

Жұсіп Баласағұн шамамен 1010-1015 жылдары Шу бойы, Талас даласындағы Баласағұн қаласында өмірге келген. Алайда ақынның бір ғана еңбегі сақталған, ол - атақты «Құтты білік» туындысы.

«Құтты білік» дастаны Талас өңірінде, қазақ жеріндегі Баласағұн шаһарында XI ғасырда жазылып, Қашқар шаһарында тәмемдалған. Осы еңбекте үй болу, ел құрау, елге басшылық ету сияқты әртүрлі келелі істердің жүзеге асуы сипатталады. Басшы қандай болу, қосшы қандай болу, қолбасшылар, сарайда қызмет ететіндер, елшінің жұмысы қандай болу керек деген мәселелер жан-жақты жырланады. Әртүрлі жағдайда саяси-әлеуметтік мәселе мен қалай айналысып, қандай қарым-қатынас жасау, оны қалай игеру керектігі сөз болады. Сонымен бірге қазақ даласында халық болу, халықты басқару оны жүзеге асырудың тарихи өзегі сынды хатқа түскен мұра. Бұл туындыда негізгі ой-идеялар төрт кейіпкердің есімімен байланысты, Құнтууды елік, Айтолды, Өгдүлміш, Оғдүрмыш арасындағы әңгіме турінде өрбиді. Құнтууды елік – «Әділет», Айтолды – «Дәulet», Өгдүлміш – «Ақыл», Оғдүрмыш – «Қанағат» мазмұнын береді. Әңгіме желісінде Дәүлет кетіп, Қанағат дүниеден озғаннан кейін Әділет хан мен уәзір Ақыл екеуі Дәүлет пен Қанағатты ескеріп, солардың орнын толтыру, елдің жағдайын жақсарту, түркі халқының кемелдену жолын іздейді. Мемлекеттің берекесі ғылым деп біліп, оны жолға қоюда тіл мен дінді негізге алып, ел бірлігінің батылдық пен кеменгерлікте іске асатынын айтады.

Сонау бір заманда Қарахандар кезінде түркі елінің мәдениеті өркен жайып гүлденді. Осы себепті басқа елдермен ішкі-сыртқы қарым-қатынасы дамып, ілгері басты. Әрине, бұл кезде ислам діні де орныға бастағаны анық.

Бір Алланың құдіреті қүшті, ол он сегіз мың ғаламды ғажайып таңғаларлық сипатта жаратты, соның ішінде адамға айрықша ақыл беріп, оған кемел ойлау қабілетін дарытты. Біз осы орайда атақты ақын әрі ойшыл Жұсіп Баласағұнға ойлау жүйесі, ақын-

3 Сонда, 5 б.

дығы, жұрттың жан дүниесін терең түсінүі жағынан жақын Ахмет Иүгінекі деп білеміз. Екі көзі зағип болып туып, бұл дүниенің жарық сәулесін бір көрүте зар болып өткен Эдіб Ахмед ибн Махмұд Түркістан қаласының маңындағы Жүйнекте дүниеге келген.

Ақын түркі тілдерімен бірге араб тілін жетік білген, Исламның ак жолын жан-жақты зерттеп, оның хактығына көз жеткізген соң талмай, Алла жолын тамылжыта жырлаған. Әсіре-се, иман, мінез-құлық, әдеп, адамдар арасындағы ішкі, сыртқы қатынасқа арналған қысқаша тақырыптардан тұратын «Ақиқат сыйы» атты өте тартымды еңбек жазғаны мәлім. Бұл күнде ғұла-маның артында қалған мұрасының үш түрлі көшірмесі белгілі. Оның ең көнесі Самарқандада жазылған нұсқасы, бұл туындының көлемі бес жұз сегіз жол, осы аталған қолжазба Стамбул қала-сындағы Ая-София кітапханасында сақталған.

Көп дүниені басынан кешірген көне тарихында халқымыздан небір кеменгерлер өткені мәлім. Бұл данышпандар жеке басы-ның қамын қүйттемеген, ел үшін күндіз-түні еңбек еткен, жұр-тының болашағын, қамын ойлаған. Осындаі түркі қауымының ертеңіне көз жіберген нәзік жанды ақындардың бірі Жұсіп Ба-ласағұнның ізін баса шыққан Ахмет Иүгінекі екенін жоғарыда айттық. Ол өткенге зер салып, сабақ алса, айналасына ойлы көз-бен қарап, жан жақты бақылап отырыпты. Ақын әрбір адам пен-де, сондықтан күнәсіз жан болуы мүмкін емес, осы себепті Алла-ны бір сәт естен шығармай, оны айтып жүру керек дей келіп:

Бар қылды жаратты да мені жоқтан,
Жоқ етер Алла тағы бар қылмақтан.

Тәубе қыл, шәк келтіріп, желік кумай,
Тұрғанда өзің өлмей оттан сақтан!

Жаратты жалғыз Алла күн мен түнді,
Біріне бірін ертіп жүргізеді.

Күнінді батырады таңды атырып,
Өлшеуін мезгілдердің білгізеді.

Бір Алла өлтіретін, тірілтетін,
Көрерсің сен де оны көзің жетіп.

Иесі құдіреттің жалғыз Құдай
Өлгендерді тірілту оған оңай.

Айтайын артықтыңын Пайғамбардың,
Ұғып ал толғауымен ой мен ардың.

Құт қонған ізгінің ол ең кемелі,
Ішінде жетері жоқ жаны бардың,⁴ –

деп толғаса, мұның бәрі де дұрыс, аса қамқор, ерекше мейірімді Алла құдіретті, он сегіз мың ғаламда оны дәріптегейтін, оған арқа сүйемейтін тіршілік жоқ екені рас. «Хадистер жинағы» атты кітапта: «Расында Алла Тағала бүкіл жақсылық пен жамандық атаулыны жазып, оны былайша ашып түсіндіреді: «Кімде кім жақсылық жасаута ниеттеніп бірақ оны жасамаса, Ҳақ Тағала оны толық жасалған жақсылық есебінде жазады. Егер жақсылық жасауды ойға алып, оны жүзеге асырса, Алла Тағала сол бір ғана жақсылығы үшін он сауалтан бастап, жеті жүз есеге дейін, тіпті одан да еселеп жазады»⁵, – делінсе, бұл шүбәсіз шындық, біз қасиетті хадиске риясыз сенеміз. Ахмет Иүгінекидің алдында ғұмыр кешіп, бүкіл өмірін Алла жолына арнап, адам баласының иглілігіне қызмет еткен ғұлама ақын Жүсіп Баласағұн атақты «Құтты білік» дастанында (көне түркі тілінен аударған А. Егеубай) Алланың хикметін жанымен толғаған. Ол:

Алла атымен бастадым сөз әлібін,
Жарылқаған, жаратқан бір тәнірім!

Қалады да, жаратты бар болмысты,
«Бол!» деді де, бірден бәрін болғызды.

4 Он ғасыр жырлайды. – Алматы: Дәуір, 2006. – 109 б.

5 Хадистер жинағы. – Алматы: Көкжиеқ, 2011. – 18 б.

Жаралғанның бәрі мақұлық, мұны көп.
Ием ғана жалғыз, шері, мұны жоқ.

Ай, ерікті, күшті мұңсыз Құдайым,
Бұл есімдер саған ғана лайық.

Саған өзге кірігे алмас Даrasын,
Әуелгі де, соңғы да Өзін, Саrasын.

Іш пен тысты бірдей білген асылсын,
Көзден жырақ, көңіліме жақынсын, –

десе бұған қайран қалуға болмайды, екі ақын да Алланың асқан нығметін, бір Жаратушы екенін жырлап қоймай, басқалардың да Құдайды танып-білуіне, тіпті жас жеткіншектердің үлгінеге алуына терең өсiet қалдырыпты.

Біз жоғарыда сөз еткен Жұсіп Баласагұни да, Ахмет Йүгінеки де Алладан кейін пайғамбарымыз Мұхаммедті (с.ғ.с.) сүйіспеншілікпен кемеліне келтіре толғағаны мәлім. Осы орайда ислам дінінің көшбасшысы жайлы Американың атақты академигі Майкл Х. Харт «100 ұлы адам» атты кітабында Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) ең бірінші ұлы деп таниды. Оқымысты оған мынадай анықтама береді: «Христиандардың саны мұсылмандардан екі есе көп. Сол себепті Мұхаммедтің (с.ғ.с.) бұл кітапта Исадан (ғ.с.) бұрын жазылғаны оғаш көріну мүмкін. Бірақ мұның екі себебі бар: біріншісі Иса (ғ.с.) христиан дінінің негізін және философиясының негізін қалағанына қарамастан, Мұхаммед (с.ғ.с.) Исаға (ғ.с.) қарағанда маңызды рөл атқарған. Мұхаммед (с.ғ.с.) ислам теологиясының негізін қалаушы, ол ең бірінші болып иманды адамдар санының көбеюіне ықпал етті, адамдарға ислам негіздерімен өмір сүруді үйретті. Оған қоса ол қасиетті кітап Құран Кәрімді Алладан жеткізуші»⁶.

Мына бес күндік алдамышы дүниеде бір жаратушының Ҳақ жолына өз өмірін арнап көптеген пайғамбарлар өткен, сол абзал жандардың ардақтысы Мұхаммед (с.ғ.с.) болғаны шындық. Біз

6 Харт Х. М. 100 ұлы адам. – Москва: Вече, 1992. – С. 28.

оны соңғы пайғамбар әрі Алланың сүйікті құлы деп танимыз, со-
лай деп иман келтіреміз.

Жұсіп Баласағұни да пайғамбарымыз Мұхаммедті (с.ғ.с.)
ұлгі-өнеге етіп суреттеген:

Рахымды Ием пайғамбарын жіберді,
Кісі ізгісі, ел сарасы жігерлі.

Тұнек тұнде шамы болып халықтың,
Саған, жұртқа нұрын шашты ол жарықтың!

Ол Алланың жаршысы, ерім, білгейсің,
Сен содан соң тұра жолға кіргейсің.

Ата-анадан жетім қалып келді ол,
Үмбетіне тілек тілеп, берді жол.

Күндіз жемей көр, тұнімен жатпады,
Сені жақтап, қолдамады басқаны.

Сені тілеп, бейнет шекті күні-тұн,
Салаут айт, мақта, ақта үмітін!

Біздің халқымыздың тарихында небір ғұлама жандар өткен
ғой. Олар өзінің қара басын ғана ойлаған емес, «елім-жұрттың»
деп енірегендеге етегі жасқа, көкірегі шерге толған. Осыншама
кен дүниеге сыймай, күндіз-тұні aḥ ұрып, халайық-қауымның
қамын жепті.

Біз Жұсіп Баласағұнды жоғарыда айтқандай жұрттың жағда-
йын терең түсінген аса сезімтал ақын деп білеміз. Оның айнала-
сындағы күнделікті болып жатқан тірлікті жіті бақылаушы, өт-
кен өмірге, кешегі тарихқа соншама сергек қарайтын биік па-
расат иесі екені анық. Ақынның әрбір сөзінен өмірден көп тоқы-
ған көрегендігі, данышпандығы аңғарылып тұрады. Шәйір әрбір
адам пенде, олай болса, одан кемшілік көп кетеді, күнәға бат-

пай, адал жұру үшін алдымен Алланы тану, одан кейін білімге зейін салу ләзім дегенді уағыздай келіп:

Күдіретті бір Хақ озық баршадан,
Мадақ, мақтау, құрмет лайық бір соған.

Ақ, зұлжалал, ұлылықтың иесі,
Жаратушы, кемел қадір иесі.

Әзірлеген жер-көк, жұрттың иесі,
Жан жадырап, ризығыңды тиесі, –

деп толғаса бәрі де рас, басы артық еш нәрсе жоқ, құдіреті күшті Алланы он сегіз мың ғаламда мадақтамайтын, оны моянындамайтын тіршілік жоқ шығар...

Ал, Алланың рақымы шексіз де түпсіз, өйткені ол «аса камқор, ерекше мейірімді». Оның дәлелі: «Алла тағала мейірімділікті жүз бөлшек жасады. Тоқсан тоғызын өз қасында ұстады да, бір бөлшегін жер жүзіне түсірді. Ол міне, осы бір бөлшекпенен бүкіл жаратылыс өзара мейірімділік істейді. Тіпті бие де бір зиян келуінен қорқып, құлынын баспауға тырысады. Хайуан екеш хайуанда да мейірімділік бар», – делінсе, бұл пікірдің шындығына сіз шек-шубә келтіре алмайсыз. Өзіңіз ойлаңызшы, Алла тағала бүкіл жаратылыс, жер мен аспан арасын бір-ақ мейіріммен ұстаса, оның өз бойында тоқсан тоғызы тұрса, сонда Алла жарылқаушының жарылқаушысы екені өзінен-өзі белгілі гой.

Жұсіп Баласағұн «бір Аллаға ғана мұнажат» етем десе, бұл да түсінікті. Осы аталған ақынның алдында ғұмыр кешкен Жұсіп Баласағұнидың бір Алланы жырлаған «Құтты білік кітабы» әлем әдебиетінде өзіндік орны бар бағалы еңбек.

Міне, жоғарыдағы екі ақын да бір жаратқан иені өздері танып қоймай, басқа ел-жүртқа және болашақ үрпаққа жан-жақты өсінет етіпті.

Бір еске алар дүние – Абайдың терең мағыналы ойлары мен көркемдігі биік өлендерінен біз жоғарыда сөз еткен Жұсіп Баласағұнмен соншама үндестігіне еріксіз зейін саламыз:

Патша құдай, сыйындым,
Тура баста өзіне.
Жау жағадан алғанда,
Жан көрінбес көзіме.
Арғын, Найман жиылса,
Таңырқаған сөзіме.
Қайран сөзім қор болды,
Тобықтының езіне.

Расында, адам баласы ислам діні бойынша «бетегеден биік, жусаннан алласа» болу керек еken. Алла тағала тәкаппарлықтан сақтасын, дандайсу, өзін-өзі жоғары ұстау, мұрнын шүйіру де-ген асқан күнә еken. Бұл жөнінде хадисте: «Расында ол бір арқа отын көтеріп, базарға соқты. Оны көргендер «Әрине, Алла сені бұл істен мұңсыз етті (саған бұл қажет емес). Ал сонда бұған сені ұрындырған не?» – деп сұрады. Сонда ол: «Мен бұнда тә-каппарлықты жоюды қаладым. Өйткені, хазірет пайғамбар ға-лайссалам жүргегінде тарыдай тәкаппарлық болған кісі жаннат-қа кірмейді дегенін естідім» деп жауап берді, – делінсе, кемен-гер Абай қалай дәп басып, өте дәл айтқан, жер бетіндегі адамзат бір-бірінен не артық, не кем емес, бәрі де екі аяқты, бір басты пенде ғой. Сондықтан өзің секілді екінші бір адамға кіслік көр-сету, паңсыну адамгершілік емес, осы себепті данышпан ақын «Адамды сүй, Алланың хикметін сез» деп соқырға таяқ ұстатқан-дай ашық та айқын меңзеп тұр.

Дәл осы жағдай Ахмет Иүгінекиде тайға таңба басқандай су-ретtelіпті:

Көпке есепсіз ризық беріп, сақтайды ол,
Тойындырып бәрін, өзі татпайды ол.

Тірі жанды ешқашан аш қалдырmas,
Жеп-ішкізеп, өзегін еш талдырmas.

Не тілесе – барлығына жетеді,
Кім-кімді де, қаласа ұлық етеді?⁷

Ғұлама ақын Ахмет Иүтінеки он сегіз мың ғаламның тұтқасы жалғыз жаратушы қолында, ол өлтіреді де тірілтеді, не істеймін десе өзі біледі, бір сөзben айтқанда, ақын «құдайсыз қурай сынбайды» дегенге саядды. Атақты шәйір аса қабілетті, ерекше зерек екен, ол көзінің тірісінде ғылым-білімнің соңына түсіп, қундізтұні жалықпай үйренумен болыпты. Әсіресе, оның тіл үйренуге құмарлығы ерекше көрінеді. Бұл туралы ақынның «Ақиқат сыйы» атты кітабын шығарып, жан-жақты зерттеген ғалымдар Ә. Құрышжанов пен Б. Сағындықов: «Бұл дүниенің жарық сәулесін көрмеген зағип Ахмед ойшил, зерделі болып туады, қабілетін үштап, білімге құлаш ұрады. Қоپ ізденіп, мол білім жинайды. Түркі тілдерін түгел менгеріп, араб тілін жетік біледі, халық тілінен қалағанынша сузындал, тіл үйренуді әдетке айналдырады, жазба тілді жастайынан жаттап өседі. Өз ортасының қоپ оқыған білімпазы есебінде ол «Әдіб Ахмед» деген атаққа ие болады»⁸.

Ал, бәнді біреудің «шәйір Ахмед туралы айтқаны» делінетін бөлімде:

Көрмеген тұа біткен әдіб көзі,
Тұрады он төрт баптан осы сөзі.
Жүк болса піл көтермес алтын-күміс,
Соған тең осы аз ғана сөздің өзі.

Осы арнау жырды кезінде кім жазса да әділін, ақиқат шындығын айтты деп түсінеміз, бұл бір жағы Ахметтің жай-күйімен таныстырса, екінші жағынан оның көзінің тұа бітті көрмейтін соқыр екенінен де хабардар етеді. Алайда, біздің ойымызша, Ахмет тұа соқыр болмаған сияқты, бері келе көзінен айрылғанға ұқсайды, өйткені жаза алмайтын соқыр адам ғылым-білімді қалай менгермек?! Оның өлеңдерін оқып отыр-

7 Баласагұн Ж. Құтты білік. – Алматы: Жазушы, 2006. – 10 б.

8 Иүтінеки А. Ақиқат сыйы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 6 б.

ғанда, ақынның құнделікті тірліктең әрбір кішкене құбылысқа дейін жете білетіндігі бізді қайран қалдырады. Ахметтің, әсіресе, өнер-білім жайлары терең де мазмұнды. Өнер-білімнің қажеттілігі туралы ақын Абай да терең толғанып еді:

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба.
Құмарланып шаттанба
Ойнап босқа құлуге⁹.

Расында, терең білімі жоқ, не білігі жоқ адамға ғылым ізде-
нудің қажеті болар ма? Таяз адам өзін данышпан да, көреген де,
мықты да деп біледі, ешкімді бойына тоғытпақ емес, тірі жан-
ды менсінер ме?! Ондай сандуауы жоқ кісіге айтқан сөз, берген
кеңес құмға сіңген сумен бірдей екені анық, осы себепті Ахмет:

Ақыл сенбей сенбеңіз,
Бір іске кез келсеніз.
Ақсақал айтты, бай айтты,
Кім болса мейлі, сол айтты
Ақылменен жеңсеңіз¹⁰.

Біздің ғұлама халқымыздың құн нөсерлеп, алай-дулей жауып тұрғанда: «құн жаманы кетер-ау, адам жаманы кетпейді» дейтін ғажайып нақылы болушы еді, бақсақ, бұл сөздің төркіні тіпті әріде жатыр екен гой. Надан қайда да надан, жаман қайда да жаман, бұның екеуі де елді бұлдіреді, жүртты шерменде етеді.

Қиямет қайымның қашан болатынын бір Алла біледі, ол кезде жалғыз рет «сүр үрілмек». Бұл сүрді үретін Ысырапыл періште екен. Ол періштенің даусы шықса, жер-әлем күніреніп, дүние астаң-кестең болмақ. Өлілер көрінен шошып тұрып, тірілер не болғанын білмей, есінен танса керек?! Міне, дәл осы кезде бүкіл жан иесі Алланың алдында тірлігінде істеген барлық іс-әрекеті-

9 Құнанбаев А. Өлеңдер. – Алматы: Ғылым, 1977. – 65 б.

10 Сонда, 66 б.

не есеп бермек. Кім жақсы, кім жаман, кім асыл, кім надан? Бір жаратушының өзі ғана осы бір мезетте тез арада айырмақшы. Жер мен қектей кең сегіз ұжмақ пен іші от пен жалынға толы жеті тозақтың есіктері айқара ашылмақ. Кім пейішке барады, кім тозаққа кетеді бір жаратушы ғана біледі. Ал Алла тағаланың әділдігі сондай - жарық дүниеде істеген жарты жармақтық жақсылығың болса да ескеріп елейді, шапағатынан құр қалдырмайды. Тіпті бір соқыр адамды қырық қадам жерге дейін жетектеп барған кісі де, екі жетім қызды өсіріп, қүйеуге берген абзал адам да ұжмақтың төрінен орын алары сөзсіз». Өйткені Алла жарылқаушиның ең зоры, мейірім мен шапағатының шеті-шегі жоқ.

Бір ескере кетер жай - ұлы құдіреттің алдында барлық адам баласы бірдей, Алла ешкімді алалап-құлаламайды, мынау кедей, мынау бай, мынау жарлы, мынау маңғаз, мынау патша, мынау құл деген ұғым онда жоқ. Алланың артықша кереметі де осында, бір ғажабы әділдікті жақтایтын Әдіб Ахмед төгіlte жырлайды. Ұлы ақын:

Болғаннан соң мал, дүние жандығын,
Ұлылыққа қол сермедин, жанды ұғын.
Байлықтан не? – Көрге жалаң кіресін,

Қалар мұнда кісе, себет, сандығын, – деп толғаса, оның осы айтқанының бәрі шындық, адам баласының аш көзі дүниемүлікке тойған ба, мал-мүлікке қанағат етер ме? Жан баласының көзі тек бір уыс топыраққа қана тоймақ, бұл жайында Абай:

Кәпір көздің дүниеде араны үлкен,
Алған сайын дүниеге тоя ма еken?
Қанша тірі жүрсе де өлген күні

Өзге көзбен бірдей-ақ болады еken¹¹, –десе, аса ойшыл ақын өте дұрыс айтқан, өмірден көріп, көңіліне тоқып-түйгенін ортаға салған деп білеміз.

Адам баласынан қанағат кетсе, кіслік кетеді дегенді барлық өткен ғұламалар толғаган, әсіреле, Жұсіп Баласағұни тебірене жырлапты:

11 Құнанбаев А. Өлеңдер. – Алматы: Ғылым, 1977. – 324 б.

Десең егер күн кешер,
Нәпсінді тый, құмарлықты биле сен!

Бұл нәпсіге ерме, берме тілегін,
Берсең алар, басың болар тігерің.

Жақсылық қылсаң ол жамандық қылады,
Жамандық қылсан, бойың иіп, тынады!

Талай көрдім әзиз, сыйлы ерлерді.
Құлқындарын ұстай алмай сенделді.

Талай көрдім даңқты, ұлық ерлерді,
Құлқынға құл болып, бәрі жерге енді.

Білмесе адам өзін қырық жасында,
Айырма жоқ, мал ғой майдың қасында.

Бастан кешіп, білмесе өмір парығын,
Кісі емес, хайуан деп танығын.

Ахмет Иүгінеки де бір ғана тәнірді мойындайды, соған ғана бағынады, содан ғана қорқады, соған ғана құлшылық етеді дедік. Сонымен бірге, бір Алланың алдында барлық пенде бірдей деп те толғағанын айтып кеткенбіз, бұл тұрасында ол:

«Тегім асыл» деп біреулер мақтанар,
Мен айттайын тұра жауап сақтанар.

Бұл халықтың ата-анасы, тегі бір,

Арасында айырма жоқ сақтанар,¹² – деп қандай әділетті айтқан, расында жүртпен пікір алыса қалсаңыз, не бидің, не бектің, не батырдың, не бай-бағыланның тұқымы болып шыға келеді. Солай-ақ болсын, оған кім таласады, тек мақтан араласқаны жанынды жегідей жейді. Дүние жүзінің соңғы пайғамбary Мұхаммед Мұстафа салалау ғалайссалам былайша өсиет

12 Иүгінеки А. Ақиқат сыйы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 79 б.

айтыпты: «Менің қауымымдағы надан арабтарда көзі жойылуға тиіс үш нәрсе бар, бірақ олар бұдан құтыла алар емес, ол нәрслер мыналар: тегін айтып мақтану, өзге руды келеке ету, ауа рыйының әлдебір жұлдыздарға тәуелді екеніне сену, өлгеннің артынан ағыл-тегіл жылау», – десе тенденсі жоқ ақыл иесі Мұхаммед пайғамбарымыздың бұл пікірі өте дұрыс деп білеміз. Барлық мақтау он сегіз мың ғаламды жаратушы, екі дүниенің иесі, Қиямет қайымның қожасы жалғыз құдіретті Аллаға ғана тән. Әркім аузына келгенін айтып мақтана берсе, сөз еместі сөйлеп, бөсе берсе халайық қауым арасында береке-бірлік бола ма?! Шындық бола ма, әділліктілік бола ма?! Ұлы Абай:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,

Және хақ жолы деп әділлітті¹³, – деп, Алланың ақ жолын тебіренте отырып түсіндірсе, бұл жай айтыла салған нәрсе деуімізге болмайды, араб-парсы тілін өте жетік меңгерген ақын шығыстың ғылым-блімін де, философ ойшылдарын да, замандастарынан қара үзіл, үздік шыққан ақын-жазушыларын да терең білгені белгілі. Анығырақ айтсақ, оның Алланың сөзі Құранды да жан-жақты оқығаны да, көңіліне мықтап түйгені де байкалады.

Біздің бұдан аңғаратынымыз, Алланы тануда да, оның тіл жетпес хикметін көпшілік қауымға жеткізуде де поэзияммыздың бірде-бір рет желісі, дәстүрі үзілменені, сонау XI ғасырда Әмір сурген Жұсіп Баласағұниден бастап, Абайға дейінгі аралықтың қаймағы бұзылмағандығы анық байқалады.

Артына ірі мұра, өлмейтін-өшпейтін құнды сөз қалдырған Ахмет Иүгінекидің өмірбаяны жазылып қалмаған сияқты. Зерттеушілердің айтуынша, ақын ғұмыр кешкен дәуірде сол елді, Түркістан өлкесін билеп, Сыр бойындағы Сауран қаласында тұрған Әмір Арыслан екен. Өнер мен өлеңнің үлкен жанашыры осы кісі Ахметтен біраз мәлімет қалдырыпты:

13 Құнанбаев А. Өлеңдер. – Алматы: Ғылым, 1977. – 304 б.

Әдіб елін, «аты- Иүгінек» дер еді,
Өте сұлу, таза ауалы жер еді.
Махмұд-и Иүгінек-и баласы-
Әдіб Ахмед, жоқ ешкімнің таласы.

Бұл арабша «һибат-ул-хақайық»,
«Ақиқаттың сыйы» ғой деп айтайдық,
Ол түгелдей қашқар түркі тілінде,
Жазған Әдіб айқын осы түрінде.

Қашқар тілін білген сыйлап әз қанын,
Түсінеді, міне, Әдібтің жазғанын.
Тілді білген - мәнін білер шүкірлік,
Білмегенін «білем!» деген күпірлік.

Білмей Әдіб маржаннан көз жазып,
Көп кіслер босқа жүр ғой сөз жазып.
Кейбіреулер «білемін» деп ісініп,

Күлкі болды сөзін қате түсініп¹⁴, –деп толғаса, біз Ахметтің туған жерінің Иүгінек, әкесінің аты Махмұд, кітабының аты «Ақиқат сыйы» екенін білеміз. Тағы бір байқағанымыз, осы кішкене ғана үзіндіден-ақ ақынның жастай ғылым-білімге құштарлығы, әз ана тілін жанындағы сүйетіндігі терең қамтылыпты. Ахмет Иүгінеки жастайынан оқып, әз кезінің білімді адамы болған. Араб тілін ана тіліндей жетік білген. Ахмет әдебиет тарихында өзінің «Шындық сыйы» немесе «Хибату-л-хақайық» дастанымен мәлім. Шығарманың түпнұсқасы сақталмаған, 1480 жылғы көшірмесі арқылы ғана мәлім. Оны түркі ғалымы Нажиб Асим Стамбулдағы Суфи мешітінің кітапханасынан (1916 ж.) тауып жариялаған. Кейін Е. Э. Бертельс, С. Е. Малов орыс тіліне аударып, түсінік берді. А. Иүгінеки бір Алланы, одан кейін Мұхаммед пайғамбарды жан-жақты жырлаған. Жұрттың іштей таза, сырттай айбатты да, қайратты болуын, жетім-жесірге мейір-шапағатты болып, адамдардың өзара бір-бірімен тату-тәтті, бірлікті ғұмыр кешуін армандағы өткен.

14 Иүгінеки А. Ақиқат сыйы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 89 б.

Біз Ахмет Иүгінекидің адамгершілік, биік парасат, кіслік, кішілік туралы жырларына ерекше тәнтіміз, ол, әсіресе, сараңдықты, «шық бермес шығайбайларды» жерден алып, жерге салып мінейді.

Ақынның уытты өлеңдері кісінің тәбе шашын шымырлатады, оқығанда көкірегің қарс айырылады:

Сынап білген жақсыны да жаманды,
Тыңдал көргін көңілі ояу адамды:

Тілеген жан – бар тілекке жетеді,
Тілегендей кіслер аз, нетеді!?

Толып жатыр адалы да, адамы,

Тілегіңе сай бірі жоқ, ғажабы!, – деп іштей терең толғанса, ұлы ақынды сіз шынында еріксіз мойындайсыз. Біз, расында, әрбір құбылыс пен жылтырақ алдамшы көріністің сыртқы түрін ғана қызықтаймыз фой. Оның қабат-қабат құпия сырына жете мән бермейміз, сөйтеміз де өкінеміз, жырауларша айтқанда «бармағымыз тістеулі кетпек». Адамның бәрі Алланың жаратуында, анадан тууында бірдей, ешқандай бір-бірінен айырма жоқ! Ата-бабамыз «адам аласы ішінде, мал аласы сыртында»— дейді фой, бұл еш қоспасы жоқ ақ сөз. Тұғанда мөлдіреп көзін ашқан сәби неге өсе келе сүм мен сүмірайға, қу мен залымға, қанішер мен жауызға айналады? Тіпті бірінің тірлігі сүр жылан, бірі тасбақа, бірі құрт-құмырска сияқты. Осы սұраққа жауапты да Ахмет Иүгінекидің өзі береді, ол:

Бос мактанға салынып,
Бекер көкірек керуге.
Қызмет қылма оязға,
Жанбай жатып сөнуге.
Қалай сабыр қыласың,
Жазықсыз күнде сөгуте?
Өнерсіздің қылышы
Тура сөзін айта алмай,

Қит етуге бата алмай,
Қорлықпенен шіруге;
Аз ақшага жалданып,
Өнбес іске алданып,

Жол таба алмай жүргуге¹⁵, – деп сонау тұңғиық тұпсіз теңіздің алыс шыңырауынан маржан тергендей мөп-мөлдір жан сырын біздің алдымызға ешбір қоспасыз жайып салады. Ақынның әрбір сөзі, әрбір теңеуі бір ғана шындықпен әдіппеліп, ақиқатпен көмкерілгендігінде ешбір талас жоқ.

Ірі ақынның аса биік таланттын шынайы таныған профессор Х. Сүйіншәлиев былай деді: «Ақын тілі бейнелі, шешендік тіркестер, халықтық мақал-мәтелдер жиі ұшырайды. Тенеу, эпитет, метафора сияқты поэтикалық тілдің жақсы улгілерін көптеп ұшыратамыз. Төрт жолды, он бір буынды өлең құрылсызы жиі қолданылған. Ахмет Иүгінеки дастаны – түркі тілді халықтар әдебиетінің қалыптасуына мықты әсер еткен орта ғасырлық құнды туынды. Оның өзбек, ұйғыр, қазақ әдебиеті тарихындағы маңызы да осы әсерлері арқылы белгіленеді»¹⁶.

Бұрынғы өткен ғұламалардың бәрі де адам баласы байқап сөйлеу керек, тіліне ие болған адамның иманы берік, ісі орнықты болады деп өсінет қалдырған. Ғұлама ақын Жұсіп Баласағұн да осы ойды есімізге салады:

Біліксіздің тілін тыйған жөн болар,
Білімдінің сөзін жиган жөн болар.

Білімдінің нұрлы сөзі сарқылмас,
Бастауы – кең бұлақ көзі тартылмас.

Білімділік – шым бүркеген бір теңіз,
Бұрқырап су, аяқ басып жүрсөніз.

15 Иүгінеки А. Ақиқат сыйы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 74 б.

16 Х. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 2006. – 35 б.

Білімсіздің көнілі – құм, сусыз шәл,
Тойып бермес, күні-түні құйсын көл.

Қара бастың қарақшысы – қызыл тіл,
Қанша басты жұтты үзіп ұзын тіл.

Басты ойласаң, тыйып ұста тіліңді,
Басын жұтар тізгіңсіз тіл түбінде.¹⁷

Кемеңгер ақынның сыйсындаған тіл жайында жазған ғаламат
есиетін Ахмет Иүгінеки де өте шебер қайталай отырып, адам ба-
ласы өз тілінен бәле табатынын жеріне жеткізе жырлаған.

Әдіб Ахмедтің бір пара өлендері ақыл-нақылға құрылғаны
анық, Жүсіп Баласағұнның өлендерімен сарында, үндес келіп
отыратыны идеялық жағынан да, өмірдің қат-қабат шындығын
жырлау түрғысынан да үзілмей келе жатқан біртұтас әдеби жал-
ғастықты көрсетеді.

Екі ақын да ішкі сырға берік бол, әр адамның іші алтын сан-
дық, оның аузы қаншалық мықты болса, соншама қасиетті бола-
ды, жария құпияда ешқандай құн болмайды дей келіп:

Айтпа сырды, қара достың түсіне,
Ойлап қара жанашырдың ісіне.
Өз ішіңе сыймаған сыр, шырағым,
Сыя ма екен сол досыңның ішіне?!

Ақын қалай дәл тауып айтқан, осы өлеңнің көркі мен көр-
кемдігі де айрықша, мағынасы терең, шөліркеген окушы жаны
сусындар кәүсар бұлақтың сүй іспетті. Расында кімнің төрт құ-
быласы түгел деп едің, жер басып жүрген жан баласының бәрін-
де бір қайғы, бір мұн, бір арман бары айдан анық, күннен жа-
рық. Адамның бәрі тек көкірегіндегі шерін шертіп, зар еніреп,
запыран құсса, жарық әлем бұлыңғыр тартып кетер еді гой. Пен-
де бірін-бірі сәттік қуанышымен, әдемі әзілімен, сыңғырлаған
құлқісімен қуантпаса, бес күндік ғұмыр қызықты болар ма?!

17 Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: Жазушы, 1986. – 5-6 бб.

Бір жағынан, ақынның айрықша ғұламалығы – өзінің қойған сұрағына өзінің жауап бергендігі ме екен деп қаласыз. Сырды сақтау жайлышты жогарыдағы ойын ол одан әрі өрбітіп:

Білімдіден қалған бір сөз тағы бар,
Әдептіге «үндемес» ат тағылар.
Тілінді тый сонда тісің сынбайды,
Жөнсіз шыққан тілден тісің қағылар.

Ақылды ма көп сөйлеген құбіне,
Талай бастың тіл жетті ғой түбіне.
Оқ жарасы жазылады, бірақ та
Тіл жарасы жазылмайды, түбі не?!

Бақ тілінді, аздап сөйле, мұра - сол,
Сонда аман-сау, тек жүресің рас ол.
«Адамды отқа күйдіртетін тіл екен,
Өзінді оттан сақта», – деген Расул.

Абай поэзиясынан біз көне дәүірдегі ата-бабамыздың ішкі жансырын терең түсінумен бірге сол кездің тарихи хал-жағда-йынан да хабардар боламыз. Үлкен ақын өз елінің асқақ арманын, биік парасатын, мөлдірекен шындығын ақ қағазға маржандай тізіп беріпті. Бізге ақынның тұтас дүниесі емес, алтынның сыйнығындағы азғантай өлеңі жетіпті, солай болса да осы аз өлеңін-ақ оның ұлылығы анық қөрініп тұр.

Жүсіп Баласағұн адамгершілікті жан-жақты жырлаған ақын, ол өмірдің кез келген саласынан оқушысын хабардар еткен, бектердің, жай адамның қандай болу керектігін, әркім өз орнын білуі тиіс екенін терең жырлаған. Әсіресе, маскүнемдікті әсерлі толғаған:

Ішімдікке құмар байқұс наданға,
Білікті ер атқан, сақта санаңда.

«Ей, маскүнем, ішімдікке жолама,
Қайыршылық – жолы, өзінді тонама!».

Қара ішсе, мал мен мұлқін салады,
Бегі ішсе, елдің шырқын алады.
Қара ішсе – малы желге үшады,
Ішкішбектің – тозар елі құсалы.

Ішімдік – жау. Құртар алтын-күмісті,
Ішкен пенде бастар ұрыс-керісті.

Ішкен кісі ақылынан адасар,
Ал ақылсыз тентектікпен жанасар.

Ердің сөзі, үққан адам затынды,
О, бейшара, тында айтқан ақылды.

Ақын адам баласын өнегесіз істен, берекесіз тірліктен сақтан-
дыра отырып, одан қалай құттылудың да жолын айтады, әсіресе,
мас адамның жарты адам екендігін шынайы суреттейді. Ішімдік-
ке берілген жанның не өзінде, не сөзінде береке болмайтынын
астарлай жеткізеді. Мансап иесі бектер ішсе ел-жұрттының берекесін
алтын-күмістің далага шашылып, жазыралы өлкенің шөлге айналатыны, нұлы, сулы жердің тақырға айналатыны
шынайы жырланған. Ақынның осы тақыллеттес өмірден ойып
алынған парасатты ойларына көз жібере отырып, оның ел-жұрттын
соншама сүйеттінін аңғарамыз.

«Құтты білік» дастанында өмірдің бір қалыпты тұрмайтыны әр қырынан жырланады, бүгінгі байдың ертең кедей болмағы, бүгінгі кедейдің ертең тасып-төгіліп кетуі, өмірдің көзді ашып-жұмғандай өткіншілігі сөз болады. Әр адам қолдағысы на қанағат етіп, адал еңбектену керектігін барынша шынайы толғайды.

Барлық ғұмырын Алланың ақ жолына арнап адам баласы үшін үлгілі өситеттер қалдырған Ахмет Иұғінеки де адамзаттың азып-тозбауы үшін Баласағұнның ойын жалғастыра ғибратты өнеге қалдырған:

Өмір тәтті бүгін қолың жеткенде,
Удай ашы ертең тастап кеткенде.

Бу дүние опасыз ғой бәрінен,
Рақаты тез айрылар әрінен.

Қайда балы – сонда арасы бір жүрер,
Балдан бұрын татып көрші зәрінен.

Бұл дүние – өнерлігі өгей-ді,
Қамсыз адам өнері жоқ көбейді.

Өнер дәulet әкелмейді кісіге,
Сол-ақ қызын. Сонда кімдер жебейді?¹⁸

Ахмет Иүгінеки де дүниенің бір қалыпты тұрмасын, өзгеріп, жаңаланып құбылатынын, адам баласы өз нәпсісін тыйып, адал жүріп, адал тұруға дағылану керектігін толғаған. Ахмет Иүгінекидің поэзиясынан біз сол көне дәуір түркілерінің ішкі жансырын терең түсінеміз, сонымен бірге сол кездің тарихи жағдайынан да хабардар боламыз. Үлкен ақын өз елінің асқақ арманын, биік парасатын, мөлдіреген жанын ақ қағазға маржандай тізіп берген. Бізге ақынның тұтас дүниесі емес, алтынның сынығындағы азғантай өлеңі жетілті, солай болса да осы аз өлеңінен-ақ оның биік дарыны анық көрініп тұр.

Түркі халықтарының бәріне ортақ рухани қазына саналатын әдеби жәдігерлер тарих қойнауына енген сайын жаңа қырынан жарқырай түсіп, халықтың діни дүниетанымының аясын кеңейтуде басымдық берілетін негізгі аспектілердің біріне айналды. Дін – адамзат баласының ежелгі дүниетанымынан бастап, күні бүтінге дейінгі өмір сүруінің мәнін айқындастын мәңгілік категория болса, әдебиет – халықпен бірге жасайтын, үнемі даму үстіндегі үдеріс бола отырып, сол тарихты жасаушы ұлттың ойсанасын, діни дүниетанымын айшықтайдын негізгі феномен ретінде қабылданды.

18 Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: Жазушы, 1986. – 226 б.

VII ғасырда Араб түбөгінде пайда болып, қазақ даласына Қарахан әулеті билеген кезеңде аяқ басқан ислам діні өзінің асыл жауһарларымен көне түркілердің исламға дейін қалыптасып үлгерген бай мәдениетін, әдебиетін толықтырып, біртұтастықты құрады. Түркі дүниетанымының мәдени-тарихи кеңістігін қалыптастырган көне түркі жазулары, «Оғыз-наме», «Қорқыт ата кітабы», «Диуани лұғат ат-түрік», «Диуани хикмет», «Ақыр заман кітабы», «Ақиқат сыйы», «Қиссасул-әнбіа», «Нажжул Фарадис» сынды әдеби шежірелердің дені түркі халықтарының көне тарихы мен әдебиетіне қатысты мол дүниелерді жырлай отырып, кейін келген ислами мазмұндағы тақырыптармен толықты. Кеңес кезеңінде діни сарындармен астаса жырланғандығы үшін қайта жарық көруіне қатаң тыйым салынған хикмет жанрында жазылған бұл туындылар ислам дінінің тірегі – Құранмен астаса жырланды; мұсылман шайырлары өз шығармаларында Қасиетті кітапта айттылатын Аллаға мінәжат, Пайғамбарға мадақ сарындары мен ақырзаман ұстындарын сөз ететін діни сюжеттерді молынан қолданды.

VII ғасырда пайда болған ислам діні ғылымның бар саласына өз әсерін тигізді. Қарахан әулеті билеген кезеңге түспа-тұс келетін уақытта мұсылман мәдениетін түркі халықтары арасына таратуда ақындар өз үлестерін қосқаны белгілі. Ғылым, білім, мәдениеттің барлығы дінмен біте қайнасып жатқан тұста әдебиеттің жаңа ағымдары пайда болды. Сыршыл ақындардың толғаныстарында терең мағына, философиялық-дидактикалық ойлар бой көрсетті. Бұл салада толғау, ұлғі-насихат айту сол заманың жаңалығы болып есептелінеді. Сөз болып отырған дәүірге түркі әдебиетінің «алтын дәүірі» деген атап лайық. Көне гректер мен шығыстың мәдениеті, әдебиеті, философиясымен жете таныс болған ғалымдар мен ақындардың өмір сүрген уақыты Шығыстағы жаңашылдыққа тұра келеді. Бұл кезеңді Ә. Қоңыратбаев Шығыс ренессансы деп атап, былай деп анықтама берген: «Ескі түркі жазбаларының бүкіл Орта Азия, Алтай және Қазақстан тайпаларына ортақтығын айта отырып, біз оны Шығыс ренессансының алғашқы көрінісі болғанын да баса көрсетуіміз шарт. Шығыстағы ренессансстық құбылыстың атасы әл-Фараби,

әл-Бируни, әл-Хорезми, ХҮ ғасырда Ұлықбек, Науайлар болса, осы екі аралықта толып жатқан ақын-шайырлар мен ғұлама ғалымдар болған»¹⁹. Негізінде Қайта өрлеу кезеңі Батыста XV ғасырда пайда болса, Шығыс әдебиетінде оның тамыры тереңде жатыр. Міне, осындай уақытта Әмір сүрген ой еңбегімен айналысатын дарын иелері әртүрлі салаларда жасаған жаңалықтарымен болашақ өркениеттің негізін салуға, ғылымды өркендетуге ат салысты. Осындай алтын ғасырға түркі ғалымдары, дарын иелері мен ақындары өз улестерін қосқанын мақтандышипен айтуға болады.

Қай халықтың әдебиет тарихын алып қарасақ та, бірде дәуір-леген, бірде құлдыраған тұстары кездеседі. Демек, түркі әдебиетіндегі X-XII ғасырлар дамудың алғашқы баспалдағы саналады. Сол ғасырларда туындаған діни, философиялық, дидактикалық шығармалар адамзат өркениетінің өлмес қазыналарының баға жетпес асыл мұралары болып табылады.

Түркі даласына ислам дінінің таралуы елдің тарихына, тұрмыс-тіршілігіне ғана емес, әдебиет әлеміне де мулдем жаңа бағыт әкелді. Көне дәуір әдебиетіндегі жаңа кезең, ондағы өзгерістер туралы С. Сейфуллин: «Кәзіргі қазақ атаулы рулардың мұсылман діні кірген уағында, тұрмысына едәуір жаңалықтар, едәуір өзгерістер кірген сияқты. Тұрмысына өзгеріс кірген соң елдің салт-санасына да, тіліне де өзгерістер кірген сияқты»²⁰ – дейді. Қарахандық ақындар өздеріне дейін аз жырланған білім, ғылым, тәрбие, жақсы мінез-құлық сынды мәселелерді кеңінен қамтыған. Бұған дейінгі әдебиетте адамгершілік мәселелер тек шығарма ішінде ғана кездескен болмаса, бастан-аяқ тәлім-тәрбиені басты нысана етіп жырлаған дастан жоқ десе де болғандай. Адамгершілік, жеке адамдардың қарым-қатынасы, өзін-өзі ұстая, ақылдылық, сабырлылық тағы да басқа тақырыптарды жырлап, оны ислам діні тұрғысынан халыққа түсіндіруге тырысады. Міне, осындай жағдайлар дидактикалық сарындағы әдебиеттің пайда болуына негіз болды.

19 Дербісәлиев Ә. Ислам және заман. – Алматы: Жазушы, 2003. – 41 б.

20 Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 58 б.

Орта ғасырдағы түркі әдебиетінде үш түрлі бағыт болған. Олар:

1) Құранмен астастыра жырлаған дидактикалық әдебиет; 2) Сопылық әдебиет; 3) Қайта өрлеу әдебиет²¹. Расында, аталған кезеңдегі әдеби жәдігерлердің мазмұны Құран аяттары мен пайғамбар хадистеріне негізделген. Ақындар мұсылман шарттары арқылы көпшілікке адаптацияланған. Ақындар мұсылман шарттары арқылы көпшілікке адаптацияланған. Ақындар мұсылман шарттары арқылы көпшілікке адаптацияланған.

Жұсіп Баласағұнның «Құтты білігі», Ахмет Иүгінекідің «Ақиқат сыйы», Ахмет Иасаудің «Диуани хикмет» сынды дастандары тәрбиелік-танымдық бағытта жазылған шығармалар. Рухани тазалыққа шақырған бұл көркем дүниелер адамның асыл қасиеттерін қадірлейтін бір сарындас шығармалар. Қарахан дәүірінде жазылған туындылар Құранның қағида-шарттарын арқау ете отырып, рухани тазалыққа шақырады. Иүгінеки поэзиясында дидактика үлгілері үлкен орын иеленген. Ақынның әрбір айтқан сөздері насиҳатқа тұнып түр. Демек, мұндай дидактикалық шығармалар қай кезеңде, қай елде болмасын өз мәнін жоғалтпақ емес. Бұл тек көне шығыс елдерінің ғана еншісі емес, сонымен бірге Еуропа мен Ресей әдебиетінде де көрініс береді (Лукреций «Заттар табиғаты туралы»; Гораций «Поэзия ғылыми», Эзоп, Лафонтен, Крылов мысалдарында).

Түркі әдебиетінде таза дидактикалық тақырыпта жырлаған дастандар X-XII ғасырлардан бастап пайдада бола бастады. Қарахандық әдебиетте кеңінен тараған дидактикалық шығармаларда көбінесе философиялық, тәрбиелік, адамгершілік мәселелер сөз болады. Жұсіп Баласағұн да, Ахмет Иүгінеки де адамдарға тұра жол сілтеп, жақсы мен жаманды айыруды, күнделікті өмірге қажетті пайдалы кеңестерді баяндайды. Тіпті, бұл дастандарды оқу барысында орта ғасырдағы білім, ғылымның қандай дәрежеде болғанын аңғаруға болады. Үлгі-өнеге, насиҳат сөздерге толы орта ғасырдағы баға жетпес көркем шығармалар сол уақытта

21 Әуезов М. Шығармалары. 16 том. – Алматы: Жазушы, 1985. – 16 б.

өмір сүрген түркі тайпаларының мәдениетінің өте биік дәрежеге көтерілгенін айғақтайды. Орта ғасырларда көшпелі және жартылай көшпелі түркі тайпаларының мәдени өмірі жоғары болғанын осындай әдеби мұралар арқылы анықтауға болады.

Орта ғасырлық мұсылман мәдениетінің өсіп-өркендеуіне түркілердің қосқан үлесі аз болған жоқ. Басқа ғылым салаларын былай қойғанда, өздерінің қайталанбас шығармаларымен тарихта өшпес есімдерін қалдырган ақындардың басым бөлігі осы түркі халықтарының дарынды өкілдері болатын.

VIII–IX ғасырларда ислам дінінің таралу ауқымы кеңейіп, көрші жатқан өзге елдерде де, мұсылманшылық рәсімдері бой көрсетті. Осы сеніммен бірге келген араб, парсы мәдениеті Орта Азияны мекендеген халықтардың (яғни, түркілердің) салт-дәстүрлерімен сініспіп, болашақ мұсылман өркениетінің негізі қаланды. Шығыс мұсылман әлемінде ғылым мен білім қатар дамыды. Әсіресе, қоғамда ғалымдардың беделі артып, олардың ыңғайлы жұмыс жасаулары үшін «Дәрул улумдар» құрылды.

Қазақ даласында Жібек жолын жалғастыратын қала мен кенттер де көптеп бой көтергені әрі осы мекендерден ғалым-ғұламалардың жиі шыққандығы хақында шығыстанушы ғалым Э. Дербісәлиев мынадай мәлімет келтіреді: «История свидетельствует о том, что, придя в Казахскую степь в первой половине IX века, Ислам заложил основы цивилизации, культуры и науки. С его приходом на бескрайних просторах нашей необъятной Родины начали строиться или вновь отстраиваться города Алматы, Баласагун, Мерке, Кулан, Тараз, Сайрам, Отрап (Фараб), Суткент, Сауран, Сыганак, Жент, Баршынкент, Туркестан и другие. С появлением городской цивилизации в степи начинается переход от кочевой культуры к оседлой. Этоnomadicеская культура дала миру выдающихся ученых, филологов, философов, историков и поэтов»²².

Орхон-Енисей тас жазбаларынан бір-екі ғасыр өтпестен, Қарахандықтар билігі тұсында-ақ мұсылман түркілердің жазба әдебиетіне негіз қаланды. Исламды қабылдаған, соның ішінде, осы дінді берік үстанған халықтардың ішінен заманынан озық ту-

22 Дербісәлиев Э. Ислам және заман. – Алматы: Жазушы, 2003. – 249 6.

ған ғалым-ғұламалармен қатар, өзінің қайталанбас шығармала-рымен барша жүртты мойындаған ақын-шайырлар да көптеп шықты.

Қарахандықтар билігі кезіндегі шығармалар тек түркілік рухта туып, шайырлық шеберліктің арқасында дүниеге келген болса, Алтын Орда тұсында бой көрсеткен еңбектерде аударма саласы басымдау түсіп жатты. Осы саланы тереңінен зерттеген А. Қыраубаева сол кезеңдегі шығармалар хақында былай деп жазды: «Бұл дәуірдегі қөркем әдебиет, негізінен екі түрлі. Біріншісі, аударма-нәзириалық шығармалар: Құтбың «Хұсрау уа Шырыны», Сәйф Сараидың «Гүлстан», Әлидің «Қисса Жұсібі», Рабғузидің «Қисас-и Рабғузи» кітабы, Махмуд бин Алидің «Неңдж ул Фарадис» («Жұмаққа апарар жол»), Хусам Катибтың «Жумжума» кітабы, тағы басқалар. Екіншісі – тыңтума әдебиет: «Махаббатнама»²³. Әдебиетші ғалымның пікіріне сүйеніп, нәзириашыл-аудармашы ақындардың қатарына Сейф (Сәйф) Сараи, Махмуд бин Ғали, Дүрбек, Құтб, Құсам (Хусам) Кәтиб сияқты сол дәуірдің шайырларын атауға болады. Бірақ, бұл ақындар араб, парсы дүниесін сол қалпында тәржімалаған жоқ, оған түркілік рух беріп, жан бітірді.

XIX-XX ғасырларда өте көп таралыммен шыққан діни қисса-дастандар кездейсоқ дүниеге келген жоқ. Ақындардың қаламынан туындаған бұл сюжеттер мен образдардың арғы бастаула-ры орта ғасырда түркі тілінде негізі қаланған ислами шығармаларда жатыр. Жұсіп Баласағұн, Ахмет Иүгінеки, Ахмет Иассауи, Махмұд бин Ғали, т.б. шығармаларында Мұхаммед (с.ғ.с.) өмірі дәріптелетін болса, оның көкке шыққаны туралы Сүлеймен Ба-қыргани «Миғражнама» атты дастан жазған. Рабғузидың «Қис-сасул әнбиясында» баяндалатын пайғамбарлардың өмірбаяны (Адам, Мұса, Иса, Жұсіп, Салих, Ысқақ т.б., жалпы саны жиырмабес) XX ғасырдың басындағы біраз ақынға рухани азық болды.

Әрине, «кітаби ақындар» орта ғасырлық ислами әдебиет-тердің мазмұны мен тақырыбын сол қалпында қабылдағанымен де, олардың жанрлық ерекшеліктері мен өлең күрьылыстарына айтартылғатай дәрежеде өзгерістер енгізіп, заманына лайықты

23 Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 15 б.

жетілдіріп отырды. Қарахандықтар билігі түсінде пайда болған әдеби жәдігерлерде пайғамбар өмірі қысқа әрі Шығыс мұсылман әдебиетіне тән ғазал, мәснәуи, тәржіф бәнд сынды өлең құрылыштарымен жазылған болса, бертін келе ол көлемді қисса-дас-тандарға ұласты. Қара сөзбен жазылған діни образдар мен сю-жеттер заман ыңғайына қарай өлең-жолдармен қайта туды.

Ислам діні қазақ даласына мұсылмандық өркениет пен тың мәдениет алып келді. Ислам дінімен бірге түркі әдебиеті, соның ішінде қазақ әдебиеті де жаңа белестерге көтерілді. Мұны сурет-кер-ғалым М. Әуезов те зерттеулерінде атап өтеді. Ол: «Қазақтың әдебиет жолы мен ақыл-білім өсу жолындағы ескі тарихын білемін деген кісі мұсылманшылықтың қарандырылғанын анықтады. Мұндағы ғалымның «мұсылманшылыққа ауысқан соң, қазақ биік белден асып кеткендей болды»²⁴, – деп жазады. Мұндағы ғалымның «мұсылманшылыққа ауысқан соң, қазақ биік белден асып кеткендей болды» деп, ислам діні келген соң, қазақ әдебиетінің биік асуладардан асып кеткенін астарлап болса да жеткізіп тұрғанын аңғару қыын емес. Батыс шығыстанушысы А. Бомбачидың исламды қабылдамаған түркі халықтарының жазба әдебиеті өте кеш дамығанын ерекше атап өтүй²⁵ мен әдебиетші ғалымның ойларының арасындағы үндестікті аңғаруға болады. Себебі, мұсылман түркілердің жазба мұрасы Сібір мен Алтайдағы бауырларының әдебиетіне қарағанда ерте дамығы. Әрі исламдану кезінде олар өздерінің тұп негізінен ажырап қалған жоқ. Түркиялық ойшыл-ақын Зия Көкалыптың: «Түрік (туркі) ұлтынан-быз» дегендіктен біз тілде, эстетикада, моральда, құқықта, тіпті діні өмірде және фәлсәфәде түрк мәдениетіне, түрк талғамына, түрк ар-намысина сай бірегейлік, тұлғалылық көрсетуге тырысатын боламыз. Орта ғасырда өмір сүрген шайырлардың туындыларын дінмен байланыстыра жырлауы олардың ерекше бөліп айтартылған артықшылықтары деп есептейміз. Түркі шайырлары араб тіліндегі Құран-Кәрімнің негізгі ой-тұжырымдарын түркі халықтарына түсінікті, көркем әрі бейнелі өлең жолдарымен жеткі-

24 Әуезов М. Шығармалары. 16 том. – Алматы: Жазушы, 1985. – 19 б.

25 Бомбачи А. Тюркские литературы. Введение в историю и стиль // Зарубежная тюркология. Вып. I. – Москва: Наука, 1986. – с. 187.

зуді мақсат етті және ол іске асты. Сол арқылы олар мұсылман дінінде бар мәселелерді, атап айтар болсақ, адам баласын адамгершілік пен ізгілікке, имандылыққа үндеп, рухани тазалыққа шақыру арқылы қамтуға тырысқан. Демек, орта ғасырда өмір сүрген ақындардың шығармалары өнеге, тәрбие берерлік қағидаларға толы деп сенімді түрде айта аламыз.

X-XII ғасырларда жазылған әдеби жәдігелердегі үтіт-насихаттар, дидактикалық ой-пікірлер тек орта ғасырдың өмір шындығы ғана болып қалмай, бүгінгі күндеңі қоғамдық, әлеуметтік, рухани сауалдарға да жауап береді. Ахмет Иүгінеки шығармасында жаңа мазмұн, соны пікірлер көрініс бермесе де, дидактикалық түйіндерінің артықшылығы мен кемшілігін, пайдасы мен зиянын қатар қойып суреттеп, нақтылай айтып береді. Сараңдық пен жомарттықты, надандық пен білімділікті, кішіпейілділік пен тәқап-парлықты салыстыра толғап, олардың артықшылығын айқындаپ көрсету арқылы өзіндік түйіндерін, үтіт-насихаттарын ұсынады. Ақын, міне, осындаидидактикалық мәселелерді мейлінше терең әрі жан-жақты қамтуға тырысқан. Демек, Ахмет Иүгінекидің «Ақиқат сыйы» дастаны көркем сөз өнерінің өсіп-өркендеуіне мол улес қосқан, өзіндік із қалдырыған бағалы шығарма.

Қарахандықтар билігі мен оған іргелес бой көтерген Алтын Орда мемлекеті тұсында дүниеге келген аталмыш әдеби жәдігерлер бүкіл түркі әлемінің илаһи болмысын айқындаі отырып, тақырыптық, жанрлық түрғыдан өзгеше мәнде қалыптасты; ислам дінінің басты тірері – Құран Кәріммен астаса жырланды; Аллаға сенуді, Пайғамбарларды хақ деп білуді сөз ететін діні сюжеттерді қалыптастырды. VIII ғасырда пайда болған ислам діні ғылымның бар саласына өз әсерін тигізді. Ислам діні аясында қалыптасқан ислам мәдениетінің түркі халықтарының арасында кенінен таралуына улес қосқан ақын-жыраулар болды. Сыршыл ақындардың толғаныстарында терең мағына, философиялық-дидактикалық ойлар бой көрсетті.

Ежелгі сақ-тұн дәуіріне тән әдеби туындылар, көне түркі жазуласы, «Оғыз-наме», «Корқыт ата кітабы», «Диуани лұғат ат-түрік», «Кодекс Куманикус» сынды әдеби шежірелер мен ұлы дала ойшылдары Йоллығтегін, Тоныкек, Корқыт, Әл-Фараби,

Жұсіп Баласағұн, Махмуд Қашқари, Қожа Ахмет Яссави еңбектері бүкіл түркі әлемінің мұддесіне арналса, қазақ хандық дәуірі тұсындағы жыраулық поэзия және оған іргелес дамыған ақындық өнер жампоздарының арман-аңсарларының бір бағыты қазақ елінің елдігі мен мемлекеттілігін, біртұтастығын қалыптастыратын мекенін – құтты қонысын айқындауға бағытталды.

XV ғасырда Алтын Орда ыдырап, қазіргі Егеменді еліміздің мекен етіп отырған жерінде Қазақ хандығы бой көтерді. Жаңа қалыптасқан мемлекеттің нығаюын көздел, елінің елдігі мен ір-гесінің берік болуына атсалысқан мемлекет қайраткерлерінің қатарында өздерінің дауылпаз жырларымен үлес қосқан ақынжыраулар түрді. «Жыраулар поэзиясындағы ең басты тақырып Қазақ хандығын құраған ру мен тайпалардың татуулығы мен бірлігі және мемлекетті нығайту мен оның жауынгерлік күшін арттыру болды. Жыраулар өз шығармаларында идеалды әміршінің бейнесін жасады, сонымен қатар, адамдар жоқшылық көрмей, бақытқа кенелген қоғамды суреттеді»²⁶. Келісім, бітім, татуулық – мемлекеттіліктің кепілі екендігін ескерсек, қазақ хандығына енген ру, тайпалардың біртұтас биліктің астына шоғырланып, жаңа қалыптасқан мемлекеттің азаматтары болып сіңісуі – басты қажеттілік.

Тарихта өзіне тән шекарасы мен жері болмаған ұлт – мемлекеттік дәрежеге көтеріле алмаған. Сол себепті де жыраулар толғаулырын мемлекеттік мұдде тұрғысынан толғап, жер, атамекен, қоныс ұғымдарының дүниетанымдық мәнін ашуға, оның қазақ қоғамы үшін маңыздылығын түсіндіруге талпыныс жасады. Осы мақсатта, жыраулар қазақ жұртына қажетті жақсы жерді, құтты қонысты іздел, ол арман-аңсарларын жыр-пернелерінде ағытты.

Қазақ дүниетанымындағы құтты қоныс ұғымының мәні жыраулық поэзияның алыбы, қазақ мемлекеттігінің негізін қалаған, саяси қайраткер Асан Қайғының «Жерүйік» концепциясында ашылады. Оның «Ай, хан, мен айтпасам, білмейсің...» атты толғауында құтты қоныс идеясының басты феномендері айқындалып, қазақтың ата қонысы – Еділ мен Жайыққа «Еділ менен

26 Қасқабасов С. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті (компендиум). – Алматы: Әдебиет және өнер институты, 2005. – 55 б.

Жайықтың, // Бірін жазға жайласаң, // Бірін қыста қыстасаң,
// Ал қолыңды маларсың, // Алтын менен күміске» деп, сипаттама берілуі атамекеннің ат жалы, түйе қомында жүрген ұлыс үшін қаншалықты маңызды екендігін анғартса, келесі «Мына жақта бір жер бар, // Қыстан малы күйзелмей, // Құба дөnde жатады, // Жақыннан шығып қундері, // Жақыннан келіп батады, // Сол жерге қашан барамыз» деп, жерге мінездеме беру арқылы үрпақтарының өсіп-өнер жері осындай жер – Жерүйік болу керек екендігін андатады.

Асан Қайғы ұсынған Жерүйік идеясы жыраулық поэзияның келесі буын өкілдерінің толғауларында өз заманының тыныс-тіршілігіне, талап-талғамына, бітім, болмысына сай жанр, идея, түр, мазмұн жағынан түрленіп, тың серпілістермен дами түсті.

Ноғайлы-қазақ әдебиетінің белді өкілдерінің бірі Қазтуған Сүйіншіұлы «Жабағылы жас тайлақ, // Жардай атан болған жер, // Жатып қалған бір тоқты, // Жайылып мың қой болған жер, // Жарлысы мен байы тең, // Жары менен сайы тең» деп, толғауында аллитерациялық тәсілді қолдана отырып, құт-береке қонған құтты мекенде аңсап, Асан негізделген құтты қоныс – Жерүйіктың ұддесінен шығуға ұмтылады. Ал, Үмбетей жырау: «//Батыры ханға сай болды, // Елің жалпақ бай болды, // Қыс қыстауы тау болды, // Жаз жайлауы көл болды, // Салқын сары бел болды, // Елге лайық ел болды, // Сарыарқа деп таңданып, // Өзге жүрт аңсар жай болды» деп, толғауды эпифоралық әдіспен әдемі үйлестіре отырып, құтты қоныстың келбетін сипаттайды.

Жыраулық поэзиядағы құтты мекен іздеудің бір сыры – жырауладың елді жау аяғы жетпейтін жерге ауа көшіру идеясында ашылады. Себебі, үнемі жаугершілік заманды басынан өткеріп отырған қазақ халқы үшін бейбіт жерге қоныс аудару аса қажет еді. Жыраулық өнердегі бұл сарын Абылай ханың кеңесшісі Бұқар жыраудың Асан үлгісін өз толғауында жаңғыртуында байқалады; Асанның // Желмая мініп, жер шалсам, // Тапқан жерге ел көшір» сарынын соңғысы «//Сырдарияның сүйнан, // Көлденең кесіп өтіңіз, // Уш жыл малды ту сақтап, // Жиделі Байсын кетіңіз» деп, ұлы дала данышпанының «тапқан жерге ел көшірсем» деген ұлы муратын жалғастырып, бет түзеп, көшер құтты

мекен, жердің ұйығы – Жиделі Байсын деп, оған жетудің жолын көрсетіп, нақты іс-әрекетке көшеді.

Аты аңызға айналған тұлға, «Жерүйық» ілімінің иесі, Қазақ хандығы кезінде өмір сүрген Асан Сабитұлы қазақи дүниетаннымының төл басшысы бола отырып, «ертеден бері жалғасып, әрі қарай дами түскен жалпытуркілік руханияттың мұрагері ретінде бұрынғы бабалардан қалған мирасты сақтап қана емес, оны ба-йытып, жаңғырта дамытуға міндettі болып, соған күш салды»²⁷.

Түркі дүниетанымының алтын арқауының үзілмей, желі жалғасуына елеулі улес қосқан ойшылдардың бірі – X ғасырда Оттырар жерінен шыққан философ, ғұлама ғалым, әдебиетші Әбу Насыр әл-Фараби. Ойшыл еңбектерінің ішінде елдің бірлігі мен тұтастығы, елдігі мен кемелділігі, азаматтығы мен адамгершілік ізгі мақсат-мұраттарының басты ұстындары сез болған әлеуметтік-философиялық трактаттарында «ел болу» деген идеяның бүтін бір құрылымы жүйеленіп, жеке мемлекет, кемел қоғам құру үшін аса қажет құтты қонысты қалыптастыру мәселесінің алғышарттары айқындылық тапқан.

Мұралары адамзат иглігіне айналған екінші ұстаз дүниетанымындағы елдіктің ең биік тұтқасы, мемлекеттіктің негізі болған қайырымды қоғам, құтты қоныс идеясының заңды жалғасы – Асан Қайғының «Жерүйығы». Жерүйық – елдіктің мұраты. Мұратынан қол үзуге шақ қалған тұста жыраудың құтты қоныс идеясына елді жұмылдыруы – тарихи ерлік.

Фараби «Азаматтық саясат» атты трактатында адамзат балаын өзіндік қауымдасу, топтасу, белгілі бір жерге қоныстану арқылы ғана қол жетімді болатын қайырымды қалаға – құтты қонысқа үмтүлдіра отырып, қоныстық идеяның тұғырын барынша нақтылай кетеді: «...адамдар бәріне ортақ жерге қоныстанып, біріксе, онда бәріне ортақ қоныс қайырымды қала болып табылады»²⁸ – деп, елдіктің бастамасын қайырымды, абзал және бақытты адамдар топтасқан құтты қоныстан іздейді. Қонысты ортақ етпей, бытыраңқылыққа ойысқан халықты Әл-Фараби «бұра-

27 Қасқабасов С. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті (компендиум). – Алматы: Әдебиет және өнер институты, 2005. – 43 б.

28 Әбу Насыр Әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары. – Алматы: Арыс, 2009. – 410 б.

тана» санатына қосып, «бақытсыздыққа үшырағандар» қатарына жатқызады: «...бұлар ортақ қонысқа бірікпей, әр қылыш жерде тұратын болса онда мұндай жердегі адамдар бұратана болып табылады»²⁹. Фарабидің ойынша, парасаттылықтың шыңына тек қана қайырымды қофамда қол жеткізуге болады, бұған қаладан да төмен, аз кемелденген бір қауымдастықта жету мүмкін емес.

Ойшыл «құтты қоныс» идеясын нақтылауда халықты тек бір орталыққа қауымдастыру ісімен ғана шектелмей, саны жағынан да, мәдениеті жағынан да рухани кемелденген қофамды жасайтын қала тұрғындарының іс-әрекеттерін де анықтай беруді мақсат етеді: «Қайырымды қаланың әрбір тұрғыны өмір сүруші барлық нәрселердің алғашқы бастамасын, олардың бағынышты сатыларын, бақытты, қайырымды қаланың басшылығын, бұл басшылықтың сатыларын, бақытқа жетуге бастайтын мақтаулы істерді біліп алуға тиіс. Бұл істерді білумен ғана шектелуге болмайды, қайырымды қаланың тұрғындары оған әрекет қылулары керек»³⁰.

«Адамның қофамдасу және өзара көмекке мұқтаж екендігі туралы сөзінде» ғалым: «...адам ие болған табиғи жаратылысының өзіне берілуінің мақсаты болып табылатын кемелдікке тек қана бір-біріне көмек беретін бірнеше адамның бір жерде болуымен ғана қол жеткізе алады. Қофамның бірігүйнің нәтижесінде баршаның өмір сүруі мен кемелдікке үласуы үшін қажетті нәрслерге мүмкіндік туады»³¹ – деп, адамзат баласына қоныс боларлық «дамыған» қофам туралы сөз қозғап, оларды «үлкен», «орта», «шағын» топтарға бөледі. Одан әрі ойшыл: «Қауым-ел – бір ұлттың өмір сүріп жатқан жердің бір бөлігі» екендігін алға тартып, қауымды қалыптастыратын жердің – құтты қоныстың маңыздылығын нақтылайды.

«Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасында» ғалым өзі арман еткен қонысты – қайырымды қаланы басқарушы әділетті патша бейнесін сомдайды. Фарабидің «басқа біреудің басшылығын мұлдем керек етпейтін ғылымдары мен білімдерінің мұлдем

29 Сонда, 410 б.

30 Сонда, 414 б.

31 Сонда, 411 б.

жетілгені сонша, бұл жөнінде өзіне басшылық ететін адамға мүлдем тәуелді болмайтын дәрежеде шын жетілген адам. ...ол басқалардың бәріне тамаша басшылық етуге қабілетті»³² – деп, қайырымды қаланы басқарудың тізгінін рухани кемелденген, ізгі әрі көреген тұлғаға ұстаратынан ғалымның ақылмен басқарылатын, мығым да тұрақты іргелі қоғамға деген аңсары сезіледі.

Әл-Фарабидегі ізгілікті басшының қоғамды басқарудағы қызметінің мәні оның «Мемлекет қайраткерлерінің нақыл сөздері» трактатында ашылады; билеушінің іс-әрекеті мұнда дәрігердің қызметіне ұқсатылады: «Жанның саулығына немесе науқастығына қарау мемлекет қайраткерінің және әміршінің міндестіне жатады... Жанды емдейтін мемлекет қайраткері немесе әмірші бүкіл жанды, оның бөлшектерін, жанға және оның әрбір бөлшегіне зақым келтіретін кемшіліктер мен кеселдерді, олардың қайдан және қаншама кеселдерден туатынын білуі керек; адамның иғлікіті істер істегендегі жай-күйлерін, бұлардың қанша екенін, қала тұрғындарының кемшіліктерін қалай жоюды, қала тұрғындарының жан-жүйесіне біткен қайырымдылықты қалай нығайтуды, оларды (бұл қайырымдылықтарды) қалай сақтауды, сөйтіп, олардың жойылуына жол бермеуді білуі керек»³³.

Екінші ұстаз дүниетанымындағы «қайырымды билеуші» образы жыраулар шығармашылығында хан бейнесінде көрініс береді.

Елінің тәуелсіздігі мен бостандығы үшін бар ғұмырын арнаған, сол жолда батырлығымен де, ел басқарушылық ерекше қасиеттерімен де әрқашан оқ бойы озық тұратын, әл-Фараби армандаған «қайырымды билеуші» образы – Абылай хан туралы халық жырларында көрініс тапқан. Бұқар жырау Абылай ханнан мінсіз әміршінің идеалдық образын жасаған; Абылайды ол өте ақылды да, әділетті хан деп білген: «//Қиядан қику төгілсе, //Аттың басын тартпаған, //Қисапсыз қол көрінсе, //Қорқып жаудан қайтпаған» – деп сипаттайты Бұқар жырау.

Абылайдың ерлігін «Қалмақпен соғыс болғанда, //Шарыштың басын қаққаңда, //Абылайлап шапқаңда» – деп Үмбетей

32 Сонда, 426 б.

33 Әбу Насыр Әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары. – Алматы: Арыс, 2009. – 512 б.

жырласа, Жанақ ақынның «Аузын айға басқан сан менменнін, //Үрей-құтын ұшырып ебін алған, //Түркіменнің тубінен ма-лын алғап, //Арыстаннның аузынан жемін алған, //Жаудан қор-ғап, мал менен басын билеп, //Қазақтың сары алтынын тегін алған» – деп Абылайдың айбатын асқақтата бейнелеп, батырдың ерлік істерін әсірелей суреттеп, айбынды басшының мұра-ты әркез ел мұддесіне арналғандығын айшықтай түсүі – екінші ұстаз іліміндегі «қайырымды билеуші» бейнесінің Абылай тұлға-сы арқылы сомдала түскенін айқын аңғартады.

Тұбі бір түркі халқының төл перзенті, ғұлама ғалым Әл-Фара-бидің елінің тәуелсіздігі мен елдік мұраттарын аңсан, сол жол-да өзінің ғылыми тұжырымдарын жүйелеуі ортағасырлық отан-дық жыраулар поэзиясындағы ұлттық идея санасына өзек болып тартылды. Қазақ хандығы дәүірлеп тұрған кезде қатарласа бой көрсеткен жыраулық дәстүр қазақ қоғамының бірлігі мен елдігін сақтауда Фараби негізделген елдік идеяны толғау жанрында жаң-ғыртып, ғалымның «қайырымды қоғам» туралы жалпылық сипа-ты басым парасатты пайымдауын нақты бір қоғамның – қазақ елінің мұддесіне арнады.

Карахандықтар тұсындағы жазба әдебиеттің белгілі өкіл-дерінің бірі – Сүлеймен Бақырғани. Ол – түркі даласына сопы-лық ілімді алғаш үтіттеген әрі осы жолда жаңа бағыт салған Құл Қожа Ахмет Йассаудің талантты шәкірттерінің бірі. Ұстазына рухани жағынан байланған ақын йасауия тариқатын берік ұстап, осы силсиланы жыр-жолдарымен үтітеп отырған. Бақырға-нидың осы салада жазған бірнеше даналық сөздері біздің зама-нымызға дейін жетті. Оның қаламынан туған «Ақыр заман кіта-бы», «Миғражнама», «Бибі Мариям» секілді шығармалары сопы-лыққа дең қойған дәруіштердің қолдан тастанамайтын негізгі діни кітаптарына айналған. Арада бірнеше ғасырлар өтсе де, ақын мұрасы кейінгі ұрпақ тарапынан бірнеше рет көшіріліп, атадан балаға жеткізіліп отырған. XIX ғасырға дейін осындай қолжазба-лар мен ұсніхатшылардың арқасында аман-есен жеткен оның хикметтері Қазан қаласында баспахана ашылған соң, онда жи-жіңі жарық көріп тұрды. Қолда бар деректерге қарағанда, Бақыр-ғанидың «Ақыр заман кітабы» алғаш рет Қазан университетінен

1846 жылы жарық көрсө, содан кейін түркі тілдерінде ұзын саны он алты рет баспа бетін көріпті. Өкінішке орай, кезінде осындаі сұраныспен жарық көрген ақын еңбектері біраз уақыт бойына қайта шығуына тыйым салынып, кітапхана сөрелерінен алынып тасталды. Бірақ, шынайы ақиқаттың жерде жатпайтынындаі, Бақырғани хикметтері араға бір ғасырға жуық уақыт салып барып, қайта жаңғыра бастады.

Сулеймен Бақырғани өз заманында Хәкім Ата лақабымен та-
нымал болған. Оның аты-жөні Қазаннан шыққан кітаптарының
кейбірінде «Хәкім ата кітабы» болып жазылса, кейде «Бақырған
кітабы» деп те беріледі. Ақын өзі туралы хикметтерінің соңында
бұл жолдарды жазған «Құл Сулеймен сөйледі, Сырын Хақтан із-
деді» деп, «Құл Сулеймен» деген қолтаңба қалдыrsa, кейбір да-
налық сездерінде «Хәкім Сулеймен құл-дур, сатып жесін дәруіш-
тер» деп, «Хәкім Сулеймен» екендігін айтады. Ақынның атымен
қосарлана жүретін «Хәкім» лақабының сырын Әлішер Науайдың
еңбектерінен кездестіреміз. Оның «Нәсаймұл мухабbat» деген кі-
табында Бақырғани туралы аз-кем мәліметтер берілген. Науайдың «Насаймұл мухабbat мин шамаймұл футтуат» («Ұлылық хош
иістерін таратушы махабbat жолдары») деген еңбегі 1496 жылы
жазылған. Ұстазы Әбдірахман Жәмидің «Нафахатул унс мин хаза-
ратил кудс» атты жинағының негізінде дүниеге келген болатын.
Алайда, түркі ақыны «Нәсаймұл мухаббатты» жазbastan бұрын,
Жәмидің шығармасымен толық танысып шығады. Ұстазының кі-
табында түркі оқымыстылары мен әулиелері туралы ешбір дерек
жазылмағанына баса назар аударған Науай осы секілді еңбек жа-
зуға кіріседі. Алайда, ол Жәмидің кітабын қайта көшіріп шықпас-
тан, оның ішіне көптеген мәліметтерді кіргізеді. Оған енгізілген
деректердің баршасы дерлік түркіден шыққан оқымыстылар мен
акын, ғалымдарға қатысты еді. Бұл туралы ол: «Түркі машайық-
тары туралы дерек аз еді. Содан Хазірет шейхул машайық (маша-
йықтардың ұстазы) Қожа Ахмет Йассауиден бүтінге дейінгі бар-
лық (оқымыстылар туралы) деректер мен олар хақындағы мәлі-
меттерді сол қалпында кіргіздім», – деп жазған.

Науайдың осы еңбегінде Сулеймен Бақырғанидың неліктен
«Хәкім» аталғандығы былай берілген: «Хәкім ата – аты Сулей-

мен. Қожа Ахмет Иасаудің муриді. Бір күні Қожа тамақ пісіру-
ге әмір бергенінде, ашпаз отын жетпейді депті. Ол шәкіртеріне
отын әкеліндер деп жұмсағанда, жаңбыр жауып кетіпті. Шәкірт-
тер отын теріп келгенінше жауынға малынып су болыпты. Хәкім
ата терген отындарын тонына орап, құрғақ етіп әкеліпті. Қожа
хазірет сонда: «Ей, перзент, хәкімдік іс қылдың», –депті. Содан
бастап, бұл лақап оған телініпті. Хәкім атаға содан хикмет тілі
беріліпті». Сонымен бірге, Бақырганидың Хәкім лақабына қа-
тысты осыған ұқсас тағы бір аңыз бар. Бір риуаятта даладан
отын теріп келу оқиғасы Қызырдың Иасауиге қонақ болып ке-
луімен байланыстырылады. Сүлейменнің тапқырлығына сүйсін-
ген Қызыр оған «Бұдан былай лақабың Хәкім болсын. Жым жүр-
ме, жақсылықты үгітте» деп батасын беріпті. Содан бастап, Сү-
леймен хикметтер шығара бастапты.

Бақыргани есімімен қатар жүретін «Ата» сөзі сопылық дүниес-
таныммен тікелей байланысты. «Хәкім Ата» лақабымен танымал
болған ақын «Ата» титулын қартайғандығынан емес, қайта жаста-
йынан көреген болғандығынан алған. Қазақтың діни дүниетаны-
мында әлі күнге Қошқар ата, Ибрахим ата, Ысмайыл ата секілді
әулиелерге «ата» сөзін қолдануында өзіндік мәні бар. Себебі, та-
риқатқа кірген муридті ақиқатқа жетелеуші ұстаз арабша «шейх»,
парсыша «пір» деп аталады. Бұл сөздердің тікелей тәржімасы кәрі,
жасы келіп қалған адам деген мағына береді. Яғни, түркіше бала-
масы «ата». Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ит-туркінде» бұл
сөздің жасы келіп қалған кәрі адамға қарата айттылатыны жазыл-
ған. Ал, «Ата» сопылық дүниетанымда бұл «шейх» пен «пирдің»
орнын басатын, ақиқатқа жетелеуші рухани ұстаз. Парсы тілін-
де жазылған «Санглах» атты түсіндірме сөздіктे бұған мынадай
анықтама берген: «Ата – сөзінің уш түрлі мағынасы бар. Бірінші,
әкені айтады, екінші, сопылық және захидтік жолдағы машайық-
тың ерекше атауы, үшінші, атау сөзінің бүйірлық райы».

Осыдан Сүлеймен Бақырганидың есімімен қосарлана айтты-
латын «Ата» сөзіне қарап-ақ, оның өз заманының белді рухани
ұстаздарының бірі болғандығын анғарамыз. Жоғарыдағы парсы
сөздігінде келтірілген «захид» термині де, сопылық дүниетаным-
дағы ақиқатты іздеуші адамға қарата айттылады.

Тариқат жолында ұстаз бен шәкірттің, пір мен муридтің арасында толық түсінік пайда болмайынша, Хақты іздеуші ақиқатқа жете алмайды. Осы жағынан алғанда Бақыргани ұстазының қасиетті дүғасын алып, онын белді ізбасарына айналған. Пір мен муридтің арасында рухани байланыс Сүлеймен Хәкімнің он бес жасынан бастау алғандығы кейбір деректерде айтылады. Кәмелетке жаңа толған Бақыргани медресеге қатынағанында басқа балаларға ұқсап Құранды желкесіне аспастан, екі алақанымен көтеріп барып, сабак аяқталған соң үйіне келгенше артына бұрылып қармайды екен. Бір қуні мешіт қасында отырған Ахмет Йассауи бұл жағдайды көріп, таң қалыпты. Содан бастап, Түркістанның пірі Сүлейменге Құран оқыту үшін қасына алыпты. Он бес жастан оған мурид болыпты. Ұстаз тәрбиесіне қанық шәкірт Йассауді дәріптеп жыр-жолдарына қосып отырған.

Сүлеймен Бақыргани – өзінің мағшұғын іздеғен ғашық адам. Осы жолда барша қындықтарға шыдауға, жалындаған оттың азабына төзуге де дайын. Оның жер басып журуіне де ғашықтың себеп болған. Өмірінің бар мәні де осы әлеммен тікелей байланысты. Басқалар ойын қуып, әлсіз шаһуаттың соңында жүргенінде, бұның көзіне жас алып шөл даланы тентіреп журуі де осы ғашықтың салдары. Бақырганидың нәзік журегі қашан мағшұғын таппайынша зікір салуын тоқтатпайды.

Сүлеймен Бақыргани: «Ғашықтардан дүние ісін сұрамаңыз», – деп жырласа, ұстазы Қожа Ахмет Йассауи:

Ғашық құлдар бұ дүниені көзге ілмес,
Дүние ышқын захид құлдар тілге алmas, –

деп, шын ғашықтардың дүние ісіне алданбайтындығын, діндарлардың оны ауызға да алмайтындығын айтқан. Себебі, бұл дүние – Жаратушы мен жаралғаның арасындағы негізгі бөгет.

Мұндай жолда ғашық болу – кез келгеннің маңдайына жазбаған. Йассаудің «Тағала Алла ғашықтарға берді ғашқын», – деп жырлауында осы мәселе жатыр. Себебі, адам ғашық болмайынша Хақтың жамалын көре алмайды. Сопылардың түсінігіндегі ғашықтық әлемі бұл – сыр. Йассаудің жазғанындей, ол сырды

жан баласына жеткізуге болмайды. Айтсаң болды, айнала төңірегіндегі тас жүректер сені жазалауға дайын.

Сүлеймен Бақыргани Хақ жамалын көру үшін ғашық болды. Мағшұғына жету үшін бар ғұмырын құлшылықпен өткерді. Бұл ғашықтық дегеніміз – Алла дидарына жеткізетін бір құралғана. Йассаудің: «Фашик болсан, ишқ иулида фана болғыл», – деп жырлағанындағы, ғашықтық жолдың жемісі – фана. Сопылар «Рахман» сүресіндегі «Күллу мән ғәләйхә фән» деген аяты осы әлеммен байланыстырады. Алладан басқасының бәрі жоқ болады. Сонда ғашықтықтың соңы Жаратушымен бірігу, онымен қауышуға алып барады.

Шынында, ғашықтық – жоқ іздеген жолаушымен тең. Жолжөнекей әртүрлі қынышылықтар кездеседі. Оны басып өту үшін бәріне шыдап бағу керек. Тілті, өлеңтін жерде өлу тиіс, яғни «өлмestен бұрын өл» қағидасын менгеру қажет. Әуелгі саты шарифатта жақсы тамақтанып, тариқатта оның жоғын тауып берер пірмен жолдас болып, мағрифатта кез-келген сынаққа дайын болмақ шарт. Сонда ғана жолаушы мақсатына жетеді. Ол – түпсіз Мағшұқ әлемі. Ғашық дарияға кіріп ғайып болады да, Жаратушымен біріп, Бақылыққа сапар шегеді.

Қорыта айтқанда, орта ғасырлар басында түркі даласына кең тараған ислам дінінің әсері ұшан-теніз. Оның туркілер мәдениетіне, әсіреке, түркі жазба әдебиетінің өркендей өсуіне ықпалы орасан зор болды. Түркі әдебиетіне етене ене бастаған ислам қағидалары Қожа Ахмет Йассауи, Жусіп Баласағұны, Ахмет Йүгінеки сынды ғұламалардың атальыш шығармаларындағы дидактикалық сарында көрініс тауып, қалыптасқан дәстүрге айналды. Орта ғасыр руханиятының асыл қазыналары болып табылатын «Диуани лұғат ат-түрік», «Диуани хикмет», «Ақыр заман кітабы», «Ақиқат сыйы», «Қиссасул-анбия», «Нажжул Фарадис» сынды әдеби көркем мұралардың идеялық тұғыры соның дәлелі. Осы түрғыда әлем әдебиетіне ортақ дидактикалық сарындар арнайы типологиялық зерттеулер жүргізуді қажет етеді. Атальыш мұраларда көрініс тапқан дидактикалық сарындардың, яғни ойшылдық, гуманистік, адамгершілік мұраттардың әлем әдебиетімен рухани сабактастыры әлі де талай зерттеулерге өзек болатыны анық.

ТУРКІ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ӨЛЕҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖҮЙЕСІНДІК ТИПОЛОГИЯСЫ

Көне туркі халықтарының сөйлеу мәдениетіндегі жанрлық формалар қарама-қайшылықтарға толы, терең синкретті және күрделі болғандықтан, түркологияда өлең құрылымының дефинициясын айқындау да күрделі құбылыс болып табылады. Сондықтан бірге кейбір теориялық еңбектерде өлеңнің құрылымдық жүйесіндегі аса маңызы жоқ бөліктеріне, жалпылама мәселелерге баса назар аударылғандығы да мәселені қынданда түседі. Сондықтан зерттеушілердің алдында көне туркі поэзиясындағы іргелі мәселелерді шешу міндепті түр, әсіресе, дифференциация және оппозициялардың бірлігі тұрғысынан – тіл және дәстүрлі әдебиет тоғысында қарастыру қажеттілігі туындал отыр.

Бір жағынан, тілдің табигаты мен өлең жүйесі, екінші жағынан, әдеби бағыттар мен өлең тілі диалектикалық бірлікте болатыны белгілі. Тіпті өлең құрылымының құрамдас бөліктерінің гетероморфтылығы, оның сегменттік қатарларының функционалдық қарама-қайшылығы, дыбыстық компоненттерінің симметриясы мен асимметриясы, бірізділігі (интенционалдылық) немесе дискреттілігі (диахрония), т.б. өлеңнің құрылымын бір бүтін жүйе ретінде циклдік қағида бойынша қарауды қажет етеді. Аталмыш құбылыстың гносеологиясы мен мақсатқа бағытталған интерпретациясына қарай өлеңнің әдеби бағытын айқындаі отырып, оның тілі мен жүйесін жан-жақты талдау керек.

Л. И. Тимофеев өлең тілін «мазмұндық және эстетикалық мәні бар сөз тіркестерінің жүйесі ретінде» қарастырады, автордың ойынша өлеңнің мәнерлілігі «тілдің индивидуалды-эмоционалдық, экспрессивтік қуатын арттыратын дыбыстық-ритмикалық компоненттерінің қайталануына байланысты»¹ болмақ. Аталмыш поэтикалық құбылыс сипаттарын талдау өлең құрылымының жүйесін құрайтын бірліктердің өзара тығыз байланысты болатындығын жан-жақты айқындаиды және поэзия тілінің да-муында олардың атқаратын қызметін, ерекшеліктерін нақты саралауға мүмкіндік береді. Сондықтан бірқатар әдеби зерттеу-

1 Тимофеев Л. И. Слово в стихе. – Москва: Ленинград, 1959. – с. 140.

лерде өлентану мәселелері жан-жақты қарастырылған және көп-теген ғалымдар поэзиядағы өлең құрау принциптері (қағидала-ры) белгілі бір «тарихи жағдаяттарға» (басқаша айтқанда, әдеби дәстүрлерге) немесе тілдік факторларға² байланысты болатындығын атап өткен. Тілдік түрғыдан зерттеу принциптерін жақтаушы ғалымдар өлең тілінің сөйлеу тілінен айтарлықтай айырмашылығы жоқ, онда тілде кездеспейтін жаңа элементтер мен белгілер жоқ, себебі ол да тіл занылыштарына бағынады»³ – деген көзқарасты ұстанады.

Е.Д. Поливанов және оны жақтаушы ғалымдар өлентанудағы бұл мәселені тіпті күрделендіре туседі. Олар «өлең тілін лингвистикалық түрғысынан зерттеу барысында өлең құрау жүйесінің белгілерінің айырмашылықтарын жіктең көрсету қажет, өлең техникасының типологиясын және поэтикалық тілдің өлең құраушы бірліктерінің функционалдық ерекшеліктерін анықтау қажет»⁴ – деп санайды. Бұл позитивистік концепция, біздіңше, әрекеттік сипатына қарамастан тіл мен өлең жүйесінің өзара байланысына қатысты маңызды мәселелерді толыққанды аша бермейді.

Міне, осы жағдай В.А. Никоновтың полемикалық көзқарасына негіз болды, ол отандық және шетелдік әріптестерінің теориялық тұжырымдарын дамытты, соның ішінде Б. Унбегаунның және Р. Якобсонның пікірлерін қолдай отырып, «өлең құрау жүйесіне тіл ғана емес, қоғамның даму тарихына байланысты туындастын поэтикалық стиль әсер ететінін»⁵ атап көрсетеді. Ғалым «тек қоғамның жан-жақты дамуының нақтылы тарихи сипаты поэтикалық стильдің дамуына әсер ете алады, тілде қалыптасқан сөздерден өлеңнің құрылудына белгілі бір мүмкіндік-

2 Томашевский Б. В. Стих и язык. – Москва: Ленинград, 1959. – с.121.

3 Никонов В.А. Стих и язык // Проблемы восточного стихосложения. – Москва: Наука, 1973. – с. 12-14.

4 Поливанов Е.Д. О приеме аллитерации в киргизской поэзии в связи с поэтической техникой и языковыми фактами других «алтайских народностей» // Проблемы восточного стихосложения. – Москва: Наука, 1973. – с. 104-109.

5 Никонов В.А. Стих и язык // Проблемы восточного стихосложения. – Москва: Наука, 1973. – с. 12-14.

тер туғызады, жағдай жасайды»⁶ – дейді. Қорыта келгенде, әдеби дәстүр өлең жүйесінің сыртқы факторы ретінде, ал тіл – ішкі факторы ретінде қызмет атқарады, яғни ол екеуі бір-бірімен диалектикалық бірлікте бола отырып, өлең құру жүйесінде маңызды рөл атқарады. Бұл тұжырымды өз еңбектерінде К. Леви-Строс те қолдайды, Р. Якобсон өзінің тілдің фонологиялық құрылымы жөніндегі идеяларында да осы пікірді ұстанады. Ол бір тілдің әр түрлі құрылымдық элементтері арасындағы функционалдық байланыстарды бір «метакұрылымның» қызметі ретінде жан-жақты сипаттайтын және оларды түрлі құрылымдарды құрайтын топтардың заңдары есебінде қарастырады⁷.

Атақты теоретик ғалым В. В. Томашевскийдің пікірі бұлардан өзгешелеу, ол «әрбір өлеңнің өзінің ішкі өлшемін құрайтын ритмикалық бірлігі болатынын» айтады. Бұл ішкі өлшем тілдің табиғаты мен әдеби дәстүрлерге байланысты болады. Ол шартты түрде өлең шығару нормалары мен ережелерінен көрініс табады және бір кезеңнен екінші кезеңге, бір әдебиеттен екінші әдебиетке өтүге байланысты өзгеріп отырады⁸. Ал А. А. Папаян бұл пікірді одан әрі өрбіте келе, әдеби бағыт өлең тілінің элементтерімен тығыз байланысты болатындығын айтады. Оның пайымдауынша, «философиялық-эстетикалық және әдеби бағыттар, шынайы құбылыстарды қабылдау формалары өзгеріп отырады, солармен бірге өлең формалары да үнемі өзгеріп отырады»⁹. Фалымның пікірінше, өлең құрылымының өзгеруі поэтикалық дәстүрдің өзгеруіне тікелей тәуелді болмақ. Бірақ М. Л. Гаспаров бұл пікірге қарсы шығады, ол кейбір өлең құрылымдары үнемі өзгеріске түсе бермейтінін айта келе, өлеңнің ыргағы әдеби бағыттарға тәуелді болмайтындығына және ол көбіне-

6 Там же, с. 13.

7 Леви – Строс К. Структурная антропология. – Москва: Наука, 1985. – с. 55.

8 Томашевский Б.В. Теория литературы. Поэтика. – Москва: Прогресс, 1996. – с. 104.

9 Папаян Р.А. Структура стиха и литературное направление // Проблемы стиховедения. – Ереван, 1976. – с. 69.

се ақынның жеке шығармашылығының даму ерекшелігіне байланысты болатындығына баса назар аударған¹⁰.

Л. И. Тимофеевтің ойынша, «ол нақтылы мазмұнға (өлең, кең мағынасында тілдің функционалды қорінісі ретінде, жалпы алғанда, поэтикалық тілдің жүйеішілік қабаты ретінде) тек жүйе ішінде ие болады, жүйекүрушы фактор – сөз болып табылады, сөз дыбыспен, ритммен, рифмамен тығыз байланыста және интонацияға қатысты болады»¹¹.

Академик В. М. Жирмунский «тіл мен өлеңнің өзара байланысының» маңыздылығы мен өзектілігі жөнінде мәселені қарастырады, ол орыс және неміс тілдеріндегі ямбикалық өлең формаларының ұлттық ерекшеліктерін салыстыру арқылы тіл мен өлеңнің өзара құрылымдық жағынан біртұтас және ұқсас екендігін нақтылы фактілермен дәлелдейген. Әсіресе, ғалым «орыс және неміс ямбтерінің мысалдары негізінде әр түрлі тілдерде ямбикалық өлеңнің өлшем модельдері бірдей болған жағдайда, ондағы метрикалық екпін нақтылы буынға түссе, түрлі тілдердегі бинарлық альтернация принципі тілдік материалдың фонетикалық сипаттарына байланысты түрліше жүзеге асырылады» деп орынды атап өткен¹².

Ленинградтық өлеңтанушы В. Е. Холшевников аталмыш мәселені тәжірибелік әдіснамалық тұрғыдан терең зерттеген¹³, оны В. И. Павлова¹⁴ жалғастырған. Олар өлең ритмін музикалық ритммен бірдей деп санайтын (А. П. Квятковский, С. В. Ширвинский, М. Г. Харлаптар жақтаған) «тактометриялық теорияны» жоққа шығарады және синтаксистік мүшелер мен декламация мәнерлері өлең жазуда жүйекүраушы мәнгे ие¹⁵ – деп санайды.

10 Гаспаров М. Л. Оппозиция «стих-проза» и становление русского литературного стиха // Русское стихосложение. Традиции и проблемы развития. – Москва: Наука, 1985. – с. 89-98.

11 Тимофеев Л. И. Слово в стихе. – Москва: Ленинград., 1959. – с. 305.

12 Теория стиха (под. ред. В. И. Жирмунского и др). –Ленинград, 1968. – с. 22.

13 Холшевников В. Е. Стиховедения и поэзия. – Ленинград: 1991. – с. 304.

14 Теория стиха (под. ред. В. И. Жирмунского и др). –Ленинград: 1968. – с. 321.

15 Там же, с. 216-217.

Бұл пікір, бір жағынан, өлең мен музыкалық ритмнің аражігін ажыратып береді, екінші жағынан – тілдік материал мен өлең тілінің өзара байланысын айқындал көрсетеді.

«Жалпы, өлең құрау жүйесі деген үғымның өзі нені білдіреді және оны қандай факторлар айқындаиды» деген саяул төңірегіндеңі батыстық және ресей өлеңтанушылары арасындағы теориялық қайшылықтар ұзақ жылдар бойғы пікірталастың және арнаулы зерттеу жұмыстарының нәтижесінде өз шешімін тапқандай.

Батыстық және ресейлік өлеңтану саласының ғалымдары өлеңнің жалпыға ортақ концептуалдық дамуы өлең құру формалары тілдік материалдың ұлттық ерекшеліктеріне байланысты болатындығын дәлелдеді. Бұл фактордың диалектикалық және біртұтас сипатына қарамастан, өлең жазу формалары мен стильдерінің әдеби дәстүрлер (тарихи жағдаятта) мен басқа да поэтикалық жүйелерге тәуелді болатындығын жоққа шығаруға болмайды.

Кейде өлең жүйесін құраушы факторларды айқындау және оның поэзия эволюциясындағы генезисін анықтау қындық тузырады. Бұған алтай тілі тобына жататын халықтардың поэзиясынан мысалдар келтіру арқылы көз жеткізуге болады. Түркі және монгол тілдеріндегі өлеңдер жүйесін ғалымдар «силлабикалық», «силлабо-тоникалық», «тоникалық», «тонико-темпоралдық», «сөзге екпін түсетін», «квантитативтік» «аллитерациялық» және басқа топтарға жіктейді. Х. Усмановтың пікірінше, «татар поэзиясында көптеген жылдар бойы өлеңнің негізгі екі ритмикалық құрылымы сакталған. Бірінші: халық ауыз әдебиетінде (халықтық), екінші: жазба өлеңдерде (классикалық)¹⁶. Ол түркі өлеңінде кездеспейтін терминді енгізді, мысалы, «үшқатар төрт бунақты», «төртқатар бір бунақты», «бірінші және екінші буындармен үшөлшемді», т.б., бұл көзқарасы ғалымдар тарапынан сынға ұшырады. Автордың ойынша солар түркі өлеңдерінің онтологиялық табигаты мен өзіндік даму ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді. Өлең жазудың халықтық жүйесі «бунақтық», ал классикалық жүйесі – «ашық курделі бунақтық»¹⁷ деп аталады.

16 Усманов Х.У. Древние источники тюркского стиха. – Казань, 1984. – с. 10-12.

17 Хамраев М.К. Пламя жизни (о системе стихосложения тюркских народов). – Ташкент, 1988. – с. 6.

Түркі өлеңдерін зерттеуші У. Туйчиев былай деп жазады: «Өзбек поэзиясы алты өлең жүйесінен тұрады. Біріншісі: ритмико-сintаксистік параллелизм, ол – проза мен өлеңнің арасындағы ерекше өлең жазу құбылысы – қара өлең (бұл көне түркі әдеби ескерткіштеріндегі жіңіздеседі). Буындық екпін, сандық-екпін және аралас өлең жүйесі соңғы кездері анықталған соны құбылыс, ...олар «бармақ» (силлабика), «аруз» сияқты жіңіздеседі. А. М. Хамгашалов және В. И. Золхоев өз еңбектерінде бурят тіліндегі өлең жүйесіне талдау жасай отырып, өлеңді ритмикалық жағынан үйімдастыруда негізінен «тірек-сөздер» (слово-стопы) принципін кең қолданғандығын дәлелдейді^{18, 19}.

Біздінше, бұл айтылғандардың басты кемшілігі, проблемасы – поэтикалық тілді зерттеу әдіснамасы мен талдау тәсілдеріндегі кемшіліктермен байланысты, онда өлеңдерді топтастыруда бірізділік принципі сақталмаған. Туркі және монгол тілдеріндегі өлең жүйелерін айқындау барысында ғалымдардың пікіріне белгілі бір дәрежеде ықпал еткен әдістерді шартты турде саралап көрсетуге болады.

Европоцентризм, XX ғасырда кең өріс алған әдеби ағымдардың бірі, бұл ағым бойынша ритм құраушы екпіндерге ғана көніл бөлініп қоймайды, сонымен қатар батыстық және орыстық өлең құрау үлгісіндегі терминдерге баса назар аударылады (мысалы, тірек, ямб, хорей, ерлерге тән үйқас, әйелге тән үйқас, дактиликалық т.б.). Соның әсерінен жүйесін анықтаушы үйімдар мен категориялар түркі өлеңдеріне қатысты да қолданылады, мысалы, «тоникалық», «силлабо-тоникалық», т.б.

Поэтикалық индуктивизм, оның көмегімен мәтіннің жеке компоненттеріне айрықша көніл бөлінетіндігі соншалық, солардың негізінде мәтіннің архиформасына еш қатысы жоқ және көркем мәтінді тұтастай зерттеуге негіз бола алмайтын кейір жалпы ережелер мен заңдар қалыптасады. Көп жағдайда зерт-

18 Актуальные проблемы сравнительного стихосложения. – Фрунзе, 1980. – с. 40.

19 Туйчиев У. Аруз системаси узбек поэзиясида. – Ташкент, 1989. – с. 51-53.

20 Хамгашалов А. М. Опыт бурятского стихосложения. – Улан-Удэ, 1940. – с. 68-71.

21 Золхоев В. И. Фонология и морфология агглютинативных языков. – Новосибирск: Наука, 1980. – с. 17.

теушілердің назары қандай да бір шектеулі мәтіндерге ауады да, олар поэтикалық тілдің тұтастай бір тарихи үзінділерін нақтылауға алғышарт бола алмайды.

Эклектизм, бұл маргиналдықпен байланысты зерттеу ағымы, ол ағым бойынша әр түрлі өнер құбылыстарына тән заңдылықтар олардың арасындағы айтарлықтай қарама-қайшылықтардың болатындығына қарамастан идентификацияланады (сәйкестендіріледі). Соның себебі, көне дәуірдегі өнер саласындағы синкретизм. Соның кесірінен музикалық ритмикалық заңдылықтар өлең жолдарының ритмикалық заңдылықтарын зерттеуде басшылықта алынады. Мұндай жағдайда өлең тілінің барлық дерлік элементтері формальды музика заңдарына бағынады. Мысалы, мәтінді бірнеше синтаксистік бөліктерге бөлу арқылы өлең ритмдері музикалық ритмдерге сәйкестендіріледі және жүйесіз өлең жолдары ритмикалық жолдарға салынып, реттелінеді, көптеген өлең жолларының орындары ауыстырылып, орынсыз реконструкциялар жасалады, бұл құбылыс әдетте қате пікірлер мен қорытындылар жасауға әсер етеді. Соның нәтижесінде өлеңнің негізгі құрылымын децентризациялау (қайта құрылымдау үрдісі орын алғып отыр, ол өлең мен прозаның формаларының арасындағы шекараның, айырмашылықтардың жоғалуына әкеліп соктырады, сондай-ақ әр түрлі өлең жазу жүйелерінің арасындағы ерекшеліктерді де жояды.

Әрине, өлеңді осы тұрғыдан зерттеу барысында өлең жүйесінің диахрондық және синхрондық жақтарының теңесіп кететіндігі соншалық, олардың арасындағы айырмашылық та жоғалады. Өлең жүйесінің дамып, өзгеріп отыратын құбылыс екендігі, яғни эволюциясы қаперге алынбайды және метафизикалық тұрғыда зерттеледі. Мысалы, диахрондық тұрғыдан өлең жазу жүйесі – сапалық жағынан өзгермелі құбылыс болып саналады, сондықтан бұл анықтаманы барлық өлең түрлеріне бірдей қолданып, униформа немесе архиформа тұрғысынан қараша мүмкін емес және мұндай анықтама өлең құрылымының тұтастығын, яғни біртұтас жүйе ретінде сипаттай алмайды. Тек өлеңнің ішкі өлшемдерін ғана анықтауға мүмкіндік береді, ішкі өлшемдер өлеңнің жүйекұруышы доминант элементтері туралы

ұғымдарды қалыптастыруға ықпал етеді, сол арқылы жүйенің даму және тарихи түрғыдан бір кезеңнен екінші кезеңге өту себептерін сипаттауға қол жеткізуге болады. Басқаша айтқанда, белгілі бір тарихи дәүірде поэзияның дамуы барысында бірнеше өзіндік және тұрақты жүйелердің қалыптасуы мүмкін.

В. Шаповалов бұл мәселенің жан-жақтылығын түсіне отырып, жүйені архиформа ретінде белгілейтін мұлдем басқа жаңаша термин енгізуге тырысқан. Ол қыргыз поэзиясын зерттеу негізінде жалпыға ортақ атау – ұлттық өлең құрау деген ат береңі, автордың пікіріне сүйенсек оның екі түрі болады: халықтық өлең және әдеби. Халықтық өлең құрау жүйесінің құрамында эпикалық өлең-жырлар яғни ақындар поэзиясы негізге алынады, ал әдеби өлеңдердің өзін екіге жіктейді: дәстурлі өлең және гетероморфтық құрылымы бар новаторлық, жаңашыл өлеңдер²².

Мұндай классификация поэзия саласының өлшемдік және жанрлық түрлерін қатар қамтиды, жүйе деген ұғымның мәнін айқындауды және жүйенің ең әуелі өлең тіліне тән бірліктерге негізделетіндігін көрсетеді (просодия, ритм, өлшемдер, строфикалар, рифмалар, т.б.).

Әйгілі түркітанушы ғалым Н.Н. Тобуроков негізін қалаған эксперименталдық-фонетика мектебінің өкілдері бұл мәселені өлеңге жан-жақты статистикалық талдау жасау арқылы және сарраптамалық мәліметтер негізінде шешуге болады деп санайды. Фалымдар түркі өлеңдерінің типтері туралы мәселені оның генезисінен бөліп қарастырмайды²³.

Міне, түркі өлеңдерінің жүйесін құрайтын факторларды дұрыс талдау әдісі, дұрыс интерпретациясы осындай. Олар фольклорлық және әдеби өлең жүйелерін жіктей отырып, біріншісіне альтернациялаушы ритм – аллитерация және силлабикалық сипат тән деп есептейді. Эксперименталды-фонетикалық мектептің жалпы бағыты өлең жүйесінің бастапқы ритмикалық бірліктерін айқындауға негізделді, өлең жолдары мен олардағы

22 Шаповалов В.К. К проблеме о диалектике развития национального стиха на современном этапе // Актуальные проблемы сравнительного стиховедения. – Фрунзе, 1980. – с. 35.

23 Тобуроков Н.Н. Хакасский стих. – Абакан, 1991. – с. 23-24.

кідіріс ұзақтығы қандай екендігін айқындауға баса назар аударды. Олардың ойынша, кейінгі уақыттарда жазылған өлең-жырлардың жалпылама құрылымы сапалық түрғыдан басқаша альтернациялық ритмге негізделген – изосиллабизм және изохрония түрғысынан жазылған. Сонымен қатар ғалымдар әдеби өлең құрау факторлары буын шумақтарының ритмін алдыңғы орынға шығарып, аллитерациялық ритмиканың рөлін төмендетуге ықпал етеді деген қорытынды жасайды.

Осылайша, түркі өлеңтануындағы бұл ағым, оны жақтаушы ғалымдардың санаулы болғандығына қарамастан, теоретикалық-дедуктивтік әдіспен салыстырғанда өлең жүйесінің анықтау теориясын ілгері дамытты.

Кейбір түркі өлеңдерін зерттеушілер әлі күнге дейін «бүгінгі күні қандай халықтың поэзиясында болмасын кездесетін ешбір өлең жүйесінің формасы бейтансыс, жат болып саналмайды» деген пікір айтады^{24, 25}. Бірақ бұл пікір объективті емес, шындық-қа жанаса бермейді және уәжділігі да жеткіліксіз. Біріншіден, олар өлең жүйесіндегі тілдік факторларды ғана ескерген, сол арқылы өлеңнің сыртқы және ішкі бірліктерінің өзара диалектикалық бірлігі ескерілмеген. Бұл өлеңтану саласында қалыптасқан жалпылама әдістер мен тәсілдерді жоққа шығару деген сөз. Екіншіден, бұл болжамдар консервативтік сипатқа ие, себебі ұлттық мәдениеттің маңыздылығына негізделетін, өлең тіліне айтарлықтай әсер ететін басқа халықтардың поэтикалық дәстүрлері ескерілмеген. Біз түркі поэзиясына араб-парсы (аруз), көне үнді (анаграммалау) өлең жазу стильдерінің ықпал еткендігін, сол арқылы оған ислам және үнді мәдениетінің әсері болғандығын жоққа шығара алмаймыз.

Өлең жүйесінің мәнін түсінуге қатысты жоғарыда аталған мәселелерді ескере отырып, біз тек поэзияда нақтылы поэтикалық стиль қалыптасқан жағдайда ғана дұрыс шешім қабылдауға болады деп санаймыз. Мұнда өлең тілі жүйесінің өлшемдік және ритмикалық белгілері мен көрсеткіштері ғана емес, өлең құрау-

24 Усманов Х.У. Древние источники тюркского стиха. – Казань, 1984. – с. 11.

25 Туйчиев У. Аруз системаси узбек поэзиясида. – Ташкент, 1989. – с. 15.

ға қатысатын барлық тілдік элементтерінің жиынтығы кешенді қарастырылуы тиіс. Осыған байланысты біз фольклорлық және жазба өлеңдердің айырмашылықтары анықталып, дәлелденді деп есептейміз. Бұл жүйелердің жеткілікті дамуы бізге олардағы гетероморфтылық (біріншісінің) және гомоморфтылық (екіншісінде) сипат тән екендігін айқындауға мүмкіндік берді.

Фольклорлық жырлардың ішкі өлшемдері, жазбаша өлеңдердің ішкі өлшемдерімен салыстырғанда өзгеріске аз үшірайтындығы таң қаларлық жайт, себебі олардың консервативтілігі – тұрақтылығы аузыша формасына байланысты. Сондай-ақ бұл құбылысты фольклорлық өлеңдердің эволюциясы қарапайым өлең формаларына негізделетіндігімен де байланысты түсіндіруге болады. Мұндай тұжырымды атақты қырғыз жыршысы К. Рысалиевтің: «Екі бөлікті ритмикалық құрылым халық поэзиясындағы ең қарапайым құрылым түрі болып табылады және сонымен бірге аяқталған ритмикалық бірлік ретінде кез келген өлең үшін ең қажетті зандылық болып саналады» деген пікірінен көргуте болады²⁶.

Ал жазба өлеңдерінде «тарихи жағдаят» факторы өлең құрылымына айтарлықтай әсер ететіндіктен оның диахрондық дамуы тұрақсыз болады. Оның прогрессивтік дамуы тілдік факторларға байланысты емес, ол әдеби үдерістердің қалыптасу жағдайына байланысты, әдеби үдерістер кейде тіпті өлең жүйесінің кері кетуінде де ықпал етеді.

Фольклорлық жырлар екі өлшемдік тіл ретінде, бірінші кезекте өлеңнің формальды компоненттерін қалыптастырады, бұл мәтінді құрылымдық-семантикалық және ритмико-өлшемдік тұрғыдан ұйымдастыруға қажетті және өлеңді қабылдауды жеңілдетеді. Ал жазба өлеңдерінде формальды элементтер арасында тығыз байланыс байқалады (тігінен және көлденеңнен) олар өлең құрылымындағы курделі комбинацияларды қалыптастырады.

Түркі текстес тілдердің поэзиясында жазба өлеңдер бірнеше тарихи кезеңдерден өткен.

Көне дәүірдегі түркілік жазба өлеңдер аллитациялық өлеңдер ретінде көрініс тапты, кейде силлабикалық құрылымынң просодия элементтері де байқалады, біртіндеп соңғы сил-

26 Рысалиев К. Киргизское стихосложение: АД. – Фрунзе, 1965. – с. 15-16.

лабикалық құрылымға қарай бейімделе бастады. Аллитерациялық өлең Түркі қағанаты кезеңінен бастап өркендерді, әсіресе, ортағасырдағы Идиут көне үйғыр мемлекеттігі кезінде (850-1250) қарқынды дамыды. Аллитерация көне үйғыр поэзиясындағы белсенді поэтикалық тәсілдердің бірі болды, мұнда өлеңдер анаграмма әдісі бойынша құрылды. Мұндай өлеңдер түркі қоғамына будда дінінің ағартушылық ілімдерінің жан-жақты әсерінен кең өріс ала бастады.

Екінші кезең түркі поэзиясындағы жазба өлеңнің дамуы өлшемдік жағынан дұрыс құрылған өлеңдердің жазылуымен байланысты, сонымен қатар бұл кезеңдегі өлең жазу үрдісінде араб-парсы дәстүріне еліктеушілік басым болды. Х ғасырдан бастап түркі қоғамының басым бөлігі исламның көркем-эстетикалық құндылықтарына қызыға бастады. Бұл кезеңдегі өлең құрау жүйесі – аruz түркі деген жалпылама атпен белгілі болды, табиғи жолмен просодикалық және дыбыстық дәстүрді ығыстырып, ритм құраушы маңызды принцип ретінде бірінші орынға ашық және жабық буындар қолданыла бастады, (түркі арузында формальді турде ұзақ және қысқа) өлең бойында тігінен және көлденен бағытта да кезектесіп отыратын өлшемдер қалыптасты. Сондай-ақ аталмыш жүйенің ішкі құрылымында ұқсас буынды сөздерді силлабикалық принцип бойынша топтастыру үрдісі байқалады. Исламдық ағымдағы түркі поэзиясында аллитерациялық форма кездесетін маңызды болып саналады, онда аруздық емес фольклорлық өлеңжырлардың ритмикалық зандары қолданылады.

Келесі кезеңдегі түркі жазба өлеңі тарихында өлең силлабикалық принцип бойынша құрылымдық өлшеммен жазылғандығын байқаймыз. Аталмыш жүйені құру барысында, фольклорлық поэзияның маңызды рөл атқаратындығы сөзсіз. Олардың арасындағы терең байланысты көптеген әдебиеттанушы-туркологтар атап өткен. Олар өлеңдердің жалпы және жеке ерекшеліктерін айқындаіп отырып, оларда түрлі ритмикалық құрылымдардың кездесетін атап көрсеткен. Мысалы, фольклорлық өлең екі бөлікті қарапайым құрылымнан тұрады, мұнда бунақтық топтарды құрау позициялық түргыдан шектеледі, ал силлабикалық жазба өлеңдерінде мәтініндегі өлең жолдары бірлік-

терін ұзарту үдерісі арқылы үш, төрт бөлікті ритм құруши топ пайдаланыла береді.

Түркі жазба өлеңінің соңғы кезеңі түркі халықтарының еуропалық әдеби нормаларды менгеруіне байланысты **заманауи модернизм ағымының** дамуы кезеңіне сай келді. Түркі тілдес халықтардың поэзиясында бұл ағым түрліше атауға ие болды, түркі тілінде – «озғор кошук», ұйғыр тілінде – «чачма», «тугук», қазақ, қыргыз тілдерінде – еркін.

Сөйтіп, көне түркі жазба өлеңдерінің формасы аллитациялық форма болып табылады, ол аллитациялық ритм принципіне негізделеді – буын бірліктері тұрақсыз – аллитациялық элементтермен анафора мен эпифоралық байланыста болады. Аталмыш жүйенің негізгі ерекшелігі оның поэзияның халықтық формаларымен тығыз әрі тұрақты байланыста болуында, яғни оның тамыры көне түркі халықтарының ән-жыр шығармашылығынан бастау алады. Аллитациялық өлең-жырлар манихей және будда поэзиясының мәдени қайнар қөздерінің әсерінен дамыды, бұл ғалымдарымыздың «тілдік факторлар сияқты тарихи жағдайлар мен мәдени дәстүрлер де өлең құрау жүйесіне айтарлықтай әсер етеді» деген пікірлерінің дұрыстығын дәлелдейді.

Көне түркі халықтарының өлең құрау жүйесінің типологиясы мен табиғатын анықтауға қатысты маңызды мәселелерді шешуге көне түркі өлеңдерінің генезисі мен оның негізгі принциптерін анықтамайынша қол жеткізу мүмкін емес.

«Көне түркілік өлең құрылымы» ұғымының басын ашып алмайынша көне түркілік поэтикалық тілдің генезисі мен эволюциясы, сондай-ақ оның құрылымдық және жүйелік сипаттарын анықтау мүмкін емес. Бұл термин онша нақты емес, ұзақ уақыт бойы қолданылып келген, сондықтан өлең құрылымының ерекшелігін нақты талдауға және терминнің мәнін жан-жақты анықтауға мүмкіндік бермейді. Ол біріншіден, «ұлттық өлең» (Шаповалов В.И.) терминімен ұқсас, екіншіден, өлеңнің ішкі құрылымының анықтамасы белгісіз болғандықтан, салыстырмалы түрде қолданылады. Сонымен қатар, көне түркі поэзиясында басқа поэтикалық стильдер мен мектептердің занылыштарына бағынған дербес бірнеше жүйелердің қатар қолданылғандығы байқалады.

«Ұлттық өлең құрылымы» өзінің терең табиғатына байланысты қарама-қайшылықтарға толы. Біздің оймызша, кейбір зерттеушілер сияқты оны бір ғана өлең түріне телу мүмкін емес. Көне түркі халықтары поэзиясының гетероморфтылығы, курделілігі оның жеке және әр түрлі құрылымдық компоненттерінің арасындағы терең байланыстың болатындығына байланысты, сонымен қатар өлең құрылымын қалыптастыруши факторларды түсіну және оны тілмен және дәстүрмен, басқа да өлең формаларымен сәйкестендіру одан да құрделірек. Соған қарамастан, «көне түркілік өлең құрылымы» термині түркологияда қалыптасып қалуда. Бәлкім бұл түркі әдебиеттануындағы түркі әдебиетін жалпыға ортақ кезеңдерге бөлу үрдісімен байланысты болар және ол кезеңдер автоматты түрде көне түркі өлеңдеріне қатысты да қолданыла бастаған шығар.

Жоғарыда аталған мәселелерге байланысты, біздіңше, «көне түркілік өлең құрылымы» ұғымы құңғырт және бұлынғыр түсінік, ол тек поэзияның уақытша даму барысы туралы ғана түсінік қалыптастыратын сияқты. Ол өз алдына жеке жүйе құрайтын әр түрлі өлең формаларын, олардың поэтикалық стилін, жазбаша не ауызша фольклорға байланысты өлең жанрларын ескермейді. Қалай болғанда да, бұл пікірлердің кемшіліктеріне қарамастан, көне түркі өлеңдерін зерттеу барысында оның құрылымдық түрғыдан жіктеуге келесі бағыттарды зерделеп көрсетуге болады, олар өз кезегінде түркологияда бірнеше мектептердің қалыптасуына негіз болды:

1. Ритмико-синтаксистік параллелизм бағыты. Түрколог ғалымдардың халық поэзиясының, әсіресе, эпикалық жырлардың осы бағыттағы құрылымын үздіксіз және белсенді зерттеуінің нәтижесінде оларда архаикалық және канондық өлең формалары қолданылғандығы дәлелденді. Бұған келесі жағдайларда көз жеткізуге болады: а) эпикалық шығармалардағы қысқа және ұзақ өлеңдерде (7-8-буынды), (10-13-буынды)²⁷, б) тирада деп аталатын өлең жолдарының құрылымының спецификалық ерекшелігі негізінде²⁸, в) өлеңнің ритмикалық құрылымы.

27 Рысалиев К. Киргизское стихосложение: АД. – Фрунзе, 1965, – с. 54-56.

28 Ахметов З. Казахское стихосложение. – Алма-Ата: Наука, 1964. – с. 270.

мындағы аллитерациялық ырғақ қайтала мараптында (аллитерациялар, грамматикалық эпифора архаикалық тип және рифмасы канондық формада)²⁹; г) екі бөлікті құрылыммен қатар изосилабикалық принциптің үнемі бұзылып отыруы, (4//3; 5//3, кей кезде өлеңдерде изохрондық формулалар кездесді), бұл силабикалық өлеңдердің ерте сатысында орын алған болатын³⁰.

Халық өлеңдерінің құрылымындағы ассимметриялық элементтерді мұқият зерттеу архаикалық өлең құрылымдарының ритмикалық табиғатын айқындауға мүмкіндік берді және соның көмегімен көне түркі поэзиясында «ритмико-синтаксистік параллелизм» принципі орын алғаны анықталды. Түркологияға аталмыш терминді енгізген ғалым – академик В. М. Жирмунский. Оның тұжырымдары көптеген түркі өлеңтанушыларының еңбектерінде дәлелденді. Бірақ олар өлеңдердің жазылу мерзімін, формаларын және олардың ішкі даму ерекшеліктерін ескере бермеді.

Екінші жағынан, зерттеу нысаны болып отырған шығармалардан силабикалық ритмизациялау үрдісі анық байқалады. Ең әуелі өлеңнің екі бөлікті формулалары қолданылған, ол халықтық өлеңдердің тарихи дамуы барысында толассыз деңедеп еніп отырды. Эпостық жырлардың құрылымындағы екі жеке дара өлең формалары – қысқа (жыр) және ұзақ (махаббат, тұрмыстық дастандар) өлең формалары зерттеушілердің көне түркі өлеңдерін просодиялық тұрғыдан сипаттауына мүмкіндік берді, олардағы екпін соңғы рифмаға түсті және өлең қатарының нақтылы қайрымдары, шектері болатындығы анықталды»³¹.

Ритмико-синтаксистік параллелизм принципін теориялық тұрғыдан тұңғыш рет негіздеген ғалым – Р. Лаут, ол библия мәтіндерін зерттеуден бастады. А. Н. Веселовский өз зерттеулерінде ритмико-синтаксистік параллелизм теориясын жалпыадамзаттық психологияның маңызды элементі ретінде жан-жақ-

29 Жирмунский В.М. О тюркском народном стихе // Тюркский героический эпос. – Ленинград, 1974. – с. 654.

30 Там же, с. 650.

31 Жирмунский В.М. О тюркском народном стихе // Тюркский героический эпос. – Ленинград, 1974. – с. 665.

ты дамыгты³². Сонымен қатар, архаикалық тип ретінде параллелизмді бірізді зерттеген ғалым – В. М. Жирмунский, ол әр түрлі халықтардың поэтикалық тілінен жинақталған мол мәліметтер негізінде бірқатар ғылыми пайымдаулар жасады. Өлеңнің архаикалық типін айқындау барысында ғалым параллелизм теориясын өз мәніне баса назар аударды, соның нәтижесінде көне түркі әдебиетіндегі қара өлең формаларына байланысты мәселелерді нақтылы шешуге қол жеткізді. Оның тұжырымдарына сүйенсек, Орхон-Енисей жазба мәтіндері өлең үлгісі болып табылмайды, олар прозаикалық мәтін түрінде болған, себебі оларда мәтінді ритмикалық жағынан ұйымдастыруда маңызды орын алатын ритмико-синтаксистік параллелизм принципі сақталмаған. Руна жазбалары тек «ресми прозалық баяндау стилі» арқылы өндөлген (В. М. Жирмунский пікірі – А. Т.)³³. Келесі бір ритмико-синтаксистік параллелизм принципін жақтаушы ғалым Н. Е. Петров руна жазбаларының мәтіндерінің ритмикалық құрылымын анықтауда бірқатар қате көзқарастар енгізді. Ол «Орхон – Енисей мәтіндері көне батырлар жыры эпосы дәстүрімен ритмико-синтаксистік параллелизм және аллитерация негізінде жазылған» деп есептейді (өзім атап өттім – А. Т.)³⁴. Зерттеуші «рифмоидтар» мен «строфоидтар» сипатты поэтикалық форма тұрғысынан алғанда толығымен Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі өлендерге сәйкес келеді деген тұжырым айтады. (өзім атап өттім – А. Т.)³⁵. Бұл тұжырымдар көне түркі тілдеріндегі «қара өлең» мәтіндерінің мәселесін одан әрі күрделендіре түседі, сонымен қатар түркі халықтарының ұлттық әдебиетінде өріс алуына ықпал етеді.

2. «Тонико- temporалдық» (шартты түрде) бағыт. VI-VIII ғасырлардағы руна жазбаларының жанрлық белгілерін айқындау барысында пайда болды. Туркологияда М. Малов, А. Н. Бернштам сынды ғалымдардың Орхон-Енисей жазбаларының өлендік

32 Веселовский В.Н. Историческая поэтика. – Ленинград, 1940. – с. 86.

33 Жирмунский В.М. О тюркском народном стихе// Тюркский героический эпос. – Ленинград, 1974. – с. 675.

34 Петров Н. Е. О стихотворной форме Олонхо и ее связи с поэзии орхено-енисейских тюрков // СТ. 1979. № 5. – с. 41-46.

35 Там же, с. 48.

сипаты туралы пікірлері себеп болып, жаңаша көзқарасты қалыптастырды. Өз тұжырымдарын олар өлең формалары мен элементтеріне мән бермestен, тек ескерткіш жазбаларының мазмұнына талдау жасау арқылы негіздеді. Түрколог ғалым И. В. Стеблев да аталмыш «міндettі» теориялық тұргыдан шешуге тырысты. Орхон-Енисей жазбаларының жекелеген бөліктерін ритмизациялауға және дыбыстық құрылымдауға, сондай-ақ өзіндік жоғары интонациялық стильдік қызыметке бейімдеуге (сөз формаларының құрылымы, риторикалық сұрақтардың молдығы, қаратпалар, лепті сөйлемдер, аллитерация құбылысының болуы, «рифмоидтар», параллелизм, т.б. көне түркі сөз өнеріне тән түрлі көркемдеу тәсілдердің болуы ғалымдардың бұл мәтіндерге деген қарым-қатынасын айқындағы және олардың өзгеріске үшырауы мен поэтикалық трансформацияға түсүіне себепші болды. Ғалымдардың ғылыми зерттеулерінің негізінде руникалық шығармаларды поэтикалық өлеңдер қатарына жатқызуға себеп болған негізгі белгілер анықталды. Үргактық құрылымын сипаттау кезінде музыкалық ритм заңдары қолданылған, ал өлең жазу тәсілі «тонико- temporальды» тәсіл деп атап көрсетілді³⁶.

И. В. Стеблеваның зерттеу енбектері басқа да түрколог ғалымдардың жұмыстарына әсер етпей қоймады, олар фольклорлық өлеңдерді зерттеу барысында олардың руникалық жазбалармен жалғастықта, өзара байланыста екендігін дәлелдеуге тырысты. Қырғыз әдебиетіндегі М. И. Богдановтың, А. Абдыраззаковтың енбектерінде, қазақ әдебиетіне байланысты Ә. Қоныратбаевтың, Х. Сүйіншәлиевтің, А. Қыраубаеваның, Н. Келімбетовтің, К. Өмірәлиевтың енбектерінде және У. Туйчиевтің, А. Хайитметов және Б. Валиходжаевтің өзбек әдебиетіне арналған зерттеу жұмыстарында байқалады, тува әдебиетін қарастырған У. Дан-гактың ғылыми жұмыстары да қалай болғанда да осы ағымдағы көзқарасты ұстанады. Бұл орайда М. А. Үнгвицкаяның енбегін ерекше атап өткен дұрыс, ол Орхон-Енисей ескеркіштері тіке-лей фольклормен байланысты, бірінші кезекте, ондағы ән жанрына жақын, атап айттар болсақ, алтай халықтары арасында кең тараған халықтық жоқтау – «сыыттарға» (сыңсуға) келеді (мы-

36 Стеблева И.В. Поэзия тюрков VI-VIII вв. – Москва, 1965. – с. 20.

салы, «Чанар-Хустың» әйелінің әні)³⁷ – деген пікір айтады. М. А. Унгвицкая хакас өлең-жырлары мен руна жазбаларының формальдық элементтеріне жан-жақты тоқтала келе, олардың синтаксистік құрылымдарының арасында ұқсастықтар бар екендігіне назар аударған, олар параллелизмдердің қызметінің ықпалының нәтижесінде белгілі бір ыргақтық формаға түседі, мысалы:

Uc yatmish/ yashimka // adiriltim
Aguk катун/ка//jarimka //adiriltim.

(алпыс үш жасқа келген, мен Эгюк-Катун, туған жерден айрылдым).

Немесе

Кок тан pıgat кип, аг azidim,
Yarima yıta cizima adiriltim
(көк аспандағы ай менен күннен айрылдым, жерімнен айрылып, өздерінен ажырап қайғы шектім)³⁸.

Нәтижесінде жазбалардағы келесі негізгі тәсілдер айқындалды: 1) рефрендер-эпифоралар, олардың атқаратын қызметі қайғы-қасірет, трагизм сезімдерін жеткізу; 2) синтаксистік параллелизмдер; 3) рифмдер мен рифмоидтар, өлең жолдарының ішінде немесе соңында қолданылған; 4) омонимдік рифмалар, мысалы, adiriltim- adiriltim; 5) рифмасы – үйқасы жоқ, бірақ ритмге –ыргақта келтірілген өлең жолдары³⁹. Біз зерттеу жұмысымыздың нәтижесінде М. А. Унгвицкая атап көрсеткен поэтикалық элементтердің мәтіннің бүкіл өн бойында сақталмағандығына көз жеткіздік. Фалым қолданған әдіснамалық тәсілдің негізін қалаған И. В. Стеблева. Осы көзқарасты якуттың «Олонхо» эпосының тілін зерттеуші фалым Н. Е. Петров та жақтайды, ол эпостың түркілердің Орхон-Енисей жазбаларында жырлармен генетикалық байланыста екендігін дәлелдеуге тырысқан. Ол былай

37 Унгвицкая М.А. Памятники Енисейской письменности и песенний фольклор хакасов //СТ. 1971.№ 5. – с. 64-70.

38 Там же, с. 64.

39 Там же, с. 70.

дейді: «халықтық өлең – жырлары сол халықтың әні мен музыкасының (сазының) негізінде пайда болғаны белгілі. Ауыз әдебиетіндегі өлең-жырлардың өшемдері мен ыргактары сол халықтың тіліндегі вокализмдердің (дауысты дыбыстар) дыбыстық жүйесінің ерекшеліктеріне байланысты болды... Орхон-Енисей мәтіндері ежелгі батырлар жырынын, яғни эпостық жырлар дәстүрінде жазылған»⁴⁰.

Көне түркі поэзиясын зерттеудегі үшінші бағыт силлабикалық принцип қызметі тұрғысынан алғанда өлеңнің генезисіне (тарихы мен жүйесіне) байланысты.

Зерттеу жұмысының материалы ретінде түркі текстес тайпалардың халықтық өлеңдерінің көне формалары мен Махмұт Қашқаридың XI ғасырда жарық көрген «Диуани лугат ит түрік» атты шығармасының тілі алынды. Көптеген зерттеушілер оларды араб-парсы поэтикалық нормаларының ықпалына ұшырамаған көне фольклор үлгілері деп таныды. Соған байланысты ол шығармалардың ритмикалық құрылымы тек силлабикалық жүйе заңдары бойынша айқындалып, түсіндіріледі. Эсіресе, осы бағытта зерттеу жүргізген Ф. Е. Корштың еңбектерін ерекше атап өтуге тұрарлық, ол көне түркі халықтықтарының өлең-жырларындағы силлабикалық принципті зерделей келе, 7 және 11 бунақты өлеңдерді мысалға келтіреді. Сонымен бірге өлең жолдары ішіндегі ритмикалық ырғақ құрылымдарына В. Радлов, А. Самойлович және Т. Ковальскийлер де баса назар аударды. К. Брокельман еңбектерінде де көне түркі мәтіндерінің силлабикалық сипаты сараланған, ол «Диуани лугат ит түрік» шығармасының тілін зерттеу барысында шығарманың бір бүтін строфикалық құрылымында салыстырмалы түрде күрделілігі жағынан әр түрлі ыргактағы өлеңдер қамтылғанын атап көрсетеді⁴¹.

А. Поцелуевский силлабизм теориясын таза өлеңтану тұрғысынан дамытуға тырысты, ол 7 бунақты өлең көне түркі өлеңдерінің негізгі формасы екендігін дәлелдейді. Оның пікірінше,

40 Петров Н. Е. О стихотворной форме Олонхо и ее связи с поэзией орхоно-енисейских тюрков // СТ., 1979. № 5. – с. 41-49.

41 Стеблева И. В. Развитие тюркских поэтических форм в XI веке. – Москва: Наука, 1971. – с. 11.

Ахмед Яссаудің «Хикметінде» (XIII ғасыр) бұл өлшем екі есе көбейіп қолданылған.

Көне түркі өлеңдерінің ырғақтық негізін зерттеуге итальяндық түрколог ғалым А. Бомбачи манызды қадам жасаған, ол «Бал ашу» кітабы мәтінінің просодикалық құрылымын жан-жақты зерттей отырып, бұл кітаптың прототипі көне қытай тіліндегі «И-цзин», олардың ритмикалық формулаларын анықтауға тырысқан⁴² және көне түркі өлеңдерінің табиғатына силлабикалық сипат тән деген пікірді ұстанады. Ғалым просодияларды талдау негізінде өлеңнің ритмикалық сұлбасында ассиметриялық құбылыстардың бар екендігін айқындағы. А. Бомбачидің ең басты жетістігі – ол алғаш рет көне түркі өлеңдері мәтіндерінің ырғақтық-ритмикалық құрылымы әр алуан болып келетіндігін ашып берді. Осыған байланысты ғалым: «просодия формаларын талдау олардың өлшемдерін нақтылы екі түрге жіктеуге мүмкіндік береді: 1) тұрақты өлшемдері жоқ, өзгермелі буындардан тұратын үйқастар; 2) нақтылы өлшемі бар 7 бунақтан тұратын үйқастар, ондағы жолдар 4+3 формуласы бойынша синтагмаларға бөлінеді⁴³. Сонымен қатар, ғалым фольклорлық өлеңдерді жазба өлеңдерге қарсы қоймайды. Біздіңше, А. Бомбачи жіктеп көрсеткен 1 тип көне түркі поэзиясындағы жазба өлеңнің пайда болуымен, дамуымен және аллитерациялық өлеңдердің пайда болуына байланысты айтылған. Бұл, әрине, түркі поэзиясының көне жүйесінде канондық өзгерістердің пайда болуымен тікелей байланысты. Ал екінші тип, тікелей фольклорлық жырларға қатысты айтылған.

А. Бомбачидің көне түркі өлеңдері туралы тұжырымдамасын неміс түркологы А. фон Габен жалғастырды. Үнді-европа тілдерінің де және көне түркі әдебиетінің де маманы болғандықтан, ол бүкіл түркітілдік будда әдебиеті мәселелерін салыстырмалы-тарихи тұрғыдан жан-жақты зерттеп, айтартықтай табыстарға жетті⁴⁴. Зерттеуші Идикут мемлекеті кезіндегі көне ұйғыр

42 Зарубежная тюркология. Вып.1. Древнетюркские языки и литература. – Москва: Наука, 1986. – с. 197.

43 Зарубежная тюркология. Вып.1. Древнетюркские языки и литература. – Москва: Наука, 1986. – с. 199.

44 Там же, с. 301.

халқының бесік жырларында көп бунақты өлең формасының ізі байқалатындығын айтады. Ғалым фольклорлық шығармаларда силлабикалық ритм үрдісінің орын алғанын айқындаған, сонымен қатар ол сол кездегі өлең-жырларда «ретті цензура сақталмаған, (термин А. Бомбачи) аллитерация типтері кең қолданған» деген болжам айтады және бұл құбыльсты өлеңдегі басқа көркемдік принцилермен байланыстырады⁴⁵. Бірақ ғалым көне түркі өлеңдеріне қатысы бар атамыш принцилерді терен зерттеуді мақсат етпейді.

Бұл мәселе – түркітану ғылымында әлі де бірізге түспеген, өз шешімін таппаған мәселелердің бірі. Оны дер кезінде шешу түркі өлеңдерінің генезисіне қатысты көптеген мәселелердің ба-сын ашуға ықпел етер еді және түркі өлеңдерінің шығу тарихына қатысты қате пікірлердің қалыптасуына жол бермес еді.

Бұл бағытта зерттеу жүргізген атақты түрік ғалымы Р. Арат, ол Бомбачи мен А. фон Габенниң идеяларын жалғастыра отырып, көне түркі өлеңдерінің строфикалық және просодикалық құрылымын жан-жақты талдады, сондай-ақ мәтіннің құрамындағы тармақтық және дыбыстық бірліктер қызметінің ерекшеліктерін айқындалап көрсетті. VIII-XIII ғасырлардағы исламнан тыс, исламдық мазмұндағы емес көне үйір поэзиясының бунақтық сипаттарына мән бере отырып, өлең формаларының өзгеруі, дамуы ең әуелі ырғақты өлең құрумен байланысты деген тұжырым айтады. Дәл осы көзқарас ғалымның көне түркі өлеңдеріндегі аллитерациялық қайталаударды рифмалық формадан өзгеше жеке өлең жүйесін құрап түрған ерекше құбылыс ретінде қарауына мүмкіндік бермеді⁴⁶.

60-шы және 70-ші жылдары Орта Азия, Поволжье, Сібір түркологтарының өлеңтануға арналған көптеген еңбектері жа-рық көре бастады, олар тек дәстүрлі жүйені қарастырып, оларды дедуктивті әдіс арқылы зерделеп қана қойған жок, сондай-ақ олардың шығу тарихына, көнетүркілік өлеңдердің құрылымына (жалпы, барлық түркі) техникалық құрал-жабдықтарды пайдала-

45 Там же, с. 324-325.

46 Arat R.R. Eski turk sheiri. – Ankara, 1961. – 63-65 b.

на отырып, заманауи ғылым түрғысынан жан-жақты зерттеулер жүргізді. Бұл кезеңдегі ғылыми еңбектердің ішінде үйғыр поэзиясы материалдарына арналған М. Хамраевтің іргелі зерттеулерін, өзбек поэзиясын зерттеуге арналған У. Туйчиевтің, қазақ поэзиясын қарастырган З. Ахметовтың еңбектері, түркімен поэзиясына арналған А. Атдаев пен Р. Реджеповтің, қырғыз поэзиясына байланысты К. Рысалиев пен А. Керимжанованың, Х. Усманов пен М. Х. Бакировтың – татар поэзиясына, Н. Н. Тобуроковтің – якут поэзиясына арналған ғылыми еңбектерін айрықша атап өткен жөн. Олардың барлығы да силлабикалық принциптің жалпы, түркі поэзиясына ортақ негізгі принцип екендігін айтады.

Әйгілі ғалым, академик Зәки Ахметов те осы бағытта өнімді еңбек етті, ол қазақ филологиясындағы үш бірдей бағыттың: формальды-структуралық /кеңестік дәстүрde/, салыстырмалы-тарихи зерттеулер және диалектикалық поэтика өкілі болған еді.

КСРО ғылымындағы формальдық-структуралық бағыттың көрнекті өкілі және әйгілі өлеңтанушы ретінде ол түркі халықтарының силлабикалық өлең-жырлары мәселелеріне баса назар аударды. Ғалымның «Қазақ өлеңдерінің құрылымы» (1970), «Қазақ өлеңі теориясының негізі (2002)» атты көшшілікке танымал еңбектерінде XX ғ. соғыстан кейінгі жылдарда жарық көрген В.М. Жирмунский, И. В. Стеблева, М. Хамраев, К. Рысалиев, Х. Османовтардың еңбектерінде көрсетілген «туркі силлабикалық өлеңдерінің теориясына» қатысты бірқатар идеялары айтылған. Ол қазақ поэзиясындағы формальдық категориялар жөнінде іргелі зерттеулер жүргізді, ол еңбектерде структуралық әдіс те тыс қалған жоқ. 1960–1970 жылдары қазақ поэзиясының просодикалық заңдылықтары мен белгілерін негізге ала отырып, З. Ахметов өлең құрылымының мүлдем жаңаша тұжырымын қалыптастыруды, ол И. В. Стеблеваның тонико- temporальды теориясынан және Х. Усманның түркі өлеңінің екі ырғақты табиғи жүйесінен өзгеше болды. Атамыш еңбектер Зәки Ахметов есімін XX ғасырдағы кеңестік формальды мектептің Ю. Тынянов, А. Веселовский, Л. Тимофеев, Б. Томашевский, В. Жирмунский, М. Гаспаров сынды қөрнекті өкілдерінің есімдерімен қатар қойды. Түркі өлеңдерін зерттеуші барлық дерлік ғалым-

дар оның түркі өлеңінің жалпы теориясын зерттеуде сіңірген еңбектерін мойындағы, автордың еңбектері өлең үзінділеріндегі (өлең жолдарындағы) изосиллабизм принципіне негізделді. Бұл бүгінгі түркология ғылымындағы әлі күнге құндылығын жоймаған, маңызды зерттеулердің бірі болып табылады. Академик З. Ахметов өзінің әдеби-сын және әдебиеттануға арналған еңбектерінде өлеңдегі буындардың өзара тең дәрежелілігі принципі ескерілмей қалатындығын жиі ескертіп откен. Ғалым: «қазақ өлеңдері жүйесіндегі силлабиканың табигаты төңірегінде әлі де айқындауды қажет ететін даулы аспектілер жетерлік. Және оны түрлі, тіпті кейде қарама-қарсы көзқарастарды басшылыққа ала отырып анықтаған жөн» деген тұжырым айтады. Орыс және қазақ-түрк поэзиясын зерттеген В. Радлов, Ф. Корщ, В. Виноградов, Л. Тимофеев, Б. Томашевский, А. Байтұрсынов сияқты атақты ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, ғалым ұлттық поэзиядағы шартты түрде изоритмикалық және изосиллабикалық деп түрде атауға болатын өлең құрылымының жүйесі туралы тұжырымдамасын ұзақ уақыт бойы жетілдіріп, дамытып отырады. Себебі, әдебиеттанушы ғалымның пікірінше, өлең құрылымындағы дауыстылар мен дауыссыздардың түсіп қалу құбылысы орын алып отырады да, соның әсерінен ритмикалық бірліктердің шекаралары жылжып отырады. Ол онтологиялық әдіске сай өлең құрылымын «тарихи дамып отыратын көркем әдебиет тәжірибесімен байланыста қарайды, себебі, өлең құрылымының көптеген ерекшеліктері, оның дамуын сипаттайтын үдерістер әдебиеттің жалпы даму зандылықтарымен тығыз байланыста болады. Ғалым өлең құрылымын өзгермейтін құбылыс ретінде емес, үнемі дамып, өзгеріп отыратын тарихи құбылыс ретінде қаастырады. Бұл тұрғыда автор: «жалпы алғанда, өлең құрылымы үнемі дамып, өзгеріп отыратын үдеріс. Бірақ өлең құрылымының түрлі қабаттарындағы өзгерістердің қарқыны мен сипаты бірдей емес, өлең жүйесін құрайтын қабаттар арасында ең тұрақтысы оның құрылымы мен негізгі ритмикалық принциптері» деген пікір айтады.

З. Ахметов ұлттық өлеңді дамытудағы Абай шығармаларының тарихи рөлін жоғары бағалайды. Ол Еуразияның ұлы ойшы-

лының шығармаларына ғылыми түрғыдан талдау жасау ақынның жеке шығармашылығын тусінумен қатар, қазіргі заманғы поэзияда көкейкесті мәселелердің бірі болып саналатын қазақ әдебиетіндегі новаторлық өлеңдердің табиғатын зерделеуге мүмкіндік береді деген тұжырым жасаған.

3. Ахметовтің ғылыми зерттеулерінде ұлттық поэзиядағы формальдық категориялардың маңызды бағыттарының бірі ретінде түркі халықтарының өлеңдерінің тілін салыстыра отырып зерттеуді ұсынған. Бұл зерттеулер тек қазақ филологиясы ғылымына ғана емес, сонымен көптеген түркі халықтарының мәдениетінің даму тарихына зор ықпал етті. Ұлттық өлең құрылымындағы ритмика принциптерінің ғылыми жүйесін жасаған да - З. Ахметов, ол өлең тілінің жалпы ритмикалық табиғатын зерттеу негізінде силлабикалық өлең жүйесіне жататын қазақ өлеңдері құрылымының негізгі қағидалары мен ережелерін айқындауға болатынын атап көрсеткен. «Өлең құрылымы қандай да бір тілдің жалпы құрылымы мен жүйесіне байланысты болады. Осыдан поэтикалық формалардың ұлттық болмысы көрінеді» - деп жазды академик. «Өлеңнің құрылымы қаншалықты ерекше, өзгеше болғанымен, бұл құрылым қандай да бір тілге тән болады және ұлттық сейлеу тілі формаларынан тыс жерлерде қайталанбайды. Поэзияның ұлттық өнер формасына жататын себебі де сондықтан»⁴⁷.

3. Ахметов «қазақ өлеңдері құрылымының ерекшелігі оны қандай да бір басқа өлең жүйелеріне қарама-қарсы қоюға негіз болмайды» деген пікірді ұстанады. «Әр түрлі халықтардың поэзиясындағы өлең құрылымдарының ерекшеліктері поэтикалық мәдениеттердің өзара қарым-қатынасына кедергі келтіреді деп түсінбеу керек. Қазақ өлеңдері тек силлабо-тоникалық және тоникалық жырлар тәжірибелері арқылы ғана байыған жок, сонымен қатар басқа халықтардың поэзиясында кездесетін силлабикалық өлең түрлерімен де байыды».

Жоғары әрудициялылығы мен үлкен ғылыми потенциалының арқасында З. Ахметов қазақстандық тарихи-салыстырмалы зерттеу мектебінің теориялық негізін қалады, бұл салаға анағұрлым тарихи – диалектикалық әдісті енгізді. З. Ахметовтың силлабика

47 Ахметов З. Основы теории казахского стиха. – Алматы, 2002. – с. 68.

өлең бойынша ғылыми еңбектерінің маңызы зор және олардың түркі әдебиетіне тигізер әсері ерекше. Ол қазақ поэзиясының қоғамдағы рөлі арту үшін оның зерттелу барысына бағыт-бағдар беріп қана қойған жок, 1970-1980 жылдарда және тәуелсіздік алған жылдары бірқатар жас өлеңтандышы ғалымдардың ұстазы, тәлімгері болды. Академик З. Қабдолов З. Ахметовты «ең терең ойлы әдебиеттанушы» және «сезімтал филолог» деп бағалаған.

Силлабика бағыты бойынша, әсіресе, А.М. Щербактың түркі поэзиясының просодикалық типологиясы туралы айтқан болжамдарының әдебиеттану ілімі үшін маңызы ерекше, ол И. В. Стеблеваның көне түркі өлеңдерінің ритмикалық негізі жөніндегі тұжырымдарын теріске шығарды. Ғалымның пайымдауынша «Қандай да бір өлең құрылымының – тоникалық, квантитативтік, силлабикалық немесе силлабо-тоникалық принциптері әдетте тарихи немесе тілдік жағдаяттарға байланысты айқындалады. Себебі, тарихи жағдайлар бірқатар түркі халықтарының поэзиясына квантитативтік өлең өлшемдерінің (аруз) енуіне ықпал етті. Екінші жағынан, таза тілдік факторлар – екпіннің шамасынша бірқалыпты болып келіп, сөздің соңына тұсуі, яғни екпіннің бір буыннан екінші буынға ауысып отырмайтындығы түркі халықтарында силлабикалық өлеңдердің дамуына қолайлы жағдай туғызды. Өлең құрылымының тоникалық жүйесіне келер болсақ, оны қолдану үшін көне түркі халықтарында тарихи да, тілдік те жағдайлар, яғни факторлар болған жок, сол себепті біздің «көне ұйғырдың халықтық өлеңдері қазіргі заманғы өлеңдері сияқты силлабикалық сипатта болды деп есептеуге құқымыз бар және олар изосиллабикалық жолдар принципімен жазылғандығымен және әрбір жолдың ішіндегі ритмикалық бөліктердің қайталанып келетіндігімен ерекшеленеді⁴⁸.

Экспериментальды-фонетикалық мектептің өкілдері (оның негізі Л. В. Щерба атындағы ЛМУ жанындағы лабораторияда қалыптасқан болатын), өздерінің зерттеу жұмыстарындағы мәліметтерге сүйене отырып, фольклорлық және жазба поэзияның өлең тіліндегі формальды бірліктердің қызметінің ерекшелік-

48 Щербак А. М. Енисейские рунические надписи // СТ. 1970. – Москва: Наука, 1970. – с.121.

терін негіздеуге тырысты. Олар фольклорлық тәжірибеде көп бунақтылық принципі көп жағдайда өлеңнің өмір сүру формасына қатысты болатындығын және халық өлеңдеріндегі аллитерация зандарына тәуелді екендігін дәлелдеген. Әдеби және жазба өлеңдерде бұл жағдай түбекейлі өзгереді, себебі, жазбаша өлеңдердің мәтіндерінде изосиллабизма және изохрондық принциптері кең қолданылады⁴⁹.

Генезистің силлабикалық теориясын жактаушылар мен көне түркі өлеңдерінің құрылымдық ерекшеліктері келесі курделі мәселелердің туындауына ықпал етті. Біріншіден, олардың ғылыми болжамдары мен ритмико-синтаксистік параллелизм теориясы арасындағы қайшылықтар, ал соңғы жылдары аллитерациялық өлеңдерге қатысты қарама-қайшы пікірлер орын ала бастады. Екіншіден, ритмикалық құрылымдық типтері әртүрлі гетеоморфты мәтіндердің кездесуі зерттеу міндеттері мен мәселені шешу жолдарын курделендіре түсті. Мысалы, ритмикалық құрылым қызметі тұрақсыз мәтіндер көне түркі өлеңдерінің силлабикалық сипатын жоққа шығарады, сондай-ақ араб-парсы өлең құрылымы белгілері байқалатын ашық және жабық буындар көзектесіп келетін мәтіндердің кездесетінін теріске шығарды. Көптеген фольклористтер XIX – XX ғасырлардағы халық ауыз әдебиетіндегі шығармаларға сүйенди де, VII – XIII ғасырларда пайды болған көптеген мәтіндер зерттеу аясынан тыс қалып қойды.

Түркі өлеңтануындағы төртінші бағыт көне түркі өлең құрылышы жүйесіндегі аллитерациялық қайталамалардың қызметін **жан-жақты ашуға тырысты**. Соның нәтижесінде көне түркі өлең-жырларындағы аллитерация құбылысы тек инструменттік фактор ретінде қызмет атқарып қана қоймайтындығы және өлең құраушы композициялық өлшем ретінде ғана емес, өз бетінше өлең жүйесін құрайтын қызметі бар екендігі айқындалды.

Түркі өлеңдеріндегі аллитерация құбылысын алғаш болып байқаған поляк ғалымы Т. Ковальский мен танымал түрколог ғалым В. В. Радлов болды. Олар аллитерацияның өзіндік

49 Герасимович М.М. Монгольское стихосложение. – Ленинград, 1975. – с. 72.

ерекшелігін ашып көрсетті және оны өлеңнің дыбыстық құрамы ретінде қарастырды.

Олардың ізін жалғастыруши алтай тілдерінің маманы, атақты неміс ғалымы Г. Дерфер⁵⁰ аталмыш мәселені әрі қарай зерттеді. Ол түркі өлеңдеріндегі аллитерация өзге тілдік поэтикалық құбылыс ретінде қызмет атқарады, ол түркі халықтарының поэзиясына монғол басқыншылығы кезінде енү мүмкін деген болжам айтты. Бірақ академик В. М. Жирмунский⁵¹ мен зерттеуші ғалым А. А. Леонтьев⁵² оның түркі поэзиясында аллитерацияның пайда болуы туралы пікірін сынға алды. Пікірталас кезінде олардың өздері де бірқатар бұлыңғыр тұжырымдар айтты:

Біріншіден, көшпелі халықтар поэзиясында аллитерация құбылысы монғол шапқыншылығының әсерінен пайда болғандығы таң қаларлық жайт, бірақ бұл шындық. Бірақ тіпті бұл поэтикалық тәсіл ретінде монғол өлеңдері үшін де тосын құбылыс. Монғол поэзиясының өзіне ол сол түркілер арқылы енген, яғни ұзақ жылдар бойы үнді-будда мәдениетінің ықпалында болған Идикут ұйғыр мемлекетінің ықпалымен келген. Сондықтан, В. М. Жирмунский мен А. Леонтьевтің сынни пікірлеріне қарамастан, негізінен Г. Дерфердің аллитерацияның генезисі туралы пікірі қате болса да, аллитерацияның әрі қарай кең өріс алуына монғолдардың тигізген ықпалын жоққа шығаруға болмайды.

Екіншіден, егер аллитерация И. В. Стеблева айтқандай Орхон-Енисей жазбаларында кездескен десек және В. М Жирмунский Г. Дерфердің пікірін осыны негізге ала отырып теріске шығарған болса, онда, біздіңше, ол поэтикалық тәсіл ретінде қолданылмаған, тек мәтінде жалпы тілдік фактор ретінде ғана қосымша қызмет атқаратынын назарда ұстаймыз.

50 Жирмунский В.М. О тюркском народном стихе// Тюркский героический эпос. – Л., 1974. – с. 663.

51 Там же, с. 663.

52 Леонтьев А.А. К современному состоянию вопроса об аллитерации в тюркской народной поэзии (комментарий к статье Е.Д.Поливанова «О приеме аллитерации..») // Проблемы восточного стихосложения. – Москва: Наука, 1973. – с. 107.

Ғалым А. М. Щербак та түркі поэзиясындағы аллитерация құбылысына назар аударған. Ол түркі поэзиясындағы аллитерация құбылысына функционалдық түрғыдан жан-жақты сипаттама береді және оның ішкі құрылымдық қасиеттерін көрсететін келесі типтері мен ерекшеліктерін жіктеп көрсетеді: а) сөздік аллитерация, онда белгілі бір сөздер жеке ритмоблоктық топ құрап, өлең жолдарында симметриялық түрде қайталанады; б) «этимологиялық фигурандардың» қайталануы (М. Жирмунский енгізген термин), яғни түбірлес сөздердің немесе олардан туындаған анафоралық негіз сөздердің бастанқы бөлігінде кездесетін аллитерациялар; в) бастанқы дыбыстық қайталамалар, олар аллитерация кезінде строфикалық композициядағы жекелеген дыбыстар болып табылады. А. М. Щербактың бұл классификациясын көптеген түркі поэзиясын зерттеуші ғалымдар айтарлықтай өзгерістер енгізбестен басшылыққа алады. Сонымен қатар, біздіңше, ғалымдар «алғашқы аллитерациялар мен рифмалар екеуі тен дәрежеде түркі өлеңдеріне тән» деген қате көзқарастар айтқан⁵³. Мәселеге бұл түрғыдан қарau өлеңнің құрылымдық өлшемдері мен аллитерациялық сипаты арасындағы айырмашылықтарды жоққа шығарады, сол арқылы бір өлең жүйесінен екінші жүйеге ауысу фактісін жоққа шығарады.

Е. Д. Поливановтың түркі өлеңдеріндегі аллитерацияның генезисі мен фонологиясы мәселелеріне арналған зерттеу жұмыстары аллитерациялық өлеңдер теориясын дамытуға үлес қосты⁵⁴. Ол тәмендегідей болжамдар жасады: а) аллитерация канондық поэтикалық құрал болып табылмайды; ол көне түркі тіліндегі фонологиялық консерватизм әсерінен пайда болды және дамыды; б) түркі поэзиясындағы аллитерация – бөгде құбылыс, ол монгол поэзиясы ықпалының жемісі; в) өлеңде аллитерацияның қолданылу реті ондағы екпінге байланысты бола-

53 Щербак А.М. Соотношение аллитерации и рифмы в тюркском стихосложении // НАА., 1961. №2. – с. 153.

54 Поливанов Е.Д. О приеме аллитерации в киргизской поэзии в связи с поэтической техникой и языковыми фактами других «алтайских народностей» // Проблемы восточного стихосложения. – Москва: Наука, 1973. – с. 100.

ды. Ғалым көне түркі өлеңдері лингвистикалық түрғыдан қос полюсті акцентуация зандалықтарына бағынатындығына көз жеткізді және оның себебі синтаксистік позицияның әсерінен екпіннің жылжымалы болуы немесе соңғы буыннан алғашқы буынга ауысында және түбір сөзге ерекше семантикалық салмақ түсетеңдігінде⁵⁵. Зерттеушілер аллитерацияның анафоралық екпінмен үнемі тығыз байланыста болатындығын негізге алады. Бірақ В. М. Жирмунский мен А. А. Леонтьев бұл тұжырыммен келіспейді. Олардың пікірінше, түркі өлеңдеріне монғолдық әсер болды деген болжам шындыққа онша жанаспайды, себебі «мәдени және тілдік элементтер керісінше, түркі тілінен монғолға ауысқан»⁵⁶. Екіншіден, ғалымдардың болжамы бойынша аллитерацияның кеңінен өріс алуы прото-туркілік екпінге ғана байланысты емес, ең әуелі, қосөлшемдік өлең құрылышын тудыратын⁵⁷ ритмико-синтаксистік параллелизмге байланысты болмақ⁵⁸.

Түркі өлеңдеріндегі аллитерация стилінің өріс алуы жоғарыда аталған құбылыстарға ғана байланысты емес, сонымен қатар, өз алдына жеке өлең жүйесінің қалыптасуында маңызды рөл атқарған, көне үнді әдебиетінің поэтикалық тәжірибесін енгізген тарихи жағдайларға да байланысты екенін атап өткен жөн.

Отандық және шетелдік түрколог ғалымдар, атап айттар болсақ, А. Бомбачи⁵⁹, А. фон Габен⁶⁰ және М. Рясинен⁶¹ көне түркі өлеңдерінің өзіндік сипаты мен табиғатын аллитерациялық дыбыс үйлесімділігіне байланысты түсіндіреді. Сонымен қатар олар аллитерация құбылышын рифма түрғысынан неғұрлым көне поэтикалық әдіске жатқызады, бірақ оның көне түркі тіліндегі про-

55 Там же, с. 102.

56 Герасимович М. М. Монгольское стихосложение. – Ленинград, 1975. – с. 109.

57 Жирмунский В. М. О тюркском народном стихе// Тюркский героический эпос. – Ленинград, 1974. – с. 666.

58 Там же, с. 665.

59 Зарубежная тюркология. Вып.1. Древнетюркские языки и литература. – Москва: Наука, 1986. – с. 198.

60 Там же, с. 325.

61 Материалы по исторической фонетики тюркских языков. – Москва: Наука, 1955. – с. 37-39.

содия күбылысының ерекшелігіне ғана емес, сондай-ақ екпіннің сипатына байланысты пайда болғандығын деп атап өткен. Фалымдар көне дәүірлердегі Шығыс Түркістан ұйғырларының поэтикалық мәтіндерінің негізінде жолдар аралық және тізбектік аллитерациялық қайталамалардың ерекшеліктерін айқындаған. Өкінішке орай, А. Бомбачи, А. фон Габен, М. Рясиненнің еңбектерінде бұл мәселеге аз орын берілген, олар мақсаты басқа болғандықтан жан-жақты зерттеулер жүргізген жоқ.

Аллитерациялық өлеңнің генезисін арнайы зерттеген – түрік ғалымы Шинас Текин^{62, 63}. Зерттеушінің пікірінше өлең құрылышының аллитерациялық жүйесі қарапайым параллелизмдер дамуының нәтижесінде қалыптасқан. Әдетте, мұндай параллелизм түрлері фольклорлық өлеңдерде кездеседі. Шинас Текин көне түркі өлеңдеріндегі аллитерация күбылысының дамуын бірнеше кезеңдерге бөліп қарастырады. Көне түркілік аллитерацияның ең көне түрі сөздердің тавтологиялық қайталануы болып табылады, олар көне афоризмдерде кездеседі. Түрлі өлшемдегі мәтіндерді атап айттар болсақ, «Ирг битиг», «Кодекс комманникус» сынды мәтіндерді, салыстырмалы турде зерттей келеғалым ритмико-сintаксистік параллелизм зандары көне түркі поэзиясында аллитерация құбылысының пайда болуына әсер етті деген пікірді ұстанады. Ол түрік ғалымы А. Тиетзенің әдіснамалық нұсқауларын дамыта отырып, көне түркі поэзиясында аллитерацияның өлең жүйесі ретінде қалыптасуына халықтық өлең формаларының ықпалы болғандығын айтады⁶⁴. Өкінішке орай, Шинас Текин көне ұйғыр халқының аллитерациялық өлеңдерінің сыртқы белгілеріне ғана назар аударып, ішкі құрылышының күрделілігін ескермеді. Біздіңше, бұл поэтикалық феноменді басқа халықтардың поэзиясындағы аллитерациялық ерекшеліктермен жан-жақты салыстырғанда, көне түркі поэзиясындағы аллитерациялық өлең жүйесіне нақтылы анықтама беруге болар еді. Аллитерацияны таза түркі халықтарына тән құ-

62 Tekin Sh. Maytrisimit (Uygurca metinler). – Ankara, 1976. – 420 b.

63 Tekin Sh. Islamiyet Oncesi Turk edebieti/ Turk dunyasi el kitabı. Ucinci Cilt.2 baski. –Ankara, 1992.

64 Tietze A. The Koman Riddles and Turkis folklor. – California, 1964.XIV.

былыс деп қарайтын ғалым, басқа да зерттеуші ғалымдар сияқты, Г. Дюрфердің бұл құбылысты түркі тіліне монғол тілінен енген деген болжамын жоққа шығарады⁶⁵.

Бұл бағыттағы түркологтар аллитерацияны көне түркі поэзиясының дыбыстық құрылымының маңызды элементі ретінде басқаша қырынан қарады. Егер бұрын оны тек бір бүтін нәрсенің ішкі бөлшегін сипаттайтын дыбыстық қайталаамалар ретінде, яғни «фонетикалық өзгерулер» (Ф. де Сосюр қалыптастырыған термин) ретінде қарастырса, түркі поэзиясының дамуының нәтижесінде ғалымдардың аллитерацияға деген көзқарастары өзгере бастады. Осы жағдай аллитерацияға байланысты айтылған көптеген ой-тұжырымдарды басқаша қарастыруды қажет етеді. Фонетикалық аллитерация мен ритмикалық құрал түріндегі аллитерациялардың ара жігін ажыратса отырып, түрколог ғалымдар аллитерацияны біртұтас өлең жүйесі түрғысынан қарауды жөн көреді. Міне, түркі өлеңтануында теориялық маңызы зор осындағы мәселелер И. В. Стеблева, В. М. Жирмунский, М. Унгвицкая, Г. М. Васильев, Н. Н. Тобуроков, Х. А. Короглы, И. Альтман, А. Е. Мартынцев т.б. сынды атақты ғалымдардың қызығушылығын тудырған.

Түркі өлеңтану ғылымының қорын құрайтын көптеген теориялық енбектер мен мақалалардың ішінде И. В. Стеблеваның енбекін ерекше атап өткен жөн. Ол көне түркі халықтарының аллитерациялық жырларының тонико- temporальдық ритмикалық табиғатын жүйелі түрде қарастырған. И. В. Стеблева түркі жырларына ғылыми талдау жасай отырып, түркі өлеңдерінде аллитерация құбылысының өріс алуына тонико- temporальдық принциптің ықпал еткендігін дәлелдейді. Руна жазбаларының мәтіндерін зерттеп, зерделеудің нәтижесінде ғалым төмендегідей тұжырымдар жасаған:

а) көне түркі өлеңдеріндегі аллитерациялық жүйе олардағы «үш буынды үйқасқа» негізеледі⁶⁶;

65 История всемирной литературы. В 9 т. – Москва: Наука, 1983-1985. Т.1-3. – с. 55.

66 Стеблева И. В. Происхождение и развитие тюркской аллитерационной системы в связи с историческим родством тюркских и монгольских языков //СТ.1971. № 6. – с. 34.

б) аллитерациялық жүйенің генезисі түркі тілінің агглютина-
тивтік құрылымына байланысты анықталады⁶⁷;

в) көне түркі жырларындағы үш буынды шумақтың екпіні
(икт) аллитерация арқылы күшейеді, өлеңнің басында ритмика-
лық қызмет атқарады;

г) аллитерацияның үйқастық қызметі рифманың қызметіне
ұқсас келеді; бұл аллитерацияны тек өлең құрылымы түрғысынан
ғана емес, өлең өлшемі түрғысынан да қарастыру, атап айт-
сақ оның шумақтағы орны түрғысынан қарau қажет екендігін
көрсетеді.

д) аллитерациялық жүйеден рифмалық жүйеге өту көне түркі
өлеңдеріне тән сипат, бұл «көне түркі әдебиеті тарихында жаңа
дәуірдің басталуына байланысты бүкіл «әдеби-эстетикалық ке-
шеннің өзгеруінің» әсерінен орын алып отырған құбылыс»⁶⁸.

Соған сәйкес, зерттеушілердің пікірінше бір жүйеден екінші
жүйеге ауысу араб-парсы поэтикасының әсерінен болған құ-
былыс⁶⁹. Аллитерациялық өлең жүйесі теорясын И. В. Стеб-
лева ұсынған тонико- temporальдық көзқарасы түрғысынан
қалыптастыру лингвистикалық құбылыстар мен факторлар-
ды еркін қолданғандықтан, ғалымдар тарапынан қолдау тап-
пады. Оның тұжырымдарын В. М. Жирмунский қатаң сын-
ға алып, оның негіzsіздігін, шындыққа жана спайтындығын дә-
лелдеді⁷⁰. Дегенмен, біздіңше, «тонико- temporальдық» тұжы-
рымының әдіснамасының өзі қызығушылық тудырады. Ғалым-
ның Орхон-Енисей жазбаларын поэтикалық шығарма ретінде
қарастырған қате көзқарастарына қарамастан, оның ғылыми
зерттеулері көне түркі мәтіндерінің фонетикалық, лексика-
лық және синтаксистік сипаттарын ашуға ықпал етті, сол арқылы
әр түрлі шығармаларды салыстырмалы түрде зерттеуге жол
ашты. Белгілі бір дәрежеде ғалым еңбектерінің өзі басшылық-

67 Там же, с. 37.

68 Там же, с. 39.

69 Стеблева И. В. Поэтика древнетюркской литературы и ее трансформа-
ция в раннеклассический период. – Москва: Наука, 1976. – с. 104.

70 Жирмунский В.М. О тюркском народном стихе // Тюркский героичес-
кий эпос. – Л., 1974. – с. 171-174.

қа алған басқа ғалымдардың зерттеу жұмыстарымен байланысы барлығы байқалады. И. В. Стеблева музикалық теорияның жақтаушысы ретінде музика занұлықтарын өлең талдау барысында қолдануды әдіснамалық түрғыдан дұрыс деп түсінеді. Өлеңтану ғылымиңдағы музикалық теорияның тарихы тереңде жатқандығы белгілі. Орыс ориенталистикасында бұл теория Ф. Е. Корштың тұжырымдарымен байланысты, В. М. Жирмунский Корштың өз зерттеулерінде Р. Вестфалдің еңбектеріне сүйенгендігін,⁷¹ содан соң А. Хойслер мен С. Гюйярдың теориялық пікірлеріне жүгінгендігін орынды атап өткен⁷². Архаикалық өлең үйқастарындағы диподияларды өз кезегінде музикалық теорияны жақтаушылар, атап айттар болсақ, С. Гюйяр қалыптастырыған, көне түркі жырларына қатысты бұл идеяны қолдап, әрі қарай дамытқан Е.Д. Поливанов және В.М. Жирмунский аздап жалғастырыған, ал аталмыш теорияның толыққанды нұсқасын ұсынған сол И. В. Стеблева. Оның «бұрынғы кеzenдерде түркі поэзиясында аллитерациялық жүйенің қалыптасуы занды құбылыс, себебі ол – өлеңнің ритмикалық құрылышы, яғни өлең құру жүйесі болғандықтан қажет етеді»⁷³ деген тұжырымы өте орынды әрі оны салыстырмалы түрғыдан жанжақты қарастыру қажет. И. В. Стеблеваның еңбектеріне сүйене отырып түркі өлеңдерінің даму тарихындағы сапалық және сандық өзгерістерге жан-жақты статистикалық және салыстырмалы талдау жасау арқылы нақтылы және шынайы мәліметтер жинақтамайынша, көне түркілік жыр жүйесіндегі өлең тілінің өзіндік ерекшеліктері мен белгілерін айқындау, нақтылы нәтижелерге қол жеткізу мүмкін емес екендігін түсінеміз. Сөйтіп, И. В. Стеблеваның теориясы, автордың кейбір қате пікірлеріне қарамастан, көне түркі өлеңдерін зерттеу әдіснамасын және оның просодикалық, ыргақтық және дыбыстық құрылымын анықтауға жол ашатын маңызды еңбек болып табылады.

71 Там же, с. 672.

72 Фролов Д. В. Классический арабский стих. – Москва: Наука, 1991. – с. 11.

73 Стеблева И. В. Происхождение и развитие тюркской аллитерационной системы в связи с историческим родством тюркских и монгольских языков // СТ. 1971. № 6. – с. 83.

Алтай және Сібірдегі түркі текстес халықтардың поэзиясын зерттеуші ғалымдар аллитерациялық өлеңдердің теориялық негізін жасауға өзіндік үлес қосты. Олар «аталмыш аймақтағы халықтардың поэзиясына бөгде елдердің поэзиясы ықпал еткен жок, сондықтан олардың жырлары өзінің архаикалық сипатын сақтап қалды» – деген пікір айтады. Осы орайда, Г. М. Васильевтің якут жырлары жөніндегі еңбегін атап өтуге болады, онда автор поэзияда аллитерацияның түрліше қолданылу ретін қарастырады. Зерттеу барысында ғалым төмендегідей тұжырымдар жасайды:

а) аллитерацияны өлең мәтінінде композициялық тұртыдан жіктеу барысында оның өлең үйқастыруды маңызды рөл атқаратыны анықталған, сол себептен аллитерацияның функционалдық принципінің мазмұндық рөлі жоғары⁷⁴;

б) өлеңдегі аллитерация тілдің фономорфологиялық құрылымына байланысты: «якут тілінде барлық дыбыстар бірдей сөз басында келе бермейді»⁷⁵.

Г. М. Васильев атап көрсеткендей, кейбір дыбыстар аллитерацияның негізгі дыбыстық материалын құрай алады. Сонымен қатар, Г. М. Васильев силлабикалық аллитерация жүйесінде синкретизм байқалуы мүмкін деген пікір айтады. Ол аллитерацияның айқын көрінуі силлабикалық өлшемдердің қызметінен байланысты болады деп санайды, бірақ біздің ойымызша, діни мәтіндерде аллитерация басқа қызмет атқарады, ол силлабикалық жүйенің ритміне байланысты емес, сөздің қайталанып келуімен байланысты қызмет атқарады. Нәтижесінде, басқа зерттеушілермен салыстырғанда Г. М. Васильевтің пікірі өз маңыздылығын әлі күнге жойған жок. Сөйтіп, көптеген ғалымдардың көне түркі мәтіндерін талдау барысында аллитерация көне түркі жырларының эволюциялық дамуының нәтижесінде қарапайым дыбыстық қайталамалардан өз алдына жеке өлең жүйесі болып қалыптасты деген ортақ пікірді ұстанады.

Әсіресе, көне түркі жырлары мәселесіне арналған татар және өзбек тілдерін зерттеушілер Х. Усман және Б. Сарымсақовтың

74 Васильев Г.М. Якутское стихосложение. – Якутск, 1965. – с. 61.

75 Там же, с. 63.

еңбектерін ерекше атап өту қажет. Олар аталған теориялық бағыттарды қолдамайды, себебі олардың қалыптасуы туралы өзгеше көзқарастарын ұсынады.

Х. Усманов көне түркі өлеңдерінің дамуының ерекше нұсқасын ұсынды. Ол келесі тұжырымдарды қалыптастырды: эмоционалдық қайталамалар моделінен параллелизмге, ал одан бунақ моделіне және тармаққа жалғасады. Фалым И. В. Стеблеваның теориясын сынға ала отырып, өзі де қателікке бой алдырады. И. В. Стеблеваның «туріктер өздерінің өлең-жырлары мен мақал-мәтелдерінде метрикалық буындар жүйесін құрай білмеген..., өлеңдер мен мақал-мәтелдердің мұндай жүйесін тек XI ғасырда ислам және араб ритмикалық аruz жүйесінің ықпалымен қалыптасты»⁷⁶ деген ұстанымын ғалым мойындағандай, себебі «шын мәнінде түркілік жазба және ауыз әдебиетіндегі бұл жүйеге исламның да, аруздың да ешқандай қатысы болған жоқ. Бұны өте ерте дәуірлерде түркі халықтарының өздері қалыптастырган»⁷⁷. Көне түркі өлеңдеріне деген мұндай көзқарас араб-парсы поэтикалық нормаларынан ада көне түркі өлеңдері мен құрамындаrudimentter кездесетін фольклорлық өлеңдерін жаңаша ракурста қарауды қажет етеді.

И. В. Стеблеваның «қарапайым жыр жолдарынан аруздың арқасында классикалық деңгейге көтерілді» деген тұжырымдарын мақсатты түрде сынға алған ғалым көне түркі өлеңдерінің ритмикалық құрылымының «қос қайнар бұлағы» деген өзінің жеке просодикалық теориясын қалыптастырды. Зерттеушінің пайымдауынша, архаикалық өлең мәтіндерінің, бір жағынан бунақ құру, екіншіден – тармақ құру мүмкіндіктері тең. Түркі поэзиясында бұл екеуінің де дамуы тарихи жағдайлар мен тілдік ерекшеліктерге байланысты. Себебі «әрбір тілдің ғасырлар бойы қалыптасқан ішкі даму заңдылықтары бар», олар «тілді басқа тілдің ынғайына қарай қайта құрылымдан бейімдеуге және оның жүйесін бұзуға жол бермейді»⁷⁸. Біздінше, оның «эмocioналдық қайталамалар моделі – параллелизм = бунақ

76 Усманов Х. У. Древние истоки тюркского стиха. – Казань, 1984. – с. 11.

77 Там же, с. 11.

78 Там же, с. 17.

және тармақ» екеуі тең дәрежеде жүреді. Бұл пікірде «тариҳи жағдайлар ескерілмеген», біз жоғарыда атап өткеніміздей тариҳи оқиғалардың өлең жүйесі құрылымының қалыптасуына тигіззер әсері тілдік категориялардың әсерлерінен кем емес. Жазба өлендер сыртқы ықпалдарға тез беріледі, соған сәйкес өзгеріске де бейім болады. Соңдықтан, бұл түрғыда И. В. Стеблеваның түркі тілінің ерекшелігіне байланысты қолдануға ыңғайсыз болғандағына қарамастан, түркі тіліндегі жазба өлендерге квантативтік тәжірибелер енгізілгендігі жөніндегі көзқарасы дұрыс деуге болады. Х. У. Усмановтың пікірінше, аллитерация құбылысы түркі поэзиясына бұрыннан тән құбылыс және поэтикалық тілде олардың бірнеше түрі кездеседі (алғашқы, үшбуынды, қосбуынды, синтаксистік, т.б.), сондай-ақ, олар тілдік жүйеде поэтикалық қызметке ие болған. Бұл моделдерді өлең құрылымында қолдану көптеген аллитерациялардың қалыптасуына мүмкіндік берді⁷⁹. Ол да А. Щербак сияқты аллитерация құбылысының көне түркі халықтарымен көршілес елдердің тілінің әсерінен пайда болуы мүмкін емес деп есептейді⁸⁰, ⁸¹. Аллитерация құбылысының пайда болуы эмоционалдық қайталамаларға байланысты, ол қайталамалар өлең мәтініндегі аллитерацияның күшеюіне ықпал етеді. Галымның пікірінше, эмоционалдық қайталамалар «өлеңнің бүкіл ритмикалық ырғағының бірден өзгеруіне» ықпал етеді. Бұл қызметті сақтап қалу үшін, оның алдынғысынан бөлек өзіндік аллитерациясы болуы тиіс»⁸². Атақты түрколог өзінің ғылыми талдауларын жүргізу барысында аллитерация құбылысының сипаты мен табиғатын және қандай да бір әдеби дәстүрлердің қалыптасуына куә болған аллитерациялардың поэтикалық стиль ретінде қолданылу қызметін қарастырган көптеген тілші және әдебиетші ғалымдардың еңбектерін еңсерді.

79 Там же, с. 47.

80 Щербак А.М. Енисейские рунические надписи // СТ. 1970. – Москва, Наука, 1970. с. 145-146.

81 Усманов Х.У. Древние истоки тюркского стиха. – Казань, 1984. – с. 46.

82 Там же, с. 47.

Озбек зерттеушісі Б. Сарымсақовтың еңбектері көне түркі поэтикалық тілінің сипаттарын айқындауға арналған. Ол В. М. Жирмунскийдің ритмико-синтаксистік параллелизм жөніндегі тұжырымдарын мойындаады және оны тым әмбебап, көне дәуірдегі Орхон-Енисей жазбалары мәтіндеріне келмейді деп санады. Автордың пайымдауышынша ритмико-синтаксистік параллелизмді тек поэтикалық тілге тән деп тек өлең құрылымына телуге болмайды, бұл принцип сонымен қатар прозада да қолданылады. Бұл ағымды жақтаушыларға қарсы шыға отырып, ғалым «психологиялық параллелизмдер өлең мен прозаның екеуіне де тән құбылыс ретінде өлең құрылымында басымдыққа ие болмайды» – деп жазды⁸³.

Б. Сарымсақов, кесенелердегі Орхон-Енисей жазбаларына талдау жасай отырып, оларды әдебиеттегі аралық (промежуточная) формаға жатқызады. Соған сәйкес, жазбалар ежелгі арабша мәтіндердің “сажъ” принципіне негізделген. Біздінше бұл термин руна жазбаларының онтологиялық сипатын аша алмайды, себебі олар Құрандағыдай ырғаққа және шумаққа негізделмелегендіктен садж формасына келмейді⁸⁴. Екінші жағынан, Орхон-Енисей жазбаларын «қара өлеңнің» аралық формасы ретінде қарауға болмайды, өйткені бұл кездері көне түркі халықтарының поэтикалық силлабикалық тілінің нақтылы үлгілері қалыптасқан болатын.

Сөйтіп, түркі поэзиясындағы өлеңдік жүйенің жоғарыда аталған категориялары түрлі просодикалық қызметтер атқарады: бір жағынан, біз олардан аталған жүйедегі барлық элементтердің өзара қарым-қатынасының ерекшеліктерін нақты байқаймыз, екінші жағынан, олар біртұтас поэтикалық жүйені құрайды, соның негізінде олардың түрлі құрылымдық типтерін салыстыруға мүмкіндік аламыз. Бұл өз кезегінде түркі поэзиясында кездесетін түрлі поэтикалық жүйелерді жіктелеп көрсетуге мүмкіндік береді. Поэтикалық жүйелердің құру тәсілдерін айқындау және салыстыру негізdemелері түрліше болғандықтан, өлең жүйелерінің типологиясының да әр түрлі болып келуі заңды құбылыс. Біз көне

83 Саримсаков Б. Узбек адабиетида сажъ. – Тошкент, 1978. – с. 20.

84 Стеблева И.В. Поэтика древнетюркской литературы и ее трансформация в раннеклассический период.- Москва: Наука,1976. – с. 67.

туркі поэзиясындағы өлең жүйелеріне талдау жасау барысында олардың тарихи-мәдени тәжірибелермен және дәстүрлердің өзгериімен тығыз байланысты болатындығына көз жеткіздік. Олардың әрқайсысының типологиялық ерекшеліктерін айқындау арқылы түркі поэзиясындағы сөз өнерінің жанрлық табиғатын айқындауға мүмкіндік аламыз. Бұған жоғарыда атап өткеніміздей руна жазбалары мен Махмұт Қашқаридің «Диуани луғат ит-туркі» фолькорлық мысалдарының мәні өте зор. Себебі, көне түркі өлеңдерін зерттеу барысында оны құрылымдық және жүйелік түрғыдан жіктеуге, өлең жүйесінің даму бағыттарын зерделеп көрсетеуге болатындығын М. Қашқаридың «Диуани луғат ит түрк» атты еңбегі жолбасшы болады.

Ғұлама ғалымның «Диуани луғат ит түрк» шығармасындағы өлеңдердің формалық құрылышы және олардың құрылым жүйесі әлем ғалымдарының назарын аударып келеді. Аталмыш шығарманың формалық құрылышына тән мәселелер біршама зерттеліп жатыр. Оларда «Диуани луғат ит түрктегі» өлең мәтіндері бір-бірінен ерекшеленетін төрт өлең жүйесін бар екені айтылып жүр. Бұл төмөндегіше:

Бірінші: силлабика /бармақ/ өлең жүйесі. Т. Ковальский, Ф. Корш, В. Жирмунский, А. Щербак, М. Хамраев, З. Ахметов секілді көптеген ғалымдар Махмұт Қашқаридің «Диуани луғат ит түрк» шығармасындағы өлеңдерді силлабикалық жүйенің жемісі деп пайыздайды.

Екінші: аруз өлең жүйесі. Бір топ ғалымдар және И. Стеблевая, А. Векилов, Х. Р. Курбатов «Диуани луғат ит түркті» салыстырып үйрену нәтижесінде ондағы өлеңдердің басым көпшілігі бармақ яғни силлабикалық жүйенің занылыштарына сәйкес келмейтінін айттып өткен. Сол себептен, «Диуани луғат ит түрктегі» кейбір өлең шумақтарында аруз өлең жүйесінің үзін-бәнірлері кездесетіні анықталған.

Үшінші: аллитерация өлең жүйесі. Соңғы жылдарда «Диуани луғат ит түркті» қайта үйрену барысында оның құрамындағы көптеген өлеңдер аллитерацияның құрылымға ие екені айтыла басталды. И. Стеблева, Ш. Текин, Л. Герасимович, Н. Тобуруков, Г. Васильев көзқарасын жақтаушы басқа да ғалымдар

шығармадағы өлеңдердің біркелкі дыбыс қайталауына негізделетінін айтып өткен.

Төртінші, екпін-темпорал өлең жүйесі. Аталмыш жүйені жобалаушы тек қана орыс ғалымы И. Стеблева болды. Сонымен бірге оның шәкірттері тұжырымдарын қолдай отырып, аталмыш жүйенің біркелкі заңдылыққа ие болуына мүмкіншілік тудырды. Фалымның пікірі бойынша, «Диуани лұғат ит түрктегі» бір топ өлеңдер ескі тәсілдік характерге ие. Сол үшін олардың өлең күрылымы және формалық ерекшелігі де басқаша деп таныды. Өлең тармақтарында екпіндер біркелкі мөлшерде, яғни бірдей қойылғандығы баса айтылып, оларды ерекше бір әрекет пен мәнерлі окуға мүмкіндігін дәлелдеуге тырысады.

Бұл бағыттағы көзқарастар, ұсынылған теориялық тұжырымдар және өлеңтануға тән концепциялдық анықтамалар көптеген қарама-қайшылықтардың пайда болуына себін тигізді. Бірінші, негізгі себеп – түркітанудағы европоцентризмге сүйену. Әсіресе, орыс ғалымы И. Стеблеваның мақалалары көптеген қайшылықты пікірлерді, талас тудыратын тұжырымдарды тудырды. Казіргі кезде көптеген түркі тілдес халықтар, соңдай-ақ Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін қолға алған күннен бастап, жаңа ғылыми-теориялық және ғылыми методологиялық тәсілде интерпретация жасау дәүірі басталды. Бұл түркі әдебиеттануындағы бір қатар мәселелерді басқаша талдауға жол ашып береді. Соңдай мәселелердің бірі – М. Қашқаридың «Диуани лұғат ит түрк» шығармасындағы өлең жүйесі.

Анығырақ айтқанда, «Диуани лұғат ит түрктегі» өлеңдердің формалық күрылымы және олардың жүйесі әркелкі екенін айтып өтуге болады. Өлеңтанудағы қорытындыларға сүйенсек, «Диуани лұғат ит түрктегі» барлық өлеңдер тек силлабикалық өлең жүйесінің жемісі емес екені таң қаларлық жайт. Бірақ кейбір өлеңдердің ырғағы, өлшемі қате түсіндіріліп, біздің өлең жүйесіне тән түсініктерімізді өзгертіп жіберген жерлери бар. Мысалы, төмөндегі шумақты қарастырып көрейік:

$$\begin{aligned} \text{Тұнлә бирлә / көчәлим } & 4+3 = 7 \\ \text{Йамар сувин / кәчәлим. } & 4+3 = 7 \end{aligned}$$

Тәңрүк сувин / ичәлим, 4+3 = 7

Йувға йағи / увулсун. 4+3 = 7

Түркі халықтары поэзиясында бұл түрдегі өлеңдер фольклордың жемісі ретінде қарастырылып, біркелкі жалпыламалыққа ие болғаны жасырын емес. Әсіресе, көптеген зерттеушілер тарапынан олардың жанрлық ерекшелігі есепке алынып, силлабика /тармақ/ өлшемінде жазылған жыр екендігі айтылып өтілген. Бірақ И. Стеблеваның пікірінше, аталмыш өлең құрылысы жағынан алып қарағанда силлабикадан басқа және екі өлең жүйесінің әсеріне ұшыраған. Бірақ бұл өлең жүйелері бір-бірінен ерекшеленеді және олардың дәстүрлену процесі де өзгерек, формалық тарихы да бай.

Біріншісі, ғалымның пікірінше, аталмыш мәтін ыргагы араз өлеңтануына байланысты, яғни рәджкази мураббаи мураллә бәһрі, оның мустафилун фаулун руқніне тұра келеді.

Мысалы:

Тұнлә бирлә / көчәлим
Йамар сувин / көчәлим.
Тәңрүк сувин / ичәлим,
Йувға йағи / увулсун.

— — V — / V — —
— — V — / V — —
— — V — / V — —
— — V — / V — —

Енді екінші, осы көркем мәтін аллитерациян поэзиясының жемісі ретінде қарастырылады. Зерттеуші И. Стеблева жоғарыда келтірілген өлең шумағының ыргағы бас әріптердің және ішкі дыбыстардың қайталану және дыбыстық үйқастығы негізіне құрылғандығын дәлелдеуге тырысады.

Т ұнлә бирлә көчәлим
Й амар с ув ин көчәлим.

Т әнрук с ув ин ичәлим,
Й /ув/ ға й ағи ув улсун.

Аталмыш жырдың ыргағы Т-Й-Т-Й, УВ, Н-М-Л-Н дыбыстарының қайталауы және олардың үйлесімдігі әсерінен күштейген деп түсіндірледі.

Біз бұл әр екі теориялық жанасуға қосыла алмаймыз. Біріншіден, бұл түрдегі методологиялық талдау арқылы бір шығармадан көп өлең жүйесінің «ұлгісін» табу поэзия дәстүріне қайшы келеді. Екіншіден, бұл принциппен жүретін болсақ, басқа халықтардың поэзиясынан да бұл түрдегі ерекшеліктерді табуға болады. Мысалы, ол арқылы орыс силлаботоник поэзиясында аruz жүйесіне тән бәһір-әлшемдерді табуға болады. Шынында да, ежелгі түрік халықтарының ауыз әдебиетінде аruz жүйесі негізінде жазылған өлең тармақтары жоқтың қасы. Себебі, аruz бәһірлеріне және оның көптеген рукиндерін ауыз әдебиетінде өлеңдермен салыстырылғанда есте ұстау қыын. Сонымен қатар аruz өлең жүйесі⁸⁵ жазба әдебиеттің жемісі екенін естен шығармауымыз қажет. Түрік яғни ұйғыр классик поэзиясында арудың көптеген бәһірлері жоқ екенін айттып откеніміз жөн. Себебі араб-парсы тілінің лингвистикалық, фонетикалық, грамматикалық құрамына негізделген аruz өлең жүйесі түркі тіліне, әсіресе, оның флексивтік зандалиқтарына сәйкес келе бермейді. Сол үшін түркі тілдес халықтарының поэзиясында арудың тек қана женіл ыргақтық рукиндері ғана пайдаланылған.

Шініншіден, аталмыш талдау жасалынып жатқан өлең аллитацион жүйенің де жемісі емес. Онда дыбыстар қайталаулары және олардың дыбыстық үйқастығы табиғи және зандалиққа бағынбайды. Ежелгі будда маңайында пайда болған ұйғыр жазба поэзиясында байқалған аллитациондық өлең формасына қарап, «Диуани лугат ит түркегі» көптеген өлеңдерді аллитациондық құрылыммен жазылған деп айтуда болмайды. Аллитациондық өлеңдердің ең маңызды қасиеті – біркелкі басталу зандалиғына негіз-

85 Фролов Д. В. Классический арабский стих. – Москва: Наука, 1991. с. 8-13.

делгені мәлім⁸⁶. Бірақ М. Қашқаридың «Диуани луғат ит түркіндегі» өзге өлеңдердің формалық құрылышында аллитерациондық тәртіп-тердің орын алғандығын жоққа шығаруға болмайды. Мысалы:

Қа криб атиғ / қемсалим,
Қа лқан сунун / чөмчәлим.
Қа йнаб йәнә / йұмсәлим,
Қа тғи йаги / йувулсун

Бұл өлең шумағы бас тармақтық екпінге байланысты. В. Жирмунский мұндай құбылысты (жағдайды) «этимологиялық фигура» деп атаған⁸⁷. Бұл түрдегі форма Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасында да кездеседі.

Кө зүң кө рмәсә арзу қа лмас кө нұл,
Кө зүң кө рсә кө ңлұң қа лур әй оғул.
Кө зүңни кү дәзгил кө нұл қа лмағай,
Кө нұл қа лмаса өз булун болмағай.

Бұл өлеңде кө, қа дыбыс үндестігі бар, олар да занды түрде ырғақтық жағдайда пайдаланылған. Сонымен, аллитерациян жүйенің белгілі дәрежеде әсері болуы ықтимал. Бірақ «Диуани луғат ит түрк» өлеңдерінде аruz бен аллитерациян жүйесінің әсері күшті емес. Соған қарағанда біз Махмұт Қашқари өмір сүрген дәүірде аруздың дәстүрлері⁸⁸ әлі терен тамыр жаймағанын байқаймыз. Аллитерациян өлең жүйесінің әсері уақыт өткен сайын әлсіреп бара жатқанынан дерек береді. Сол себепті өлең мәтіндерінде ол айтартықтай қолданбаған.

Жалпы алғанда, М. Қашқаридың «Диуани луғат ит түрктегі» өлеңдердің құрылышында және олардың ырғақтық үндестік жүйесінде аллитериациондық принципке негізделген өлеңдердің бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Бірақ олар өте аз. Көптеген

86 Тиливалди А. Древнетюркский книжный стих. – Алматы, 2002. – с. 127.

87 Жирмунский В.М. О тюркском народном стихе // Тюркский героический эпос. – Ленинград, 1974. – с. 660.

88 Бабур Захир Ад-дин Мухаммад. Трактат об арузе. – Ташкент, 1972. – с. 30-31.

өлеңдер тармақ жүйесінің заңдылықтары негізінде жазылған. Енді Махмұт Қашқаридың шығармасындағы аллитерациондық шумақтарда көне үйғыр будда поэзиясының әсері болуы да мүмкін. Мысалы, будда ақыны Ки-Кидің шығармасын қаастырып көрейік:

Бу әрдинилиг идигләр
Бу лут тәг тозуда йатили
Бу лун йинақта тап ийин,
Бу рқанлар инин инлейи

Көне үйғыр будда поэзиясында үйқастың қызметі аллитерациондық қайталаулардан артық емес. Ол кейде сезілмей де қалады. Немесе аллитерациялық дыбыстардың өлең тармақтарында біркелкі қайталануымен бірге олардың ырғағының, күшео арқылы үйқасқан сөздердің үндестігін жеткеліксіз. Мысалы:

Тұ нериг т ұнчилә басар т ийур,
Тұ нұмлуг т егир т ийур.
Тө з өзе олуруп т ұлтурур т ийур.
Тә нмиш ұзұтләр т ашиқар т ийур.

Келтірілген шумақтағы Тұ- тө-ти тә-та бұындарының он екі рет көлденен қайталануы арқылы үйқасқан сөздердің («басартегір» және «тұлтүрр-ташиқар») декламациялық қызметі төмendet кеткен. Бұл жерде тіпті тармақтардың соңында қайталанып жатқан «тийүр» сөзі де өлең жолдарының басындағы сөздерге үйлесіп келген. Аruz өлең жүйесінің теориясы бойынша, бұл сөз – «рәдип» қызметін атқаруы қажет болатын⁸⁹. Бірақ «рәдип», біріншіден, аruz поэзиясының қажетті поэтикалық элементі. Екіншіден, аллитерациондық өлең жүйесінде кейбір сөздер рәдип сияқты қайталану қасиетіне ие болса да, олардағы тұрақты қайталану принципі аruz өлең жүйесі секілді дәстүрлік принципінде қалыптаспаған.

Жалпы алғанда, үйғыр поэзиясында аллитерацияның түп негізі (генезисі) және оның стильдік көркем тәсілге айналуы тікелей санскрит әдебиетінің дәстүрінен бастау алады. Ежелгі Ин-

89 Хамраев М. К. Основы тюркского стихосложения. – Алма-Ата, 1963. – с. 264.

дия ғұламалары Дандин⁹⁰ және Раджашекхара⁹¹ санскрит поэзиясына тән трактаттарды жазып, аллитерацияның классификациясын ұсынған. Аллитерацияның санскритша аталуы – анупраса. Енді орыс әдебиеттанушы ғалымдары В. В. Иванов⁹² және В. Брагинский⁹³, ұлы француз тілтанушы ғалымы Ф. Де Сосюрдің⁹⁴ теориясына негізделіп, көптеген үнді-еуропалық халықтардың⁹⁵ поэзиясы анаграмма /анупраса/ тәсілі және біркелкі стильдік принциппен жазылғандығын айтып өткен. Біз ежелгі үйғырлардың ұзақ уақыт будда дініне сыйынуын, санскрит тілінен көтеген шығармалардың үйғыр және басқа тілдерге аударылуын және мәдени байланыстардың күшешеюін ескере отырып, ежелгі үйғыр жазба поэзиясының аллитерациондық ерекшеліктерін жан-жақты түсіндіріп беруге ұмтылдық. Сонымен, аллитерация өлең жүйесінің шығу тарихы мен дамуы тіл және көркемдік пен мәдени дәстүрлерге келіп тіреледі.

Қорытындылай келгенде, орта ғасыр түркі әлемінің ғұлама ғалымы Махмұт Қашқаридың «Диуани луғат ит түрк» атты шығармасындағы мәтіндердің барлығын өлең жүйесі жағынан терең үйрену және оларды классификациялау маңызды мәселе-лердің бірі. Типологиялық феномендердің қалыптасу және поэтик құбылыстардың ауысуы қоғамның даму дәрежесіне және ағымдық парадигмада ішкі және сыртқы қарама-қайшылықтардың пайда болуына байланысты орын алғандығын айту қажет. Сол себептен түрк халықтар поэзисында жоғарғыдай структуралық, стильдік және формальдік көріністерді байқаймыз.

90 Дандин. Зеркало поэзии //«Кавъдарша»//Восточная поэтика (тексты, исследования, комментарии). – Москва: Наука, 1996. – с. 286.

91 Раджашекхара. Рассуждение о поэзии. («Кавъямиманса») Восточная поэтика (тексты, исследования, комментарии). – Москва: Наука, 1996. – с. 286.

92 Иванов В.В. Эстетическое наследие древней и средневековой Индии //Литература и культура древней и средневековой Индии. –Москва: Наука, 1979. – с. 275.

93 Брагинский В. И. Эволюция малайского классического стиха. – Москва, 1975.

94 Соссюр Ф. Де. Труды по языкоznанию. – Москва: Наука, 1977. – с. 406.

95 Гаспаров М.Л. Очерк истории европейского стиха. – Москва: Наука, 1989. – с. 44.

ЕСКІ ҚЫПШАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҒАШЫҚТЫҚ САРЫНДАР

Көне қыпشاқ әдебиетінің типологиясы жөнінде сөз болғанда, ең алдымен, «Қисса-и Йусуф», «Хұсрау-Шырын», «Мұхаббатнаме», «Гүлістан би-т турки», «Қисса-и әнбийа» (Рабғузи қиссалары) т.б. жазба әдеби мұралар ойға оралады. Аталған шығармалар – орта ғасыр әдебиетінде басты әдеби тәсіл ретінде саналатын нәзира жемістері. Нәзириашылдық тәсілде туған шығармалардың табиғаты фольклорға ұқсас – бірнеше нұсқалы болып келеді. Негізгі айырмашылығы алдыңғыларының жеке авторлары болуында. Расында, осы текстес әдеби мұралардың мазмұнында типологиялық ұқсастық мол ұшырайды. Бұрынғы өткен тақырыптарды қайта жаңғырту, тұрақты сюжет, мотивтерді пайдалану арқылы мұндай шығармалар ескі классикалық әдебиетпен қатар фольклорлық үлгілерге де жақындей түсken.

Мысалы, орта ғасырлық түркілік дастандар көп жағдайда ілкідегі парсы тілінде туған әдеби жәдігерлерді нәзириалағанымен, бұларда көне түркілік эпос сарындары кең қолданыс тапқанын көреміз. Бұған түркі нәзириашылдығының бастауында туған оғыз-қыпшақ шайыры Құл Фалидің 1233 жылы жазылған «Қисса-и Йусуф» дастаны дәлел.

Кейінгі татар халқында «Йосиф китабы», қазақ арасында «Жүсіп-Зылиха» деген атаумен тараған бұл шығармада діни сарындардың молдығымен бірге түркі фользоры мен жазба парсы әдебиеті әсерінің күштілігін аңғару қын емес. Жалпы, шығыстанушылар Құл Фали дастанының түп негізін парсы классигі Әбілқасым Фирдаусидің «Йусуф – Зулейха» атты шығармасынан алғандығын жазды. Ал М. Т. Хоутсма онда Таਬаридің «Тәфсири» мен парсы тіліндегі «Қисас-ул әнбийаның» сюжеттік іздері байқалатынын айтқан. Десе де, татар зерттеушісі Н. Хисамов Құл Фали шығармасына XI ғасырда әмір сүрген гераттық шейх Абдуллаһ Ансаридің «Анис әл-муридін уа шамс әл-маджалис» атты прозалық туындысы да үлгі болуы мүмкіндігін алға тартады.

Құл Фали туындысындағы Жүсіп пайғамбар бейнесі ислам дәстүрі мен Інжіл, Құран хикаяларына негізделіп сомдалға-

нымен мұнда бас кейіпкердің түркі эпосына бейім қаһарман екендігі бірден көзге шалынады. Әрине, Жүсіптің пайғамбарлық белгілері, Алладан аян берілуі, жүзінің асқан сұлулығы мен ақылдылығы, турашылдығы мен сабырлығы – оның туа бітті қасиеттері. Оны түркі эпосымен туыстыратын басты белгісі – батырлық. Рас, Жүсіп Табари «Тәфсірінде» де, Фирдоуси дастанында да ерекше ерлік көрсетеді. Ал «Қисса-и-Жүсіпте» бас кейіпкердің тылсым күшке ие екендігін көреміз. Мысалы, Жүсіптің қолға түсіру үшін керуенде құтан Құдыс begi бас қаһарманың бір қарағанынан-ақ он екі мың әскерімен бірге үш күндік үйқыға кетеді. Дүrbектің «Жүсіп-Зылиха» дастанында ол ешкім көтере алмаған ауыр тасты аяғының ұшымен тұртіп, көкке ұшырып жібереді. Осыдан қыпшақ версияларының түркі фольклорына көбірек ден қойғандығы айқын сезіледі. Дастандағы Жақып пайғамбар образында да көне түркі эпосының әсері мол. Жақыптың дана, абыз ақсақал ретінде көрінуі, балаларына ақыл-өсиет айтуды, қызын сәттердегі ұстамды міnezі, т.б. қасиеттерінен осыны байқаймыз. Сонымен бірге Жақып пайғамбардың дүниеден өтер сәтін баяндайтын көріністе Корқыт ата туралы аңыздарға үқсас эпизодтар орын алған. «Қисса-и Жүсіпте» Жақып туған жеріне қайтып оралғанда қабір қазушы періштелерге ұшырасады және көрдің ішін қараймын деп кіреді де сол жерде жан тапсырады. Осы көрініске назар аударған татар ғалымы Н. Хисамов: «Бұ – дәдә Коркытның үлемнен қачып йөргенде дөньяның дүрт тарағында да үзенә кабер казучыларға юлыгуы хакындағы легендаларны хәтерләтә» – деген пайымдау жасайды¹.

Зерттеуші дастандағы түркі этнографиясына тән шағын көріністерге де көңіл аударады. Мысалы, Зылиханың Жүсіптің шашын тұлымдап өруі Құл Фалиға дейінгі осы аттас дастандарда кездеспейді. «Өйткені, нәсілдік белгісін танытарлық, ерлердің тұлым қою дәстүрі түркілерге хас көрініс»².

Жүсіп туралы қыпшақ авторының дастанында оғыз эпосымен стильдік, сюжеттік жақындықтың барын қазақ зерттеушісі

1 Хисамов Н. «Татар шагырләре». – Казан: 2012. – 17 б.

2 Сонда, 18 б.

де байқаған. Көне дәүірлердегі түркі әдеби мұраларын арнайы қарастырған ф.ғ.д. А. Қыраубаева мына сюжетке назар аударды: «Жақыпқа балалары Жүсіпті қасқыр жеп қойды деп көйлегін қанға бояп әкелгенде, сол қасқырды қуәлікке шақырады. Ол өзі жоғалған бөлтірігін іздел шықан болады. Бұл тұста ежелгі мифтер үрдісі бойынша алынған, бөрі – бір тайла ел бейнесі болуы мүмкін (бөрі тотемі). Көйлекті қанға бояп көрсету желісі «Корқыт ата кітабында» да бар»³. Оғыз дастанында Банушешектің (Бамсы Байрақтың қалындығы) ағасы Қаршар Бамсының көйлекті қанға бояп, Баяндыр ханға әкелді:

– Ей, бұл не көйлек? – деді.

– Сұлтаным, бұл Бәйректің көйлегі, оны Қара Дербенде өлтірген, - деді.

Көйлекті көрген бектер бұған нанып, өкіре жыласып, айғайшу, азан-қазан болды⁴.

Сондай-ақ, бас кейіпкердің ата-анаға, бауырларына мейірімі мен кешірімділігі, дастандағы зынданга тұсу, тұс жору, айтыс элементтері, кердегі анасымен тілдесуі, әкесін сағынып зарланауы, өзін танытпай бауырларымен астарлап сөйлеуі, әкесін он екі бұтақты бәйтерекке теңеуі секілді эпизодтар да Құл Фали шығармасының оғыз эпосымен, әсіресе, «Корқыт ата кітабы», «Алпамыс», жырларымен сарындағы екендігінің айғағы. Жүсіп жағындағы дастанда моногама мотиві те орын алған. Бұл да түркі эпостарында, оның ішінде «Қобыланды», «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр» жырында көрініс тапқандығы мәлім. Оғызық элементтері басым «Алпамыс» жырында батырдың жеті жыл зынданда жатуы мен Жүсіптің Мысыр тұтқынында болуы оқиғаларында типологиялық параллельдер аз емес. Түркілік сарын – Құл Фали шығармасын өзіне дейінгі Жүсіп һәм Зылиха жайындағы жазба әдеби мұралардан ерекшелейтін басты қасиеті.

Әйтсе де дастанда ортағасырлық Ислам өркениетіне тән қайырымдылық, турашылық яки әділдік, сабырлылық, Аллаға деген шынайы құлшылық сарындары негізгі сипаттарға ие. Олай

3 Қыраубаева А. Шығыстық қисса-дастандар. – Алматы: «Рауан». 1997. – 73 б.

4 Корқыт ата кітабы. Аударған Б. Үсқақов. – Алматы: Жазушы., 1994. – 58 б.

болуы заңды да. Себебі, Жұсіп пайғамбар мен оның ғашығы Зылиха туралы көне заман туындылары өздерінің түпкі сюжеттік төркінін ежелгі киелі діни кітаптардан – Таурат, Інжіл және қасиетті Құраннан алғаны әлемге аян.

Ортағасырлық түркі-қыпшақ әдеби мұраларының типологиялық ұқсастықтары олардың тақырыптық, сюжеттік, идеялық, жанрлық және стильдік қырларынан кеңінен көрініс тапқан. Ондай ұқсастықтардың себебі сол дәуірдегі араб, парсы, түркі әдебиетінде орын алған ортақ ислами әдеп пен әдет-ғұрыптармен байланыстан туындаиды. Оның үстіне үстем мәдениеттің заманауи үлгілеріне бойсұнған түркі жазбагерлері көбінесе, Шығыс классиктерінің жұртқа мәлім туындыларын нәзиралауға зор еңбек сінірді. Араб, парсы шайырларының дағдылы қалам стилі түркілік дастандардың құрылымдық (композициялық. – С.К.), өлшемдік, ырғақтық жақтарына да айтарлықтай әсер етті. Ендігі жерде қандай шығарма болсын, оның алғашқы жолы не тармагы «Би-с-миллаһи-р-рахман-р-рахим» сөздерінен басталатын болды. Бұл дәстүр қазақ әдебиеті тарихының кейінгі кезеңдеріне дейін сақталып келді. Сол сияқты Алланы, бұрында өткен пайғамбарларды мадақтап, «хамд уә сәна» айтту, Құдайға мінәжат ету, сахабалардың, содан соң әулие-әнбиelerдің есімдерін еске алу, т.с.с. дәстүрлі ұстаным қалыптасты. Осындай құбылысты XIX ғасырларда жазылған құллі мұсылмандық Шығыс әдебиетінен ұшыратуға болар еді.

Түркі-қыпشاқ дастандарының мазмұнында Ислам дүниесі ғана емес, одан бұрынғы замандарда өткен Адам Ата, Хаяу Ана, Лұқман, Перғауын, Лұт, Қарун, Атымтай, Мұса, Айуб, Шиіш, Жұсіп, Жұніс, Ибрагим, Қызыр-Ілияс, т.б. аңыздық кейіпкерлер мен пайғамбарлардың есімдері жиі аталатыны әддегегі жайт. Көп ретте Иран, Тұран елдерінде мәшіүр ертеде өткен Шәмшид, Афрасиаб, Аспандияр, Рұstem, Баһрам, Қорқыт, Наушаруан сынды дана патша, батыр, көсемдердің аттары құрметтеп еске алынып отырады. Автор олардың есімдерін аттай отырып, фәни дүниенің өзгермелі екендігін, өмірдің жалғандығын тағы бір еске салады және атақты, ақылды, жүректі жандардың ғұмырынан өнеге алуға үндейді. Енді бір шығармаларда Шығыстың ғашық-

тық қиссаларының басты қаһармандарына құрметпен орын берілгенін көреміз.

Түркі дастандарының авторлары өздерінің туындысын сол елдің билеушісіне – патша, хан сұltан немесе бектерге арнауы да қалыпты дәстүр. Мысалы, Фирдоуси «Шахнамасын» Хорезм әміршісі және Иранды билеген Махмұд сұltан Ғазнауиге арнап жазса, Сәйф Сарайи «Түркіше Гұлстанды» Әмір Тайқасбекке сыйға тартады. Қыпшақтардың тағы бір мықты шайыры Құтый болса, «Хұсрау-Шырын» дастанын Алтын Орда ханы Тыныбек пен оның жұбайы Мәлике-Хатунға арнағанын жазады. Ал XIV ғасыр басындағы Насируддин ибн Бурханиддин Рабғузи өзінің «Қиссас-ул-әнбийа» атты прозалық кітабын оғыз бегі Тоқбұғта бекке мадақ айтумен бастайды. Аллаға, пайғамбар мен сахабаларға, одан соң патшаларға мадақ арнау – парсы, түркі әдебиетіндегі ортақ типологиялық құбылыс.

Орта ғасырлардағы түркі-қыпشاқ әдебиетінде ғашықтық тақырыбы маңызды орын алады. Әлбетте, бұған Шығыс классикалық әдебиетінде ғашықтық қисса, дастандардың кеңінен насиҳатталуы себеп болуы мүмкін. Азияның көптеген өңірлеріне ерте замандардан-ақ таныс болған «Панчтантра», «Шукасаптати» немесе олардың парсы тіліндегі аударма нұсқалары болып табылатын «Тотынама», «Кәлила мен Димна», араб тілінде туған «Мың бір тұн» дастандарында адам тіршілігінің тынысын, түрмистық, қоғамдық, психологиялық қыр-сырын бейнелейтін сан-алуан образдар көрініс тапты. Орта ғасырлық араб, парсы, түркі әдебиетінің қайта өрлеу дәүірінде ғашықтық сюжеттер көбірек жырланды және олардың басты мотивтері ежелгі үнді, грек, парсы, араб, еврей, т.б. елдердің әдебиетінде белен алған бірқатар көне сарындардан тамыр тартқаны рас. Алтын Орда кезеңіндегі түркі-қыпшақ әдебиетінде, әсіресе, поэзиялық шығармаларда түсінде ғашық болу немесе суретін көріп ғашық болу сарыны көп ұшырасады.

Аталған сарын Фирдоуси поэмаларына да сюжеттік арқау болғаны мәлім. Кейін Сағдидің, Жәмидің, Низамидің, Науай, Физули, Дүрбек, Құтый, Сараи, Атайи, Хорезми, т.б. Иран мен Түран шайырларының махаббат туралы туындыларына, көптеген халықтық шығармалардың мазмұнына өзекті мотив ретінде енді.

Ғылыми түрғыдан алғанда түсінде көру, суретіне ғашық болуы сарындарының генезисі тым әргі дәүірлерден бастау алады. Әдебиет пен фольклорлық шығармалардың, әсіресе, дастан жанрының дамуына ерекше ықпал еткен бұл екі мотивтің қайсысы қашан, қай елде, қайсысы бұрын пайда болғандығын дөп басу айту қын. Суретке қарап немесе түсте көріп ғашық болу сарыны әлемнің бірнеше түкпірінде пайда болған ежелгі нағым-сенімдермен, ғылым тілімен айтқанда мифтік аңыздармен байланысты шыққаны анық. Солардың ең көне турі ежелгі Грекияда туған Нарцисс туралы миф. Аңыз бойынша гүл бейнесіндегі Нарцисс өте сұлу болады және ешкімді менсінбейтін тәкаббар жан иесі. Оған ормандағы Эхо (жаңғырық) бикеш ессіз ғашық болады. Әрине, Нарцисс оған бұрылып та қарамайды. Эхо болса, махабbat қайғысынан құса болып, Нарциссті сүйеттінін айтып, қақсаудан жалық-пайды. Оның даусы тау-тасты, орманды жаңғырықтырып, естігеннің сай-сүйегін сырқыратады. Осы жағдайда махабbat құдайы Афродита біліп, Нарциссті қарғысқа ұшыратады. Бұдан соң бір күн Нарцисс ешкім дәмін татпаған, жан аяғы баспаған бұлақтың үстіне тап келіп, су түбінен өзінің сұлу бейнесін көреді де, өз суретіне өзі ғашық болады. Бірақ судағы сұлу оған жауап бермейді. Ол махабbat дертіне шалдығады. Бірде Нарцисстің көз жасы бұлақ үстіне тамып кеткенде, су беті толқынданып, сұлудың бейнесі жоғалып кетеді. Нарцисс одан бетер қайғыланып, ғашығына зарланып, қасірет шегумен, ғашығын аңсаумен дүниеден баз кешеді. Нарцисстің қаза тапқан жеріне аппақ хош иісті гүл – өлім гүлі өсіп шығады және оның аты нарцисс аталып кетеді.⁵ Нарцисс гүліне қатысты мифтік аңыз осылай туып, кейін Еуропа елдеріне кең тарап кетеді. Біздің ойымызша, бұл аңыз ежелгі Грекиямен мәдени-саяси қатынастар кең қанат жайған ертедегі Иран, Арабия елдеріне де тарауы әбден мүмкін. Әсіресе, орта ғасырлық араб, парсы классикалық әдебиетінде осы текстес (суретіне қаралу немесе түсінде көру) мотивтер жиі ұшырайды.

Нарцисс туралы миф әлем әдебиетінде талай уақыттан бері зерттеліп келеді. Шетел ғалымдарының «нарцисс» сарының әде-

5 Кун Н. А. Ежелгі Греция мифтері мен аңыздары. – Алматы: «Мектеп», 1979. – 62-64 б.б.

би-эстетикалық, тарихи, философиялық, тіпті, психоаналитикалық жақтарынан қарастырған көптеген еңбектері бар. Соңғы кездері бұл тақырыпқа Ресей ғалымдары да назар аудара бастады. Мысалы, 2011 жылы мәскеулік Н. Л. Лаврова «Историческая поэтика мотива» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Өзінің ғылыми нысанға алынған тақырыбы жайында зерттеуші былайша тұжырымдайды: «Трансисторический комплекс Нарцисса выбран как один из наиболее репрезентативных и выразительных в плане бытования и функционирования художественной мотивики. Это один из наиболее частотных и эстетически значимых мифогенных мотивов в мировой литературе. Этот базовый мотив характеризуется емким продуцирующим потенциалом, способностью разрастаться в целое «генеалогическое древо»⁶. Расында «нарцисс» туралы ежелгі мотив дүниеге кен таралып, ондаған жаңа сюжеттік сарындарға негіз болды, оның инвариантын көптеген көне немесе жаңа шығармалардан кездестіру қыын емес.

Қайсыбір ғалымдар «суретін көріп ғашық болу» сарыны көне Қытай жерінде пайда болғандығын және оның түп негіздерін манихей дінінің ғұрыптарымен байланыстырады. Жалпы, сурет салу өнері ежелгі үнді, қытай мемлекеттерінде қарқынды дамығандығы ешбір дау туғызыбайды. Бұл елдерде пүтқа табыну, құдай бейнесін мүсіндеу немесе Будданың түрлі образдарын кескіндеу дәстүрі сақталған. Дегенмен, Азия елдерінде қанат жайған сурет өнерінің тарихын ежелгі Вавилонда, б.з. II-III ғасырларда өмір сүрген делінетін Мани атты кісінің есімімен байланыстыратын зерттеу еңбектері де бар. Мани өз ілімдерін көп жерлерге таратады, өзін соңғы «пайғамбарын» деп жариялады. Манихей діні VII-VIII ғасырларда біраз өркендереген Үйғыр қағанатының реңсі діні де болды. «Алтын йаруқ», «Хуастанифт» секілді көптеген діни шығармалар сол тұстағы манихейзм қағидасын насихатттау мақсатында жазылуы мүмкін. Манилік ілімді пір тұтқандар Орта ғасырдағы Шын, Машын, Соғды, Үйғыр елдері арасында көптеп кездескен. Тек Ислам дінінің туып, тез қарқынмен та-

6 Лаврова Н. Л. «Историческая поэтика мотива». Автореферат докт. диссерт. – Москва, 2011. – С. 2.

ралуы ғана Мани ілімін уағыздаушылардың жолын кесті. Оның үстіне VIII ғасыр соңына қарай қырғыздардың Ұйғыр қағанатын талқандауымен Орта Азияда манихей дінінің даму үдерісі біржола тоқтады. Дегенмен, ішкі Қытайда, Самарқанд төнірегінде әлі де болса Мани ілімін ұстанатын тайпалар өмір сүріп жатты.

Суретшілік, мұсіншілік, ұсталық өнер Фирдоуси, Низами, Навои, Жәми, т.б. парсы-туркі классиктерінің шығармаларында өзекті сипаттарға ие. Олардың дастандарында Мани сурет өнерінің бас ұстазы, пірі ретінде суреттелсе, Фархад ұстаның образы басты қаһарманның біріне айналған. Суретке жан бітіру, мұсінді тірілту, сұлудың суретіне ғашық болуы сарындары «Тотынама», «Мың бір тұн» сияқты прозалық халық дастандарының сюжеттерінен негізгі орын алуы да ескі сенімдердің сарқыны болса керек.

XIX ғасырда қазақ арасына кең тараپ, Қазан баспаларынан бірнеше рет жарық көрген «Сейфулмәлік – Бәдігүлжамал», «Мәлік Хасан», «Кисса Дандан», «Қамұрұззаман», «Зияда – Шаһмұрат», т.б. қисса-дастандарда «суретін көріп ғашық болу» сарыны сюжеттік арқа болған.

Әйтсе де, орта ғасырда туған түркі-қыпшақ нәзирасында «суреттен» гөрі «тұс көру» мотивтеріне көбірек ден қойған. Кейде осы екі сарынның жарыса ұшырасуы, авторлардың ежелгі мифтік наым-сенімге байланысты дәстүрлі, тұрақты мотивтерден ұзақ уақыт бойына қол үзе алмағандығын көру қын емес.

Құл Фалидың «Қисса-и Жұсіп» дастанына келсек, ондағы сурет, тұс көру сарындары ежелгі діни мифтермен сабактас келеді және көне йаңуди, христиан, ислам аңыздарының контаминацияланған нұсқалары әрқалай көрініс тапқан. Сондықтан Жұсіп пайғамбар жайындағы дастандағы сюжеттік сарындардың көпқабаттылығы бірден сезіледі. Мәселен, қыпшақ шайрының шығармасында Жұсіптің өз сұлулығына таңданатын екі эпизод бар. Алғашқы сюжет Жұсіпті ағалары құдыққа салғаннан соң мысырлық саудагер Мәлік Дағұрдың керуені тап келіп, құтқарған сәтте орын алады. Мәліктің Бәшір, Бұшра атты екі құлы құдыққа қауға салған кезде Алланың өмірімен көктен Жәбіреіл періште келіп, Жұсілке:

Әйа, Йосыф, син көзгеге бактың бер көн,
Бик масайдың, ул көзгеде күреп күркен.
Әйттең: «Мин сатылар бір кол булсам, һичкем,
Чын бәһамны тули алмас, – диден имди»⁷.

Бұл арада қолданылған діни сарынның мағынасы – Жұсіптің өз сұлтулығына сұқтанып, Құдайға күпір болуы еді. Осы көрініс XIX ғасырдың соңында жазылған қазақ ақыны Жұсіпбек Шайхысламұлының «Құсса хазірет Жұсіп алейхи-с-салам илән Зылиханың мәселесі» атты дастанында да кездеседі:

Жәбіреіл айтты: - Жұсіп, тыңла сөзім,
Айнаға қарап едің бір күн өзің.
«Мені біреу құлым деп сатса, әгар,
Кім баға қылар еді?» деген сөзің.
Сатушы, алушының бәрі әзір,
Бағаңыз қанша екенін көріп түргыл.
Сол айтқан жауабынды енді көргіл,
Асылық қылғаныңа тәуба қылғыл...⁸

Осындағанда Жұсіп пайғамбардың басынан екінші рет қайталанады. Оны сатып алған Мысыр саудагері Мәлік Дағұндың керуені Құддыс қаласынан өтіп бара жатқанда Жұсіптің кереметіне қызыққан қала басшысы баланы тартып алып қалу үшін көп әскермен қуып жетеді. Сол уақытта Жұсіп бетіндегі пердесін ашады, жамал-нұрының ғажабынан он екі мың әскер аттан ауып түсіп, үш күн бойы үйқыда жатады. Қазақша нұсқасында:

Олардың есі ауып жатып қалды,
Керуен халқы бұл іске қайран қалды.
«Мендей көрікті жаһанда жан бар ма?!» деп,
Жұсіп тағы бұл істі көнліне алды.
Сол сағатта Жәбіреіл келді әзір:
«Жұсіпке көрік берген Жаппар Қадір.
Өзіңе өзің неге таң қаласың.
Олай десен, Құданың құдыретін кер?!

⁹

7 Қыйсса-и Иосыф /Кол Гали. [текст. хәзер. әдәби телга күчер. Ф. Фасиев, А. Нуриева, Э. Исхак]. – Казан: Татар. Кит. Нәшр., 2013. – 55 б.

8 «Құсса хазірет Жұсіп алейхи-с-салам мен Зылиханың мәселесі». Қазан: Университет баспаханасы, 1898. – 35 б.

9 Сонда, 52 б.

Профессор А. Қыраубаева Жұсіпбек Шайхысламұлы қазақ-шалаған дастанның Құл Фалидің «Қисса-и Йусуф» - нәэзиралық түпнұсқасынан пәлендей айырмашылығы жоқтығын айта келе: «Осыдан Жұсіпбек «Жұсіп-Зылиханы» Әли нұсқасын пайдалана отырып жазған деген қорытындыға келеміз. Ол Қазан баспасын оқып көрген болса керек», - деген қорытынды жасайды¹⁰.

Бір назар аударарлығы, осындағы «өзін айнадан көріп таң қалу» немесе «өз көркіне сұқтану» сарыны ежелгі грек мифтеріндегі Нарцисс (грекше - наркис) туралы аңызға ұқсайды. Грек тіліндегі наркистің мағынасы айна, яғни бейненің қайталауы дегенді білдіреді. Бірінші мифтік сюжет бойынша махабат құдайы Афродита өз-өзін ессіз сүйгені үшін Нарцисті жазала-са, Інжіл, Таурат, Құран хикаяларында баяндалған, кейін көптеген Шығыс шайырларының шығармаларына арқау болған Жұсіп пайғамбар жөніндегі туындыларда ол өзінің айнадағы көркіне қатты сүйсініп, өзін өзгеден артық көргені үшін Алланың қа-харына ұшырайды. Құл Фали дастанында Жұсіптің пайғамбарлық қасиеттері Жәбірейіл періштенің көмегімен екі мәрте тәу-бага келгеннен соң қайтарылады. Бірақ сол күнәсі үшін он екі жыл зынданда отырады. Ал оны жазықсыз кіналаған Зылиха ғашықтық қасиеттің қырық жыл бойы тартады. Жеті, он екі, қырық сандары түркі эпосында, әсіресе, оғыз-қыпшақ фольклорында жиі ұшырайтын киелі сандар ретінде мәлім.

Айнадан көру, өзіне өзі ғашық болу сарынының түрлі өзгеріске түскен нұсқалары ортағасырлық парсы, араб, түркі дастанда-рында молынан орын алған. Араб халқының «Ләйлә мен Мәжнүн» атты махабbat дастанында Мәжнүн ғашығының жүзінен өз бейнесін көргендей болады. Көптеген Шығыс аңыздарында жа-зылғандай, Ләйліге тек Мәжнүн көзімен қарағандаған оның хас сұлулығын көрүте болады. Мәжнүн яки, Имр-ул Қайыстың махаббаты туралы атақты Низами, Әмір Хұсрау Деңлеуи, Әбді-рахман Жәми, Әлішер Науай сынды классик шайырлар көлемді поэмалар жазды. Физулидің «Ләйлі-Мәжнүн» дастаны қа-зак ақыны Шәкәрім Құдайбердіұлы тәржімесімен белгілі. XIV ға-

10 Қыраубаева А. Шығыстық қисса-дастандар. – Алматы: «Рауан» баспасы, 1997. – 83 б.

сырда ғұмыр кешкен қыпшақ шайыры Сәйф Сарайидың «Түркіше Гүлістаныңда» да Мәжнүн жайында хикаят кездеседі. Ондағы сюжетте Мәжнүн ғашықтықтан қайғы шегіп, дала кезіп кеткені сөз болады. Сол елдің патшасы Мәжнүнді шақыртып алдырып, бір қыз үшін адам арасынан безіп, хайуандармен жолдас болғаның қалай деп кінә тағады. Сонда Мәжнүн:

Рахым етті көріп мені ғашық-зар,
Ол өте сұлу жамалын көргендерге.
Жеміс орнына кесер қолдарын дереу,
Таң алдында жаңа туған Айды көрген.

Бұған дәлел ретінде: «Міне, сендердің мені кінәлаған адамда-рың осы» - дейді¹¹.

Мұны естіген патша Ләйліні іздетіп тауып, өзінің сарайына алдырып қараса, «түрі қара, қоңырқай, дене бітімі арық біреу» екен. Қыздың түрі патшаға ұнамайды. Оған Ләйлінің әдемілігі сарай көнизектерінің ең көріксіздеуінен де төмен көрінеді. Мәжнүн де соны тусініп билеушіге: «Ей, патша, Ләйлі жамалына Мәжнүн көзімен қарап керек! Сонда ғана оның жүзіне қарап ләз-зат алудың сыры айқындала түседі», - деген екен¹². Жоғарыдағы Мәжнүн атынан айтылған өлеңдегі «Жеміс орнына қолдарын кесер дереу» дейтін тармақ Құран Кәрімнің 12-сүресінің 31-аятында кездессе, «Міне, сендердің мені кінәлаған адамдарың осы», - деген сөйлем де Қасиетті кітаптың аталған сүресі, 32-аятында берілген. Сондай-ақ осы көрініс Құл Фали дастанында да бар:

Йосыф таба бұрылып қарадылар,
Гүзаллеген күреп оның таң қалдылар,
Ңеммәсе дә күз алалмай қарап аңар,
Әфлисун деп, бармакларын кисәр имди¹³.
Қасиетті Құранның Жүсіп пайғамбар хакындағы сүресінің 32-аятының мазмұны қазақша аудармада былайша сипатталған:
Зылиха айтты: - Қатындар, көргін мұны,
Өсек қылма мұнан соң енді мені!

11 Сарай С. Гүлістан би-т-түрки / Әдеби жәдігерлер. Ауд. Ә. Керімулы. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2010. – 109 б.

12 Бұл да сонда.

13 Кыйсса-и Йосыф. – Казан: Татарстан кітап нәшрияты, 2013. – 123 б.

Бір көрем деп турадың қолдарынды,
Тандындар ақылынан көріп нені?!¹⁴

Расында, ездерінің алдындағы грек, парсы, үнді сюжеттеріне қарағанда түркі-қыпшақ нәзиралық дастандарында Ислам әсері айқынырақ сезіледі. Бұл арада уақыт өтуіне орай орын алған қоғамдық-идеологиялық өзгерістер себеп болғаны күмәнсіз. Мысалы, «Қисса-и Жүсіпте» сурет сарынынан гөрі тұс көру мотивіне басымдық берілген. Зылиханың Жүсіпті түсінде көріп ғашық болуы соның айғағы. Таймұс патшаның қызы үш рет тұс көреді. Осы жердегі назар аударарлық жайт, Жүсіптің, Зылиханың көретіні Ислам шаригатында жиі ұшырайтын – аян тұс. Аян тұс Жүсіп пайғамбарға Алланың құдыретімен Жәбірейіл періштенің және әкесі Жақып пайғамбардың көмегімен көрінеді. Ал Зылиханың түсінде ғашығы Жүсіп аян береді. Асылында, «елшілік» қасиеттер оның бойында тұа бітті болғандығын, Жүсіптің бала кезінде-ақ мәлім болады. Болашақ пайғамбар он бір жасында тұс көреді:

Газиз Жүсіп тамам он бір жасар еді,
Жақып сушы етегінде ұйықтар еді.
Ұйықтап жатып бір ғажал тұс Жүсіп көрді,

Тұс мағынасын атасынан сұрап енді¹⁵. (қазақшалаған – автор.)
Жақып пайғамбар кіші ұлының түсін жорып былай дейді:

Пайғамбарлық – нәбілік сен алашақсың,
Нәм мемлекет иесі сен болашақсың.

Рахат, шаттық, сүйініштер табашақсың –
Бұ түсіннен мол дәulet көрінер енді.

Сенің есімің ғаламға мәшһүр болар,
Машырық – мағриб ұлықтары сені білер.

Қиямет кеше есімің мәнгі қалар.

Халил-Забих дәулеті көрінер енді¹⁶.

«Халил-Забих» сөзінің мәні – Жүсіптің пайғамбарлық жолында өзін құрбан етіп, көп азап шегетіндігінен хабар беріп тұр.

14 Бабалар сөзі: Жұз томдық. – Астана: «Фолиант», 2005. Т. 18. – 87 б.

15 Кыйсса-и Йосыф. – Казан: Татарстан кітап нәшрияты, 2013. – 23 б.

16 Сонда, 24 б.

Кейін, өз кезегінде Жұсіп Зылихага екі рет аян береді. Бұл көрініс патша қызының алғашқы түсінен кейін орын алады. Екінші түсінде Жұсіп Зылихага:

- Тыңласаң, мен сенікі, сен менікі,

Ойлама олай-бұлай өзге кепті.

Көнділізді аударма ғашықтықтан,

Шығарма қатерінізден, асла мені¹⁷ – деп өз ойын аңғартады.

Ал, үшінші рет Зылиха түс көргенде:

Жұсіп айтты: - Зылиха, мені іздесен,

Мысырдың патшасымын мені білсең.

Иншалла, жетерсің мұратыңа,

Мысырда қосыласыз іздең келсөң,¹⁸ - деп өзінің мекен-жайы, болашақ мәртебесі жөнінде аян береді. Расында, ол кезде Жұсіп пайғамбарды он бір бауыры Мысыр саудагері Мәлік Дағұрга он сегіз жармаққа құл ретінде сатқан болатын. Міне, осы сюжеттер Құл Фали дастанының ислами бұлақтардан, Қасиетті кітаптардан, Құран Кәрім, «Қисс асул Әнбийа» тәрізді туындылардан тағлым алғандығын білдірсе керек. Әрине, діни сарын ғашықтық дастандардың бәрінде біркелкі кездесе бермейді.

Көптеген шығыстық дастандарда ғашықтардың тағдыры Жаратушының жарлығымен маңдайларына жазылғаны баяндалады. Әдетте, қос ғашықтың ынтызарлық сезімі шыр етіп дүниеге келген сәттен басталады. Мұндай ғашықтық сарын Ләйлі мен Мәжнүн, Хұсрау (яки, Фархад) мен Шырын, Қорлы мен Зияда тағдырынан айқын көрінеді. Мысалы, Мәжнүн Ләйліге қырқынан шықпай жатып ынтық болады. Екі сәби бірін-бірі көрмесе шырқырап жылай бастады. Мәжнүннің сүт анасы Ләйліні емізейін десе, сүт шықпай қалады. Бұл көрініс бір ананың сүтін емсе, некелесе алмайды деген Ислам ережесін ишараптаса керек.

Осы сюжеттік көрініс туралы А. Қыраубаева: «Ләйлі-Мәжнүннің тағы бір ерекшелігі, мұнда кейіпкердің сырт келбетін суреттеуге мән бермейді. Әдеттегідей аспан денелерінің символикасын, небір тамылжыған көркем теңеулерді тізіп жатпайды.

17 Бабалар сөзі. Жұз томдық. – Астана: «Фолиант», 2005. Т. 18. 62 б.

18 Құдайбердиев Ш. Шығармалары. Құраст. М. Жармұхамедов. С. Дәүітов. – Алматы: Жазушы, 1988. – 351 6.

Оның себебі, екі ғашық бірін-бірі көріп ұнатқан емес, о баста Құдайдың құдыретімен ынтық болып туғандар»,¹⁹ - деп тұжырымдайды. Физули Бағдадидің Шәкәрім қажы жасаған аудармасында сәби Мәжнүннің «дерті» туралы тәуіп:

«Баланың, - деді дәрігер, - дені таза,
Науқасын білмей қалсам, менде жаза.
Бір түрлі жүргегінде қайғысы бар,
Білмеймін не себептен болды наза»,²⁰ - дейді.

Содан соң дәрігердің кеңесімен Мәжнүнді көшеге алып шығып өзі құрбы сәбілермен жүздестіреді. Тек Ләйліні көргенде ғана нәресте жылауын кілт тыяды. Осыдан өле-өлгенше осы тағдырыды бастарынан кешіп, ақырында бір молада көз жұмады. Шәкәрім аудармасындағы:

Баласы оның дағы жылайды екен,
Көтеріп уатқаны ұнайды екен.
Балалар жылағанын қоя қойды,
Себебі, әрнәрсенің Құдайда екен²¹,

- дейтін жолдар қос ғашықтың махаббаты Алланың қалауымен орын алғандағыны астарлап тұрғандай. Ләйліге қосыла алмасын сезген Мәжнүн Меккеге тәуап ете барып, ғашығына деген махабbat азабын Алладан тілеп алады. Елі, жұрты «Байтуллаға барып, дертіңен айығып кел» деп жіберген Мәжнүн керісінше қайғысын еселеп қайтады. Енді қос ғашық бір-бірін көрмеген саяын жүректерінде махаббат оты лаулай түседі. Бірде екеуі оңаша кездесіп, соңғы рет құшақтасып, мауқын баспақшы болады, бірақ жақындаса алмайды:

Барады жақындаса, жанып күйіп,
Денеге болар емес дene тиіп.
Екеуі шыдай алмай талып кетті,
Аузынан алған екен бірер сүйіп²²

19 Қыраубаева А. Шығыстық қисса-дастандар. – Алматы: «Рауан» баспасы, 1997. – 83 б.

20 Құдайбердиев Ш. Шығармалары. Құраст. М. Жармұхамедов. С. Дәүітов. – Алматы: Жазушы, 1988. – 367 б.

21 Бұл да сонда.

22 Сонда, 367 б.

Жалпы, күйіп-жану, өртену, жүрек-бауырды күйдіру, пәруана болу (көбелекше отқа тұсу.– С.Қ.) мотивтері жігіт пен қыздың махаббатынан бұрын сопылық әдебиет дәстүріндегі «Аллаға ғашық болу» сарыны ретінде кең танымал. Мұндай стильдік қолданыстар А. Йассауи, А. Йүтінеки, С. Бақырғани секілді түркі шайырларының хикметтерінде жиі кездеседі. «Ғашықтық оты» сарыны «Қисса-и Жүсіп» поэмасында да бар. Мысалы: Жүсіп пайғамбар ұзақ жылдардан соң Зылихаға жолығып қалғанда, одан ғашықтығына күә талап етеді.

Зылиха Жүсіпке: «Қамшынды бер, махаббат отының қанша-лықты күштілігін көзіңмен көр», - дейді. Жүсіп қамшыны ұстағанда қолы күйіп қалады. Дастанда бұл көрініс былай суреттелген:

Сонда Жүсіп қамшының сабын берді,
«Ah!» деп ұстап, өзіне қайтып берді.
Отқа көсеп алғандай ыстық екен,
Ұстағанда Жүсіптің қолы күйді...

Зылиха айтты: - Көрдің бе менің жайым?
Қырық жылдай көңіліме түсті уайым.
Қамшының сабы неге отқа жанды? –
Сол отты маған салды бар Құдайым²³.

Сол мезгілде Алланың пәрменімен Жәбіреіл періште келіп, Жүсіпке оның Зылихамен некелесуі керектігін мәлімдейді. Жүсіптің дұға тілеуімен Зылиха баяғы жас, сұлу қалпына қайта түседі. Қысқасы, «Қисса-и Жүсіп», «Ләйлі-Мәжнүн», «Фархад-Шырын» секілді ортағасырлық түркі дастандарында ғашықтық тағдыры «Лаухул Махфузда» жазылғанда Алланың қалауымен шешіледі.

Ислами жолды тұтынған Шығыс шайырларының махаббат дастандарында әйелдің ары, пәктігі, сүйген жарға деген адалдық мотиві ерекше маңызға ие. Керісінше, мұндай сарын Еуропа әдебиетінде, яғни өзге дін өкілдерінің шығармаларында ұшырай бермейді.

Құл Галидың «Қисса-и Жүсіп» дастанында «жарға адалдық» мотиві айқын көрініс тапқан. Сюжет бойынша қайта жасар-

23 Бабалар сөзі. Жұз томдық. – Астана: «Фолиант» баспасы, Т. 18., 2005. – 114 б.

ған Зылиха сұлуға Жүсіп пайғамбар да ғашық болып, той жасап некелеп алады. Неке түнінде Жүсіп жұбайының «қыз қалпын» сақтағанын байқап, таң-тамаша болады. Қыпшақ шайырының туындысын нәзиralық тәсілмен қазақшалаған Жүсіпбек Шайхысламұлы нұсқасында бұл эпизод төмөндегіше сипатталған:

Сонда Жүсіп Зылихадан сөз сұрады,
Мұның жайын білуге тез сұрады:
– Бұл күнгеше бикрің қалай аман?
Мәнісін баян қылшы? – деп сұрады.

Зылиханың Жүсіпке айтқан сөзі:
– Сақтады құдіретімен Тәңрім өзі.
Мен екен деп патша оны құшар еді,
Жатарда келуші еді жынның қызы²⁴.

Діни аңыз бойынша осындей әңгімелер көп. Зылиха да өзін Қытфир патшаның құшағынан Алланың жәрдемімен сақтанғаның Мысыр патшасының құлы болып жүрген жасөспірім Жүсіпке ғашық болуынан бастап шиеленісе түседі. Жалпы, патша әйелінің өгей ұлына ғашық болу мотиві көптеген халықтардың әдебиетінде кездесетін көне сарын. Мысалы, Иран әдебиетінің классигі Фирдоусидың «Шаһнамасында» Кей-Қауыс шаһтың мұрагер ұлы Сияуыштың басынан осындей жағдай өтеді. Шаһтың жұбайы, яғни тақ мұрагерінің өгей шешесі Судабе Сияуышты бірнеше рет сарайына шақырып, өзіне көңілдес болуға үтіттейді. Бірақ мұрагер әкесіне, Иран шаһына әрқашан адалдық сақтайтының айтып, қарсылық танытады. Судабе жас жігітке өшіге түседі. Арбай мен қорқытудан ешнәрсе шығара алмасын білген әйел айлаға көшеді. Кезекті кездесуде ол үстіндегі киімін жыртып, жартылай жалаңаш күйде күйеуін – Кейқауыс шаһты көмекке шақырады. Бірақ патша ақылдылық танытып, Судабенің сөзін жоққа шығарады. Алайда, кектенген әйел басқа бір айла-шарғымен Сияуышты қаралауға әрекет жасайды. Сарай жұлдызшалары патшаға мұрагердің адалдығын айғақтайды. Әкесінің көзін шындыққа жеткізу мақсатында Сияуыш Заратуштра дінінің дәс-

24 Бабалар сөзі. Жүз томдық. – Астана: «Фолиант» баспасы, Т. 18., 2005. – 115 б.

түрі бойынша алаулаған отқа түсіп, одан аман-есен шығады²⁵. Кейін тағдыры қырсыққа ұшыраған Сияуыш Тұран жерінде тағы бір күндестіктің кесірінен қыршынынан қылады.

Қыппашақ шайырының дастанында Жұсіптің басынан дәл осында жағдай өтеді. Жұсіптің адалдығына тұганына он жеті күн ғана толған сәби қуәлік береді. Мысыр патшасы алғашында нәрестенің сөйлейтініне, істің ақ-қарасын ажыратып береріне сенбейді. Сәби болса өзінің Хақ Тағалланың құдіретімен қуәлік беретіндігін білдіріп, мына сөздерді айтады:

Әй, патша, айтайын есті сөзім,
Шын көңліліңмен иланып, тыңла өзің.
Ақ деймін артқы етегі жыртық адам,
Харам деймін етегі жыртықсызын.
... Жұсіптің артқы етегі жыртық екен,
Зылиханың ұялтып төкті арын²⁶.

Мұнан соң Жұсіп пайғамбар Зылиханың жаласынан біржо-ла құтылу үшін Алладан дұға тілеп, зынданға жатуға мәжбур болады. «Шаһнамадағы» Сияуыштың Тұранға көшіп кеткені болмаса, бұл екі кейіпкердің басынан кешкен сюжеттік мотивтер өте ұқсас. Бұл арада осыған қосымша «әке мен баланың қақтығысы», «өгей әйелдің патша ұлына ғашық болуы», «әйел мекерлігі» сияқты әлемдік фольклордың тұрақты сарындары орын алған. Адалдық, әділдік, мейірім, шапағат, қанағат ұғымдары Орта ғасыр классиктерінің сүйіп жырлаған тақырыптары. Еуропа ғалымдары жиі қозғайтын «Шығыс гуманизмі» дейтін ұғым да осыдан келіп шығады²⁷.

Әрине, адалдық, тұрашылдық жынысқа бөлінбейді. Бірақ байқайтынымыз, парсы, түркі дастандарында әйел ерінің алдында адалдық танытса, ері Құдайдың алдында, қала өсерді атасының алдында адап болуға тиіс. «Ерекек - әйелдің пірі», «Әйел ерге қа-

25 Зарубежная литература древних эпох, средневековья и возрождения. Энциклоп. издание. – Москва: «Олимп», 1997. – с. 683-684.

26 Бабалар сөзі. Жұз томдық. – Алматы: «Фолиант» баспасы, Т. 18., 2005. – 85 б.

27 Құтыб. Ҳұсрай-Шырын // Әдеби жәдігерлер. Т. 16., Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2012. – 142 б.

райды, ері жерге қарайды», «Әйелдің ақылы мен аярлығы - қырық есекке жүк» дейтін мақалдар да ерте замандарда туғаны шұбәсіз.

«Сүйген жарға адалдық, пәктік» сарыны «Ләйлі-Мәжнүн» дастанында кездеседі. Сюжеттік даму барысында ата-анасты Ләйліні Ибн-Салам деген жігітке атастырып, үйлендіреді. Қыздың қу-йеуі Ләйлі мен Мәжнүннің бірін-бірі ессіз сүйеттініне көзі жетіп, екеуіне тілеулес болады. Ибн-Саламның өзі де Ләйліге ғашық екен. Эйтсе де қос ғашыққа мейірі түскен ол жұбайының қасына жақындаамауға бел буады. Құдайдың құдіретімен оның орнына жын пайда болып, түнде Ләйлінің жанында жүреді. Ләйлі мен Мәжнүн ақыретте өздерінің уәдесінде тұрып, бір-біріне пәк күйінде қауышады²⁸.

Бұл сарын қыпшақ шайыры Құтыбытың «Хұсрау-Шырын» дастанында да ұшырасады. Дастан сюжеті бойынша Хұсрау Шырынға өкпелеп, Исфаһан сұлулы Шекермен көніл қосады. Парсы шаһын ықыласпен қабылдаған сұлу Хұсраудың тұнгі шақыруына қарсылық танытпайды. Эйтсе де айла жасап, өзінің орнына қызметші күндерінің бірін жібереді. Бұл жағдай екі рет қайталаңады. Дастанда Шекер сұлудың құлығы байлайша суреттелген:

Бірнеше тәтті сөздерімен шаңты алдаусыратты,

Шырағын алып, мәлікті қалдырды да шықты.

Бойы өзімен бірдей бір күні бар еді,

Өзі сияқты алтынмен апталған киім кигізіп,

Мойнына әшекей салып, «Тұр (шаһқа) тез бар!» - деді.

Қызметші қыз кіріп шаһ қызметіне,

Бөгетсіз өтіп, отырды шаһ қасына.

«Шекер» деп ойлап, хош жеті «балын»²⁹.

Сосын, Хұсрау шаһ қыздың «арзанқолдығын», көрінген кісіге «жайылып төсек, иіліп жастық» болып жүргендігін бетіне айыппатаган кезде Шекер мынадай жауап қайырады:

Сен сияқтыларға беретін жемісім жоқ,

Кісі бағының жемісін жегенім жоқ.

28 Құдайбердиев Ш. Шығармалары. Құраст. М. Жармұхамедов. С. Дәуітов. – Алматы: Жазушы, 1988. – 144 б.

29 Құтыб. Хұсрау-Шырын // Әдеби жәдігерлер. Т. 16., Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2012. – 142 б.

Қасиеттілік Тәнір хакы, мен – тазамын,
 Бұл айтқан сөздеріңнен де азаттын.
 А纳дан туғандай пәкпін,
 Және өз мөрімді сақтап келемін.
 Сәрв сияқты бойымды ешбір күш иген жоқ,
 Анарыма ешкімнің қолы тиген жоқ.
 Бұл құтым кісі қолына түскен жоқ,
 Ешбір шақпақ тас інжуімді тескен жоқ³⁰.

Осыдан соң, Хұсрау шаһ Шекердің пәктігіне көзі жетіп, оған құда түсіп, үйленеді. Бір ерекшелігі, «Жұсіп қиссасына» қарағанда «Хұсрау-Шырын» дастанында эротикалық көріністерге кеңінен орын берілген. Мұның бір себебін түпкі нұсқада – Низами шығармасындағы Иран билеушілерінің отқа табынушылар қатарынан болуынан іздеген жөн секілді. Эйел еркіндігі Фирдаусидің «Жұсіп пен Зылиха» дастанында да бар. Ал Алтын Орда тұсында Дешті-Қыпшақта қарқынды дамыған Ислам дінінің этикеттері Құл Гали жырлаған «Жұсіп қиссасына» елеулі әсер еткенін көреміз. Бұл орайда: «Бұрынғы қиссаларда (Фирдауси, Ансари) Зылиха сарайында эротикалық мағынасы бар суреттер салынған. Эли де оның орнына түрік ахылағына сәйкестендіріп, інжу-маржан, жаһұтпен безендірілген алтын түлпардың суреті салынады. Бұл сарай жігіттің желігін қоздырып, жан дүниесін қозғау үшін салынған еді... Зылиханың «эротикалық сарайын» Жұсілбек те жалпы әдемілігі тұрғысынан ғана сипаттап өткен»,³¹ - дейтін зерттеушінің пікірі осы пікірімізді бекіте түседі.

Түркілік дастандарда «туа бітті ғашық болу» сарыны жиі ұшырасады. Бұл сарынның да бұлақ бастаулары ежелгі парсы, грек аңыздарымен сабактасып жатыр. Мысалы, Шәкәрім аударған Физулидің «Ләйлі-Мәжнүн» дастанында «туа бітті ғашық болу» мотиві – шығарма сюжетінің басты лейтмотиві. Бүкіл Шығыс елдерінде махаббат рәмізіне айналған Ләйлі мен Мәжнүн бір-біріне тua салысымен ғашық болған. Махаббат дерті олардың жүргегіне жөргекте жатқанда түссе, қос ғашықтың тағдыры өмір-

30 Соңда, 144 б.

31 Қыраубаева А. Шығыстық қисса-дастандар. – Алматы: «Рауан» баспасы, 1997. – 80-81 бб.

те келмес бұрын маңдайларына жазылған – Алланың әмірі деп есептеледі. Мәжнұн басындағы ғашықтық дерте Науайдің «Фархад-Шырын» дастанында романтикалық сипатта, аса тебіреніспен зор ақындық рухпен, терең суреттелген. Тұғанда «бір түрлі жүргегінде қайғысы бар» (Физули) Мәжнұн сияқты Фархад та дүниеге келген сәттен белгісіз дерте шалдығады. Ақыр соңында бұл дерттің себебі – ғашықтық екені мәлім болды. Науай шығармасы өзі нәзиралаған Низамидің «Хұсрау - Шырын» дастанымен салыстырғанда сюжеттік түрғыда біраз өзгешеліктерге ие.

Дастан кіріспесінде мұны кейінгі Орта ғасырдың ең таңдаулы шайыры саналған Науайдің өзі де айтқан. Ол Хұсрау мен Шырын махаббаты туралы ең алғаш қалам тербекен әзіrbайжан халқының атақты ақыны Низами Гәнжаудің туындысы мен оның талантты женінде мақтау жолдарын арнайды:

Кого с тобой в сравненье ни возьми,
Никто тебе не равен, Низами!
А впрочем, был среди людей один –
На Инде певшии соловей один...
Но на ристалище со мной не он, -
Я с Низами бороться принужден.
Рукой схватив такую «Пятерню»
В руке надолго ль в силу сохраню?!
У всех трещали пальцы до сих пор,
Кто с Низами вступал в подобный спор.

Науай өзінен әлдеқайда бұрын – XII ғасырда өмір сүрген, өлеңдерін көбінесе парсы тілінде жазған түркі шайыры Низамиді мадақтай отырып, онымен ақындық сайысқа түсетеңін мәлдімдейді. Парсы, түркі әдебиетінде Низами дастанын нәзиралық тәсілмен жаңғыртқан шайырлар қатарында Әмір Хұсрау Деһлеуи, Әбдірахман Жәми және Қыпшақ ақыны Құтыбытты атайдыз. Науай өз замандасы Жәмиді ерекше пір тұтқан. Оның тәжік-парсы поэзиясының соңғы ірі классигіне аса құрметтеп қарап, шығармашылық байланыста болғандығы тарихи деректерден де мәлім.

Науай өз үстазын:

Хосров и Низами – слоны, но нам,
Предстал Джами, подобный ста слонам.
... Вино любви он пьет и меж людьми.
Прославился как Зинделпиль, Джами.
... Он чашу неба выпил бы до дна,
Будь чашею познания она.
Плоть в духе утопив, Джами велик, –

Скажи, что он великий материк, – деп, дәріптей отырып,
Жәми дарының өте жоғары бағалайды³². Науай жырында «Мен
Науай, Жәмігі мәңгі қызметші бол өтемін, // Берші маған Жә-
мидің інжүі мен шекерін» дейтін жолдар да кездеседі.

Тұркі шайырының дастаны Низамидағыдан Ҳұсрау шаһ пен Шырын ғашықтығына емес, түпнұсқада тас жарғыш, мұсінші ретінде көрініс беретін Фархадтың тектілігін, Қытай қағанының ұлы екендігін, оның Шырынға деген ессіз махаббатын жырға қосумен басталады. Низами туындысында Ҳұсрау Парвіз Иран патшасы Хормұздың ұлы болса, Фархад – қарапайым ұста, тас кесуші. Ол Шырын сұлудың ықыласына ие болғанмен, жүргегіне жол таба алмай, құсадан өледі. Оның тау қопарап талантына тәнті болған Ҳұсрау шаһ Фархадқа «Шырын қазасын» естіртеді. Жәдігөй кемпірдің сөзіне иланған Фархад таудан құлап, Шырын үшін өзін өлімге қияды. Ал Науаида Фархад Шын патшасының баласы және ол Иран шаһы Ҳұсраудың зұлымдық әрекеттерінің құрбаны болады. Әлішер бек нәзирилаған «Фархад - Шырын» дастаны осы тақырыптағы шығармалардың ең таңдаулыларының қатарында. Ұлы махаббат трагедиясы жөнінде көpte-ген өзбек, үйғыр, казак, татар, орыс және шетел ғалымдарының еңбектері бар. Олардың бәрі де Науай дастанының құнды жақтарын жарқыратса көрсетіп, Орта ғасыр шайырының адамгершілік көзқарастарына жоғары баға берген.

Шығыс әдебиетіндегі Ренессанс мәселелеріне арналған ғылыми мақаласында В. М. Жирмунский мынадай пікір білдіреді. «Идеология Навои как поэта, родственного Ренессансу по основным устремлениям своего творчества, раскрывается наиболее

32 Алишер Навои. Фархад и Ширин. Пер. Л. Пеньковского, с предисл. Е.Э. Бертельса. М., Гослитиздат, 1946. – с.4.

полно в его поэме «Фархад и Ширин». При сравнении этой поэмы с предшествующими обработками того же сюжета, послужившими поэтическими источниками для Алишера, - с «Хосровом и Ширин» Низами и Эмир Хосрова, - образ царевича Фархада и его биография в наибольшей степени обнаруживаются как нововворчество. Навои превратил эпизодическую фигуру каменотеса – строителя, соперника шаха Хосрава в любви к армянской царевне Ширин, – в центральный и наиболее знаменательный образ своей поэмы, воплотив в нем гуманистический идеал человека эпохи Ренессанса»³³.

Расында, Науай сомдаған Фархад образы басқа Шығыс ақындары жырлаған Хұсрау шаһ бейнесіне мүлде қайшы – ол армян ханшайымы Шырынның жүргегін өзінің махаббатқа адалдығымен, ерен еңбекқорлығымен, ғажайып суретшілігімен және көзсіз ерлігімен баурап алады. Әлішер дастанындағы Фархад өзімшіл, қызғаншақ, көрсекұзыар Хұсрау шаһпен салыстырғанда терең сезім мен пәк махаббат иесі болып шықкан.

Ә. Науаида Фархад Шырынды көрмей, білмей ынтық болады, сағына, сарғая іздейді. Түркіше туындыдағы Фархад өмірі батырлық-романдық сарында көрініс тапқан. Мысалы: перзентсіздік, яғни кейіпкердің әкесінің көп зарығып, құдайдан тілеп алуы, жас Фархадтың махаббат дертіне шалдығуы, оның сұлу қызды сиқырлы айнадан көріп, сырттай ғашық болуы, сүйген жарды іздеу сапары және айдаһар немесе дәүмен курсе, ғашығының еліне баар жолда кеменің апатқа ұшырауы, т.б. әлемдік фольклор сарындары соған дәлел. Осындай романтикалық мотивтер парсы, араб, түркі әдебиетінде ғана емес орта ғасырлық Еуропаның «серілік романдарында» кеңінен қолданыста болған.

Науай шығармасы көне грек мифтері мен аңыздарынан да үлгі алған. Фархад бала кезінде Аристотель, Платон, Сократ ілімдерінен сусындаиды. Оның ұстазы Грекияда оқыған, тіпті Аристотельдің өзінен де озық білімді жан. Фархадтың өзі сол жаққа сапар шегіп, атақты Сократтың даналығын, ұлы ұстаздың ақыл-есиетін тыңдайды. Грек философы Фархадтың болашақ тағды-

33 Литература эпохи возрождения. – Москва: Издательство «Наука», 1967. – с. 466.

рын болжап, батасын бергеннен соң бірден көз жұмып, бақиға аттанады.

Ілгеріде сөз болғандай, Науай дастанындағы тұа бітті ғашық болу мотиві «Ләйлі – Мәжнүнімен» ғана емес, ежелгі «Нарцисс» мифіндегідегі айнадан көру сарынымен де сабактастып жатыр. Бас кейіпкердің сиқырлы айнадан өзінің егіз бейнесін (двойник. – С. Қ.) көруі де соның айқын белгісі.

Жалпы, көп жағдайларда Фархад Мәжнүнге ұқсайды: ол Ләйлінің ғашығы секілді махаббаттан есін жоғалтады, Шырынды көрген сәтте талып қалады, ғашығы жанында болса да сағынады, махаббат дертіне шалдырып дос болады, өлер алдында табиғатпен – аспан, тау, даламен, өзін әулиедей көріп, қайғысын бөліскен аң-құстармен қоштасады. «Мәжнүн» болу мотиві көптеген парсы, түркі, әдеби-фольклорлық шығармаларында кездесді. Алайда, «Фархад - Шырын» дастанындағы «мәжнүндік» сарының қызметі ерекше. Сірә, бұл арада ежелгі грек (наркис) және араб (мәжнүн) мифтері мен аңыздарының инварианттың қарастыруға толық мүмкіндік бар.

Мұның алдында Науайдің белгілі «Хамсасына» енген «Ләйлі-Мәжнүн» дастаны да Фархад пен Шырын тағдырына елеулі әсер еткенін көреміз. Осы орайда зерттеушінің «Образ Меджнуна несомненно непосредственно вдохновил Навои на создание образа Фархада как идеального любовника – недаром имя Меджнуна так часто упоминается в поэме «Фархад и Ширин»³⁴, - деген пікіріне дең қоямыз.

Бірқатар ғалымдар Шығыс классиктерінің шығармаларында адамзат табиғатына тән махаббаттың (ғишки мажази) сопылық дәстүрдегі аспани, Аллаға, Құдай Тағаллаға деген ғашықтық халмен астасып жататын тұспалды, аллегориялық махаббатпен бірлігіне назар аударған. В. М. Жирмунский Орта ғасырларда Иранда өріс алған осындағы сопылық стильдің – аспани махаббат концепциясының «Ләйлі-Мәжнүн» дастанында және Науайдің ғашықтық ғазалдарынан құралған «Чор Диуан» (Төрт Диуан) жинағында маңызды орын алғатынын жазған. Сондай-ақ ғалым осыған үқсас құбыльстың Батыс әдебиетінде – Данте,

34 Там же, с. 469.

Петрарка, Микеланджело, Бембо өзге де испан, итальян, француз, ағылшын ақындары мен өнер өкілдерінің туындыларында көрініс тапқанын айтады. Неоплатонизм ілімінің сопылық философияға да әсер еткендігі белгілі. Бұл ретте орыс зерттеушісі төмендегідей қорытынды жасайды: «Широкая струя любовной лирики эпохи Возрождения развивается под знаком христианизированного платонизма, философии возвышенной любви, рассматривающей чувство к возлюбленной как аналог или аллегорию божественной любви»³⁵.

Ғашығын ес-түссіз сюю, астарлы поэтикалық айшықтаулар, идеал махаббаттың шексіздігі, сезімді ұлықтау және тұрақты елең уәзіндері мен дәстүрдің қатаң сақталуы Науайде ғана емес, Сағди, Жәми, Хафиз, Хорезми, Сараи, Құтыбы, Атаи сияқты парсы, түркі шайырларының шығармаларында терең мәнге ие.

Түйіндең айтқанда, Қайта өркендеу дәүіріндегі Шығыс пен Батыс ақындарының махаббат туралы туындыларында ғашықтық сезімдерді, адамгершілік идеяларын асқақтату үрдісі үнデсіп, ғажап үйлесім тапқандығын көреміз.

Низамидің «Хұсрау – Шырын» дастанын қыпшақ шайыры Құтыбы та нәзиралған. Оның 1341-1342 жылдары Алтын Орда жерінде туған шығармасын кейін Мысырға қоныс аударған қыпшақ қаламгері Берке Факих қағазға түсіргені туралы мәлімет дастанның ақырғы бөлімдерінде берілген. Ресейлік шығыстанушы Е. Э. Бертельс бұл туындыны Низами Гәнжеуи поэма-сының қөркем аудармасы ретінде таныса, поляк ғалымы А. За-йончковский Құтыбының «Хұсрау - Шырын» дастанын қыпшақ тілінде жазылған құнды мұра және түпнұсқаның аудармасынан гөрі, қайта жаңғырта жырланған нәзиралық шығарма деп бағалаған болатын. А. Н. Самойлович, Ә. Нәжіп, Ә. Ибатов, Ә. Керімов, А. Қыраубаева, Н. Келімбетов, М. Жармұхамедов, Н. Хисамов, т.б. зерттеушілер де соңғы пікірді қолдайтындықтарын аңғартты. Дастанның қазіргі қазақ тіліндегі толық нұсқасы алғаш 2012 жылы түркітанушы қазақ ғалымы Ә. Керімовтің аударуымен жарық көргенін айта кетуді жөн санадық.

35 Там же.

Алтын Орда билеушісі Тыныбек хан мен оның зайыбы мәлике Жәмила ханымға арнайы жазылған бұл шығарманың стилі кейінгі Науай жазған «Фархад - Шырын» дастанынан көп алшақ. Оның есесіне, Құтыб Низами шығармасының мазмұнынан аса алыстамаған. Мұның растығын қыпшақ шайырының дастаның кіріспесінде «кітап жазудың себебін баяндау» сөздерінен байқауға болады:

Асық, ей, Құтыб, тез кеш болар біл,
Сен туралы олар қалай білсін, беземесең тіл.
Низами өлеңі сияқты түз сөзінді,
Сонан соң білгіз ханыңа бұл өзінді.
... Қазандай қайнап, міне, күйіп-жандым,
Низами балынан халуа пісірдім.
Ханым атына парсы тілінен
Аудардым, міне, өлең түзілді³⁶.

Науай да, Құтыб та – сарай ақындары. Әлішер бек Темір әулеті билігіндегі Мәуеренаһр елінің әмір, сұлтандарына жақын жүріп, мемлекеттік қызметтерге араласты, саясат, сәulet, шығармашылық, әсіресе, поэзиямен армансыз айналысты. Ал Құтыбың кезінде Алтын Орда мемлекетінің барынша гүлденіл, мәдениет пен ғылымның ерекше дамыған мезгілі. Дешті-Қыпшақ астанасы Гүлістан-Сарай атанып, ол жерден көптеген ғұламалар, дін қайраткерлері мен дарынды шайырлар шыққаны мәлім. Эйтсе де, Ақсақ Темірдің Алтын Ордаға қарсы жүргізген жойқын жорықтары ел экономикасының күйреуіне мемлекеттің ыдырауына және көптеген дарынды тұлғалардың Мысырға қоныс аударуына әкеліп соктырды.

Соған қарамастан мәмлүктер билігі тұсында жазылған қыршақ, оғыз диалектісінде туған түркі әдебиетінде Ислам, Шығыс гуманизмін ту еткен, көне дәүір құндылықтарын ұлықтайтын көптеген айтулы шығармалар дүниеге келді. Құтыбың «Хұсрау-Шырын» дастаны туралы зерттеушілер пікірі осыған саяды.

Қыпшақ шайырының шығармасында басты кейіпкер – парсы шаһы Хұсрау Шырынды Фархад (Науай бойынша – С. К.) секілді

36 Хұсрау-Шырын // Әдеби жәдігерлер. Т. 16. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2012. – 19 б.

сиқырлы айнадан көрмейді. Әуелі ол аян-тұс көреді. Содан соң оқымысты ұстазы Шавур түсті жорып, Хұсрау шаһзаданың түсінде көргені армян патшайымы Шырын екендігін айтЫП, оның сұлулығын сипаттап береді. Дастанның сюжеттік шиеленісуі Шавурдың армян еліне барып, Михин Бану патшайымның иелігінде Хұсраудың суретін салудан басталады. Суретті көрген Шырын Иран ханзадасына құлай ғашық болады. Шығарма оқиғалары осылайша ширығып, шытырман көріністер көбейе береді.

Шырын Хұсрау шаһтың суретін үш мәрте көреді. Бірінші ретінде Шавур суретті қызметші қыздармен серуенде жүрген Шырынның маңайына әкеліп қойып, өзі жасырынып қалады. Құтыб дастанында бұл көрініс мына жолдармен баяндалған:

... Кімнің көңілінде жар болса махабbat,
Тойлаймын, - деді соның құрметіне.
... Бір рет қарап өз келбетіне қуанып,
Әлемде бір теңім жоқ, - деп ойлад:
«Мен сияқты бір Ай бар ма?» - деп тұрды.
Қарап, кенеттен ол суретті көрді³⁷.

Шырын шаһзаданың келбетіне бір қарағаннан-ақ ғашық болады. Шавурдың айласымен осы көрініс үшінші рет қайталанған соң, армян аруы сабырдан айрылып, махабbat әүресіне түседі, өмірі көрмеген Хұсрау шаһты ойлад, сағыныштан жүдеп, «шешектей сола» бастайды. Осы арадағы Шырынның өз сұлулығына сұқтануы, Хұсраудың суретін көріп ғашық болуы және жігіттің жүзінен өз көрінің бейнесін тануы – түркілік дастандағы грек (нарцисс) үнді-қытай (сурет), араб, парсы, түрік (тұс, аян) мифтері мен аңыздық сарындардың тағы да ортақ арнада табысқа-нына күә боламыз. Төмендегі жыр тармақтары да соның дәлелі:

Осылайша көңілінде ынтызарлық орнады,
Жоқ ол суреттен өзгеге зауқы.
«Қалай табамын оны» - деп тұрды,
Көзін ашты, кенеттен ол суретті көрді.

37 Сонда, 33 б.

.. Сабыр қылмады көнілі түрді, келді,
Өз қолымен ол суретті алды.
Көріп нақыш ішінен өз көркі нышанын,
Күйдірді біржола ғашық оты жанын³⁸.

Тағдырдың жазуы – Алланың бұйрығымен, тылсыммен сырттай немесе түрақты мотивтері «Жүсіп пен Зылиха», «Ләйлі мен Мәжнүн», «Қорлы мен Зияда», «Сухейіл мен Гүлдірсін» т.б. түркі дастандарынан ұшырайтыны жоғарыда айтылды.

Құтыб жырлаған дастан түркі эпосының сарынымен мол суарылған. Осы ретте шығарма сюжетіне арқау болған эпикалық мотивтер қатарында *перзентсіздік* (бір балаға зар болу), әке мен бала арасындағы күрес, қайырымды, әділ билеуші, дүниенің жалғандығы, бас кейіпкердің немесе батырдың балалық шағы, мысттан яки жәдігөй кемпірдің айласы, аңшылық (күік аулау), эпикалық тұллар, әйелдің ақылдылығы, моногама, ғашықтардың бір молада өлуі, т.б. көне фольклор сарындарын атауға болады. Мұндағы асты сызылған сюжеттік мотивтер негізінен түркі эпостарында тұрақты орын алған. Бірақ оларда шығыс (парсы, араб) фольклоры мен әдебиетінің елеулі әсері бар. Оның жарқын ұлгілерін кемел адам, әділ патша, қайырымды қоғам, Аллаға, пайғамбарға, сахабаларға мадак, жын, пері, диюлар оқиғасы, әйл мекерлігі, ғылым-ілім үйрену, суретке ғашық болу, бал ашу, әке мен бала арасындағы күрес, т.б. мотивтерден ұшыратамыз. Мысалы, түркілердің төл эпостарында, әсіреле, жергілікті батырлық, ғашықтық жырларда мұндай сарындар аз. Дегенмен, жазба әдебиетте, әсіреле, Орта ғасырлардағы түркілік мұралардың сюжетінде әлемдік және шығыстық мотивтердің мол болуында аударма немесе нәзиралық тәсілдің зор үлесі бар.

Айталық, «Хұсрау-Шырында» Хурмуз патша бір балаға зар болады. Бұл эпизод дастанда былай суреттеледі:

Көп құрбан шалып ол шаһ Күдайдан
Тіледі бір ұл бұл жаннан артығырақ.

38 Сонда, 35 б.

Тәңріге жалбарынып қылса зары,
Ұл береді оған гаунардан таза.
Жаратқанның сый дариясынан-дүр,
Оның шамына берген мейірімнен нұр.
Мұбәрак бақты – дәulet мекені,
Жүзінен белгілі – шаһтық нышаны.
Кемелденген патшалықты көрді әкесі,
Содан соң болды Парвіз аты³⁹.

Махаббатты, Аллаға, адамға деген ұлы сезімдерді зор шабыт-пен жырлаған қыпшақ шайырларының қатарында Сәйф Сарайды атایмыз. Алтын Орда жерінде туып өсіп, өмірінің елеулі кезеңдерін Сарай шаһарында өткізген талантты шайырдың тегі Кіші жұз – Алшын руынан шыққандығы қазақ ғалымдарын да бейжай қалдырмаса керек-ті. Бұл пікірді белгілі түркітанушы Әмір Нәжіп те жазған. Ал Сәйф Сарайдің өзі сегіз ақынмен мүшәйраға түскен уақытта замандасты, әрі жерлесі Ахмед Хожа әс-Сарайи атты шайырға қайырған жауап-ғазалында:

Аузы – фәстүк, көркү – таңсық, өзі мәшфик йар ирер,
Хұснинің жавы Xота [н] уә Шын ішінде бар ирер.

Асылы – Алшын, сөзлері – шын, көзлері татар ирер,

Мың йашар дудағы шәрбатын татар ирер⁴⁰, - деп Сарай төңірегінде, қазіргі Астрахан маңында құні бүтінге шейін өмір сүріп жатқан қандастарын мензегені шүбесіз. «Алшының» мағынасын түсінбеген татар ғалымдары оны «лашын», яғни орынша «соколиный род» деп тәржимелегенін де көрдік. Жоғарыдағы үзіндіден қыпшақ шайырының түркі, парсы, араб тілдерінің тылсым сырларын терең менгерген өте дарынды ақын екендігін байқау қыын емес. Қыпшақ қаламгері ішкі үйқастарды құруда омонимдік сөздерді кеңінен қолданады. Осындағы поэтикалық стиль, күрделі метафоралар, ғажайып үнді, ырғакты поэзия үлгілерін С. Сарайи мұрасынан мол кездестіресіз. Ақын шығарма-

39 Сонда, 20 б.

40 Сарай Сәйф. Гөлестан. Лирика. Дастан. – Казан: Татар. кит. нәшр., 1999. – 254 б.

шылығы біздің заманымызға түгел жеткен жоқ. Әйтсе де оның Сағидден аударған «Түркіше Гүлстаны», «Сухейл мен Гүлдірсін» поэмасы және лирикалық өлеңдерінің сұлулығы Сәйфіт Алтын Орда дәуіріндегі түркі-қыпшақ әдебиетінің классигі ретінде тануға толық мүмкіндік береді.

Орта ғасырдың өзге түркі шайырлары сияқты С. Сарайи шығармаларының да басты тақырыбы – Алланың барлығы мен бірлігі, Жаратушыға деген асқақ та астарлы сезім, ғылым-білім мен өнер, үрпақ тәрбиесі, жалпыадамзаттық гуманизм идеяларын жырлаумен ерекшеленеді. Шайыр поэзиясында Шығыс классиктерінің хикметтері, хадистер, танымдық-эстетикалық аңыз-хикаялар, мәңгі өлмес ғашықтардың тағдырына айрықша көңіл бөлінген. Шындығында, Сарайи қанатты сөздерді халық мақалдары мен мәттелдерін жиі әрі орынды қолдана біletін данагей ақын. Кейбір айшықты сөз орамдарын шайырдың өзі шығаруы әбден мүмкін. Қыпшақ ақынының хәкімдік қасиеттері Абай мұрасымен мәндес, мұраттас келуі де көз куантарлық құбылыс. Мысалы, шайыр:

Жәдігерге қалса кімнен игі ат –

Өлмес ол ер, кімде болса бұ сипат.

Немесе:

Кәміл ер ғайып естімес, өнер көздер,

Ғайбатшы өнер көздел, ғайыбын көрер⁴¹.

(Автордың аудармасы)

«Өзі өлсе де өлер ме ойландаршы, // Өлмейтуғын соңына сөз қалдырған» деп жырлаған ақын Абайда осы текстес даналық іірімдері аз ұшыраспайды.

Белгілі деректерге сүйенсек, С. Сарайи түркі әдебиетінде тарихи поэма (дастан) жазған тұңғыш қаламгер. Шайырдың 1394 жылы қағазға түсірілген. «Сухейл уә Гүлдірсін» атты туындысы осыған дәлел. Кейбір халық ақыздарына қарағанда поэмалық бас кейіпкерлері Сухейл – Токтамыс ханның ұлы да, Гүлдірсін – Ақсақ Темірдің қызы. Ресейдің Челябі қаласының маңында «Темірлан мұнарасы» атты белгілі ескерткіш және осы аттас бекет те бар. Осы

41 Сонда, 246 б.

төңіректе Ақсақ Темірдің қызының бейіті сақталғаны туралы да мәліметтер кездеседі. Сол дәуірдің осыған ұқсас Әмір Темір қызының трагедиясы жаңындағы тарихи аңыздар «Қобыланды батыр» эпосында көрнекті із қалдырған. Дастан оқиғаларының тарихилытын автор өз туындысының алғашқы тармағында-ақ еске салады:

Емес әфсанा, шын үшбу бітілміс,
Бұл шын, әфсанадай ғашықтық айтылмыш.
Айттым жылап дәуірімнің жапасын,
Бір ердің қиссасы – азапты опасын.
Темір Үргенішке тартып келді ләшкер.
Көріп көз көр болып, қалды құлақ кер...⁴²

Баяндау динамикасы жылдам әрі екпінді, реальді оқиғаларды қысқа қайырыммен сипаттайтын кіріспе – экспозициялық бөлімде күзгі қара сүйкета тұтқыылдан басқан Темір әскерінің жойқын да рахымсыз әрекеті көрініс тапқан. Бүкіл даланы топан басып, қан судай ағады, егіншілердің үйлері отқа жағылып, бидай алқаптары ат тұяғының астында тапталып, ойран-ботқасы шығады... Ендігі бір кезекте – сұрапыл шайқаста Алтын Орда ханының өзі де ажал құшып, ханның ұлы әлде бас батыры тұтқынға алынады:

Қатты соғыста өліп Тоқтамыс хан,
Тірі айрылды туғаннан туысқан.
Сухейл алыпты тұтқынға алыпты,
Һәммесі бұл іске шарасыз бол қалыпты⁴³.

Темір тұтқынында – зынданда жатып қыпшақ батыры түс көреді. Түсінде әлдебір пері сипатты сұлу қызбен бақ ішінде жолығысып қалады да, оның есімін сұрайды. Бірақ қыз жауап бермей, тұз тағысындаі селк етіп қаша жөнеледі. Жігіт шұқырға құлап түседі. Ишіне бір от түскендей хал кешіреді.

Сухейлді шаһ алдына әкелгенде оны Гүлдірсін сұлу көріп қалған екен. Осыдан кейін қыз серуенді доғарып, Сухейлді ойлас,

42 Сонда, 276 б.

43 Сонда, 276 б.

мазасы кетеді. Сарайи поэмасындағы төмендегі өлең жолдары қыпшақ шайырының лирикалық шеберлігімен қатар, интеллектуальдік биіктігін һәм ғалымдығын айқын аңғартады:

Сухейлді көрді де, айналды бірдей,
Күн орбитасында айналған жердей.
Өзін ғұл білді, бұлбұл Сухейлді,
Оны сүйді де байлады пейілді⁴⁴.

Бір ғажабы, жердің күнді айналатынын Алтын Орда зияллылары Коперник пен Брунодан 100-200 жылдар бұрын білген. Темірлан қызының Сухейлді көріп, ғашықтықтан бас айналған сәтін Сарайи сәтті пайдаланып, осы бір қайталанбас образ-метафораларға кезек берген. Бұдан басқа жерде қыпшақ шайыры көбінше түркі және Шығыс әдебиеті мен фольклорында бұрыннан қалыптасқан тұрақты эпитет, метафора, теңеулерді, символ, тұспал, шендерестірulerді және тұрақты ғашықтық мотивтерін орынды қолдана білгенін байқаймыз.

Бұрынғы Шығыс классиктерінің дастандары сияқты Сухейлдің тұсі де ғашықтардың маңдайына жазылған тағдырына айналады. Шаһтың қызы Гүлдірсін күзетшіні дәрімен ұйықтастып, Сухейлді зынданнан құтқарып алады. Алайда, ажалдан араса таппайды. Шөл далада әбден әлсіреген, шөлдеп, қарны ашқан Гүлдірсінді бір жерге қалдырып, жігіт су іздел кетеді. Қайтып оралған Сухейл сүйген қызының бақылық болғанын көреді. Одан арғы қос ғашықтың тағдырын Сарайи былай сипаттайды:

«Маған жақсы, - деді, - жармен бірге өлмек,
Не керек қайғы-дертпен дүниеде журмек».
Сол сөзді айтты – қанжар ұрды өзіне,
Көрінбей қалды кең жаһан көзіне⁴⁵.

Дастан соңында: «Болар біттігім тарихқа жәдігер, // Бұ жазғанымда жалған жоқ, шын көр», - деген жыр жолдары арқылы

44 Соңда, 280 б.

45 Соңда, 282 б.

қыпшақ ақыны шығарма сюжетінің шынайы оқиғаға құрылғанын тағы бір ойға салады. Расында, Сарайи туындысы жазылған уақытта (1394 ж.) Ақсақ Темір мен Тоқтамыс хан арасында өткен сұрапыл шайқастарға 5-6 жыл ғана мезгіл өткен-ді. Бұл кезде тарихи оқиғалардың ізі әлі де сүй қоймаганы анық.

Десе де, мұнда Орта ғасырлық ғашықтық дастандарға тән тұрақты сарындар жетерлік. Ал Гүлдірсіннің Сухейлді зынданнан босатуы – түркі эпосында жіңіш ұшырасатын «батырды жау қызының құтқаруы» сарынымен ұштасып жатыр. Бір назар аударарлық жайт, Сарайи поэмасы тарихи табиғатын танытумен бірге, бағзы ғашықтар хикаяларын, классикалық дастандарға алтын арқау болған өлмес образдар мен аңызға айналған кейіпкерлер есімін құрметпен еске алуды ұмытпаған.

Мысалы:

Сухейлдің сұлулығы Жұсіптен де ары,
Сүрінтер алманы жузінің алы.
Ғажап қылықты, сөздері шырын,
Ынтызар болар оны көрсе Шырын.

Немесе:

Көңіліме келіп Мәжнұн, Ләйлі аттары,
Дәптердің үстіне сөз селі аққаны⁴⁶.

Түркі ғашықтық дастанарының типологиялық ұқсастық, ерекшеліктерін танытатын мұндай көрініс, көне сарындар шатын шығарманың өнене бойынан табылады. Сондай ғашықтық мотивтердің бірі – Сухейл мен Гүлдірсіннің бір-бірі үшін құрбан-дыққа барып, бір молаға көмілуі дер едік.

«Ғашығымен бір молада өлу» сарыны Шығыстың мұсылман-дық әдебиетінде көбінесе, Ләйлі мен Мәжнұн атымен байланысты шыққандығы мәлім. Оның бір айғағы Физули Бағдадидің қос мұндыққа арнаған ғашықтық дастанында көрініс тапты. Шығарма соңында Ләйлі қабірінің басында зар еніреп, жоқтау айтқан Мәжнұннің ұзақ та қайғылы сөздерінің ақырыбы лайша біткен:

46 Бұл да сонда: 277, 283 бб.

Деме сен, «өліп қалдым, сен менен қаш»,
Айтқаның рас болса, қабірінді аш!
Жаталық бір орында құшақтасып,
Болсақ та мен – киімшеш, сен – жалаңаш.
Жіберді сол қабірді тәнірім жауып,
Ләйліні құшақтады Мәжнүн барып.
Қайтадан қалыбына түсті сандық,
Қосылды осылайша екі ғаріп.
Қабірдің Зәйіт-тағы басында еді,
Кете алмай жолдасының қасында еді.
Жалғаннан сөйтіп өтті Ләйлі, Мәжнүн,
Сол жылы дәл он алты жасында еді⁴⁷.

Ғашығының қабіріне барып өлу сарыны Құтыбытың «Хұсрау-Шырын» дастанында кең көрініс тапқан. Иран шаһы Шырын сұлуғта ұзак уақыт бойы қол жеткізе алмайды. Қос ғашық көптеген ауыр сынақтардан өтеді. Дастан композициясы түркі эпосының байырғы стиліне бағындырылғаны байқалады. Мұнда «Оғыз қаған», «Алпамыс» жырларымен бірге «Шаһнама» дастанының да елеулі әсері бар. Құтыб шығармасындағы Шырын образы қазақ эпостарындағы Ақжұніс, Құртқа, Қарлыға, Гүлбаршын бейнерлерін еске түсіретіндей.

Мысалы, Шырын балтаған қос сәйгүлік – «Қобыланды батыр» жырындағы Тайбурыл мен Торы атқа ұқсас. Шырын әркез Хұсрау шаһқа ақыл-кеңес беріп, қысылтаяң сәттерде жігерлендіріп, қолтығынан демеп отырады. Қыздың даналығы ханзаданың әкесі Хурмұз патша өліп, Баһрам Шөбине Хұсрауды биліктен аластатқан мезгілде айқын көрініс береді. Ғашықтықтан басы айналып, сезім құмарлығына берілген ханзада тек Шырынның қанатты сөздерінен кейін қайраттанып, Иран елінің билігін қайта қолына алады. Дастанда бұл эпизодқа қатысты мынадай жыр жолдары бар:

Алдымен патшалықты хасыл еткіл,
Бұл істі таста, тұр, тез кеткіл...

47 Құдайбердиев Ш. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. Құраст. М. Жармұхамедов, т.б. – Алматы: Жазушы, 1988. – 396 б.

Қашан бақыт пен тәж қолыңа кіргей,
Барлық мұратынды Тәнрі саған бергей.
Алдымен дәulet тіле, ал мен,
Қолыңа түссе, мен осындамын.
Есітпеймін бұл жолда еш сөзінді,
Қашан дәuletтепен көрсем жүзінді.
... Керек емес маған мұнда қалсан,
Әкеңнің тақ пен тәжін желге ұшырсаң.
Егер шаһтыққа қайтадан жетсең сен,
Дариға, мен қасында болмағаймын!
Жігітсің, шаһтық ету бар басында,
Қатулан, әлсіз болма, өз ісінде.
Қылыш қолға ал, Ҳақ жәрдем бергей,
Көп ел көңлін саған қарай бұргай⁴⁸.

Ғашық жарының осы сөздерінен намысы оянып, қайратына мінген Хұсрау Рим патшасынан көмекке әскер алып, Банрамды жеңеді, патшалық тағына қол жеткізеді. Алайда, Шырыннан алыстауға мәжбүр болады. Себебі, Хұсрау Рим патшасымен одақтасу барысында дәстүр бойынша Қайсаңдың қызы – Мәриамға үйленеді. Дастанда түркі эпосындағы моногама салты берік сақталады. Қазақ батырлары да ерекше жағдайларда болмаса, негізінен бір әйел алумен шектеліп отырады. Көп әйел алу дәстүрі Ислам діні толық ұstemдік құрған кейінгі кезеңдерден бастау алғанға ұқсайды. Сірә, «аға өлсе іні мұра, іні өлсе, аға мұра» дейтін түркілік салттың да, «Қатын өлді, қамшының сабы сыңды» деп мәтелдейтін дала қағидасының да көп әйел алу (полигамия) заңына тікелей қатысы болмаса керек. Сол түркілік дәстүр бойынша Хұсрау Мәриям қаза болғаннан кейінғана Шырынға үйленуге мүмкіндік алады. Шырын мінезі «Қобыландыдағы» Қарлыға мен Құртқаның қасиеттерін жинақтаған. Оның «Шәбдізі» - Құртқа баққан Бурыл ат сияқты Хұсрау шаһтың сенімді серігі. Бұл – түркі фольклорынан аудысқан эпикалық түлпар, «батырға лайық ат» сарыны. Армян ханшайымы

48 Хұсрау – Шырын. Әдеби жәдігерлер. Т. 16. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2012. – 84 б.

Хұсрау шаһтың барша жақсылығы мен жамандығына, түрлі қателіктері мен опасыздығына төзім, асқан сабырлылық танытады. Ақырында өзінің ақылы мен адалдығының арқасында ғашығымен қосылып, мұратына жетеді. Шырынның бұл әрекеттері, ақыл-көркі мен батылдығы Қобыланды жолына бар ғұмырын арнаған Қарлыға сұлу бейнесін елестетеді.

Жалпы, Орта ғасырдағы қыпшақ поэзиясында қоғамдағы әйел затының рөліне айрықша мән берген және олардың адами тұлғасын барынша жоғары көтере, кемелдендіре суреттейді. Құтыбы шығармасында әйелдер образы: Шырын, Шекер, Мәриям, Михин Бану сынды арулардың өмірлік ұстанымдары, мінез-құлық психологиясы, адамдармен қарым-қатынасы, сезім құбылыстары өзгелерге қарағанда анағұрлым терең және жан-жақты ашылған. Қыпшақ шайырының шығармасында бейнеленген төрт әйелдің мінезі де, өмірлік тағдыры да, адами ұстанымдары да турліше болып келеді. Бұлардан басқа Шырынның кәнизектері, өзі асырап алған кәрі кемпір, мыстан секілді кейіпкерлер епизодтық көрініс береді.

Шырынның ақылы мен айласы дастанның барлық тарауларында айқын аңғарылып отырады. Арудың аузынан бал тамызған Құтыб Шырынға небір ғажап метафоралар, астарлау, шендестіру, теңеулерге толы қанатты, ғибратты, тәлімді лебіздерді айтқызады. Мәні терең халық мақалдары да, Құтыбының өзі шығаруы мүмкін хикметі мол даналық сөздері де көктен дүр шашылғандай тоқтаусыз төгіледі. Туркі-қыпشاқ шайырларының шығармалары негізінде ілгеріде белгілі түркітанушы, профессор Ә. Құрышжанов «Аталар сөзі» атты бір том көлеміндегі даналық сөздер жинағын шығарғаны белгілі.

Шырындай сұлудың ақылдылығы, жарға деген адалдығы дастанның соңында – қос ғашық қаза болған соң да жырланады. Дастан сюжеті бойынша Хұсрау шаһты өзінің алғашқы әйелі Мәриямнан туған ұлы Ширугя опасыздықпен өлтіреді. Бұл эпизодта Иран әдебиетінде, әсіресе, «Шаһнама» дастанында негізгі сарындардың бірі болып табылатын «Әке мен бала арасындағы курсес» немесе «Патша баласының әкесін өлтіруі» сияқты көне әрі көшпелі мотив орын алған. Фирдауси дастанындағы Рустемнің Сухрабты

өлтіріуі яки Сияуыш пен әкесінің арасындағы қақтығыстар Шығыс әдебиетінде елеулі із қалдырганы мәлім. Хұсрау шаһтың өзі де жас күнінде Сияуыш сияқты әкесінің қаһарына ұшырап өзге елге қашып кетеді. «Патша ұлының өгей шешесіне көз салуы» немесе керісінше әрекеткө құрылған Шығыс сюжеттері де аз емес. Нактырақ айтсақ, Шируяның әкесін өлтіріп, Хұсрау шаһтың тағына отыруы мен Шырынға сөз салуы – ежелгі үнді, иран, араб аңыздарына орайластырыла құрылған дәстүрлі сюжет дейміз.

Қыпшақ шайыры Шырын сұлудың ғашық жары Хұсрау шаһтың табытына келіп жоқтау айтқан сәттерін, оның өлімге белін буып, бақи сапарына жасаған дайындығын да көркем айшықтайды:

Патша табыты – күмбезге жетті,
Кіргізді, елге кешірім айтты.
Белін байлады құлдықса Шырын,
Айтты: «Тұрсын бектер барша сыртта.
Шығарды елді, есік байлады берік,
Сол кезде алды қолға қанжарды тәрік.
Ашып жарасын шаһтың ол толған ай,
Сүйіп байлады солай өлуге шешім.
Шаһтың жарасы қандай болса,
Шаһ денесін қанменен жуды,
Екінші қанға былғанды денесі⁴⁹.

Шырын осылайша ғашығы үшін жанын құрбан етіп, Хұсрау шаһпен бірге жер қойнына беріледі. Құтыб дастанындағы қос ғашықтың тағдыры қазақтың атақты махабbat жырының бас кейіпкерлері – Қозы мен Баянның өліміне көбірек үқсайды. Қене замандарда туған жырдың сюжеттік шешімі бойынша Баян сұлу да махаббатын жоқтап, Қозы Көрпеш моласына келіп, өз жүргегіне ажал қанжарын қадаған-ды⁵⁰.

Шайыр Шырынды ерекше жақсы көреді, армян ханшайымы на Құтыбытың өзі де ғашық. Ол Шырынның тамаша образын жа-

49 Сонда, 213 б.

50 Бабалар сөзі. Ғашықтық жырлар. Т. 53. – Астана: «Фолиант» баспасы, 2005.

сай отырып, осындаій дана әйелдің иғі істерін кейінгі үрпаққа, қыпшақ қыздарына ұлгі етеді:

Осындаій уәжіп ол ғашық өлсе,
Жанын жанға беріп бірге болса.
Ақыры барша әйел ме білмес ерлік,
Әйел сол болар – одан келмес ерлік.
Көп әйелдің ерден артығы бар,
Жерін тапса жұз ердің ісін істер⁵¹.

Түркі қыздарының қоғамдағы қызметін, қыпшақ әйелдерінің ақылдылығы мен адалдығы басқа ғашықтық дастандарда да жоғары бағаланған. Мұны біз Хорезми, Сарайи туындыларынан да көре аламыз. «Сүхейл мен Гүлдірсін» поэмасында мынадай жыр жолдары осы пікірімізді айғақтайды:

Қатын – досың, оны сүй де, көніл бер,
Оның сөз кенішінен гауһарларын тер⁵².

Ананы, қызды құрметтеу, ақылды жардың мерейін көтеру, әйелдің көшпелілер әлеміндегі жауапты да қызын қызметін жырға қосу – қыпшақ әдебиетіндегі көне сарындардың бірі.

Жоғарыда қарастырылған «ғашықтардың бір молада өлу» сарыны XVI ғасырда өмір сүрген шайыр, тарихшы, ғалым әрі мемлекет қайраткері Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Жаһаннаме» дастанында да ұшырасады. Негізінде М. Дулатидің аталған туындысы кейінгі жылдарға дейін ғылыми қауым назарынан тыс қалып келді. Түркі шайырының 1530 жылдары Моголстанда қанат жайған көне шағатай тілінде жазылған бұл дастаны профессор Ә. Дербісәлінің тәржімесімен 2006 жылы жеке кітап ретінде жарық көрді. Сондай-ақ 2011 жылы «Әдеби жәдігерлер» 20 томдық топтамасының 13-томына еніп, көпшілік оқырманға жол тарт-

51 Сәйф Сараи. Гөлестан. Лирика. Дастан. – Казан: Татар. Кит. нәшр., 1999. – 283 б.

52 Бұл да сонда.

ты. Бұл орайда ақын шығармашылығын ұзақ жыл зерттеген Әб-саттар қажының еңбегі мол.

«Жаһаннаме» дастаны – ғашықтық сюжетке құрылған клас-сикалық шығарма. М. Дулати өз замандастары сияқты Орта ға-сырда қалыптасқан Ислам мәдениетіне сүйенген әдеби норманы қатаң ұстанған. Зерттеушінің: «Ежелгі мұсылман Шығысы әде-биетінде кейбір көркем дүниелер әдette «хамд» - мақтау, «му-наҗат» - мінәжат, «нағт» - теңеу (эпитет), «мадх» - мадақ және «сабаби назми китаб» - кітаптың жазылу себебі іспетті шартты бөлімдерден тұрады. «Жаһаннамеде» осы қағида бұзылмаған», - деген пайымдауы соған мензейді. Эйткенмен, дастанда түркі поэзиясы мен фольклорына тән стильдік белгілер өте көп. Мы-салы, Самин шаһарының билеушісі Шаһсауар патшаның жасы 200-ге жетсе де бір ұлға зар болып, қайғы шегеді. Патша дала кезіп, әулиелердің мазарын зиарат етіп, Құдайдан перзент бе-руді тілейді. Ақыры Алланың мейірі түсіп, ұлды болады. Ұлан – асыр той өткізіп, құлдарды азат етіп, есімін Фируз шаһ деп қоя-ды. Жас ханзаданың дүниеге келуі, кәмелетке толғанға дейінгі өмірі қазақ эпосындағы Алпамыс, Қобыланды, батырлардың әрекетінен үйлесіп жатыр:

Кейде құс ұстамақ, кейде ауламақ,
Киік атпақ, тұлқі қуаламақ.
Тұн болса ойын-сауықпен әуре,
Достарының бәрі сұңғақ ұнамды⁵³.

Батырлық эпостарда бас кейіпкердің келесі әрекеті «қалың-дығын іздеу немесе жар таңдау» сарынымен байланысты бола-тыны белгілі. Қобыландының Құртқаны, Алпамыстың Гүлбар-шынды іздең жорыққа аттануы секілді ғашықтық дастандардың кейіпкерлері де өзіне лайықты жар іздең, алыс сапарға шығады. Бірақ соңғыларда таңдау құқы жоқ. Классикалық дастаның бас қаһармандары өз гашығын суреттен, айнадан, не болмаса түсін-де көреді. Көбінесе, екі жастың махаббаты Алланың бүйріғы,

53 М.Х. Дулати. Жаһаннаме. // Әдеби жәдігерлер. Т. 13. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2011. – 327 б.

Құдайдың құдіретімен пешенесіне жазылған тағдыры іспетті. Естерінен тана, бірін-бірі құлай сүйетін ғашықтардың қосылуы не қосылмауы да тылсым күштер мен Көк Тәңірінің еншісінде.

Әдеттегідей, «Жаһаннаме» дастанының бас кейіпкері де түсінде ғашық болады. Бірақ Фируз шаһтың ғашығы – перінің қызы Назбойды табуда сюжеттік арқау ретінде «Киелі киіктің ізіне еру» мотиві басты мәнгे ие. Киіктің ізіне еру, киіктің адамға айналуы сынды мифтік, тотемдік көне сарындар «Мың бір тұн» қыссаларында, парсы, түркі фольклорында жиі ұшырайтын ертеғілік мотив. Осы сарынның белгілері қазақтың «Күн астындағы Күнікей қызы», «Алтын мүйізді киік» ертегілерінде сақталған. XIX ғасырдың екінші жартысында ғұмыр кешкен қазақ ақыны Әріп Тәңірбергенұлы жырлаған «Бәһрам» дастанында «Жаһаннамедегі» секілді ғашықтардың тағдыры осы «Киіктің ізіне еру» мотиві арқылы шешімін табады.

М. Х. Дулати дастанының сюжеті бойынша Фируз шаһ көнілін көтеру үшін көп әскермен киік аулауга шығады. Қоршауга түсken киіктердің бірі шаһзаданың жанынан тоқтамай өте шығады. Жігіт сол киіктің ізінен қуып, жапан түздегі жан баспаған өніріге – перілер патшалығына келеді. Қысқасы, Фируз шаһ перілер патшасы Тәж Бақыттың қызы - өзі түсінде көрген Назбой сұлумен танысады. Жігіт пері қызының бірнеше шартын орындаған соң онымен қауышып, той жасап, бастарын қосады. Бақытты өмір сүрген олардың Фаррух Сауар атты ұлдары болады. Дастан сюжеттерінің шарықтау шегінде Назбой сұлудың кенеттен жүргегі жарылып, қаза табуына күә боламыз. Ғашық жарының қайғы-қасіретін жұтып, қосағын ізден, сағына зар илеген Фируз шаһ тағы да әдепкідей аң аулауга шығып, баяғы киіктің ізіне ереді. Киелі киік оны перілер зиратына – зайыбы Назбой сұлудың моласына алып келеді. Оның бұл жерге келгенін ешкім де сезбейді. Алайда жан-жағы тегістеп бекітілген мазарға Фируз шаһ кіре алмайды. Сол арада Құдайға мінәжат етіп, сүйгенімен бірге болуды зар еніреп тілейді:

... Қамқорлық ет, ей, мейірімді құдіретті!
Бір передеде жармен бірге.

Басайын дағы, көрмей жаһан мекнатын,
Айрылудың жаман мұң қасіретін.
Осылай жалынышпен наалалы болып,
Көзі көңілі өксік пен қүйіктे болып.
Өтініп басын жерге қойған соң,
Жалыныш отымен бірге қүйген соң,
Игі жауап есігін ашып Тәңірісі,
Сырып отыр еді пердені пердеші.
Шығып переден бір қол шаһты,
Алып барды өзіне шын досты.
Ешкім білмеді, [ол] қайда кетті,
Тастап бос үй жай, мекенін кетті⁵⁴.

Сөйтіп, Ләйлі мен Мәжнүнге ұқсан Фируз шаһ пен Назбой сұлу да екі дүниеде бір болуды қалап, ғашықтық мұратына жетіп тынады.

Орта ғасырлық түркі-қыпшақ дастандарының оқиғалары негізінен ғашықтық тақырыбына құрылған. Олардың сюжеттік мотивтері ежелгі Шығыста кең тараған мифтік, аңыздық және діни сарындардан бастау алатынын байқаймыз. Олардың мазмұнынан кейде ертегілік, не болмаса тарихи сюжеттердің сұлбасы да көрініс беретіні бар. Хұсрау, Баһрам Шөбине, Сухейл сияқты тарихи кейіпкерлердің кездесуі осындай ойға жетелейді. Орта ғасырлық туындыларда Алтынорда, Мәуренәһр, Хорезм елдерінде өткен тарихи оқиғалардың ізі сақталған. Десек те ғашықтық дастандардың стиль, образ жасау түрғысынан ілгергі «Қисса Жусіп», «Ләйлі мен Мәжнүн» секілді класикалық шығармалардан көп тәлім алғандығы айқын сезіледі. «Суретін көріп ғашық болу», «түсте көру», «ғашығымен бір молада өлу», «туа ғашық болу», «пері қызына үйлену», «ғашықтық дертіне шалдығу», «махаббат азабын шегу», «сүйгенін сарыла күту», «ғашықтық хат жазу», «сүйгенін іздел алыс сапарға аттану» т.б. мотивтер орта ғасыр дастандарының барлығында дерлік кездесе беретін тұрақты сарындар десек, қателеспейміз. Бұл қатардағы ғашықтық мо-

54 М.Х. Дулати. Жаһаннаме. // Әдеби жәдігерлер. Т. 13. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2011. – 327-6.

тивтердің арасында «ғашығын айнадан көру», «өз-өзіне сұқта-ну», «Алланың, пайғамбарлардың немесе жәбіреіл періштенің аян беруі» сынды байырғы мифтік және діни сарындар ерекше сипатқа ие. Сондай-ақ, ғашықтардың досы яки оларды жақтаушы сенімді серіктегі туралы сюжеттер де түрлі көне сарындармен араласа келіп, махабbat дастандарының оқиғасын қызықтыра түседі. «Мың бір тұн», «Тотынама» сияқты Шығыс өртегілерінен енген мотивтер де түркі-қыпшақ дастандарында жиі ұшырайтын дәстүрлі сарындарға жатады. Қысқасы, Орта ғасырда туған түркі әдеби шығармаларындағы ғашықтық сюжеттері халықтың төл ауыз әдебиетімен қатар, бұрынғы кітапи сарындардан, көрші елдердің жазба классикалық мұралары мен кейінгі ислами мотивтерден рухани нәр алып, толығып, айшықтала түскенін аңғарамыз. Демек, алдағы уақытта түркі-қыпшақ әдебиетіндегі тарихи-типология мәселелерін өзге де аспектілері бойынша қарастыру жөн деп ойлаймыз.

ОРТА ҒАСЫР ТҮРКІЛЕРІ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ БЕЙНЕЛЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ

Ертедегі сақ, ғұн, түркілер дәуірінен бастау алатын ежелгі әдебиетіміздің арналары ғасырдан-ғасырға қаймағы бұзылмай келе жатқан руханият қазынасы. Ежелгі түркі дәуірінің әдебиеті тарихын зертте, зерделеуде, әлемдік деңгейдегі шығыстапнушы ғалымдар В. Бартольд, Л. Гумилев, С. Малов, Е. Э. Бертельс, В. Жирмунский, В. Пропп, В. Брагинский, И. Стеблева сияқты ғалымдар бастаған іргелі көш ұлттық әдебиеттану ғылыми саласында XX ғасырдың 60 жылдарында – Кеңес дәуірі түсінде да көшелі ізін тапты. Соның ішінде ұлттық әдебиеттің тарихы мен оның құндылықтарын терен танып білуде қалам тербекен белгілі фольклортанушы, түркітанушылар мен әдебиет зерттеушілері М. Әуезов, Ә. Марғұлан, Б. Кенжебаев, Ә. Қоңыратбаев, Қ. Сыдықов, Р. Бердібаев, Н. Келімбетов, Х. Сүйінішәлиев, А. Қыраубаева, М. Жолдасбеков, С. Қасқабасов, А. Егеубаев, Ә. Дербісәлин, М. Мағауин т.б. ғалым-жазушылардың ғылыми-тәнімдүк еңбектері мен монографиялық зерттеулеріне сүйенетініміз шындық. Тарихтың бел-белестерін, ескі ұғымдар мен салттардың көріністерін, адам мен табиғаттың болмысын, адамдардың қоғам туралы түсінігін ерекше тәсілмен баяндайтын фольклор мұралары мен әдеби жәдігерлерді зерттеу нысанына айналдыра отырып ғылыми пайымдаулар жасауға болады. Түркі тілдес халықтар арасындағы осындағы сабактастықтарды қазақ-қырғыз, ұйғыр, әзіrbайжан, өзбек, қарақалпақ, түркімен әдебиеті мен тәжік-парсы мәдениетін салыстыра зерттеген кезде анықтай аламыз.

Түркі халықтарының әдебиет тарихы сонау ерте ғасырлардан басталады. Алайда, ежелгі және орта ғасырлар дәуірі әдебиеті төңірегіндегі ғылыми айтыс-тартыстар мен сан қылы пікірлер еш толастаған емес. XY–XVIII ғасырларда өмір сүрген түркілік мәдениет пен әдебиеттің төрінде мақтанышпен аталағын Әлішер Науай, Шейх Құсайн Мәулана Атаи, Отыз Имани Әл-Булғари секілді ақын-шайырлардың әдеби мұралары әлі де терең зерттеулерді қажет етеді. Осы кезенде өмір сүрген күллі түркі халық-

тарына ортақ ақын-шайырлардың қалдырыған әдеби мұралары типологиялық түрғыдан талдау оң нәтиже берері анық.

Түркі халықтары, соның ішінде қазақ әдебиеті тарихының көп ғасырлар бойғы дамуын дәуірлегендеге әр кезеңнің өзіне тән белгілері мен жанрлық, тұлғалық қасиеттерін, көркемдік ерекшеліктерін анықтап алу қажет. Белгілі әдебиет зерттеуші ғалым Б. Кенжебаев: «Қазақ халқының бұрын-сонды әдебиетінің тарихын тәмендергі кезеңдерге жіктеп, 1) Ежелгі әдебиет (VI-XV ғасырлар) арасын қамтиды. Ертедегі түркі ру-тайпаларымен бірге жасалған ортақ әдебиет. 2) Қазақ хандығы дәүіріндегі (XV-XIX ғасырлар) арасы, қазақтың өзіндік төл әдебиеті. 3) Қазақтың XIX ғасырдағы сыншыл, реалистік әдебиеті. 4) Қазақтың XX ғасыр басындағы ағартушылық әдебиеті. 5) XX ғасырдағы Ұлы Қазан төңкерісінен басталатын Кеңестік әдебиеті»¹, – деп жүйелеп қарастырғандығын біз қазақ әдебиеті тарихынан жақсы білеміз. Қөптеген зерттеушілер ежелгі дәуір әдебиеті тарихындағы XIII-XV ғасыр кезеңдерін Алтын Орда дәуірі немесе ортағасырлық кезең деп атап жүр. Бұны әдебиет тарихын зерттеуші ғалым Н. Келімбетов: «Бұл кезең әдебиет тарихында Алтын Орда-Хорезм дәуірі деп аталады, алайда аталған дәуірдегі туындылар жалпы түркі әдеби тілінің (шағатай-қыпшақ диалектісінде) жазылған»², – деп өзінше пайымдайды. Осы ортағасыр кезеңінде, яғни, Алтын Орда дәуірі тұсында түркі халықтарынан шыққан дана ойшылдар мен ғұлама ғалымдар аз болған жоқ.

Көне түркі халықтарының ішінде, қазақ әдебиетінің қалыптастыруна ертедегі VI-VII ғ.ғ сақ, ғұн, үйсін, қанұлғы тайпаларының мәдениеті және ортағасырлық мемлекеттер тұсындағы қарлұқ, оғыз, қыпшақ тайпаларының әдеби жазба мұралары негіз болды.

Орта ғасырларда әдеби мұраларын араб, парсы, түркі тілдерінде жазып түркілік әдебиетке бастау бұлақ болған: Ә. Фердоуси, С. Сарай, Рабғузи, Сакаки, Жәми, Рудаки, Ж. Баласагұн, М. Қашқари, А. Иүтінеки, Қ.А. Йасауи т.б., шығармалары арқау бола алады. Одан әрі XV-XVIII ғасырларға жалғасқан есім-

1 Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. – Алматы: Ғылым. – 1986. – 7, 8 бб.

2 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Ана тілі. – 1991. – 10 б.

дері әлем жұртшылығына мәшһүр Заһерредин Мұхаммед Ба-
быр, М. Атаи, Э. Науай, М.Х. Дулати, О. Имани әл-Булғари т.б.,
ақын-шайырлар болды.

Шығыстанушы орыс ғалымы В.И. Брагинский: «Әлемдік әде-
биетті зерттеу процесіндегі әлемдік әдебиет типологиясының
мәселелерін жете зерделеу, соған қоса, отандық әдебиеттану ғы-
лымының соңғы онжылдығында анықталған жетістіктері этни-
калық, аймақтық, территориялық бағыттағы түрлі зерттеулер
арқылы ерекше мәнге ие», – деп көрсетеді³. Ғалым атап отыр-
ғандай, типология мәселелері орта ғасыр дәүірі әдебиетінде эт-
никалық, территориялық, ұлыстық және рулық тұастықта да-
мығандығы айрықша көрінеді. Алайда, қандай да ұлыс болсын,
қандай да аймақ болсын олардың ғылымы мен мәдениеті, әде-
биеті бір-бірімен өзара рухани байланыста өркендер отырды.
Мысал, парсылар арабтарға, арабтар түркіге, түркілер славян халықтарына септігін тигізіп, алға қарай дамыды.

Жалпы алғанда, ертедегі парсы-туркі әдебиеті тарихындағы ақын-шайырлардың, әсіресе, шығыстық сарындағы Э. Жәми, Низами, Фзули, Хафиз, Э. Фердоуси, Рудаки, Омар Хаям, Лутфи т.б., ізін жалғастырган шығыстық шайырлары М. Атаи, Э. Науай, О. Имани сынды жекелеген авторлардың әдеби мұраларында өзара ұқсастық болғанымен, алған бағыттары сан та-
раулы жолмен өрбіп отырады.

Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуші ғалым, профессор Х. Сүйінішәлиев: «Қазақ мәдениетінің сонау көне заманнан бері жасап келе жатқан халықтық туындылары аз емес. Сан-салалы өлең-жыр, асыл сөз үлгілері, асқақ ән, сәнді де сазды төгілген күй-көркемөнер саласындағы халық мұрасының күсі», – дей келе, «Ортағасырлық ортақ әдебиет нұсқаларының тілін зерттеу арқылы, әр халық өз тілдерінің тарихында терендей бастайды. Құлтегін, Тонықек, Қорқыт ата, Жұсіп Баласағұн, М. Қашқари, А. Иүгінеки, Бақырғани, Хорезми, Рабгузи т.б орта ғасырлық авторлар шығармаларына сүйенген қазақ түркі танушылары 1960 жылдары ішінде-ақ, қазақ әдебиетінің қалыптасуы, өсу кезеңдерін

3 Брагинский В.И. Проблемы типологии средневековых литератур Востока. – Москва: Наука. – 1991. – с.24

жаңадан жүйелеп шықты»⁴. Әдебиет зерттеушісі пайымдаған пікірлер ақиқатқа жанасады. Ертедегі Тұран және Иран даласында туып-өскен ойшылдардың әлем өркениетіне қосқан үлестері негізгі үш арнада көрініс берді. Бірінші арна – М. Хорезми, әл-Фараби, Әбу-Райхан әл-Бируни, Хафіз, Әбу Әли Ибн-Синалар шығармаларын араб тілінде, екінші арнадағы – Низами, Жәми, Рудаки, Фердоуси, М.Х. Дулатилар туындыларын парсы тілінде, ал ушінші арнадағы – Ж. Баласагұн, А. Иұғінеки, М. Қашқари, М. Атаи, Ә. Науай, О. Иманилар әдеби мұраларын көне түркі, ескі қыпшақ-шағатай тілдерінде жазып қалдырыды. Оның айғағы ретінде, ғалымның тағы да тәмендегі тұжырымын тілге тиек еткенді жөн санап отырмыз: «Түркі мәдениетінің өркендей түсүне араб, парсы жазба әдебиеті ерекше әсер бере отырып, ортағасыр тұсында Араб халифатының қол астына түркілер түтелге жуық қарал, оның дінін ғана қабылдап қоймай, жазуын да қабылдап т.б., жетістіктерге қол жеткізді. Орта Азия түркілері ішінен талантты ғалымдар, философтар, кеменгер әдебиетшілер дүниеге келді. Олар араб, парсы, түрік тілдерін еркін менгеріп кейін сол тілдерде жазды»⁵. Осы құнды пікірлерді негізге алсақ, ертедегі түркілік әдебиет жаунарлары ғасырдан ғасырға таптырмас құнды мұра болып сақталып, таралу ауқымы кеңінен танылып келеді. Даны Абайдың: «Жарықтың бәрі – Шығыста», – деген сөздері бекер болмаса керек. Ортағасырлық мәдениет пен әдебиеттің айтулы тұлғаларының әдеби-танымдық, діни-ағартушылық, саяси-пәлсапалық, рухани бай, әрі құнды мұралары кейінгі зерттеулердің өзекті нысаналарына айналды.

III-IX ғасырлардағы Тұран мен Иран өлкесі дәүірінен өркендей бастаған халықтық ортақ әдеби мұралар адамзат қоғамының рухани, мәдени дамуына әсер етіп, түркі жазба әдебиетінің өркендеуіне, ілгерлеп дамуына көп септігін тигізді. Бұл жөнінде, әдебиет зерттеуші ғалым, академик Р. Бердібаев: «Шығыстың көне даңқты әдебиеттерінің ішінде тәжік-парсы класикалық әдебиетінің орны ерекше. Парсы тілінде сөз маржанын терген, ата-

4 Сүйінішәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат. – 2006. – 9 б.

5 Соңда. – 10 б.

ғы әлемге мәшіүр болған даңғайыр ақын-шайырлардың түркі халықтарының рухани қазынасы болып табылады. Ар жағы Рудакиден басталатын, Фердоуси, Омар, Сағди, Хафиз, Жәмилермен жалғасқан ғажайып көркемдік әлем мұрагері бола білген халықтың қалай мақтанды етуге толық хақы бар. Шығыс поэзиясындағы Гүлстанның бүлбүлдары өз шығармаларымен адамзаттың тіршілік мұратын, өмір сұлулығын жырлауға арнады.»⁶, – деп пайымды пікір білдірсе, шығыстанушы ғалым Ө. Күмісбаев: «Шығыс халықтарының ішінде ең бай, ең көне әдебиет парсы-тәжік әдебиеті болып саналады. ХV-ХХ ғасырлар арасы Иран мәдениеті мен жалпы шығыс әдебиеті үшін «алтын ғасырлар» санатына жатады. Ежелгі заманда Орта Азия және Иран халықтарының түптөркіні, тарихы бір болған, бірге дамыған», – дейді⁷. Осы аталған кезеңдерде Орта Азиядағы Сарай, Фараб, Сайрам т.б., қалалар мен Ирандағы Гүлстан, Шираз қалалары секілді өркениеттің өрелі мекендері адамзатқа рухани бесік саналды. Сол түрғыдан келгенде, парсы мен түркі халықтары мәдениетінің даму тарихы ортақ екені де әмбеге аян. Фердоуси, Жәми, Сағди, Физули, Рудаки, Сакаки, Лутфи т.б. ақындық дәстүрін жалғастыру – Э. Науай, М. Атаи, О. Имани секілді ақын-шайырларға тән. Аталған ақын-шайырлар шығармаларының тақырыптық-идеялық мақсаттары, шығыстық және исламдық сарындағы бағыттарының бір арнаға түйісуі – әдебиеттегі қайта өрлеудің бастауы болды.

Түркітанушы В.М. Жирмунский: «Батыс пен Шығыс әдеби байланыстарында ортағасырлық әдебиет үлгілері маңызды роль атқарады, біз сол қоғамдық, тарихи процесстің дамуындағы фольклор мен поэзияны аналогиялық бағытпен, салыстырмалы түрғыдан зерттеуіміз қажет», – дейді⁸. Дегенмен, осы салыстырулар арқылы жоғарыда айттылған ортағасырлық түркі әдебиеті ірі өкілдерінің әдеби-тарихи мұраларын жаңаша зерттеп, көпшілік

6 Бердібаев Р. Гүлстанның бүлбүлдары. – Алматы: Жазушы. – 1970. – 60 б.

7 Күмісбаев Ө. Иран әдебиетінің тарихы. – Алматы: Қазақ университеті. – 2009. – 15 б.

8 Жирмунский В. М. Сравнительное литературоведение. – Ленинград: Наука. – 1979. – с.46

оқырман қауымға жеткізу талабы күн тәртібіндегі маңызды мәселелер қатарында тұр.

Дарынды ақын-шайырларымен атағы шыққан Шығыс әлемін отарлау мен бодандаудың астарлы мақсатында қалыптасқан құбылыстың әсерімен әдебиеттану ғылыми орнықты. Соның нәтижесінде көптеген мәселелердің басы ашылды. Оны орыстың білгір шығыстанушы ғалымы В. И. Брагинский: «Шығыста ортагасырылық әдебиет негізгі үш бағытта жетілді. Біріншіден, арабмұсылмандық (араб, парсы, түрік, урду) соған қоса, үнді, малай және индонезия мұсылмандық әдебиеті жатады, екіншіден, үнді, онтүстікшығыстағы үндістік бағыттағы әдебиет, үшіншіден, қытайлық, қыршығыстық бағытта – қытай, жапон, көріс және вьетнам әдебиеті кіреді»⁹ – деп таратып жазады. Ғалым Шығыс әдебиетін үш бағытқа бөліп қарастыру арқылы, оның әлемдік әдебиетке тигізген ықпалы мен әсерін айқындаپ отырган секілді. Осы тұрғыдан келгенде, Шығыс әдебиетінің оның ішінде түркілік әдебиеттің мазмұнды көріністері жалпы әдебиеттегі типологиялық түйісулерге арқау болған тақырып, идея, образ, сюжет, шығыстық мотивтер сынды белгілермен айқындалып, зерделенеді.

Осындай тың ғылыми пайымдаулар мен болжамдарға сүйену арқылы әлем түркітанушы ғалымдары көптеген ғылыми зерттеу еңбектерін жазып, жариялады. Аталған еңбектерде сансыз болжамдар мен түрлі пайымдаулар жүйелі қалыптасқанымен, пікірлер әр нұсқада өрбиді. Академик С. Қасқабасов жазғандай: «Жырау-шайырлар өз шығармаларында идеалды әміршінің бейнесін жасады. Өздерінің монолог түріндегі айтылатын толғауларында олар маңызды мемлекеттік мәселелермен қатар заман мен қоғам, адам мен заман, тұлға мен тобыр, сондай-ақ имандылық пен қайырымдылық, өмірдің өткіншілігі мен адамның опасызығы, өлім мен өмір сияқты моральдық, этикалық, фәлсафалық проблемаларды көтеріп, қоғаммен байланыстыра жырлап отырады»¹⁰. Академик атап отыргандай, қай дәүір, қай заман болма-

9 Брагинский В.И. Проблемы типологии средневековых литератур Востока. – Москва: Наука. – 1991. – с.25,26.

10 Қасқабасов С. XY-XVIII ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: ӘӨИ. – 2005. – 64 б.

сын оның өз жаршысы болады. Өзінің өмір сүріп отырған дәуір тынысын, ондағы ақ пен қараны, жақсылық пен жамандықты, мейірім пен қатыгездікті, достық пен дүшпандықты, адам мен қоғам, табиғат пен жаратылыс болмыстарын терең танып, оны гуманистік көзқараспен жырлаудың үлгісін Ә. Науай, М. Атаи, О. Имани т.б., шайырлардың әдеби мұраларын оқып, зерделеп отырып көз жеткізесіз.

Өткен ғасырдың 1981 жылы шыққан «Қазақ фольклорының типологиясы» атты ұжымдық монографияда: «Әртурлі жанр ес-керткіштерін бір-бірімен салыстыра қарау, олардың ортақ са-рындарын, үқсас үндестігін тарихи-типологиялық түрғыдан қа-растыру қызғылықты. Біріншіден – халықтардың туыстығына, тектестігіне байланысты көрінетін тарихи-генетикалық үқсас-тық. Екіншіден – ел мен елдің тарихи-мәдени қарым-қатына-сы арқылы тарапатын үқсас, үндес сюжеттер: бұған Шығыс сю-жетіне негізделген, көршілес Орта Азия халықтары тарапынан ауысқан романдық эпос улғілерін мысалға келтірсек жеткілікті. Ушіншіден – халықтардың шаруашылық, тұрмыстық кәсібінің қоғамдық дамуының біркелкі болып келуінен туындастырын тарихи-типологиялық сарындастық»,¹¹ – деген жүйелі пікірлер кезде-седі. Осы пікірлерді ескере отырып, түркі халықтарының руха-ни мәдениеті мен әсем әдебиетінің бір-бірімен тектес, тағдыр-лас бағытта дамығандығын, үқсас, сарында, үндес қалыпта өза-ра түйісетіндігін бағамдай аламыз. Соған орай, өз зерттеуімізді жазу барысында түйген пайымды ойға пікірлерімізді де жинақ-тап беруді жөн көріп отырмыз.

Атаи Мәүлена Шеих Құсайын – ХV ғасырдың алғашқы ширегінде өмір сурген түріктілес халықтардың ортақ ақыны. Кейбір тарихи деректердің айтуынша, Қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам жерінде дүниеге келіп, Самархандта қызмет атқарған. Өз дәүірінің терең білімді оқымыстысы болған. Бізге дейін Атаи ақынның «Диуан» атты өлеңдер жинағы (260) жеткен. Бұл жинақтың түпнұсқасы Санкт-Петербургтегі Шығыстану институтының сирек қолжазба қорында сақталған. Атаидың табиғат, ма-

11 Бердібаев Р. Түрк-монгол эпос-жырларындағы ортақ желілер. // Қазақ фольклорының типологиясы. –Алматы: Фылым. – 1981. – 7,8 бб.

хаббат, сұлұлық т.б., түрлі тақырыптардағы ғазал жырлары өзбек тіліне аударылып бірнеше мәрте жарық көрген.

Ортағасырлық түркі әдебиетінің көшбасшыларының бірі, куллі түркі жұртына ортақ бірегей ақын Атаи. Ол туралы алғаш зерттеген XX ғасырдың басында, яғни, (1880-1938) жылдар ара-лығында өмір сурген шығыстанушы, турколог ғалым А.Н. Са-мойлович. Ол: «Азия мұражайында уақытша сақталған қолжаз-балар арасында бұрыш жақтары терімен қапталған, арнайы кар-тоннан жасалған қаптамаға салынған жинақ табылды. Қаптама сыртында «Диуани Шайхзада» деген жазу бар»¹², – деп көпшілік-ке жариялады. Соған қоса, ғалым Атаи шығармаларын көптеген ғазалдардан тұратынын айта келіп, тақырыптық ерекшелік-теріне кеңінен тоқталады. Кейбір тарихи деректерге қарағанда, Атаи – Қ.А. Иассаудің тікелей ұрпақтары болып келеді. Бұл тура-лы белгілі өзбек ғалымы, академик Faufur Fұlam: «Атаи арғы тегі жағынан бір-екі ата Қожа Ахмет Иасауиге барып тіреледі. Ақын-ның әкесі Исмайл мен немере ағасы Ибраһим атандың қабірі Та什-кенттің солтүстік жағында орналасқан. Ақын солтүстік Түркістан-ның Шымкент, Сайрам, Отырар өлкесінде тузылып, кейіннен ер жеткен соң ілім, мағрифат, ақиқат жолын іздең Гератқа барып сонда тұрактаған. Ол кісі Шахрух пен Ұлықбек дәуірінде өмір сур-ген, шығармашылығы сонда өткен»¹³, – деген мәлімет келтіреді. Ендеше, ақынның өлең жазудағы үлгісі, шығыстық сарын бағытының ұқастығы, ерекшелігі түркілік идеямен үштасып жатқандығы заңды құбылыс екеніне ешбір дау жоқ. Маулана шейх Ҳұсайн Атаи Хорасан билеушісі Ҳұсейин Байқара сұлтанның заманында өмір сүріп, оның саяси құғындау салдарынан Балх қаласында қай-тыс болды деген тарихи деректер де айтылады.

Тағылымы мол, қазыналы ежелгі әдебиет тарихында, Қай-та өрлеу дәуірі (Ренессанс) деген үлкен кезең бар. Осы кезеңді ғалымдар түрлі мақсатта жан-жақты пікірлермен талқылайды. Мәселен, В.И. Жирмунский: «Заманың алдын-ала жағдайын-да, бізге белгілі болғандай, феодалдық қатынастар құлап, бур-

12 Самойлович А. К вопросу о двенадцатилетнем животном цикле у тюркских народов // Восточные записки. – Ленинград: –1927. Т. 1. С. 147-162;

13 Ғұлам F. Атойи әмас, Отайи. // Узбек мәдениети газеті. 1959. 21 қантар.

жуазиялыш даму тенденциялары жаңа ішкі қофамның қайта өрлеуіне әсер бере бастады, сол XY ғасырдың II жартысында Орта Азияда қайта өрлеу кезеңінің негізін салған, классикалық түркі әдебиетінің өкілдері болды»¹⁴. Біздінше, осы Қайта өрлеу (Ренессанс) дәүірі кезеңінде басталған түрлі әдеби ағымдар өзге де түркілік әдебиеттің ортақ өкілдері М. Атаи, Ә. Науай, М.Х. Дулати, О. Имани т.б., шығармашылықтарына жаңашыл реңк беріп, өзгеше үдеріс әкелген рухани кезең болып табылады. Ежелгі дәүір әдебиетінің тарихын теренірек зерттеген, халқымыздың филолог ғалымы А. Қыраубаева: «XIII-XV ғасырларда, яғни Алтын Орда тұсында Қайта өрлеу (Ренессанс) идеясы түгелдей жоғылып кеткен жок. Сонау әл-Фарабиден жалғасып келе жатқан гуманизм арнасы XV ғасырдағы түркі әдебиетінде де көрінді. Шығыс Ренессансының XV ғасырдағы көрнекті өкілдері – Маулен Атаи, Әлішер Науайлар халықтың қарапайым тілінде трактаттар жазып, сол тілде әдеби мұралар қалдырыған» – деп атап көрсетеді.¹⁵ Талғамды айтылған тұжырымды ескерсек, ортагасырлық түркілік мәдениет пен әдебиеттің әлемінен ойып орын алған М. Атаи, Ә. Науай, О. Имани адамзаттық ізгілік пен даналықтың, имандылық пен парасаттың, нақыл мен ғибраттың, ақыл мен ардың жүгін көтерген ғибратты ғұламалар саналады.

Әлішер Науай – XV ғасырдың (1441-1501) жылдар аралығында өмір сурғен түркі халықтарының ортақ ұлы шайыры, ойшыл, мемлекет қайраткері. Ол небәрі 15 жасында араб, түркі, парсы тілдерін еркін меңгерген. Науай өз дәүірінің әдеби дәстүрі бойынша бірқатар өлеңдерін парсы тілінде жазған. Негізінен түркі тілінің әдеби тіл бола алатынын іс жүзінде дәлелдеу үшін есқі шағатай тілінде көлемді еңбектер қалдырыған. Фиратта, Мешхедте, Самархандта оқып, өзінен бүрынғы Фердоуси, Хожа Хафиз, Низами, Фзули, Сағди, Лутфи, Атаи, Жәми т.б ақын-шайырлардың шығармашылығы арқылы тәлім алғып, ағартушылық-танымдық көзқарасын қалыптастырады.

14 В. М. Жирмунский. Сравнительное литературоведение. – Ленинград: Наука. –1979. – с. 176-177.

15 Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. – Алматы: Ғылым. 1988. – 14-15 66.

Әлішер Науай терең білімінің арқасында Сүлтан Хусейн атты билеушінің тұсында бас уәзір қызметіне дейін көтеріледі. Ә. Науай осы қызметте болғанда, Герат қаласында кітапханалар, мешіттер мен медреселер, шипагерлік орталықтар және сол сияқты әлеуметтік маңызы бар нысандар көптеп бой көтерген екен. Белгілі ирантанушы ғалым Е. Э. Бертельс: «Ақсақ Темірге қараған өлкे мәдениетінің өрге басуына тікелей басшылық еткен Науай өз тілін, мейлі жұз құбылған құрделі метафора болсын немесе нақтылығының еңбек болсын, әдебиеттің құрделі талабына төтеп бере алатынына жұртшылықтың көзін жеткізуі мурат тұтты»¹⁶, – деп жазады. Сол түрғыдан келгенде, Науай ақын өлең құрылышы, аruz үәзін туралы «Мезонул-авзон» деп аталатын әдеби-теориялық мәні зор еңбегін жазды. Бұдан кейін ақын дидактикалық-философиялық бағыттағы «Құстар тілі», «Көңілдердің сүйгені», «Пайғамбарлар мен әкімдердің тарихы», «Мұсылмандардың нұры» сияқты т.б., ғажайып туындыларын дүниеге әкелді. Жалпы, Әлішер Науайды әлемге мәшінр еткен кітaby «Хазоинул маони (Ойлар қазынасы) атты өлеңдер жинағы». Соған қоса, ең үздік шығармалары бес дастаннан тұратын атақты «Хамсасы» («Бестік») екені мәлім. Бұл шығармалар ғасырлар өткен сайын ешқашан мәнін жоймайтын құнды еңбектер болып саналады.

Ә. Науайдың шығармалары қазақ тілінде тұнғыш рет 1948 жылы «Таңдамалы шығармалар» деген атпен Мұхтар Әуезовтің алғысөзімен басылып шықты (көлемі 220 бет). Сол алғысөзде М. Әуезов: «Фиратта XY ғасырдың орта кезі білім-өнердің бірталаі өрістеген дәүірі еді. Иран, араб-парсы әдебиетінің мәдени әсерін ала отырып, Лутфи, Атаи, Сакаки сияқты ақындар бастаған өзбек тілінің көркем поэзиясы өркендеді. Сол XY ғасырдың 70-жылдарында Ә. Науай де жарқырай көрінді»¹⁷. Академик жазушының осы пікірін ескерсек, бұл тұста жалпы түркі классикалық әдебиетінің өркендегеніне көз жеткіземіз. XX ғасырдың 1965 жылы атақты шайырдың «Ғазалдар» кітaby жарық көрді. Ал, 2008 жылы шыққан «Ескеңдір қорғанына» (көлемі 404 бет)

16 Бертельс Е. Э. История персидско-таджикской литературы. – Москва: Наука. – 1960. – с. 78.

17 Науай Ә. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Қазбірмембаспасы. – 1948. – 6 б.

алғысөзін академик Р. Бердібаев жазса, ақын Н. Айтұлы аударған осы аттас дастанмен бірге Қалижан Бекхожин тәржімаланаған ғазалдары енген. Әлішердің өлеңдерін әр жылдарда Ә. Тәжібаев, Қ. Бекхожин, Ө. Тұрманжанов, Қ. Қөпішев, Қ. Шанғытбаев, Ж. Сыздықов, Ғ. Қайырбеков, С. Жиенбаев, Қ. Мырзалиев, Қ. Жұмағалиев, т.б. ақындар қазақ тіліне аударған.

ХХ ғасырдың 1950 жылы өзбек жазушысы М. Айбектің «Науай» романының қазақша аудармасына жазған алғысөзінде академик М. Әуезов: «Науайдың ғұламалығы, жеке адамға деген мейірбандығы, адамды қоғам деңгейге дейін көтерудегі еңбек пен еңбек тәрбиесін, тәрбиенің адамгершілік, ақыл-ой, саяси бағдарламасын қоғам өмірімен байланыстыра білуі, адам өмірі еңбекке негізделуі қажет деген Науайдың улken өсietі»¹⁸, – деген еді. Шындығында, Ә. Науай шығармашылығы сан-салалы, жүйелі тараулардан бағыт алатын Орта ғасыр түркі әдебиетінің аса құнды қөрінісі.

Сонына өшпес мұра қалдырыған талантты түркі шайырларының бірі – Отыз Имани Қазан губерниясының Чистопольск ауданында дүниеге келген. Кейір әнциоклопедиялық деректерде¹⁹, Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам жерінде туған деп те көрсетіледі. «Уалид Қарғалы» медресесінде білім алған ол, 1788 жылы Бұхарага отбасымен көшіп келеді. «Магок-и-аттар» атты Бұхара мешітінің имамы қызметінде болған. Ауғанстан мен Орта Азия жерлерінің Самарқанд, Балх, Қабұл, Герат, Қандығар, Насаф қалаларымен қоса, Орта Азияның өзге де жерлерін арапап жүріп, халыққа білім, ғылым таратқан өз дәуірінің ірі діни ағартушысы болған.

Ғабдирахим әл-Бұлғари Отыз Имани – ХVIII ғасырдың 1754 жылы Бұлғар жерінде дүние есігін ашады. Әл-Булғари Отыз Имани жетім болып өседі. Оның әкесі Ғұсман ибн Сәрмек пен анасы Ғафиға қарапайым шаруалар болған екен. Кейін, әкесі өлгесін анасы «Утыз Имян» (Тридцать дубов) аталатын ауылнанда тұратын өз туыстарына көшіп келеді. Содан ақынның (бүр-

18 Айбек М. Науай. – Ташкент: – 1950. 2-3 б.

19 Отыrap. Энциоклопедия. – Алматы: Арыс, 2005. – 169 б.

кеншік есімі Бұлғар жерінде осы ауылдың атымен аталып кетеді. Нагашы атасының тәрбиесінде өскен Габдирахим әл-Бұлғари Отыз Имани үш жасқа келгенде анасынан айырылып, кедейлік күйін кешіп өседі. Жастайынан әділдік пен шындықтың жақтаушысы бола білген ақын өзінің адамдық болмысын шаригат зандары арқылы ұстануды дұрыс деп шешіп, ислам қағидаларына сай көзқарастарын қалыптастырады.

Ислам дінін ғылым ретінде қарастырған әл-Бұлғари Отыз Имани ақын мұсылмандық «фикх» ілімі арқылы көптеген шәкіртерін тәрбиелей отыра, исламға жат өзге діни-философиялық ағымдарға қарсылық білдіріп, «Отыз-Имани доктринасын» жазды. Ол көптеген прозалық және ғылыми шығармаларын араб, түрік және парсы тілдерінде дуниеге әкелді. Отыз Имани – Шығыстың атақты ғұлама ғалымдары мен ойшылдары Руми, әл-Хорасани, Сағди, Хафиз, Соғы Аллаяр т.б. әдеби еңбектерін түрік тілдеріне аударған. Соған қоса, ол өз дәүірінің атақты ірі жазушысы болған. Бұл туралы әдебиет зерттеуші, татар ғалымы Ә.М. Шарипов: «Габдирахим Отыз Имани татар халқының ұлы ақыны, әрі жазушысы, әділет жақтаушысы және діни қайраткері»²⁰, – деп жазады. Отыз Имани «»Гавариф-әз-заман» (Замана сыйы), «Мөһиммат әз-заман» (Заманның басты мәселе-лері), «Тәрзинел-әфқар фи нәсаихел-әхияр» (Таза ойлар арқылы келген рақымды өсietter) т.б., атаулы еңбектердің авторы.

Ортағасырлық түркі әдебиетінің поэзиясында «нәзирашылдық», «жәдитшілдік» т.б., түрлі әдеби поэзиялық ағымдары арқылы жоғарыда аталған ақын-шайырлар түгелдей дерлік мәжіліс кештерінде «рубаяттар», «бәйіттер», «ғазал» жанрлары бойынша көркем әдеби мұраларын жазып, халыққа насиҳаттап отырды. «Бәйіт – екі жолды өлең болса, ал ғазал – 9,10 бәйітten тұратын жыр үлгісі. Ол жанр ретінде, Араб поэзиясында VIII-IX ғасырдан бастап қалыптасқан. Ғазалдың шеберлері – Хафиз, Сағди т.б., ақындар»²¹, – дейді әдебиетші ғалым Б. Кенжебаев. Демек, «ғазал» жанры сонау ертеден басталған поэзиялық нұсқадағы өлең

20 Шарипов А.М. Славный сын татарского народа. – Журнал Филес, Казань: – 2004.– с. 14

21 Кенжебаев Б. Эдебиет белестері. – Алматы: Жазушы, – 1986. – 41 б.

ырғагы. Төменде ақын-шайырлардың өз еңбектерінен алынған шығармаларынан үзінділер келтіре отыра, олардың арасындағы рухани-әдеби байланысты типологиялық тұрғыдан салыстырып көрелік. Және де олардың өмірі мен шығармашылығын жоғарыда қысқаша сөз еттік, ендігі кезекте, кейінгіге қалдырған әдеби жазба мұраларының көркемдік мазмұны мен сюжеттік желісіне, тақырыптық ерекшелігі мен идеясына, кейіпкерлер әлемі мен шығыстық мотивтерінің ұқсастықтарына тоқталып көрелік.

Ортағасырлық түркі әдебиетіндегі шоқтығы биік, даралығы мен дарыны бөлек ақын-шайырлардың ішіндегі оқ бойы озық тұратыны – Атai ақын. Оның поэзиясы пәлсафага толы, жасаған жыр ұлгілері шебер, мазмұны терең, мұнды маҳабbat пен ғадауатқа құрылған. Әсіресе, діни-мұсылмандық көзқарасы шығармаларынан айқын көрінеді:

Сол пендеге қашанда Жаратушым рас алаң,
Шеберлігі оның мысалы жоқтан барды жасаған.
Миграж түні хақ Алла ашып оған мың бір кен,
«Қаба қаусайн одағы» бар екенін білдірген.
Пәк дінімнен айырма біткенінше соңғы дем,
Иман белбеу тағайын беліме орап он білем.
«Алла үшін!» деп істелер Атаидың барша ісі,²²
Пайғамбарым Мұхаммед екі әлемнің жаршысы!–деп, абыз шайыр Жаратушы ұлы Алланың бар екеніне, Мұхаммед ғ.с.у. пайғамбардың үмметі екеніне ислам дінінің таза да, пәк екендігіне шүбесіз сене келе:

Хақ Алладан бір саган «сүйікті ет» деп тіледім,
Саған алып үшады кеудемдегі жүрегім.

– деп түйіндей келе, назирашылдық сарынмен былай үн қатады:

Екі гүл бар мен өсірген бақта ана,
Бірі-балдай, екіншісі пәк дара.

22 Қазыналы Оңтүстік. – Алматы: Нұрлы әлем. – 2012. – 23 б.

немесе:

Бірі оятар шаттық пенен күлкіні,
Ал, бірінің наиза сыңды кірпігі.
Біреуінің тұған айдай қастары,
Екіншісі – ашық түннің аспаны.

Тек...Атаи асырганмен елден ой,²³

Бар болғаны қатардағы пендеғой, – деп ақын өзінің жұмыры
басты пенде екенін де мойындаиды. Осындағы діни-ағартушылық бағыттағы және имандылық тақырыбындағы ғазал жан-
рындағы жырлар Әлішер Науай, О. Имани шығармаларында
да жиңі кездеседі. Бұл дегеніңіз XY ғасырдағы түркілік әдебиетке
ортак ақын-шайырлардың арасындағы бұлжымас дәстүр сабак-
тастығы екені анық. Тұrlауы көл тіршілік талқысын, ғашықтық
пен сүйіспеншіліктің машахатын өз жырына арқау еткен Атаи
акын:

Керек емес сенсіз жан мен тіршілік,
Алла кешірсін, айырылу дерті мен тіршілік.
Жақұт ернің мен тік сымбатың,
Сыйлайды мәңгілік сұымен тіршілік.
Атаи өлді, сізге бақи болсын,
Жаһанда мәңгілік жан мен тіршілік.

– дей келе, тіршіліктегі жан мен тәннің өзара үйлесімділігін,
бүкіл тіршілік атаулы ұлы Жаратқанның құзырында болатынын
баян етіп, адамзатты сендіреді.

Немесе ақын:

Ей, ойың мәңгілік сырлас ھәм жолдасым менің,

Қайда болса аяғың сонда болар басым менің.

Таппасам қауышуыңды ол Нұх өмірі маған,

Топан сүндай басар әлемді көз жасым менің,

– дей келе, пенделік көз жасының жер бетін басқан топан су-
дай таситынын, ыза мен ымыраның арасында Нұх пайғамбар-
дың өміріндей күй кешетінін мазасыздана жыр етеді.

23 Сонда, 25 б.

Ей Құдай, мейірім жаса ол жан әлемім көніліне,
Бір әсер қылар менің зар еңреуімнің көніліне.
Қайғы-дерт тауында азап тартқаным Фарнадтай,
Болмады мәлім сол дәмді аузым көніліне.²⁴

Осы ғазалдардың мазмұнына ұқсас шығыстық сарындар Ә. Науай мен О. Имани ақындардың поэзиясында жиі ұшыра-
сады. Мәселен, шығыстық кез келген поэма-дастандардағы Фар-
хад, Жүсіп, Мәжнұн бейнесін өз өлеңдеріне арқау еткен парсы-
лық, не түркілік ақын-шайылардың көбісінің жазу, жырлау әсер-
лері әртүрлі нұсқада көрінеді. Ол жөнінде ғалым Ә. Күмісбаев:
«Фархад образы – оның барлық белгілеріне қарағанда халық
өкілі ретінде көрінеді. Ол асқан шебер, қаймықпайтын тәуелсіз,
адал және адамгершілігі күшті адам. Оның зор денесі мен адам
айтқысыз күші асқан батыр бейнесіне ұқсайды»²⁵. Яғни, Шығыс
поэзиясындағы Фархад, Мәжнұн, Жүсіп бейнелері – асқан ба-
тырықтың, ерлік пен өрліктің, еңбек пен адамгершіліктің, ға-
шықтық пен махаббаттың жиынтық бейнесі. Бояуы қанық, басы
бүтін Фархад, Мәжнұн, Жүсіп бейнелерін ортақ улгіге кейіпкер
ретінде алған түркі классикалық әдебиетінің ақыны Ә. Науай:

О, достым, сен, сұрап білші, иесінен дуние бақтың, –

Кур азаптан бар ма басқа, бір жемісі махаббаттың?

Ей, Науай! Мұскін едім, сұрамады-ау халімді тек,

Шерлі Мәжнүн өзін сүйген, әлі қаңғып жүр ме екен,

— деп азапты да, азалы махаббат құрбанына айналғанын айтса, сол ғашықтық пен сұлулық әлемінің мұң-зарын, қайғышерін тартқандығы Атai ақын мен Имани шығармашылығында жиі кездеседі, ал, XYIII ғасырда өмір сурген О. Имани ақын:

Машақаты көп махаббаттың соңы рахат,

Келтірді ар мен жанның сәнін ғафу Рахмат.

Киңи мекнанттың соңында рахаты бар,

Жүсіптең ала алмайды ешкім ғибрат,

24 Әдеби жәдігерліктер // Т.17. – Алматы: Таймас. – 2012. – 8, 117 бб.

25 Күмісбаев Ә. Иран әдебиетінің тарихы. – Алматы: Қазақ университеті. – 2009. – 99 б.

– деп, дінді адал қабылдап, оны менгерген Жұсіп пайғамбардың тұлғалық ерекшелігін айта отыра, одан гибрат, тәлім алушың жолын көрсетсе, аталған адамзаттың, оның ішінде, мұсылман әлемінің берекесіне айналып, тірегі болған риясыз таза, көркем де, құнды Ислам дінінің тигізген мол септігін сөз еткен М. Атаи ақын:

Мұратым орындалмасын әсте лайық,
Әр уақыт шықпа маңғаз жүзіне сайып.
Тұспесін Ислам ішінде салтын салып,
Тәу етемін, жүзіне мың мәрте қайырылып, – десе,

Ә. Науай болса:

Мен ойладым ғашық дінім, сарғайдым ғой сансыз ойлап,
Онда сабыр шектен асқан, шыдамы жоқ мен бір бейбақ.
Құранымды құшамын деп, үміт еттім арманым зор,
Уа, мұсылман, айтыш кім бар, мен сияқты арманы мол?
– дейді.

Ал, О. Имани ақын болса:

Тамам болды Құдайдың қалауымен,
Бұл қалау Болғаридің қолыменен.
Кемелді болды берген нәрселерден,
Әсәххы болды барлық нұсқалардан.
Жазам деген кісілер жазар мұнан,
Құллі әлем нәр алады асыл ислам діннен.
Мұның қадірін біліп, алып жазалар,
Бітірдім бұл кітапты өзім үшін,
Өзімнен қалған соңғы әuletім үшін.
Тағы да жазар мың мұсылман мұқтаж қылса,
Оқимын иә жазайын деп тілек қылса,

– деген жыр жаунарымен Ислам дінінің көркейіп өсуін, мұсылмандық міндеттердің адал жолмен атқарылуын, такуалық пен тазалық, дегдарлық пен тектіліктің тамаша көріністерін суреттейді, әрі ислам дініне деген шынайы көзқарастарын қалып-

тастырады. Адами жаратылыстың құндылығы саналатын діни-пәлсапалық тұжырымдар, адамзаттық ақыл-ойдың кемелденуі мен рухани-ағартушылық бағыттың дамуына көп әсер етті. Міне, XY-XIII ғасырлардағы түркі-парсы ақын-шайырларының поэзиясындағы әр алуан бірегей ұқсастық, ішінара үндес сарындастықтары төгіле көрінеді.

Жоғарыда айтылып отырған Қайта өрлеу (Ренессанс) дәүірінің заңғар ақын-шайырлары, түркі классикалық әдебиетінің ірі тұлғалары М. Атаи мен Әлішер Науайлар болып табылса, О. Иманни ақын XYII ғасырдағы солардың рухани ілім жолын жалғастырған нақ ізбасары, әрі жоқтаушысы, яки, шығыстық сарын бағытында жырлаған бірден-бір ақын болып саналады. Мәселен, Ә. Науайдың «Ескендер қорғаны» атты дастанында:

Қаламмен кім тірілтсе бұрынғыны,

Сырылар кереметтің шымылдығы.

Билепті жер жүзінің дүйім елін,

Төрт әulet тұтқасы бол дүниенін,

– деп басталатын дастанында жер бетінің үштен бір бөлігіне әмірін жүргізген Ескендер патшаның бітім-болмысын, оның жүргізген саясатын, ерлік пен батырлығын суреттей келе:

Тағдырдың тартуындағы асыл текті,

Ескендер аз уақытта өсіп жетті.

Тәнірі адамзаттан артық еткен,

Жайылып шартаралқа даңқы кеткен.

Қойды да Ескендер деп оның атын,

Жасады мұрагерлік салтанатын.

Парсылар бұл аңызға қанық еді,

Соларға түп-төркіні анық еді.

Әлемде екі Ескендер болыпты-мыс,

Екеуі толған айдай толыпты-мыс.

Әзелден данышпандар даңқ асырған,

Сөз сөйлеп бұрынғы еткен сан ғасырдан.

Жалғанда Жәми еді абыз ақын,

Бұл жайды айтса майын тамызатын

Тарихтың тереңіне мен де үңілдім,
Ескендер құпиясын енді білдім,
— деп жырласа, өзімен қатарлас, бірақ, әрі ұстазы, әрі досы са-
налатын Әбдірахман Жәми ақын «Ескендердің даналық кітабы»
туындысында:

Дүниені жауламаққа Ескендер,
Құпияны білемін деп ескең бір.
Оңай емес жарық жасау далаға,
Тап болады бір ғажайып қалаға.
Қызық екен бұл қаланың тәртібі,
Әкімі де, ханы да жоқ артығы.
Еңбек десе сезілмеген тарлығы,

Жер үстінен табылып тұр барлығы, — деп толғанады, ал хал-
қымыздың жаңа жазба әдебиетінің негізін салушы, данышпан
акын Абай бабамыздың да шығыстық сарынының сүрлеу жолы-
мен жырлаған «Ескендер-Зұлқарнайын» поэмасында былайша
көрінеді:

Осы жұрт Ескендерді біле ме екен?
Македония шаһары – оған мекен.
Филип патша баласы, ер көңілді,
Мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам екен.
Филип өлді, Ескендер патша болды.
Атағы талай жерге оның жетті,
Жердің жүзін алуға талап етті – дейді.

Бұл арада ақын-шайырлардың атақты патша Ескендер бей-
несін жасауда, оның түрлі елдерге жаугершілікпен жасаған жо-
рықтары, ерлік рухтағы іс-әрекеттері, атақ-даңқының әлемге та-
ралуын көркемдеп жазуда, өзара мазмұнды сюжеттер арқылы
әпостық жыр үлгісінде бір-біріне ұқсал, ал, жырлауда стильдік
ерекшеліктері сан алушан шеберлік жыр үлгісінде көрінеді.

Бұл дегеніңіз – шығыстың «нәзирашылдық» дәстүрінің анық
бір көрінісі деп толық айта аламыз. 2008 жылы шыққан Ә. Науан
туралы кітапта әдебиет зерттеуші ғалым, академик Р. Бердібай:

«Шығыс поэзиясында Ескендір Зұлқарнайынға арналған шығармалар мол. Солардың ішіндегі ең даңқтылары Фердоуси, Низами қаламынан туған. Э. Науайдың үстазы әрі досы Э. Жәмидін дастаны да кеңінен мәлім. Қазақтың жаңа жазба әдебиетінің негізін салған ұлы Абайдың Ескендір тақырыбына баруы да кездейсоқ емес. Бұл бір жағынан шығыстағы Ескендірнаме дәстүрін жалғастыру ниетінен туса, ең негізгі себеп көне дәуір қаһармандарының өміріндегі істерді көрсету арқылы қауымға гибрат, кеңес айту тілегіне саяды. Қалай болған күнде де Ескендірнаме замандар бойында талай шайырдың жарыса жазған, өздерінің билік, парасат, көркемдік дарын деңгейін сынға салатын тұрақты тақырыптарының біріне айналған» – деп тұжырымдайды.²⁶ Яғни, шайырдың ғазал жазудағы шығыстық сарыны ұлттымыздың абыз ақыны Абайдың поэзиясында да жалғасын тапқандығын нақтылайды. Сонымен бірге, Э. Науай өзінің ғасыр алды өмір сүрген шайыр ұстаздары Жәми, Низамилерге ұқсап жыр улгісін жасағандығын, солардың ізімен дастандары мен хәмсаларын жазғандығын көрсетеді. Мысалға, ақынның:

Сенің көзің бейне ажал қадалған жан болады мерт,
Бірақ маған көз салмадың, жалынсам да мың-сан рет.
Өз көшенен қусаң мені, қайда қашып қаңғырамын,
Жат қораға жасырынып, бір өзінді зар қыламын.
Кесе сынса ағар шарап, ішінде бір тамшы қалмас,
Бейне сондай қан саулайды, қайғы таспен жарылған бас,²⁷
– деп, ғашық жарға деген сырлы сезімін ақындықпен жеткізсе, махаббат пен ғашықтықтың арасын, жан жүрегінің жарасын
Атаи ақын:

Сенсіз, ей мәңгілік сұнының ерні нетейін мен?

Өртенді айырылудың отында жан нетейін мен?

Ей, сүйкімді перісің, неткен ғажап адамзатсың,

Қай-қайдағы бар жан, көңілді жолдасысың.

Кірліктерінің оғы жаралаған жүрегімді,

26 Сонда, 390, 403 бб.

27 Бердібаев Р. Гүлстанның бұлбұлдары. – Алматы: Жазушы. – 1970. – 55 б.

Бір қарал-ақ көз үшымен жазар майысың.
Еh қайғы, егер өлтірсең Атаиды жазықсыз,
Нетсін, не десін, сүйіктісінің қайғысысың.

– деген асқан шайырлық талғаммен асыра жырлайды. Тағы да академик Р. Бердібаев: «Шайырдың шығармаларынан оның ақыл мен сезім, қайратты қатар ұстаған, өмірдегі ізгілік пен пәктікке, сұлулық пен биіктікке қол созған, харамдық пен на-дандықтан, зорлық пен қорлықтан түңіле білген, парасатты, сезімтал, зерек адам болғаны елестейді. Науай ғазалдарындағы басты сарын – адал достық, махаббатты мадақтау, достық, адам өміріндегі мазмұн мен жарастыққа толтыру қажеттігіне үндеу»²⁸, – деп баға береді. Соған қоса, шайырлардың турлі тақырыптағы ғазалдары жанрлық ерекшелігі жағынан, әрі тақырыптық аясы жағынан өте кең ауқымда жырланады.

Не ғажап бар мен зар етсем, пендесі үшін бұл жаһанның?
Қайғысы көп қайғы артынан, осы күнгі барша жанның.
Деме нәзік, деме қатал, пенде солай, онда сез жоқ,
Нәзік болса ол да аз фой, қатал болса қаптаған көп.
Бұл фәнидің пендесінен, қайғы тартар көк күмбезі.
– дей жырлай келген шайыр фәни мен бақидың, пенделік пен кенделіктің бір-бірімен астасып жатқандығын даралап түсіндіреді.

Науай ақын:
Бейне жүлдyz басқандайын, майысып түр көктің төсі.
Маңдайына ол ғаламның, зорлық әрпі сызылмаған,
Мүмкін оның қиял қабы, қиянатпен бұзылмаған.
Үшпү дүние болса осындей, ол асыл зат жұпар шашқан,
Бар сұлудан дүниедегі, жұз мәртеба дидары асқан.
Таңғажайып перизатым, нұр жүзінде қап-қара мен,
Ақ қағазға жазған хатқа, қоя қойған ноқатпен тең.
Көзім түсті қолаң шашқа, аузына нұр төгілген, - десе,

28 Бердібаев Р. Гүлстанның бұлбұлдары. – Алматы: Жазушы. – 1970. – 55 б.

Атаи ақын:

Қан болды көңіл ажырасуы бірлә,
Күйді жаным ынтызарлығы бірлә.
Бұрымың серігі жамал мулкін,
Алдың көзің келісімі бірлә.
Ғашықтыққа қара басым ағарды,
Бір қарамады көз қарасы бірлә.
Ғашыққа опа жасасаңыз бірақ,
Қайғы-қасіреті жок, жарағы бірлә.

Имани ақын:

Не ғажап бар махаббатқа, болса денем күйретілген.
Ғашық оты тиді басқа, жатыр денем күл-көмір бол,
Бейне шырақ білтесіндей, ширатылған қып-қызыл шоқ.
Жардың салған жарасына, алаулатып таңба соқтым.
Болды шипа сол жарама, күйдіргені тиген оттың, – деп, өзара бір-бірімен астасып, насихат жасасып, ғашықтық, махаббат ғазалдарын төгілдіре жырлап мұндасады. Мысалға, Науай ақын:

Дидарың мен наз беліңе құмар гүл мен жас құрма ағаш,
Біреуінің журегінде оқ, біреуінің көзі қан-жас.
Сенің аяң бір пейіш қой, жетпес оған Иран бағы.
Сен желпінсең тәжім етер,райхан гүлдер ұжмақтағы.
Аузыңа зар, ерніңе зар, нұрды аңсаған жан жүрегім,
Бірі жұпар, бірі гауһар, құрбан саған қан жүрегім.
Ашылмаған бір жауқазын, десен болар бүл жүректі,
Сыртында қан, ішінде дерт, ол тұңғиық қасіретті,

– десе, Атаи ақын:

Мендерің Хотанның хош иісі не жан нұктесі, бегім,
Иектерің Иран гүлі, не Ризуан бағы, бегім.
Жақұт тамшы шарабыңнан адамзат жан табар,
Айып емес сұрамақ, ол тіршілік сұы ма, бегім?
Ел мені бұрымың ілгегімен бір сәт ғұмыр секілді,

Айырылуың себебінен хәлім мазасыз begіm,
– деп, шайырлар қиялындағы ұжмақ пен пейіштің бақтары
боп саналатын Иран мен Ризуанның әсемдік келбетін ерекше
шабытқа қосып толғанса, төрткүл дүниеге есімі аңызға айналған
ұлы ойшылы, шығыстың бір жүлдзызы Омар Хаямның ізімен
Науай ақын:

Уа, сахи, шарапты толтыра құй, кепті қаным,
Қаңсыған көкірегім текті жалын.
Сергін сәуле жұтып мен-дағы бір,
Жүйкеме жұпар сеуіп болған ығыр.
Кел, жыршы, бөле тағы мұңды әсерге,
Ақырғы айтартымды тыңда сенде.
Тербеші тәтті әуенмен маужыратып,
Тапқандай тыныстайын мәңгі бақыт, ²⁹ –

дейді, Омар Һаям шайыр:

Жақсы дейді біреулер хор мен жұмак,
Жүзімнің сұы тәүір білсең бірақ.
Өз қолынмен аласың несиеге,
Дабылды естігеннен соның хош-ақ,
Сұға толы көзені пакырлар да сімірген,
Шахтың көзі ділінен жасалыпты білем мен.
Кесе толы шарапта армандар бар шайқалған,
Оттай жанып бір кездे еріндер бар сүйілген. – десе,

Атаи ақын:

Шарап іш, құлақ сал иғілер көзіндей азат ол,
Ұстама ат, тон үшін бұл тоғыз сарай міндетін.
Пакырлық ішінде патшалар бар әскер тағымен,
Үрады жұмақтықтар көкте олардың кезегін.
Ей, кенпейілділік даулаған барша атақ-даңқ үшін,
Кел, шарапхана есігінде көргін байқұстар жігерін.

29 Науай Ә. Ескендір қорғаны. Ғазалдар. – Алматы: Аударма. – 2008. – 389 6.

– деп, ыдыс толы шарап ләззаты арқылы рахат дәмін татқан-дағыны, алайда, дүниенің тіршіліктең жалғандығын, жұмақ пен дозақтың арасындағы шарап ішудің адами болмыстан адастыратын алдамшылық қасиеттерін жария ету арқылы, тура, адамшылыққа алып барап хақиқат жолдарын өздерінше іздестіреді.

Жалпы алғанда, М. Атаи мен Ә. Науай туындыларына қарағанда, Отыз Имани шығармалары бұған дейін қазақ тілінде жарайқ көрмеген. Оның өлеңдерінің тек қана, орыс, татар тіліндеғана жарияланған нұсқаларын жолықтырдық. Соған орай, Татарстанның Қазан қаласында 1986 жылы түрколог ғалым М. Усмановтың редакциясымен шыққан Габдрахим Утыз-Имяни ал-Болғаридың «Шигырьләр поэмалар» атты таңдамалылар жинағынан үзінділерді хал-қадірімізше қазақшаға аударып ұсынуға тырыстық. Өзіміз жасаған қысқаша аудармалар кей түстардағы қысқартулар арқылы жарияланды.

Түбі бір, түркі жұртының ортақ тұлғасы, ислам дінінің наси-хатшысы, аңыз тұлғалы ақын Ахмет Иүтінекидің «Аллаға мінәжат» атты өлеңінде:

Ей, Алла! Көп мүнәжат етем саған,
Ең әуел рақымың мен аңсаған.
Мақтауға лайықты тіл жете ме,
Төгейін тіл өнерін, жар бер маған.
Ұшқан құс, жүтірген аң - барлығы да,
Паш етер сені «бар» деп жөн бар соған.
Әр істе білемісің, мың дәлел бар³⁰,
Табады сол дәлелді ой барлаған.
Бар қылды жаратты да мені жоқтан,
Жоқ етер Алла тағы бар қылмақтан.
Тәуба қыл, шәк келтіріп, желік қумай,
Тұрғанда өзің өлмей оттан сақтан, –
деп, ұлы Жаратушыға риясyz тәубә етіп, мінәжат қылуды
сырлы сезіммен жеткізсе, ал, әрі сопы, әрі ақын құл Қожа Ахмет
Иассауи ақын:

Мұнажат еттім, міскін Қожа Ахмет,

30 Әдеби жәдігерліктер. Т.6. – Алматы: Таймас. – 2012. – 112, 347 б.

Иә, Алла, бар пендене қыл раҳмет.
Ғарып Ахмет сөзі әр кез көнермес,
Егер жер астына түссе шірімес.
Және мансұқ болып ол қар болмас,
Оқыған пенделер дертті болмас.
Үнемі дүғада болса бар мұсылман,
Өлер кездे беріледі нұр иман.
Менің хикметтерім Алладан пәрман,
Оқып үққанға бар мағынасы Құран, –
деп жырласа, дәл осы шығыстық ойшылдық сарынмен О. Иманни ақында «Мінәжат» өлеңінде былай жалғасады:

Сол төрт нәрсені Құдайым,
Жалбарынып сенен сұраймын.

Бірі – жәннат, бірі – құрмет,
Бірі – нығмет, бірі – иман.³¹

Сол төрт нәрсені аңсап:

Бірі – ғылым, бірі – амал,
Бірі – саулық, бірі – аман.

Иллаһым, өтінем сенен.

Айырма бізді Илаһым,

Сол ізгі төрт Кітабыңдан:

Бірі – Інжіл, бірі – Таурат,
Бірі – Забұр, бірі – Құран, –

дей келе, адамзаттың ізгілік жолына арналып, Алланың құдіретімен көктен түскен қасиетті төрт кітаптың сыр-сипатын айта келе, бүкіл тіршілік атаулының он сегіз мың ғаламның иесі бір Аллаға мінәжат етуін насиҳаттаған ақын-шайырлар «сопылық» ілімнің шеңберінде бір-бірімен сарындастып, үндесе жыр үлгілерін жасайды.

Ал, енді түркі халықтарының ішіндегі «сопылық-тақуалық» ілім бағытында қалам тербел, әдеби-тәнімдық мұралар қалдырыған ақын-шайырлар да есеп жоқ. Жалпы, Тұран даласындағы құл Қожа Ахмет Йасауиден бастау алған «сопылық» діни ілімнің әсерімен көптеген ғазалдары мен тракттаттарын дұ-

31 Габдрахим Утыз-Имяни ал-Булгари. Шигырьлар поэмалар. – Казань, 1986, с. 41-43, 47.

ниеге әкелген ақын-шайырлардың жырлары әдебиетімізде көп-теп кездеседі. Соған қоса, осы сопылық ілім туралы: «Сопылық – VIII ғасырлардағы (Араб, Сирия мен Ирак өлкесінің) шығыс халифаттарындағы Ислам дінінің ішіндегі өркен жайған діни-тақуалық ілімі. Осы ілімнің негізінде, араб, парсы, түркі халықтарының мұсылмандастыққа діни сенімділігі артып, оның ішінде сопылық ілім бағыты да жетілдірілді³²» – дейді орыстың шығыстанушы, әрі арабтанушы ғалымы И. М. Фильшинский. Осы тұрғыдан келгенде, парсыда – Хафиз, Фердоуси, Низамилар болса, түркіде – М. Атаи, Ә. Науай, О. Имани ақын-шайырлардың мұсылмандастық сенім жетегінде ғұмыр кешкенін, сопылық ілімді жетілдіруші ірі тұлғалар екенін, төмендегі жыр жолдарынан көре аламыз:

Жүрер ем бұл жаһанда қылып сайран,
Өмірдің хош ішінде, есен-аман.
Тамағым ток, көңілім қайғысы жок,
Жаһанда толды досым, дүшпаным жоқ.
Не қарапын есебі өткен күнімнен,
Не қам етермін және мұндай бәлемнен?
Не қасірет барына, бұл хал заманда?
Өмірім бұл – ертелі-кеш аманда.
Қымбатылардың сұхбатында ерте мен кеш,
Бұл заман шуылынан, хасіретім еш.
Саяхаттай сапарым ғұмырға жетті,
Мінезім мұсылманшылыққа бекем етті³³
– дей келе, ұлы Жаратушы хаққа сенудің түрлі жолдарын баян
етіп отырса, әрі қарай Атаи ақын:
Ей, көңіл ұста, сол қырағылар мілләтін*,
Көзге ілмейді үрейден Сүлеймен мұлкәтін**

32 Фильшинский И. М. Расцвет средневековой литературы // Литература Востока в средние века. – Издательство Московского университета: – 1970 – с. 250

33 Там же, с. 230-233.

* Мілләт – дәстүр, жол деген мағынада.

** Мұлкәт – патшалық ұғымында.

Егер аспан айқайына жетпесе, Атаи кел тіле,

Хақ тағаладан Мұхаммед Жүки султан дәулетін, – деп, бір Алладан пайғамбарымыз Мұхаммедтің сахилігін, тақуалық қасиеттері мен бак-дәулетінің әр пендеге жеткізілуін арман етеді. Ал, парсының ғұлама ойшылы, Хафиз ақын Хақ-тағала құдіретке құлай, барынша жалбарына жылай сенуді:

Дертім болса, пана болшы құдірет,

Алыс кеткен өзіңнен арманым сол құдірет.

Қаражүрек жандардың ниетінен сақташи,

Зұлымдықтан әмәндә аман сақта құдірет.

Саған ғашық жандарға пана болшы құдірет,

Қан сорғысы келетін кәпірлер бар қайтейін,

Мұсылмандар өзіңнен қуат алсын құдірет,

Хафиз, сенің күндерін, түндерің де осылай,

Жалын болып, жанам да жас төгемін құдірет³⁴

– деп, шайырлық ерекше емеурінмен жырласа, сол түрде, сол бағытта Имани ақында былайша сөз болады:

Тарапты нұры хақтың бір тарапқа,

Айды білмес шығарсаң да нұрлы Хаққа.

Көрініп түр Құдай ақысы көздерінде,

Қабыл етпес неше оқысаң, шаригат сөздерін де.

Хақтың сұхбаты да анық қатал,

Жолыққанды сәлем де, сұра ма ахуал!

Насихатқа кетерміз екі тарап,

Бүкіл істер шаригатқа хилаң^{*}.

Мұсылмандық ісін білмей әрқашан,

Онан да мұсәпір жақсы талғасаң.

Көріл-табар ем, досты-жарым,

Қызыға шарладым бүкіл өлкені.

Тәрік еттім де бүл өлкені,

Жолықтым бір ғажайып дуниеге, – деген ақын әр пенде өз өмірін сопылықпен, тақуалықпен өткізу қажеттігін айта оты-

34 Күмісбаев О. Иран әдебиетінің тарихы. – Алматы: Қазақ университеті. – 2009. – 193 б.

* Хилаң – қарама-қарсылық, қайшылық, алауыздық, талас, дау.

рып, ол үшін дұрбелең дұниені кезіп, тәрік етуді мансұқ етеді. Халықты қараңғылықтан жарыққа шығаруды, ілім, ғылым жолын қасиетті Ислам дінінің ізгі әсерлері арқылы іздеуді мұрат еткен әрі ағартушы, әрі ақын Имани тағы да:

Сұралады әрбірінен хұқімі ислам, –
Иман, әдеп бастау алар ықыластан.
Жалғасқан ақырына сиқыр дәмі,
Соңында қылу құрмет парызымды.
Жиган дүние-мұлқімен қансын қарны.
Тәберік затты салмай қыынға сен,
Танып алу үшін, пенделікті бойыңа сен.
Қашан келер саған расында сопылығың,
Ерер саған жамандық, күпірлігің.
Бұл жалған істі қой, ей, бауырым,
Өзіңдің айыбыңа жаппа тәуірін

– деп, рухани тазалық пен тақуалық ұғымы сопылық ілімінен бастау алатын қайнар бұлақ екенін көрсетеді. Сонымен бірге, Имани ақынның поэзиялық кітабында қоғам өмірінің әлеуметтік, экономикалық және мәдени көріністеріне қатысты көптеген деректер қамтылған. Мұндай кітаптардың ең таңдаулылары Ислам ғұламалары әл-Бухари, Мұслим, Әбу Дауд, ибн-Мәжәх, әт-Тирмизи және ән-Нәсаилер, А. Иүгінеки, Қ. Йасауи т.б., құрастырған жинақтар болып табылады. Жалпы, ескі дереккөздердің қатарына Құран аяттары уахи болып түсірілу себептері туралы тақырыптар да жатады. Осы тақырыптарды насиҳаттау бағытында О. Имани да біраз еңбектенген ақын әрі ғалым. Мұндағы айрықша өзгешелік – жеңіл баяндалуында, тарихи оқиғалардың рет-ретімен сипатталуында және кейбір жайлардың айқынырақ көрсетілуінде болып табылады. Бұрынғы тарихи дереккөздерге және осы заманғы зерттеу материалдарына негізделген осындай өмір тарихтарды жасау үрдісі біздің заманымызда да жалғасын табуда.

Зерттеу нысаны болып отырған татар ғалымдарының ұйымдастыруымен шыққан Габдрахим Утыз-Имания ал-Булғаридың «Шигырыләр поэмалар» кітабы – кейінгі дәуір түркілерінің ерекше

бағалы мирас ретінде ерекшеленеді. Бұл кітап – ақын поэзиясының бір сөтте тереңдігімен және жеңілдігімен ғана емес, мүмкін болатын барлық қоспалар мен ойдан шығарулардан таза болуымен ерекшеленеді. Бұдан тыс, бұл кітаптың ерекшелігі – оның кез келген ізденуші мен оқырманға діни түрғыдан ізdegен нәрсесін табуга көмектесе алатындығы, өйткені ол өзінін құрамына көптеген қызықты әрі көпшілікке аса танымал емес поэзиясымен, ислам мәдениетіне қызығушылық танытатын барша оқырманға арналған тамаша сыйлық бола алатындаі еңбек деп білеміз.

Түркі халықтарына ортақ ұлы ақын-шайырлар мен араб-парсы ғұламалары мәдениеті арасындағы әдеби байланыс, топтан оза шабатын терең толғаныстарының айрықша келбеттері ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан түркілік идеяның шеңберінде өрлеген рухани бабалар мұрасы атадан балаға берілуі табиғи заңдылық деп білеміз. Соған қоса, М. Атаи, Ә. Науай, О. Имани сияқты ақын-шайырлардың поэзиясында қоғамдық-әлеуметтік, саяси-мәдени тақырыптар да тереңнен жырланғандықтары ерекше көрініс табады.

Сөз соңында айтарымыз, түркі халықтарының ұлттық қалыптасу кезеңіндегі жазба мұралары негізінде қағазға түсіп, сакталып жеткен ортағасырлық түркі әдебиеті ақын-шайырлары қалыптастырған парасатты поэзияның төл мұрагерлері М. Атаи, Ә. Науай, О. Иманилардың мәңгілік әдеби жазба туындылары әдеби-таниямдық жағынан зерттелгенімен, тарихи-типологиялық жағынан салыстыруды көп қажет етеді. Ұлттық қалыптасу кезеңіндегі ақын-шайырлардың әдеби жазба мұраларындағы көркемдік бейнелеу тәсілдері арқылы көрінген, әрі олардың шығармалары тақырыптық аясы жағынан орасан талғамды ойларға құрылған, соған қоса, тұрақты ізденісті қажет ететін құнды дүниелер болып табылады.

ТҮРКІ ЖАЗБА ӘДЕБИЕТІНДЕГІ «ҚУБАС» САРЫНЫ

Түркі халқының басын біріктіру, рухани мәдениетінің басты бағыттарын қалыптастыруды XIV-ші ғасырдың соңында ортаазиялық мұсылман-уағызшылары таратқан Ислам дінінің рөлі зор болды. Сібірде Ислам дінін нығайту үшін Еділ (Волга) өзенінің бойындағы түркілер де аз қызмет еткен жоқ. Әр кезеңде Батыс Сібірге қоныстанған жергілікті татарлар, бұхаралықтар және Қазан татарлары әрқайсысы өзінің шыққан жерін білсе де бір халықтың аясында біріге білді. Ұлттық ағартушылықтың аяғынан тік тұруына Ислам дінімен бірге келген араб графикасы негізіндегі жазу үлгісі басты рөл атқарды. Бұл жазу үлгісі осы аймақта XX ғасырдың 20-шы жылдарына дейін құрылды¹.

Зерттеуші-ғалымдардың ғылыми зерттеулеріне, тарихи де-ректерге көз жүгіртсек, қазақ әдебиетінің тұнғыш жазба нұсқалары заманымыздан бұрынғы VI-VII ғасырлардан бастау алғып, заманымыздың VIII-IX ғасырына дейін жалғасқанын байқауға болады. Қазақ әдебиеті түркі текстес халықтар әдебиетінің бір саласы болып табылады. Түркі халқы әдебиеттеріндегі ортақ идея, әдеби-тілдік байланысы туралы қазақ ғалымдары Б. Кенжебаев, Қ. Өмірәлиев, Ф. Айдаров, Ә. Қайдаров, Ә. Қоңыратбаев, Н. Келімбетов, Х. Сүйіншәлиев, М. Жолдасбеков, А. Қыраубаева, С. Әбушәріп, С. Қасқабасов және т.б. ғалымдар ғылыми тұрғыдан зерттеп-зerdeледі. Туркі тайпаларының ежелгі мәдениеті мен әдебиеті туралы шығыстанушы-ғалымдар В. Бартольд, Е. Бертельс, В. Радлов, С. Малов, А. Кононов, Н. Баскаров, Б. Владимирицев, А. Самойлович, С. Кляшторный, А. Бернштам, А. Гафуров тарихи-ғылыми тұрғыда сараптаған.

Орта ғасырда Ислам дінінің кең таралуына ерекше ықпал еткен Қожа Ахмет Йассауи – сопылық дүниетанымның негізін қалаушылардың бірі, аса көрнекті шайыр. Оның толық аты-жөні: Хазірет Сұлтан Шейх-ул Ислам Қожа Ахмет Йассауи. Ол қазіргі Оңтүстік Қазақстандағы Сайрам (оны кезінде Испиджап, Ақсу, Ақшаһар, Ақтүрбат деп те атаған) қаласында дүниеге келген.

1 Сабирова Б.О судьбе татарского языка в Сибири // Газета «Татарские края». – Казан, 15.09.2003. - № 32(549).

Ақынның тұған жылы ғылымда анық емес, ал 1166 жылы қайтыс болғаны туралы нақты жазба деректері бар. Әкесі Шейх Ибраһим – түркі текстес тайпалардан шыққан өз дәуірінің көрнекті дін қайраткери болған. Анасы Айша (қазақтар оны Қараашаш-ана деген) – Мұса деген атақты шейхтың қызы болған. Ахмет Йассауді тұған ауылына оқытып, сауатын ашқан. Оған ислам дінінен алғаш дәріс берген ұстазы – Бахаул-дин Испиджаби деген ғұлама екен².

Ол кезде Йассы (Түркістан) шаһары Шығыстағы өркениет орталықтарының біріне айналған еді. Мұнда келіп Ахмет Йассауді атақты Арыстан Баб және Жұсіп Хамадани сияқты ғұламалардан дәріс алады. Бұл туралы Ахмет Йассауи:

Жетіде Арыстан Бабқа арнап келдім,
Мұстафа өситетіне қанбақ болдым.
Сол шақта мың бір зікір сарнап бердім,
Алаңсыз Аллаға бет бүрдым, міне,³ – дейді.

Кезінде «Диуани хикметті» ұзак жылдар зерттеген ғалым Е. Бертельс бұл дидактикалық сарындағы туындының ежелгі түркі поэзиясымен дәстүрлі байланысы бар екенін дәлелдей келіп, мынадай пікір айтқан болатын: «Ахмет Йассаудің жырлары күні бүгінге дейінгі қазақ даласынан Кіші Азияға дейін кеңінен тараған фольклорлық лириканың түрлерімен сырттай ұқсас болып отырады. Бұл ерекшелікті сопылық әдебиетте алғаш рет Йассауи бастап тұрақтандырды. Осыдан кейін өзге елдердің дәруіштік поэзиясында да бұл үрдіс жалғасын тапты, сөйтіп, жазба поэзия мен фольклордың байланысы бұдан былай жаңа сипат алды»⁴.

Сопылық ағымның, яғни суфизмнің пайда болуының өзі аса күрделі қоғамдық, идеологиялық құбылыс еді. Суфизм бертін келе философиялық ағым ретінде қалыптасты. Әйтсе де су-

2 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті: Қазақ әдебиеті бастаулары. – Алматы: Атамұра, 2005. – 225 б.

3 Йасауди Қ. А. Хикмет жинақ (ауд. М.Жармұхамедұлы, М.Шафиғи, С.Дәуітұлы, Е.Дүйсенбай). – Алматы, 1998. – 38 б.

4 Бертельс Е. Э. Суфизм и суфийская литература. Избранные труды. – Москва, 1965. – с. 77.

физмнің жекелеген элементтері ислам дініне дейінгі дәуірлерде де бар еді. Бұл діни ағымның пайда болуына кезінде буддизм, мәжусилік діндер мен көне заман данышпаны Платонның (Афлотун) интуиция, абстракті ойлау жайындағы кейбір ғылыми тұжырымдары тікелей әсер етті. Көне заман данышпандарының Құдай және дін жайындағы трактаттарын араб тіліне тәржіма жасап, оны суфизм ағымын белгілі бір жүйеге келтіру үшін пайдалана білген Шығыс ғұламалары болды. Олар: Хусайн ибн Исақ (IX ғасыр), Әбу Бәшір (X ғасыр) және Яхия ибн Әділ (X ғасыр) сияқты суфизмнің теориялық негізін қалаушылар еді¹⁵.

Құран Қәрімдегі 114 суренің әрқайсысындағы хикаяларда Адам ата мен Хая анадан бастап (барлығы 25 Пайғамбар), ең соңғы Мұхаммед Пайғамбарға (с.а.у.) дейінгі бүкіл адамзат баласы тарихының елеулі кезеңдері қамтылған. Құран Қәрімдегі түрлі діни хикаяларды барынша қамтып, ері оны мейлінше кең көлемде таратып түсіндіретін осындағы қиссалардың бірі – Бурхонуддин Рабғузидің (XIV ғ.) «Қисса-и Рабғузий» немесе «Қисса-ул-әнбия» деп аталатын прозалық шығармасы. «Қисса-и Рабғузи» – Пайғамбарлар мен әулиелер, сахабалар мен жын-шайтандар туралы әңгімелер жинағы. Мұнда барлығы 79 хикая бар. Ал «Әзірет Әлидің пыраққа мініп, Миғражға шығуы» деп аталатын қиссада тірі кезінде адамдарға жақсылық жасағаны үшін Әзірет Әлидің жұмақта Пайғамбарлармен кездесіп, сұхбат құрғаны, хор қыздарымен әңгімелескені қызықты сюжет арқылы жырланған. «Нұх ғалейхиссалам» деп аталатын хикаяда бүкіл жер бетін топан су басып кеткені, сонда Нұх Пайғамбар кеме жасап, әртүрлі жан-жануарларды сақтап қалу үшін олардың әрқайсысынан бір-бір жұптан кемеге салып жүргені, кеменін түбін тышқан тескені, оны жылан бекіткені жайында әңгіме-хикаялар бар. Бұлардың барлығын идеялық мазмұны жағынан З топқа бөліп қарастыруға болады:

1. Алла Тағаланың Жер мен Көкті, адамзатты, хайуанаттар мен тау тасты, бүкіл әлемді жаратқаны туралы хикаялар;

5 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті: Қазақ әдебиеті бастаулары. – Алматы: Атамұра, 2005. – 227 б.

2. Пайғамбарлар, әулие-әнбиелер, сахабалар, тағы басқалардың өмірі мен іс-әрекеттері жайындағы аңыздар;

3. Һижраның (мұсылман жыл санауы) алғашқы он жылы ішінде болған тарихи оқиғаларды бейне бір шежіре ретінде баяндайтын хикаялар болып келеді.

Сондай-ақ, «Қисса-и Рабғузийде» Ибраһим, Мұса, Дәуіт, Сүлеймен, Ілияс, Мұхаммед Пайғамбарлар туралы да қызықты хикаялар бар. Қиссада Пайғамбарлар қарапайым адамдарша өмір сүріп, қоғамда түрлі оқиғаларға араласып отырады.

В. В. Радлов былай дейді: «Кітап өлеңдерінің» ішінде ең көп тарағаны – «Жұмжұма» мен «Бозторғай», өйткені оларды сауатсыз қазақтардың өзі жатқа біледі. Семей облысында барлық «кітап өлеңдер» халық арасында кең тараған. Мұнда Ислам батырларын әспеттейтін өлеңдерге жол берген халық батырлары жайлышылар күннен күнге жоғалып барады. «Кітап өлеңдерінің» ішінен көбінесе «Жұмжұма» деп аталатын кітаптағы осы аттас дастан көп айтылады. Мен бірнеше мәрте үлкен жиындарда осы өлеңнің оқылғанын өз құлағыммен естідім. Тындаушылар өлең оқушының әрбір сезін ынта-шынтастымен тындалап отырды, діни қағидаларды орындаамай о дүниеге барғанда азап тартқан мұсылманның күйін суреттеген кезде барлығының жүзінен үрейдің нышанын байқауға болады. Үнсіз тыныштықты тек тындаушылардың «Аллаху акбар!», «бисмиллахи раЖмани-рахим!» деген сөздері бұзып жібереді. Менің ойымша, қазақтардың арасында Ислам дінінің берік орнығына бір «Жұмжұма» өлеңінің өзі дастаны кезген жүздеген молдаға қарағанда ықпалы зор болды»⁶.

С. Мұқанов діни қиссалар жайында былай деген: «Мен балалық шағымда көптеген қиссалармен қатар, «Кербала шөлін» де жатқа айтатын едім. Сонда тындаушылармен бірге қиссаның бірер жерінде өзім де жасқа булығатынмын. Онда шөлгө қамалып, қаталаған Хұсайын жағы бір жұтый су сұрап, Жазидке оның апыл-тапыл басқан ұлын жібереді. Сонда мейірімсіз жау су орнына сәбидің ашқан аузына оқ атып өлтіреді. Екінші бір

6 Радлов В. В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Дзунгарской степи // Киргизские наречие. Часть III. – СПб., 1870. – С. 712.

сәтте Хұсайынның кесілген басын Жазид алтын табаққа салып, бос тұрған сарайына қойғаннан кейін, жүрт үйқыға кіре, Хұсайын ата-бабаларының (Мұхаммед, Фали, Фатима және тағы басқалар) арағы елес беріп келеді. Мұндай көрініс маған да, тыңдаушыларға да қатты әсер етіп, әрі қорқынышты болатын еді.... Хұсайыннан кейін «Ғазауат» (дін) соғысын жүргізген Сельжуктарға (туркілерден құралған хандық) қосылып, Қара теңіз жағасында Рум (Византия) мемлекетін талқандаған, оның астанасы Стамполды алып, оның соборының (шіркеуінің) – Софияның төбесіне мұсылмандық белгі – Ай бейнесін орнатқан Сейіт-Баттал есімді адам. Мұсылман елдері оны Ғалидан соғырыслам батырының ең зоры санайды. Кімнен, қашан аударылғаны белгісіз, қазақ тілінде «Сейіт-Баттал» есімді өлеңмен жазылған, көлемі он мың жолдай қисса бар, қай тілден, қай уақытта аударғаны белгісіз, бірақ бұл қазақ тілінде емес, түркі тілдерінің біреуінен аударылғанға ұқсайды. Мазмұны – ғазауат – дін соғысы. Бұл соғыс XI-XIV ғасырларда Каспий төңірегінде, туркілерден құралып жасалған ислам дініндегі Сельжук мемлекеті мен біздің дәүірдің (Айсадан бергі жыл санаудың) III ғасырынан Қара теңіз төңірегінде патшалық құрған христиан дініндегі Византия мемлекетінің арасында көптеген ғасырға созылған тартыстар кезінде болғанға ұқсайды. Бұл соғыста екі жағы да, әрине, діндерін бетке ұстай соғысады, Сейіт-Баттал ислам дінінің сол бір кезеңдегі соғыста қолбасшысы болған сияқты. Сондықтан мұсылмандар, солардың ішінде қазақтар, оны ғазауат соғысының хазірет Ғалиға пара-пар батыры есебінде сипаттайды»⁷.

В. В. Радлов өзінің бір мақаласында: «Өздерінің туыстас түрік тектес елдерімен салыстырғанда, қырғыздар да, қазақтар да сөзге шешендіктерімен ерекшеленеді. Олардың шешендіктеріне, шынында да, таң қалмасқа болмайды. Қазақтар сөйлегенде ешбір мұдірмей, күрмелмей есіп жүре береді, ойларын дәл, айқын етіп бере білумен қатар, сөз, сөйлемдерін белгілі бір дәрежеде әдемілікке bezейді, әңгімелесіп отырғанның өзінде жай сөйлемінде не жайылма сөйлемінде болсын ырғақ анық байқа-

7 Мұқанов С. Халық мұрасы: тарихтық-этнографиялық шолу. – Алматы: Жазушы, 2005. – 157-158 66.

лып және жиі кездеседі. Өлең шумақтарында ғана ұшырайтын сөйлем түрлері жай сөздердің өзінде іркес-тіркес келіп жатады да, тыңдаушыға өлең тәрізді әсер етеді. Үргакқа құрылған сөздерді дүниедегі көркемәнердің ең жоғарғы биігі деп ұтынатын, суырылған шешендейкке жаңы рақаттанатын халықтың сөздері солай болып келуі әбден түсінкті. Соңдықтан да қазақ халық поэзиясының дамуы жоғарғы сатыға жеткен. Олардың мақалдары да, насиҳат, нақыл сөздері де әдейі қолданылған үйқастарға негізделінеді; тарихи жыр, айтыстар, салт өлеңдері, жоқтаулар т.б. – бәрі де жиын, тойларда әрдайым-ақ жырланады және оларды жұрт емірене тыңдайды. Сонымен бірге қазақта суырыпсал-малық (импровизация) – мейлінше көп тараған өнер. Аз-мұз тәжірибесі бар ақындардың табандада-ақ өз жандарынан өлеңдер шығарып, әдейлеп жырладап беруге мүмкіншіліктері мол»⁸.

Біз сөз еткелі отырған қиссалардың бірі – «Қисса-и Жұмжұма» 1881 жылы Қазан баспасынан жарық көрген. Ол 1897, 1901, 1910, 1917 жылдары бірнеше мәрте қайта басылып шықты. Бұл басылымдарда өзін автор ретінде көрсеткен Мәулекей Юмачиков деген татардың есімі аталады. М. Юмачиков 1836 жылы Тобол губерниясының Ялутур оязына қарасты Сейінғұл болысында туған татар⁹. Алайда татар тіліндегі басылымдарда М. Юмачиковты «Қисса-и Жұмжұма» дастанының аудармашысы ретінде көрсетеді. Татар ғалымы И. Гарифуллинің айтудынша, XIX ғасырдың соңында Төмен (Тюмень) татарларының арасында оқыған адамдардың бірі – Ембаев медресесінің мұғалімі Мәулекей Юмачиков болатын. Ол араб, парсы, орыс, татар және қазақ тілдерін меңгерген, діни мазмұндағы 2 кітап, он шақты өлеңдер мен эпикалық мазмұндағы байттар жазған. М. Юмачиков Хисам Кәтибтің «Жұмжұма сұлтан» дастанын қазақ тіліне аударған¹⁰. Бұл айттың отырғаны «Қисса-и Жұмжұма» Хисам Кәтибтің «Жұмжұ-

8 Радлов, В. В. Образцы народной литературы северных тюркских племен. Ч.5. Наречие дикокаменных киргизов / В. В. Радлов. – СПб. : [б.и.], 1885. – с. 3.

9 Ыбыраев С. «Қазақ тіліндегі қиссалардың авторы татар ма?» // «Жас қазақ» газеті. – Алматы, 15.04.2005. №15(15).

10 Гарифуллин И. Пресса в Сибири // Газета «Татарские края». – Казан, 06.02.2003. – № 5(522).

ма сұлтан» дастанының аудармасы емес. Өйткені ол шығарма шамамен 1370 жылдары жазылған. Оның қолжазбалары Санкт-Петербор мен Қазан қалаларының мұрағаттарында сақтаулы. Бұл екі шығарманың сюжеті бірдей болғанымен баяндалуы бөлек. Демек кейінгі қазақ айтушылары «Қисса-и Жұмжұмаға» қазақы бояу қосып, жырлаған.

«Жұмжұма» сөзінің мағынасы араб-парсы тілдерінен аударғанда «ку бас, бас сүйек» дегенді білдіреді. Белгілі парсы ақыны Фарид ад-Дин Аттардың «Жұмжұма-нама» деген шығармасы бар. Элі күнге дейін XIV ғасырға тиесілі Хусам Кәтибтің «Жұмжұма сұлтан» дастанының түркі тіліндегі нұсқасы XII ғасырдағы парсы ақыны Фарид ад-дин Аттардың «Жұмжұма-нама» поэма-сының көшірмесі деп белгілі бір ғылыми ортада айтылып журген пікір өз күшін жоя бастады.

Професор Г. Т. Тагирджановтың пікірінше «Жұмжұма-нама» шығармасы Аттармен аттас басқа бір шайырдың туындысы. XIV ғасырдың екінші жартысында дәл осы сюжеттің желісімен ақын Хусам Кәтиб «Жұмжұма сұлтан» атты дидактикалық шығарманы жазып шықты. Аталған шығарма автордың жеке туындысы болып есептеледі. «Бұл (шығарма) парсы тілінен аударылмаған, сол аңызды нақты, толық және мұсылманшылық негізде баянданған нұсқасы...» деген пікірді аталған шығарманы аударма деуге мулде болмайды деп жазған шығыстанушы ғалым Е. Э. Бертельс айтыпты.

Екі шығарманың мәтінінде ортақ ұқсастықтар баршылық, өйткені олардың сюжеттері бірдей. Алайда Алтын Орда дәуірінде өмір сүрген автордың шығармасында мына өмірде жасаған істеріне қарай о дүниеде күнәһарға жаза беретін тамұқтағы оқиғалар жіті суретtelген, ал парсы әдебиетінде бұл аңыз-әфсанада жоқ екендігі белгілі болды. Біздің пайымдауымызша оқырманға ой салатын шығарманың шиеленіскең, психологиялық сезимге құрылған осы бір өткір тұсы XIV ғасырдың ортасында өмір сүрген араб әдебиетшісі Шихаб ад-дин ал-Абшихидің «Китаб ал-мустатраф фи кулл фанн ал-мустазраф» («Әсемдіктің әрбір түріндегі қызықтар жайлы кітап») деп аталатын антологиясына

енгізілген «Жұмжұманың» араб тіліндегі прозалық нұсқасында да көрініс таппаган¹¹.

Дәл осы жерде «Жұмжұма сұлтанның» сын көтермейтін мәтіндерін құрастырып шыққан татар профессоры Хатип Усманов кезінде Хусам Кәтибтің өзі әл-Абшихидің шығармасымен таныс болуы мүмкін екендігін шын мәнінде анғармай қалғанын байқаймыз. Бір таңқаларлығы, XIX ғасырда татар ақыны М. Юматиқовтың қазак тілінің элементтері енген «Қисса-и Жұмжұма» дастанының нұсқасында да осы тұстары ескерілмеген. Араб-парсы тілдерінде «Жұмжұманы» қисса емес, хикаят деп қолданады.

«Жұмжұма» сюжетінің әлемге тарағанын ТМД аумағына белгілі қисса-хикаяттардан байқаймыз. Алайда бұдан бөлек «Қисса-и Жұмжұманың» Памир таулары мен Оңтүстік Шығыс Азия елдеріндегі хикаят үлгісіндегі нұсқалары да табылды. Хикаят (араб тілінде «баяндау») – Тају, Орта Шығыс және Оңтүстік Шығыс Азия халықтары кеңінен қолданатын әдеби термин. Кең мағынасында хикаят дегеніміз ірі көлемдегі сюжетті прозалық шығарма; тар мағынасында – авторы жоқ кітаби прозалық эпостың жанры (мысалы, «Ханг Туах жайлы хикаят» – 17 ғасырдағы классикалық малай әдебиеті) саналады. Ол аңызға немесе тарихи оқиғаларға құрылуы мүмкін. Араб, парсы және түркі әдебиеттерінде хикаят термині «әңгіме» деген мағынасында да қолданылады. Ал қазак тіліндегі хикаятқа А. Байтұрсынов мынадай анықтама береді: «Хикаят. Діндар дәүірдің өнеге үшін шығарған әңгімелері хикаят деп аталған. Хикаят дін үйрету ғана мақсатпен шығарған сөздер емес. Діннен басқа жағынан да өнеге көрсету үшін айтылады. Сондықтан хикаят тақырыбы түрлі-түрлі болады.

Мысалы:

Бекер босқа жүргенше бойды балап,
Жақсы депті әр іске қылған талап.
Пайғамбары құданың заманында,
Жүреді екен бір жігіт бекер қарап.
Қылыш жүрер бір жұмыс өзге пенде,
Бекер жүрер бірақ сол көрғенде.

11 Исламов Р. Еще раз о «Джумджума султан» Хусама Катиба // «Гасырлар авазы – Эхо веков» научно-документальный журнал. – Казан, 2004, 1.

Тұс сұтып, қарамай өтеді екен,
Ол жігітке пайғамбар кез келгенде.
Жолыққанда бір сапар күліп өтті,
Көргеннен-ақ қарасын күлімдепті,
Сахабалар, тақсыр-ау, күлмеуші еніз,
Не себептен күлдіңіз бүгін депті.
Айтты сонда себеп бар күлгенімде,
Күлмеуші едім жолықса ілгеріде.
Екі шайтан қасында жолдас еді,
Бекер қарап ілгері жүргенінде.
Отыр екен бұл сапар жерді сзып,
Жолдастықтан қашыпты шайтан бұзып.
Келіп екі періште қасында отыр,
Сол себептен күліп ем көнілім қызып.
Бекер жүрген батады бәлекетке,
Адам болсан, жолама ол әдетке.
«Құры қарап жүргеннен артық» дейді,
Пайдасыз бекер қылған әрекет те (Молда Мұса)¹².

Сондай-ақ түркі әдебиетінде хикаяты халық әңгімелерінің үлгісі ретінде қарайды. Түркі әдебиетінің ішінде орта ғасыраға тән ірі эпикалық жоспардағы «Бахтиярнама» хикаятын атауға болады. Дәл сол кезеңде аңыз-ертегілердің сюжетіне құрылған «Маджмут аль-хикаят», «Рисалаи хикаят» шығармалары тайда болды. Тарихты өлеңмен баяндайтын шығарманы Памир халықтары да «хикаят» деп атаған. «Хикаяттар» бір сағаттан аса уақытқа созылады. Шығыс халықтарында «хикаят» «матактың» (madoh) ең ұзын түрі болып есептеледі. Мадақтағы хикаяттар көбінесе Имам Әли сияқты қасиетті адамдар жасаған ғажайыптарға құрылады. Памир тауларының етегіндегі Ауғанстан мен Тәжікстан шекарасындағы Ишқашим қаласында әлі күнге дейін рубоб деген шекті аспапқа салып жырлайтын «Хикаят әүлттан Жұмжұма» нұсқасы бар. 1992 жылы Додихудо Жумакон (Dodikhudo Jum'akhon) жырлаған бұл хикаяттың «Қисса-и Жұмжұмамен» ұқсас тұстары да бар:

12 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш // Зерттеулер мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 147 б.

«Хикаят Сұлтан Жұмжұмада» былай дейді:
Иса Дежленің (дария) жағасынан өтіп бара жатып,
Далада домалап жатқан басты көрді.
Денесінен бөлініп қалған қу бастың,
Еті, терісі, миы шашылып қалыпты.
Бұл «Қисса-и Жұмжұмада» мынадай деп берілген:
Жапанда сер қылып жүрсе Гайса,
Алдыңда қу бас жатыр бір адамның.
Бекесі, кеудесі жоқ қу бас жатыр,
Жарымы су, жарымы құм бол жатыр.

«Хикаят раджа Джумджума» (Hikayat Raja Junjumah) де-
ген атаумен Оңтүстік Шығыс Азиядағы бүкіл Индонезия архи-
пелагына белгілі болған шығарманың ағылшын тіліндегі нұсқа-
сы 1823 жылы Лондоннан шығатын «Азия журналында» («The
Asiatic journal») жарық көрді. Бұл хикаятың да «Қисса-и Жұмжұ-
маға» үқсас тұстары кездеседі. Мысалы, екі шығарма да былай
басталады:

«Хикаят раджа Джумджума» (Hikayat Raja Junjumah)
In the name of God, the merciful, the compassionate.—
Imploring the assistance of God,
we shall relate the history of Rajah Junjumah,

who reigned over a powerful and extensive kingdom in this world.

Аудармасы:

Қайырымды да, мейірімді Алланың атымен,
Құдайдан көмек сұрай отырып.

Біз бүкіл осы әлемге өзінің күшті билігін жүргізген
Сұлтан (Раджа) Жұмжұма жайлы хикаятымызды бастаймыз.
Қазақ тіліндегі «Қисса-и Жұмжұманың» басы былай деп келеді:
Жігіттер, иманыңдан күдер үзбе,
Айтайын аз мысал енді сізге.

Бұрынғы өтіп кеткен Ер Жұмжұма,
Қылыпты қамқоршылық бұрын бізге.

Тамұқтың эпизодтары басқа шығармаларда, оның ішінде әл-
Абшихидан әлдеқайда ертеде, XII-ші ғасырда әмір сүрген араб
жазушысы Сүлеймен ибн Дауд ас-Саксинидің (Саксин қаласы-
нан шыққан) «Зухрат ар-рияд ва нузхат ал-кулуб ал-мирад»

(«Бақтың әдемілігі және азап шеккен жүректі жұбату») деген кітабындағы «Хикайат-у Джумджума» («Жұмжұма жайлы хикаят») атты прозалық шығармаларында кездесетінін айта кету керек¹³.

«Жұмжұма» атавы мұсылмандарға ғана қатысты емес. Бұл атава христиандардың арасында да кездеседі. Мәселені, Джамаджим (Dair al-Djamadjim) – Басраға баратын жолдағы сахараның (шөлдің) ең шетіндегі Куфадан 7 шақырым жерде орналасқан Вавилониядағы христиан монастыры. Оның жанында Даир аль-Керра (Кадислиядың аль-Керраға қатысы болуы мүмкін) деп аталатын басқа бір монастырь да бар. «Китаб аль-Агханидагы» әңгімеге сүйенсек «Даир аль-Джамаджим» Евфрат өзенінің батыс жағалауына жақын маңайға орналасқан. Осы деректерге сүйенсек, бұл монастырдың көрінісі Куфаның (Машджағад Алидің (Наджаф) шығысынан 6-8 шақырым жердегі үйінділер) онтүстігіндегі бұрынғы Евфрат арнасынан бастау алағын қазіргі батпақты баҳр аль-Наджаф көлінің онтүстік-шығысынан көрінуі тиіс. Даир аль-Джамаджим «бас сүйектер монастыры», деген мағынаны білдіреді. Бұл атаудың шығу тегіне қатысты арабтарда түрлі ақыз-әңгімелер бар. Атаудың шығуы сол жердегі шайқаста мерт болған ерлердің жерленген немесе көміліп қалған бастарына қатысты екендігімен бәрі келіскеңімен; Мұхаммед заманына дейін болған бұл нақты оқиғаға кімдер қатыссыңы дегенге келгенде пікір алуандығы туындаиды. Кейде біреулер бұл бас сүйектер тайпалық жауласу кезінде мерт болған Еану Тамимнің мүшелеріне тиесілі десе, базбіреулер Лияд өлтірген парсылардің деген пікір айтады. Ушінші біреу бұл Лияд пен Кудаға тиесілі дейді; олардың денелері екі тайпаның арасындағы шайқас болған ұрыс даласынан қазып алынып, шіркеуге (монастырь) жерленген. Осындағы оқиғадан туындаған атаудың шығу тегінің болмауы күдік тудырады. Бұл атава монастырда арулап жерленген күнәһарлар мен әулиелердің бас сүйектерінен алыну әбден мүмкін. Қалай болғанда да «әл-Жұмжұма» – «бас сүйек» баламалы атауының қазіргі Вавилон қирандысының онтүстік шетіндегі ауылға берілуі салыстырмалы түрде қаралуы керек. Іслам

13 Исламов Р. Еще раз о «Джумджума султан» Хусама Катиб // «Гасырлар авазы – Эхо веков» научно-документальный журнал. – Казахстан. 2004, с. 1.

тарихында «бас сүйектер монастыры» сол маңайда 701 жылы (хижра – 82 жыл) Абд-ал-Маликтің билеушісі ал-Хаджаджи мен оның қарсыласы Абд аль-Рахман бин Мұхаммед бин Ал-Ашат арасындағы қиян-кескі шайқасты еске түсіреді. Абд-ал-Рахман «Даир ал-Жұмжұма» монастырына келіп мықтап бекінген кезде алғашқысының алдында айттылған Даир-Курра монастырында штаб-пәтері болатын. Қарсыласқан жаулар бір-бірімен үш айдан аса уақыт тіресті. Абд ал-Рахманға Ирактан келген жауынгерлер оның әскер санын 100 мыңдан асырды. Кейіннен ол сол аймақты тастап кетуге мәжбүр болды¹⁴.

Осы «Қисса-и Жұмжұманың» тағы бір нұсқасын белгілі неміс ғалымы В. В. Радлов 1870 жылы жарық көрген «Оңтүстік Сібір мен Жоңғар даласындағы түркі тайпаларының халық әдеби мұраларының үлгілері» атты кітабында «Ку бас» деген атаумен жариялаған¹⁵.

В. В. Радлов жариялаған «Ку бастың» М. Юмачиқов жарыққа шығарған нұсқасынан айырмашылығы онда тамұқтың жеті қақпасын жеке-жеке атын атап, түрін түстеп шығады:

Әуелде Аужа деген тамұқ көрдім,
Ораза, намазсыздың орны-еді.
Екінші Шақыт деген тамұқ көрдім,
Ұрлық пenen зинақордың орнын көрдім.
...Жетінші Жәһаннам деген тамұқ көрдім,
Санаыз кәпірлердің орнын көрдім.
Аралап сол дозақта біраз жүрдім,
Отзың түрлі ғазапты адам көрдім¹⁶.

Ал «Қисса-и Жұмжұмада» жеті тамұқты қысқаша былай баянайды:

Жеті тамұқ бар екен көрдім бәрін.
Төрт бұрышы жанып тұр, бәрі жалын.

14 E.J. Brill. First Encyclopaedia of Islam. 1913-1936 edited by M.Th.Houstma, T. W. Arnold, R. Basset and R. Hartmann. Volume II, BABA Fighani-Dwin. – Leiden, New York, Kobenhavn, Koln, 1987.

15 Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Дзунгарской степи // Киргизские наречие. Часть III. – СПб., 1870. – с. 680-692.

16 Бабалар сөзі: Діни дастандар. Көлтомдық. 2-том. – Астана: Фолиант, 2002. – 29 б.

Сол тамұқтың ішіне салғаннан соң,
Отқа қүйген шаладай болдым жалын¹⁷.

Біздің қарап отырған мәселелеріміз түрік ғалымы Джем Дилчиннің анықтауымен агиографиялық әдебиеттің үлгісі саналатын XIII ғасырда өмір сурген Анадолы ақыны Шеййада Иса-ның «Ахвали қийамат» («Қияметтің ахуалы») атты шығармасының біршама сырын ашып береді. Бұл ақырзаман жайлы діни-дидактикалық шығарма екендігі бізге мәлім, дегенмен бұл жазба ескерткіштің мәтініндегі тамұқтағы күнәшарларды қалай жазалайтындығын суреттейтін эпизодтар Хусам Катибтің “Жұмжұма” нұсқасына үқсайтындығы қызық болып отыр¹⁸.

Екі шығарманың ұқсас тұстарынан мысал келтірейік.

Хусам Кәтибте:

Түрікшесі:

Ol cehennem tamuydu ey olu
Bir kavin kördim bićin yüzlik kamry
Anlar irmiş dünyada nefş-i kerem
Hem yitniş irmişler anlar köb haram

Қазақша аудармасы:

Ол жаһаннам тамұқта, ей, Ұлық,
Жүзі жоқ бір қауым көрдім.
Олар дүниеде нәпсісіне еріпті,
Әрі олар көп арам нәрселер жепті.

Шиїда Исада:

Түрікшесі:

Kopisardur bir bölüm işit nice
Tağlara manend karınları yüce
Tolu ilan ola karınlan içi
Ol yılanlardan bağırsaklar içi

17 Бабалар сөзі: Діни дастандар. Көптомдық. 2-том. – Астана: Фолиант, 2002. – 43 б.

18 Исламов Р. Еще раз о «Джумджума султан» Хусама Катиба // «Гасырлар авазы – Эхо веков» научно-документальный журнал. – Казан, 2004, 1.

Қазақша аудармасы:
Күлак сал, бір топ тұрады:
Олардың қарындары таулар сияқты үлкен.
Слардың қарны тола жыландар,
Бауырлары да жыланға тола.

Бұдан бөлек екі шығарманың тағы да бір үқсас қызықты түстары бар. Осы күнге дейін Хусам Кәтибтің «Жұмжұмасының» нұсқасында ғана қайырымды істерімен немесе жағымсыз жақтарымен танылған баяғыда дуниеден өткен тарихи тұлғалар мен құрандағы кейіпкерлер жайлы элегиялық мазмұндағы еске алу кездесетіні белгілі. Мұндай жағдай Шеййада Исаның «Ахвали кийамат» шығармасында да бар екендігін біздің зерттеуіміз көрсетіп отыр.

Еділ өзенінің бойынан шыққан ақын былай дейді¹⁹:
Түрікшесі:

Kanı munça bit nebiler şahlar
Oı bıla kılıyan olar malılar
Kanı evvel Adam ıı Nüh Halil
Bakı kalmas akıbet illâ cellı
Kanı Safiûân kanı CemşTd kaharmân
Kam Husrev şır u Zu-1 -Karneyin 'Âd
Kanı ol Nemriid ıı Feridun gözitt
Kanı ol Nüsîrvön Asfandiyâr
Ya Hüd ol kanı bunca şehriyen

Қазақша аудармасы:
Қане, мындаған пайғамбар мен шахтар,
Зәулім-зәулім сарайлар салған.
Қане, әуелгі Адам, Нұх, Халиль [қайда]?
Олар ұлы болса да бақылыққа қалмас.
Қане, Сафуан? Қане, Жемшуд қаһарман?

¹⁹ Исламов Р. Еще раз о «Джумджума султан» Хусама Катиба // «Гасырлар авазы – Эхо веков» научно-документальный журнал. – Казан, 2004, 1.

Қане, Хусрау арыстан, Зұлқарнайын,
Қане, сол Немруд, таңдаулы Феридун?
Қане, сол Науширван, Асфандияр?
Немесе қане, Худ, осынша билікке ие болған?

Екі мәтінде де тамұқта азап тартқан күнәһарлар тобыры мен ұлы тұлғалар жайлы тұстары бір-біріне сәйкес келеді. Бұдан тыс екі шығарма да бірдей «аруз» үлгісіндегі «рамал-и мусад-дас-и маҳзуф» (фа’илатун фа’илатун фа’илун) метрімен жазылған. Олардың өзіндік ерекшеліктеріне келетін болсақ, әлбетте әрбір автор өзінің шығармашылығына жеке қырынан келген.

Түркі тіліндегі екі шығарманы осылай салыстыруымыз, Хусам Кәтибтің «Жұмжұма сұлтан» дастаны Аттардың «Жұмжұма-на-ма» поэмасының көшірмесі емес екендігіне тағы да бір көзімізді жеткізеді. Бұл бұдан әрі зерттеу барысында ортағасырлық жазба ескерткіштерді жаңа қырларынан ашуға көмектеседі²⁰.

Саксин – Еділ өзенінің төмөнгі ағысында суга шайылып кеткен ежелгі бұлғарлардың қаласы. XII-ші ғасырдың басында бұл бұлғар мемлекетінің мәдени орталықтарының бірі болды, онда негізінен бұлғарлар мен суварлар тұратын. Сол кезде бұл жерде үлкен мешіт болған. Сулейман ибн Дауд ас-Саксинидің «Зухрат ар-рияд ва нұзхат ал-кулуб ал-мирад» («Бақтар әдемілігі және жапа шегуші жүректі жұбату») деген араб тіліндегі кітабының орта ғасырда дәл осы жерден жарыққа шығуы текten тек емес. Ас-Саксинидің енбектері осы кезге дейін қолға тусуі қын болатын. Тек XIX-шы ғасырда татар ғалымы Ш. Марджани «Мустафад ал-ахбар фи ахвал Казан ва Булгар» («Кладезь сведений о делах Казани и Булгара») атты кітабында ғана Сулеймен ибн Дауд ас-Саксини жайлы дерек пен оның «Зухрат ар-рияд...» шығармасы туралы мәліметтерді қалдырыды. Осы айтылған мәліметтер ұзақ уақыт бойы татар ғалымдарына маза берmedі. «Зухрат ар-рияд» қолжазбасының бір нұсқасы 1420 деген шрифтімен Стамбулдағы Топқапы музейінде сактаулы екендігі белгілі болды²¹.

20 Там же, с. 1.

21 Исламов Р. Еще раз о «Джумджума султан» Хусама Катиба // «Гасырлар авазы – Эхо веков» научно-документальный журнал. – Казан, 2004, 1.

Осы ежелгі жазба ескерткіштегі бізге қызықты тұстары түсінікті болу үшін салыстырмалы түрде мәтіннің кейбір жерлерінен мысалдар көлтіре кетейік: «Олар мені тамұқтың алғашқы есігіне кіргізбес бұрын алдына алып келді. Ондағы оттың жалыны мына дүниедегі оттан мың есе ыстық екен. Мен шайтанның бастарына ұқсайтын жеміс салып тұрған ағаштарды көрдім. Одан жалынға шарпылған таудай-таудай тастар құлады, онда адамдар тұрды, үстінде тұрған періштeler оларды жалын шарпылған гүрзімен ұрып, соларды жеңдер деп мәжбүрледі. Олар айтты: «ей, байғұс, бұл – закұм ғой, бұл жетімдердің ырзығын әділетсіз жегенің үшін беріледі». Одан кейін мені екінші есікке алып келді, онда – түпсіз терең құдық бар, онда денесіндегі еті кесілген, терісі сыптырған адамдар жатыр. Олар айтты: «Бұл – замхарир, оған зинақор адамдарды таставайты». Содан соң мені үшіншіге (отқа) апарды, онда ыстық (үстік) тастарда қадалып тұрған адамдарды көрдім. Одан кейін менің төртіншіге (отқа) алып келді, онда да адамдар болды. Олар айтты: «бұл адамдар, біреуден өсім алып, пайыз төлегендер». Содан соң мені бесінші (отқа), одан кейін алтыншыға әкелді, онда шаяндар мен жыландар бар екен, әрбір шаянның ұзындығы – мың құлаш, ені – бес жұз құлаш, олардың барлығы мені тістеп, шакты. Одан кейін мені Хавийа деп аталатын жетінші (отқа) алып келді. Аяқ астынан мен сарайға тап болдым, онда оттан жасалған мың үй бар, әрбір үйде мыңдаған бұйым бар, ол заттың әрқайсысында отқа оранған мыңдаған сандық бар, ол сандықтардың әрқайсысында азаптың мыңдаған тұрлери бар²².

2002 жылы Анкарадан жарық көрген түрік ғалымы М. Аргуншахтың “Кирдеджи Али. Кесикбаш дастаны” (Kirderci ‘Ali. Kesikbaş Destanı) деп аталатын кітабы осы шығарманы зерттеудің логикалық жалғасы іспепті. Текстологиялық жоспармен жасалған жұмыста алдымен «Кисекбаш кітабының» авторы мен басқа авторларға қатысты мәселелер қаралады, бұған қоса Түркияның мұрағат қорлары мен жеке адамдардың қолында сақталған дастаның, қолжазбалары жайлы баяндайды. Одан әрі 1895, 1905 жылдары Қазан басылымдарында жарық көрген мәтіндердің транскрипциясы мен Түркиядың қолжазбалар орналастырылған. Соң-

22 Там же, с. 1.

ғы мәтіні қазіргі түрік тілімен сөзбе-сөз аударылған. Мәтінге қысқа тілдік саралтама жасалған. Кітаптың соңына шығармалардың қолжазба нұсқаларының тізімі факсимилемен берілген²³.

Орта ғасырдың жазба әдеби ескерткіші саналатын «Кисекбаш китабы» татарлардың арасында өткен ғасырда танымал шығармалардың біріне айналған. Мұның айғағы ретінде археографиялық экспедиция кезінде жыл сайын табылған көптеген таралыммен 1917 жылға дейін әртүрлі баспадан жеке кітап болып шыққан қолжазбаларды айтуда болады. «Кисекбаш китабы» ең алғаш рет ғылыми айналымға Ш. Марджанидің «Эл-кыйсм эл-эувэл мин мостәфад эл-әхбар фи әхвали Казан вә Болгар» деген 1897 жылы жарық қөрген кітабы арқылы енді.

М. Аргуншах «Кисекбаш кітабының» авторы жайлы айтқанда көбіне оның басқа шығармалары мен шығарма қолжазбасында кездесетін Кирдеджи Али деген есіміне баса назар аударады. Алайда зерттеуші шын мәнінде дастанды осы адам жазған ба, әлде бұл тек көшіріп жазушы ма деген мәселеғе мән бермейді, себебі келтірілген мысалдарда былай делінген: «Buni diyen Kirdeci 'Ali durur», «Buni eyden Kirdeci 'Ali durur», «Muni aygan Kirdeci 'Ali» (мұны айтқан Кирдеджи Али), бұл жерде «Buni yazan (yazğan)...», яғни «мұны жазған...» деген сөз көріп тұрған жоқпыз. Профессор Г. Т. Тагирджановтың пікірінше Кирдеджи Али – тек «Кисекбаш кітабын» түрік тіліне аударған тәржімашы. Ақынның есіміндегі бір сөздің этимологиясына үңіліп қөрген зерттеуші мәліметтерді келтіре отырып, «Кирдеджи» деген сөздің бірнеше мағынасын шығарады. Ол Ш. Элчиннің шығарма авторы «тандыр наң пісіруші» немесе «сатушы» болу мүмкін деген пікіріне құлақ асады²⁴.

М. Аргуншахтың келтірген мәліметіне қарағанда дәл қазір Түркияда шығарманың 13 қолжазбасы бар. Сондықтан Я. Ахметгалееваның «Кисекбаш кітабының» Түркия мұрағаттарында нұсқалары жоқ, өз кезегінде бұл поэма Кіші Азияда танымал

23 Бабалар сөзі: Діни дастандар. Көптомдық. 2-том. – Астана: Фолиант, 2002. – 43 б.

24 Исламов Р. О новом исследовании «Кисекбашкитабы» // «Гасырлар авазы – Эхо веков» научно-документальный журнал. – Казан, 2006, с. 1.

болмағандығын көрсетеді» деген пікірін асығыстықпен айтылған демеске шара жоқ. Жалпы алғанда, М. Аргуншахтың еңбекі «Кисекбаш кітабын» зерттеуге жасалған маңызды қадамның бірі. Бұл еңбек шығарманы басқа қырларынан одан әрі зерттеуге бағытталған құнды қазына²⁵.

1910 жылы Б.Л. Домбровскийдің типографиясынан «Қисса-и Жұмжұма» деген атаумен кітап шықты. Басылымның шыққан уақыты мен мекені туралы мәтінде көрсетілмейді. Осы кітаптағы «Қисса-и Жұмжұмадан» кейін орналасқан «Қисса-и Қарун див» деген басқа шығарманың басы мен соңындағы жолдарда Мәулекей деген адамның есімі аталады. «Қисса-и Жұмжұманың» мәтіндерін салыстырмалы сараптау барысында В.В. Радловтың жазып алған нұсқасымен екеуі бірдей екендігі анықталды. Тек ішінара ғана кейбір өзгешеліктері бар.

«Құ бастың» мәтіні Жұмжұма жайлы аллегориямен басталады. Одан әрі оқиға бір кездері Иса пайғамбар саяхаттан оралып келе жатқанда жапан түзде іші-сырты су мен құмға толған адамның бас сүйегін кезіктіреді. Ол сол сәтте Ұлы Жаратушыдан бас сүйекке тіл бітіруін сұрап, дұға етеді. Жаратушы Ие Жебіреіл періште арқылы оның өтінішін орындаиды. Исаңың бір Алладан сұрап, адамды тірілту қасиеті шығыстың басқа шайырларында да кездеседі. Мәселені, Хафіздің ғазалдарында мынадай жолдар бар:

Сақтаса кім жүрегіне Алла берген аянды,
Түгел біліп алғаны ғой ақиқаттың сырын да.
Егер Тәнірім мейірі түсіп, оның ісін ондаса,
Исаға үқсап өлікке де жан бітірер шынында²⁶.

Немесе 12-ші ғазалында былай дейді:

...Замандардан замандарға жетсін нұрлы жанарың,
Махаббаттың мейірімімен маған күн бол қарадың.

25 Сонда, с. 1.

26 Хафіз. Ғазалдар. Ауд. Ә. Жәмішев – Алматы: Жазушы, 1986. – 110 б.

Замандардан замандарға жетсін жарқын дидарын,
Исаға ұқсан таптың мені тірлітудің амалын²⁷.

Сол «ку басқа» жан біткеннен кейін Исаға сәлем беріп, өзінің тартқан азабы жайлы айтып беруге әзір екенін білдіреді. Иса одан тірі кезінде ерек пе, әлде әйел болғанын сұрай бастайды. Ку бастың әңгімесінен оның өткен өмірінде Шам шаһарын билеген жомарт адам болғаны аңғарылады. Оның 4 мың уәзірі, 4 мың қызыметшісі, 4 мың құлы, және 16 мың сатып алған құлдары болған. Ол мұсылман болмаған, алайда ешкімге қысым көрсетпей, әділ басқарған. Оған жолай жүргіншілер үнемі келіп тұратын, оларға оң қабакпен қарады. Жұмжұма 400 жыл ел басқарды, өзі осы кезде көрікті болатын. 10 мың әйелі бар еді. Өлгеннен кейін 3000 жыл азап тартты, ақыр аяғында мына құмның арасында қалды. Ку бастың өткен өмірін білгеннен кейін Иса одан өлімді қалай қабылдағанын, қабірдің жағдайы қалай болатын сұрайды. Ол егер өлгеннен кейін мұндай азап шегетінін білгенде тумас едім деп жауап береді.

Бір күні Жұмжұма саяхаттан келе жатып, алдынан мұны күтіп алмақшы болған әйелге көңілі ауады. Сол сәтте аяқ астынан базбіреу қайыр-садақа сұрап оның үйіне кіріп келеді. Би-леуші оны қуып шығады. Одан кейін ол моншаға барып, сонда оған дерт жабысады.

Би-леуші молдалар мен емшілерді шақыртады. Алайда олар оған ешқандай ем жасай алмай, оның денсаулығы күннен күнге нашарлайды. Бір күні оған алты жүзі бар Әзірейіл келеді, оны бірнеше рет гүрзісімен соғып, жанын алады. Оның туғаннан өлгенге дейінгі атқарған амалдарын жазу үшін қабіріне екі періште келеді. Олар мұның қандай жаратушыға сыйынғанын сұрап, қауіпті сұрақтардың астына алады.

Одан әрі қу басты: күнәшарларды ораза кезінде намаз оқымағаны үшін Аужада; зинақорлығы үшін Шагитте; өз ата-анасын ренжіткені үшін – Нагбирде; алыпсатарлығы үшін – Раситте; сиқырши, шамандарға сенгені үшін – Лазитте; намазға ерінгені үшін – Катимде; астамшылығы үшін – Жаһаннам тамұғында жа-

27 Сонда, 30 б.

залайтын орындарға апарады. Қайта тірілгеннен кейін Жұмжұма билеуші болудан бас тартып, тағы 80 жыл өз өмірін құлшылық етумен өткізіп, одан кейін жаннатқа барады. Шығармада айтылған осы жәйттердің барлығы құран мен кітапта бар екендігін, бұған қоса өзін үйреткен ұтазының да бар екендігін айтқан сөздермен аяқталады. Мәтіннің аумағы 280 жолдан тұрады.

«Ку бас» пен «Қисса-и Жұмжұмада», Аттар мен Хусам Кәтибтің шығармасы да лириканың жанрлық түрлері саналатын: таухид пен мадх (Алланың бірлігі мен оның ұлылығы); на'т (Мұхаммед пен оның сахабалары); шығарманы қандай да бір тұлғаға арнайтын дәстүрлі кіріспемен басталмайды.

Аттар мен Хусам Кәтибтің шығармаларының осылай басталу фактілері ортағасырлық шығыс әдебиетіне түгелдей және парсы әдебиетіне ішінара тән екендігі белгілі. Мысалы, Е. Э. Бертель XІ-XІІ ғасырдағы Санайдің «Сайр алибад ил алмаад» («құлдардың қайтар орынға сапары») атты поэмасы жайлы былай дейді: «Бұл шығарма барынша өзгеше басталады. Барлық мадактауды Мұхаммедке бағыштай отырып, ақын желге назар аударады: «судан тәжісі, оттан кестеленген гүл шоқтары бар патшаның шабарманы».

Сондай-ақ, мысалы, Хусам Кәтибтің «Жұмжұма сұлтанында» өзінің қайырымды немесе қайырымысыз істерімен танылған баяғыда өмірден өткен тарихи тұлғалар мен құран кейіпкерлерін еске алу, адамдар үнемі басып жүретін жердің топырағы торқа екендігін суреттейтін қиял-ғажайып ой-толғамдар «Ку бас» пен «Қисса-и Жұмжұма» мәтіндерінде кездеспейді. Бұлардың барлығы Аттардың «Жұмжұма-намасында» да жоқ. Екі шығарманың көптеген ұқастықтарына қарамастан олардың мәтіндерінде сөздер, жолдар мен сөздердің орын ауысуы байқалады.

«Кубастың» қалай басталатынына назар аударайық:

Жарандар, иманыңнан күдер үзбе,
Айтайын осы мәселе енді сізге,
Пайғамбар тақсыр Файса бір күндері,
Сейіл құра шығыпты мидай түзге.

Ал «Қисса-и Жұмжұма» былай басталады:
Жігіттер, иманыңнан кудер үзбе,
Айтайын аз мысал енді сізге,
Бұрынғы өтіп кеткен ер Жұмжұма,
Кылышты қамқоршылық бұрын бізге.

Қорыта айтқанда, Хусам Кәтибтің «Жұмжұма сұлтан» дастанына белгілі бір мөлшерде сопылық ілімнің элементтері енген. Кесілген баспен тілдесетін шығыс халықтарының ежелгі аңыздарымен байланысты сюжеттің болуы исламдық мәдениеттің, оның ішінде сопылық дәстүрдің бар екендігін көрсетіп отыр. Дастаның сюжеті аллегориялық негізде құрылған. Уақыт пен кеңістік қатынасындағы Жұмжұманың әрекетін символикалық деп қаруға болады. Бұл аллегориялық әңгімегегі Жұмжұма сұлтанның жүріп өткен жолдары, оның бәрінен айырылып, азап шегуі – сопылық жол. Оның символикалық уақыт аралығында көлденен, ерсілі-қарсылы жүруі (бұл өмірде ол 1000 жыл, о дүниеде 4000 жыл, одан кейін қайта осы өмірге келуі....) – Жұмжұманы ақыр соңында тазартуға, абсолютті күш Құдайға жақыннатуға әкелетін рухани ізденістің күрделі жолдары іспетті. Автордың суреттеуі бойынша күнәһарларды азаптаудың түрлері бейнеленетін тамүктың жантүршігерлік көріністері бір жағынан сопылық әдебиеттің жалғасы іспетті ақырзаман мен азаптау, күнәһарлардың тамүкқа түсіү сияқты эпизодтармен қорқытады. Екінші жағынан бұл сурет жанды нәпсіден, қындықтар мен жолдағы кедергілерден тазартатын сопылықтың іштей күресін бейнелеп түр²⁸.

Бас сүйек, кесілген бас, жан мен тәннің тайталасы жайлы түрлі аңыздар шығыс пен батыста ертеден белгілі. Шығыс әдебиетіндегі бұл сюжеттің ең алғаш рет пайда болуы парсының сопы-шайыры Фарид-ад-Дин Аттардың есімімен тікелей байланысты. Оның «Жұмжұма-нама» атты шығармасы 1862 жылы Тегеранда жарық көрді. Шығыстанушы-ғалым В. А. Жуковский осы басылымды негізге ала отырып, Санкт-Петербург қоғамдық кітапханасының қорында сақтаулы жатқан шығарманың 1612

28 Шарафутдинова Л.Р. Традиции суфизма в башкирской литературе: Автореф. дисс. канц. филол. наук. – Уфа, 2007. – 15-16 б.

жылғы нұсқасын орыс тіліндегі аудармасымен қоса 1893 жылы жариялады. Фалым Алма Қыраубаева Дантенің «Құдіретті комедия» шығармасының желісін осы Аттардың «Жұмжұма-намасынан» алған деген пікір айтады. Мұндай үқсас сарындарды Батыс әдебиетінен де көтеп кездестіруге болады. Мәселені, Джорж Гордон Байронның «Еврей саздары» атты өлеңдер жинағындағы «Бас сүйегінен жасалған тостағандағы жазу» деген жолдарынан шығыс элементтерін аңғарамыз:

Үрейленбе, ойға алма мен де адам, – деп,
Мен қу баспын әшейін қураған тек.
Тірі бастай арам ой сақтамаймын,
Не ұнатып, ешкімді көрмеймін жек.
...Тірлігінде ішіп қал, көз жұмғанда
Көмілесің сен-дағы көр зынданга.

Ку басынды молаңнан қазып алып,
Шарап құйып ішер жүрт той-думанда²⁹.

«Кисса-и Жұмжұма», «Жұмжұма сұлтан», «Ку бас» деп айтылып жүрген бұл қисса-дастандардың Орта Азия, Түркия, Орал-Сібір халықтарынан бөлек Оңтүстік Шығыс Азия және Памир тауларында кең тарағанын көреміз. Осы «ку бас» сарыны бар шығармаларды бір ортаға жинақтасақ, мынадай нұсқалары шығады:

1. XII ғасырдағы парсы ақыны Фарид ад-дин Аттардың «Жұмжұма-нама» поэмасы;
2. XII ғасырдағы араб жазушысы Сүлеймен ибн Дауд ас-Саксинидің (Саксин қаласынан шыққан) «Зухрат ар-рияд ва нузхат ал-кулуб ал-мирад» («Бақтың әдемілігі және азап шеккен жүректі жұбату») деген кітабындағы «Хикайат-у Джумджаума» («Жұмжұма жайлы хикаят») атты прозалық үлгісі;
3. XIV ғасырдағы түркі шайыры Хусам Кәтибтің «Жұмжұма сұлтан» дастаны;

29 Джорж Гордон Байрон. Еврей саздары.// Өлеңдер. / Аударған Ғафу Қайырбеков. – Алматы: «Жазушы», 1965. – 45-46 66.

4. 1823 жылы Лондоннан шығатын «Азия журналында» («The Asiatic journal») ағылшын тілінде «Хикаят раджа Джумджума» (Hikayat Raja Jumjumah) деген атаумен жарық көрген Оңтүстік Шығыс Азиядағы бүкіл Индонезия архипелагына белгілі прозалық үлгісі;

5. 1870 жылы жарық көрген В. В. Радловтың «Оңтүстік Сібір мен Жонғар даласындағы түркі тайпаларының халық әдеби мұраларының үлгілері» атты кітабындағы «Ку бас» дастаны;

6. 1897 жылы Ш. Марджанидің «Эл-кыйсм эл-эувәл мин мостәфад эл-эхбар фи эхвали Казан вә Болгар» атты кітабында жарық көрген «Кисекбаш китабы» дастаны.

Біз тек аталған шығармалардағы «ку бас» сарынына ғана токтадық. Олардағы образдар мен сюжеттік желілерге қатысты қомақты зерттеулер болашақтың еншісінде.

ЕЖЕЛГІ ДӘУІР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҚАҒАНДАР ОБРАЗЫ

Ұлы Даға өркениетінің жасампаздары, түркі халықтарының арғы ата тегі болып саналатын сақ, ғұн тайпалар одағы бүгінгі таңда адамзат тарихының сахнасында өзіндік өшпес ізін қалдырыған ірі құбылысқа айналып отыр. Ата-бабамыз жүріп өткен көне тарих беттерін параптаган сайын көшпелілер мәдениетінің өркениетті жолын, сол жолдан қалған ізін көреміз. Көшпелі өмір өркениетін жасаушылардың бірі болған ғұн тайпалық одағының, оның көрнекті қайраткерлері мен олардың ерлік, елдік тұрғыда атқарған игілікті істерінің олардың занды үрпақтарының бірі болған қазақ халқының рухани, тарихи, мәдени, әдеби өмірінде алар орны әйрықша. Өйткені халқымыздың арғы ата-бабалары болып табылатын ғұн тайпалық одағында өміршең өркениет болғандығын әр саладағы зерттеушілеріміз тарихи, археологиялық, экономикалық, философиялық, мәдени, тілдік, әдеби негізде дәлелден берген болатын. Осы орайда, ойымыз дәйекті болуы үшін белгілі түркітанушы ғалым, профессор Н. Келімбетовтің: «Қазіргі түркі халықтарының арғы ата-бабалары саналатын ғұндардың біздің заманымыздан бұрынғы бірінші мыңжылдықтың өзінде-ақ төл жазуы, әдеби тілі, жоғары мәдениеті, сан-салалы ғылыми, сәулет өнері, металл қорыту, қару-жарақ жасау кәсібі болғанын дәлелдейтін көптеген ғылыми еңбектер жазылды...»¹ – деген ғылыми мәні бар тұжырымын тілге тиек еткенді жөн санап отырмыз.

Демек, тәуелсіздігіміз орнап, еңселі егемендігімізге қол жеткізіп, болашағымызға асқақ сезім мен нық сеніммен қадам басқан кезеңімізде өткенімізді түгендер, барымызды бағалайтын уақыт туды. Рухани құндылықтарымызды ұлттық болмыс негізінде бүтін-бірлікті қарастырып, жаңаша пайымдай білу – бүгінгі күннің талабы.

Өткенімізді болашағымызбен үштастыра білу – мыңжылдықтардан жалғасып келе жатқан руханияттымызды келешегіміздің игілігіне жаратып, жаңаша пайымдай білу деген сөз. Олай болса, тарих сахнасынан

1 Келімбетов Н. Ежелгі әдеби жәдігерліктер. – Астана: Фолиант, 2004. – 50 б.

өткен ұлыларымыз бен құндылықтарымызды жаңа көзқарастар түрғысынан зерделей білу осы мәселелерге оң жауап беретіні шүбесіз.

Тарих бетінде өшпес ізін қалдырған Білге Бұдын, Атила, Шыңғысхан тәрізді ел билеушілері туралы бізге жеткен мәліметтерді қарай отырып, олардың жеке және жауынгерлік ғұмырында өзіне дейінгі және өздерінен кейінгі ел билеген, қол бастаған қайраткерлермен өзара ұқсастықтарының бар екендігіне көз жеткіздік. Бұл олардың көрегендіктерін, көсем де шешен, батыр да батыл тұлғаларын аша түседі. Аталған тұлғалардың өмірі мен ерлік істері, ел басқарудағы шеберліктері туралы туындыларды, артына қалдырған нақыл сөздерін типологиялық түрғыдан қарастыру - негізгі мақсатымыз. Ежелгі және орта ғасырларда өмір сүрген тарихи тұлғалар Білге Бұдын Тәңірқұт, Атила, Білге қаған, Құлтегін, Шыңғысхан сынды қаһармандардың өмірі мен қайраткерлік болмыстарын әдеби-тарихи негізде типологиялық түрғыдан зерделеу үшін олардың өмірі мен күрескерлік, қайраткерлік жолдарын зерттеу нысанына алған отандық зерттеушілердің әдеби-тарихи негіздегі еңбектеріне сүйенеміз. Осыған байланысты, қайраткерлер ғұмырындағы типологиялық ұқсастықты екі топқа жіктедік. Біріншісі, тарихи шығармалар мен аңыз-әңгімелердегі, зерттеу еңбектер зерделеуіндегі, әр жылдарда сақталған жазба мәліметтер негізінде көрініс берген ұқсастықтар. Екіншісі, әдеби, көркем шығармалардағы белгілі қайраткерлер бейнесінің берілуіндегі ұқсастықтар.

Бұл типологиялық зерттеуде ғұн империясының билеушілері болған Білге Бұдын Тәңірқұт, Атила және Шыңғыс хан бейнерлеріне басым көніл бөлінді. Аталмыш тұлғалардың өмірі мен ел басқару өнерінде көніл аударарлық ұқсастықтар жетіп артылады. Зерттеушілер еңбектері мен сақталған аңыз-әңгімелер, мәліметтер негізінде сүйенсек, олардың үшеуі де өз кезінде ғұн империясының ерекше қанат жауына улес қосқан ел билеушілері. Үшеуінің де туған жылдары белгісіз, ал қайтыс болған жылдары белгілі. Атила тәрізді Шыңғысхан да әкесінен ерте айырылады. Атила билік басына 40 жас шамасында келсе, Шыңғысхан 41 жасында монгол халқын билеп, 45 жасында Ұлы хан дәрежесіне

жетеді. Атилла шамамен 62 жыл өмір сүрсе, Шыңғысхан 66 жасқа жеткен. Екеуінің де ұланғайыр атырапқа билік еткені мәлім.

Қоғам қайраткері, білікті қағандардың образындағы типологиялық белгілері олардың өлімі мен жерленуіне қатысты азыз-әңгімелерде көрініс береді. Мәселен, Атилла туралы аңыздың бірінде: «Ол үш табытқа бөлеңді, біріншісі алтыннан, екіншісі күмістен, ушіншісі берік темірден шындалды», - деп, оны жерлеу рәсімінің құпия турде өткізілгендігін, ал оған күә болған адамдардың барлығының өлтірілгендігін айтады. Сондай-ақ, «Атилла дүниеден өткенде сол маңдағы өзенді тоқтатып, көсемдерін жерлегеннен кейін, үстінен әлгі өзен суын ағызып жіберген. Сондықтан әйгілі қолбасшының денесі қайда жатқанын ешкім білмейді», - деген аңыз бар. Азияда ең алғаш біртұтас мемлекет құруши, аса ірі мемлекет қайраткері Шыңғыс ханның жерлену рәсімінде де дәл осы сияқты аңыздар сақталған. Шыңғыс ханның мolasы әлі күнге дейін белгісіз. Бұл туралы «Шыңғыс хан жаулап алған жерлердегі қатыгездігі үшін мolasын қорлауы мұмкін деген оймен өз денесін ешкімге көрсетпей, белгісіз етіп қоюды талап еткен деседі. Ондай жағдай көшпендейлердің тарихында болып тұрған. Әсіресе, хандардың, патшалардың, кісі ақысын жеп, елді зар еніреткен байлардың молаларын бұзып, қорлаған жағдай ежелгі Монғол, Қытай шежірелерінде айтылады», - делінеді. Өте құпия турде жерленген Шыңғыс ханның жерленуі туралы төмендегідей аңыздарды мысалға келтіруге болады: «Көп тараған аңыздың бірі - Шыңғыс ханның Бұрқан-Қалдұн тауының маңына жерленуі. Өзін жерлейтін жерді көзінің тірісінде өзі таңдал алған екен. Шыңғыс хан бірде аң аулап жүріп, жалғыз өсіп тұрған ағаштың түбінде демалып, жан-жағына мұқият зер сала қарап тұрып: «Осы жерге мені жерлейсіңдер, естеріңе сақтаңдар! Бұл жерге белгі қойылсын!», - дейді жалғыз өсіп тұрған ағашты нұскап. Рашид-ад-Диннің мәліметі бойынша, ұлы хан өзі көрсеткен жерде жерленген дейді. Жерлеу рәсіміне қатысқан адамдардың барлығын қырып тастаған. Шыңғыс ханның өситеті орындалды, оның денесінің Бұрқан-Қалдұн тауының қай жерінде екенін бүгінге дейін ешкім білмейді. Хан жерленген соң, ол жерге оқ атса өтпейтін қалың ағашты ну орман пайда болған».

Келесі аңыз бойынша, «бір түрік қолбасшысы ханның денесін Монғолияға жеткізіп, төрт жерден көр қаздырып, төртеуіне төрт табыт салып көмген. Ханның денесі қай табытта екенін ешкім білмеген. Сол жерден үйір-үйір жылқы айдатып, молалар жермен-жексөн болып, әбден тапталған кезде, ал енді табындар де-генде, ешкім хан сүйегі жатқан жерді таба алмаған. Жерлеуге қатысқандардың барлығы өлтірілген. Кейін Хэнтэй жерінің бі-раз бөлшегін қасиетті деп жариялад, ол жерді басқан адамды қарғыс атады деп санаған. Бұл да Шыңғыс ханның мolasын із-демесін деген мақсатпен таратылған аңыз болуы мүмкін», -делі-неді. Тағы бір аңыздагы мәлімет бойынша, Шыңғыс ханнның де-несі Онон өзенінің астында жатқан көрінеді. Өзен арнасын бұ-рып тастап, ханды жерлеп болғанин кейін барып оны қайта өз арнасына жіберген. «Моңғолдың құпия шежіресінде» Шыңғыс ханнның өлімі туралы құпия түрде қалдырады. Оnda «... қай-та соғысуға аттанып, таңғыт елін күйреткен соң, доңыз жылы (1227 жылы 7-айдың он екісінде Дөрмегей кентінде) Шыңғыс қаған көкке ғайып болады... Иесінің алтын табытын қазақ арба-ға тиеп, бірақ денесін ғайып болдырып келгенде, Сөнідтің Гилі-гетей батыры былайша жоқтап жыр айтады», -деген жолдарды кездестіреміз.

«Атилла» атты кітаптың авторы Еренғайып Омаров Жұсіп-бек Қорғасбекке берген сұхбатында «Атилла қайтыс болғанда жоқтау айтылған екен. Сол жоқтауды Қалқаман Жұмағұлов де-ген тарихшымыз Германиядан тауып алып, кезінде газет бетінде жариялады. Жоқтау айтып қоштасу қазактарға, сосын түріктер-ге, одан ары ғұндарға ғана тән болған», -дейді. Бұл да әр кезең-де өмір сүрген олардың өміріндегі бір типологиялық үқастық-тың негізі бола алады. Атиллаға арналған жоқтау жыры кейін-нен зерттеуге енгізілген².

Шыңғысхан өліміне қатысты аңыздың бірінде былай делін-ген: «Ежелгі монғолдардан сақталған аңыз бойынша, Шыңғыс хан таңғұттарды тас-талқан етіп жеңгеннен кейін, таңғұт патша-сының Құрбелчин атты сұлу әйелін алған көрінеді. Кек алу мақ-сатында ол қағанды тістеп алып, жарасы асқынып, іріндең содан

2 Ежелгі әдебиетті зерттеу мәселелері. – Алматы, 2011. – 23 б.

қайтыс болыпты дейді. Содан кейін Күрбелчиннің өзі сол маңдағы өзенге суға батып жоқ болады». Дәл осындай аңыз Атиллада да кездеседі. Ильдиқоға үйленген Атилла алғашқы неке түнінде қайтыс болған делінеді. Эрине, бұл аңыздардың қайсысының шындыққа жақын, болмаса ақиқаттан алшақ екендігінің жігін тарихшы ғалымдарымыз зерделеуде, ал біздің айтпағымыз ел аузында сақталған аңыздар дерегі бойынша олардың ғұмырларында белгілі бір үқсастықтың бар екендігі.

Атилла билік басына бірден келген жоқ, ол бұл жолда өзінің немерелес інісі Бледаны өлтірді. Бледаның кезінде Ғұн ордасы ыдырауға айналды да, Атилланың бұндай іске баруының үлкен мемлекеттік маңызы болды деп қабылданады. Кезінде дәл сол сияқты Білге Ұдын да белгілі себептермен өзінің әкесін, өгей шешесін және одан туған інісін өлтіріп барып, билікке жеке-дара ие болған еді. Олардан кейінгі кезеңде Шыңғысхан да бауырын өлтіреді.

Талай тарихи еңбектер мен қөптеген әдеби зерттеулерге, сан туындыға нысан, тақырып болған тарихи тұлғалар Атилла мен Шыңғысхан – ірі саясатшы, үлкен қайраткерлер.

Тарихшы-ғалым F. Менілбаев: «Мен білетін Атилла (Еділ патша) – көшпелі ру-тайпалардың басын қосып, бір жерге шоғырландырған, мемлекет негізін қалаған тарихи тұлға. Әскери қолбасшы, қоғам қайраткері, көшпелі және отырықшы мемлекет арасындағы рухани, мәдени, сауда дипломатиясын жүзеге асырған билеуші. Оның іс-әрекетінен салт-дәстурді қатаң ұстанған, соңдай-ақ өзі басқарып отырған халқының әдет-ғұрпы мен мәдениетін, тілін т.б. жоғары бағалаған билеушінің бейнесін көреміз», – деп оның қайраткерлігі, ұйымдастыруышылық шеберлігі мен қарым-қабілетіне айрықша баға береді.

Оның батыр, жомарт, қатал қолбасшы, сонына барлық елді ерте білген көсем екендігі халық ауыз әдебиетінде айтылады. «Ұлы дала мемлекеттері» деп аталатын кітапта Атилланы жомарт, адамгершілік қасиеті жоғары жан деп суреттеген. Оны тіпті ғұндар ғана емес, қол астындағы халықтардың барлығы да жақсы көрген. Бұның барлығы Атилланы «қанішер, жабайы көшпендей, ойран салушы, басқыншы» ретінде санағандардың мәліметі жал-

ған екендігін растьайды. Рас, оның өте қатал қолбасшы болғандығы анық, тусі де сүйк болған. Бізге жеткен тарихи деректерге сүйенсек, Атилланы «Тәнірдің қамшысы», «Құдайдың қаһары» деп те атаған екен. Атилланың атын естігенде жылаған бала уаңған деген сөз бар. Алайда, Атилланың Римге жорықтары арқылы ондағы құлдық дәуірді жойып, адамзат баласын құлдықтан құтқарғандығы көзі қарақты адамның бәріне аян. Атилланың мына бір сөздерінен оның жорықтарының негізгі мәнін түсінуге болады: «Ғұндар! Азаматтың ақ өлімі – борышын адаптацияны. Қызыл қанынды ақ жолда төкпесен, еңсенді бастырып, езгіде журсен, ер атынан не пайда? Өр кеудені аяққа бастырып, ез құтын өзі қашырып сасқан адам санатта жоқ. Басынды бұғып бұқпалап көрген күнің кімге өнеге, кімге болар гибрат?». Өз елінің намысын ту еткен нағыз қайраткердің бейнесі көрініс берген.

Ол туралы бұдан бір ғасыр бұрын өмір сүрген француздың белгілі драматургы Пьер Корнель: «Атилла есімі керемет әйгілі, бірақ жүрттyn бәрі оның харakterін толық көлемде білмейді. Ол күштен гөрі өзінің айлакерлігімен көптеген жеңістерге жеткен. Ол бәрінен де бұрын өзінің қарсылас жауының күшін бөлшектеуге тырысқан...»³, – дейді.

Жоғарыда атап өткеніміздей, Атилланы «Тәнірдің қамшысы», «Құдайдың қаһары» деп атаған екен. Ал Шыңғысханның дәл осы мәндегі мына сөздері сақталған: «Мен – Құдайдың қарғысымын. Егер сендер ажалға татырлық күнә жасамасандар, Құдай менің кейпімдегі жазасын жібермейді». Шыңғысханның да өте қатал болғандығы жайлы сақталған мәліметтер жетерлік. Ол әскери өмірде қорқақтық көрсеткен адамдарды өлім жазасына кесіп отырған. Билік басына келген Шыңғысхан қолына билік алған сәттен бастап, барлық елге ортақ қатаң заң қалыптастырып, бұл зандардың сөзсіз орындалуын талап етеді, ал ол зандан сәл қыис кеткен адамдарды өлімге кесуді бүйірады. Соның нәтижесі де болар, монгол әскерінде ерекше қатаң тәртіп орнап, асқан үйымшылдық пайда болып, сол арқылы алып аумақтар мен көптеген халықтарды жаулап алады. Шыңғысханның бұл әскери тактикасы Білге Бұдын Тәніркүттың ұстанымын қайта-

3 Әбушәріп С. Атилла // Туркология, 2004. – №3. – 33-34 бб.

лайды. Білге Бұдын өзінің қол астындағы әскерлерін сан түрлі әдістермен шындағаннан кейін, тағы бір мәрте сыннан өткізген. Ол өзінің сарбаздарына «Мен нені атсам, сендер де соны маған ілесе атуларың керек», - деген шарт қояды. Бірде ол өзінің тұлпарын атады. Оның атына оқ жұмсауга тайсалып қалған адамды бірден өлімге бұйырады. Енді бірде өзінің сүйікті әйелін, кейін өзінің әкесін атып өлтіреді. Оның қаһарынан қаймықтан сарбаздар қағанның темірдей тәртібін бұлжытпай орындау көректігін түсінеді. Міне, Білге Бұдын сол сәттен бастап, өзінің әскерлерінің соғысқа әбден дайын екендігіне көз жеткізген екен. Шыңғыс хан ел ішінде қатаң заң қалыптастырған дедік, ал біздің заманымызға дейінгі 209 – 104 жылдары билік құрган Білге Бұдын Тәніркүт ғұн мемлекетінің ішкі өмірін реттейтін ата – бағаның әдет заңы негізінде жаңа заң жобасын жасайды. Қабылданған жаңа заң жүйесі бойынша ұрлық жасап, айыбы мойындалғандардың дүние-мұлкі, мал – жаны тәркіленген. Женіл қылмыс жасағандардың толарсағын шақса, ауыр қылмыс жасағандар бірден өлім жазасына кесілген.

Шыңғысхан туралы жазылған шығармалар мен аңыздар, түсірілген көркем фильмдер желісіне назар аударсақ, оның қаталдығы мен қоса адамгершілігі мол, ақылды адам болғандығына көз жеткіземіз. Оның ерекше қатыгездікпен өзге елдерді жаулап алуымен қатар, өз еркімен берілген халықтарға зорлық-зомбылық көрсетпеу туралы бұйрық бергендігі жайлы көп айтылады. Атилла да көптеген мәселелерді келіссөз арқылы шешіп отырған. Ол өзі билік басына келгеннен бастап Рим мен ғұн империясы бейбітшілік қатынаста өмір сүрген. Алайда римдіктер өзара келісімді өздері бұзады. Олар қойылған талаптарды орында мағаннан кейін, Атилла әскерімен басып кіріп, көптеген қала-ларды өзіне қаратты. Соның өзінде Константинопольге жақындаپ келіп тұрып, қалаға басып кірмеген. Тағы да өзара келісімге келіп, тиісті салығын алып кейін қайтты. Бұл жағдайдан Атилланың көрегендігі мен бейбіт жолды мақсат еткен қолбасшылық қасиетін танимыз. Бұл екі ел арасындағы «Маргус келісім» туралы Ж. Дәдебаевтың «Атилла» атты зерттеуінде нақты көрсетілген. Ғалым Ж. Дәдебаевтың еңбегіне сүйенер болсак, оның

мазмұны тәмендегідей болып келеді. «Рим императоры: а) өздеріне қарай бұрын-соңды өткен барлық қашқын ғұндарды кері қайтарады; ә) қашып келген ғұндарды бұдан былай ешбір қызметке қабылдамайды; б) тұтқынға түскен ғұндарды ешбір ақысыз-пұлсыз босатып, еліне қайтарады; в) ғұндармен соғыс жағдайындағы бірде-бір елмен одактаспайды; г) шекаралық қалааралық базарлары ғұндар үшін ашық болады; д) ғұндарға жылына 700 фунт алтын төлеп тұрады»⁴. Міне осы келісімнің негізінде Шығыс Рим ғұн ордасына Мами, Атакам атты ғұн басшыларының қашқын балаларын қайтарып берді. Оларды Атилла өлім жазасына бұйырады.

Шыңғысханның тарихи, әдеби бейнесінің бір қыры жауап алушы, басқыншы ретінде беріледі. Алайда, Атилла жорықтарының Римдегі құлиеленушілікті жойғандығы тәрізді, Шыңғысханның жауап алу соғыстарының да белгілі мақсаты болғаны айқын. Бұғінде тарихшы қауым, осы соғыстары арқылы Шыңғысханның екі үлкен мақсатты көзделегенін айтады: «біріншіден, Енисей мен Лена өзендерінің бойындағы түрік тайпаларынан Дунай жазығындағы мадияларға дейінгі барлық қандас халықтарды бір мемлекетке біріктіру; екіншіден, Шығыс пен Батыстың өркениетін өзара байланыстыру, олардан пайда алу үшін алмасу жолдарын құру және қорғау, еуразиялық құрлықтың екі бөлігі арасындағы жоғарғы төреші-білікші болу».

Сонымен, олар өз заманының ірі қайраткері, соңынан ерген халқының мұрат-мұддесін қорғап, елі үшін өмір сүрген елжанды тұлға. Кеңестік идеология биігінен баға берілген қатырез қолбасшы, «жабайылар» көсемі емес, керісінше Еуропаның ұлан-ғайыр территориясында іргелі орда құрып, ел мұддесі үшін атқа қонған, халқы, ұрпақтары есімін аңызға айналдырған ұлы билеушілер.

Қайраткерлер тұлғасын типологиялық түрғыдан қарастыра келгенде, тағы бір ортақ мәселеге көз жеткіздік. Мәселен, отыз бес жыл ғұн мемлекетін билеген Білге Бұдын Тәніркүт елшілер арқылы Хань патшайымы Шаш-анаға хат жолдаған екен. Ол хаттың мәні тәмендегідей келген: «Мен бетпақ далада туып, мал-

4 Дәдебаев Ж. Атилла // Алматы ақшамы, 1999, тамыз. – 3 б.

мен бірге өскен бейбақ әміршімін. Алдияр, Сіз де жалғыз, мен де жалғыз. Жабығып-жабырқар болсақ, патша басымызben екеуіміз де мият тұтар жұбаныш жоқ. Сондықтан Сіздің жоғыңыз үшін өзімдегі барды атағым келеді». Римдіктер келісімді бұзған сәтте Атилла да Константинопольдегі Шығыс Рим императорына «қашқындарды тез арада қайтып бер, салықты уақытымен төле және алдағы салықтың мәселесін шешуге елшілерінді жібер», - деген мәнде елшілерден хат жібереді. Бұл сол заманның өзінде әпистолярлық жанрдың қалыптасқандығын көрсетеді.

Атилла мен Шыңғысхан бейнелерін толықтыратын тағы бір ортақ сипат – сондарында өсиет сөздерінің қалуы. Бұл аталған өсиет сөздер бір жағынан шешендей сөздер қатарын толықтыраса, келесі қырынан терең мазмұнға толы нақыл сөздер болып қалған. Айтпақ ойлары сарындас келіп, бірін-бірі толықтыра түсken өсиет сөздердің біразын ұсынғанды жөн көрдік.

Атилланың қолбасшылық, ел басқару өнері жайында айтқандаres:

- 1) Көсемнің ел қатарлы ғұннан айырмашылығы – күрделі шешімпаздық қабілет-қарымында.
- 2) Патша әрқашанда басшылыққа ұздік ғұндарын тағайындауы тиіс, қалай болғанда да оған сол орын қажет-ақ.
- 3) Кездейсоқ адамдарды ешқашан тағайында маңыз. Басшылықты дарынды ғұнға тапсырыңыз, өкілеттікпен жауапкершілікті жүктеңіз, содан кейін одан талап етуінізге құқығының бар.
- 4) Көреген көсем сәттілікті ешқашан арқа тұттайды, өз болашағын әрқашан ауыр еңбек, төзімділік, табандылық және оптимизммен жасайды.
- 5) Әрекет қылуға үйгарған көсем тек қана женіске жетуге тиіс, итжyғыс немесе ымыраға келу мүлде болмауы тиіс.
- 6) Егер де көсем көштің соңында келе жатса, онда ол ешқандай қолбасшы емес.
- 7) Көсем ұсақ-түйектен жоғары болуы керек және де бұған басқа ғұндарды да мәжбүрлеуі тиіс.

8) Өзін-еzi ұстауын жоғалтқан көсем жеңіліске душар болады. Өз күшіне ғана сенуі тиіс, сол кезде жеңіліс тапқанның өзінде де, бар мүмкіншілікті қолданғаныңнан хабардар боласын.

9) Тобасынан жаңылған, меммен және бақайқұрт жетесіз көсемдер нағыз ұлылыққа сирек жетеді, оның есесіне кісі қөзінше өзін ұлықтайды.

10) Ұлы көсем өзін ешқашан да ұлықпыш деп есептемейді.

11) Өз ғұндарымен бірге ішкілікке салынып жүрген көсем оларға тұғанында болып кетеді, бірақ көсем болудан қалады.

12) Елге сүйеу болу үшін сенімнен өзің де шыға біл, өзгеге оны жүктей біл». Елдік мұратты биік нысанага қоя білген Атилланың жоғарыда біз тілге тиек еткен өсиеттері өзінің мазмұнын жоймайтын құндылықтар. Қай қоғамда, қай ғасырда болса да кез келген ел басқарған адамның күн парагындағы құндылық болары анық.

Атилла, Білге қаған, Құлтегін сынды қайраткерлерден кейін әлемдік тарих сахнасының аренасына шыққан Шыңғысхан да елдік мұраттар мәселесінде аса ірі реформа жасаған тарихи тұлға. Халық игілігін көздеген тұлғаның зандары, өсиеттері осы мақсаттан туындаған. Шыңғысханның ел басқарушылық, қолбасшылық туралы айтқандары да жоғарыда айтқан ойымызды растай түседі.

1) Кімде-кім өзінің үй-ішін басқара алса, билік те жүргізуіне болады. Кімде-кім он адамға тиісті жағдай жасай білсе, ол мыңдықты, түменді басқаруға жарайды. Әрі мұны ол жақсы орындаі алады.

2) Жеңістің мүмкіндігі – тек шабуылда.

3) Адамдарды мақтансуýгіш ет, өркөкіректік оларды ақымақ етеді, Сол кезде сен оларды бағындырасың....

4) Жасырыну өнері қорғанысқа құрылған.

5) Мениңше, егер кез-келген айтқан сөзің шын болса, оның күш-куаты мықты келеді.

Атилла, Білге қаған, Құлтегін, Шыңғыс хан сынды қайраткерлердің ел мүддесі, елдік мұратты көздеген өсиеттері, өсиеттерін жеткізген тарихи-әдеби мәтіндерден алынған қысқаша дәйектемелерден бұл тұлғалардың көсемдік тұлғалары мен ел бас-

қару мәселесіндегі сөзсіз шеберліктері көзге ұрады. Жоғарыда келтірілген дәйекті мысалдардан қаһармандардың елдік мұрат идеяларының сабактастығын, ұқсастығын аңғардық.

Ел мүддесін қорғаушы, халық тыныштығының құзетшісі болған Білге қаған мен Құлтегін батырдың қайраткерлік болмысы, бұндай мақсаттарға жетуге бағытталған идеяларынан да осы сабактастықты аңғарамыз. Белгілі түрколог-ғалым F. Айдаров «III ғасырдағы Құлтегін ескерткіші» атты көлемді зерттеуінде Білге қаған мен Құлтегіннің халық игілігі үшін еңбектенген қайраткерлік болмысын әдеби-тарихи негізде зерделейді. F. Айдаровтың бұл зерттеуінде атальыш тұлғалардың елдік мақсат, мүдде жолындағы ерен еңбектерін танытатын жыр жолдары бар. Осы жолдардан ел тұстастығы мәселесіндегі олардың негізгі мақсаттарынан хабардар боламыз.

...Тәнірі жарылқағандықтан,
Өзімнің бақытым болғандықтан,
Қаған отырдым,
Қаған болып, жоқ, кедей халықты көп
көтердім,
Кедей халықты бай қылдым,
Аз халықты көп қылдым...
және
...Бағым болғандықтан,
Сәті түскендейкітен,
Өлімші халықты тірілттім.
Жалаңаш халықты тонды,
Кедей халықты бай қылдым.
Аз халықты көп қылдым,
Тату елге жақсылық қылдым,
Төрт бұрыштағы халықты
Бәрін бейбіт қылдым,
Тату қылдым...

- деген өлең жолдарынан халқы үшін, оның тыныштығы мен әлеуметтік әлеуеті үшін еңбектенген тұлғалардың қайраткерлерлік келбетін танимыз.

Шыңғысханның айтқандарының «Орхон» жырларымен сәйкес келетін тұстары көп. Мәселен, Тонықөктің

Тұнде ұйықтамадым,

Күндіз отырмадым.

Қызыл қанымды ағыздым,

Қара терімді төктім,-деген жыр жолдарын Шыңғысханның төмендегі сөздерімен салыстыра қарасақ, елі үшін туған ердің биік бейнесі көрінеді.

Қара бала

Ұлы қаған болғанда,

Алтын денем шаршаса, шаршасын –

Абзал елім даңқы артсын.

Бүтін денем қиналса, қиналсын –

Бүкіл елім топтансын.

Атилланың өсiet сөздерін С. Негимов «Атилланың афоризмдері» деп атап, орыс тілінен қазақ тіліне аударған. Ғалым «Ұлы қолбасшы Атилланың дاناлық ойлары мен толғаныстары ғасырлар бойы құнын жоймай, біздің заманымызға tot баспай жетіп отыр. Соңдықтан да оның афоризмдерін тұңғыш рет орыс тілінен қазақша сөйletip, oқырмандарға ұсынып отырмын»⁵ – дейді. Бұл афоризмдер мағыналық тұрғыдан кеңес және өсiet, мінез-құлық, айбын, шешім қабылдау, өкілеттікті талсыру, көсемдерді тәрбиелеу, дипломатия мен саясат, мақсаттар, қолбасшылар және қолбасшылық, қабылдау мен абырай, жеке жетістіктер, мәселелер мен шешімдер, марапат және жаза, шыдамдылық, оқып-үйрету тәрізді топтарға жіктелген. Аталған жіктелімдер мазмұнына мән берсек, ел билеушісінің барлық тақырыпқа қатысты жүйелі ой қозғағандығын байқаймыз. Дәл сол сияқты Шыңғысханның қанатты сөздері де сан тақырыпты қамтыған. Білге қағанның төмендегі елдік пен ерлік, даналық турали, бірлік туралы афоризмдері де осы айтқан ойымызды айғақтай түседі:

1. Ел болып бірігуден аскан бақыт жоқ.

2. Туркіні бұзар - тәтті сөз.

5 Негимов С. Атила афоризмдері // Mangilik El (халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журнал), – 2013, №2 қараша. – 5 б.

3. Дарақылық үмітінді үзіп, қанатынды қияды.
4. Әсіре даңқ пен асыра байлық ұтсыздық пен бұзакылық құшағында тұншықтырады.
5. Дүниеқоңыздық пен тойымсыздық есінді алып, еркінен айырады.
6. Егер ел басшысы тоңмойын һәм сатқын болмаса - елдің бағы.
7. Жауынан бұрын қимылда – жеріне жамандық келмейді.
8. Тастағы жазудан тағлым алғайсың.
9. Нарғыз ер «дүние-мал» деп дірілдемес болар.
10. Бақ болмайды басқа бақ – есің барда елің тап.

Ел басқарған, қол бастаған қайраткерлер тараапынан айтылған бұндаидай қанатты сөздерден олардың көсем де көреген, шешен, ойлы, сабырлы да салиқалы саясат ұстанған білікті тұлғаларын танимыз. Атилла немесе Шыңғысхан айтыпты деген мәліметтер өте көп сақталған. Мәселен, Шыңғысханның мына бір айтылымына қарап, мән-мазмұны ерекше шешендеңдік өнердің қалыптасқан үлгісіне күә боламыз:

«Ұлдар - әкелерінің үлгі-өнегесін ұстанбаған,
 Інілер - ағаларын тыңдамаған,
 Қүйеулер - әйелдеріне сенім артпаған,
 Әйелдер - қүйеулерінің ырқымен жүрмеген,
 Енелер - келіндерін хош көрмеген,
 Келіндер - енелерін сыйламаған,
 Үлкендер - кішілерін есіркемеген,
 Кішілер - үлкендердің кеңесін алмаған,

Бастықтар - өз қызметкерлерін ғана жақын тұтып, сыртқары қауымды елемеген,

Ұлықтар - бар игіліктің басында отырса да, ел-жұртын байлыққа жеткізуі ойламаған және ешкімге қайыр жасамаған, әдет-ғұрып пен заңды («жосын мен жасақты») аяққа басқан, ақылдан азып, тәубесін ұмытқан, сөйтіп өз ұлысының жауы болып шыққан жағдайда, ұры-қарылар мен алаяқтар, жалғаншылар мен кәззәптәр жарық күнді қарашы тунге айналдырады,

[елдің] бар қазынасы талауға түседі, ат-арып, [азамат-қашып], әскер - қуат-күшінен айрылады,
Халық - іріп-шіріп, тозғындал, бардан - жоққа айналады».

Ұлы қайраткерлердің сөйлеген сөзі, жасаған іс-әрекетінің барлығы өзгеге үлгі болып, жан-жағына ықпал еткендігі байқалады. Олардың тарихи-әдеби бейнесіне назар аударсақ, қаншалықты жан-жақты, ерекше тұлға екендіктері көзге үрады. Мына бір мәліметтен Атилланың көрегендігін, көкейіне тоқығаны мол, сұңғылалығын байқаймыз. Мәселен, Атилланың қаланы міндетті түрде аламыз деген сеніміне күмәнмен қараған қолбасыға: «қала үстінде ұшып жүрген құстарды көрсетіп:

- Ана аққұтандарды көрдің бе? Олар қала мұнараларындағы балапандарын алып кетіп жатыр. Демек, бұл – қала көп ұзамай құлайды деген сөз. Өз басына төнген қатерді сезген құстар балапандарын қауіпсіз жерге апарады», -деген екен.

Қайраткер тұлғалар туралы қalam тартқан ақын, жазушылар баршылық. Атилланың тұлғасын танып білуге деген қызығушылық әр кезеңдегі әр ел зерттеушілерінде кездеседі. Ғұндардың көсемі Атила тарихына Батыс Еуропа, Қытай, орыс, қазак, т.б. елдердің зерттеушілері ерекше назар аударған. Зерттеулерде көсемнің есімі Атила, Атила, Атыл деп берілсе, қазақтың көне жырларында Еділ деп аталған.

Әдеби жырларда ол бірде батыр, бірде жомарт, бірде би, данагөй, ел бастиған көсем, қатал қолбасшы, сонында тұтас елді артынан ерте алған тектінің үрпағы ретінде бейнеленеді. Атилла туралы аңыздар - барлық түркітекстес халықтарға ортақ тарихи, әдеби мұра. Қазақтың көне аңыздарында жырланған Атилла бейнесі қазақтың тарихы, әдебиеті, мәдениетінде алар орны ерекше тұлға.

Атилланың қайраткерлік, қолбасшылық ерен ерлік істерін ақын Ш. Құдайбердіұлы өзінің өлеңіне арқау еткен:

Айтайын Әтелланың қылған ісін,
Сиқыр дер ойлаған жүрт қайрат-күшін.
Азияны түгел билеп, Еуропаның,
Көбі ауған Әтелладан қорыққаны үшін.

Әтелла Мұнжық ханның баласы еді,
Басы үлкен, кеудесі кең, аласа еді.
Мың бес жұз жылдай болды өлгеніне,
Оның да қылған ісі тамаша еді.

Қайтемін айта беріп алған жерін,
Атаңың ойға түсір сондай ерін!..
Қор болып осы күні отырсаң да,
Қозғалсын өткенді ойлап іште шерің!..

Тарихшы, шежіреші атанған ақын Шәкәрімнің бұл өлең жолдары көп жайдың мәнісінен сыр шертеді. Өз тәуелсіздігі өзінде болмай, өзге елдің қолына қараған қазақ еліне Атилладай ер туғаны үлгі етіп, бар идеяны соңғы екі шумаққа әкеп артқан. Ш. Құдайбердіұлының бұл үш шумақ өлеңіне ғұндардың көсемі Атилланың бүкіл болмысы сыйғандай. Жоғарыда айтылған тарихи деректер дерліктей өлең өрнегіне түскен.

Еділ патшаның өмірі мен қайраткерлік болмысы жайында көлемді зерттеу жазған белгілі ғалым Ж. Дәдебаев: «Нибелунгтар туралы жырда» Атилланың адалдығы мен азаматтығы, ақылдылығы мен батырлығы кең көрініс тапқан...», -дей келе аталмыш жыр жолына арқау болған Еділдің болмысын көрсететін жыр жолдарынан үзінді келтіреді:

Этцел даңқын асырды,
Сарайына ағылып бар әлемнің батыры.
Бәріне де, қарамастан құдайына, дініне,
Жомарт болды ол, ашық-жарқын, сыпайы...».

Бұл өлең жолдарынан оның өзінің афоризмдерінде айтылғандай ол мейлі өз адамы болсын, мейлі жауласқан жақтың адамы болсын, оған әділеттілікпен қарайтыны суретtelген.

Атилла басқарған ғұн империясы ең күшті мемлекетке айналды. Еуропадағы барлық мемлекеттер мен халықтар ғұндармен міндетті түрде санасуға мәжбүр еді. Атилла Римде білім алғандықтан да, латын тілін жақсы біletін. Соған қарамастан римдік-

тердің көбі Атиллаға жағыну үшін, ғұн тілінде сөйлеуге тырысқан. Сол кезеңде біздің ата тілімізден олардың тіліне көптеген сездер енген-мыс. Бұл Атилланың ана тілін ерекше құрмет еткенінің көрінісі.

Атилла халықтан шыққан өнер адамдарын, ақын-жырауларды, шешен сездің майталман шеберлерін құрметтеді. Тіпті ғұн емес, герман тайпаларының өкілдері болса да, ерекше бағалайтын болған. Ғұн ордасы мен Атилланың етене байланыста болған елі – герман тайпалары. Олардың тіліндегі кітапта сол кезде ғұн көсемі Eigei (Атилла), ал ғұндардың әсем астанасын Eigelburg (Этзелбург) деп атағаны тарихи шындық. Бұл кітаптағы «Этзелбургтегі той» деп аталатын 19-тарау түгелдей Еділдің Илдикоға үйлену салтанатына арналған екен.

Еуропа халықтары мәдениетінде Атилла туралы бірнеше поэма бар. Германия және Скандинавия халықтарының батырлар жырында, аңыз әңгімелерінде Атилла негізгі кейіпкер. Ағылшын ақыны Херберт Атилла туралы үлкен поэма және ғылыми еңбек жазып қалдырган екен (19 ғ.). Сол сияқты Еуропа театрларының сахналарынан да Атилла бейнесі үлкен орын алады. Ең алғаш Атилла бейнесін сахнаға шығарған Испания драматургтері Кристобал Вируес (1550-1609) «Қаһарлы Атилла» төрт актілі трагедиясын, Луис Велес де Гевара (1579-1644), «Атилла – Тәңір құты» 5 актілі трагедиясын, одан соң Франция драматургтері Пьер Корнель (1906-1684) «Хун патшасы – Атилла» атты 5 актілі грагедияны 1667 жылы Париж театрларының сахнасына қойды. Генри Борниер (1825-1901) «Атилланың үйлену тойы» атты тамаша пьесаны Парижде 1880 жылы сахнаға шығарған екен. Неміс драматургтерінің де еңбегі үшан теңіз Вернер Цахариас (1768-1823) «Хун патшасы – Атилла» атты 5 актілі романтикалық трагедияны 1808 жылы сахналаған. Неміс халқының «Нибелунг жыры» тақырыбына көптеген драмалық шығармалар жазылды. Бұл жырдың негізгі кейіпкері ғұн көсемі Атилла болғандықтан барлық драмалық шығармаларда да солай болды. Ф. Геббелль (1813-63) 1861 жылы «Нибелунгілер» трилогиясын сахнаға шығарған.

Орыс қаламгерлерінің ішінде алғаш рет Евгений Замятин (1884-1937) «Атилла» атты драма жазды (1927). Алайда бұл шы-

ғарма араға көптеген уақыт салып барып тек 1996 жылы Алматыда қазақ драма театрында қойылды. Соңдай-ақ, оның «Тәңір құты» (Бичь божий) атты романы да осы тақырыпқа арналған.

Атилланың әлем әдебиетіндегі бейнесі С. Өтениязов еңбегінде жан-жақты талданған⁶.

Шыңғысханның да әдеби бейнесі біршама қалыптасқан. Жоғарыда атағанымыздай тарихи деректердегі тәрізді көркем шығармаларда да Шыңғысхан бейнесінің берілуінде айырмашылықтар бар. Оны қанішер, жауыз, басқыншы ретінде суреттеген кей шығармалардағы Шыңғысханның прототипі мүлде басқа екендігі бізге дейінгі зерттеушілер тарарапынан да айттылды. Әбіш Кекілбаевтың «Ханша-дария хикаясында» Шыңғысхан өмірінің соңы мен өлімі, Тұрсынхан Зәкенұлының «Кек бөрілердің көзжасы» атты тарихи романында Керей, Найман мемлекеттерінің күйреуі туралы, Сәүірбек Бақбергеновтің «Бөрте – Шыңғысханның жұбайы» хикаятында Шыңғысханның соңғы жорығы жазылған. Шыңғысханның Отыrap қаласын жаулап алуы туралы ел арасындағы аңыз М. Шахановтың «Жеңілген жеңімпаз хакындағы Отыrap дастаны немесе Шыңғысханның қателігі» поэмасының негізіне алынған. Мұхтар Мағауин XII-XIII ғасырлардағы Орталық Азияның бүкіл болмысын кеңінен қамтитын, «Шыңғыс хан» атты деректі тарихи романың «Тұған жұрт» деп аталағын алғашқы томын шығарды. Бұл шығармалардың барлығында Шыңғысханның өмірі, ерлік жорықтары туралы элементтер қамтылып, қаған образын сомдауға тырысқан.

Қағандар образы Орхон жазбаларында біршама суреттелген. Бумын, Естеми, Білге, Атилла, Шыңғысхан сияқты тұлғалардың өз елін, жерін сыртқы жаудан қорғап, елін бақытқа бөлеу басты мақсаты болғандығы көрінеді.

Ежелгі дәуірде ел билеген ұлы тұлғалар туралы жазылған әдеби, тарихи, көркем шығармалардың ой елегінен өткізе келгенде, олардың бейнесіндегі тәмендегідей типологиялық ұқсастықтар, өзара сәйкестік пен ортақ белгілер кездеседі деп батыл атамызы:

1. Өз елін, туған жерін сыртқы басқаншылардан қорғауды мақсұт тұтқан қағандар алдыңғы орынға елдік муратты қойып,

6 Өтениязов С. Атилла. – Алматы: Арыс, 2000. – 214 б.

ел бірлігін күшейтіп, өз елінің саяси-әлеуметтік, экономикалық жағдайын жақсартып, дипломатиялық қатынасты дамытқан.

2. Олар бүкіл әлемдік деңгейде ойлайтын улы тұлғалар болды;
3. Ел ішінде заң қалыптастырып, оның орындалуын қатаң қадағалау нәтижесінде ел бірлігін күштейткен, елжанды нағыз патриоттар болды;

4. Елі үшін елеулі еңбек еткендерімен қоса, риториканы дамытып, соңына ерен ерлігі мен шешендік сөзін қалдырды;

5. Атилла афоризмдері мен Шыңғысханның өсietтері ерекше мәнге ие, тағылымдық-тәрбиелік құндылығы мәнгілік маңызын жоймайтын рухани қазына.

Шағын зерттеуде шама-шарқымызыша, ғұн, түркі монғол билеушілері туралы тарихи-әдеби және фольклорлық туындылардың типологиялық ерекшеліктеріне аз-кем шолу жасадық. Арқалар жүгі ауыр бұл тақырыптың зерттелуі алдағы уақыттың еншісінде деп ойлаймыз.

Әлемдік тарих сахнасында есімі аңызға айналған көсем, қолбасшы, мәмлекер Атилла мен Шыңғысхандай тұлғалардың өмірі мен қайраткерлік болмысы қашанда нысаналы биктен түспек емес. Олардың өмір жолы мен қайраткерлік келбеті, елдік мұрат жолындағы атқарған өлшеусіз қызметі талай зерттеулерге, талай әдеби-тарихи шығармаларға жүк болатын құндылық.

КӨНЕ ТҮРКІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ДӘСТУРЛІ МОТИВТЕР

Әлем әдебиетіндегі сияқты Ортағасырлық түркі әдебиетінің сюжеттерін жалпы адамзатқа ортақ мәңгілік тақырыптар мен мотивтер құрайды. Дүние жүзінің көптеген халықтары басынан өткерген ежелгі классикалық әдебиет, қайта өрлеу немесе ояну дәүірі әдебиеті делінетін шығармаларда діни сюжеттерден басқа негізінен, ғашықтық, батырлық, кемел қоғам, қайырымды билеуші, әділ немесе жеңімпаз патша сарындары басты арқау болған. Ал, ол тақырыптық сюжеттердің өзін көптеген композициялық және іс-әрекет мотивтері құрайтыны тағы бар.

Орта ғасырдағы түркі поэзиясы Ислам әдебін, Алланың сөзі Құран мен оның Елшісі хазіреті Расул Мұхаммед Мұстафың хадистерін басты назарда ұстағаны олардың әрбір шығармасынан аңғарылып тұрады. Дін тарихын, ислам қайраткерлері мен сахабалар өмірі жайындағы ақызы, әңгімелерді жақсы білетін ақындар өз туындыларында көптеген пайғамбарлар мен хазіреті Расулдың (с.ғ.с.) серіктерінің есімдерін құрметпен еске алып отырады. Әдетте, ақындар сөз басында өмірдің өтпеллігін, фәнидің жалғандығын, мынау дүниеде талай атағы жер жарған патша мен батыр да, дана мен ғашық та, сараң мен дінбұзар кәпір де тұрақтай алмай, бақылыш сапар шеккендіктерін жырга қосады. Бұл дәстурдің ілкідегі түркі-қыпшақ әдебиетінен бері қалыптасқан, ислами поэзияда әбден тұрақтанған әдеби стильдің бір көрінісі екендігі де шуббәсіз. Көне түркі, оғыз-қыпшақ, Қарахандар әuletі мен Алтынорда дәүіріндегі әдеби туындылардың қай-қайсысы да осы ата дәстурдің аясынан алыс кетпеген. Мысалы, қарахандықтар тұсында қарқын алған сопылық әдебиеттің негізін қалаушы, көрнекті ақын әрі ойшыл Құл Қожа Ахмет Исауицің 60-хикметінен:

Бұ дүнияға бина қойған Қарун қане,
Дағуа қылған Ферғаун бирла Һаман қане?
Уамық, Газра, Фархад, Шырын, Мәжнүн қане,
Қаһар айласа, бір лахазда йексен қылур, –

деген жолдарды оқымыз. Осы текстес бәйіт-ғазалдарында оның сүйікті шәкірті С. Бақырғани да өткен ұлылардың – пайғамбарлар мен сахабалардың орнын жоқтайды:

Қане, ол мың жасаған Адам ұғлы,
Мың да үш жуз жасаған ғұмыры болған Нұх нәби?
Төрт мың төрт жуз жасаған Лұқман қане,
Бұ адамдар қайда барды сенбеспісің?
Қане ол ғалам пақыры Расулалтанды...
Шафағат ізін сен де бақпастысың?...
Қане, ол Эбубекір, Омар Осман,
Қане, ол Асадулла Әли Арыслан?
Қане, ол Амидулла Хасан, Хұсайын,
Кербала шаһидіне бақпастысың?¹

Ислам мен Шығыс әлемінің белгілі кейіпкерлері XIX ғасырдың екінші жарымында дүниеге келген дарынды қазақ шайыры Мәшһүр-Жусіп шығармаларында көп кездеседі. Сопылық жолын тұтынған ақын өзінің «Басқа патшалар, жомарттар, әулиелер» атты өлеңінде өткен заманның небір асыл азаматтары мен батырларын, патшалары мен дін, ғылым қайраткерлерін тізбелей атап, олардың тарихтағы маңызды қызметтеріне тоқталған. Осы өлеңде шайыр Пайғамбар әулеттерінен бастап отыз үш мың сахаба, төрт имам, сопылық мектептің пір-шейхтері, хадис ілімінің ғұламалары, ежелгі және өткен замандардағы Жәмшид, Баһрам, Рұстем, Сам, Нариман, Сейітбаттал, Әмір Темір, Шыңғыс Наушаруан, Есім, Тәуке, Абылай т.б. патша, хандар мен батырлардың аттарына ілтипат білдіреді.

Мысалы:

Әулие Fayыс, әл-Ағзам – олар да өтті,
Нақышбанды, Баһауддин – олар да өтті.
Кожа Ахмет Түркістанды қылыш отан,
Дүниеден сондай ерлер өтіп кетті.

1 Йасауи Қ. А. Диуани хикмет. / Баспаға әзірлеп, қаз. ауд. М. Жармұхамедұлы және басқ./ – Алматы: Мұраттас, 1993. – 262 б.

Ғұмар, Нәсхі, ғұлама Тафтазані,
Ғазали, ол – мірсейіт, шәріф қані?
Мусанніф, әм сахилар – бәрі де өтті,
Дариға көрмей қалдық біздер әні!²

Шайыр поэзиясында ең көп сөз болатын әрі көлемді толғау – бәйіт, ғазалдардың мазмұнынан жиі орын алатын тұрақты бейнелер ретінде Құран Кәрімде есімі аталған пайғамбарларды айтамыз. Олардың дін жолындағы іс-әрекет, хикметтері ақын өлеңдерінде оның өзі көзделген мақсат, идеясына, айтайын деген ойпікіріне ілесе, көрнек-сөз түрінде жүретін тәрізді. Өткен ғасырда Сыр бойында жасап, «сүлей» атанған Шораяқтың Омары бір толғауында:

Пайғамбар – шапағатшы, Құдай – қазы,
Йасауи – айдай туған Қожа Ахмет,
Шаһарыйар пейіш, тозақ ортасында,
Олар да Пайғамбардан тілер мәдет,

– деп бастап, бір қатар нәбілердің ел алдындағы еңбегі мен есімдерін ерекше атайды.

Мысалы:

Бір туған атасы бар ұғландары –
Абылды Қабыл ұрып, таспен атқан.
Анасыз Шиш нәбиді Хақ жаратты,
Болмады тілі ғалыб ибадаттан...
Тілегі әзірет Мұса қабыл болып,
Қалмады, ешбір нышан қауме-даттан.
Қарынбай малы толып дуниеге,
Мұсаның дүғасымен жерге батқан.
Ыбыраһим Намрудқа қарсы келіп,
Саламат, күймей шықты жанған оттан,
Смағұл Құдай үшін құрбан болып,
Тамағын пышақпенен бауыздатқан.

² Көпейұлы М. Ж. Көп томдық шығармалары. 2-том. – Алматы: Алаш, 2003. – 432 б.

Жұсіпті Мәлік Занғар саудагерге,
Он сегіз қара пұлға құл ғып сатқан³.

Бұдан әрі Айуб пайғамбардың «пәлеге сабар айлағаны», «Дәуіттің ұсталық еткені», «Сүлейменнің алтын тағы мен екі дұниенің тілін білуі», «Ескендір Зұлқарнайының әлемді бағындырыуы», «Ыңдырыс пайғамбардың төрт рет өліп-тірілуі», «Нұх Нәбидің наласымен дұниені топан су басуы», «Жұніс пайғамбардың қырық күн балықтың құрсағында болуы», «қәпірлердің Зікірияны аралап кесуі», «Иса мұрсалдың атасызы тууы», «Мұхаммед(с.ғ.с.) Пайғамбардың Миғражға көтерілуі» т.с.с. діни хикаялары – Ислам әдебиетіндегі тұрақты канондық мотивтер баяндалады. Бұл сарындар, әрине, жалғыз Омар емес, көптеген жазба әдебиет өкілдерінің мұраларынан маңызды орын алған. Сол өнірдің тағы бір талантты ақыны Қарасақал Ерімбет те Шораяқтың Омарымен жүмбак айттысында:

Шиши нәби-соқыр еді, Мұса – сақау,
Мұхаммед – кедей еді, Айуб – ақсақ.
Олардың бірі – мұрсал, бірі – нәби,
Ыңдырыс патша еді қандай жақсы-ақ.
«Кейпі бай – кемеліне жеткереді»
Айтады осылай деп кітап бақсақ,⁴

– деген жауабымен әріптес інісіне өзін «кәрі» деп мұқатпауын, өнердің кәрі-жасқа, байлық-кедейлікке, ауру-сауға қарамайтындығын мысал, ғибрат ретінде жазған.

Шайырлық поэзияда есімдері ең көп аталатын, символдық мағынаға ие ат-есімдер де бар. Бұл қатарда Әлидің батырлығы мен Хасан – Ҳұсайынның Кербалада шаһид болуы жайындағы мотивтерді айтсақ та жеткілікті. Ерімбеттің Омарға екінші қайтарған жауабы соның бір дәлелі:

3 Шораяқтың Омары. Сөйле, тілім, жосылып. Өлендер, дастандар, айттыстар.– Алматы: Рауан, 1995.– 301 б.

4 Айттыс. Екінші том (Кураст. Ш. Ахметов т.б.) – Алматы: Жазушы, 1965. – 664 б.

Таласты патшалыққа Мағауия,
Арыстанға жәһит қылған Элидей-ақ.
Мәнісін Кербаланың кім білмейді,
Шаһзада шаһид болған Үсендей-ақ.⁵

Осы сарынның өзгеше мағыналы үлгісін Кете Жусіп Ешниязұлының Керейт Даңмұрын ақын өлгенде жазған «көңілқос» толғауында кезіктіреміз:

Әлемнің сәруары ол – Мұстафа...
Өзінен бұрын көмген ұлдың көбін.
Қызынан туған Асан, Құсайынды
«Нәбирам – жігер, күшім, – деген, – менің!»
Семірдік қарасына біздер ненің?⁶

Хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбардың Қасым, Ибраһим атты ұлдарының жастай қаза болғандығы мәлім. Алланың Елшісі кейінірек өзінің кенже қызы Фатима мен Хазіреті Әли ибн Әбутәлібтен туған Хасан, Ҳұсайын деген жиен немерелерін бауырына басып, ерекше жақсы көргені және ол екеуінің Ислам дінінің нығаюы бағытында көп иті қадамдар жасап, әділдік үшін күрескендігі әрі осы жолда ерлікпен шейіт болғандығы туралы бірқатар діни дастандар туған. Солардың бірнеше нұсқасын XIX ғасырдың екінші жарымында қазақ шайырлары да нәзиralық үлгіде жазып шығарғаны белгілі⁷.

Исламдағы шаһидтік сарыны әріден басталады. Діни аңыз бойынша Ибраһим пайғамбар Құдай тағаланың сұрауымен жалғыз ұлы Ысмайылды құрбандыққа шалуды ниет етіп, әйелі Ажар мен баласы Ысмайылға ақылдасады. Сонда Ысмайыл Алла жолына шаһид болуға дайын екендігін білдіріп, өз еркімен ажалға мойынсұнады. Бұл көне сарын Тұрмағамбетте:

5 Сонда, 9-51 бб.

6 Бұл да сонда, 9-46 бб.

7 Бабалар сөзі. Жуз томдық. 11-том. – Астана: Фолиант, 2005. – 242 б.

«Тартпа бас, Тәнір ісіне біз даяр деп,
 Болыпты бірі – сілті, бірі – сабын.
 Кетіріп кейлелгіне жүққан кірді,
 «Болсын, – деп екеуі де, – істің нағын...»
 Қазірет Ысмайылдың өзі жатқан,
 Байлатпай қол-аяғын, қып жанын...
 «Қошқарды ал, қой үғлынды, – деп, – ей, достым!»
 Атырған ай батпай-ақ Алла таңын⁸.

Сыр сүлейі деген абыройлы атаққа зор ғалымдық, тақуалық, даналық һәм шешендей қасиеттері үшін ие болған Тұрмағамбет бұл арада Ысмайыл мен Ибраһим пайғамбарлар басында болған «шашидтік» оқиғасын Дәрмен атты ұлы қаза болған Қаражан деген жерлесіне көңіл айту барысында келтіреді. Сондағы айтпапты: Алла тағалла өзі берген жанын өзі алады, құрбандық, қаза – Жаратқанға қызмет етіп, жанынды пида етпей, жақсылыққа, бақытты өмірге де қол жеткізу – қыын.

Ол түгіл, «көшбасшының», яғни Пайғамбарымыз да «сол жақта» екендігін айтты:

Қам мұнда, қызық – онда, қанша айтқанмен,
 Иесі берсе ерге иман шамын,
 – деп замандастына жұбату айтады. Шайырдың XX ғасырдың 30- жылдарындағы Кеңестік сұрқия саясатына қарсы жазған мына өлеңінде де Құдайдан, пайғамбар мен сахабалардан жердем сүрайды:

...Бұзықтың бас аман қып бәрі қашса,
 Исламның елатының алдын тосқан.
 Сұлтан боп шаригаттың шамын жақса,
 Секілді ер Әбубәкір, Омар, Оспан.
 Атақты Арсландай ерлер шығып,
 Өткесін өңшең жаудың болса осқан⁹.

8 Ізділеуұлы Т. Шығармалары. 1-том. (Құраст. М. Байділдаев...). – Алматы: Жазушы, 2007. – 312 б.

9 Сонда, 340 б.

Мұндай мысалдар Тұрмағамбет, Шәді, Мәшіүр Жұсіп, Әбубекір Кердери, Нұржан Наушабайұлы т.б. шайырлар мұрасында кезігіп отыратыны жасырын емес.

Шынында да, XX ғасыр басында ояну кезеңін басынан кешірген қазақ жазба әдебиетінің бастауында тұрған, негізінен ағартушылық бағытты ұстанған шайырлар поэзиясында Шығыс класиктері мен ескі қыпшақ поэзиясының ықпалы, Ислам әсері, әсіресе, көне сюжеттердің қолданыс табуы – бұл бағыт өкілдерінің өзіндік дара стилін қалыптастыруына жол ашты. Олардың шығармаларында көптеген шығыстық аңыз, дастандар мен дін қайраткерлерінің ғана емес, бірқатар ежелгі дәүір мәдениеті мен ғылымның озық ойлы кеменгерлерінің есімдері де аталуы тегін емес-ті. Аплатон, Жалинус, Наушаруан, Ескендір, Нұх, Сократ, Имам Ағзам, Фирдауси, Рустем, Һарун Рашид, Науай, Сопы Аллаяр, Мақтымқұлы, Жұсіп пен Зылиха, Фархад пен Шырын, Хатымтай Жомарт т.б. кейіпкерлер ұлттық поэзиямыздың атальған дәүірінде көптеген талантты қазақ шайырларының қалам ұшына ілігеді. Демек, осы есімдердің әр қайсысының ар жағында аңызға бергісіз ақиқат өмір: ғылым мен ғлім, хас батыр мен әділ билеуші, такуалық сезім мен махабbat, қайырымдылық пен жомарттық – әдебиет мен фольклор мотивіне айналған басқа да маңызды, меңзеулі сюжеттік тұспалдар, тіпті, шеті-шегі жоқ Шығыс мәдениетінің кодталған қоры жатқандай көрінеді. «Шәкей сал мен алты ақынның айттысында» Кете Жұсіптің жазған сынына Керейт Даңмұрын:

Атырапқа сөз жіберіп ол Шәкей сал,
Анласам, таппағанның бәрін сөкті.
Апылатын не болып ед ақылы дана,
Болса да тілі сүйір, ерні епти.
Мұсаны қарсы қойған ажданаға,
Бір қыздың мекерімен жерге шөкті.
Ағанды қарал тұрған сөзben тұртіп,
Сөйлеттің есіл ерге біраз кепті,¹⁰

10 Айттыс. Екінші том (Құраст. Ш. Ахметов т.б.) – Алматы: Жазушы, 1965. – 664 б.

– дей келе, грек философи Платон мен Мұса (с.ғ.с.) пайғамбар өмірін мысалдай отырып әріптесіне өрелі ой салады. Жалпы, Шығыс әлемінің ақыл-ой қеңістігінде Платонның тұлғасы ерекше құрметкесе ие. Оның есімі – даналықтың баламасы іспетті. Тұрмағамбет «Ата мен бала» атты ғазал-толғауында өз туындысының соңын:

Жас демей, ақылы барды ага тұт деп,—
Данышпан айтқан Лұқман, Аплатон,¹¹

– деп бітіреді. Мұнда ислам тарихында аты пайғамбарлармен қатар аталатын Лұқман хакім де Платон сияқты ғұлама-данышпан образында танылады. Әрбір кеште ғалымдармен, жақсылармен еткізген сұхбатын бір жылға балап, мың жасаған Лұқман – қазақ фольклоры мен әдебиетіндегі шайырлар шығармашылығы арқылы сомдалған тағы бір тағымды тұлға. Ұлы Абайдың «Әбдірахман өлген соң өзіне айтқан жұбатуында»:

Аплатон, Сократ ақылды,
Қаһарман Ғали білекті.
Өз заңымша ұқсаттым,
Берген Құдай тілекті,¹²

– деуі жоғарыдағы пікірімізді айғақтап түр. Шығыс ғылымы мен мәдениетін, Ислам құндылықтарын ұлтықтау арқылы қазақтың оқыған ағартушы ақындары ұлтымызды кіслікке, білім мен өнерге баулуды бсты мақсат тұтқан.

XIX ғасырдың екінші жарымындағы қазақ поэзиясындағы Шығыс сюжеттері (хикая, дастан, мысал), ондағы айтулы тұлғалар мен дана-хакімдер туралы дәстүрлі сарындар да теренірек зерттеуді қажетсінетін маңызды әдеби құбылыстардың бірі деп санаймыз. Бұл көркемдік әдіс қана емес, аталған поэзия өкіл-

11 Ізділеуұлы Т. Шығармалары. З-том. (Құраст. М. Байділдаев, А. Алматов). – Алматы: Жазушы, 2007.– 296 б.

12 Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық жинағы. 1-том. Алматы: Жазушы, 2003. – 296 б.

дерінің стиліне тән даралық табиғатынан туындастырылған поэтикалық қасиеттердің бірі.

Шығарма соңында өзінің есімін келтіру, шығарманың жазылған уақытын көрсету араб, парсы, түркі әдебиеттерінде ертеден қалыптасқан дәстүр. Мұндай ұлгілердің поэтика занұмынына бағынатын өзіндік ережесі де бар. Бұл занұмының көбінесе, Шығыстың ислами әдебиетінде қасида, мәснәуи, ғазал секілді эпикалық және лирикалық жанрларында ұшырасады. Мысалы, ғазал жанрында жазылған өлеңдер бірыңғай үйқастан (аа, бб, ва, га) құралады. Қазақша шұбыртпалы үйқасқа жақын. Ғазалдың бірінші бәйітін «матла бәйіт», ал соңғысын «махлас (тахаллус) бәйіт» деп атаған. Соңғы бәйітте ақын әрдайым өзінің поэтикалық лақабын немесе есімін атайдын болған. Ғазалдар Ортағасырларда тек махабbat, ғашықтық тақырыбындағы шығармаларға қатысты өлең түрі ретінде қаралса, бертінде оның тақырыптық арнасы біраз кеңейгенін көреміз. Кезінде, И. С. Брагинский араб әдебиетінде қалыптасқан екі түрлі бағытта дамыған – «омарият» және «узраят» ғазалдары туралы айта келіп, «Бұл екі бағыттың өкілдері ғазалдың ерекше түріне қол жеткізді. Бұған қоса, олардың ғажайып ғашықтық өлеңдері позэзияның толық-қанды бір формасын жасады»¹³ деген болатын. Бұл жанрдың түркі халықтары поэзиясына дендей енуи – XIY ғасырдан басталған тәрізді. Алғаш Жалаладдин Руми парсыша араласқан түркі тіліндегі ғазалдарын жазса, кейін оның үлгісін ұлы Сұлтан Вәләд жалғастырған еді¹⁴.

Осы игі дәстүр Алтын Орда, Хорезм және Мәмлүк қыпшақтары әдебиетінде өз жалғасын тапты. Өз туындыларының соңғы «махлас» бөлімінде есімдерін жазу қыпшақ ақындары Хорезм, Сәйф Сараи, Құтыб, Мұхсин, Бақырғани т.б. талант иелерінің өлең, дастандарында ұшырасады.

Мысалы, С. Бақырғани өзінің ұлы ұстазы Ахмет Иасауиге арнаған хикметтерінде өлеңінің соңын:

13 Брагинский И.С. О возникновении газели в таджикской и персидской литературе. «Советское востоковедение», 1958, №2.

14 Миннегулов Х.Ю. Сәйф Сараи тормышы һәм ижаты. – Қазан: Университет нәш-ы, 1976. – 190 б.

Баба Машын ол – сұлтан,
Мұрид болды бейкүмән.
Хаким қожа Сұлайман,
Шейхым – Ахмет Иасауи¹⁵,
– деп, шығарманың авторы өзі екендігін білдіреді.

Тағы бір өлеңінде ол:
Пақырдың халін сұраса,
Маган хажынама берсе,
Менің атымды сұраса,
Сұлеймен Бақырғани¹⁶,

– деп жазғаны бар. Хорезми «Мұхаббатнама» дастанының әр «намасында» өз аты-жөнін хатиме-махлас болімінде, яғни шығарманың соңында еске салып отырған. Мысалы, екінші намада:

Мақсатың табылғай жолында бәрі,
Бақытты қылса Хорезмиді жары¹⁷.

Немесе, бесінші намада:

Ғашықтықтың жолында Хорезми жоғалар,
Бірақ оның жер жүзіне аты қайта оралар¹⁸. –

десе, жетінші намада:

Тәнір жаратпастан мың жыл бұрын,
Хорезмиді ғашық еткен саған, күнім¹⁹,
– деп Аллаға мінәжат сөздерін, махаббатын арнаған.
Сайф Сараи өзінің «Сұхайл уа Гүлдірсін» атты дастанында:

15 Ежелгі дәүір әдебиеті. Хрестоматия. 2-кітап. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 280 б.

16 Сонда, 174 б.

17 Сонда, 237 б.

18 Сонда, 238 б.

19 Сонда, 241 б.

Муфарих назым етіп Сәйф Сарайн,
Сипатыңы оқыр, ей, көрікке байым²⁰,

– деген болса, «Түркіше Гүлстанда»: «Бұл кітап бағбаны ол –
әдіб, // Кем Сарайы Сәйф ерүр назымы ғаріб²¹, – деп өз есімін
ескерткен. Осы дәстүрді «Жұм-жұма» дастанының авторы Хұсам
Кәтиб те сақтайды:

Кім тарихи иеті йұз етміш еді,
Кем Хұсам Кәтиб мұны бітміш еді²².

Бұл үзіндіде шайыр өзінің аты-жөнін ғана емес, сондай-ақ,
«Жұмжұма» дастанының Хижра бойынша 770 (1370 ж.) жылы
жазылғанын мәлімдеген.

Сәйф Сараи «Гүлстан би-т-турік» дастанының ақырғы бөлігінде
оны «Хижраның 793 (1391ж.) жылында жазылғаны жөнінде
хабарлай келіп: «Қыл назар Сайф Сараи жарлыға, // Ғапу етіп,
жазықтарын жарылқа»²³, – деп, Құдайдан жәрдем, күнәларынан
кеширім сұрайды.

Қыпшақ ақыны өзінің мысырылық Алтын Орда шайыры Мәула
Қазый Мұхсиннің ғазалына жазған нәзира-жауабында: «Көргелі
Сайф Сараи құл аны, // Хақ тағала сонғының хайраны-дыр»²⁴, –
деп есімін білдіреді.

Мұшәйраға қатысқан екінші қыпшақ ақыны Мәулана Исхақ-
тың ғазалы:

Замана хублары дағуа қыларлар хұсни мұлкінде,
Кел, әй, Исхақ, міскіннің ұлыста инжи сұлтаны,

20 Сонда, 266 б.

21 Сонда, 268 б.

22 Сонда, 254 б.

23 Сараи С. Гөлестан. Лирика. Дастан.– Қазан Татар. Кит. Нәшр., 1999. – 246 б.

24 Сонда, 250 б.

– деп бітеді. Мәулана Ғыймад Мәуланың соңын: «Құл Ғыймади күймесін ме кем фирақында тұтар»,²⁵ – деп аяқтаса, Ахмед Хожа Әс-Сараи: «Бенде Ахмедні бек тапуғында хош аспар ирер», – дейді. Ал, Хорезми ғазалын: «Хорезминің ғар тәні топырақ болса һәм // Атын тірі тұтар жаһан ічра сөзләрі», – деп бітірген²⁶. Тоғлы қожа шайырдың С. Сараига жазған ғазалында: «Тілемес сенсізін Тоғлы йашы йузге йетер болса, // Сенің табғунда фақыр еткей ғұмырның қыскарағына», – деп өз есімін өлеңнің соңында келтірсе, Сәйф Сараидың қайтарған жауап-ғазалының ақыры:

Фирақыңа түсіп тұр бұ Сараи Сәйф бейшара,
Нешік оттан чығып түшсе қылыш бағлы қара қынға²⁷,
– деп тамам болады.

А. Әбдірасылқызы ғазал жанрын түркі әдебиетіне әкелген Қожа Ахмет Йасауи екенін айта келе, шайыр ғазалдарының соңында келетін «махлас», яғни оның есімі жиі қайталанатынын жазған²⁸. Шынында, түркі мұсылмандардың ең басты пірлерінің қатарында аталағын Ахмет Йасаудің көптеген хикметтерінің ақырғы шумақтарында оның есімі міндепті тұрғаде аталаип отырады.

Мысалы, 1- хикметте:

Құл Қожа Ахмет, надандықпен өмірің өтті,

2-хикметте:

Он жасында ұлан болдың, құл Қожа Ахмет.

3-хикметте:

Құл Қожа Ахмет, жасың жетті жиырма бірге.

25 Сонда, 253 б.

26 Сонда, 256 б.

27 Сонда, 261 б.

28 Әбдірасылқызы А. Қ. А. Иасаудің ақындық әлемі. – Алматы: «Кие» лингвоелтану орталығы, 2007. – 91 б.

4-хикметте:

Құл Қожа Ахмет, дүние қусаң ісің бітер²⁹, – деген тармақтар «махлас» формасына лайық жүзеге асқан.

Орта ғасырлар әдебиетінде қалыптастасқан мынадай поэзия канондары XIX ғасырдағы шайырлар шығармашылығында қаз-қалпында қайталануы назар аудараптық құбылыс. Жоғарыда келтірген мысалдарда түркі-қыпшақ шайырларының поэзиясы на тән бірнеше ортақ қасиеттері дараланды.

Біріншіден, Сәйф Сараи, Мәулана Қазый, Мәулана Исхақ, Тоғы Қожа, Фыймад Мәулана, Хорезми, Сүлеймен Бақырғани, Хұсам Кәтиб т.б. ақындардың ғазал, мәснауи жанрындағы туындыларының хатиме (ақырғы) бөлігінде олардың тахаллусы, яғни, лақабы немесе, аты-жөні жазылады. Екіншіден, осы соңғы бөлікте сюжетті шығармалардың қашан жазылғаны ескертіледі. Мұндай әдеби тәсілдерді бұлардан бұрынғы Қарахандар кезеңінің ақындары да қолданған. Мәселен, Жұсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» дастанының қашан жазылғаны шығарманың аяққы бөлігіндегі 6261 және 6385-бәйіттерде «хижра» жыл санауы бойынша берілген:

Биыл төрт жұз алпыс екі жыл еді,
Өлшеп, жазып бітіргенім бұл еді³⁰,

дейтін тармақтағы мәліметтен «Құтты біліктің» біздің дәуіріміздің 1069-1070 жылдары жазылғанын білеміз. XI ғасырда өмір сүрген Жұсіп Баласағұн:

Ей, Жұсіп, керек сөзді асырып шық,
Қор қылар керексізін жасырып тық,

– десе, XIV ғасырдағы қыпشاқ шайыры Мәулана Исхақ: «Кел, ей Исхақ, міскіннің ұлыста инжи сұлтаны», – деп сол өлең үлгісін,

29 Йасауи Қ. А. Диуани хикмет /Баспаға әзірлеп, қаз. ауд. М. Жармұхамедұлы және басқ. / – Алматы: Мұраттас, 1993. – 20-25 бб.

30 Баласағұн Й. Құтадғу білік: Құт әкелетін білім. /Баспаға әзірлеген Ә.Құрышжанұлы. / – Түркістан: Тұран, 2004. – 480 б.

ақындық өрнекті қайталаған. Мұшәйраға түскен қазақ ақындары айтыстың өткен уақыты мен жауап хат жазылған мерзімді де білдіріп отырған. Мысалы, «Қарасақал Ерімбет пен Қанұлы Жүсіптің айтысында»:

Нағашың Ермұхамед бин Көлдейбек,
Мейлің сен, кәдімгідей біздің ықылас.
Milaғa мың тоғыз жұз сексенінші,

Февральда жиырма төртінші еттім қалас³¹ – деген мәліметтер арқылы айтыстың болған уақытын, айы-күніне дейін анық білуге болады. Сондай-ақ, Ерімбет шайыр өз есімін ортағасырлық түркі-парсы дәстүрінде арабша жазып көрсетуі – шайырлық поэзияның стильдік дарапалғын дәлелдей туседі. Аттарын осы түрде ныснылау «Мен – Мәңсүр – мужмал кәлам», Тұрмамбетте: «Атымды айтпасам да анғарарсың, // Мұсаның мысалында шыққан Тұрға» ретінде ұшырайды. Алдыңғы мысалдағы «мужмал кәлам» араб тілінен аударғанда «қортынды, түйін» немесе «қысқа сөз» мәндерге ие. Ал, «Мұсаның Тұр тауына, яғни Синай тауына шығыу» Күран ақыздары бойынша Пайғамбардың Синай тауына шығып, Алла тағаламен тілдесуі туралы хикаятқа меңзейді. «Тұр» (а) – тау деген мағынаны білдіреді. Синай тауының синониміне айналған сол сөзben Тұрмамбет те өз есімін түспалдаған. Бұл мысалдар шығыс медресесінен тәлім алған сауатты шайырлардың шығармашылықтағы соны қырларын, жеке қолтаңбасын айғақтайтын жарқын құбылыс.

Ерімбеттің Омар Шораяқұлының айтысында жыл мерзімінің екі түрі – «хиджра» (мұсылман күнтізбесі) және «милади» (Еуропаның жаңа күнтізбесі) қатар берілген:

*Исаға мың тоғыз жұз жетінші жыл,
Мұрсалға бір мың үш жұз жиырма бес нақ³².*

31 Айтыс. Екінші том (Кұраст.: Ш. Ахметов, т.б.) – Алматы: Жазушы, 1965. – 181 б.

32 Сонда, 577 б.

Бұл арада шайыр Иса деп, Йусус – христандардың Құдайға теңеген Иса пайғамбaryн, ал Мұрсал (а) – Елші ретінде Алла-ның сүйікті Расулы – Мұхаммед Пайғамбар мен оның жақтастарының Меккеден Мәдина қаласына көшкен уақытын білдіреді. Осы уақыттан мұсылман құнтізбесінің тарихы да басталады. XX ғасыр басындағы орыс үкіметінің мекемелері белсенді жұмыс жүргізе бастағанда хатшылық, «песірлік» қызмет істеген Қанлы Жүсіптің Нақып қожаға жазған жауабында:

Кел, Жүсіп, көп ұзатпа, қысқарт сөзді,
Мың тоғыз жүз тоғызыныш шежірattan,

– деуі жаңа заман ахуалын аңғартқаңдай. Бұл арада «шежірат» /а/ – жылнама деген ұғымды білдіріп тұр.

Мұның өзі ақынның Хорезм – Сыр – Мәуренәһр аймағында ту баста қалыптасқан поэзия ережелерімен, ілкі ұстаздарының ең-бектерімен таныстырын аңғартса керек. Әйткені, бұл кездейсоқ алынған мысал емес, осы текстес өлең өрнектері Тұрмагамбет Ерімбет, Омар сынды Сыр сүлейлерінің шығармаларында жиі ұшырасуы – сол пікіріміздің дәлелі.

Төрткүл дүниені тамсандырған Шығыс поэзиясының үздік үлгілері, оның имандылық, адамшылық рухына суарылған гуманды ой-сарындары қазақтың құнарлы даласында тез өркен жайып, ұлтымыздың рухани азығына айналды. XIX ғасырда кең қанат жайған нәзирашыл әдебиет, мұшәйра мен жазба айтыс үлгілерінде Орта ғасырдағы парсы және түркі поэзиясының ықпалы зор. Қазақ ақындары жоғарыда айтылғандай инсани-адами құндылықтарды ел арасында насиҳаттауға ерекше ден қойды. Сыр бойы шайырларының шығармашылығында байырғы классикалық поэзия сарындары қайта жаңғырды. Әсіреле, «мұшәйра» жанры тың қарқынмен дамып, қазақ әдебиеті тарихында өз қолтаңбасын қалдырды.

«Мұшәйра» туралы сөз болғанда, алдымен түркі-парсы поэзиясының белгілі өкілдері Рудаки, Фирдауси, Низами, Хафиз, Сағди, Науай, Жәми, Атаи, Лутпи есімдері ойға оралады. Әйтсе де, деректерге қарағанда, Шығыс елдерінде мұшәйраның одан да

бұрын араб шайырларының шығармашылығынан тұрақты орын алғаны мәлім. Осыған орай шығыстанушы Ө. Күмісбаев былайша пікір сабактайды: «Мүшәйра деген атпен бұл жаңы Шығыс елдері әдебиетінде де кең тараған. Бұл дәстүр, әсіресе, үнді елінде әлі күнге дейін бар. Омекіттар тұсында (XII-XIII ғ.ғ.) өмір кешкен арабтың Джарир, Әл-Фараздах, әл-Ахтам дейтін уш шайыр пәнегиристері елу жылға жақын уақыт бойы бір-бірінен полемика-ға түсін өткен»³³.

Мүшәйра – Шығыс пен Ислам мәдениетінің, қазақтың төл поэзиялық туындысы саналатын дәстүрлі айттыстың қасиеттерін бойға сіңірген синкретті жанр. Мұнда ақындар көп жағдайда белгілі бір тақырып төңірегінде өз білгенін жазып, қарсыластарымен ой жарыстырады. Кейде шайырлардың арқасы қозып, ақындық шабытына түсіп, қызыған шақтарында тақырып аясынан шығып, дүние-әлемді шарлап, көсліте жырлайтындары боллады. Ондайда ақындар Құран сөздерін, пайғамбарлар өмірін, әлемнің жаратылышын, өмір құбылыстары мен поэзия талаптары: сұлулық, эстетика, таным және талғам, тарих пен этнография салаларынан сыр шертіп, білгенін асыруға ұмтылады. Шайырлардың сүйікті тақырыптары, көбінесе, Ислам философиясы мен сопылық поэзияның тағлымдық-дидактикалық ұлгілеріне негізделеді.

Бұл дәстүр сопылық поэзияда айрықша қөрініс тапты. Парсы классиктерін айтпағанда, Қожа Ахмет Йасауи, Сұлеймен Бақырғани өмір сүрген кезеңдерде Алла тағала мен Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбарды мадақтаумен қатар «мағшүқ» стиліндегі мінәжат өлеңдер жазу кең үрдіс алды. Қөптеген сопы ақындардың мұрасында «Алланы меңзеу», поэзияны символ, түспал (аллегория) әдістерімен безендіру өрістеді. Аллаға деген шексіз махаббатын асыру үшін шайырлар Жаратушының беймәлім бейнесін түрліше жұмбақтап, ғажайып сұлу бейнесінде образ жасауда үздіксіз мүшәйраға түсіп жатты. Мұндай үрдіс ілгеріде айтқандай, Мысырдағы түркі-қыпшақ ақындарының поэзиясында да берік орын телті. Алтын Ордадан Қайыр шаһарына қоныс аударған Сәйф Сараи өз заманының бірқатар дарынды шайырларымен

33 Күмісбаев Ө. Терең тамырлар.– Алматы: Ғылым, 1994. – 109 б.

сөз сайысына түсіп, Алланы ұлықтау мақсатында тамаша ғазалдар жазып қалдырыған. Қыпшақ шайыры бір мезгілде сегіз бірдей түркі-қыпшақ ақындарымен мүшәйіраға түсіп, өзінің шайырлық шеберлігін шындаған. Сарай қаласынан жер ауып келген әммигрант ақынға алғаш ғазал жазушы – Алтын Орда жерінің тағы бір өкілі Мәула Қазый Мұхсин болады. Оған жауап жазған Сайф Сараи ғазалының бас жағында «Ол уәзін үә ол қафиеде» яғни, «сол өлшем және сол үйқас бойынша» деген ескертү берілген. Мүшәйіра бір тақырыпқа – махабbatқа арналғандықтан нәзири түрінде өткен. Соңдықтан мұндағы ғазалдардың идеясы мен мазмұны ғана емес, поэзиялық өлшем, үйқас, ырғақтары да бірдей болып келеді. Мәула Қазыйдың жеті бәйіттен құралған ғазалына Сайф Сараи да сонша бәйітпен жауап жазған. Осыдан соң Мәулана Исхақтың ғазалы берілген. Сараи оған да әдептегінше сол уәзін, үйқасты сақтай отырып, өз ғазалын жазады. Осылайша сегіз ақынға лирикалық өлеңдермен лайықты жауап қайырады. Түркі-қыпшақ шайырларының ғазалдарында өмір, тіршілік, табиғат, адам мінезі, иман, қоғам туралы толғанады. Дегенмен, олардың ғазалдарында бейнеленген ғажайып сұлу образы көп жағдайда Алланың қол жетпес, көз жетпес биік тұлғасын түспалдайды десек, қателеспейміз. С. Сараи өмірдің өтпелі «фәни» дүние екендігін, кісінің соңында жақсы атын қалдыратын оның иігі істері деп білетіндігін жазған. Сол үшін шайыр замандастары білім-ғылым үйренуге шақырады.

Сәйф Сарайдың ғазалдары өзге сегіз ақыннан кем түспейді. Оның әдеби мұрасын жан-жақты зерттеген татар ғалымы X. Миннегулов аталған мүшәйіра жайында сөз қозғай келе, қыпшақ шайырының дарының жоғары бағалайды. Зерттеушінің: «Сайф Сараи сегиз авторга язған барлық нәзираларында дә *төп* текстлардагы шигъри улчамне һәм рифмаларны саклап кала. Әмма бұ hич тәтүұлы тәңгәллек түгел. Мәсәлән, Сәйф Сараи Мәуләна Исхак газалене язған шигъри жавабына нәзира обзектында болмадан әске рифмалар да керте.

Нәзира әсәрләрендә Сәйф Сараи *төп* текстлардагы айрым сүрәтләрне дә күллана. Әмма күпчелек очракта аларга башка

мәгънә төсмәре бирелә, үзгә эстетик вазыйфа йөкләнә»³⁴, – деген байқампаз пікірлері де соган айғақ.

Сәйф Сараидың іэзиralық түрғыда жазған ғазалдары Өзбекстаннан табылған «Йәдгарнаме» қолжазбасынан да кездесді. Онда ақын Ургеніш өлкесінде туған бірнеше Хорезм шайырларымен бірге Темір шапқыншылығы тұсындағы елдің басынан өткен ауыр да азапты құндердің оқиғасын лирикалық өлеңге – ғазал тармақтарына түсірген. Табиғатында оптимист – бір Алладан жәрдем күтетін қыпшақ ақынының «Замананың азабынан көнгіліме қан толды» деген сөздерінен Алтын Орда ханы Тоқтамыс пен Темірлан арасындағы шайқастардың зардабы, әлде сол дәүірдегі дүрбелен җылдардың жанына жара салғаны анытырақ сезіледі. Ақынның:

Үсеб туфрағым үзра найзалар бен үвден айрылдым,
Уатаннан бейнышан улдым өзге жүртқа әврелдім.
Нешүк меңа фәлак, жәуір айлады, қандай күнәһым бар?
Илаһи, әйла кәм жәуірін, бен елге садық ұл едім.
Аудармасы:

Топырағымның үстіне найзалар өсті, мен үйімнен айрылдым.
Отанымнан хабарсыз боп өзге елге қайырылдым:
Тағдыр маған көп зәбір берді – не жазығым бар? –
Тәңірім, кемітші жазаңды, мен елге турашыл ұл едім.³⁵

Сәйф Сараи Ақсақ Темір басқыншылығы кезіндегі Алтын Орда, Хорезм елдерінің ойран болып, жерге егін емес, найза өскендігін – дүниені түгел соғыс өрті шарпығанын бейнелі образдармен суреттейді. Мұндың зарлы ғазалдардың сарыны Еділ бойынан көшкен, Хорезмнен қоныс аударған көптеген шайырлардың өлеңдерінде көрініс тапқан. Осыған үқсас шумақтар Қарахан мемлекетінің іргесі сөгіле бастаған тұста ғұмыр кешкен со-

³⁴ Миннегулов Х. И. Бу «Гөлестан» даймән күңел ачар (Алғысөз) – Сараи Сәйф. Гөлестан. Лирика. Дастан. – Казан: Татар.кит.нәшр., 1999. – 27 б.

³⁵ Сараи С. Гөлестан. Лирика. Дастан. – Қазан Татар. Кит. Нәшр., 1999. – 274-275 66.

пышық поэзияның атасы – Ахмет Йасауи өлеңдерінен де көрініс тапқан. А. Жүйнеки, С. Бақырғани, Атаи сынды түркі ақындарының мұрасын қарастырғанда да осы текстес заман зары, адамдардың тағдырға налыған көңіл-күйлері жи ұшырысатының аңғарамыз. Өмір, қоғам, жаратылыс туралы ақындар сан ғасырлар бойы тебірене жырлап келеді. Бір айта кетерлігі, XIX ғасырда жасаған қазақ поэзиясын өн бойында көне түркі мұраларымен тақырып ұқсастығы, мотив үндестігі байқалады. Ілki қыпшак шайырларының дәстүрі бертінге дейін үзілмегендігін Сырда туған қазақ шайырларының шығармашылық мұрасынан аңғаруға болады.

Қазақ шайырларының Орта Азия ақындарымен рухани байланысы кейінгі ғасырларда да жалғасын тапқаны мәлім. Бұған Қарақалпақ шайыры Әжінияз бен Менеш қызы, Әжінияз бен Үрысты және қарақалпақ Құлымбет пен Әбубәкір Кердери арасындағы жазба айтыстар куә. Асылы, Сыр шайырларының топтасып мүшәйраға түсү – қазақ поэзиясында өзіндік із қалдырған ерекше құбылыс. Ондай жыр жарысының таңдаулы тақырыбы – өмір, тіршіліктің мәні туралы ақындық философия. Мүшәйраның бұл түріне «Алты ақынның өмір туралы айтысын» жатқызуға болады. Кейін Сыр өнірі жыршы-жырауларының репертуарынан тұрақты орын алған осы мүшәйра Тұрмағамбеттің Шораяқтың Омарына жазған «нәпсі» туралы ғазалынан басталады.

1. Тұрмағамбет:

Келтірмес өлімді ойға нәпсіге ерсен,
Нәпсіге ер емессің ерік берсөң.
Тастайды ара шөлге адастырып,
Алдыңа «әүес» атты қойып көрсөң.
Қанағат сол уақытта етпес көңлің,
Бар мұлкін бұл жаһаннның жинап-терсөң...
Жеріңе көңліңе алған жеткізе алмас,
Нарқы арзан нәпсі-жабы, нағыз тершөң³⁶.

36 Айтыс. Екінші том (Құраст. Ш. Ахметов, т.б.). – Алматы: Жазушы, 1965. – 291 б.

2. Омар:

Қайғысын бұл жаһанның қабат ойлап,
Қайтеді ақылынды екі бөлсөң?
Еңбектің іске аспағы екі талай,
Табандап тас көшеде аттай желсөң.
Ей, інім, ақылың әғла* аңдауымда
Тұрықсыз туысыңа тұрган десең...

– дей келе әріптес інісіне екі дүниенің қамын бірдей ойлау керектігін ескертеді. Ол да алдыңғы шайырдың үйқысын бұзбастан және айтар идеясының мәнін жоғалтпай әрі қарай жалғайды. Омардың осы ғазалындағы:

Әр түрлі хикая мен дастан жазып,
Болмай ма қатарынды жалпы жеңсөң.
Ахмет Байтұрсынов, Мадиярша
Жорналға сөз беруге енді белсен,³⁷

– деген өлең жолдарының сол дәуір үшін мәні өте зор болған-дыхы даусыз. Алаш қайраткерлерінің жұрт үшін жұмылған жаңашыр істерін Сыр шайырлары үнемі дәріптеп отырады. Омар шайырдың:

Ерлерше ел-жұртыңа еңбек сатпай,
Жетерсің жеңсігіңе тұра ізденсөң.
Көсемдер көпшіліктің салын сүйреп,
Мақсатқа жеткен талай малғұн білсөң.
Мысалға білімді ердің бірін алып,
Тарихын тәрбиелі оқып, көрсөң,

– деген сөзіне де еріксіз назар аударасыз. Бұл да ояну дәуірін-дегі (1905 – 1917 ж.ж.) қазақ әлеуметі үшін қажетті үгіт, ғибраттың қатарындағы есті сөз. Шайырдың «Қара Шекпен» дастанының кіріспесінде ұшырайтын:

37 Сонда, 292 б.

* әғла – биік, үздік

... Бұл күнде мәдениет жолын біліп,
Қазақтың дана болды ұлы-қызы.
Бастағы «бағалының» базары айнып,
Бақсының секілденді құр қобызы.
Міржақып, Байтұрсынов бақ аумаған,
Жаһанға жария болды білім тұзы³⁸,
– дейтін жолдар, не болмаса:

Сіздердің көніліңізге кір жағыпты,
Бұзықтың бұрын тиіп баһанасы.
Орын бер сөздеріме өтінемін,
Ташкентте – «Ақжол» газет мәкамасы³⁹,

– деген шумақта Шораяқтың Омарының Алаш Орда көсемдеріне, олардың ұлт жолындағы қызметіне тілеулестігі кәміл сезіледі. Осындағай пайдалы кеңес, халықты білімге, өркениетке, ұлтты бірлік пен татулыққа, елдікке шақырған лебіздер Сыр ақындарының жазба айтысы – мұшәйрада терең әңгіме болған, шайырлар ақындық дарынын сынап, сөз жарысына түсүмен бірге қалың жүртішілік алдындағы перзенттік парыздарын еш ұмытпаған. Бұл дағы сонау бір шақтағы білімді, сауатты және иманға үйіған талант иелерінің бойына шақ, құптарлық дәстүр.

3. Кете Жүсіптің Тұрмағамбет пен Омарға жазғаны:

Кең ойлы кеменгердің өздерісің,
Жаразстық жақсы жолды иеленсөн...
Бедеудің иман атты беріп жемін,
Жалғанда жаразтық сол – жалын өрсөң.

Секілді тағат – атан, сауап – анаң,
Аштық жоқ қанағатпен сүтін емсөң...

38 Шораяқтың Омары. Сойле, тілім, жосылып. Өлеңдер, дастандар, айтыстар. – Алматы: Рауан, 1995. – 89 б.

39 Соңда, 60 б.

«Ат кейін қалдырам» деп арамдық қып,
Тұрса ұят ақыретте түсіп еңсөң...⁴⁰.

Сыр сүлейлерінің бірі Кете Жүсіп Ешниязұлының да айтқан, жазған сөзінде өмір, адамдық, намыс, абырой мен нәпсі жайында исламдық ой қуатына суарылған, қазақ түсінігіне қайши келмейтін әдемі, әсерлі пікір, бейнелі сөздер жетерлік. Мұндағы тағат, сауап, қанағат, ақиред, иман сөздерінің өзі-ақ көзі ашық жанға көп нәрсені ұқтырып тұрғандай. Мұшәйраға ең көп қатысқан ақынның айтар ақылы – «Жалғаншы өмірдегі аз қызық-қа әуеленіп, жас күнінді босқа өткізбе» демекші. Асты сызылған сөздердің метафоралық теңеулері де шайыр сөздеріне поэтикалық күш-куат дарытып тұр.

4. Кете Шахар ақын алдыңғы үш ақынға:

Есебін өткізерсің бір күн қолдан,
Орынсыз опасызыда ойнап-кулсан.
Басында, пенде болсан, тотия жоқ,
Сұлтан боп Сүлеймендей бұлтқа мінсан.
Жалғанда ат шығару қыын емес,
Біраз жыл Қарабайша томар үйсен...⁴¹

– дейді. Шахар шайырлық дәстүрімен көне Шығыс кейіпкерлерін мысалға келтіре отырып, мейлі Сүлеймендей табиғаттың тілін білсөң де, мейлі, Қарабайша надандықпен мал жинасан да, егер таза момындық, мұсылмандық жолын тұтпасаң, бекер уақыт өткізгенің деген ой-тұжырымын тұспалдай жеткізеді. Ежелгі «Таурат» жазбаларынан мәлім Дәүіт пайғамбардың отыз ұлдың орнына Құдайдан тілеп алған жалғызы – Сүлеймен де, діни хикаяларда айтылатын Һарун, Қарынбай образдары арқылы ақын айттарын астарлап жеткізіп үлгереді. Өйткені, Шығыс даналығы көп сөйлегенен гөрі, түйінді ойға, қанатты, образды шешендік орамдарға тез түсініп, тоқтағанды жөн көреді. Ең басты-

40 Айттыс. Екінші том (Құраст. Ш. Ахметов т.б.). – Алматы: Жазушы, 1965. – 292 б.

41 Сонда, 292 б.

сы, мүшәйра тақырыбынан ауытқымаған ақын, ілгергі шайырлардың үйқас, ыргақ ізін де сақтай алғанын аңғарамыз.

5. Керейт Шәді алдыңғы төрт әріптесіне мынадай ғибрат хатын жолдасты:

Данаң бар, дарияң бар, ақылың бар,
Кетеңің сөз жазыпсың дүрлері өңшең.
Бір кетсе, екі келмес, енді айналып,
Қараша үй, қазақшылық – тіккен кеңсөң...
Асылы әділ жолдан қия баспай,
Миуасын тіршіліктің тынбай терсөң...
Саяупты іс – сарқылмайтын Оман дария,
Қайғырып халқың үшін жортып, желсөң⁴².

Шәді ақының 22 бәйіттен құралған ғазалының әрбіреуі терең мағыналы да тәрбиелі насиҳат сөздерге толы. Шайыр өлеңдерінің Шығыс әлемінің әдебі, имандылық пен кісілік, халал мен харам, білім мен ілім, жақсылық пен жамандық, көсемдік пен кесірлік хақындағы көне әрі ескірмейтін мотивтерге негізделгенін көреміз. Шәді: «Ежелгі ер дұшпаны – нәпсі мұндар, // Жерің сол – озған мықтап, соны жеңсөң... Насиҳат кейінгіге сен де айтарсың, // Ұялып үлкендерден көп именсөң... Шайтаннның сүйген асы арақты ішпей, // Қар бойы қазып терен жерге көмсөң. // деген жолдарда ілгері шайырлардың ізін баса отырып, өзінше ой сүрлеуіне түседі. Оның үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсету, арақты «шайтанның асы» ретінде жерге көму, адал еңбек ету, ілім үйрену түріндегі үгіт сөздері бүгінгі қазақ жастарына да қажет тәлім-тәрбие көзі.

Алты ақынның өмір туралы мүшәйрасына түскен соңғы шайыр – **Молдағали Құлмырзаевтың агаларына арнап жазғаны мынау:**

Меніңше, бәрінен де бұл айтқанның
«Ақ жұзді болса, – деймін, – жақсы жеңшем!»

42 Сонда, 293 б.

Қасында домбыра шертіп сен отырсың,
Алдында ак женгейдің болып үншең.
Міндет қып өрелігін өлеңінің,
Алтын мен күміс тауын беден кешсең.
Жақсы ғой сыйдагының бәрін істеп,
Мың жасап Ұлықпаңдай дәурен сүрсөң⁴³.

Молдағали шайырдың жастық мінезі, алып-ұшпа бозба-
ла көңілі, інінің аға алдындағы еркелігіндей. Дегенмен, оның
«өрелі өлең» туралы ойлары салмақты. Ақын ойға алған мақса-
тынды түгел орындасан, «Лұқпандағы мың жыл өмір сургенің» де-
генді менгейді. Шығыс даналығының мәйегі Лұқпан хакімге соқ-
пай өтпейтінін еске түсірсек, жас шайырдың аз сөзге көп мағы-
на сиғызып тұрғанын бағамдаймыз. «Алты ақынның өмір тура-
лы айтысы» Шығыс классиктері үлгісіндегі мүшәйраның Сыр то-
пырағында өз жалғасын тапқанын толық дәлелдейді. Мұның сы-
рын тек XIX – XX ғасыр көлеміндегі кітаби, қиссашил ағымның
әсерінен деп танысадақ, қатты қателесеміз. Себебі, Сыр бойында-
ты шайырлық өнердің соқпағы Орта Азияның топырағындағы қа-
зак рулары Бұхара, Самархан төңірегі төменгі Хорезм ойпаты-
на дейін жетіп, мал қыстатып отырды. Тіпті, сол өнірде мұлде
турақтап қалған қазактар қаншама! Майлышқожа, Шәді, Мәш-
хүр Жұсіптерді былай қойғанда, Сырдағы қалың елдің арасынан
шыққан Қарасақал Ерімбет, Шораяқтың Омары, Тұрмағамбет,
Қанлы Жұсіп, Ысқақ, Даңмұрын, Таубайдың Жұсібі, Ораз молда,
Сейітжан, Шегебей сынды сандаған шайырлар Орта Азия мед-
реселерінде оқып, ескіше сауатын ашты. Ал ондай оқу орында-
рында Ислам ғылымдарымен бірге жаратылыстану, тарих, аст-
рономия, медицина негіздері және Шығыс классиктерінің шы-
ғармалары оқытылатын. Мәселен, Тұрмағамбет Бұхарада тек
Фирдоуси, Хафиз, Сағди, Жәми жырларын оқумен шектелмей,
Көне Үргеніш, Бесқала өлкесінің арғы-бергі ақын-шайырлары-

43 Сонда, 294 б.

мен де таныс болған. Ол Әбу Райхан Бируни өлеңдерін қолжазбадан оқып, білсе, Бердақ, Әжінияз, Мақтымұли жырларын ел аралап, арнайылап барып жазып алып журді. Осындай деректі мәліметтер зерттеуші Б. Ысқақовтың мақаласында жан-жақты баяндалады. Оның жазуынша, Тұрмағамбет Бұхара медресесінде оқып жүрген уақыттарында жаз айларында демалысқа шыққан сайын Қарақалпақ ауылдарында болады, Төрткүл, Шымбай, Шорахан сияқты қалаларды аралайды. Ол осы жерлерде жүріп қарақалпақ, қазақ балаларын оқытып, ұстаздық қызмет атқарған. Ақынның сол жақта жүріп жазған кейбір өлеңдері, еткір өлең-тақпактары Әмудария мен Сырдария бойындағы елдер арасына кең тарап кеткен.

Тұрмағамбет қазақ ауылына Орта Азия халықтарының класикалық әдебиетімен бірге қарақалпақ шайырларының өлең-жырларын да ала келеді. Әсіреле, қарақалпақ әдебиетінің классигі Бердақтың шығармаларын көп біліп, оны өзі өскен Сыр бойына таратады. «Бердақ пен Тұрмағамбет шығармаларынан көптеген ұқастықты көрүте болады. Бұл форма жағынан еліктеген жай мәндегі ұқастықтар ғана емес. Тұрмағамбет шығармалары идеялық мазмұн жағынан да Бердақ жырларымен үндес келеді»⁴⁴. Тұрмағамбеттің өзі де алғаш баспа бетін көрген өлеңдерінің бірі «Шөлмек» толғауында:

Жазған сөзім қыдырыды
Орал менен Торғайды,
Хорезм жүртү хабарлы,
Шорахан, Төрткүл, Шымбайды.
Киіз үйлі қазақтың
Есіткен жері сөзімді
Аяқ асты қылмайды⁴⁵,

44 Ысқақов Б. Бердақ пен Тұрмағамбет// Социалистік Қазақстан, 1962, 31 қазан.

45 Ізділеуұлы Тұрмағамбет шығармалары. 1-том (Күраст. М. Байділдаев, А. Алматов).—Алматы: Жазушы, 2007. 116-117 бб.

– деп ақындық даңқының талай жерге таралғанын аңғартады. Бір ғана Тұрмабет емес, Мәшһүр Жұсіп пен Шәді Жәнгірұлы, Қарасақал Ерімбет пен Шораяқтың Омары және басқа да қазақ ақындары Орта Азия мен Шығыс классикалық поэзиясын, олардың дүние жүзіне мәлім сиқырлы сюжеттерін, хикметке толы қызықты хикаялары мен дана сөздерін жақсы білгендері даусыз.

Мүшәйраның бір түрі дәстүрлі нәзира үлгісінде өткізілетіндігін жоғарыда айтқанбыз. «Алты ақынның өмірі туралы айтысы» да осы тәсілмен тугандығы көрініп түр. Мұның басты белгісінің бірі – алты ақынның бір тақырыпты таңдал, сол идея төңірегінде сөз жарысына, ой бәсекесіне түсулері болса, екінші – шайырлардың бәрі де өмір туралы өлеңдерін бір өлшемге, бір ұйқасқа құрулары. Нәзира үлгісінде өткізілетін мүшәйраның да өзіндік түр, ерекшелігі болады. Бұл жағынан келгенде ескі қыпшақ поэзиясы мен Сыр шайырлары арасындағы дәстүр жалғастығы, ортақ поэтика заңдылықтары айқын аңғарылады. Оның жарқын мысалын Сәйф Сараидың сегіз ақынмен, Тұрмабеттің алты ақынмен мүшәйраға түскендері ғазал-толғауларының мазмұнынан, мәндес пікір, ордалы ойларының орайластығынан байқаймыз. Жалпы алғанда, қазақ поэзиясындағы көне түркі әдебиетінің дәстүрі, ескіден сақталып келген оғызы-қыпшақ, шағатай тілдеріндегі жазба мұраларының иғі ықпалы туралы алдағы уақытта да зерттеулер жүргізу қажеттігі – бүгінгі уақыт талабы.

Шайырлық поэзияның стильдік сипаты

Қазақ әдебиеті тарихының XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басында бірнеше әдеби ағымдар қатар өмір сургені белгілі. Белгілі әдебиет зерттеушісі Б. Кенжебаев бұл кезең әдебиетінің қоғамдағы өзгерістерге байланысты түрлі қайшылықтарға толы екендігін жаза келе былай деген болатын: «Сонымен, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті – ұлы дәуірдің: ілгерілеулер, күрес, көтерлістер, сұрапыл соғыстар, қиян-кескі төңкерістер дәуірінің әдебиеті. Күрделі кеп қырлы әдебиет. Оны, қазақ ақын-жазушыларын саяси, әдеби бағыттарына қарай мынадай топтарға бөлген жөн: 1) ағартушы ақын-жазушылар, 2) ағарту-

шы демократ ақын-жазушылар, 3) демократтық-төңкерісшіл халық жырлары⁴⁶.

Шайырлық поэзия осылардың алғашқы тобына жататындығы анық. Зерттеуші бұл ағым өкілдері қатарында Ақмолла Мұхамедияров (1839-1895), Әбубекір Шоқанұлы – Кердегі (1858-1912), Мақыш Қалтаев (1865-1916), Нұржан Наушабаев (1859-1919), Мәшіүр Жұсіп Көппев (1857-1931), Шәді Жәнгіров (1865-1931), Жаяу Мұса Байжанов (1835-1929), Мұсабек Байзаков (1849-1932) тағы басқаларды атайды [88,30]. Фалым бұл ақындардың тек мұсылманша, қадімше оқығанын, Бұхара, Ташкент, Қазан, Тройцк, Орынбор, Уфа, қалаларындағы діни мектеп-медреселерді бітіріп, мұсылманша орта және жоғары дәрежелі білім алғандығын жазады. Тіпті, кейбіреулері көп оқып, ғұлама болғандығын, Меккеге барып, қажы атағын алғандығын да жасырмайды. Сондай-ақ, олардың көшілігі ауылдық, болыстық, уездік жерлердегі мектептер мен медреселерде молда мұғалім болып, халықтың сауатын ашу мақсатында ағартушылық қызметін атқарғанын айтады. «Ағартушы ақын-жазушылардың көрген-білген, оқыған, рухани нәр, азық, өнер, үлгі алған мәдениеті, әдеби мектебі Шығыс халықтарының ертедегі әдебиеті мен мәдениеті және араб, парсы тілдері болды. Бұлар – шығыстық тәлімтәрбиелі, өнер-дәстүрлі ақындар... Ағартушы ақын-жазушылардың шығармалары, бір жағынан, көне Шығыс әдебиеті дәстүрінде, екінші жағынан қазақтың бұрынғы әдебиеті дәстүрінде қисса, дастан, мысал, назым, өлең, жыр болып келеді. Оларда ескі, діни кітаби сөздер көп кездеседі. Әсіреле, нәзирилдық шығармаларда шағатай тілі деп аталған ежелгі түрік әдеби тілінің әсері мол» деп жазады⁴⁷.

ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің бағыт-бағдарын әдеби-тарихи процестердің контексінде қарастырған зерттеуші Д. Қамзабекұлы жоғарыда аталған ақындардың бірқатарын ислам құндылықтарымен байланыста зерделей келе, Шәді, Әбубекір, Мәшіүр Жұсіп, Мақыш т.б. ақындардың заманауи қоз-

46 Кенжебаев Б. ХХ ғ. басындағы әдебиет. – Алматы: Білім, 1993. – 29 б.

47 Сонда, 31 б.

ғалыстарға қосқан шығармашылық үнін даралап көрсетеді. Ғалымның тұжырымы: «Сонымен мұсылман ағартушылығы – Шығыстағы негізгі діндердің бірі – исламның құндылықтарын жаңа дәуірге сәйкес жүйелі дамытуға бағытталған ағым»⁴⁸. Д. Қамзабекұлы мұсылмандардың білім мен ғылым және руханияттағы үлгісін араб, түрік, және татар оқымыстыларының еңбектерінен табады да, қазақ шайырларының Бұхара – Самарханд қалаларынан тәлім алған, өзіндік көзқарастарымен оқшауланған бір тобын қағыс қалдырады. Қарасақал Ерімбет, Тұрмағамбет, Омар Шораяқұлы, Кете Жұсіп, Даңмұрын Кенжебекұлы, Жұсіп Таубайұлы, Шегебай Бектасұлы, т.б. Сыр шайырлары осы Бұхара мектебінің өкілдері еді. Жоғарыда зерттеуші сөз еткен Шәді, Мәшін Жұсіп, сондай-ақ Ақан сері секілді таланттардың да Орта Азия мұсылмандық ғылымина сусындағаны анықтыв.

Жалпы, қазақ әдебиетіндегі оянуышылық дәуірінің барлық сауатты ақын-жазушылары бір бағытта, негізінен ағартушылық бағыттағы шығармашылықпен шүғылданып, «қайткенде де үлтқа қызымет ету» мүддесін көздегені шындық. Өнер мен ғылымнан кенжелеп қалған, көшпелі өмір салтын ұстанған жұртыймыз үшін бұдан өзге жол жабық болды. Сондықтан «Шығысы батыс бол» кеткен ұлы Абай мен Ыбырайдан бастау алған ағартушылық идеясын іс жүзінде кәдеге асыруға жан аямай кіріскен қазақ қаламгерлерінің рухани саладағы басты бағдары Шығыс болып қала берді де, Ә. Бекейханов бастаған ұлт көсемдерінің тұра жолына – «усул-и жәдид» жолына түскендер тығырықтан шығар төте жол іздеді. Бұл Батыс пен Шығыстың ортасына сыналай көпір салып, өркениет көшін іздеген А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, С. Көбеев, М. Сералин, Ж. Басығарин, С. Дөнентаев, С. Торайғыров, т.б. ақындардың жолы.

Дегенмен, жоғарыда жазғанымыздай, осы екі бағыттағы ақын-шайырлардың шығармашылық сипатында айтарлықтай шекара да жоқ болатын. Мысал үшін, Ахмет, Міржақып, Сәбит, Мұхамеджандар да әдеби әдіс ретінде нәзиришылдықты онтайтылды тәсіл деп білген және көп жағдайда орыс, еуропа әдебиетінің

48 Қамзабекұлы Д. Әдеби-тарихи процесс: Ағымдар, концепциялар (Ағартушылық кезең) Фил. ғыл. докт. ғыл. дәр. авторефераты. – Алматы, 2002, 17 б.

мысал, ертегі, поэма, әңгіме, повестерін тәржімалап, не болмаса қайта өндеп, жаңғыртып, ұлттық болмыс- түсінігімізге бейімдеп жазған. Ал Ақан сері, Ақылбай, Әріп, Әсет, Шәкәрім секілді талант иелері Батыс пен қатар Шығыс сюжеттерін, оның кейбір стильдік қасиет-сипаттарын өз шығармашылықтарына үлгі еткен. Сонымен бірге аталған үш топтың өкілдері де қазақтың дәстүрлі ислами-имани құндылықтарын да әрдайым естен шығармаған. Себебі, халықтың діннен шығуы, тек «кәпір» болумен бітпейтінін, ақыр түбінде түркілік тегінен, қазақтық дәстүр, салт қасиеттерінен, тіпті тілінен де ажырайтынын түсінді. Жәдитшілдік бастаудыңдағы Әл-Аугани, Мұхаммед Абду, Әл-Маржанни, Әл-Курсави, Исмаил Гаспринскийдің өздері де исламның аса көрнекті қайраткерлері санатынан. Ресей мұсылмандары мен түркі халықтарына «тілде, ойда, істе – бірлік» ұранын тастаған Исмайыл бейдің маңызды еңбектерінің бірі «Орыс мұсылман-дығы» (1881) екені мәлім. Абайдың, Ыбырай, Шәкәрім, Ғұмар мен Мәшіүр Жүсіптің де діни тақырыптағы шығармалары тек-тен тек жазылмаса керек. Десек те, қаламгердің әдеби қолтаңба-сын, талант дәрежесін, шығармашылық табиғатын, даралық қа-сиеттерін оның идеялық бағытынан емес, қаламгерлік стилінен, туындының жанрлық түрі мен сюжеттерінен, өлеңдерінің дәс-түрлі және жаңашыл сарындарынан тілі мен көркемдік қурал-дарынан іздеу – әдебиеттанудың негізгі міндегі, басты мақсаты екендігін ұмытпаған абзал.

Қазақ шайырларының әдеби мұрасын Орта ғасырдан бері қарайғы түркі-шағатай ақындық дәстүрі аясында зерттеген Н. Келімбетовтың мына бір тұжырымдары осы тақырыптың ір-гелі мәселелерін көре білуімен бағалы: «Сонымен, – дейді ға-лым, пікір жинақтай келе, – XIX ғасырдың екінші жартысында әдебиет майданына келіп, прогрессивті, ағартушылық бағыт ұс-таған қазақ ақындарының бір тобы дәстүрлі тақырыптарға шығарма жазудың нәзирагөйлік тәсілі қазақтың бір топ ақындары тарапынан кезінде едәуір қолдау тапты. Осы бағыттағы қазақ ақындары шығыстың классикалық әдебиетіндегі дәстүрлі тақы-рыптарды, сюжеттерді, образдарды бетке ұстай отырып, мазмұ-ны мен формасы жағынан, идеясы мен сюжеті түрғысынан мул-

дем жаңа шығармалар жазды». Шындығында да, зерттеуші айтқандай, қазақ ақындары Шығыс зергерлерінің қолынан шыққан сан түрлі бейнелеу, көріктеу, құралдарын, образ жасау әдістерін, теңеулерді, өлең жүйесін, тағы басқаларды зор шеберлікпен пайдаланғаны мәлім. Олар шығыс классиктері жасаған ғажайып образдарды қазақ топырағына лайықтап, өз окушысына жақын етіп қайта тудырды⁴⁹.

Қазақ әдебиетіндегі діни мазмұны бар шығармалардың идеясы мен сарындарын саралаған А. Жақсылықовтың зерттеулерінде бірқатар шайырлардың ислами бағыттағы шығармалары на назар аударылған. Зерттеуші, әсіресе, зар заман ақындарының әдеби мұралары мен қисса-дастандардың XX ғасыр басындағы қазақ прозасына оң ықпалын тигізгені туралы ғалым былайша ой өрбітеді: «Книжная литература Восточных кисса и дастанов, достаточно широко представленная в национальном искусстве слова в XIX веке, оказывала существенное влияние на развитие общественного сознания в Казахстане. Многие казахи, получившие восточное образование, хорошо знали литературу кисса и дастанов. Эта духовная атмосфера наглядно воспроизведена в первом казахском романе М. Дулатова «Бакытсыз Жамал» (1911). В Современном литературоведении эта проблематика является весьма актуальной и привлекает внимание все большего количества ученых»⁵⁰.

Осыған қарағанда, қазақ әдебиеті тарихында үлкен із қалдарған шайырлық поэзияның стильдік ерекшеліктері мен ондағы образ, мотивтер жүйесін зерттеу әрі ауқымды, әрі өте маңызды мәселе екендігі аңғарылады. Әрине, қазақтың қисса әдебиеті мен оның өкілдері қалдырыған жүздеген хикая-дастандардың сюжеті мен стильдік сипаттың саралау біздің шағын зерттеуімізде мүмкін болmas та еді. Бұл орайда, Ә. Құмісбаев, Н. Келімбетов, А. Қыраубаева, Б. Әзібаева, А. Жақсылықов т.с.с. қазақ ғалымда-

49 Келімбетов Н. Қоркемдік дәстүр жалғастығы. Зерттеу. – Астана: Елорда, 2000. – 255 6.

50 Жақсылықов А. Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях каз. лит-ры. Автореферат дисс. на соиск. док. фил. наук. – Алматы: 1999. – с. 31.

рының және кейінгі жас зерттеушілердің еңбектерін қанағат тұтуға тұра келеді.

Орта ғасырлардағы түркі классикалық поэзиясынан тәлім алған кейінгі қазақтың қисса әдебиеті мен шайырлар шығармашылығында бір-бірімен ұқсас, ортақ сипаттараты көп. Түптеп келгенде бұл қасиеттердің басым бөлігі әдебиеттегі нәзирашылдық әдісінің желісі екеніне көз жеткіземіз. Өйткені, нәзириларық дәстүр бірер шығарманы қамтитын сәттік құбылыс емес, талай ғасырдағы әдеби үдерістердің қойнауында іштей дамып, көркемдік образдар әлемі тұтастанған, сюжеттік мотивтері бірінен-бірі туындал жататын уақыт жағынан шектелмейтін тарихи құбылыс. Низами мен Құтыб, Жәми мен Науай, Сағди мен Сараидың шығармашылығында тек сюжеттік қана емес, идеялық, жанрлық және стильдік ұқсастықтар кездесіп отырады. Сондай-ақ, көп өзгеріске ұшырамайтын Исламға тән канондық қолданыстар, діни ережелер, Аллаға деген бірегей мінәжат мінәжат, Пайғамбарларға салауат, мактау, әулиелерге құрмет, өлең өлшемдері (ғаруз) мен олардың ішкі түрлерінің тұрақты қалыптасуы – олардың шығармашылығындағы басты ортақ қасиеттер мен стильдік белгілері. Бұл тұрғыдан алғанда, жекелеген қаламгерді ғана емес, тұтас кезеңнің әдебиетін қамтитын шайырлық поэзияны белгілі бір тақырыптың аясында қарастыру аздық етеді.

Қазақ әдебиетіндегі сөз өнерінің сыры мен сипатын теориялық тұрғыдан талдай зерттеген академик З. Қабдолов қаламгер шығармашылығындағы стиль мен әдеби ағымның тұтас бір жазушылар тобына тән ортақ ұғым, сипат бола алатынын көрнекі мысалдармен дәлелдейді. Фалымның пікірінше: «Бір жазушының бірнеше шығармасы ғана емес, бір топ жазушының бір алуан шығармасында өзара ұқсас сипаттар, сыйбайлас сырлар жатады. Мұндай сыр мен сипаты әр жазушы өз шығармасына әшейін қолдан жасап, жapsыра салмайды. Мұндай өзара ұқсас сыр мен сипаты бір топ жазушының бір алуан шығармасына мезгілдін, олар өмір сүрген дәуірдің өзі дарытады»⁵¹.

Әдебиет теориясының білімпазы жазғандай, стиль ортақтығымен бірге әр қаламгердің стильдік даралығы да көрінбей қал-

51 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 1976. – 354 б.

майды. Орта ғасыр классиктеріндегі баршаның көнілінен шықпаса да қазақ шайырларының да әрқайсысының өзіндік шығармашылық құпиясы барына күмәніміз жоқ.

Е. Э. Бертельстің парсы классикалық кезеңінің соңғы өкілі туралы жазған мына пікірі нәзирашылдық құбылысының жарқын беттеріне күе болумен бірге қазақ әдебиетінде Шығыс ұлгісіндеңегі ақындарды бағалауда бағдар болса иті: «Все его творчество – лишь подражание, своих тем у него нет, но выполнение таково, что заставляет забыть всю его неоригинальность. Яркость и свежесть, техника, не впадающая в искусственность, хотя и стоящая близко от нее – вот наиболее характерные черты Джами. Начитанность и продуктивность его изумительны»⁵².

Біз сөз етіп отырған қазақ шайырларының шығармаларында нәзира әдісінә сай және жалпы түркі дәстүріне, әсіресе, Ислам мәдениетін менгерген қалам иелеріне тән бірқатар стильдік белгілер үшірайды. Бұған қоса, олардың туындыларында көптеген ұқсас бейнелеулер, ортақ тақырыптық, сюжеттік мотив-сарындар кездеседі. Солардың бірі – шайырлық поэзиядағы көзге оқшау тусетін «әбжад» және «әліпби» мотивтері.

Медресседе оқу алдымен араб әліпбіндегі 29 әріпті жаттаумен басталатыны мәлім. Осы араб әліпбінің әрбір харпінің сандық мәні бар. Кейбір ескіше оқытатын медреселерде әріптерді тез үйрену үшін оларға әуелі атау беріл, арнайы мақаммен дауыстап жаттаған. Ал араб әліпбінің алғашқы әрпі – «әліптің» сандық мәні – 1. Қалған әріптер мыңға дейінгі сандармен мағыналық үйлестік тапқан. Откен ғасырдағы мұсылмандық Шығыстың көптеген ақындары өздерінің туған жылдары мен шығармаларының жазылған уақытын көрісінше, араб әріптері арқылы белгілейтін болған. Мұның өзі өлеңнің не дастанның аяқталар тұсында болатын да жыл мерзімдерінің қай тармақта, қай сөздерде жасырылғанын анықтау қыынға соғар еді. Тіпті, әріптер арқылы математикалық тендеулерді шешу әдісі Шығыста ерте кезден тараған тәсіл. Бұрынғы замандағы зират, бейіт басындағы құлпыстараптарға да кісінің туған, қайтыс болған жылдарын «әб-

52 Бертельс Е. Э. Персидская литература. – Москва: Изд. восточной литературы, 1960. – с. 354.

жад» әріптерімен таңбалау дәстүрі жиі ұшырасатын. Осы «әбжад қисабы» деп аталатын әдіс арқылы шайырлар да өз әсімдерін құпиялап жазған. Эрине, бұл әдісті ақындардың бәрі бірдей мен-гере алған жоқ. Сөйтсе де, медреседе, «Әліпби», «Әбжад», «Һәфтиек» және намаздың шарттары ғана үш қыс бойы оқытылғанын ескерсек, араб әліпбийінің тылсым сырлары – оның математика, астрономия, музика, поэзия уәзіндегі ілімдеріне қатысты құпиялары жетерлік екенін аңғару қыын емес. Халықтық эпостардағы:

Сөздің сәнін келтірген
Жиырма тоғыз харіп-ті,
...Әрнені ойлап тарықты,

– деп келетін тұрақты формуларапардың сақталуы «Әліпби», «Әбжад» ұғымдарының Ислам ағартушыларының бірнеше ғасырлық ықпалы нәтижесінде үлттық сана төрінен орын алғандағыны көрсетеді.

«Әбжад» әдісін қолданушылар шайырлардың жазба айтысЫнан да орын алған. Мысалы, Сыр өңіріне кең тараған атақты «Шәкей сал мен алты ақынның» жұмбақ айтысЫнда осы жазба мүшәйраға қатысқан кете Жұсіп Ешниязұлы өзінің аты жөнін:

Басы – он, ортасы – алпыс, соңы – сексен,
Бұл нұсқау хабар берер біздің аттан.
«Е» мен «шын», «нун» менен «иа», «әліп» пен «зе»
Аңдатар әкем есімін ақиқаттан⁵³,

– деп, өзінің шын есімі арабша Иусуф екендігін аңғартқан. Өйткені «әбжадтық» мәні бойынша, и – онға; с (син) – алпысқа; фи – сексен санымен сәйкес келеді. Себебі, араб тілінің зандалығы бойынша оларда қысқа дауыстыларды жазуда белгілеулері сирек. Яғни, араб емлесінде орай, тек дауыссыз дыбыстарды ғана белгілеу дұрыс шешім ретінде қабылданған. Сөйтіп, Кете Жұсіп өзінің атын арабтың «иа», «син», «фи» әріптері арқылы білдірсе,

53 Айтыс. Екінші том (Құраст.: Ш. Ахметов, т.б.) – Алматы: Жазушы, 1965. – 485 б.

әкесінің есімін әріптердің нақ атауларын таңбалау арқылы ишаралаған.

Аталмыш мүшәйрада қыздың жұмбағын шешуші оның аттасы Қанұлы Жұсіп те одан қалыспай, «Жұм» мен «сын», «бе» әрпін ал, «Ұлы жұзден» деп, өзінің аты-жөнін айқындаған⁵⁴.

«Кете Жұсіп пен Куаныштың айттысында» Куаныш өзесімінің арабша әріптермен жазылуын жұмбақтайды. Шайыр «қап» әрпін бейнелегенде:

Мойнына арыстанның қылыш шаптым,
Кеудесі ғайып бопты, басын таптым.
«Қасиетті жануардың кәлласы» деп,
Қос гаяхар төбесіне тас орнаттым,

— десе, «шын» әрпін: «*Уш тісті үстінде уш тас бір орақтың*», — деп сипаттаған. «Ұғлы» деген сөзді:

Таяғын ардақты ердің қолыма ұстап,
Мойны мен басын шаныштым қасқалдақтың.
Бір мақұлық бейне шаян аузын ашқан,
Үстіңгі ерніне бір маржан тақтым.
Көтерген жоғарыға жалғыз таяқ,
Астынан теріс қарай құйрық тарттым, — деп суреттейді⁵⁵.

Кете Жұсіп жасырган араб әріптерін дұрыс тауып, «Куаныш Баймұхаммед ұғлы» деген жаупты қайтарады.

Араб әріптерімен мағына іздеу оларды жұмбаққа айнлдыру айттыста жиі ұшырайды. Мысалы, «Әсет пен Ырысжанның айттысында» Ырысжанның:

Бір сарай нұрланады жалғыз «миммен»,
«Ра» мен «нун», «хи» менен «зи» оған ерген.

54 Сонда, 489 б.

55 Сонда, 524 б.

Бұл бес харіп бес сөздің әуелінде,
Білдің бе мағынасын қайдан келген?

– деген сауалына Әсет: «мим» – Мекке шаһары, «нун» – на-
маз, «ра» – руза, «зи» – зекет, «хи» – хажылық, яғни исламның
бес парызы екендігін айттып дұрыс жауап береді.

Орта ғасырлық шайырлар поэзиясында тұрақты орын алған
«әліпби» сарыны Науай өлеңдерінде ұшырасады.

Әлішердің:

Шаһзадаға айтты ол ғылым сүй деп,
Ғылымның негізі сол – «әліпби» деп.
Әліп – ләм өзінше ұқты Фархад,
Би – бола тыңдау болмас содан артық⁵⁶,

– деген өлең жолдары кезінде Абайға үлгі болған. Осы жөнінде
М. Мырзахметов: «Абайдың кейбір өлеңдерінде ұлы Науай шы-
ғармаларының әсері айқынырақ сезіледі. Тіпті, «Әліпби» өлеңінде
Абай үстазы Әлішер Науаймен ақындық өнер жарыстырған-
дай мінез де танытады. Науай кейбір араб әріптерін сұлу әйел-
ге балай суреттесе, Абай араб әрпін түгел қамтып, қыз бойында-
ғы әсемдік көркіне түгел жегіп, өзінше ақындық өнер, соны тап-
қырлық көрсеткендей шеберлік танытады»⁵⁷ – деп жазды. Абайдың үлгі өлеңінде бір замандағы сопылық әдебиет ықпалы айқы-
нырақ сезіледі.

Ақын:

Әлифдек ай йузіңе ғибрат еттім,
Би – бәлаи дәртіңа нисбат еттім.
Ти – тілімнен шығарып түрлі әбиат,
Си – сәнаи, мәдхия хұрмәт еттім⁵⁸,

56 Науай А. Хамса.– Тошкент: Бадий адабиет.– 1960. – 534 б.

57 Мырзахметов М. Абай және Шығыс. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 22 б.

58 Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық жинағы. 1-том. – Алматы: Жазушы, 2003. – 61 б.

– деген шумақтан бастап, өлеңнің соңына дейін бір Аллаға хас сипаттарды және оған өзінің ғашықтығын түспалдаپ жеткізеді. «Әлифтің» арабша әбжадтық мәні – бір екені және бұл әріптің бір санына үқсас жазылуы, араб әліпбійнің бірінші әрпі болуының өзі де Абайдың Алланы образ түрінде бейнелеуін көрсетеді. «Би» – бәлаи дертіңе көніп, «ти» – тілімнен түрлі өлең-бәйіт шығарып, «си» – сәнаи мәдхия, яғни өзінді мақтап, мадақтап, құрметіме бөледім», – дейді Абай. Мұндағы «ғашық оты», «ынтызар», «ғаріб», «кәміл», «жар», «нала», «сабыр», «риза», «ғишка», «мұшқіл» т.с.с. сөз қолданыстар да сопылық поэзиядағы тұрақты терминдер болып саналады. М. Әуезов Абайдың осы туындысы туралы: «Осы сияқты «әліпбиді» тәпсірлеу арқылы қызға жазған хаты да, аяқ кезінде:

Үтір мен асты-үстілі жазу да бар,
Болуға асты-үстілі көнсең өзін,

– деген қазақы әзілмен бітіп тұрса да, анығында жаңағы еліктеу белгісі болып шығады. Сырты он бір буынды, қазақы төрт жолды ақсақ үйқас болғанмен де, бұл өлең де ғаруз өлшемімен жазылған. Үзіні: «Мұпағылин, фәргулән». Бұл кез Абайдың шаттай поэзиясына таза еліктеу ретінде ілеспек болған талабын көрсетеді»,⁵⁹ – деген тұжырым білдірген.

Көп зерттеушілер жоғарыдағы үзіндіні «қызың мен жігіттің арасындағы әзіл» ретінде бағалағанымен, шынында «Асты – үстілі болуға көнсең өзін» дегендеге ақын өзінің Аллаға махаббатын, ол ушін «екі дүниедегі азапқа ризамын» деген иллани ой-пікірін мензесе керек.

«Әліпби» үлгісіндегі поэзиялық шығармалар қазақ, өзбек, қарақалпақ шайырларының өлеңдерінде ұшырасады. Мысалы, қарақалпақ әдебиетінің әдебиетінің белгілі өкілі Әжінияз Зийуардың (1824-1878) «Ай, әлип» атты өлеңінде:

Ай – әлип кем, ақ йүзі нұр айни әләм әнуари,
Бе – белің қыпша дилбар, көзиң ғанаң шахла уәли.

59 Әуезов М. 20-томдық шығармалар жинағы – Алматы: Жазушы, 15-том.
/Мақалалар, зерттеулер. – 1984. – 128 б.

Те – тисін дүр – дана ләблериңің паллари,
Се – сорып ширин лебиң қанадурман, әй пәрии,⁶⁰ – дейтін жолдар бар.

Мұнда сопылық әдебиет өкілдеріне тән белгілі образдар жүйесі орын алған. Бір айта кетерлігі қазақ, қарақалпақ, өзбек шайырларының шығыс классикалық әдебиетінен алған өнегесі ортақ, ойлары үқсас келуі – олардың медреседе үйренген ілімбілімдерінің бірегей болғандығын байқтады. Осы өнірдің өткен ғасырдағы әдебиетін зерттеуші Қ. Жұмажановтың мына бір дөректері де осыған дәлел: «... Екінші (әдеби) дәүірде окушылар Шығыстың классик шайырларынан саналатын Софы Аллаяр, Әлішер Науай, Физули, Хожа Хафиздың шығармаларымен танысқан, оны үйренген»⁶¹. Жалпы алғанда, қазақ поэзиясындағы «әліпби» сарындарын арнайы зерттеу нысанына алуға әбден болар еді.

Шайырлық поэзия өкілдерінің шығармашылығына тән стильдік ерекшелігінің бірі олардың өлеңді бастау, аяқтау және үйқас құрудағы ізденистерінен аңғарылады. М. Жармұхамедұлы бұлар «қалыпты айтыстардан бөлек, шығыстық «наме» сипатымен дараланады» дей келе осы үлгілердің көркемдік, бейнелеу ерекшеліктері де назар аудараптық екендігін жазады⁶².

Мұшайра жанрының негізгі қызыметін хат арқылы жүзеге асатындықтан мұнда көбінесе, адресат көрсетіліп, хат жазушы өзінің қарсыласының немесе әріптесінің есімін атап, оған сәлем жолдайды. Мысалы, Жәмила қызы: «Хұрметті сәлем жаздым Серікүлға» деп сөзін бастаса, Сапарғали: «Құрметті көңкөң сәлем, мырза Нұржан» деген сөздермен өзінің кезегін алады. Сыр шайырларының жазба айтысында керейт Даңмұрын өзінің жауап сөздерін: «Дүрай сәлем жаздым арнап, // Тұрмағамбет,

60 Әжинияз З. Таңдамалы шығармалар.– Нәкіс: Қарақалпақстан, 1975. – 33 б.

61 Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті. Монография. – Алматы: Арыс, 2006. – 16 б.

62 Жармұхамедұлы М. Айтыс өлеңдерінің арғы тегі мен дамуы. – Алматы: Мұраттас, 2001. – 9 б.

дүр Омар!» «Жұсіпжан, жанабыңа жолданды хат, // Денсаулық хош па уақтың сау-саламат?» – деп бастайды.

Қарақалпақ шайыры Құлымбеттің хаты: «Құрметті сәлем жазамын, // Әбубәкір моллаға» деп келсе, Әбубәкір: «Жолықтым, ей, Құлымбет, хатыңызға, // Таныстық хат жүзінде атыңызға» деп өз жауабын жазады.

Тұрмағамбеттің осы текстес жазба айтыстағы хаттары: «Жарайды жазған хатың, інім Жұрсін!» немесе «Мәктүбін, молда Ермұрат, келді мұнда» т.с.с. болып келеді. Шәді төренің жұмбақ айтыстарындағы жауаптары: «Хабар ал, Тұрмағамбет, жазған хаттан» түрінде басталып отырады. Ал Қанлы Жұсіп мүшәйіраға түсерде Нақыпқожаға: «Көп сәлем, Қожекеме даусын созған!» десе, тағы бір жұмбақ айтыста: «Төлеген Қаражанов, жаздың жұмбақ, // Табылса жұмбағыңыз, көnlіліқ тынбақ» деген қарата пәндерден кейін жауапты жалғастырган.

«Жәмила қызы мен Серікүлдің айттысында» Жәмиланың сөз басы: «Құрметті сәлем жаздым Серікүлға, // Қызығар базарлы жер тиын-тұлға» деп басталса, Айтмағамбет өзінің Мәлике қызыға жауабын «Қош алдық сәлемінді, Мәлике айым» деген сөздермен жалғайды. Оған Мәликенің жауабы: «Молдажан, бәре келді, қоңырат болса, // Тыңдадық сөзіңізді құлақ салса» түрінде жазылғанын көреміз.

Осындай аманұсасу, жауап сұрасу, ат-есімін білдіру жазба айтыс мәтіндерінің соңғы бөлігінде де тұрақты кездесіп отырады. Мысалы: «Өзім атым – Құлымбет, // Қош болыңыз, ағалар!», «Кердери сорғушы Әбубәкір, // Танырсың көргеннен-ақ, сөз қарасы» (Кердери Әбубәкір мен Құлымбет айттысы); «Һәлите мұрат тілек, ізгілікте// Жазушы Сапарғали жолдасыңыз», «Нұржан, енді шеше бер, // Осымен қойдым доғарып».

(«Сапарғали мен Нұржан айттысы»); «Сөзіне Сопы әзіреттің арқа сүйеп, // Жазылған молла Омардан бұл уәзипа», «Ақылын әзілменен айттып қабат, // Дақаңың күткені жөн тұрып тағы», «Жазушы Молдагали қойды қолын», «Балдызың Шәді қари шалды азырақ», «Ей, бану, қандай болар мәслихатың?» («Шәкей сал мен алты ақын»); «Ақмешіт – Перовский қол астынан // Келеатқан Тұрмағамбет жас тұлетіп», «Созақтан Шәді төре мұны тап-

қан» («Тұрмамбет пен Шәді төре») т.с.с. болып келетін хат-жарап формалары жазба айттысқа хас белгілерді айқындайтын стильдік сипаттарға жатпақ.

Енді бір назар аудараплық жайт шайырлар шығармаларында сопылық терминдердің орын алуы. Бұл арада XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген бірқатар қазақ ақындарының Йасауи дәстүріндегі иллаһи поэзияның ықпалында болғандығы олардың өлеңдерінен айқын аңғарылады. Әрине, ақындардың арасында Мәшіүр Жұсіп, Ақан сері, Шекәрім, Ақмола сынды бір мезгіл сопылық жолын тұтынғандар да болды. Негізінен, көпшілік ақындар сопылық ілімнің хикметін сезініп, өмірде де өнерде де солардың дәстүрін, даналық сөздерін насихаттаумен, тәрбиелік қуаты күшті сопылық ұғым-атауларды жиі қолданумен ерекшеленеді.

Сопылық ілімін өміріне өлшем, тірлігіне тірек еткен шайырлардың алғашқы қатарында Қожа Ахмед Йасауи, Жалалиддин Руми, Табризи, Сағди т.б. айтамыз. Олардың қай-қайсы да өздерін Алланың құлы, пақыр, ғаріб, ғашық және ғариф сипатында көрсетті. Мысалы, Йасауи көбінесе «құл» эпитетін қолдану арқылы бұл сөзді өз лақаб есімінің бір бөлігі ретінде қабыл етті. Осындағы тәсілмен «құл» тахаллусы қыпшақ ақыны Фалидың (XIII ғ.) есіміне жалғанғанын көреміз. Бұл дәстүр қазақ арасында кең таралғандығы Құлахмет, Құлмұхаммед, Құлсейіт, Құлшәріп, Құлжан, Құлмат сияқты кісі аттарынан да байқалады. Йасауидің ақындық әлемін зерттеуші А. Әбдірасылқызы «ғаріптер – рухының Жаратушыдан жырақта, жат мекенде жүргенін ұғынып, дүние қызығынан баз кешкендер» деген анықтама берген⁶³. Осы ғаріп, міскін, құл, пақыр сөздері әдебиетте көп ұшырасады және әрі тенеу, әрі эпитет, әрі метафора қызметін атқарып, тақуа ақындардың сопылық бағыттағы ұстанған жолын, иллаһи поэзия дәстүріне ададығын аңғартады.

Орта ғасырдағы қыпшақ шайыры Сәйф Сараи, Әл-Хорезми, Гыймадилер өз есімдерінің алдына «құл» анықтауышын тіркеуді әдеп етсе, Исхақ – міскін, Ахмет Қожа әс-Сараи – «бенде» эпи-

63 Әбдірасылқызы А. Қ. А. Йасауидің ақындық әлемі.– Алматы: «Кие» лингвоелтану орталығы, 2007. –242 б.

теттерін қолданған. С. Сараи кейде «бейшара» сөзіне де жүгініп отырған⁶⁴. Сопылық поэзияда сонымен бірге «көңлі сынық», «шарасыз», «бейпарық», «байғұс», «кемине» терминдері де жиі кездесіді. Орта ғасырдағы шайырлық поэзияда өріс алған сопылық әдебиеттің әсері кейінгі қазақ ақындарының шығармашылығында өз жалғасын тапқан. Мысалы, Мәшһүр Жусіп бір өлеңінде ұстаздарынан жәрдем сұрап:

Көрсеткен әрбір түрлі нышананы,
Кереметпен білдірген ишараны.
«Әулие өлік емес, тірік» деген,
Колдай гөр біздей ғаріп, бейшараны!

– деп жазса, тағы бір туындысында «Ағалар, айыптама ақылы азды», «Өнерім аз болған соң болды қысқа», «Жақсылар, мейірбап бол біз байғұсқа!» – деген өлең тармақтары арқылы өзінің сопылық дәстүрді ұстанып, кішлік жолын – кісілік бағдарын таңытқан⁶⁵. «Ғаріптік» туралы сопылық әдебиетте көп айтылған және бұл сөздің киелі, культтік құпиясы барлығына назар аударылған⁶⁶. Құл Қожа Ахмет Йасауидің хикметтірінде ең көп қайталанатын сопылық үғымның бірі осы – ғаріп және пакыр сездері.

Сыр шайырларының көптеген туындыларында, әсіресе, мүшәйра кезінде жазған жауаптарында олардың сопылық әдебиетті үлгі тұтқандығы айқын сезіледі. Мысалы, Шораяқтың Омарының Қарасақал Ерімбеттің жұмбағын шешкен екінші хаты:

Әлқисса, сөз ақырын тамам еттім,
Дүр Омар – бейпарасат, ақылы төмен⁶⁷,

64 Сараи С. Гөлестан. Лирика. Дастан.– Қазан Татар. Кит. Нәшр. 1999. – 261 б.

65 Көпейұлы М. Ж. Көп томдық шығармалары. 1-том. – Алматы: Алаш, 2003. – 277 б.

66 Идирис Шах. Суфизм. – Москва: Клышников, Комаров и К. 1994. –139 б.

67 Айтыс. Екінші том (Кураст. Ш. Ахметов т.б.) – Алматы: Жазушы, 1965. – 535 б.

– деген жолдармен аяқталған. Қаңлы Жұсіптің Ермұхан Хұса-
йынұлына жазған жауабы:

Артына бақадар хал жазушының
Кәмина молла Жұсіп қойған қолы,

– деп бітеді. Ал, Мықан Балтекейұлының «Жазушы – бір кә-
мина, қалыс ағаң» деген сөздерінен де бұл көне әдеби дәстүрдің
шайырлық поэзиядан тұрақты көрініс тапқанын байқау қыны
емес. «Кәмина» – парсыша **кішкене, бейшара, нашар, мұләйім,**
сыпайы деген мәндерге ие⁶⁸.

Сыр шайырларының Йасауи ілімін оқып, үйреніп, осы жол-
ды өздерінің акындық бағытына үлгі-өнеге еткендігі Омардың:

Жеті жаста жол айтқан,
Нұғман басшы данамыз.
Қожа Ахмет Йасауи –
Білімпаздардың сұltаны,
Біздерге қоңсы боламыз, – деген сөздерінен айқын
сезіледі⁶⁹.

Шайырлар поэзиясына, мұшәйра мен нәзира түріндегі шығар-
малардың тууына, өмір туралы фәлсафалық сөз сайыстарына Йа-
сауи мен Бақырганидің «Тозақ пен жұмақ» айтystары да елеулі
әсер еткен. Сүлеймен Бақыргани мұрасы мен Тұрмағамбет, Омар,
Ерімбет дастандарының арасында сюжеттік, идеялық жағынан
дәстүр жалғастығы орын алғаны туралы зерттеушілер таралы-
нан да ескерілген. Мысалы, С. Бақырганидің акындық шығарма-
шылығын арнай қарастырған Н. Мәтбек Ерімбет Көлдейбекұлы-
ның (1844-1916) «Ақтам сахаба» дастаны туралы сөз қозғай келе,
«Ерімбет дастанының қортындысында өзі туралы мәлімет бере-
келіп, сақылышты уағыздайды. Дастан «Бақыргани кітабындағы»

68 Ондасынов Н. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. Алматы: Қазақстан, 1974. – 222 б.

69 Шораяқтың Омары. Сейле, тілім, жосылып. Өлеңдер, дастандар, айтystар. – Алматы: Рауан, 1995.– 30 б.

«Кисса Ахтамның» әсерімен жазылғандағы байқалады»⁷⁰ деген ғылыми пікірін білдіреді. Тұптеп келгенде, Йасауи, Бақырғани хикметтері мен олардың сопылық дәстүрінің із-белгілері XIV – XX ғасыр аралығындағы ондаған түркі-қыпшақ (қазақ) ақындарының шығармашылығында сақталуында ешбір талас жоқ.

XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басында өмір сүрген қазақ ақын-шайырларының жазу стиліндегі тағы бір ерекшелік – олардың толғай, ғазал, айтыс жанрындағы мұраларында Шығыстық сюжет-хикаялар мен тәмсіл сөздердің кең қолданысы табуы. Әсіресе, мүшәйраға түскен ақындардың сауал-жауаптарында, бір-бірімен сөз сайыстарында бұл әдеби тәсіл жиі ұшырайды.

«Шораяқтың Омары мен Таубайдың Жүсібінің жазба айтысында» Жүсіп қарсыласына көне іліми кітаптан мысал-ғибрат айтқанын көреміз. Үзінді келтірейік:

Кітапта анық хабар көрдім көзбен,
Бір мысал ертеде өткен хикаяттан.
Ол – Асан шайхы Басри уәлиулла,
Көңіліне келген зэрре ғадауаттан.
Уәлилік мақамына жетіскенсін,
Айрылып қалыпты бір кәраматтан⁷¹.

Хикаяның мазмұны былай: Асан шайқы теңіз жағасында келе жатып, бір-бірімен сырласып, сұхбаттасып отырған жігіт пен қызды көреді де, «екеуі Хақтың дидарын қалай көрер екен?» – деп ойлайды. Тақуаның бұл сөздеріне әлгі екеуі ренжіп, сол арада қатты дауыл тұрып, теңізде келе жатқан кеме кенеттен апат-қа ұшырайды. Сонда қызыңдағы жігіт суға секіріп, еш ойланбастан, суға батып бара жатқан жолаушыларды құтқарып қалады. Жігіт Асан шайқыны сынайын деген оймен: «бір адамды сізге қалдырыдым, ғаріпті құтқарып алыңыз», – дегендеге Шайқы да суға түседі, бірақ әулие бағанағы ғайбат сөздері ушін «кере-

70 Мәтбек Н. Сүлеймен Бақырғанидың (Хакім ата) әдеби мұрасы. Оку құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2008.–114 б.

71 Айтыс. Екінші том (Күраст. Ш. Ахметов т.б.) – Алматы: Жазушы, 1965. –192 б.

мет қасиетінен» айрылып суға бата бастайды. Мәрттік танытқан жігіт Асан шайқыға:

Көңліңе келді кіrbің: өзің таза,
Өзгені шубаліге санамақтан.
Жолықтың соның үшін мұндай халге,
Қол үзіп шапқат етер шарапаттан,
– деп кінәсін мойнына қояды⁷².

Бұл арада Таубайдың Жұсібі әріптесіне «біреудің кінәсіне көзің жетпей тұрып, оны ғайбаттама» деген пікірін Шығыстың ғибрат пен даналық ойларына толы кітаби сюжеттеріне – ғұламалар өмірінен аланған хикая-тәмсілдерге сүйене отырып жеткізгеніне қуә боламыз. Осы мұшәйра тұсында Ыбыраш Ержанұлы деген шайыр Омарға жақтасып, Таубайдың Жұсібіне:

Хадистің тәржімесін өлең қылыш,
Құраннан хат көшіред дүмше молда-ай.
Әзәзіл періштеге сабақ айтып,
Ғарышда сурген дәурен неше жылдай.
Адамға сәждे етпеген себебінен,
Ақыры болып еді оның қандай?
Ұшырап көп ақылдың апатына,
Перғауын пайда еткен жоқ еш зәрредей⁷³,

– деп, діни кітаптардан ұлғі, мысал келтірген.

Құран Кәрімнен бастау алатын әзәзіл, ібіліс яки шайтан туралы хикая XIV ғасыр басында (1310 ж.) жазылған түркі-қыпшақ қаламгері Насреддин Рабгузидің «Қисас-ул-Әнбийа» кітабында кеңірек әңгімеленген. Сыр өнірінде туған шайырдың діни сипаттағы шығармасы бұл аймақта қолжаズба күйінде көп тараумен бірге, кейінірек Қазан, Ташкент қалаларында кітап болып басылғаны мәлім. Дүниенің жаратылышы жөніндегі діни хикаялардан құралған бұл шығарманың мазмұнын ескіше, мұсылман-

72 Сонда, 92 б.

73 Сонда, 195 б.

ша сауатты шайырлардың көбісі білген. «Қисас-ул-әнбийаның» «Әзәзілдің шайтан болуының баяны» және «Топырақ пен оттың айтысы» атты тарауларында баяндалғандай Алланың әмірімен бүкіл перштерел бес жыл бойы Адамға сәжде жасаумен болған екен. Тек Әзәзіл атты перште ғана жаратушыға күпірлік келтіріп: «Адам топырақтан жаралған, ал мен оттан жаралдым, одан артықпын және оған сәжде жасауга міндettі емеспін», – дейді. Сол қарсылығы мен Құдайға қарсы келгендігі үшін Әзәзіл бейштеп күшлады, барша ізгі құрмет, нығмет пен жақсылықтардан мақұрым қалады⁷⁴.

Алла тағалаға күмән келтіріп, дүние күған Мысыр патшаларының бірі Перғаун Хаман (кейде Һарун – С. К.) да Құдайдың қаһарына ұшырайды. Міне, осындаі дін ақыздарының өлеңдерінде кейінгі ұрпаққа сабак-өсiet үшін қолданылған дидактикалық тәсіл, форма екендігі көрінеді.

«Жәмила мен Серікүл айтысында» қыз әріптесіне «Тотынама» кітабындағы түсін құбылтып, аз уақыт андарға патша болған түлкі туралы хикаяны мысал етеді. Үнді жинағында бұл хикая «Кек сұр шибөрі, оның андар мен жануарларға патша болғаны, билігінің сәтсіздігі туралы әңгіме» (32-тұн) деп аталған. Мұнда бір қыстақта әр үйдің жуындысын ішіп қунелтіп жүріп, үстіне бояу төгіп алып, түсі өзгерген шибөрі өзін танымаған андарды қорқыттып, патшалық құрады. Бірде ормандағы тумаластарының ұлыған даусына үн қосқан шибөрінің «кім» екендігін андар біліп қойып, ызаланған азулы андардан әзер қашып, құтылады⁷⁵.

Шораяқтың Омары Ерімбетке жазған екінші жауабында Һарун Рашид патша заманындағы бір хикаяны ұлғі ретінде ұсынады: Қамыстан ат мініп жүрген жас бала тақта жайбарақат отырған патшаның алдына келіп: «Ей, сұltтан аулақ жүр, атым теуіп жібереді», – деп айғайлапты. Патша оған: «Ау, бала, менің қаһарымнан қорықтай, не деп тұрсың?» – дегенде, бала: «Қаһарың осы

74 Адам ата мен Хаяу ана қиссасы. Кітапта: Сағындықұлы Б. Фаламның ғажайып сырлары. – Алматы: Ғылым, 1997. – 255-256 бб.

75 Тотынама. Хикаят. Аударған: Қоңыратбаев Э., Қоңыратбаев Т. – Алматы: Жазушы, 1991. – 194-195 бб.

болса, қабірің – анау», – деп, бейіт жақты нұсқайды. Осы баланың сөзінен гибрат алған патша Құдайға құлшылық ете бастапты.

Ақындар айтыса отырып, білім-біліктерін жарыстырады. Өздерінің айттар ойын жай ғана айта салғаннан гөрі, оны Шығыс даналығымен, мағыналы мысалдармен, қызықты хикаялармен дәлелдеп, пікірін бекіте түседі. Мұндай әдемі әдеби ұлгілердің бұлақ бастауы – Орта ғасырдағы түркі-қыпшак, араб-парсы клас-сиктерінен жалғасып келе жатқан иті дәстүр екені хақ.

Шайырлар шығармашылығы Шығыс поэзиясымен тығыз байланысты болғандықтан, олардың арасында жанр, уәзін, түр-пішін, үйқас, көркемдік әдіс-тәсілдері жағынан да едәуір ұқсас-тықтар ұшырайды. Ақындардың өзара пікірталасы, мүшәйра кезінде поэзия түрлері мен өлең үйқастары жөнінде жиі дауласуы соның дәлелі болумен қатар, бұл құбылыс – шайырлық поэзия-ның өзіне хас стильтік сипаттарын да аңғартады. Мұны біз әсіре-се, Сыр өнірі ақындарының жазба айтыстарынан айқын көреміз.

Шайырлар шығармашылығының оқшау бір стильдік белгісі – туындыларын жанрлық түрғыдан шығыстық формада түр-лендіріп, назым, ғазал, бәйіт, дастан, хикая, тымсал, рауаят, т.б. араб-парсы әдеби терминдерін қолдануы дер едік. XIX ғасырдың екінші жартысында Шығыс медресесінде білім алғып, араб-парсы әдебиетінің үздік ұлгілерімен танысқан қазақ ақын-шайырлары Орта ғасыр классиктерінің озық ойлы, өзгеше өрнекті, ма-хаббат сезімін ұлықтаған ұлы туындыларына қатты құмартады. Қазақтың бас ақыны саналатын Абайдың өзі де шәкірт кезінде соларға елікте:

Фзули, Шәмси, Сәйхали,
Наяи, Сағди, Фирдауси,
Қожа Хафиз – бу һаммаси,
Мәдәт бер, иә, шағири фәрияд!⁷⁶ – деп жазғаны мәлім.

Абай Шығыс шайырларының ешбір шығармасы Алласыз, аят пен хадиссіз айтылмайтынын біледі. Содан соң бәйіт-өлең ара-

76 Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық жинағы. 1-том. – Алматы: Жазушы, 2003. – 36 б.

сында даналардың сөзінен мысал – ғибрат, үрпакқа үлгі сөз айтылатынын да көңліне түйген, түйіп қана қоймай ұлт жастарына көптеген өситеттерін жазып қалдырган.

Абайдың осы бағыты бірқатар қазақ ақындары тараапынан қолдау тапқандай. Тұрмағамбет Ізтілеуұлы ұлт ұстазына арнаған «Абайды оқығанда» атты өлеңінде:

Артында атақты ердің қалса сөзі,
Өлді деп ойламаймын оның өзі⁷⁷, – деп жазған болатын.

Осы текстес Абай есімін дәріптеген қазақ шайырларының қатарында Мәшһүр Жұсіп, Омар, Нұртуған, т.б. айттар едік.

Шығыс дәстүріне еліктеген ақындар өз туындыларын қазаша «өлең», «толғау» демей, «бәйіт», «ғазал», «назым» деп атауга бейім. Мысалы, Нұржан Наушабайұлы, Тұрмағамбет Ізтілеуұлы сияқты ақындар өз толғауларын «назым» деп көрсеткен. Мұндай өлеңдер көбінесе лирика түрінде жазылып, замана халін, адам мінезін, табиғат суреттерін сомдай отырып, арасында ақынның өмірге көзқарасы мен көніл қүйінен де хабар береді. Нұржанның Қазанда басылған өлеңдер жинағының басым көпшілігін оның шығыс үлгісіндегі ғазал-толғаулары құрайды. Шайыр өз туындыларын «бірінші назым», «екінші назым» деп ортақ атауга топтастырған⁷⁸. Ақын жас кезінен медреседе бойына сінірген Ислам рухы оның осы назымдарынан анық аңғарылады. Нұржанның бірінші назымында кездесетін жаңил, ғалым, шарғи, тоты, бұлбұл, фәруаз, хафа, махрум, раббы, фитнә, шукірана, қанағат, самұрық, хакім, сифа, хал-қадари, Хак, иман т.б. араб-парсы лексикасы да оның өлең-толғауларына шығыстық сипат дарытып тұр. Нұржан өз назым-өлеңін көбіне ғазал жанрына тән уәзін, үйқасқа ыңғайлап жазатынын өзі де ескертіп отырған. Мысалы:

Жад етіп бір уақытта жазам ғазал,
Дөртімді іште жатқан қозғалдырып.

77 Ізтілеуұлы Т. Шығармалары. 1-том.(Құраст. М. Байділдаев, А. Алматов). – Алматы: Жазушы, 2007. – 44 б.

78 Наушабайұлы Н. Манзумат Қазақия. – Қазан, 1903. – 32 б.

Әркімдер оқып, *ғибрат* алмақ үшін,
Кетемін жүрген жерге сөз қалдырып,
– деген өлең жолдары аб, вб түріндегі ғазалдардың меншікті
ұйқасы⁷⁹. Нұржанның қайсыбір толғауларындағы:

Заманаға – бір *мысал*
Кетейін деп қалдырып.
Бар еді ойым ойлаған...
...*Насихат, ғазал* кеңесті
Жазуға Нұржан ерінбес...⁸⁰.

Мінәжат һәр нақылдан жазып қара,
Қалпына лайық етіп замананың⁸¹,

– секілді жыр шумақтары шайырдың ұлт мінезін түзеп, қазақты тұра жолға түсіру мақсатын көздегенін және өзінің ағартушылық бағытындағы идеяларын насхаттау үшін шығыс поэзиясына хас жанрлық тек, түр атауларын шартты түрде арнағы мақсат үшін қолданғанын көреміз. «Шартты» дейтініміз шайырлар Шығыстың әдеби жанрлары мен оларға тән өлең уәзіндерін толықтай пайдалана алмаған. Себебі, араб-парсы поэзиясының басты ыргақтық өлшемі – метрикалық «ғаруз» уәзініне құрылады, силабикалық жүйеге сүйенетін, буын мен бунақ үйлесіміне ғана бағынатын қазақ өлеңдері «ғаруздың» қатаң өлшенген ыргағына бағына бермейді. Мәселен, кезінде Абайдың да Шығыс классиктерінің өлең өрнегіне елікте, бірнеше шығармасын ғаруз уәзінінде жазуға талпыныс танытқанын білеміз. М. Әуезов «Абай ақындығының айналасы» атты зерттеу мақаласында оның жас шағында Орта ғасырлық түркі, парсы шайырларын үлгі түтқанын былайша сипаттайды: «...Араб, парсы, түрік әдебиетінің талайын шарлап тастаған бала ақын жаңағыларға елікте, ғаруз уәзіні (мәт уәзінімен) бәйіт, жыр жазады... Тілін-

79 Сонда, 32 б.

80 Сонда, 262 б.

81 Сонда, 264 б.

де араб, парсы, сөзі көп. Өзі танысқан Науай, Құсайын Байқара, Бабыр, Мұхаммед Салиқ сияқты шағатай ақындарының ізін куалай бастау. Алғаш талпынудың бүраң жолы өз тілінен, ана тілінен қашандатып әкетеді... Бұл кез Абайдың шағатай поэзиясы на таза еліктеу ретінде ілеспек болған талабын көрсетеді. Онда тақырып, тіл, ырғак, кейде ұйқас және теңеу, салыстыру суреттері (көзи гауһар) бәрі де өз төркіні кім екенін танытып тұр»⁸².

Фалым ғаруз өлшемі қазақ әдебиетіне дін қиссалары мен «Шаһнама», «Жүсіп-Зылиха», «Ләйлі-Мұжнұн» сияқты шығыс дастандары арқылы кіргенін және бұл әдеби проблеманың бір шетін Абайға байланыстыра тексеру – әдебиетшілердің алдындағы жеке сынни мәселе екендігін жазған. «Расында, Абайға келгенде жаңағы айтылған өлеңдер өзінің шығыстық тұлғасын өзгертпейді. Абай аузында бұның қазақ екенін білдіртпей, танытпай тұратын нәрселер болады. Қорытылмай, сұрыпталмай, өз тәні бола алмай тұрған еліктеу – таза еліктеу»⁸³.

Абайтанушы М. Мырзахметов ақынның «Йузи раушан, көзи гауһар», «Білімдіден шыққан сөз», «Келдік талай жерге енді», «Қор болды жаным» сынды өлеңдерінің ғаруз үлгісіне еліктеп жазылғанмен, көп жағдайда араб-парсының мәт уәзініне хас канондық формаларын толық сақтай бермегенін жазады. Фалымның: «Қазақ әдебиетіне Абай ендірді деп жүрген мәт уәзіні оның таза еліктеу жылдарында туған алғашқы «Йузи раушан, көзи гауһар» өлеңінде ұйқас түрі жағынан орын алды демесек, басқа белгі жоққа тән. Абай өлеңдеріндегі ғаруз ұйқасы деп жүрген «аааб» түрінде келетін ұйқас түрі түркі тілді тұысқан халықтардың әдебиетінде сонау көне дәуірде-ақ орын тепкен, тұма құбылысқа айналып кеткен байырғы ұйқастардың біріне жатады»⁸⁴, – деген пікірлері шындыққа жақын. Шынында, зерттеуші тұжырымындағыдай, әрісі М. Қашқари да, берісі Науай, Қожа Ахмет Йасауи туындыларында кеңінен қолданылған ғаруз өлшемін ұлғі ете отырып, Абай мұлде жаңа өлең өрнегін жасаған.

82 Әуезов М. 20-томдық шығ. жин. – Алматы: Жазушы, 15-т. / Мақалалар, зерттеулер.- 1984. – 128 б.

83 Сонда, 129 б.

84 Мырзахметов М. Абай және Шығыс. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 33 б.

Абай дәстүріндегі жаңашылдық, поэзиядағы түршілдік пен ізденис Тұрмагамбет, Кете Жұсіп, Омар, Ақан Сері, Шәкәрім шығармашылығында түрліше дәрежеде көрініс тапқан. Әлбетте, шайырлардың Шығыс поэзиясының сыртқы форма-пішініне көбірек еліктеуі, араб-парсы өлеңдерінің жанрлық атау-терминдерін ретті-ретсіз қолдануы – жоғарыда айтылған Нұржан Наушабайұлы толғауларынан шынайы көрініс бергендей.

Тұрмагамбет Ізтілеуұлының көптеген шығармалары шығыс тақырыбына құрылғаны белгілі. Шайыр өз өлеңдерінде араб-парсы классикалық әдебиетінің жанрлық атауларын да пайдаланған. Бұл орайда бәйіт, назым, ғазал, мұхаммас, хикая, хадис, хамса т.б шығыстық атауларды ақын шығармаларынан жиі ұшыратамыз.

Тұрмагамбеттің 1936 жылға дейін жазылған өлең-толғауларының өз қолымен әзірлеген жинағының, сондай-ақ, 1972, 1982 жылдары жарық көрген таңдамалы шығармаларының «Назым» деп аталуы жайдан-жай болмаса керек. Осы жинақтар ғана емес, шайырдың Тәуелсіздік дәуірінде жарияланған 4-томдық шығармаларының алғашқы кітабы да «Назым» атты баршага мәлім толғау-ғазалымен ашылған. Тұрмагамбеттің:

Жасымнан назым сөзге шебер едім,
«Өзімнен шебер кім?» – деп кебер едім.
Әр түрлі хикая мен дастандардың
Ширатқан шым жібектен көгені едім⁸⁵,

– деген бастапқы талап-ниетінен-ақ оның Шығыс әдебиетіне деген құрметі мен құштарлық сезімдері барынша айқын білінеді. Автопортрет стилінде жазылған осы өлеңінде шайыр шығармашылығының болашақтағы бағдары – Хақ нұрлына боленген шығыстық бет-бедері толықтай көрініс тапқан. Сыр шайырлары Тұрмагамбеттің поэзия теориясы, Шығыс классикалық әдебиеті жанрларының тек-турлері жөніндегі терең біліміне тәніті болып, одан әрдайым ақыл-кеңес алып отырған. Кете Жұсіп пен Қанчалы Жұсіптің көп жылдарға созылған жаズба айтысы тұсында бұл

85 Бес ғасыр жырлайды (Кұраст. М. Байділдаев). – Алматы: 2-том, 1989. – 251 б.

мұшәйраға Тұрмағамбет бастаған бірқатар Сыр шайырларының аралық, басалқы сөз жазғандары белгілі. Осы мұшәйра кезінде Кете Жүсіп қарсыласы Қаңлы Жүсіптің өлең ұйқастарындағы кемшіліктерді сынайды: «гүл», «бақ» сөздерінің қайталаңып келетінін бетіне басады. Сонда Қаңлы Жүсіп:

Болғанмен лебіз бір, мағына бөлек,
Аңдауға керек әуел, бір забардас.
Жетпесе, өз зейінің ғажап емес,
Шайырға Тұрмағамбет оқытып аш!
Сан ердің сөзін сынар сарабы сол,
Білімге биік біткен ділуар хас.
Оларға өзін білген әркім тәнті,
Сіз бен біз «шайыр» деген күр атқа мас.
Екінші, осы келген сөзіңіздің
Аяғын тамам айласызы деп «мұхаммас».
Бұларды «мұхаммас» деп айттылмайды,
Иә, назым, яки бәйітке дүр шамалас⁸⁶,

– деп жауап-үәжіне Тұрмағамбетті қуәлікке тартып, соған жүгінуді жөн деп біледі. «Мұхаммас» – араб поэзиясындағы бес тармақты өлең. Кете Жүсіптің ғазал ұлғасындағы бес шығыстық өлең өлшеміне үйлеспейтіні анық еді. Шайыр «мұхаммасты» алдыңғы өлең тармақтарына ұйқастыру үшін ғана қолданғаны көрініп түр. Екі Жүсіптің келесі жауаптарының бір бөлігі Тұрмағамбет дамолланың білім дәрежесін сипаттауға арналған. Қаңлы Жүсіп:

Сарапта санға саяул болмаса да,
Беруге, жарайды аға сізге сабақ!

– деп Сыр сүлейі Тұрмағамбетті жоғары бағалайды. Осы түрлі поэзия өнері жайындағы сын, пікірталас Таубайдың Жүсібінің ыбыраш Ержанұлына жазған жауабында былайша айттылады:

86 Айттыс. Екінші том (Құраст. Ш. Ахметов т.б.). – Алматы: Жазушы, 1965. – 261 б.

Әбият, назым, газал, бәйіт, мұхаммас,
Мазмұнын көріп едім біргалайдың.
Кітаптың, ия қазақтың үйқасына –
Келмеген екісі боп бір ыңғайдың...
Термесі, ия өлеңіне ұқсамайды,
Қырғыз бен қарақалпақ, сарт, ноғайдың.
Білмеймін, орыс назымы бола қойса,
Ұзынды қысқалысы осындейдың...
Назымның, не болмаса, ал тағымын
Ізіне еріп Кете Жұсіп, Шегебайдың...⁸⁷.

Міне, мысалдардың өзі-ақ шайырлық поэзияда өлең теориясына, сез мәніне, үйқас пен уәзінге ерекше назар аударылғанын көрсетеді.

Шайырлар шығармашылығының стильдік бағытын айқындастының тағы бір ерекшелігі олардың образ жасау тәсілдерінен көрінеді. Көрнекті әдебиет зерттүшісі Ә. Дербісәлин қазақ әдебиетіндегі дәстүр жалғастығы туралы өрелі ой қозғай келе, «Шығыстың ғашықтық дастандары жер жузі әдебиетінде өзіндік орны бар ұланғайыр дүние. Олардан үйренбеген, үлгі алмаған немесе оларға таңданбаған, тамашаламаған оқушы не қалам иесі қай дәүірде де, қай халықта да кемде-кем. Шығыс әдебиетімен байланысы ғасырлап саналатын қазақ қауымы жөнінде мұны тілпі баса айтуға болады. Қазақ ақындары қай тұста да, оның үстіне XX ғасыр басында ғашықтық, махабbat туралы шығармаларында Зылиха мен Жұсіпті, Ләйлә мен Мәжнунді, Фархад пен Шырынды адам бойындағы осы бір асқақ та шынайы сезімнің, өзіндік заңы бар өзгеше сезімнің, қай ғасыр үшін де үлгі боларлықтай өшпес, ескірмес эталонындаі, ескерткішіндегі жырлады»,⁸⁸ – деп орынды пайымдайды. Фирдауси, Низами, Физули, Науай, Хорезми, Құтыб, Сараи т.б. Орта ғасыр ақындары махабbat тақырыбына арнайы дастандар жазып, көне заман ғашықтарының рухына өшпестей ескерткіш қалдырды. Қыпшақ

87 Сонда, 196 б.

88 Дербісәлин Ә. Дәстүр мен жалғастық (Ауыз әдебебиетіндегі ақындық дәстүр...). – Алматы: Гылым, 1976. – 144-145 бб.

ақыны Мұхаммед Хорезмидің «Мұхаббатнама» поэмасы (дастан) көркемдік шеберлігі, образ жасау жөнінен талай шайырға үлгі боларлық кесек туындының бірі:

Нәркес көзің жүрекке оқтайдай қадалар,
Сенің жүзіңден гүл де үялар...
Әсем күлкіңден шекер үялар,
Інжу тісіңден гауһар үялар...
Егер күлсөң, оймақ аузың ашылар,
Сонда пері көрсе, мендей есінен танар.
Шашыңың бір талына мың хұр жетпес,
Жүзіңің нұрына мың нұр жетпес...
Жүректің қаны қайнап шектен асты,
Кез жасымнан кәусарды ылай басты
Шекер ернің Қызыр науатындаі,
Аяғынды кім өпсе, сол мәңгі жасайтындаі⁸⁹.

Шайырдың әрбір «намасы» ғашық Жардың сұлулығы мен сымбатын ерекшелей отырып, әсірелеу, градация (үдету) тәсілі арқылы сүйіктісін «Құдай» дәрежесімен шендестьрепе суреттейді. Мұның өзі Хорезми мұрасына тән сопылық дәстүр ықпалының жарқын көрінісі болса керек.

Сөзің – Шырын, өзің – Хұсыраудан да мырзасың,
Ләйлі сенің жүзіңден болар Мәжнұн...
Есігіңе күннің өзі сәлем етер әр күні,
Сұлулығың Жүсіпті құдыққа салар қайғылы...
Тәнір дүниені жаратпастан мың жыл бұрын,
Хорезмиді ғашық еткен саған, күнім⁹⁰.

Биік теңеулер, аспани тұспалдар, астамшыл образдар тек қана Жаратушыға лайық сөз айшықтары – сұлулық символдары екеніндегі жазбай танылады.

89 Ежелгі дәүір әдебиеті. Хрестоматия. 2-кітап.– Алматы: Ана тілі, 1991. – 235 б.

90 Сонда, 241 б.

Шығыс дастандарының қаһармандары қазақ ақындарының поэзиялық шығармаларында жиі аталады. Олар махаббат жолындағы адалдық пен тазалық, шыдамдылық пен қайсарлық, шын сүю мен құрбандық сезім – ұғымдардың биік нысанасы ретінде кеңінен насыхатталған. Сейфіл-Мәлік пен Бәдігүл-Жамал, Ләйлі мен Мәжнүн, Тайир мен Зуhra, Баһрам мен Құләндам, Хұсрау мен Шырын, Жүсіп пен Зылиха есімдерінің бірқатары халық аузындағы аңыз, ақын өлеңдеріндегі мінәжат-мадақ сөздерде сақталып қоймай, жекелеген қазақ дастандарының кейіпкерлеріне айналып үлгергені мәлім. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Ләйлі-Мәжнүні» мен Жүсілбек Шайхысламұлының «Жүсіп-Зылихасы» соның айқын дәлелі.

Белгілі қазақ шайыры Молда Мұса Байзакұлы Сырым атты сұлуға ынтық болып жазған хатында былайша толғанады:

Көрмекке, Сырым, сені boldым ғашық

Бұрынғы өткен Ләйлі-Мәжнүндейін⁹¹.

Атаған ақынның Манат қызбен жазбаша айттысында: «Болып жүр көкірегім **суретхана**» деген ғажайып бейнелеуді жолықтырамыз. Бұл ғашықтық тақырыбындағы Шығыс сюжеттеріне тән турақты мотивтердің бірі. Молда Мұсаның Манат қызға жазған З-жауабындағы:

Адам Ата, Xaya Анадан бермен қарай,
Ер жігіт әйел тегін көрмейді жек⁹²,

– деген жолдар қазақ поэзиясына ислам дінімен, шығыс әдебиетімен бірге енген айшықты сөз қолданыстарының қатарына жатады.

Қазақтың шайырлық поэзиясында есімдері көп аталатын «қадірлі» кейіпкерлердің бірі – хазіреті Жүсіп (ғ.с.) пен Зылиха. Қарасақал Ерімбет әріптес інісі Омар Шораяқұлына жазған екінші жұмбагында:

91 Молда Мұса (Мұсабек Байзакұлы) Өткен күндер: Өлеңдер, мысалдар, айттыстар.– Алматы: Жазушы, 1987. – 117 б.

92 Сонда, 98 б.

...Мысырдан шықты бір қыз таңғажайып,
Деп болмас «Зылихадан сәл кемірек».
Үстінен ерек шыбын өткен емес,
Һәм ерсіз жатқан емес бір күн мұнда-ақ.
Әлгі қыз қырық баласы қылапатта,
Шеше алмай көп адамның ақылы дақ⁹³,

– деген шумақтармен Жұсіп пайғамбардың ғашығы саналатын Зылиха бейнесін құпиялап, өзі жұмбақтаған ой-ұғымдарына арқау еткен.

Хазіреті Жұсіп нәби образы Шығыс әдебиетінде сұлулық символы ретінде ерекше сипатқа ие. Зерттеушілер жазып жүргендей, әр пайғамбардың өзіне берілген мұжизасы (кереметі – С.Қ.) болады. Мысалы, Дәуіт пайғамбар темірден туйін түйген ұста. Сулеймен (ғ.с.) тылсым құштер мен хайуандардың тілін білген. Иса (ғ.с.) пайғамбардың кереметі – өлікті тірілтіп, сырқатқа шипа болуында. Ал, Жұсіп нәбидің қасиеті – болжаушы, әрі ғажайып сұлулық иесі⁹⁴. Дегенмен, Жұсіп пайғамбардың шынайы образы Ислам әдебиетінде «азап шегуші», «дін жолында, әділет үшін өзін-өзі аямайтын құрескер» ретінде танымал.

Оның Мысырда құлдыққа сатылуы, ағаларының қастандығымен құдышқа салынуы, Зылиханың жаласымен абақтыға қамалуы, он екі жылдан соң ақталып, елге патша болуы – көптеген жыр, дастандарға арқау болып, ел-елге тараған. Қазақ шайырлары да Жұсіп нәбидің «сұлулығы мен тұтқындағы тағдырын» әрдайым жазықсыз жаза тартқан дос-жаран, туыстарына, жеке өз бастарына үлгі тұтып, жырға қосып отырған. Мәшінүр Жұсіптің «Абақтыдағы ишанға» деген өлеңінде де осы мақсат-ниеті айқын көрініс тапқан:

... Ей, тақсыр, мүбәрак бақ құтты болсын,
Хазіреті Жұсіптің жатқан орны.
Кұдышқта Жұсіп нәби қалған еді,

93 Айтис. Екінші том (Құраст.: Ш. Ахметов, т.б.) – Алматы: Жазушы, 1965. – 270 б.

94 Әбдуов М. Қазақтың діни эпосы.– Қарағанды: ҚарМУ, 2006. – 65 б.

Апарып ағалары салған еді.
Жүгіне ауган түйе байлау болып,
Мысырға құл орнына барған еді⁹⁵.

Мұнда ақын түрмедегі ел жақсысына рухани дем беріп: «Жұсіп пайғамбар да көп азап шегіп, соңында жақсылық – жеңіске жеткен, сабыр етініз, сен де ұзамай Құдай тағаланың мейіріміне бөлекенесін» дегенді айтады. Тұрмағамбет Ізділеуұлының бірқатар толғауларында да Жұсіп (с.ғ.с.) есімі ұшырасады. Шайыр пайғамбардың формулаға айналған ат-есімін тек түрмеге қатыстығана емес, кәдімгі өмір-өнеге түрінде ұлықтайды. Мысалы, «Жақсы адам мінезі» туралы бір өлеңінде:

Сияқты ел – Зылиха ертеде өткен,
Өздері – Жақыпұлы Жұсіп болар⁹⁶,

– деп «азапкер нәбидің» өмірін елге ұлғі етеді. Ал «Ауыл совет қызыға айтқаны» деген арнау жырында:

Ертеде өтіп кеткен Зылихадай,
Алашқа анық, кетті ат пен дәрпің.
Арзу бол аның үшін сұхбатыңа,
Ойдағы өтінішін айтты әркім,⁹⁷

– деген жолдар ұшырайды. Арада бірнеше мың жылдар өткенде Жұсіп пен Зылиха есімдерінің осылайша әлем әдебиетінде әспетtelіп, дәл бүтінгідей қадір-құрметке ие болуы – Шығыс дәстүрінде қалыптасқан канондық формулатық құбылыс қана емес, ең алдымен қазақ даласындағы діни-агартушылық бағыт екілдерінің ынталы қызметтерінің нәтижесі деген абзалақ.

95 Көпейұлы М. Ж. Көп томдық шығармалары. 1-том.– Алматы: Алаш, 2003. – 258 б.

96 Ізділеуұлы Т. Шығармалары. 1-том.(Құраст. М. Байділдаев, ...), – Алматы: Жазушы, 2007.– 148 б.

97 Сонда, 93 б.

Қазақ шайырларының шығармашылығында тұрақты орын тепкен пайғамбар, сахаба, ғашықтар жайындағы көне сарындар бір жағынан сопылық ілім және ілкідегі өкілдерінің әдеби дәстүр, бағытымен де тығыз байланысты болды.

Мұсылмандық ілім, дін кітаптары, дүниеуи және рухани ғалымдар – Исламның адами құндылықтары мен Иллаһи сенім қуаты шығыс медресесінде оқып, терең білім алған шайырлар поэзиясына орасан ықпал етті. Діни-рухани ілім-білімнің бастау бұлағы Бұхара, Самархан, Ташкент шаһарларынан Ресейдегі Троицк, Уфа, Қазан, т.б. қалаларға дейін жалғасқан медреселерде болғанмен, руханияттың түп қазығы – Туркия, Арабия елдерінің ғылыми орталықтарында жатқан-ды. Сондай-ақ, Орта Азияға кең тараған Иасауийа және Нақшбандийа сопылық тарихатының әсері аз болған жоқ. Мұны біз Мәшһүр Жұсіп, Шәді, Тұрмағамбет, Шораяқтың Омары, Қарасақал Ерімбет, Нұржан, Мақыш, Ақмолла, Жұсіпбек, Ақан сері секілді бірқатар қазақ ақын-шайырларының мұрасын оқығанда байқаймыз. Әрине, сопылық ілімге шынайы берілгендердің қатарында, ең алдымен, Шәкәрім, Мәшһүр Жұсіп, Ақан серілер тұратыны еш күмәнсіз. Бұл орайда зерттеушінің: «Аппеляция поэта к сюжету «Ляйли и Меджуна» свидетельствует о приобщенности к суфийской философско-эстетической традиции... Это традиционные образы «мотылка и огня», «соловья и розы», «истинного ока», «истинного слуха», «слепых и глухих людей», «неистинной смерти», «детской чистоты», «ведания языка животных и птиц» и.т.д.». Бұл тәрізді пікірлердің Мәшһүрге де қатысы барлығы белгілі. Тіпті, Ақан серінің өзі де шығыс медресесін бітірген ғұламалардан (Науан хазірет, Айжарық ишан) сабақ алған болатын. Серінің көптеген өлеңдерінде сопылық әдебиет стилі терең із қалдырғанын Кеңес кезеңінің әдебиетшілері де бірден ангарған. Ақан сері мұрасын талдай тексерген Е. Ысмайылов мынадай тұжырымдар жасайды: «Ол серілік жолды тастайды, әділдік, тура-лықты іздел шарқ үрады. Сондағы іздел тапқаны – Шығыс елінің ақындарының Орта ғасырдан басталған әдеби-философиялық ағымнан адамдардың құлық-мінезін түзеу жолын, өзінің замандастарының, кейінгі жас үрпақтарының ой-санасын ашу мақса-

тын, ғылым үйрену, әлеумет өмірін терендей үгыну жолын іздейді»⁹⁸. Расында:

...Етегі ақ көйлектің ілмеленген,
Қастарың харіп «мәттей» сүрмеленген.
Сұмбіл шаш, лағыл ерін, асыл қалқам,
Іш-бауырым ғашық отпен тілмеленген.
Шырын мен Фархад, Мәжнүн ғашығындаі
Түсірдің ғашық отын ішке деген...
Ақ ала бетің үстінде нәркес көзің
Нұктедей қағаздағы нонға тартқан⁹⁹.

Мұнда ғалым жазғанындаі, шығыстың классикалық поэзиясының інжу-маржандарымен еркін сузындаған, нәр алған Ақан-ның өзіне тән шығармашылық стилі мен өлеңдегі даралық өрнегін анық көреміз.

Қазақ ақын-шайырлары Орта ғасырлық түркі поэзиясының көркемдік айшықтарынан көп үйреніп, сол үлгілерді өз туындыларында қайта жаңғыртты. Хафиз бен Шәкәрім, Ақан сері, Ақмолла, Омар, Шәді, Тұрмагамбет, Майлыхожа, Кете Жүсіп, Маныш т.б. ағартушы ақын-шайырлар шығармашылығында жалғасын тапты.

Шығыс әдебиетіндегі сұлулық ұғымына байланысты көптеген тұрақты образдар символдық метафоралық теңеу, эпитеттер поэзияда белгілі бір бейнелерге қатысты қолданылатын болса, кейде өзге де зат, құбылыстарды түспалдай береді. Осы орайда, сонымен әдебиет ықпалы мен оған қатысты иллани ұғым-түсініктер, канондық образ жүйелерін де айта кеткен жөн. Осындаі аллегориялық тәсілге құрылған поэзиялық туындыларда бұлбұл, көбелек, гүл, ай, сұлу қызы, таң, дерпт, ғашық-мағшұқ, қаршыға т.б. жанды-жансыз, деректі-дерексіз нәрселер мен ұғымдар жиі қолданылған және олардың әрқайсысы жеке терминдік мәнге не түспалдық мағынаға ие. Шығыс ақындары сұлу қызы бей-

98 Ұсмайылов Е. Әдебиет туралы ойлар. – Алматы: Жазушы, 1968. – 167 6.

99 Қорамсаұлы А. Қолжазба өлеңдері. (жинаушысы – Қ. Қазыбеков) – OFK, КК; ш.273, 5-дәптер, 7 б.

несін де ерекше мәнді теңеулермен сомдаған. Әсет Найманбайұлы өзінің «Тоты» деген өлеңінде:

Пәруана өлім іздел түсер отқа,
Шын гашық аямаған басын сотқа,

– дей келіп, қайырмасында:

Қапаста тоты-ай,
Махаббат оты-ай,
Жандырады жүректі-ай!¹⁰⁰ – деп зарланады.

Ақан серінің «Үш тоты» деген әнінен мазмұны тереңге тартқан Шығыс мотивтерін аңғару қысын емес:

«Біз бұлбұл қызыл гүлге тартқан сада,
Нәркес көз, қалам қасты, лағыл бала.
Иранның құсни зия тотысындей,
Жануардан әркан асыл тудың зада¹⁰¹.

Бұлбұл, тоты құс сарындары ежелгі парсы поэзиясында аса көп қолданылатыны былай тұрсын, жекелеген жыр-дастандардың кейіпкері ретінде де ұшырасады. Әдебиет зерттеушісі, парсытанушы И. Жеменей Хафиздің символдық метафораны көп қолданатынын айта келе: «Ай» – сүйікті, оның жүзі ай тәріздес дөңгелек және жарық «шырақ», «Раушан гүлі және бұлбұл» – екі гашық символы, «гиацант» – сұлудың шашы т.б. символдарын білдіреді», – деп жазады¹⁰².

Шығыс классикасындағы образ жасау, бейнелеу тәсілдерін үздік менгерген қазақ шайыры Шәді Жәңгірұлының дастандарында «гүл – бұлбұл» сарындары тұрақты орын алған. Белгілі әдебиеттанушы Н. Келімбетов Шәді шығармашылығы мен Науай,

100 Найманбайұлы Э. Шығармалары. Өлеңдер.– Алматы: Жазушы, 1988.– 50 б.

101 Корамсаұлы А. Қолжазба өлеңдері. (жинаушысы – Қ. Қазыбеков) – OFK, ҚҚ: ш.273, 5-дәптер. – 5 б.

102 Жеменей И. Хафиз – Шәкәрім рухани үндестігі. – Алматы: Даналық мәйегі, 2008. – 41 б.

Мухимий, Хамза сияқты өзбек ақындарының стильдік жақындықтары хақында ой өрбіте отырып, ондағы дәстүрлі сарындардың («гүл – бұлбұл») ұқсас қолданысына тоқталады: «Ол үлгілі әдебиеттің гуманистік, ағартушылық идеяларына үндес мотивтерді жыраумен бірге, өзіне дейінгі әдеби дәстүрдің көріктеу, бейнелеу, құралдарын да образ жасау тәсілдерін де білтірлікпен пайдаланады, әрі соларға еліктеп қазақ топырағына лайықты көркем бейнелер жасады, Шығыс поэзиясының дәстүрлі бейнелеу тәсілдерін өз оқушысына жақын, түсінікті етіп қайта тудырады. Мәселен, шығыстың классикалық әдебиетінде ғашықтар арасындағы сүйіспеншілікті бейнелеу үшін жиі қолданылатын аллегориялық тәсілдердің бірі «гүл – бұлбұл» тенеуіне байланысты болған. Бұл тәсіл – ақынның ой-пікірін нақты сурет арқылы бейнелеп көрсету үшін пайдаланылған»¹⁰³. Шәді шайыр:

Сайраған қайсы бақтың бұлбұлы едің,
Бәрібір алған жамалыңдан қай ғулістан?!.. – десе,

Ақан сері:

Айырылдым тағдыр айдап бұлбұл құстан,
Тарттым мен қасірет-қайғы бала жастан,

– деп ғашық жарына ән арнайды. Гүл, бұлбұл мотивтері, әсіресе, Шәкәрім туындыларында ерекше мәнге ие.

Гүлге асық боп сайраған,
Қызыл тілді қайраған,
Жүргегі оттай қайнанаған
Мұнлы шерлі мен бұлбұл!

103 Келімбетов Н. Көркемдік дәстүр жалғастығы. Зерттеу. – Астана: Елорда, 2000. – 263 б.

104 Жәңгірұлы Ш. Назым шаһар дәреүіш. – Ташкент, 1913. – 71 б.

105 Қорамсаұлы А. Қолжазба өлеңдері. (жинауышы – Қ. Қазыбеков) – ОФК, КҚ: Ш 273, 5-дәптер, 6 б.

106 Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары (Құраст. М. Жармұхамедов, т.б.) – Алматы: Жауашы, 1988. – 245 б.

«Тілім – бұлбұл, сөзім – бұлақ!» деп жырлаған Шәкәрім поэзиясындағы «гүл», «бұлбұл», «от», «көбелек», «қымыз» сөздері символдық мағынасы бойынша Алла мен тақуа адам – сопы арасындағы рухани қатынасты түспалдайды. Бұлбұл – гулге, көбелек – отқа ғашық. Ғашығына қолы жетпеген мағшүқ не көбелектей отқа түспек, не болмаса, «қымыз ішіп, мас болмақ, есінен айырылмақ». Бұл да жай шараптың мастығы емес. Аллаға деген ұлы махаббаттың қүштілігінен есінен танып құлайтын сопы – дәруіштің, яки болмаса, Хафиз бер Шәкәрім мысалындағы шайырлардың рухани мастығы – «мағшүқ жар» азабы.

Хафиз ғазалдарында сұлу жар мен шарапқа байланыстырылған аллегориялық меңзеу мол. Парсы, түркі шайырлары *gañap*, *raušan*, *ай*, *гүл*, *шарапхана*, *сахи*, *мәй*, *кесе*, *дидар*, *дерт* т.б. сөздер арқылы сопылық поэзияға тән образдар әлемін жасайды. Шайыр:

Ей, сахи дос, қүй шарапты, көтерейік көнілді...
Оңай деген махаббаттың қайғысы ауыр көрінді...
Егер саған әмір етсе ақылы терең пір мұған,
Күнә көрме жайнамазға қызыл шарап тәгуді...
Маспын ба мен, әлде жоқ па – кімнің қандай ісі бар?
Құпия мен Ақиқаттың Хафиз – анық білгірі!¹⁰⁷

– деген үлгідегі өлең – ғазалдарында «шарапты» – Алланың нұры сипатында мадақ еткен. Хафиз бер Шәкәрім поэзиясындағы аударма және көркемдік дәстүр мәселелерін зерттеуші И. Жеменей: «Шәкәрім өлеңдерінде Хафиз тәрізді шығыстық дәстүрге салып, біраз сөздерді ауыспалы мағынада қолданған. Ол өз өлеңдерінде «арақ – ақыл, мастық – ой, жар – хақиқат» деп түсіндіріп отырады»,¹⁰⁸ – деп тұжырымдайды. Расында, Шәкәрім ғана емес, Абай да Хафиз туындыларының сиқырлы сұлулығына тәнті болғандығы мәлім. Хожа Хафизді Шығыстың «жеті жүлдізы» санатында атап, олардан «медет сұрауы» да бекер емес. Абайдың:

107 Хафиз. Ғазалдар/Ауд. Ә. Жәмішев. – Алматы: Жазушы, 1986. – 212 б.

108 Жеменей И. Хафиз – Шәкәрім рухани үндестігі. – Алматы: Даналық мәйегі, 2008. – 93 б.

Махаббатсыз – дүние бос,
Хайуанға оны қосындар,

– деп келетін өлеңі мен Хафиздің:

Махаббатсыз – дүние тұл:
Онсыз рахат, илһам жок,

– деп бітетін ғазалы арасындағы рухани үндестікті аңғару қыынға соқпайды. «Гүл – бұлбұл» сарыны Кете Жүсіптің «Өмір сырлары» атты толғау-ғазалында:

Көңілім – гүл, өмірім – бақша, тілім – бұлбұл,
Адамзат осы ушеумен жайнайды гүл,

– турінде кездеседі¹⁰⁹.

Шығыс поэзиясындағы дәстүрлі бейнелеу құралдарының бірі – сұлу қыздың қасын – садаққа, ал кірпігін оның өткір оғына ұқсату. Мұның өзі ғашық жардың портретін толықтырып, жандандыру үшін қолданылып келгені мәлім. Сәйф Сараи өзі тұстас шайырлармен мүшәйраға түскенде көптеген сопылық терминдерді қолданғанын көреміз. Ол Жаратушының дидарын дәстүрлі «Сұлу жар» сарынында сомдайды. Мысалы:

Кірпігінің оқына – жанлар нышан,
Қаш йайысыниң жаһан құрбаны-дур...

Немесе:

Құрып қашы йайысын қара көзлерің,
Атар кірпік оқын мәңа көзлерің.
Бір оқ бірлә Рустемні аттан йықар,
Неше атса қылмас хата көзлерің¹¹⁰.

109 Кете Жүсіп (Өлең-толғаулар, дастандар мен айтыстар) – Алматы: Арыс, 2003. – 123 б.

110 Сараи С. Гөлестан. Лирика. Дастан. – Қазан Татар. Кит. Нәшр. 1999. – 263 б.

Осы текстес жолдарды Хафиз ғазалдарынан да жиі ұшыратуға болады:

Кірпіктерің қадалғанда жебесіндей садақтың,
Әулие мен әнбие де жоғалтар бар тынымын¹¹¹.

Әлішер Науайдің иллаһи ғазалдарының бірінде:

Жонима пайваста ноуак атқали,
Замза оқын қашыға елаб дүрүр¹¹²,

– деген тармақтар кездеседі.

Шығыс классиктерінің мұндай образ жасау дәстүрі Шәкәрім шығармаларында әдемі жалғасын тапқан.

Нұрына күн нұры жетпес,
Қасы – жай, кірпігі – оқ реттес.
Көнілден суреті кетпес,
Жүзі – сиқыр, шашы – тұзақ¹¹³,

– дейді қазақ шайыры өзінің сопылық бағытта жазылған өлеңінде. Шәкәрім өзінің көптеген өлеңдерінде Хафизді үлгі ете отырып, өзгеше сарынды, өрнегі мол иллаһи туындылар жазды. «Екеуі де тазалыққа, тақуалыққа құштар. Таза жүректі іздейді, армандаиды»¹¹⁴. Сондай-ақ, Шәді Жәнгірұлының:

Tisi – дүр, аузы – ғұнша, көзі – нәркес,
Жүзі – ғұл, шашы – сүмбіл, қыылған қас.
Белі – қыл, лебізі – бұлбұл, мұрны – пісті
Дүниеде еш адам жоқ бұған үқсас.

111 Хафиз. Ғазалдар /Ауд. Ә. Жәмішев. – Алматы: Жазушы, 1986. – 36 б.

112 Науай А. Хамса. – Тошкент: Бадий адабиет, 1960. – 719 б.

113 Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары (Құраст. М. Жармұхамедов, т.б.). – Алматы: Жазушы, 1988. – 212 б.

114 Жеменей И. Хафиз – Шәкәрім рухани үндестігі. – Алматы: Даналық мәйегі, 2008. – 60 б.

Немесе:

...Қасы – *ай*, кірпігі – *оқ*, шашы – *құндыз...*
Ай мысал он төртінші, яки жүлдyz,¹¹⁵

– деген өлең шумақтарында Науаи, Хафиз, Сараи сынды парсы-туркі шайырларының әдеби дәстүр жалғастығын айқын сеземіз.

Орта ғасырдағы түркі әдебиетінің әсері Тұрмамбет, Омар, Шәді, Мәшін Жұсіп, Ақан серімен қатар Ақылбек, Мақыш, Ақмолла, Мұхаммеджан, Тайыр секілді қазақ қаламгерлерінің шығармашылықтарында айқын сезіледі. Орта ғасырдағы араб, парсы және түркі-шағатай ақындарының махаббат тақырыбындағы туындылары қазақ әдебиетінде жаңа, тың бағытқа жол ашқан көркемдік әдіс-тәсілдер, эстетикалық түрғыдан соны поэтикалық символ, теңеу, эпитет, метафора түрлерін қолданысқа енгізуде маңызды рөл атқарды. Эрине, жогарыда сөз болғандай, ғашықтық тақырыбын жырлауда жекелеген теңеу сөздер ғана емес, Шығыстың атақты дастандары мен аңыздарында «жеті ғашық» ретінде дәріптелген махаббат қаһармандары да зор үлгі болды.

Ұлттық тәрбие, тәлім, өсінет, насихат, ғибрат, шарғи парыз, уәжіп, сұннет сөздері Тұрмамбет, Омар, Мәшін Жұсіп, Нұржан өлеңдерінен тұрақты орын тепкен. Әсіреле, Сыр сулейлерінің саңлақ өкілі Тұрмамбет поэзиясы түгелдей дерлік дидактикалық тақырыптарды қамтиды. Мұның өзі оның ақындық стилінің басты көрсеткішіне айналғандай. Мысалы, «Жігітте жүртты жеген күй болмайды», «Алысқа аңлауымда ақыл серік», «Шамдай бол түн пердесін ашатуғын», «Ер деме артында аты қалмаганды», «Сабырлы салтанатқа болар ие», «Жақсы өзін жсан біткеннен кем көреді», «Аузың жұм, аш қолыңды болса есің», «Ерлерім, өзгені қой, өзіңді онда», «Шырын тіл, шырайлы жүз болсаң кішік», «Осы айтқан үгітімді ескеріңдер», «Айтқанын Құран атты қыл кітаптың», «Аш болам деп ablықпа», «Ар-намыс, азаматтар, қайды қалған?», «Сырыңды сыртқа, бек-

115 Жәңғірұлы Ш. Назым шаһар дәруіш. – Ташкент, 1913. – 8, 10 бб.

тер, білдірмесең, т.б. толғауларының айтар ойы – анық, берер ғибраты – бедерлі.

XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясының маңызды бөлігін қисса-дастандар мен хикая, поэмалар құрайды десек, бұл жанрдың басты стильдік белгілері де ортағасырлық парсы-туркі классиктерінің ізіне тіреледі. Эпикалық мұрамыздың негізгі тақырыптары діни, ғашықтық, әлеуметтік-турмыстық және батырлық жайындағы сюжеттерді жырлағанымен, олардың басты мақсаты ағартушылық идеясына бағытталуымен бағалы. Көптеген дастандардың соңғы бөлімінде Абайдың «Ескендір» поэмасындағы секілді дидактикалық ғибрат, тағымды ой-пікірлер айтылып отырды. Тіпті, шайырлардың шағын толғау, ғазалдарының да дидактикалық мән-мазмұны терең. Бұл – ағартушылық бағыт өкілдері шығармашылығының негізгі стильдік ерекшеліктерінің бірі. Қазақ шайырлары дін амалдары мен әділдікті, қайырымдылық пен жомарттықты ылғи да насихаттап отырған. Абай жазған бес түрлі жаман әдет пен бес түрлі жақсылықтың залалы мен пайдасын хал-қадірінше халыққа ғибрат етуші де осы діни-ағартушылық бағытты ұстанған ояну дәуірінің сауатты ақындары.

Тұжырымдай келгенде, сонау көне, орта ғасыр кезеңдеріндегі туркі-қыпшақ әдебиетінде ұшырайтын түрлі әдеби және діни-дидактикалық мотивтердің кейінгі қазақ әдебиетінде қайтара кездесуі – қалыпты құбылыс.

ПАЙДАЛАНЫЛГАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1-том. – Алматы: Жазушы, 1995.
2. Абдуллин Я.Г. Татарская просветительская мысль (Социальная природа и основные проблемы). – Казань, 1976.
3. Адамбаев Б. Шешенәндік сөздердің халықтық силаты. Шешенәндік сөздер. – Алматы: Жазушы, 1967.
4. Айқын қызы бен Жарылгасын хожаның айтысқаны. Домбровский Б. Л. мәтбұғасы. – Қазан, 1911.
5. Аймауытов Ж. 5-томдық шығармалар жинағы. 5-том. Алматы: Фылым, 1999.
6. Айтыс. 1-том. Құрастыргандар: Ахметов Ш., Үсқақов Б., Байділдаев М. – Алматы: Жазушы, 1965.
7. Айтыс. 2-том. Құрастырган: Ахметов Ш. – Алматы: Жазушы, 1965.
8. Айтыс. Қөп томдық Жауапты шығарушы: Алманов Э. – Алматы: Жазушы, 1988.
9. Актуальные проблемы сравнительного стихосложения. – Фрунзе, 1980.
10. Ахметов З. Основы теории казахского стиха. – Алматы, 2002.
11. Әбдулов М. Қазақтың діни эпосы (монография). – Қарағанды: Қарым, 2006.
12. Әбдірасылқызы А. Қ.А. Йасауидің ақындық әлемі. – Алматы: Кие, 2007. –264 б.
13. Әбжет Б. Шаманизмдегі Ай құдайының бейнелену ерекшелігі // Ақиқат.
14. Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 2006.
15. Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы: Қазақ КСР РА баспасы, 1961.
16. Әдеби жәдігерліктер. 17-том. – Алматы: Таймас, 2012.
17. Әдеби жәдігерліктер. 6-том. – Алматы: Таймас, 2012.
18. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Құрастыргандар: Ахметов З., Шаңбаев Т. – Алматы: Ана тілі, 1998.
19. Әжинияз З. Таңдамалы шығармалар. – Нөкіс: Қарақалпақстан, 1975.

20. Әлібекұлы А. Мәмлүктер кезіндегі түркі-қыпшақ әдебиеті (дамуы, өкілдері, өлең өлшемі). Филол.ғыл.канд..автореф.-ы. – Алматы, 2005.
21. Әуезов М. 20-томдық шығ. жин. Т.15. – Алматы: Жазушы, 1984.
22. Әуезов М. 20-томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985.
23. Әуезов М. Айтыс өлеңдері. 2-том. – Алматы: Жазушы, 1965.
24. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ғылым, 1991.
25. Әуезов М. Әлішер Науай. Таңдамалы шығармалар. – Алматы, 1948.
26. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы: ҚазмемКӘБ, 1959.
27. Әуезов М. Жиyrма томдық шығ.жинағы. 17-том. – Алматы: Жазушы, 1985.
28. Әуезов М. Уақыт және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 1962.
29. Бабалар сөзі. Жұз томдық. 11-том. – Астана: Фолиант, 2005.
30. Бабалар сөзі. Діни дастандар. Көптомдық. 2-том. – Астана: Фолиант, 2002.
31. Бабур Захир Ад-дин Мухаммад. Трактат об арузе. –Ташкент, 1972.
32. Байділдаев М., Сақиев З. Орта Азияның орталық ақыны // Леніншіл жас, 1977. Қазан. –14.
33. Байрон Дж. Г. Еврей саздары. Өлеңдер. Аударған: Ғафу Қайырбеков. – Алматы: Жазушы, 1965.
34. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеулер мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003.
35. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығ.жинағы. 1-том. – Алматы: Алаш, 2003.
36. Баласағұни Ж. Құтағду білік: Құт әкелетін білім. Баспаға әзірлеғен Құрысжанұлы Ә. – Туркістан: Тұран, 2004.
37. Барапов Х. К. Арабско-русский словарь: 6-ое изд. Стереотип. – Москва: рус. яз., 1985.
38. Беляев Е.А. Арабы, Ислам и Арабский Халифат в ранее средневековье. – Москва, 1966.
39. Бердібаев Р. Ғұлстанның бұлбұлдары. – Алматы: Жазушы, 1970.
40. Бердібаев Р. Сарқылмас қазына. – Алматы: Мектеп, 1983.
41. Бердібай Р. Элішердің асқақ арманы. Бес томдық тандамалы шығармалар жинағы. 4-том. – Алматы, 2005.
42. Бердібай Р. Эпос – ел қазынасы. – Алматы: Рауан, 1995.

43. Бертельс Е.Э. Избранные труды. – Москва: Наука, 1965.
44. Бертельс Е.Э. История персидско-таджикской литературы. – Москва: Наука, 1960.
45. Бертельс Е.Э. Навои. Изд-во АНССР Москва, 1948, Ленинград.
46. Бертельс Е.Э. Суфизм и суфиская литература. Избранные труды. – Москва, 1965.
47. Бес жасыр жырлайды. Екі томдық, 1-том. – Алматы: Жазушы, 1989.
48. Бичурин Н.Я. Средняя Азия и Восточная Туркестан. – Алматы: Салнат, 1997.
49. Брагинский В.И. Проблемы типологии средневековых литератур Востока. – Москва: Наука, 1991.
50. Бұлғұтай М.Ж. Ата-баба діні. Түркілер неге мұсылман болды? – Алматы: Білім, 2000.
51. Васильев Г.М. Якутское стихосложение. – Якутск, 1965.
52. Веселовский В.Н. Историческая поэтика. – Ленинград, 1940.
53. Brill E. J. First Encyclopaedia of Islam. 1913-1936 edited by M. Th. Houstma, Arnold T. W., Basset R., and Hartmann R. Volume II, BABA Fighani-Dwin. – Leiden, New York, 1987.
54. Габдрахим Утыз-Имяни ал-Булгари. Избранное. – Казань, 2007.
55. Гайнетдин М. Габдерахим Утыз-Имяни. – Казан, 2005.
56. Гаспаров М.Л. Оппозиция «стих-проза» и становление русского
57. Гаспаров М.Л. Очерк истории европейского стиха. – Москва: Наука, 1989.– 253 с.
58. Гумилев Л. Древние тюрки. – Москва: Наука, 1967.
59. Гумилев Л.Н. Қоңе түріктер. – Алматы: Білім, 1994.
60. Гумилев Л.Н. Тысячелетие вокруг Каспия. Москва: Мишель и К, 1993.
61. Дербісәлин Ә. Дәстүр мен жалғастық. Алматы: Ғылым, 1976.
62. Дербісәлин Ә. Дәстүр мен жалғастық. – Алматы: Ғылым баспасы, 1976.
63. Дербісәлин Ә. Өмір және поэзия. XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы. – Алматы: Ғылым, 1985.
64. Досмұхаммедұлы Х. Аламан. – Ташкент: 1925.
65. Даудсенбаев Ы. XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті. 2-т. – Алматы: Ғылым, 1965.

66. Дүйсенов М. Айтыс өнерінің өрісі. Жамбыл және қазіргі халық поэзиясы. – Алматы: Фылым, 1975.
67. Егеубаев А. Ежелгі дәүірдегі қазақ әдебиетінің көркемдік жүйесі. – Алматы, 1999.
68. Еңсегенұлы Т. «Ырқ бітіг» – «Алдыңды болжап бал ашатын кітап» түркі жалғастығы. – Алматы, 1998.
69. Жармұхамедұлы М. Айтыс өлеңдерінің арғы тегі мен дамуы. – Алматы: Мұраттас, 2001.
70. Жәңгірұлы Ш. Назым шаһар дәруіш. – Ташкент, 1913.
71. Жеменей И. Мұхаммед Хайдар Дулати. – Алматы: Зерде, 2007.
72. Жеменей И. Тарих-и Рашиди еңбегінің әдеби әлемі. – Алматы: Жазушы, 1985.
73. Жеменей И. Хафиз-Шәкәрім рухани үндестігі. – Алматы: Даналық мәйегі, 2008.
74. Жирмунский В.М. О тюркском народном стихе // Тюркский героический эпос. – Ленинград, 1974. – 664 с.
75. Жирмунский В.М. Сравнительное литературоведение. – Ленинград: Наука, 1979.
76. Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. – Ленинград: Наука, 1974.
77. Жолдасбайұлы С. Ежелгі және орта ғасырдағы Қазақ елінің тарихы. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық. – Алматы, Кітап, 2010.
78. Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: Жазушы, 1986.
79. Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті. Монография. – Алматы: Арыс, 2006.
80. Жұмалиев Қ. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1967.
81. Жұмбақ қазақ тілінде. Бастыруышы: Сабыржан Мұхаммед-Садықұлы). – Қазан, 1903.
82. Зарубежная тюркология. Вып.1. Древнетюркские языки и литература. – Москва: Наука, 1986.
83. Захир-ад-дин Мұхаммед Бабыр. Бабырнама. Аударған: Қожабеков Б. – Алматы: Жалын, 1990.
84. Зәртошт. Ежелгі Иран пайғамбары. Құрастырған және түсінігін жазған Ҳашим-е Рази. – Тегеран: Бехджат, 2001.

85. Идирис Шах. Суфизм. – Москва: Клышников, Комаров и К, 1994.
86. Исламов Р. Еще раз о «Джумджума султан» Хусама Катиба // «Гасырлар авазы – Эхо веков» научно-документальный журнал. – Казань, 2004.
87. Исламов Р. О новом исследовании «Кисекбашкитабы» // «Гасырлар авазы – Эхо веков» научно-документальный журнал. – Казан, 2006.
88. Исламов Р.Ф. Алтын орда һәм мәмлүкләр Мисыры: язма мирас, мәдәни бағланышлар. – Казан: Матбуғат йорты, 1998.
89. Йассауи Қ.А. Диуани хикмет. – Алматы: Жазушы, 1993.
90. Йассауи. Қ.А. Хикмет жинақ (Аударғандар: Жармұхамедұлы М., Шағиғи М., Дәүітұлы С., Дүйсенбай Е.). – Алматы, 1998.
91. Кәкішев Т. Сын сапары. – Алматы: Жазушы, 1971.
92. Келімбетов Н. Ежелгі әдеби жәдігерліктер.– Алматы: Алатау, 2005.
93. Келімбетов Н. Ежелгі дәүір әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1991.
94. Келімбетов Н. Ежелгі дәүір әдебиеті: Қазақ әдебиеті бастаулары. – Алматы: Атамұра, 2005.
95. Қенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының проблемалары. – Алматы: Фылым, 1973.
96. Қенжебаев Б. XX ғ. басындағы әдебиет. Алматы: Білім, 1993.
97. Қердегі Әбубәкір. Әдебиет қазақия. – Қазан: Керімовтер мәтбасы, 1905.
98. Қердегі Әбубәкір молла мен Қожахметтің айтысқан сөзі // Дала уәләятының газеті, 1900. – №22-23.
99. Қерім Ш. Қазақ жұмбағы. – Алматы: Санат, 1999.
100. Короглы Х. Огузский героический эпос. – Москва: Наука, 1976.
101. Қөлдейбекұлы Е. Ұлағат сөзім ұрпаққа. Алматы: Маржан, 1995.
102. Қөпейұлы М.Ж. Қөп томдық шығармалары. 1-том. – Алматы: Алаш, 2003.
103. Крымский А.Е. История новой арабской литературы. – Москва: Изд.вост-й лит-ры, 1971.
104. Кумисбаев У. К. Проблемы арабо-персидских и казахских литературных связей (XIX-XX в.в.). – Алматы: Изд-во КазГУ, 1996.
105. Құмісбаев Ө. Әлішер Науай. Терең тамырлар. – Алматы, 1994.

106. Құмісбаев Ә. Иран әдебиетінің тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009.
107. Құмісбаев Ә. Ораз молда. Мәделікожа. Майлышкожа // XIX ғасырдағы қазақ ақындары. – Алматы: Ғылым, 1988.
108. Құмісбаев Ә. Терең тамырлар. – Алматы: Ғылым, 1994.
109. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 1976.
110. Қазақ қолжазбаларының ғыл. сипаттамасы. Айтыс. 6-том. – Алматы: Ғылым, 1989.
111. Қазақ фольклорының типологиясы. – Алматы: Ғылым, 1981.
112. Қаратаев М. Ақын туралы ақиқат // Қазақ әдебиеті. 1962. – Шілде. 6
113. Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. Тарихи-танымдық этнографиялық әдебиет. 1-кітап. – Астана, 2003.
114. Қасқабасов С. Жаназық. Эр жылғы зерттеулер. Астана: Аударма, 2002.
115. Келімбетов Н. Көркемдік дәстүр жалғастығы. Зерттеу. – Астана: Елорда, 2000.
116. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984.
117. Қондыбаев С. Қазақ даласы және Герман тәнірлері. – Алматы: Зерттеу, 2000.
118. Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1994.
119. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы: Ғылым, 1987.
120. Қоңыратбаев Ә. Қ. Туркітану және шығыстану мәселелері. Көп томдық шығармалар жинағы. 2-т. – Алматы: МерСал, 2004.
121. Қорамсаұлы А. Қолжазба өлеңдері. Жинаушысы – Қазыбеков Қ. – ОФК, ҚЦ:ш. 273,5-дәптер.
122. Қосанов С. Базар жырау Оңдасұлының әдеби мұрасы. Ақындық дәстүр, жанр, поэтика. Ф.ғ.к. ғыл. дәреж. авторефераты. Алматы, 2005.
123. Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары. Құрастырыған: Жармұхамедов М. – Алматы: Жазушы, 1988.
124. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. – Алматы: Ғылым, 1988.
125. Қыраубаева А. Шығыстық қисса-дастандар. – Алматы: Рауан, 1997.

126. Леви – Строс К. Структурная антропология. – Москва: Наука, 1985.
127. Литературного стиха // Русское стихосложение. Традиции и проблемы развития. – Москва: Наука, 1985.
128. Любимов Л. Ежелгі орыс өнері (оку кітабы). Аударғандар: Қасымбеков Қ., Тәжіғұлов С. – Алматы: Өнер, 1989.
129. Мағауин М. Қазақ хандығы дәүіріндегі әдебиет. – Алматы, 1993.
130. Материалы по исторической фонетики тюркских языков. – Москва.
131. Мәтбек Н. Сүлеймен Бақырганидың (Хакім ата) әдеби мұрасы. Оқу қуралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2008.
132. Мехмет Али Йылмаз. Айтыс жанрының типологиясы. Ф.ғ.к. ғыл. дәреж. Авторефераты. – Алматы, 2010.
133. Миннегулов Х. И. Бу «Гөлестан» даимән қүңел ачар (Алғы сөз) – Сараи Сәйф. Гөлестан. Лирика. Дастан. – Казан: Татар.кит.нәшр., 1999.
134. Молда Мұса (Мұсабек Байзакұлы) Өткен күндер: Өлеңдер, мысалдар, айтыстар.– Алматы: Жазушы, 1987.
135. Мұқанов С. Айтыстар туралы. 1-том. – Алматы: Жазушы, 1965.
136. Найманбайұлы Ә. Шығармалары. Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1988.
137. Науай А. Хамса.– Тошкент: Бадий адабиет.– 1960.
138. Науай. Ә. Ғазалдар. Аударған Кепішев Қ. – Алматы: Жазушы, 1968.
139. Науай. Ә. Ескендер қорғаны, ғазалдар. – Алматы: Аударма, 2008.
140. Наушабайұлы Н. Манзумат Қазақия. – Қазан, 1903.
141. Омарұлы Б. Зар заман поэзиясы. Генезис, типология, поэтика. – Алматы: Білім, 2000.
142. Оспанов Ә. Қаратая шайырлары. – Алматы: Қазақ университеті, 1991.
143. «Оғыз-наме», «Мухаббат-наме». Алматы: Ғылым, 1986.
144. Өмірәлиев Қ. III-XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері. – Алматы: Ғылым, 1985.
145. Пропп В. Я. Поэтика фольклора. – Москва: Лабиринт, 1998.
146. Радлов В. В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Дзунгарской степи // Киргизские народы. Часть III. – СПб., 1870.
147. Рахмонов Н. Руханиятдаги нур муроди. – Тошкент, 2002.

148. Руна жазуымен қағазға түсірілген философиялық өлеңдер жинағы. Монография. – Алматы: Толғанай Т, 2012.
149. Сагалаев А.М. Мифология и верования Алтайцев. Центрально-азиатские влияния. – Новосибирск: Наука, 1984.
150. Сапарғали мен Нұржанның айтысы // Жұмбақ уа мақалалар. (Құраст. О. Жәнібеков). – Қазан: Шараф мәтбагасы, 1908.
151. Саримсаков Б. Узбек адабиетида сажъ. – Тошкент, 1978.
152. Сәййф Сараи. Гөлестан. Лирика. Дастан. – Қазан: Татар. Кит. Нәшр, 1999.
153. Сейфуллин С. Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары. 1-жинақ. – Алматы: Қазақстан, 1931.
154. Сейітова А. Абай поэзиясындағы шығыстық сарындар. Филол.ғыл. канд.автореф. – Алматы, 2009.
155. Соссюр Ф. Де. Труды по языкоznанию. – Москва: Наука, 1977.
156. Стеблева И. В. Развитие тюркских поэтических форм в XI веке. –
157. Стеблева И. В. Поэзия тюрков VI-VIII вв. – Москва, 1965.
158. Стеблева И. В. Поэтика древнетюркской литературы и ее трансформация в стиховедения. – Ереван, 1976.
159. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 2006.
160. Сыдықұлы Қ. Сарқылмас қазына. – Алматы: Ғылым, 1966.
161. Тебегенов Т. Ақындық поэзиядағы фольклор мен әдебиет дәстүрі. Әдеби процесс. Авторлық поэзия... Фил. ғ.д. авторефераты. – Алматы, 2002.
162. Теория стиха (под.ред. В.И. Жирмунского и др). – Ленинград, 1968.
163. Тиливалди А. Древнетюркский книжный стих. – Алматы, 2002.
164. Тобуроков Н.Н. Хакасский стих. – Абакан, 1991.
165. Тотынама. Хикаят. Аударғандар: Қоңыратбаев Ә., Қоңыратбаев Т. – Алматы: Жазушы, 1991.
166. Төрекұлов Н. Қазақ совет халық поэзиясының жанрлық ерекшеліктері. – Алматы: Ғылым, 1979.
167. Туйчиев У. Аруз системаси узбек поэзиясида. – Ташкент, 1989.
168. Тұрманжанов Ә. Молда Мұса ақын туралы // Әдебиет майданы, 1935. – №8.
169. Тұрсынов Е. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. – Алматы: Ғылым, 1976.

170. Усманов Х.У. Древние истоки тюркского стиха. – Казань, 1984.
171. Усманов Х.У. Тюркский стих в средние века. – Казань, 1987.
172. Фильшинский Я.М. Арабская классическая литература. – Москва: Изд-во Восточной лит-ры, 1965.
173. Фролов Д. В. Классический арабский стих. – Москва: Наука, 1991.
174. Хамгашалов А.М. Опыт бурятского стихосложения. – Улан-Удэ, 1940.
175. Хамраев М.К. Основы тюркского стихосложения. – Алма-Ата, 1963.
176. Хамраев М.К. Пламя жизни (о системе стихосложения тюркских народов). – Ташкент, 1988.
177. Хафиз. Фазалдар. Аударған: Жәмішев Ә. – Алматы: Жазушы, 1986.
178. Холшевников В. Е. Стиховедения и поэзия. – Ленинград, 1991.
179. Шаповалов В. К. К проблеме о диалектике развития национального стиха на современном этапе // Актуальные проблемы сравнительного стиховедения. – Фрунзе, 1980.
180. Шарафутдинов Д. Рукопись из древнего Саксина // «Гасырлар авазы – Эхо веков» – научно-документальный журнал. – Казань, 2003.
181. Шарафутдинова Л. Р. Традиции суфизма в башкирской литературе: Автореф. дисс.канд.филол.наук. – Уфа, 2007.
182. Шарипов Ә.М. Творческая биография. – Казан, 1998.
183. Шекен Жандос. Монғолдың құпия шежіресі: Фольклорлық, әдеби негіздері. Монография. – Қарағанды: Гласир, 2006.
184. Шораяқтың Омары. Сөйле, тілім, жосылып. Өлендер, дастандар, айтыстар. – Алматы: Рауан, 1995.
185. Ысқақов Б. Бердақ пен Тұрмамбет // Социалистік Қазақстан, Қазань. 1962.
186. Ысмайылов Е. Ақындар. – Алматы: Қазмем КӘБ, 1956.
187. Ізтілеуұлы Т. Шығармалары. 1-том. Құрастырғандар: Байділдаев М., Алматов А.). – Алматы: Жазушы, 2007.
188. Ізтілеуұлы Т. Шығармалары. 1-том. Құрастырғандар: Байділдаев М., Алматов А.). – Алматы: Жазушы, 2007.

РЕЗЮМЕ

Тюркская литература древнего и средневекового периодов особенно отличалась множеством канонических традиций, своеобразной манерой письма и богатством поэтики и стиля. Литература тюрков в средние века, как любая литература в мире являясь продолжательницей традиций фольклора, вышла на новый уровень развития в аспекте изменившихся соотношений классической древности (античности) и средневековья.

В монографии «Типология древнетюрской литературы» рассмотрены самые актуальные проблемы сравнительной литературы. Использованы эффективные методы мировой компаративистики. В процессе реализации данного исследования с новой точки зрения анализировались этно-культурные, историко-социальные и литературно-эстетические мотивы, присутствующие в литературе древнего мира, средних веков, а также литературе новой эпохи. Проанализированы поэтические произведения тюркского мира, которые дадут возможность соприкоснуться широким слоям читателей с духовным наследием тюркских народов. Особенно произведения таких поэтов, как Ахмет Яссави, Ахмет Иугнеки, Сулаймен Бакыргани, Санай, Насими, Люфи, Атаи и другие, которые являются основоположниками литературы антично-древнего и средневекового периодов. Эти авторы стремились раскрыть традиционную ментальность общетюркского народа и значительно упрочили свои позиции в восточном литературном процессе.

Выявлены разные критерии типологических аспект (идеи, стиль, жанры, мотивы, сюжеты и т.д.) и взаимосвязи литературных текстов, а также культурных моделей древности. Изучены глубокие корни идеи гуманизма, нашедшие отражение в литературе тюркского классицизма. Также в результате исследования определено место в литературном процессе творческих личностей, пропагандировав духовные ценности, осмыслено их мировоззрение и особенности их творчества, что даст широкую возможность, подрастающему поколению, ознакомиться с литера-

турными источниками, где находят свое проявление жизнеутверждающие идеи.

Древнетюркские литературные памятники и особенно классическая поэзия тюрков получили широкое распространение за рубежом благодаря значительному количеству художественных переводов на иностранные языки. Поэтому изучение духовного образа тюркских народов с точки зрения иного национального сознания расширяет границы компаративистики.

Авторы данной монографии сопоставляя литературы древности разных народов Центральной Азии, пришли к единому выводу, что истоки казахской литературы следует искать в общеитюркском мире. Поэтому результаты данных исследований могут быть использованы не только в Казахстане, но и в научной среде Турции, Узбекистана, Азербайджана, Киргизстана, Татарстана и др. тюркоязычных государств. Литературно-историческое значение коллективного монографического труда важно для диаспоры разных народов, проживающих в Казахстане, для усиления и укрепления их духовно-культурных связей с исторической родиной.

SUMMARY

Turkic literature of the ancient and medieval periods has distinctive features such as canonical traditions, specific manner of writing and rich poetics and style. As any world literature, the literature of the Turks in the Middle Ages, being a continuity of folklore traditions, has reached a new level of development in terms of changed correlation between classical antiquity (antique) and the Middle Ages.

The monograph "Typology of old Turkic literature" highlights the most pressing issues of comparative literature. The effective methods of world comparative study have been used. In the course of this research, ethno-cultural, historical, social and literary-aesthetic motifs which existed in the literature of ancient world, the Middle Ages, as well as the literature of a new era, have been analyzed from a new perspective. Poetry of the Turkic world, which will provide the opportunity to the readers to get closer to the spiritual heritage of Turkic peoples, has been analyzed. Especially the works of such poets as Ahmed Yassaui, Ahmet Iugneki, Suleimen Bakyrgani, Sanai, Nasimi, Lyufi, Atai and others, who are the founders of the literature of ancient and medieval periods. These authors strived to reveal the traditional mentality of Turkic people, and significantly strengthened their positions in the Eastern literary process.

Different criteria of typological aspects (ideas, styles, genres, motifs, themes, etc.) and interaction between literary texts, as well as cultural models of antiquity have been revealed. Deep roots of humanistic idea, which are reflected in the literature of Turkic classicism have been explored. Also research determined the place of creative individuals in the literary process who promoted the spiritual values, their philosophy and specifics of their creativity have been realized, that will provide the opportunity to the younger generation to get acquainted with literary sources, which reflect the life-affirming ideas.

Ancient Turkic literary monuments and especially classical Turkic poetry have widely spread abroad thanks to the significant number of literary translations into foreign languages. Therefore, the study of

the spiritual image of Turkic peoples from the perspective of foreign national consciousness, extends the limits of comparative studies.

The authors of this monograph have compared ancient literatures of different peoples of Central Asia, and came to the same conclusion that the origins of Kazakh literature have common Turkic roots. Therefore, the research results can be used not only in Kazakhstan, but also in the scientific community of Turkey, Uzbekistan, Azerbaijan, Kyrgyzstan, Tatarstan and other Turkic language states. Literary and historical significance of collective monograph is important for the Diaspora of different nations living in Kazakhstan to enhance and strengthen their spiritual and cultural ties with their historical homeland.

СОДЕРЖАНИЕ

КІРІСПЕ	3
КӨК ТҮРІКТЕР ТҰСЫНДАҒЫ МИФТИК ЖӘНЕ АҢЫЗДЫҚ СЮЖЕТТЕР	18
ОРХОН-ЕНИСЕЙ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТЫ	58
«ОҒЫЗ-НАМА» ДАСТАНЫНДАҒЫ ӘДЕБИ-ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МОТИВТЕР ЖҮЙЕСІ	106
ҚАРАХАНДЫҚТАР ДӘУІРІ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ДІНИ-ДИДАКТИКАЛЫҚ САРЫН	148
ТҮРКІ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ӨЛЕҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИПОЛОГИЯСЫ	185
ЕСКІ ҚЫПШАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҒАШЫҚТЫҚ САРЫНДАР	228
ОРТА ҒАСЫР ТҮРКІЛЕРІ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ БЕЙНЕЛЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	269
ТҮРКІ ЖАЗБА ӘДЕБИЕТІНДЕГІ «ҚУБАС» САРЫНЫ	297
ЕЖЕЛГІ ДӘУІР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҚАҒАНДАР ОБРАЗЫ	320
КӨНЕ ТҮРКІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ МОТИВТЕР	338
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	402
Резюме	411
Summary	413

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитеті
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

КӨНЕ ТҮРКІ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТИПОЛОГИЯСЫ

Верстка мен дизайн: Ивахнова Н.

Басуға: 30.12.2014 ж. ұсынылды.
Пішіні 60x84 1/₁₆. Көлемі 26 б.т.
Офсеттік басылым. Офсеттік қағаз.
Әріп түрі «CharterITC».
Таралымы 500 дана.

«Evo Press» баспаханасы,
Мақатаев к-си, 129/1
тел.: 8 (727) 279 71 34, 352 82 02

